

**НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВ**

**ТӘУЕЛСІЗДІК
ДӘУІРІ**

ӘОЖ 323 (574)
КБЖ 66.3 (5Қаз)
Н 19

Н 19 **Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі.** – Астана, 2017. – 508 б.

ISBN 978-601-06-4715-2

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты бұл кітабы тарихи публицистика жанрында жазылған, ол еліміздің жаңа тарихы мен оның ертеңіне деген автордың көзқарасын танытады. Егемен мемлекеттің негізі қаланған күннен бастап оның қалыптасу кезеңдерінің ерекшеліктері мен 26 жылдық тәуелсіздік дәуіріндегі ішкі және сыртқы сын-қатерлерді еңсеруге байланысты қабылданған шешімдердің мән-мазмұны мен тетіктері егжей-тегжейлі баяндалады.

Кітапта «қазақстандық даму үлгісінің» табиғаты мен оның эволюциясы, басты ұстанымдары мен қозғаушы күштері сараланған. Қазақстанды жаңғыртудың үш толқыны кеңінен ашып көрсетілген. Бірінші және екінші жаңғырту аясында тоталитарлық жүйеден түбегейлі ажырап, нарықтық экономиканы құру және бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндеті мерзімінен бұрын орындалды. Үшінші жаңғыртудың мақсаты – елімізді қалыптасқан жаңа жаһандық ахуал жағдайында жаңғырта отырып, әлемдегі ең өркенді 30 мемлекеттің қатарына қосу.

«Тәуелсіздік дәуірі» отандық және шетелдік қалың оқырман қауымды қызықтырау туынды.

ӘОЖ 323 (574)
КБЖ 66.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-06-4715-2

© Назарбаев Н.Ә., 2017

*Бұл кітап менің ұлы қолдаушым, кемел
келешегіне өзінің қазақстандық жолымен
қарыштаған жасампаз халқыма арналады!*

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз

Біз өз жолымызбен – қазақстандық даму жолымен жүреміз 17

I бөлім

МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРІНШІ ЖАҢҒЫРУЫ

(1991–1995 жылдар)

1. Тарихи әділеттілік салтанаты

Тәуелсіздікті жариялау және егемен мемлекет құру стратегиясы

Күні батқан КСРО және Қазақстан 24

Тәуелсіздік жолында 30

Тұңғыш бүкілхалықтық президент сайлауы 32

Тәуелсіздікті жариялау. Әлем назары Қазақстанда 33

Саяси бағдар: Егемен мемлекет стратегиясы 34

2. Тұғыры берік мемлекеттік құрылым

Жаңа мемлекеттілікті қалыптастыру

Мемлекеттік құрылыс: басқарудың тиімді үлгісін іздеу жолында 37

Елге сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік марапаттар 40

Конституциялық құрылыстың басталуы. Кеңес жүйесіндегі
дағдарыс және реформаларға қарсылық 41

Президенттік институтты нығайту. Қазақстан дара
басшылықты таңдайды 44

Қазақстан Республикасының Конституциясы 45

1995 жылғы Парламент сайлауы. Алғашқы кәсіби Парламент 47

Саяси партиялардың құрылуы 48

Сот билігінің қалыптасуы және құқықтық реформа 50

Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру 51

3. Барлығы дәл осылай болған...

Әлеуметтік-экономикалық дағдарыс және экономикалық саясат

Экономикалық дағдарыс пен оның зардаптары.....	54
Заманға сай нарықтық экономика үлгісінің негізін қалау.	
Жекеменшікті қалыптастыру.....	58
Аграрлық саладағы жекешелендіру және жер реформасының басталуы.....	60
Ұлттық кәсіпкерліктің пайда болуы	62
Қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізу. Ұлттық валюта – теңгенің дүниеге келуі.....	63
«Президент меморандумы»: популизмді терістеу.....	65
Жаңа қаржылық жүйенің қалыптасуы.....	66
Шетелдік инвестициялар мен өнеркәсіптің қайта өрлеуі.....	68
Экономикалық реформалардың алғашқы нәтижелері (1995 жыл).....	71

4. Басты құндылығымыз – бейбітшілікті қастерлей білдік

Қоғам мен саясат: тұрақтылық жолында

Ұлтаралық келісімнің дара үлгісінің қалыптасуы.	
Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуы	73
Азаматтық қоғамның қалыптасуы.....	75
«Төртінші билік»: цензурасыз және шектеусіз БАҚ	76
Көші-қон керуені. Атажұртқа оралу	77
Діни ренессанс	78

5. Жаңалықтың жылы лебі және қайта түлеген дәстүр

Тіл, білім, ғылым, мәдениет, спорт

Жаңа тіл саясаты. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру	80
Жаңа білім жүйесінің іргетасы	81
6 Қазақстан ғылымының алғашқы қадамдары.....	83
Ұлттық мәдениет пен өнердің қайта түлеуі	84
Спорт: тұңғыш чемпиондар.....	86

6. Сыртқы саясат: тыңға түрен салғандай...

Сыртқы саясат стратегиясының қалыптасуы

Егемен мемлекеттің сыртқы саясаттағы бағдарын айқындау.	
Көпполярлы доктрина	87

Екіжақты мемлекетаралық қатынастардың орнауы:	
«достық көпірлері»	90
Ядролық қарусыз әлем жолындағы көшбасшылық және мемлекет қауіпсіздігін нығайту	94
Азия қауіпсіздігі жүйесіне алғашқы қадам	98
Мемлекеттік шекараны делимитациялаудың басталуы.....	98
Қазақстан және жаңа тәуелсіз мемлекеттер	100
Тәжікстандағы бітімгерлік миссия: бауырлас халыққа көмек.....	103
Қазақстанның еуразиялық көшбасшылығы	104
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТАУЫНДА.	
ЖАҢА МЕМЛЕКЕТКЕ 20 СЫН-ҚАТЕР	106

II бөлім

ҰЛЫ БЕТБҰРЫС.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІНШІ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

(1996–1999 ЖЫЛДАР)

1. Қияға көз тіккен Қазақстан барысы

«Қазақстан-2030» стратегиясы

Саяси тұрақтылық арқылы ұзақ мерзімді стратегияға	110
Стратегиялық жоспарлауға көшу	111
Стратегиялық жоспарлаудың маңызы: 1997 жылғы Жолдау және «Қазақстан-2030» стратегиясы	112
Жаңа ғасыр табалдырығында: 1998 және 1999 жылғы Жолдаулар	115

2. Баянды болсын Бас қала!

Елорданы көшіру және Астана құрылысы

Жаңа астананың қажеттілігі: көңіл түкпіріндегі көрікті ой.....	117
Астананы көшіру: күмән, тәуекел, сенім.....	119

3. Саяси тұрақтылықтың жемісі

Мемлекеттік құрылыс және саяси процестер

Мемлекеттік басқару жүйесі. Кәсіби мемлекетке бет алу	124
Қоғам сенімін ақтаған Парламент.....	125

Конституцияға түзетулер енгізу (1998 жыл):	
демократияның жаңа белесі.....	126
1999 жылғы Президент сайлауы. Халық аманаты	128
Саяси жүйедегі партиялардың жаңа сипаты.	
1999 жылғы Парламент сайлауы.....	129
Қарулы күштер реформасы.....	131

4. Оң өзгерістер жолында

Экономикалық саясат және экономиканы тұрақтандыру.

Әлеуметтік реформалардың басталуы

Экономикалық қайта құру мен жекешелендірудің жаңа кезеңі	133
Ұлттық компаниялар: мемлекет мүддесі үшін.....	134
Шетелдік капиталдың сенімі.....	135
Ауыл шаруашылығындағы реформалар	138
Зейнетақы реформасы: шешімін тапқан күрмеулер	139
Тұрақтану мен экономикалық өсудің алғашқы көріністері	140
Азиядағы қаржы дағдарысы	
және ұлттық экономикалық мүддені қорғау.....	142
Әлеуметтік мәселелерді шешу. Артта қалған ауыр жылдар.....	144

5. Ортақ шаңырақ астында

Қоғам мен саясат

Ішкі саясат: бейбітшілік пен келісімді нығайту	146
Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер.	
Азаматтық қоғамды одан әрі дамыту	149
Бұқаралық ақпарат және байланыс құралдары.....	150
Демографиялық өсім: өзгеріс заңдылықтары	152
Діни сенім: имандылықты күшейту	153

8 6. Тәуелсіздік рухымызды шыңдады

Білім, ғылым, мәдениет, спорт

Орта білімді дамыту. Мектептерді компьютерлендіруді бастау.....	154
Жоғары мектеп: өзгерістер уақыты	157
Ғылым: тығырықтан шығу жолын іздеу.....	159
Мәдениет пен тіл: әр алуандықтан – біртұтастыққа.....	160
Өнер: классиктер мен жаңашылдар.....	162
Қазақстан спортының жаңа жеңістері	164

7. Көпке мәлім көпвекторлығымыз

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты

Сыртқы саясат: Қазақстан беделін арттырған бағдар	166
Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне алғашқы қадам	167
Қазақстан «Шанхай бестігінде».....	168
Қазақстан және халықаралық ұйымдар	169
Қазақстан және жаңа тәуелсіз мемлекеттер. Кеден одағы	170
Қазақстанның әлемдегі ірі мемлекеттермен қарым-қатынасы.....	170

III бөлім

ҚИЯҒА ҚҰЛАШ СЕРМЕУ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІНШІ ЖАҢҒЫРУЫ

(2000–2010 жылдардың басы)

1. Мақсатымыз айқын

Әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу жолында

Жаңа ғасыр табалдырығында: 2000 және 2001 жылғы Жолдаулар.....	176
2002 және 2003 жылғы Жолдаулар: дамудың өзекті бағыттары	177
Бәсекеге қабілетті Қазақстан: 2004 және 2005 жылғы Жолдаулар	179
Үздік 50 елдің қатарына жол ашық: 2006 және 2007 жылғы Жолдаулар.....	182
Жаһандық дағдарысқа жауабымыз: 2008 және 2009 жылғы Жолдаулар	183
Дағдарыстан кейінгі даму: 2010 жылғы Жолдау	184
Әлеуметтік жаңғыру: 2011 және 2012 жылғы Жолдаулар	186

2. Тәуелсіздік тәжінің жақұты

Астана миссиясы мен жасампаздығы

Астана – халық мақтанышы	188
Ұлы Дала Елінің бас қаласы.....	189
Астана: қазақстандықтардың кеңейген көкжиегі.....	192
Бас қала – бақорда: Астананың ХХІ ғасырдағы миссиясы	194

3. Мемлекетті нығайтатын реформалар

Саяси процестер мен мемлекеттік басқаруды жетілдіру

Халық аманаты: «Тұңғыш Президент туралы» Конституциялық заң	196
2004 жылғы Парламент сайлауы: саяси сана сыналған сәт	197
2005 жылғы Президент сайлауы.....	198
Саяси диалог: ашық әңгіме	199
2007 жылғы Конституциялық реформа. Саяси жаңғырудың жаңа кезеңі	201
2007 жылғы Парламент сайлауы: «Нұр Отан» партиясының айқын жеңісі.....	203
Жаңа кезеңдегі саяси партиялар	204
2011 жылғы Президент сайлауы.....	205
2012 жылғы Парламент сайлауы.....	206
Мемлекеттік басқару: қызметтік міндеттер аясын нақтылау	208
Мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру	209
Сот жүйесін реформалау. Соттардың тәуелсіздігін нығайту	210
Әскери шыңдалу. Қарулы күштерді кәсібилендіру	212

4. Қияға өрлеген Қазақстан барысы

Экономикалық саясат және өсім

Өрлеу траекториясы және саяси тұрақтылық	214
Қазақстан барысы алға ұмтылды	214
Ұлттық қордың құрылуы	216
Өсімге қажетті инвестициялар.....	217
Индустриалды-инновациялық даму стратегиясы	219
Даму институттары мен құрылымдары	220
Қаржы секторының дамуы	221
Капитал мен мүлікті заңдастыру	222
Бизнесті қорғау – басым бағыт.....	224
Көлік инфрақұрылымы: қарқынды қадамдар	225
Құбырлар қуаты: өзара тиімді саясат	227
Ақпараттық магистраль.....	228
Жер реформасы: жерге жекеменшік институтын енгізу	229
Ауыл шаруашылығының еңсе көтеруі.....	230
2000–2007 жылдардағы экономикалық өсім: Қазақстан феномені.....	231

5. Мен айтқан берекелі заман ақыры орнады!

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты: жаңа мүмкіндіктер

Халықтың әл-ауқат қамы	234
Денсаулық сақтау реформасы: ел мүддесі	235
Астана медициналық кластері.....	237
Солтүстік Аралды құтқару.....	237
Зейнетақы жүйесін жетілдіру	238
Әлеуметтік саясаттағы батыл бетбұрыс	239

6. Біз әлемдік дағдарыс сынағына төтеп бердік

Жаһандық дағдарыс және Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуы

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы (2007–2009 жылдар).....	242
Дағдарыстың Қазақстан экономикасына әсері	243
Дағдарысқа қарсы бағдарлама: жүйелі де шапшаң қимыл	244
Қазақстандық мазмұнды күшейту	245
Қаржы жүйесін тұрақтандыру	246
Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау	248
Тұрғын үй құрылысы мәселесін шешу	249
Жұмыспен қамту мен тұрақтылықтың «Жол картасы».....	250
Дағдарыстан кейінгі даму ұстанымдары	251
Жаңа индустриаландыру: бағдарлама және бағдар.....	253

7. Біздің ұлттық моделіміз – ынтымақ, келісім және диалог

Қоғам мен саясат

2000-шы жылдар: жасампаздық пен өркендеу егіз	255
Жалпыұлттық келісімнің қазақстандық моделі	256
ҚХА: конституциялық мәртебе алу	257
Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекет: өзара әрекеттестіктің жаңа үлгісі	259
Бұқаралық ақпарат құралдары: құқықтары мен жауапкершілігі.....	261
Қазақстандықтардың әл-ауқатының артуы	263
Әлеуметтік ахуал, демография, отандастардың оралуы	264
Қазақ жеріндегі қауышулар: әлем дінбасыларының басқосуы.....	266
Дінаралық келісім мен диалог	267

8. Бұрын-соңды болмаған зияткерлік өрлеу

Білім, ғылым, мәдениет, спорт

Мектепке дейінгі және орта білім мемлекеттің ерекше назарында.....	272
Қазақстандық оқушылардың табыстары. Назарбаев зияткерлік мектептері – орта білімнің жаңа сапасы	274
Жоғары білімнің жаңа белесі.....	275
Назарбаев Университеті: іске асқан батыл жоспар.....	276
«Болашақ» бағдарламасы: кемел келешек негізі.....	278
Қазақстан ғылымы: жаңа үлгіде ілгерілеу.....	279
Мемлекеттік тіл. Үш тілдің үйлесімді дамуы.....	281
Қазақ мәдениетінің гүлденуі. «Мәдени мұра» бағдарламасы.....	283
Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары	285
Мәдени өрлеу: әдебиет пен өнер	286
Дене шынықтыру мен бұқаралық спорттың дамуы.....	289
Қазақстан спортының жеңістері.....	290

9. Әлем мойындаған көшбасшылық

Қазақстанның бітімгерлік миссиясы

Мемлекеттік шекара: шешімін тапқан аса күрделі мәселе.....	293
Каспий: құқықтық мәртебесін анықтау қадамдары	295
Бітімгерлік миссия: Қазақстанның БҰҰ-дағы рөлі.....	296
АӨШК: шындыққа айналған батыл жоба	298
ШЫҰ-ның халықаралық ұйым ретінде қалыптасуы	300
ШЫҰ-ның Астанадағы мерейтойлық саммиті	303
Экономикалық ықпалдастықтың логикасы: ЕурАзЭО – КО – БЭК	305
ҰҚШҰ-дағы Қазақстан. НАТО-мен әріптестік.....	307
Түркі әлемі елдерінің бауырластық ынтымақтастығы	309
«Еуропаға жол»: Қазақстан сыртқы саясатының батыс бағдары	310
Көпқырлы сыртқы саясат	312
Қазақстан – Ресей: нақты істерге толы одақтастық.....	313
Қазақстан мен Қытайдың жан-жақты стратегиялық әріптестігі.....	315
Қазақстан – АҚШ: жаһандық бейбітшілік жолындағы стратегиялық әріптестік	317
Қазақстан мен Еуропаның алпауыт елдері: қарым-қатынастың кеңеюі.....	321
Қазақстан мен Түркия: қарым-қатынастың жаңа деңгейі.....	323
Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен қарым-қатынастар.....	325

Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы: еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығына барар жолда	328
---	-----

«ҚАЗАҚСТАН-2030» СТРАТЕГИЯСЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУ. 25 БАСТЫ НӘТИЖЕ	336
--	-----

IV бөлім

ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮШІНШІ ЖАҢҒЫРУЫ

(2010-шы жылдар)

1. Жаңа жаһандық ахуал

Жаңа бағдар. «Қазақстан-2050» стратегиясы

«Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің стратегиясы	342
Жаңа бағыт-2050: озық отыз елдің қатарына қосылу	343
2014 жылғы Жолдау: әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына кіру жоспары.....	345
2014–2015 жылдардағы экономикалық дағдарыс: жаңа жаһандық ахуал.....	346
«Нұрлы жол»: 2014 жылғы Жолдау.....	347
Жаңа жаһандық ахуал: 2015 жылғы Жолдау	349

2. Реформаларды жүзеге асыруға жұмылу

Институционалдық реформалар

Бес институционалдық реформа.....	351
Сындарлы жаһандық кезеңдегі Президент сайлауы	352
Ұлт жоспары: жалпыұлттық мақсатқа бастайтын 100 қадам	354
2016 жылғы Парламент сайлауы. Реформалар парламенті.....	357
Ұлт жоспарын жүйелі орындау	358

3. Көз алдымыздағы ұлы өзгерістер

Қазақстанның үшінші жаңғыруы

Саясат, экономика және сана үштағаны.....	360
Саяси жүйені реформалау жолында. Халыққа үндеу	361
Конституциялық реформа: мемлекеттік билікті жаңғырту	363
Жаһандық технологиялық өзгерістер.....	364

Экономикалық жаңғыру стратегиясы: 2017 жылғы Жолдау	366
Қоғамдық сананы жаңғырту. «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы	368
«Рухани жаңғыру»: таяу жылдардағы міндеттер.....	369

4. Мемлекеттілікті нығайту қадамдары

Саяси процесс және реформаларды жүзеге асыру

«Нұр Отан» партиясының жаңа көшбасшылық рөлі	372
Әкімшілік реформа. Әкімдерді сайлау	373
Жаңғыру кезеңіндегі құқықтық жүйе	375
Мемлекеттік қызмет: жаңа модель	376
Қарулы күштер: одан әрі жаңғырту	377

5. Жаңа экономикаға батыл ұмтылыс

Экономикалық саясат. Индустрияландыру бесжылдықтары...

Жаңа индустрияландыру: алғашқы бесжылдықтың басты нәтижелері	379
Өңірлер: жан-жақты даму саясаты	380
Бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту. Халықтық IPO. Жекешелендірудің жаңа кезеңі	382
«Астана» халықаралық қаржы орталығы.....	385
Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы	386
«Нұрлы жол»: көлік инфрақұрылымын дамыту.....	388
Еуразиялық трансқұрлықтық бағыттар.....	390
Екінші индустриалды бесжылдық	392
Жаңа инвестициялық саясат	394
Экономикалық саясат нәтижелері: 2010-шы жылдар	396

6. Тәуелсіздік үшін тер төккендерге қамқорлық

14 Әлеуметтік жаңғыру

Жалпыға ортақ еңбек формуласы – бәсекелік қабілет негізі.....	398
Еңбек қатынастарының жаңа үлгісі.....	399
Жалпыға ортақ еңбек қоғамына бастар қадамдар.....	401
«Жол картасы»: жұмыспен қамту және жаңа жұмыс орындарын ашу	402
Жаңа экономикалық ахуалға лайық әлеуметтік саясат.....	403
Қазақстандық қоғам: әл-ауқаттың артуы.....	405
Денсаулық сақтау: дамудың жаңа кезеңі.....	406

Зейнетақы жүйесін жаңғырту.....	407
Жастар үшін жаңа мүмкіндіктер	409

7. Біздің ортақ шаңырағымыз, туған Отанымыз – Қазақстан Республикасы

Жаңа дәуірдегі ұлт. Бірегейлік пен тұтастықты нығайту

«Қазақстан-2050» стратегиясы: жаңа қазақстандық патриотизм.....	411
Халықты біріктірген тәуелсіздік құндылықтары	412
Ұлт бірегейлігі мен тұтастығын нығайту	413
Тарих – қоғамды ұйыстырудың қуатты факторы	414
Ұлы Дала Елі: Қазақ хандығының 550 жылдығы	416
Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы: дәстүр мен жаңару	418
Демографиялық өсім	418
Қоғамдық кеңестер және мемлекеттік тапсырыс.....	420
Масс-медианы дамыту.....	421
Мемлекет, дін және қоғам	422
Дін басшылары мен саяси қайраткерлердің диалогы.....	425

8. Адам капиталының жаңа сапасы

Білім, ғылым, мәдениет, спорт

Білімнің дамуы: адам капиталына инвестиция.....	428
Индустрияландыруға қажет жаңа мамандар.....	430
Nazarbayev University – болашақтың университеті.....	431
Ғылым: ел дамуына қосылған нақты үлес	432
Мемлекеттік тілдің дамуы	434
Қазақстан мәдениетінің гүлденуі	436
Кино және музыка өнері	439
Дене шынықтыру мен бұқаралық спорт – ұлт денсаулығының негізі	440
Жоғары жетістіктер спорты: Тәуелсіздік жеңістері	441

9. Қазақстанның айқын және мызғымас басымдықтары

Сыртқы саясат және жаһандық ынтымақтастық

Сыртқы және ішкі саясаттың тұтастығы	444
Сыртқы саясаттың басымдықтары: стратегия мен тұжырымдама	444
Жаңа жаһандық ядролық қауіпсіздік.....	445
АӨСШК – Азиядағы қауіпсіздік пен даму ұйымының ізашары.....	448
ШЫҰ: дамудың жаңа кезеңінде	449

Ислам ынтымақтастығы ұйымындағы төрағалық.....	451
Қазақстан мен Ресей: мызғымас одақтастық.....	453
Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы: жан-жақты стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі.....	455
Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынасы: стратегиялық әріптестікті тереңдету.....	459
Қазақстан – Еуропа: кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық.....	461
Түркітілдес мемлекеттер қоғамдастығындағы көшбасшылық	464
Мызғымас басымдық: Орталық Азия мемлекеттерімен достық және ынтымақтастық.....	465
G-GLOBAL қағидалары	467
ЕАЭО: жаңа геοэкономикалық ахуалдың пайда болуы	469
Қазақстанның ЕАЭО-дағы төрағалығы (2016)	471
Әлем мойындаған Қазақстан: БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде	472
Қазақстан – халықаралық деңгейдегі теңдессіз арағайын	473
Қазақстанның 2017 жылғы сыртқы саясаты	478
Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі	481
Тағдыршешті жылдар.	
Болашаққа жол салған жетістіктер.....	485
Тұжырым	
ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢДЕРІ	489
1991–2017 жылдардағы ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: 33 БАСТЫ НӘТИЖЕ.....	500
Сөз соңы	
АДАМ ТАҒДЫРЫ ОТАНЫМЕН ТАМЫРЛАС.....	506

АЛҒЫ СӨЗ

БІЗ ӨЗ ЖОЛЫМЫЗБЕН – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДАМУ ЖОЛЫМЕН ЖҮРЕМІЗ

Екі мың он жетінші жылдың желтоқсаны. Ел тәуелсіздігіне 26 жыл. Әлемдік тарих тұрғысынан қарағанда онша көп те уақыт емес. Дегенмен осы жылдарда біз әлемге және болашақ ұрпаққа тәуелсіз Қазақстан атты жасампаздықтың ұлы жемісін ұсына алдық. Сол себепті бұл кезең біз үшін Ұлы дәуір.

Біз алға, болашаққа қарыштап келеміз. Күш-қуаты кемел жас мемлекетіміз өрлеу үстінде.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының бірінде мен альпинистер тобымен Алатаудың мұзарт шыңын бағындыруға шықтым. Шың басына тігілген, тау желінің күшімен құлаш жая желбіреген байрақтың әсері әлі күнге менің есімде...

Тәуелсіздік дәуірі дегеніміз – ұлттың бұрын өтуі мүмкін еместей көрінетін шыңыраудың шетіндегі таудың қатерлі соқпағымен жүргенмен бірдей құбылыс. Алайда біз оны да бағындыра алдық.

Осы жылдарда маған көп нәрсені өз көзіммен көруге тура келді. Қауырт жұмысқа толы сол күндердің барша ауыртпалығы мен толқыныстарын, ұйқысыз түндерді санамалау да мүмкін емес. Мен тұтас мемлекеттердің тағдырына әсер ететін немесе күні бүгінге дейін ықпал-күшін бұрынғыша әлсіретпей ұстап келе жатқан саңлақ саясаткерлермен де, қазіргі әлемнің болмысына тікелей ықпалы бар шешімдер қабылдаған адамдармен де көп кездестім.

Бұл кітапты өзімнің осындай жеке тәжірибелерімнен түйген негізді ойларыма сүйене отырып жаздым. Тәуелсіздіктің 26 жылы – адамзат өркениетіндегі ғаламат жаһандық өзгерістер дәуіріндегі біздің халқымыздың мықты мемлекет құру және бақуатты өмірге жету жолындағы күресінің шежіресі. Бұл жылдар таңғажайып құбылыс – тарихи уақыттың жылдамдауын көрсетті. КСРО кезінде көш соңында қалғандардың қатарында саналған бұрынғы кеңестік республика небәрі ширек ғасырдың ішінде қалыптасқан ұлттық мемлекеттілігі, тиімді нарықтық экономикасы, демократиялық қоғамдық құрылысы мен халықаралық жоғары беделі бар заманауи мемлекетке айналды. Осының бәрі – Қазақстанды түбегейлі жаңғыртудың күрделі де қарқынды процесі, таптаурын ескі қағидаларды қиратқан батыл реформалар мен инновациялардың нәтижесі.

1990-шы жылдардың басы – алғашқы жаңғыру кезеңі. Мемлекет экономикалық, әлеуметтік және саяси-қоғамдық салаларда «үшжақты транзитті» жүзеге асырды. Біз жаңа саяси жүйе құрып, нарықтық қатынастардың тетіктерін қалыптастырдық, құқықтық мемлекеттің іргетасын қалап, қоғамдағы этностық және діни келісімді нық орнықтырып, әлемді мойындаттық. Қазақстандықтардың алдына қойылған 1992 жылғы алғашқы Стратегия міндеттері толығымен орындалды. ТМД елдері арасында аласапыран мен азамат соғысының жалынына шарпылмай, экономикалық дағдарыс пен кедейшілікке, ішкі жанжалдарға, қылмыстың күшеюіне ұшырамаған мемлекеттер некен-саяқ. Біз барлық апатты айналып өту үшін қолдан келгеннің бәрін жасап бақтық.

Екінші жаңғыру тоқсаныншы жылдардың үшінші ширегінде басталып, 2010 жылдың орта тұсында аяқталды. Біз экономиканы өсу жолына шығарып, мемлекеттік институттардың заманауи жүйесі мен орта тапты қалыптастырдық, тіршілік сапасын айтарлықтай жақсартып, жаңа астана салдық, елдің теңдестірілген және жауапкершілікке толы сыртқы саясатқа негізделген халықаралық беделін нығайттық, сондай-ақ оның өңірлік көшбасшы екенін дәлелдедік.

Тәуелсіз Қазақстан екі әлемдік дағдарыстан зардапсыз, айтарлықтай шығынсыз өте білді: біздің мемлекетіміздің мықтылығы оның әл-ауқатының көтерілуімен дәлелденді. 2012 жылы біз «Қазақстан-2030» стратегиясының барлық міндеттерін мерзімінен бұрын орындап, әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына және даму деңгейі орташа елдер тобына ендік. Сол жылдары мен жаңа мақсаттарға негізделген «Қазақстан-2050» стратегиясын жасап: алдымызға әлемнің дамыған отыз елінің қатарына қосылу міндетін қойдым.

Біздің осы мақсатқа негізделген іс-қимылымызды мен 2017 жылдың басында жариялаған үшінші жаңғыру бағдары қамтамасыз етпек. Біз қазірдің өзінде конституциялық реформа жүргізіп, экономикалық түлеудің келесі кезеңіне қажетті бағыттарды таңдадық және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қоғамдық сананы дамыту үстіндеміз.

Негізгі міндеттері өзара тоғыспайтын осы үш жаңғыру тұтаса келгенде мазмұны мен алгоритмі біртұтас жаңғыру және даму процесін түзеді. Оған біз өзіміз жасаған және жаңа тарихымызда мүлтіксіз ұстанып келе жатқан тұғырнамалық қағидаттар негіз болады.

«Революция емес, эволюция» қағидатындағы екі ұғымның мәні жаңа ғаламдық ахуал жағдайында басқа қырынан ашылды. Революцияшыл парадигма осыған бой алдырған елдердің берекесін кетіріп, дамуын жеделдетпек түгілі оны тежеп, кері тартты. Ал осы кезеңде бірнеше онжылдыққа ұласқан эволюциялық даму жолы Жапонияны, Оңтүстік Кореяны, Малайзия мен Қытайды шын мәніндегі революциялық жетістіктерге жеткізді.

Бұл мемлекеттерге қарап бой түзеген Қазақстан жалған «секірістер» мен «әсіре демократияландырудың» орнына мұқият ойластырылған, дәйекті қайта құрулардың мінсіз логикасын таңдады. Алға қарыштап қадам басудың екпіні жасанды және қатерге толы революциялық толқындар есебінен емес, біздің мақсатқа жету жолында қол жеткізген жеңістерімізден қуат алады.

«Алдымен экономика – содан кейін саясат» қағидаты мемлекеттік іс-қимылдың тәртібін көрсетіп, басым бағыттарды айқындаумен қоса, экономикалық жетістіктер саяси реформаларға жетелейтінін көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстан мұраға бос қазына мен гиперинфляция, жаппай жұмыссыздық, кедейшілік және басқа да ауыр проблемалар қалдырған кеңестік әкімшілік-командалық экономиканың үйіндісінен бой көтерді. Біз енді ғана бүршік жара бастаған тәуелсіздікке қатер төндіретін экономикалық апаттың алдында тұрдық. Сол кезде біз бетпе-бет келген драматизмге толы тартысты жағдай ұзақ ойланып-толғануға да мүмкіндік бермеді: экономиканың есін жиғызу жан сақтаудың жалғыз амалы болды. Мәселе шын мәнінде солай еді. Мемлекет бүкіл күш-жігерін экономикаға жұмылдырып, сол тарихи шайқаста жеңіп шықты. Біздің алғашқы экономикалық табыстарымыз маңызды саяси бастамаларға қажетті старт алаңын даярлады.

Соңынан әртүрлі тарихи жағдайларда, оның ішінде балама шешімдер болған кезде біз экономиканың саясаттан басымдығы жөніндегі ұстанымымызды өзгертпедік. Бұл бізді талай мәрте жеңіске жеткізді. Дәл осы қағидат мемлекеттілігімізді бір-біріне ұласқан әлемдік дағдарыстардан аман өтіп, жаһандық «аумалы-төкпелі» дәуірде де байсалды даму ырғағын сақтауына қажетті тұрақтылықтың тиянағымен қамтамасыз етті.

2007–2017 жылдар аралығындағы конституциялық реформалар мен 2015 жылғы Бес институционалды реформаны жүзеге асыру жөніндегі Ұлт жоспары елдің экономикалық өсу кезеңдері мен оның саяси жаңғыруы арасындағы тікелей байланысты орнатты.

«Адам капиталына арқа сүйеу» қағидаты біздің адам мен оның ерекше мүмкіндіктеріне (шеберлігіне, дарынына, білігіне, құзыретіне, тәжірибесіне) негізделген саяси және азаматтық дүниетанымымыздың, осы бір материалдық емес активтің елдің болашағын нақтылайтынына деген сеніміміздің кілті іспетті. «Адам капиталына арқа сүйеу» мемлекеттің прогрессивті көзқарасын ғана емес, сондай-ақ оның – осынау капиталдың нақты өзіне – өз азаматтарына деген жауапкершілігін де көрсетеді.

Әлемді қандай дағдарыс шайқалтса да, экономикалық конъюнктура қаншалықты құбылмалы болса да, біздің мемлекетіміздің саяси-әлеуметтік басым бағыттары тұрақты күйінде қалады. Олар – білім беру мен медицинаның жоғары сапасы, кепілді еңбекпен қамту және қазақстандықтардың бақуатты тұрмыс деңгейі. Мемлекеттің басты мақсаттарының бірі – бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту. Өйткені меншік иесі табын қалыптастыру демократиялық қоғамды дамытудың маңызды шарты.

Мен елдің қарқынды да тиімді дамуы стратегиялық мемлекеттік жоспарлаусыз мүмкін емес екеніне көз жеткіздім. Қазақстанның жиырма жылдық тәжірибесі – ұзақ мерзімді жоспарлау арқылы қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынының айқын айғағы. Біз оны 1997 жылы ТМД-да алғаш рет өзіміздің мемлекеттік тәжірибемізге айналдырдық, арада он бес жыл өткен соң жоспарлау көкжиегін 2050 жылға дейін кеңейттік. 2014–2017 жылдары жаңа жаһандық ахуал жағдайында мен Бес институционалды реформаны, сондай-ақ Қазақстанның үшінші жаңғыру бағдарын ұсындым.

Ұлтаралық бейбітшілік пен келісім – біздің ортақ жетістігіміз және көп жағдайда елдегі қоғамдық өмір мен оның жаңа тарихының барысын анықтайтын ұлы құндылық. Азаматтық бейбітшіліктің қазақстандық үлгісінің халықаралық деңгейде мойындалуы да тегін емес. Қазір біздің елімізде 140 ұлт пен 17 конфессия өкілдері бейбіт өмір сүріп жатыр. Бәріміз бірге – біртұтас халықпыз, біздің әрқайсысымыз – оның бір-бір бөлшегіміз.

Қазақстандық бірегейлік пен қазақстандық патриотизм, азаматтардың этностық сипатына қарамастан, заң алдындағы теңдігі – біздің азаматтық болымысыздың негізі.

Біз қазақ халқына, оның мәдениеті мен тіліне байланысты тарихи әділетті қалпына келтірдік. Мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақтарға ел тағдырына байланысты ерекше жауапкершілік жүктеледі. 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы – мәдениет пен ұлттардың диалогына қажетті айрықша қоғамдық алаң. Біздің еліміз жаһандық конфессияаралық диалогтың орталығына айналды: 2003 жылы Астанада тұңғыш рет шақырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съезі, содан бері жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Алғашқы күннен-ақ конструктивті сипатқа ие болған біздің сыртқы саясатымыз «көпвекторлылық қағидатына» негізделген. Көршілермен таулығының арқасында Қазақстан тарихта тұңғыш рет нақты құжаттармен рәсімделген, халықаралық қоғамдастық мойындаған шекараға ие болды.

Еліміз жүйелі түрде өңірлік ықпалдастық жолымен жүріп, өзінің геосаяси жағдайын нығайтуда, бәсекеге қабілетін арттырып, АӨСШҚ, ШЫҰ, ЕЭО сияқты тиімді ынтымақтастық бастамаларын көтеріп, әрі қарай дамытуда.

«Дағдарысты серпіліс үшін пайдалану» қағидаты. Біз жайлы жағдайлардан ғана емес, сондай-ақ дағдарыстардан да пайда таба аламыз: оны үнемі алдағы серпіліске, ұлттық экономика мен мемлекеттік басқару жүйесін жедел сергітуге пайдаланамыз.

Қазақстан 26 жылдық тәуелсіздік тарихында төрт бірдей жаһандық сын-қатерге тойтарыс бере алды. Біз КСРО үйіндісінің орнына нарықтық қатынастарға негізделген заманауи мемлекет құрдық. 1997–1998 жылдардағы Азия дағдарысының күшейіп тұрған кезінде 2030 стратегиясын қабылдадық және аса ірі инфрақұрылымдық жоба ғана емес, сондай-ақ болашаққа ұмтылған жасампаз елдің жарқын символына айналған жаңа елордамыз – Астананың құрылысын бастадық. 2008–2009 жылдардағы

жаһандық қаржылық дағдарысқа – үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасымен, 2012–2017 жылдардағы жаңа жаһандық ахуал дабылына – 2050 стратегиясымен, инфрақұрылымдық дамудың ауқымды «Нұрлы жол» бағдарламасымен, Бес институционалды реформамен және үшінші жаңғырумен жауап бердік.

Қазір мемлекеттік құрылыс пен дамудың айрықша қазақстандық үлгісі қалыптасты деуге толық негіз бар. Мемлекет – жанды ағза. Қазақстандық үлгі – сол ағзаны қалыптастыратын, нақты белгіленген өлшемдерге сәйкес оның әр элементінің толық дамуын қамтамасыз ететін және сенімді өмір сүруіне кепілдік беретін базалық матрица.

Біздің азаматтарымыз, әсіресе жастарымыз бағдарымыздың не үшін және қалай айқындалғанын, тәуелсіз Қазақстанның қандай жағдайда өмірге келіп, құрылғанын, оны қалыптастыруда қандай адамдардың маңызды рөл атқарғанын, сол кезде қандай оқиғалар болғанын білуге тиіс деп есептеймін. Осының барлығын ой таразысынан өткізу бәрімізге қажет.

Деректерді талдап, оқиғаларға объективті баға беруді үйрену ғана емес, тарихи үдерістерді болашақ тұрғысынан терең түсіну, өткенге қазіргі кезең тұрғысынан көз салу және болашақты ойлай отырып, өткенді ұмытпау – біздің ортақ міндетіміз. Біз тарихтан өзімізге және еліміздің одан әрі дамуына қажетті тағылым ала білуге тиіспіз.

Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан жаңа міндеттерді шешуде. Ол әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің арасынан орын алуды және халқымыздың тұрмыс-тіршілігін әлемдік стандарттар деңгейіне көтеруді қамтамасыз етуді көздейді.

Күшті де дамыған мемлекетті еркін, дербес, білімді және жауапкершілігі мықты, елдің қандай жолдан өткенін және алда қандай мүмкіндіктер тұрғанын білетін азаматтар ғана құра алады.

Бұл кітап біздің Отанымыз – тәуелсіз Қазақстанның алғашқы онжылдықтардағы даңқты тарихын білуге және түсінуге, елімізді мақтан етіп, ел болашағын жасайтын жасампаздар қатарына қосылуға көмектесетініне сенімдімін.

Өйткені оның өзегінде менің тәжірибем, заманымыздың көрнекті тұлғаларымен болған кездесулер мен сұхбаттар, өз жазбаларым мен архивтерімнің негізінде қалыптасқан жеке пікірім мен тұжырымдарым жатыр. Материалдарды жинақтап, статистикалық мәліметтерді тексеріп, қолғабыс жасаған Е.Ж. Бабақұмаровқа, С.В. Селиверстовқа, Г.С. Нығыметовке, Д.Р. Есдәулетов пен Р.У. Бекбергеновтерге ризашылық білдіремін.

I БӨЛІМ

МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРІНШІ
ЖАҢҒЫРУЫ (1991–1995 ЖЫЛДАР)

1. ТАРИХИ ӘДІЛЕТТІЛІК САЛТАНАТЫ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ ЕГЕМЕН МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ СТРАТЕГИЯСЫ

Күні батқан КСРО және Қазақстан

Бір мың тоғыз жүз сексенінші жылдардың соңы мен 1990-шы жылдардың басы аса қиын кезең болды. Мемлекеттің соңғы басшысы, қайта құрудың сәулетшісі Михаил Горбачевқа мұраға қалған көнерген және қабілетсіз кеңестік мемлекеттік машина сыр бере бастаған еді. КСРО ауыр да жүйелі дағдарысты бастан кешіп жатты. Негізінен ол жаңа билік шамасы жетпеген бағзы ішкі проблемалардан туындады, ал қолайсыз сыртқы факторлар бұл құбылысты күшейте түсті.

Өнеркәсіп өндірісі күрт қысқарып, ұзаққа созылған шахтерлер ереуілінен кейін көмір өндіру айтарлықтай азайып, елдегі мұнай өндірісі апатты деңгейге дейін төмендеді. Әлемдік нарықтағы мұнай бағасының арзандауы экономикалық ахуалды одан әрі қиындата түсті. 1990 жылы төлем балансының керіс сальдосы 17 миллиард доллардан асты. Елдің валюта резерві сарқылып, ол шетелдік несиелер есебінен ғана өмір сүріп жатты. Шетелдік әріптестер кеңес басшылығына өтелмеген борыштары туралы жиі ескерте бастаған, сондай-ақ әлемде Кеңес Одағының көп ұзамай банкротқа ұшырайтынына сенімділердің қатары да көбейе түскен кез еді.

Мемлекет бюджет тапшылығын жабу үшін баспа станогын бар қуатымен іске қосуға мәжбүр болды және сол арқылы айналымдағы қаржы массасын көбейтіп, ақыры оны бақылай алмай қалды. Рубль құнсызданып, дүкен сөрелері бос жатты, көптеген аймақтарда негізгі азық-түлік талонмен беріле бастады, алайда ұзын-сонар азық-түлік кезегінен ол да құтқара алмайтын. Алып елге ашаршылық қатері төнді.

24

Осының бәрі – әлеуметтік шиеленістің өсуіне әкеліп соқты. Оның үстіне құйылған заңсыз қаржы ағымымен күшейген көлеңкелі экономика жаңадан пайда болған бизнесті тұншықтыруға ұмтылған ұйымдасқан қылмыс қатарын көбейте түскен еді.

Социалистік экономикамен бірге коммунистік идеология да күйреді. Онда – сталиндік репрессиялардың ауқымы, ұжымдастырудың аяусыз тәсілдері, жаппай ашаршылық сияқты тарихтың қасіретті беттері жайында ел азаматтарының көзін ашқан жариялылық ерекше рөл атқарды. Соның

салдарынан қоғамда моральдық абырой-беделі күрт төмендеген коммунистік партияның қатары да айтарлықтай сиреген болатын, ал оның билік монополиясына кепілдік беретін Конституцияның 6-бабы күшін жойғаннан кейін партия ресми түрде өзінің басшылық үстемдігінен толық айырылды. Кеңестік дәуірдің соңғы бір жарым жылында компартияның барлық мүшелерінің төрттен біріне жуығы, яғни 4,2 миллион адам оның қатарынан шығып кетті.

Ұлтаралық қатынастар шиеленісе түсті. Кеңес Одағының ұлттық аймақтарында тәртіпсіздіктер туындап, дүрдараздық қантөгіс пен соғыстарға ұласты, ондаған жүздеген мың адам босқынға айналды, ал оқиғаның бұлайша өрбуіне әзір емес билік толықтай дәрменсіздігі мен жағдайды бақылауда ұстау тізгінінен айырылғанын көрсетті.

1987 жылы, ізінше 1990 жылы отқару, минометтер мен артиллерия қолданылған, нағыз соғысқа ұласқан Таулы Қарабахтағы әзербайжан мен армян халқының арасындағы жанжал басталды. 1989 жылы ұлтаралық қақтығыстар Сухумиде, Ферғанада, Оңтүстік Осетияда, Приднестровьеде, 1990 жылы Бакуде, Душанбеде, Ошта көрініс берді. Балтық жағалауы республикаларындағы жағдай да өте күрделі болатын.

Ол кезде кеңестік Қазақстан үкіметін басқаратын мен оқиғаның бұлайша өрбуі КСРО-ның күйреуіне әкеліп соғатынын білгендіктен, орталыққа талай мәрте ұлтаралық мәселелерге қатысты жауапты да байсалды ұстаным керектігін айтуыма тура келді. Мен президент лауазымында болған кезімде де өз көзқарасымнан айныған жоқпын, сол ұстанымда қалдым. Бұл біздің тәуелсіз елімізді бұрынғы Одақ аясындағы көршілеріміздің басына түскен қасіретті сынақтардан сақтап қалуға септігін тигізді.

1990-шы жылдардың басынан бастап республикаларда Одақ құрамынан шығып, тәуелсіздік алуға ұмтылған саяси қозғалыстар пайда болды. Кеңестік басшылықтың 1989 жылы Тбилисиде, 1990 жылы Бакуде және 1991 жылы Вильнюсте күш қолдануға тырысқан әрекеттері кері нәтиже берді: қарсылық күшейіп, тіпті бұқаралық сипат ала бастады. Жергілікті билік те оған бейжай қарай алмайтын дәрежеге жетті, соның салдарынан 1991 жылдың көктемінде он бес республиканың алтауы Кеңес Одағын сақтап қалу қажеттігі туралы бүкілодақтық референдумға қатысудан бас тартты.

Сол жылдардың аласапыран оқиғалары біз үшін ащы да маңызды сабақ болды. Өз заманындағы құдіретті державаның күрт құлдырауының себептерін түсінген және кеңестік басшылықтың тактикалық қателіктерін талдаған біз КСРО-да болған оқиғалардан маңызды сабақ алдық. Сол сабақтар Қазақстанның алдынан шыққан көптеген қиындықтарды жеңуімізге көмектесті. Ол кездегі республика өнеркәсібінің дені (93 проценті) орта-

лыққа бағынышты болғанын айтсам да жеткілікті болар. Демек кеңестік экономиканың құлдырауының зардабын қазақстандықтар толығымен бастан өткерді.

Осынау күйреудің қатерлі салдары да көп күттірген жоқ. 1989 жылдың 19 маусымында қарағандылық шахтерлер лайықты жалақы, еңбек жағдайының жақсаруын және азық-түлікпен тоқтаусыз қамтамасыз етуді талап етіп ереуілге шықты. Олардың әрекеті аймақтың экономикасын толықтай құлдыратты, егер ереуіл толқыны одан әрі өрістесе, Қазақстанды не күтіп тұрғанын көзге елестетудің өзі қорқынышты еді. Өздерінің жеке мақсаттары мен мүдделері үшін қазақстандықтардың санасын қасақана улап, кешегі бейбіт көршілер арасында этностық және діни алауыздық тудырған саясаткерсымақтар отқа май құя түсті.

Көлемі жөнінен Кеңес Одағында екінші орын алатын республикаға қоғамдық жікке бөліну қатері төнді. Орталық республика басшылығына тағайындаған Г. Колбин бұл қатердің алдын алуға дәрменсіз екені түсінікті болды. Ол апатты процестерді тоқтататындай көшбасшы болмақ түгілі, сауатты басшы да емес болатын. Түбегейлі саяси өзгерістердің уақыты келді.

1989 жылдың мамыр айында мен КСРО халық депутаттарының І съезінің мінберінен елдің мүшкіл жағдайы одақтық биліктің көп жылдық тиімсіз саясатының салдары екенін ашық мәлімдедім. «Одақтық билік қазір де экономика мен ұлттық саясатта қиындықты үстемелеп, Кеңес Одағы сияқты теңдессіз мемлекеттік құрылымды құрдымға жіберетін қателіктерін жалғастыруда.

Жергілікті жағдайды білмейтін, ұлттық ерекшеліктерді түсінбейтін, жергілікті халыққа абырой, беделі жоқ келімсектерді республикалардың басшылығына тағайындауға мүлдем болмайды. Бұл басқарудың өрескел қате тәжірибесі, төніп келе жатқан экономикалық апат осының тікелей салдары» дедім.

Мен не туралы айтып тұрғанымды жақсы білдім. Ұлт көшбасшысы қандай болуы қажеттігі және оның артатын жүгі қаншалықты екенін мен талай рет ой елегінен өткізгенмін. Мен үшін ұлт көшбасшысы болу – миллиондаған отандастарың үшін, өз халқыңның тағдыры үшін бүкіл жауапкершілікті арқалау деген сөз. Халқыңның туған перзенті болсаң, еліңмен етене өмір сүрсең, құндылықтарың мен мақсаттарың жұртыңмен ортақ болса ғана ондай орасан жауапкершілікті көтере аласың.

Осындай айрықша маңызды және мені ерекше алаңдататын нәрселерді мен мінберден қарапайым, түсінікті тілмен жеткізуге тырыстым. Мен жетесіне жеткізе айтып, жұрттың түсінгенін қаладым, ақыры солай болды да. Өзге де ұлттық республикалардағы әріптестерімнен қолдау тапқан менің

сөзім тек съездің ғана емес, тұтас елдің пікірталасын туғызды. Ал одақтық басшылық республикалармен қатынаста аяғын аңдап басатын болды.

Мен мұны алғашқылардың бірі болып көрдім. 1989 жылы 22 маусымда өткен коммунистік партияның Орталық Комитетінің Пленумында мені Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлады. Орталық Комитеттің 158 мүшесінің 154-і мені қолдап дауыс берді. Осылайша мен республика басшысы атандым. Одақтық орталық бұл шешімді қабылдамас бұрын Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттарымен және облыс басшыларымен ақылдасып, ғалымдарымыздың, жазушыларымыздың пікірін зерттеді, республика тұрғындары арасында сауалнама жүргізді. Сол бір қиын-қыстау кезеңде «Қазақстанның тағдырын қазақстандықтар өздері шешуі керек» деген менің берік ұстанымыма ортақтасып, тілектестігін білдірген барлық отандастарыма ризалығым шексіз.

Хатшылыққа сайланғаныма бірнеше күн өткен соң кеңестік басшы Михаил Горбачевтің өтінішімен, ереуілге шыққан шахтерлермен кездесу үшін Қарағандыға ұшып келдім.

Қарағанды – менің көз алдымда салынған, мен үшін өте ыстық қала. Еңбек жолым сол жерден басталды. Мен ондағы әрбір кәсіпорынды жақсы білетінмін, тіпті Қарағандыда мен тікелей танымайтын директор немесе бас инженер жоқ.

Қарағанды облысы Қазақстанның шағын үлгісі десе де болады, онда біздің республикамызда тұратын барлық ұлттардың өкілдері жиналған. Шахтердің ауыр еңбегі ондағы адамдардың принципті, қатаң және шындық іздеп шырылдайтын ерекше «қарағандылық мінез-құлқын» қалыптастырған.

Әлі күнге дейін есімде, ұшақ әуежайға келіп тоқтағанда мен иллюминатордан өзімді траптан күтіп алғалы тұрған Қарағанды облысының басшыларын көрдім. Қаладағы күрделі жағдай олардың тұнжыраған жүздеріне көшкендей еді.

Ереуілдің себептерін ойша сараптаған мен, ұшақта отырған кезде-ақ қала алаңындағы мыңдаған адаммен кездескенде түңілген халықтың тілін тауып, қалай да өзіме олардың көңілін аударым қажет деп шешім қабылдаған болатынмын. Билік ендігі жерде олардың талаптарын елемеуді доғаратынына, тағдырларына жауапты боларына кеншілердің көзін жеткізу керек еді. Мен тек конструктивті әрекеттестік арқылы ғана біз асқынған проблемалардың шешімін таба алатынымызды адамдар сезінгенін қалардым.

Қаланың қақ ортасындағы Совет даңғылында бізді наразы әрі агрессиялық көңіл күйдегі жүздеген шахтер күтіп тұр екен. Ұзаққа созылған

ереуілден шаршаған, қара қожалақ шахтер киімін киіп, көздері ғана жылтыраған олардың көпшілігі үн-түнсіз отырып алып, асфальтты каскаларымен ұрғылап жатты. Кейбір шахтерлер мұнда тура көмір кенішінен келген, олардың беттеріндегі күйе одан әрмен адамдардың сұрын қашырып, ереуіл басындағы ахуалды тіптен түнертіп тұрды. Жағдай әбден ушыққан еді, көрініс те жайсыз болатын. Шахтерлердің кәсіподақ жетекшілері облыс басшылығымен келіссөзден бас тартып, тікелей Назарбаевпен кездесуді талап етті. Мен де тіке ереуілшілерге тарттым.

Мен шахтерлермен бірнеше сағат сөйлестім. Олардың талаптарын мұқият тыңдап, мәселе биліктің еркінде ғана емес, елдің қазіргі қиын жағдайына тәуелді, шектеулі мүмкіндікке де байланысты екенін сабырмен түсіндірдім. Сосын шахтерлерден өз өкілдерін сайлауды өтіндім, әрі қарай келіссөздер жауапты министрлердің қатысуымен «Қарағандыкөмір» комбинатының әкімшілік ғимаратында жалғасты. Кездесу таң ағарғанда ғана аяқталды.

Біз мәмілеге келдік. Шахтерлердің бірінші кезектегі қажеттіліктері қанағаттандырылды. Мұндай келіссөздер Қарағанды облысындағы барлық шахтер қалашықтарында – Шахтинскіде, Саранда, Абайда жүргізілді. Көп ұзамай ең өткір мәселелер шешілді де, қарағандылықтар ереуілді тоқтатты. Бұл кезде КСРО-ның басқа көмір өндіруші аймақтарындағы жаппай толқулар одан әрі жалғасып, күшейген үстіне күшейе түскен болатын. Ол біздің күрмеуін табу мүмкін еместей көрінетін күрделі мәселелерге батыл кірісу қажеттігін көрсеткен алғашқы жеңісіміз еді. Оған қоса, мен мұндай мәселелерді қалай шешу керегін де сезіндім. Жұмысымның басты бағыты етіп экономиканы таңдауым дәл сол кезден басталды. Мен мұндай ұстанымның өзіме ұнайтынын да ешқашан жасырған емеспін. «Әуелі – экономика, содан кейін саясат» деп үнемі айтып келемін. Мені сол үшін сынағандар да болды. Саясатты адамдардың игілігі мен тыныштығынан жоғары қоюдың кесірінен КСРО-ның күйрегенін өз көзімізбен көрдік емес пе.

28 Мәселенің байыбына бару республикадағы ауыр экономикалық жағдайды әп-сәтте жөндеуге болады деп үміттенуге еш мүмкіндік берген жоқ. Жоғарыда айтып өткенімдей, ол кезде Қазақстан экономикасы орталыққа толықтай тәуелді болатын. Аса маңызды отын-энергетикалық, әскери-өнеркәсіп және кен-металлургия кәсіпорындарының бәрі орталыққа тікелей бағынатын. Біздің металдарымыз бен мұнайымыздың, астығымыздың экспортынан түскен валюталық кіріс Одақтың бюджетінде қалатын. Қыруар қаржы тапса да, Қазақстанның оны пайдаланатын мүмкіндігі болмады. Республика Одақтың бюджетінен бөлінген дотацияларды қанағат ету-

ге және орталықтың масылдық туралы әділетсіз де тұрақты ескертулерін тыңдауға мәжбүр болды. Жағдайдың драмалық парадоксы да осы.

Бұған мойынсұнып отыра беруге болмайтын еді. Мен өзінің бас амандығын ғана күйттеген және әрекетсіздіктен құрдымға батып бара жатқан әкімшілік жүйенің өкілі болғым келмеді. Мен республиканың әл-ауқатын жақсартуды және оның болашағы үшін жауапкершілікті өз мойныма алдым. Сол себепті, Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ниетімді жария еттім.

Менің тапсырмам бойынша, республиканың жетекші экономистер тобы Қазақстанның өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру тұжырымдамасын жасады. Біз жер мен табиғи байлықты Мәскеудің әкімшілік өктемдігінен босатып, республиканың біржола меншігі деп жариялауды ұсындық. Біз дербес шаруашылық жүргізудің, оның ішінде сыртқы экономикалық қызмет жүргізудің де құқығын ала отырып, одақтық бюджет дотациясынан толықтай бас тартуға дайын едік. Дегенмен, Қазақстанның ешкімге масыл еместігін дәлелдеу ниеті жалпыодақтық министрліктер тарапынан қолдау таппады. Кеңестік басшылық тұжырымдаманы қабылдаған жоқ.

Орталықпен арадағы экономикалық дербестік жолындағы күресте шала-шарпы шаралармен жеңіске жету мүмкін еместігі анық болды. Жеңу үшін партиялық ұйым мен республика басшылығын бір қолға ұстатқан мемлекеттік басқарудың кеңестік үлгісінен толығымен бас тартып, президенттік институтты құру керек еді. Сонда жоғарғы биліктің иесі Мәскеу тағайындайтын және субординацияға сәйкес елдің партиялық басшылығына бағынуға міндетті республика партия комитетінің бірінші хатшысы емес, керісінше халықтың сенім мандатына ие Президент республикадағы жоғары биліктің нышанына айналады.

1990 жылдың 24 сәуірінде Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-інің Президенті мәртебесін бекітті. Дауыс берудің қорытындысы бойынша, көпшілік дауыспен (қолдағандар – 317, қарсы болғандар – 18) республиканың жоғарғы өкілетті органы маған президенттік өкілеттік берді.

Мұндай қадамға баруды бізден өмірдің өзі талап етті. Өйткені экономика мен ұлттық саясаттағы одақтық құрылымдардың өктем тәсілдеріне қарсы тұратын басқа амал болған жоқ. Тек атқарушы және заңнамалық билік тармақтарының ерік-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыра алатын президенттік билік қана бүкіл мемлекеттік механизмнің тиімді қызметін қамтамасыз етіп, экономикадағы қатаң орталықтандырудан арылып, республика мен оның азаматтарының мүдделерін қорғай алатын еді.

Тәуелсіздік жолында

1999 жылы 25 қазанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылдап, республика конституциясының және оның заңдарының пәрменділігін мәлімдеді. Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі, ал Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі деп жарияланды.

Шынтуайтына келгенде, декларация құқықтық емес, саяси құжат болды. Оның ережелерінің ешқандай заңдық күші болған жоқ. Қазақстанның егемендігіне тек конституциялық акт ғана заңды негіз бола алатын еді. Десе де, декларацияның баға жетпес символдық мәні бар болатын, ол бізге тәуелсіздікке бастайтын жолды ашып берді.

Мен Қазақстанның дербестікке жетуін мақсат ете отырып, шешімқорлық пен көзсіздіктің арасындағы айырманы айқын түсіндім және кеңестік экономиканың құрылымын жақсы білгендіктен, КСРО-дан бөлінуге асықпадым әрі одақтас республикалар арасында ондаған жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланысты бірден үзу жоспарына қарсы әрекет жасадым.

Энергожүйелер, темір және автомобиль жолдарының тораптары, алып Одақтың әр қиырындағы бір-біріне тәуелді кәсіпорындар – осының бәрінің кеңес үкіметі жылдарында өзара байланғаны соншалық, олардың қатынасын бірден үзудің зардабы орасан болар еді. Оның үстіне бірде-бір республика қысқа мерзімнің ішінде өзінің әскери қауіпсіздігі мәселесін шеше алмайтын. Бұл жағдай оларды сыртқы қатерлердің алдында дәрменсіз ететін. Оны айтпағанда, біртұтас елдің әртүрлі республикасында тұратын жақын туысқандар мен достар мемлекеттік шекараның екі жағында қалуға мүлдем әзір емес еді.

Жаңа Одақтық келісімнің жобасын қолдағанда мен осындай дәйектерді басшылыққа алдым. Жоба қабылданған жағдайда, КСРО – Тәуелсіз Мемлекеттер Одағы (ТМО) болып қайта құрылар еді. Бұрынғы кеңестік республикалар экономикалық дербестікке қол жеткізіп, өздерінің саяси өкілеттілігін айтарлықтай кеңейтетін, ал жалпыодақтық орталық бірыңғай сыртқы саясат пен ортақ қауіпсіздікке жауап беретін еді.

30

1991 жылы басталып, жұмысы бірнеше айға созылған Одақтық келісім жобасы жаңа тарихқа Ново-Огарево процесі деген атаумен енді (Ново-Огаревода КСРО президентінің Мәскеу түбіндегі резиденциясы орналасқан). 1991 жылы 29 шілдеде біз РСФСР президенті Борис Ельцинмен және КСРО президенті Михаил Горбачевпен кездесіп, ТМО-ны құру туралы келісімге 20 тамызда қол қоюға шешім қабылдадық. Бірақ ол орындалған жоқ. Келісілген құжатқа қол қоюға бір күн қалғанда кеңестік басшылар-

дан, оның ішінде елдің вице-президентінен, премьер-министр мен күштік құрылым басшыларынан құрылған төңкерісшілер жаңа әділетті келісімнің жасалуына қарсылық көрсетіп, мемлекеттік төңкеріс жасамақ болды. Олар Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет (ТЖМК) құрып, Қырымда демалып жатқан Михаил Горбачевті сырқат деген жалған желеумен биліктен заңсыз шеттетті.

Сол күні мен Қазақстан азаматтарына үндеу жолдап, сабыр сақтауға, төзімділік танытуға шақырдым. Мәскеудегі билікті заңсыз басып алған төңкерісшілердің елеулі қысымына қарамастан, мен отандастарымды Қазақстан аумағында төтенше жағдай енгізілмейтініне берік түрде сендірдім.

1991 жылы 20 тамызда Мәскеу мен Ленинградтың көшелеріне ондаған мың адам қарсылық көрсетуге шықты, танктердің жолына баррикадалар құру басталды. Елдегі ахуал барынша ушыға түсті. Бүлікті бастаған ымыраластардың саяси таяздығы азаматтық текетірестер мен бұрын-соңды болмаған ауқымдағы қантөгіске бастауы мүмкін болатын. Оған жол беруге әсте болмайтын еді. Мен төңкерісшілердің басшыларымен телефон арқылы сөйлесіп, олардың әрекеттерін республиканың атынан ашық сынға алдым және қантөгіске жол бермеуді қатаң түрде талап еттім.

Бүлікшілер қайта құру жылдарының қиындықтарынан қажыған қоғам үнсіз келісе салады деп үміттенді және соншалықты бұқаралық сипаттағы қарсылықты күтпеді. 21 тамыз күні төңкерісшілер тізе бүкті. Михаил Горбачев Мәскеуге оралды. Төңкеріс жасау әрекеті жүзеге аспады. Одақтық келісімге қол қойылмауы және тамыз бүлігі орталық биліктің қоғам алдындағы беделін түбегейлі жойды. Кеңестер Одағының мемлекеттік-саяси тұрғыдан күйреуі процесі ушығып, күшейе түсті.

1991 жылдың екінші жартысында орталық билік мүлдем дәрменсіз жағдайда болды. Бұл жағдайда маған Қазақстан тағдырының жауапкершілігін өз мойныма алуға және бірнеше принципті стратегиялық шешімдер қабылдауға тура келді. Мен алдымен, өз Жарлығыммен кеңестік әскери күш-қуаттың тірегі саналатын, әлемдегі аса ірі Семей ядролық сынақ полигонын жаптым. Егемен Қазақстанның тұңғыш мемлекеттік актісі бүкіл планетаға біздің еліміздің ядролық қатерден азат, бейбіт өмірге ұмтылысын паш етті.

Сол күндері мен «Қазақ КСР Қауіпсіздік Кеңесін құру туралы», «Одаққа бағынышты мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды Қазақ КСР үкіметінің басқаруына көшіру туралы», «Қазақ КСР-нің алтын қоры мен алмаз қорын құру туралы», «Қазақ КСР-інің сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету туралы» бірқатар тұғырлы Жарлықтарға қол қойдым.

Қазақстандықтар осынау саяси құжаттарды зор ықыласпен қабыл алды. Сол күндерде бізді қаншалықты қиын болса да жағдайды түбегейлі өзгертіп, қиындықтарды жеңе алатынымызға риясыз сенім біріктірді. Күллі әлемнің көз алдында өзінің жарқын болашағына сенімі нық жаңа мемлекет құрылды, тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің 1991 жылы 2 қазанда Байқоңыр ғарыш айлағынан кеңестік-австриялық экипаж құрамында ғарышқа самғауы осы сенімнің символына айналды. «Союз ТМ-13» ғарыш кемесінің көк жүзіне аттануы Қазақстан үшін жалпыұлттық оқиғаға айналды әрі кеңестік космонавтика тарихына нүкте қойды. Адамзатты ғарыш көгіне алғашқы болып аттандырған елдің тарихы осыдан екі ай өткеннен кейін біржола аяқталды.

1991 жылы 8 желтоқсанда Беловежье орманында Ресей, Украина мен Беларусь президенттері Кеңес Одағының өмір сүруін тоқтату туралы келісімге қол қойды.

Тұңғыш бүкілхалықтық президент сайлауы

Қазақ КСР президенті қызметіне кіріскеннен кейін бір жарым жылдан соң 1991 жылдың күзінде мен Жоғарғы Кеңеске республиканың сайлау жүйесін реформалауды ұсындым. 1991 жылы 16 қазанда «Қазақ КСР президентін сайлау туралы» заң қабылданып, соған сәйкес ұлт көшбасшысы болуға кім лайықты екенін депутаттар емес, елдің барша азаматтары шешетін, яғни мемлекет басшысы жалпыхалықтық дауыс беру негізінде сайланатын болды.

Мен қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдайда тек отандастарымның сайлау учаскелерінде көрсеткен сенімдері ғана нағыз көшбасшылық құқығын беретініне бек сенімді болдым. Жаңа сайлау егемендік ұғымына шынайы және көңілге қонымды мазмұн беруге, Қазақстанның халықаралық беделін көтеруге және Президент лауазымына кім сайланса да оған аса күрделі жағдайда батыл әрекеттер жасау мандатын беруге тиіс еді. Ол қалайда алға басуға шешім қабылдаған елдің айналып өтуі мүмкін емес, қатаң, ауыр әрі қиын қадамдар жасауға тиіс болды.

32

Қазақстандағы тұңғыш бүкілхалықтық президент сайлауы 1991 жылы 1 желтоқсанда өтті. Бұл – Кеңес Одағының ақтық демі таусылар кездің қарсаңы болатын, оның экономикасы да біржола күйреп жатты. Қараша айында сайлаушылармен кездескенде проблемалардан қашқақтауға тырысқан жоқпын, популистік уәделер де бермедім, керісінше адамдармен ашық әңгімелестім. Сайлаушыларыма елді ауыр сынақтар күтіп тұрғанын, одан қа-

лайда өту керектігін, себебі тәуелсіздік пен игілікке жетудің ептеп айналып өтетін басқа жолы жоқтығын түсіндірдім.

Сайлау учаскелеріне 8 681 276 адам келді. 98,8 процент дауыс алған сәтте мен елдің президентін ғана емес, болашаққа баратын жолын таңдап, менің маңайыма ұйысқан еліммен бірге айтып тіл жетпейтін тұтастықты сезіндім.

10 желтоқсан күні Алматыдағы Республика сарайында Қазақстан Республикасы Президентінің ант беру салтанаты өтті. «Біз дербес өмір сүретін жағдайдамыз» – менің ұлықтау салтанатындағы негізгі сөзім осы болды.

Арада жиырма жыл өткен соң бүкілхалықтық сайлау өткізілген мерейлі күн мемлекеттік мерекеге – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне айналды. Саяси күнтізбеде ол заңды және символдық тұрғыда Тәуелсіздік күніне ұласады. Тарихи 1991 жылғы президент сайлауы Қазақстанның тәуелсіздікке қарай жасаған шешуші қадамы болды.

Тәуелсіздікті жариялау. Әлем назары Қазақстанда

1991 жылғы сайлаудан кейінгі бірінші жұмыс аптасында, өзім 1991 жылдың 16 желтоқсанында қол қойған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» заңның мәтінімен жұмыс істедім. Құқықтық тұрғыда әлемнің саяси картасында дәл осы күні жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды.

Осылайша, тарихи әділеттік орнап, бабаларымыздың ұлы арманы орындалды. Бұған дейін декларация түрінде ғана болған мемлекеттік тәуелсіздік енді конституциялық негізге ие болды. Заңдағы 18 баптың біріншісі біздің елімізді ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілейтін және жүргізетін тәуелсіз демократиялық және құқықтық мемлекет деп жариялады.

Осы жерде аздап шегініс жасамақпын. Меніңше, Тәуелсіздік күні тек ресми бекітілген мерекелік дата ғана болуға тиісті емес. Бұл күннің одан анағұрлым маңызы үлкен мазмұны бар. Ол тәуелсіздік жолындағы күрестің нүктесін қоюмен бірге, оның басталған күні де болды. Бүгін әр қазақстандық оны өзінің жеке тәуелсіздігі мен табысты күні есебінде мерекелей алады.

Республиканың барлық халқы үшін маңызды, біздің әрқайсымызға Қазақстанның азаматы болу құқығын сыйлаған «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңға арада бірнеше күн өткен соң – 20 желтоқсанда қол қойдым.

Енді ел азаматтарын сыртқы қатерден қорғауды өз әскері қамтамасыз етеді. Менің 1992 жылдың 7 мамырындағы Жарлығыма сәйкес, Қазақстан аймағында дислокацияланған ТМД Қарулы күштерінің әскери бөлімдері республиканың жаңадан құрылған Қарулы күштерінің құрамына енгізілді. Алғашқы Қорғаныс министрі болып даңқты армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов тағайындалды. Соның алдында, қаңтар айында, біз ішкі және шекара әскерлерін құруды бастаған едік.

Рәміздер – мемлекеттіліктің атрибуты. Жас республикаға өзінің ерекшелігін айшықты да қысқа, түсінікті бейнеде ұқтыратын символдар қажет болатын. Осынау жауапты міндеттің шешімі көп күш қуат талап етті. Ұзаққа созылған жұмыс менің белсенді қатысуыммен, 1992 жылдың жазында аяқталды.

Сол жылдық 4 маусымында тәуелсіз Қазақстанның рәміздері бекітілді. Көк байрақта самғаған қыраны бар, күннің нұры мен шаңырақ, қанатты тұлпар кейпіндегі елтаңба бүкіл әлемге танылды. Қазақстанның және бұрынғы одақтас республикалардың ұзақ уақыт аңсаған тәуелсіздікті алу қуанышы біздің халықтарымыздың маңдайына жазған тарих дүбірінің күрделілігін ұғынуға жалғасты.

Әлем жаңа мемлекеттердің қалыптасуына мұқият зер салды. Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы болып Түрік Республикасы мойындады. Оқиға Тәуелсіздік туралы Заңға қол қойылғаннан кейін бірнеше сағат өткенде жүзеге асты және қазақстандықтар түркі ынтымағының мұндай көрінісін жоғары бағалады. Келесі 11 желтоқсан күні Қазақстанды Ресей Федерациясы, 25 желтоқсанда Америка Құрама Штаттары мойындады. 1992 жылдың 3 қаңтарында бұл ұлы державаларға – Қытай, ал жылдың соңына дейін тағы 102 мемлекет қосылды.

1993 жылдың 2 наурызында БҰҰ Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісінде Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданып, әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесіне айналды.

Саяси бағдар: Егемен мемлекет стратегиясы

Тәуелсіздік алумен бірге көптеген проблемамен бетпе-бет келген кейбір жас мемлекеттер – бұрынғы кеңестік республикалар әзірге стратегия ойластыруға ерте екеніне, алдымен күнделікті тіршілік қамын жеңе білу қажеттігіне мойынсұнды.

Оларға қарама-қарсы көзқарас ұстана отырып, негізінен күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен айналыссам да, мен бәрінен бұрын ел-

дің ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделерінен туындайтын болашақ қамын бір сәт ойымнан шығарған емеспін. 1992 жылдың басында осы ойларымының негізінде «Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы» атты бағдарламаға кірістім.

Мұндай құжатпен жұмыс істеу әжептәуір қиынға соқты. Жас экономистер тобына негізгі мақсаттар мен даму міндеттерін түсіндірдім. Бұл құжаттың жобалары соларға арналды. Оны сан мәрте талдадық. Жұмысқа мамандардың әртүрлі категориялары тартылды. Ақырында ең қажетті құжат жобасы дайын болды.

Стратегия мәтіні 1992 жылдың 16 мамырында жарияланды. Құжат Қазақстанның жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшетінін көрсетті. Көптеген адамдар бізді жете түсінбеді. Жоғарғы Кеңес пен оның басшылығы жекелеген принципті көзқарастарды қайта қарауды талап етіп, халықтың мұндай идеяны қабылдауға әзір еместігін алға тартты. Жоғарғы Кеңестегі пікірталастар өте қызу болды.

Қазақстан Республикасының алғашқы даму стратегиясы кеңестік идеология күйреген аймақта құрылған қатерлі дүниетанымдық вакуум жағдайында жасалғанын айта кетуге тиістіміз. Басқа республикалардың тұрғындары сияқты, қазақстандықтар да абдырап, торығуға түсті, жаңа бағдарлар мен идеалдарды аңсады. Олардың ұсақ, бір сәттік пайдаға ден қойып, елдің болашағы мен өмірдегі өз орнын жоғалтуына жол беруге болмайтын еді. 1992 жылғы стратегия ел үшін аса қатерлі әлеуметтік сценарийге қарсы маңызды тетік болды.

Бұл кезде дағдарыс шырқау шегіне жеткен еді. Мен алыс болашақты қоя тұрып, елге орта мерзімді перспективалармен нарықтық экономикасы дамыған және соған тиянақ болатын заңнамасы, халықтың еркі мен парасаты салтанат құратын қоғамы бар, күшті де тәуелсіз мемлекет құрудың нақты қадамдарын ұсындым. Жылдар өте келе, менің алғашқы прагматикалық жоспарды «күнкөріс стратегиясы» деп атауым кездойсоқ емес еді.

Республиканың алдында өзінің мемлекеттілігін нығайту міндеті тұрды, демек биліктің тиімді институтын қалыптастырып, әлемдік мойындауға қол жеткізу, басқа елдермен әріптестік қарым-қатынасты реттей отырып, әртүрлі халықаралық ұйымдарға белсенді түрде қатысу керек еді.

Экономикалық саясаттың басым бағыттары ретінде банк жүйесін нығайту, еркін баға бағамына көшу, сыртқы сауданы ұлғайту, шетелдік инвестицияларға ыңғайлы жағдай қалыптастыру, тұтыну рыногын толтыру, ең соңында мемлекеттік меншікті жекеге беру нақтыланды. 1992–1995 жылдар дағдарыстан өтіп, экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізудің қажеттігі туған кезең болды. Сондықтан да 1992 жылғы стратегия

лайықты түрде сол кезеңдегі қоғам мен елдің тұрақтылығының айқын бағдары болып саналды.

«Барша халықтың игілігі» мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыты ретінде белгіленді. Оған мемлекет әр адамға кәсіпкерлік еркіндік және өз күш-қуатын өзі таңдаған іске жұмсауға мүмкіндік бергенде ғана қол жеткізуге болатын. Әуелі тұрақтылық, сосын экономикалық өсім, менің түсінігімде, жалақының, зейнетақы мен жәрдемақының өсуіне міндетті түрде алып келетін.

Қазақстан аумағының байырғы қазақ жері екенін, мемлекеттің қазақ мәдениеті мен тілін қайта түлетуге ниетті екенін айта отырып, мен қашанда ұлттық белгі бойынша кемсітушіліктерге жол бермеуді және барлық этностар мен мәдениеттерге маңызды қолдау көрсетуді жалғастырып келемін.

Тарихтың одан арғы барысы көрсеткендей, 1992 жылғы стратегия – Қазақстанның мықты президенттік билігі бар мемлекет ретінде дамуын нақтылаған принципті тұрғыдағы маңызды шара болды. 1970–1980 жылдары жылдам әрі тиімді түрде осындай реформалар жүргізе алған Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия және басқа да мемлекеттердің үлгісі мұндай жаңғыруды тек ауқымды өкілеттікке және қоғамдық қолдауға ие табанды көшбасшысы бар елдер ғана жүзеге асыра алатынын көрсетті.

Жас мемлекеттің жаңа саяси бағытын алғаш қалыптастырған 1992 жылғы стратегия одан кейінгі жылдардағы мемлекеттік құрылыстың іргетасына айналды. Сол құжатта көрсетілген көптеген стратегиялық бағыттар, одан кейінгі экономика мен саясаттағы тұрақтылық пен бетбұрыстар жүзеге асқан кезеңде, толық мәнінде дамытылды.

Стратегиялық жоспарлау мен қоғамды жалпыға ортақ міндеттерді шешуге жұмылдырудың тұңғыш тәжірибесінің сәттілігін ескере отырып, өмірдің өзгермелі жағдайындағы елдің болашағына байланысты өз көзқарастарымды дәстүрлі формадағы стратегия түрінде құрдым, одан кейінгілері 1992 жылы қаланған іргетасқа табан тіреді.

2. ТҰҒЫРЫ БЕРІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ

ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мемлекеттік құрылыс: басқарудың тиімді үлгісін іздеу жолында

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап атқарушы билік жүйесін жетілдіру менің басты назарымда болды. Көп жағдайда елдің күнделікті өмірі барлық мемлекеттік институттардың бірлескен жұмысына, ал реформаның табысы халықтың сеніміне ие орталық және жергілікті органдарды біріктіретін тиімді басқару жүйесіне тәуелді екенін түсінгендіктен, мен жаңа мемлекет жағдайында нағыз тұрақтылықты қауқарлы, вертикалды билік қана жүзеге асырады деп есептедім.

1990 жылдың қазан айында Жоғарғы Кеңес Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Декларация қабылдады, ал қарашада мен «Мемлекеттік билік құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР-індегі басқару туралы» заңға қол қойдым. Соған сәйкес ел Президенті атқарушы және жоғарғы биліктің басшысы болып табылады. Ол үкіметті құрып, министрлер мен мемлекеттік комитет төрағаларын тағайындайды.

Мемлекеттің жалпыұлттық міндеттерді шешудегі күш-қуатын арттыру үшін мен Президент аппаратын үкімет аппаратымен біріктірдім. Сондай-ақ жаңа консультативті-кеңес органы – Республика Кеңесі бекітілді.

Жоғарғы Кеңестен қысқа мерзім ішінде тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасын әзірлеу талап етілді. Дегенмен депутаттар өздеріне тән әлдебір саяси түсінікпен оны жасауға асықпады. Ал мен кешіктіруге болмайтынын білдім. КСРО-ның ыдырауы қарсаңындағы әлсіреп тұрған саяси ахуал істі кідіртуге мүмкіндік бермейтін.

Ол кезде Жоғарғы Кеңестің үкіметке қысым жасауға мүмкіндік беретін билік ресурстарына ие болғанын және ішкі, сыртқы саясатқа айтарлықтай ықпал ете алатынын есте ұстау қажет. Ол менің мемлекет басшысы есебінде ойластырған қайта құруларыма айтарлықтай кедергі келтіретін. Өкілетті билік органдары – халық депутаттарының кеңесі жергілікті әкімшілікті бағындырып алған аймақтарда да тура осындай жағдай қалыптасты.

Депутаттар кеңесінің шектен шыққан өкілеттіліктері келмеске кеткен кеңестік дәуірдің кінәраты болатын. Олар қоғам мүддесімен сәйкеспейтін және іске кедергі келтіретін бос пікірталастардың бітіспес қарсыласы – мені мүлде қанағаттандырмайтын. Мемлекеттік құрылыстың іргетасы қаланып жатқан сол кезде оларға бола уақыт шығындауға да болмайтын.

Осындай жағдайда менің бар жауапкершілікті өз мойныма алып, іске кірісуіме тура келді. Мемлекетті басқару ауқымы қайта ұйымдастырылды. Көнерген мемлекеттік органдар таратылып, орнына жаңалары құрылды. Мемлекеттік құрылымдардың өкілеттіктері мен функциялары қайта қаралды. Шешуші кадрлық өзгерістер жасалды. Уақыт талабына сәйкес Мемлекеттік мүлік және Монополияға қарсы комитеттер, сондай-ақ бұған дейін мүлде болмаған сыртқы экономикалық байланыстар, мұнай және газ өнеркәсібі, ғылым мен жаңа технологиялар, экология және биоресурстар министрліктері құрылды. 1991 жылдың соңында менің шешіміммен барлық министрліктер ортақ коллегиялық орган – Министрлер кабинетіне біріктірілді, оның басшылығын Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Премьер-Министрі – тәжірибелі шаруашылық ұйымдастырушысы Сергей Терещенкоға сеніп тапсырдым.

Ол кезде кадр тапшылығы қатты байқалатын. Жоспарлы экономика мен кеңестік идеология жағдайында жұмыс істеуге үйренген бұрынғы функционерлер жаңа жағдайда ескі тәсілмен ойлайтын және мүлдем тиімсіз жұмыс істейтін. Нарық логикасы мен өздерінің алдына қойылған міндеттерді түсінбейтін олар қажетті реформаларды жүзеге асыруға қабілетсіз болатын. Өзім жаңадан құрылған мемлекет үшін өте пайдалы деп есептейтін шетелдік кеңесшілер мен консультанттар олармен тіл табыса алмайтын. Кеңестік кезеңнің аппаратшылары лауазымды қызметтерге жас мамандардың тағайындалуына қарсы болды. Біздің көптеген бұрынғы кадрларымыз болып жатқан өзгерістерді түсінбеді. Өз басым үйренуден ешқашан қорыққан емеспін және қарамағымдағылардан да соны талап ететінмін.

38

Тәжірибелі саясаткер Ли Куан Ю Қазақстанның жарқын болашағына сенімін білдірді. Сол кезде көптеген адамдардың оның біздің елімізге қатысты айтылған сөзін шығыс мейманының дипломатиялық мадағы деп есептегеніне қарамастан, уақыт оның шынайылығын дәлелдеп берді.

Ол кезде Қазақстанның ашық әлемде «тіршілік ету тәжірибесі» болған жоқ. Сондықтан Сингапур премьер-министрінің әңгімелері мен дәрістері бастапқы кезде ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегиялар жасауда бізге бағдар көрсетті.

Екеуара қызметтік әңгімеміз бес-алты сағатқа созылатын және маған Сингапур саясаты патриархынан дарыған тәжірибенің біздің мемлекеттік құрылысымызға үлкен пайдасы тиді.

Бұл орайда өз досым және кеңесшім, америкалық профессор және бизнесмен, келесі бір «экономикалық керемет» – оңтүстіккореялық өрлеудің авторы Чан Янг Бэнгтің қосқан үлесі де зор.

Менің кадрлық саясатым шу дегеннен-ақ қатал әрі жалғасты болды. Ол жауапты қызметтерді, қажетті білім мен машығы болуымен қоса, бірінші кезекте мемлекет пен халықтың мүддесінен туындайтын реформа жұмыстарына бүкіл күш-жігерін сарқа жұмсауға дайын мінсіз профессионалдар атқаруы тиіс деген сенімге негізделді.

1992 жылдың ақпанында Президентке бағынышты жергілікті әкімшілік басшыларының және Халық депутаттары кеңестерінің бақылауындағы облыстық әкімшілік басшыларының қызметін бір ізге түсіру принципі бекітілді.

Жергілікті әкімшіліктер мен бұрынғы депутат кеңестері бір-бірімен бәсекеге түсіп, бір-бірінің қызметін қайталап жататын. 1993 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы жергілікті атқарушы және өкілетті органдар туралы» заң оған соңғы нүкте қойды. Ол жергілікті атқарушы билік органдарының құрылымы мен өкілеттігіне түбегейлі өзгерістер енгізді. Бұрынғы атқару комитеттері әкімдер басқаратын жергілікті атқарушы билік органы – әкімдіктерге айналдырылды.

Реформа процесін жеделдету және біздің елімізді үдемелі даму траекториясына шығару үшін, сондай-ақ мемлекеттік билікті біріктіру мақсатында мен іс жүзінде президенттің аймақтар мен жер-жердегі өкілетті өкілдеріне айналған республикалық маңыздағы қалалар мен облыс әкімдерін өзім тағайындауға шешім қабылдадым. Лауазымы төмен әкімдерді одан жоғары тұрған әкім тағайындайтын болды. Осылайша жергілікті атқарушы құрылымдарды өкілетті биліктің органдары сайлайтын тәжірибе келмеске кетті.

Бұрынғы жүйе сарқыншақтарынан түбегейлі азат болу үшін аймақтық деңгейде жаңа жергілікті өкілетті органдар – мәслихаттар құрылды. Оның депутаттары мемлекет мүддесін ескере отырып, қандай да бір әкімшілік-аймақтық бірліктегі тұрғындардың қалауын білдіретін болды. Әкімшіліктер мен мәслихаттардың жергілікті басқарудың бірыңғай жүйесіндегі өзара қарым-қатынасының негізіне функциялар мен өкілеттіктерді бөлісу принципі алынды.

Осылайша тәуелсіздіктің алғашқы үш жылында халыққа қысым жасайтын, керісінше елге және реформаларға қызмет ететін атқарушы-өкімдік биліктің түбегейлі жаңа жүйесі құрылды.

Елге сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік марапаттар

Мемлекеттік марапат пен басқа да белгілер жүйесі жоғары символдық мәні бар, мемлекеттіктің маңызды элементі саналады. Жаңа тәуелсіз мемлекет есебінде Қазақстан Республикасына да мемлекеттік марапаттар қажет болды.

Алғашқы ерекшелік белгілерін жасауды мен тікелей өз бақылауыма алдым, талқылауға ұсынылған жобаларды мұқият зерттеп, өзгерістер енгіздім. 1993 жылдың 1 сәуірінде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік марапаттары туралы» заңға қол қойдым.

Ерекшеліктің жоғарғы деңгейі Қазақстан Республикасы алдындағы көрнекті еңбегі, оның тәуелсіздігі мен азаттығы жолында өшпес ерлік көрсеткені үшін берілетін «Халық қаһарманы» атағы болды. Бұл атақты Ұлы Отан соғысының батырлары: комбат, соңынан 8-гвардиялық Панфилов дивизиясының полк командирі Бауыржан Момышұлы, Берлинге шабуылдаушы атқыштар батальонының командирі Сағадат Нұрмағамбетов, партизан отрядының командирі Қасым Қайсенов, минометші Алексей Кулаков, ұшқыш Бақтыораз Бейсекбаев, Рейхстагқа алғаш ту тігушілердің бірі – барлаушы Рахымжан Қошқарбаев, ұшқыш Хиуаз Доспанова, зеңбірекші Александр Капорин алды. «Халық қаһарманы» жоғары атағымен ғарышкерлер – Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов те марапатталды.

Қазақстанның алғашқы ордендері – «Отан», «Даңқ», «Парасат», «Құрмет». Қазақстанның алғашқы медальдары – «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» және «Шапағат».

Мемлекеттік марапат регламентін белгілейтін жаңа заң 1995 жылдың 12 желтоқсанында қабылданды.

«Халық қаһарманы» атағына теңестірілген жоғары деңгейдегі ерекшелік белгісі – Қазақстан Республикасы алдындағы айрықша еңбегі үшін берілетін «Алтын қыран» ордені болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті осы лауазымға сайланған соң ерекше үлгідегі «Алтын қыран» орденінің иегері болады деп белгіленді. Сондай-ақ бұл марапат Ресей Федерациясының Президенттері Борис Ельцин мен Владимир Путинге, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Кәрімовке, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге, Жапония Императоры Акихитоға және Қазақстанмен қарым-қатынасты дамытуға үлкен үлес қосқан басқа да мемлекеттердің көшбасшыларына берілді.

2001 жылдың 3 мамырында елдің қалыптасуы мен дамуына сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» ордені бекітілді.

2008 жылдың 1 желтоқсанында «Халық қаһарманы» атағымен және «Алтын қыран» орденімен теңестірілген, елдің экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы көрнекті жетістігі үшін берілетін Қазақстан Республикасының жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы бекітілді. Әр жылдары халық жазушысы, мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев, белгілі кәсіпкер-ауыл шаруашылығы өндірісшісі Геннадий Зенченко, атақты музыкант және педагог Айман Мұсаходжаева, көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, Қазақстанның театры мен киносының мақтанышы Асанәлі Әшімов осы атақтың иегерлері атанды.

Еліміздің маңдайалды ұлдары мен қыздарының әскери және бейбіт еңбектегі ерлігі қашанда біздің халқымыз үшін үлгі болмақ.

Конституциялық құрылыстың басталуы. Кеңес жүйесіндегі дағдарыс және реформаларға қарсылық

Енгізілген өзгертулер мен түзетулерге қарамастан, 1990 жылдардың басындағы Қазақ КСР-інің Конституциясы қалай болғанда да ұдайы өзгеріп тұратын уақыт талабына жауап бере алмайтын. Тәуелсіз Қазақстанға, оның заманауи өркениетті мемлекет ретінде одан әрі дамуы үшін, құқықтық іргетас іспетті жаңа Конституция қажет болатын.

Менің тапсырмаммен Негізгі заңды дайындау үшін жұмыс тобы құрылып, оған Қазақстанның белгілі заңгерлері, құқық саласының танымал мамандары тартылды.

Жұмыс қарбалас болатын. Жоғарғы Кеңесте бірнеше мәрте сөз сөйлеп, қатысушылардың бәріне біз жасап жатқан Конституцияның адамдарды бөлмей, керісінше біріктіруге тиісті екенін айттым. Қатерлі ауытқуларға жол бермес үшін кейде бізге Конституция жобасының әр бабын қорғауға тура келді. Кейде «бүкіл жұмыс күнім Жоғарғы Кеңесте өтеді, шұғыл түрде шешуді талап ететін мемлекеттің маңызды күнделікті жұмыстарымен айналысу үшін өз жұмысыма тек түнде ғана келемін» деп қалжыңдайтынмын.

1992 жылы Конституция жобасы негізінен бұрынғы саяси жүйені жақтаушы Жоғарғы Кеңес депутаттарынан тұратын Конституциялық комиссияға жіберілді.

Олардың аса маңызды қос палаталы Парламент қалыптастыру принципіне, оны тарату механизміне, Президент импичментіне қатысты ұсыныстарды жоққа шығаруына таң қалуға да болмайтын. Дәл сол кезде депутаттар Жоғарғы Кеңестің бүкіл Қазақстан халқының атынан сөйлеу құқығын бекітіп, сол арқылы мемлекеттік билікті бөлісу принципін жоққа шығарды. Іс жүзіндегі қос билік пен комиссия мақұлдаған Конституция жобасының көзге ұрып тұрған қайшылықтары биліктің екі тармағы арасындағы дауға негіз болды. Сондықтан Қазақстанның бірнеше қоғамдық қозғалыстары мен саяси партиялары жобаға түбегейлі қарсы болды және оны қайта қарауға жіберуге шақырды. Оның үстіне олар депутаттарының үштен бірі сол кезде жұмысын тоқтатып үлгерген, қоғамдық ұйымдардан сайланған кеңестік дәуірден келе жатқан Жоғарғы Кеңестің жаңа тәуелсіз мемлекеттің Конституциясын қабылдауға байланысты моральдық құқығына қарсылық білдірді.

Дей тұрғанмен, 1993 жылдың 28 қаңтарында Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының Конституциясын мақұлдап дауыс берді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізуге қарсы тобы мен Қазақ КСР-ін демократиялық өркениетті мемлекетке трансформациялау қажеттігін түсінген тобы арасындағы мәміленің нәтижесі іспетті Конституцияның олқылықтарын мен жақсы түсінетінмін.

Конституция күшіне енісімен, оның ақиқаттан алшақтығы және мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізі бола алмайтыны бірден байқалды. Осы Конституцияны қолдап дауыс берген Жоғарғы Кеңес өзінің жаңа дәуірге үйлеспейтінін тағы да бір көрсетті. Ел үшін өтпелі болған сол кезеңде ол қайта құруларға көмектеспек түгілі, оны тежеді. Заң шығару жұмыстарында жалақыны көтеру туралы популистік шешімдерге басымдық беріп, нақты қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген жауапсыз әлеуметтік бағдарламалар қабылдады. Мұндай жағдайда бар кінә өткір бюджет тапшылығы жағдайында жұмыс істейтін атқарушы билікке артылатын.

42 Билік тармақтары арасындағы келіспеушілік ең соңында бітіспес дауға ұласты. Жоғарғы Кеңестің кеңестік «бөлгіш» саясаты сол кездегі нарықтық қайта құрулар мен саяси жүйенің демократиялануына сәйкеспейтін.

Мәселенің байыбына барғаннан кейін депутаттардың бәрі бірдей парламенттегі көпшіліктің деструктивті әрекеттерін мақұлдаған жоқ. 1993 жылдың қазан айындағы Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінің ғимаратын танктен атқылап, адамдар қаза болған, Президент пен Парламент арасындағы текетірес көптеген адамдардың есін жиғызды. Бұл кезде бұрынғы жағдайды сақтап қалуға да мүмкіндік жоқ болатын. Президент пен үкіметке

реформа жүргізуге кедергі келтіретін Кеңестердің құзыреттілігі мәселесін уақыт созбай шешу керек еді. Мен аталмыш мәселені референдумға шығаруға дайын болатынмын. Алайда оқиға басқаша өрбіді.

1993 жылдың қарашасында Қазақстанда Кеңестер өз бетімен тарай бастады. Маңызды саяси процесс төменнен басталған. 16 қараша күні Кеңестердің нақты өмірден алшақтығын және олардың құзыреттілігінің қазіргі ағымдағы талаптарға сәйкеспейтінін мәлімдеген Алматы қаласының Алатау аудандық халық депутаттары кеңесі бірінші болып өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдады. Бұл шешім елде үлкен резонанс тудырды және барлық жерде бірдей қолдау тапты. Халық одан ішкі саяси дағдарыстан шығудың нақты жолын көрді.

Алматылықтардың үлгісін басқа да жергілікті кеңестер қайталады. Кеңестердің өзін-өзі тарату процесі бүкіл ел бойынша етек алды. 1993 жылдың 9 желтоқсанында Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасы халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» заңды, ал келесі күні «Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімшілік басшыларына қосымша өкілеттіктерді уақытша беру туралы» заңды қабылдады. Сол күні 360 депутаттың 200-і өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты да, Кеңестер таратылды. Сонымен, елде КСРО-дан мұраға қалған Жоғарғы Кеңестің қызметі аяқталды.

Осылайша қосарланған билік дағдарысына нүкте қойылды. Президент Конституция мен саяси жүйенің тұрақсыздығы жағдайындағы мемлекет тәуелсіздігінің бірден-бір кепіліне айналды. Әрі ол 1993 жылдың 9 желтоқсанындағы Сайлау туралы кодекстен де көрініс тапты, соған сәйкес жаңа Жоғарғы Кеңестің 177 депутатының 42-сі Президент тізімі бойынша сайланды.

Сайлау 1994 жылдың 7 наурызында өтті. Біздің еліміз үшін ол тұрақты негізде жұмыс істейтін Парламент құрудың тырнақалды әрекеті болды. Дегенмен соңынан белгілі болғандай, жаңару дегеніміз – формальды сипатта ғана болып шықты және Жоғарғы Кеңестің саяси сипаты да өзгерген жоқ. Депутаттар бұрынғыша популизм мен бітпейтін даурықпа пікірталастарды қайта қыздырды. Бұл, әсіресе, Парламент қабылдаған 1994 жылдың мемлекеттік бюджетін талқылауда айқын көрінді. Үкімет ұсынған жобаны талқылау бақандай үш айға созылды. Тек қана Кабинеттің отставкаға кету қаупінен соң ғана бітпейтін пікірталастар тоқтатылып, бюджет әзер бекітілді.

Заң шығарушы биліктің осындай әлеуметтік-экономикалық дағдарысы жағдайында екпінді нарықтық трансформацияларды жүзеге асырудың мүлдем мүмкін еместігі көзге ұрып тұрды.

Көп ұзамай «Қазақстан Республикасындағы сайлаулар туралы» кодекс пен Конституция тұжырымдаған сайлаулар жүргізудің ережелері арасындағы сәйкессіздіктен туындаған саяси дағдарыс басталды. Оны Конституциялық сот өзінің 1994 жылғы 6 наурыздағы қаулысы арқылы көрсетті. 11 наурыз күні мен Мемлекет басшысы ретінде осы бір өмірлік мәні үлкен мәселенің құқықтық сипатын түсіндіріп беру үшін Конституциялық сотқа жүгіндім. Алынған жауапқа қарағанда, сол кездегі сайлау ережелері Конституцияға сәйкеспейтін, демек Жоғарғы Кеңес заңсыз және «Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімшілік басшыларына қосымша өкілеттіктерді уақытша беру туралы» заң күшінде қалуы тиіс болатын.

Осы заңның ережелерін басшылыққа алған мен 1995 жылдың 6 наурызында «Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының қаулысынан туындаған шаралар туралы» Жарлыққа қол қойып, соған сәйкес Жоғарғы Кеңес сайланғаннан бір жылдан кейін өз қызметін тоқтатты.

Тәуелсіз байқаушылар мен сарапшылар Жоғарғы Кеңестің Конституциялық сот қаулысы негізінде таратылуын толығымен заңды деп көрсетті. Қазақстандағы АҚШ елшісі Уильям Кортни «Конституциялық сот сайлаулардың заңсыз болмауы үшін қорытынды жасау мақсатында жеткілікті дәрежеде сақтықпен және саламаттылықпен жұмыс істегенін айтты. «Бүкіл әлем сіздердің елдеріңізде демократияның айтарлықтай нығайғанын түсінеді. Қазіргі Қазақстан әліппеден әлі аспаған мектеп оқушысы емес, ол демократия дәрістерін әлемнің өзіне үйрете алады», деді.

Біз жағдайдың ушығуына жол бермедік және дағдарыстан шығудың бейбіт те заңды жолын тауып, бұл жолы да Қазақстан Тәуелсіздігінің басты тірегі мемлекет екенін көрсеттік.

Президенттік институтты нығайту. Қазақстан дара басшылықты таңдайды

44

1995 жылы наурызда, Жоғарғы Кеңес өз қызметін тоқтатқаннан кейін, мен Қазақстан Президенті ретінде, ағымдағы заңға сәйкес, өзіме уақытша қосымша өкілеттіктер алдым.

Нарықтық қайта құрулар мен либералды реформаларды жеделдету керегін түсінген мен бір жылға толмайтын уақытта, 1995 жылдың наурызы мен желтоқсаны арасында заңды күші бар 147 жарлыққа («Жер туралы», «Табиғат байлығы мен оны пайдалану туралы», «Мұнай туралы», «Шетелдік инвестициялар туралы», «Банк пен банк қызметі туралы» және т.б.) қол

қойдым. Салыстыру үшін айта кетейік – бұрынғы Жоғарғы Кеңес бір жылда небәрі 7 заң қабылдаған еді. Осылайша ұлттық экономиканы нарықтық тұрғыда сәтімен жаңғыру үшін қажетті заңды жағдай қалыптастыра отырып, мен тарихи жауапкершілікті өз мойныма алдым. Жаңа қазақстандық заң әлемдік стандарттарға сәйкес жылдам қалыптасты және елдің экономикасын нарықтық арнаға бұрды.

Құрылған заңдық база реформа барысын қалыптастырды. Экономика тыныстай бастады: инвестициялар тартылып, бизнес өркендеді, кәсіпкерлік тап нығайды. Жүзеге асырылған реформалар айтарлықтай нәтижелер бере бастады. Ел өтпелі кезеңнің қиындықтарын артта қалдырды. Қазақстандықтар тек мемлекет қана өздерін саяси қатерлерден қорғай алатынын, тұрақсыздыққа жол бермей, реформаның кепілі бола алатынын түсіне бастады.

1995 жылдың наурызында құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясы осыны негізге ала отырып, Президент өкілеттігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту туралы референдум өткізу бастамасын көтерді.

Референдум туралы шешім маған оңай соққан жоқ. Бір жағынан мәселе объективті әрі дұрыс қойылған болатын. Парламент пен Үкіметтің отставкаға кетуінен туындаған саяси дағдарыс жағдайында қоғамды әсіре саясаттан арылту және тұрақтылықты сақтау үшін Президент билігін нығайту керек еді. Екінші жақтан, басқалар сияқты, Президент те адам, сондықтан мені қойылған мәселенің жеке басқа қатысты тұстары ойландыратын. Көптеген адамдардың оған сын айтатынын да білетінмін. Егер мәселе тек менің жеке билігімді сақтап қалу туралы ғана болса, жай ғана сайлауға қатыса салар едім. Ал референдумдағы мәселе тіке қойылған болатын. Ол «Нұрсұлтан Назарбаев керек пе, жоқ па?» дегенге саятын.

Референдум 1995 жылдың 29 сәуірінде өтті. Ел «керек» деп жауап берді. Дауыс беруге республика азаматтарының 91,26 проценті қатысып, оның 95,46 проценті менің Президенттік өкілеттігімді ұзартуға дауыс берді. Қазақстан қоғамы іс басындағы Президент халықтың бірауыздан қолдауына ие екенін дәлелдеп, ұйымшылдық көрсетті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы

1995 жылғы жаңа Конституция туралы мәселе көтерілген сәуір референдумынан соң мен халықпен тікелей және ашық әңгімеге кірістім және 1995 жылдың 30 сәуіріндегі Үндеуімде елге не үшін жаңа Конституция

керектігі және оның Қазақстанның бүгіні мен болашағы үшін қажеттілігі қандай екені туралы өз көзқарасымды халыққа жете түсіндірдім. Әділет министрі Н.Шәйкеновтің басшылығымен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Оның жұмысын тікелей өз бақылауыма алдым.

Сарапшылармен бірге кейде күніне 12–14 сағат Конституция баптарымен жұмыс істегеніміз есімде.

Менің өзіме де әлемнің әртүрлі елдерінің конституциялық құрылымы, билік тармақтарының өзара қатынасы, саяси партиялардың жұмысы, адам құқығына, жекеменшікке берілетін кепілдік және т.б. мәселелер жөніндегі көптеген әдебиеттерді қарап шығуға тура келді.

Мен жұмыс тобының алдына әлдекімнің конституциясын құр көшіре салмай, керісінше басқа елдердің тәжірибесін талдау негізінде біздің еліміздің талаптарына барынша жауап бере алатын Негізгі Заң жобасын дайындау міндетін жүктедім. Сондықтан Конституцияның барлық ережелерінен біздің ерекше қазақстандық қолтаңбамыз, біздің халқымыздың өресі мен дәстүрлеріне және болашақтағы перспективасына сәйкесетін өз болмысымыз байқалып тұрады.

1995 жылдың 22 мамырында Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын қарау және заң тұрғысында бағалау үшін ол арнайы құрылған консультативтік кеңеске жіберілді, ал 30 маусымда жалпыхалықтық талқылауға шығарылды.

Қазақстандықтар, өздеріне билікпен бір деңгейде елдің ең маңызды құжатын жасауға қатысу сеніп тапсырылғанын түсіне отырып, мәселеге айрықша жауапкершілікпен қарады. Бір айға созылған талқылау барысында олар 30 мыңға жуық ескертулер мен ұсыныстар енгізді. Солар ескеріліп, Конституция мәтініне 1100 түзету енгізілді.

1995 жылдың 30 тамызында жалпыхалықтық референдум өткізілді. Референдумға ел азаматтарының 81,1 проценті қатысса оның 90 процентке жуығы жаңа Конституцияны мақұлдап дауыс берді. Осылайша мемлекеттік құрылыс сенімді саяси-құқықтық негізге ие болды. Конституцияға сәйкес, тәуелсіз Қазақстан демократияшыл, зайырлы, унитарлы, әлеуметтік-құқықтық мемлекет, президенттік республика деп жарияланды.

Президент ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын нақтылайтын ең жоғары лауазымды тұлға, халық пен биліктің бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам мен азаматтардың құқығы мен еркіндігінің кепілі болып табылады. Жоғары заң шығарушы орган – Сенаттан (жоғары палата) және Мәжілістен (төменгі палата) тұратын Парламент.

Әр облыстан және республикалық маңызы бар әр қаладан, сондай-ақ мемлекеттің астанасынан жоғарғы палатаға екі сенатор сайланады. 7 сенаторды Президент тағайындайды. Мәжілістің 67 депутаты бір мандатты аймақтық округтер бойынша сайланады.

Үкіметті Президент құрады, ол Президентке өз қызметі туралы жауап береді және Парламентке есеп береді. Үкіметті Парламенттің мақұлдауымен Президент тағайындайтын Премьер-Министр басқарады.

Республиканың Жоғары сот органы – жалпы юрисдикциядағы соттардың қызметін бақылайтын және сот практикасындағы кез келген мәселені түсіндіретін Жоғарғы сот. Жоғарғы сот мүшелерін Президенттің ұсынысы бойынша Сенат сайлайды, жергілікті судьяларды Президент тағайындайды.

Менің талабым бойынша жаңа Конституцияның соңғы мәтініне қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі жолындағы экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдегі барынша маңызды мәселелерді демократиялық тәсілдермен шешу сияқты Қазақстан Республикасының базалық принциптері қосылды.

1995 жылдың 1 қыркүйегіндегі референдум қорытындысы бойынша өткізілген баспасөз мәслихатында мен барлық қазақстандықтарды біздің жас та тәуелсіз мемлекетіміздің өміріндегі тарихи оқиғамен құттықтадым.

Журналистердің бірі біздің 1991–1995 жылдар аралығында жинаған тәжірибеміздің қысқа қорытындысын көрсетуді өтінді. Жауап ретінде мен саясаткер жұмысын картоп емес, алма өсірушінің өз жемісін күтуімен салыстырдым: «Картопты көктемде сеуіп, күзде өнімін жинайсың, ал алмадан өнім алу үшін бес-алты жыл уақыт керек. Өткен жылдарда бізге бәрін қалай жылдам жүзеге асыру керектігін үйреткен ешкім болмады әрі посткеңестік дәуірде оны ешкім де жылдам жасай алған жоқ. Алайда біз ең басты құндылық – Отанымыздағы тыныштықты сақтай алдық. Қазақстан Республикасында қантөгіс болған жоқ. Біз өз қаржымызға өзіміз ие болып, экономикамызды өзіміз басқардық. Бақуатты өмір сүру үшін қай жаққа бет бұру керегін де білеміз. Осы уақытта біз бүкіл әлемнің сеніміне ие болдық». Мен журналистке осылай жауап бердім.

1995 жылғы Парламент сайлауы. Алғашқы кәсіби Парламент

Конституция қазақстандық парламентаризмді дамытудың принципті түрдегі жаңа кезеңін бастап берді. Бұрын «Парламент» сөзі Жоғарғы

Кеңеске қатысты айтылса да, ресми қолданылған емес. Жаңа Негізгі заң Парламентті жоғары заң шығарушы орган деп жариялап, бұл сөзге мемлекеттік мәртебе берді, ал ұғымның өзін нақты саяси мазмұнмен байытты.

1995 жылдың 5 желтоқсанында алғашқы Сенат сайлауы, 9 желтоқсанда – Қазақстан халық бірлігі партиясы 67 орынның 24-іне ие болып, сенімді түрде жеңіске жеткен Мәжіліс сайлауы өткізілді. Демократиялық партия – 12 орын, Шаруалар одағы – 7, Кәсіподақ федерациясы – 5, Жастар одағы – 3, Инженерлік академия – 5, Компартия 2 орын алды. Қазақстан халық конгресіне, Халықтық-кооперативтік партияға, Кәсіпкерлер одағына, Қазақстанның қайта құру партиясы мен «Невада – Семей» қоғамдық қозғалысына бір-бір орыннан тиді.

Менің ұсынысым бойынша Сенат төрағалығына Ө. Байгелді сайланды, Мәжілісті М. Оспанов басқарды. Мен, ол кезде қосымша заңды өкілеттікке ие Президент ретінде Парламентке заң бойынша өзіме тиесілі барлық заңдық билікті бердім. Сол арқылы маған берілген ерекше өкілеттіктердің уақытша және мәжбүрліктен туындаған саяси шара екені дәлелденді. Қазақстанның үйлесімді ішкі саяси болашағының бірден-бір кепілі де дәл осы билік тармақтары арасындағы ойластырылған тепе-теңдікте жатыр.

1996 жылдың қаңтарында Парламент өз жұмысына кірісті.

Саяси партиялардың құрылуы

Кеңес Одағының соңғы жылдарында саясат қоғам өміріне жаппай ене бастады, қоғамдық өмірдің саясаттандырылуы адам сенгісіз жылдам қарқынмен жүрді.

1990 жылдың наурызында коммунистерге билік монополиясын берген КСРО конституциясының СОКП-ның жетекші және бағыттаушы рөлі туралы 6-бабының күші жойылуы ішкі саяси өмірдегі көппартиялы құрылымға жасалған ең маңызды қадам болды. Дәл сол жылы бүкіл Кеңес Одағы бойынша жаңа партиялар құрыла бастады. Біздің елімізде алғаш болып «Алаш» Ұлттық Тәуелсіздік партиясы, «Желтоқсан» ұлттық-демократиялық партиясы және Қазақстанның социал-демократиялық партиясы өзінің жұмысын бастағанын мәлімдеді. 1991 жылдың маусымында қабылданған қоғамдық бірлестіктер туралы заң көппартиялықтың дамуына ықпал етті, ал қоғамды дүр сілкіндірген тамыз «бүлігі» осы процеске қосымша қарқын қосты.

1991 жылдың қыркүйегінде Қазақ КСР коммунистік партиясы (ҚКП) өзінің кезекті съезінде КОКП құрамынан шықты және Қазақстанның Социалистік партиясы (ҚСП) болып қайта құрылды. Жаңа партияның бағдарламасы социал-демократиялық принциптерге негізделіп, оның тең төрағалары Ермұхамбет Ертісбаев пен Анатолий Антонов болды.

Компартияның мұрагері есебінде оның дүние-мүлкін алған, барлық аудандарда ұйымдық құрылымын сақтаған және өзінің бұқаралық ақпарат құралдары бар ҚСП тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдегі ең бұқаралық сипаттағы саяси ұйымға айналды, бірақ 1990-шы жылдардың ортасында өз басшыларының дүрдараздықтарынан соң қызметін тоқтатты.

Сол жылдары дәл осындай себептен Қазақстанның «Азат» республикалық партиясы да саяси өмірден кетті, ол 1991 жылы осы аттас, демократиялық ұлттық мемлекет құруды мақсат еткен азаматтық қозғалыс болып қалыптасты.

1991 жылдың қазанында саяси идеялы – құқықтық және әлеуметтік бағдардағы мемлекет болған «Қазақстанның ұлттық конгресінің» (ҚҰК, О. Сүлейменов, М. Шаханов) құрылтай съезі өтті. Дегенмен бұл партия ұзақ өмір сүрген жоқ: көшбасшылары дипломатиялық қызметке ауысқан соң, саяси бірлестік те қызметін тоқтатты.

Күн сайын қоғамдық өмірдің трансформациялануына байланысты ел қоғамның әртүрлі топтарының қолдауына ие болып, алда тұрған міндеттерді шешуде халықты ұйыстыра алатын қауқарлы центристік партияның қажеттілігін сезіне бастады.

1993 жылдың ақпанында құрылып, екі жылдан соң «Қазақстан халық бірлігі» партиясы (ҚХБП) болып қайта ұйымдасқан «Қазақстан халықтық бірлігі одағы» (ҚХБО) дәл осындай партия болды. Партиядағы әріптестерім маған партияның саяси көшбасшысы миссиясын жүктеді, ал саяси кеңестің жетекшісі болып С. Әбдірахманов сайланды.

Дәл сол 1993 жылы Қазақстан коммунистері Қазақстан Компартиясын қалпына келтіру мақсатымен ҚКП-ның XIX съезін шақырды. 1994 жылдың ақпанында қалпына келген партия тіркеуден өтті және өз қызметін бастады, қазан айында Б. Төлепбаев ҚКП ОҚ хатшысы атанды. 1994 жылы құрылған Қазақстанның халықтық-кооперативтік партиясы (ҚХКП, көшбасшысы Ө. Сәрсенов) өз бағдарламасының басты бабы ретінде ауыл тұрғындары мен кооператорлардың мүдделерін қорғауды таңдады. 1995 жылдың қаңтарында құрылған Қазақстанның жаңғыру партиясы (А. Жағанова) тұрғындардың тұрмысы төмен және жеткіліксіз дәрежеде қорғалған тобына арқа сүйеді. Сол жылдың шілде айында өзінің басты міндеті етіп

мемлекет жүргізген саясатты қолдауды таңдаған – Қазақстанның демократиялық партиясы (тең төрағалары – Т. Жүкеев пен А. Сәрсенбаев), ал қыркүйек айында Қазақстанның республикалық саяси еңбек партиясы (Ө. Жолдасбеков) құрылды. «Қазақстан инженерлер одағы» қоғамдық-саяси бірлестігінің мұрагері ретінде ол бірінші кезекте техникалық интеллигенцияның мүддесін қорғады.

1990-шы жылдардың орта тұсындағы Қазақстанның саяси-партиялық ландшафты осындай болды. Әртүрлі сипатта болса да, жаңа партиялардың көпшілігі негізінен демократия принциптеріне бейімдігін білдіріп, мен ұсынған тәуелсіздікті нығайту бағытын қолдады. Сонымен бірге, олардың көпшілігіне тән бір кемшілік – саяси-идеялық құрылымның әлсіздігі мен электоралды қолдаудың жеткіліксіздігі болды. Көптеген партиялар нақты бір жетекшінің ықпалында болғандықтан, олардың одан арғы әрекеті жеке факторларға тәуелді еді.

Сот билігінің қалыптасуы және құқықтық реформа

1990-шы жылдардың басында қазақстандық құқық жүйесі терең дағдарысты бастан кешіп жатты. Ол экономикалық және саяси өзгерістерге әзір емес болатын, жаңа ақиқаттарға сәйкеспейтін және елдің заманауи заңдық инфрақұрылымға деген талабын қанағаттандыра алмайтын. Әділетті де адал сотсыз, жетілдірілген құқықтық базасыз тұрақты да өркениетті қоғам құру мүмкін емес еді.

1993 жылғы Конституцияның арқасында елдің сот жүйесі биліктің дербес тармағы мәртебесін алды. Алайда, кеңестік кезеңдегідей, соттардың өкілеттігі он жылмен шектелетін және бұрынғыша сот тәуелсіздігін қамтамасыз ететін механизмдер де болмады.

Осы салада ауқымды реформа ойластырған мен «еркін сот ісінсіз құқықтық қоғам құру мүмкін емес» деген саяси аксиомаға ден қойдым: 1994 жылдың ақпанында құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, соның арқасында сот органдарының қызметі реттелді, кассациялық өндірісті жүзеге асыратын және өзінен төменгі соттарды бақылауда ұстайтын жоғарғы инстанция есебінде Жоғарғы Соттың өкілеттігі нақтыланды.

1995 жылы Конституция биліктің сот тармағын реформалауды одан әрі жалғастырды. Жоғарғы сот Жоғары Арбитраждық сотпен біріктіріліп, бүкіл сот практикасы бірыңғай заңдық нормаларға бағындырылды. Осы-

дан бастап өмір бойы қызмет істеуге тағайындалатын соттардың тәуелсіздігі олардың ауыспайтынына және қауіпсіздігіне, сотты сыйламауға қатысты заңды жауапкершілікке, соттардың өкілеттіктері тоқтатылатын немесе тыйылатын нақты белгіленген негіздерге кепілдік беретін болды.

1995 жылдың қазан айында Мемлекеттік тергеу комитеті құрылған соң, оның қызметтік міндетіне – бұрын негізгі міндеті заңдар мен кез келген құқықтық актілердің бұрмалануын бақылау болып табылатын прокуратураға тиісті алдын ала тергеу функциясы жүктелді.

1995 жылдың желтоқсанында жаңа сот жүйесінің негізін қалаған «Қазақстан Республикасындағы соттар мен соттардың мәртебесі туралы» Жарлыққа қол қойылды және ұлттық айналымға тұңғыш рет «сот билігі» ұғымы енді. Дәл сол жылы тәуелсіз Қазақстанның барлық аумағында Негізгі заңның үстемдігін қамтамасыз ететін Конституциялық Кеңес құрылды.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру

Шекараның беріктігі мен мемлекеттің әскери қауіпсіздігі тікелей тәуелді бас институттардың бірі – Ұлттық Қарулы күштер. Тәуелсіздік алған кезде Қазақстанда әскери құрылысқа байланысты тәжірибе болмады.

КСРО ыдырағаннан кейін ТМД-ға мүше мемлекеттер Достастық елдерінің біріккен Қарулы күштері туралы келісімге қол қойды. Дегенмен іс жүзінде барлық жас тәуелсіз мемлекеттер өз әскерін құруға бағыт ұстанды.

1992 жылы қаңтардың басында, менің тапсырмаммен мемлекеттік әскери доктрина жасау қолға алынды. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы бұрынғы КСРО әскери бөлімдерін, қару-жарақ пен әскери дүние-мүлікті түгендеуге шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мәртебесі жоғарғы деңгейлі шетелдік меймандардың қатысуымен хаттамалық шаралар жүргізуді талап ететін. Мұндай шаралар іс жүзінде барлық елдерде құрмет қарауылы бөлімшелері арқылы жасалатын. Сондықтан 1992 жылдың 16 наурызында Мемлекет басшысының Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасының республикалық ұланы ұйымдастырылды. Оған үкіметтік күзет батальоны, құрмет қарауылы ротасы мен үлгілі оркестр ротасы енді.

Қазақстан әскерінің ресми тарихы мен «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру туралы» Жарлыққа қол қойған 1992 жылдың 7 мамырынан басталады.

Қарулы күштер 40-шы жеке Қызыл тулы жалпы әскери армияның базасында, сондай-ақ Қазақстан аумағында дислокацияланған әскери әуе күштері мен әуе қорғаныс әскері базасында құрылды.

1992 жылдың 18 тамызында бұрынғы КСРО-ның Шығыс шекара округі негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара әскері жасақталды.

Ел әскері қалыптасқан кезеңнің қиындықтарына қарамастан, бізге қысқа мерзімде әскерді тікелей басқару жүйесін құрып, оны қаржыландыруды, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді бір ізге түсірудің сәті түсті.

1992 жылдың 8 желтоқсанында басшылық құрамның командирлік жиынында мен Қазақстанның Қарулы күштерін ұйымдастырудың басты принциптерін мәлімдедім, соған сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ішкі және сыртқы саясатты қалыптастырудың жалпы құрылымында ерекше мәнге ие болуға тиісті еді. Сондықтан бізге саны онша көп емес, бірақ заманауи, тәуелсіздігімізді қорғау мүддесіне сәйкес кез келген жағдайда әрекет етуге әзір әскер керек болды.

1993 жылдың 11 ақпанында Жоғарғы Кеңес алғашқы Әскери доктринаны мақұлдады және ол мен бекіткеннен кейін күшіне енді. Ол басынан бастап елдің бейбіт саясатын паш етті және қорғаныс сипатына ие болды. Одан арғы әскери құрылыстар сол доктринаға сәйкес жүзеге асырылды.

Қорғанысты ұйымдастыру принциптерін, мемлекеттік билік пен басқарудың өкілеттігін нақтылайтын 1993 жылдың 9 сәуіріндегі «Қазақстан Республикасының Қорғанысы және Қарулы күштері туралы» заңының басты да негізгі маңызы болды. Онда сондай-ақ мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіндегі Қарулы күштердің рөлі, орны мен міндеттері белгіленді.

Офицерлік кадрлар даярлау үшін арнаулы курстар мен экстернаттар ашылды. Әскери кадрлар даярлауда Алматы жоғары әскери училищесі мен 1994 жылы Азаматтық авиацияның Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесінің әскери кафедрасы базасында құрылған әскери әуе күштері факультеті маңызды рөл атқарды.

Мен, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде әскери кадрлар даярлаған кезде жауынгерлік әрекеттерге, стратегиялар мен заманауи шайқас тактикасының тәжірибесіне ерекше көңіл бөлу керек деп есептедім. Қаржының шектеулі екеніне қарамастан, осы мақсатта жүйелі түрде әскери жаттығулар өткізілді. 1993 жылы корпусстар мен дивизия штабтарының қатысуымен ірі командалық-штабтық жаттығулар жүргізілді. 1994 жылдың маусымында Аягөз полигонында Қарулы күштердің

басшылық құрамының және құрамалар мен бөлімдер командирлерінің қатысуымен жауынгерлік даярлық жөніндегі жаттығулар өткізілді. 1994 жылдың тамызында мен Жамбыл облысындағы дивизиялық-тактикалық жаттығуларға, 1995 жылдың қыркүйегінде Әскери әуе күштері бөлімдерінің кешенді ұшу-тактикалық жаттығуларына қатыстым.

Әскеріміз қалыптасып жатқан уақыттың қиыншылықтарына қарамастан, біз қысқа мерзімде Қарулы күштерді басқару жүйесін құрып, әскерді қаржыландыру, оны техника және құрал-жабдықпен, медициналық қызметпен қамтамасыз ету жүйелерін жасақтадық. Соңынан әскеріміз өтпелі кезең сындарынан абыроймен шықты деуге толық негіз бар.

3. БАРЛЫҒЫ ДӘЛ ОСЫЛАЙ БОЛҒАН...

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Экономикалық дағдарыс пен оның зардаптары

Бүгінгі уақыт биігінен алып қарағанда, нақты экономиканы білуім мен іс-тәжірибем маған нақты болжамдар жасауға мүмкіндік бергенін айтқым келеді. Мен қашанда сенімді шешімдер қабылдай алуым үшін жағдайдың даму барысын алдын ала есептеуге тырыстым.

1991 жылдың 25 сәуіріндегі СОКП Орталық Комитетінің пленумында сөйлеген сөзімде кеңестік партия басшылығына, сол кездегі елдегі саяси және экономикалық жағдайға қарағанда, көп ұзамай ұзақ жылдарға созылатын стагнацияның, гиперинфляцияның жаңа ағысына енетінімізді ескерттім. Шынында да, ескі саяси және экономикалық жүйенің ыдырауы, байырғы байланыстардың жылдам үзілуі, жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі әрекеттердің келісілмеуі зор дағдарысқа алып келді.

1992 жылдың 2 қаңтарында Ресейде басталған бағаның ырықтандырылуы сол кезде әртүрлі тәуелсіз мемлекеттерде тұрып жатқан, сұраным созылмалы түрде ұсыныстан басым түсетін тиімсіз кеңестік экономикалық жүйені мұраға алған, бұрынғы КСРО-ның барлық азаматтарын есінен тандырды. Жаңа либералды ақиқаттармен бетпе-бет келген Ресейде заңды түрде мемлекеттік жүйелеуден босатылған баға бірден шарықтап шыға келді.

Өкінішке қарай, менің Ресей басшылығын бағаға байланысты радикалды реформаларды, ең болмаса 1992 жылдың жазына дейін тоқтата тұру туралы ұсынысым сәтсіз аяқталды. Осы бағыттағы мезгілсіз әрекеттердің Қазақстанға да айтарлықтай зардабы тиетіні айдан анық еді. Ол кезде біздің ұсынысымызға ешкім құлақ аспады. Біз күткендей-ақ, нақты шекараның жоқтығынан қазақстандық тауарлар Ресейге тынымсыз құйылып, Қазақстанның ішкі тауар рыногын әлсіретті. Көп ұзамай біздің елімізге, онсыз да тауар қат болып тұрған уақытта, соңғы қордан айырылып қалу қатері төнді. Мұндай жағдайда бізге Ресей үкіметінің жолымен жүруден басқа мүмкіндік қалмаған еді.

1992 жылдың 6 қаңтарында «Бағаны либерализациялау шаралары туралы» Жарлықпен техникалық өнімдердің, халық тұтынатын тауарлар мен қызмет түрлерінің бағасы босатылды. Жағдайдың күрделілігін түсінген мен Қазақстан халқына Үндеу тастап, онда әзірге балама нарықтың жоқтығын және бағаның көтерілуінен қаша алмайтынымызды тағы бір мәрте атап көрсеттім. Бағаның көтерілуі инфляцияның күшеюіне тікелей әсер етті, ол 1991 жылы 190 процентке көтерілсе, 1992 жылы 3 мың процентке дейін жетті, халықаралық сарапшылардың бағамдауына сәйкес, тіпті бұл деңгейден де асып кетті.

Бұл оқиғалар қазақстандық өнеркәсіпке қатты соққы болып тиді. Кеңестік кезеңде одақтық нарықта біздің өнімдеріміздің 90 процентіне сұраныс болатын. Темір рудасы, қорғасын, фосфат сияқты тауарлар негізінен Ресей кәсіпорындарына жіберілетін. Ол кезде одақтық өнеркәсіп Қазақстанды қағазбен, ағаш материалдарымен, техникамен және мұнай өңдеу өнімдерімен қамтамасыз ететін. 80 миллион тонна Екібастұз көмірінің жартысынан астамын Ресейдегі Челябинск және Свердлов облыстарының электрстансалары тұтынатын. «Маңғыстау» өндіріс бірлестігі Самараға жылына 14 миллион тоннаға жуық мұнай жіберетін. Жыл сайын Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттарына Сібірден 12 миллион тонна мұнай жеткізілетін.

Дағдарыстың басталуымен тұтыну нарығынсыз, шикізатсыз және айналым қаржысынсыз қалған көптеген қазақстандық кәсіпорындар өндірісті қысқартуға, тіпті жұмысты тоқтатуға мәжбүр болды. Ресейден сода жеткізу тыйылғаннан кейін Ақтөбе хром бірлестіктері зауыты өнім шығаруды қысқартты. «Казстройполимер» шикізатсыз қалғандықтан, ол да тоқтады. Шина корды жеткіліксіз болуынан «Шымкентшина» тоқтап тұрды. Ресейлік коксқа тәуелді «Карбид», «Фосфор», «Химпром» жұмысын тоқтатуға жақын еді. Қарағанды металлургия, Өскемен қорғасын-мырыш және Лениногор полиметалл комбинаттары арагідік жұмыс істеп тұрды.

Өз еңбек жолын домна өндірісінен бастаған маған қалыптасқан жағдай өте қатты әсер етті. Сондықтан бүкіл күш-жігерімді салып, өндірістік апаттың алдын алуға, өндіріс пен жұмыс орындарын сақтап қалуға тырыстым. Алайда республикалар арасындағы шаруашылық байланыс бірінен соң бірі үзіліп жатты. Әрі бұл процестің тоқтамайтыны да белгілі болып қалған еді.

Осылайша, 1993 жылы 114 мың адам жұмыс істейтін қазақстандық 130 ірі кәсіпорынның біразы жұмысын толығымен немесе жартылай тоқтатты. Шикізаттың тапшылығынан тоқтауға мәжбүр болған көптеген зауыттар нормасыз жұмыс күніне көшті. 1992 және 1993 жылдары өнеркәсіптің құлдырауы жылына 15 процентті, 1994 жылы тіпті 28 процентті құрады.

Әсіресе кеңес үкіметі кезінде жалпыодақтық орталық бюджеттен ірі дотация алып келген ауыл шаруашылығы саласына ауыр соқты. Ұжымшарлар мен кеңшар басшылары жаңа нарықтық жағдайда жұмыс істеуге әзір болмай шықты. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының берешегі күн санап өсіп жатты. Өңделетін егіс алқаптары қысқарып, өнім мөлшері азайды, мал басының қомақты бөлігі көтерме бағамен сатылды. Ауыл тұрғындарының тұрмыс деңгейі айтарлықтай төмендеп, тіршілігі ауырлаған ондаған мың қазақстандық амалсыз ауылдардан қалаларға қоныс аударды.

Ресейлік баға саясатына тәуелділіктен, энергия ресурстары бағасының іс жүзінде бақыланбауынан және несиелердің жоғары мөлшерлемесінің әсерінен өндіріс құлдырап, кәсіпорындар арасындағы байланыс үзілді, өзара төлем жасау ісі ақсады. Бес триллион рубль тұратын жалпы өндіріс жағдайында төленбеген ішкі қарыз мөлшері бір триллион рубльге жуықтады. Оның үстіне сыртқы қарыздар да үлкен болатын. 1993 жылдың қарашасына қарай Қазақстан кәсіпорындарының ресейлік контрагенттерге берешегі 600 миллиард рубльге, ал ресейліктердің қазақстандық әріптестеріне берешегі 1 триллион рубльге жетті.

Тауар тапшылығы жағдайында ақшаның күрт құнсыздануы баспа-бас айырбастың (бартердің) күшеюіне әкеліп соқты – кәсіпорындар түсім үшін ақшамен емес, өндірілетін тауармен есеп айырысты. Ол, бір жағынан, өндірісті белгілі бір уақытта ұстап тұруға әсер еткенімен, ақырында дағдарысты одан әрі тереңдете түсті.

Бағаның көтерілуі, өндірістің құлдырауы, жалақы мен зейнетақының кідіртуі, жұмыссыздықтың өсуі сияқты факторлардың әлеуметтік зардабы ауыр болды. Қазақстандықтардың үштен бірі кедейшілікке ұшырады. Көп жағдайда кәсіпорындар жалақыны өздері өндіретін өніммен немесе бартерге алынған затпен беретін болды. Электр қуатын, жылу, газ беруде іркіліс туындады. Тамақ пісіріп, жылыну үшін адамдар аулада от жақты, ал пәтерлерге «буржуйка» пештерін орнатты. Елде ереуіл нышандары байқала бастады.

Жас та тәуелсіз мемлекеттің нақты мүмкіндіктері, бірінші кезекте, өнеркәсіп дағдарысымен күресетін қаржысы болмады. Ол жаппай жұмыссыздыққа әкеліп соқты. Оның тағы бір сипаты болды. Формальды түрде қызметкер штатта деп есептелгенімен, оны жалақысыз демалысқа жіберетін. 1991–1995 жылдары мемлекеттік секторда жұмыс істейтіндер саны 1,7 миллион адамға қысқарды. Әсіресе зейнеткерлердің, мүгедектердің, студенттердің жағдайы ауыр еді. Мемлекеттік органдарға көмек сұрап өтінген хаттар мыңдап жазылып жатты.

Сол кезеңнің оқиғалары қиын шақта деструктивтік және популистік күштердің бірден күшейетінін көрсетті. Дағдарыс – арандату үшін таптырмайтын амал: осылайша олар адамдардың санасын жылдам улап, ішкі алауыздықты тудырды. Әсіресе көп ұлтты мемлекет үшін қатерлі жанжалдарға май құюға тырысты.

Қылмыстық ахуал да күшейе түсті. Қылмыстық әлем бұған дейін болмаған, анағұрлым қатыгез әрекеттер мен формаларға ие болды. 1992 жылдың ақпанында қарулы қарақшылар Қызылорда облысының Шиелі ауылында жолаушылар автобусын басып алды. Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік күштеріне қарақшыларды қарусыздандырып, кепілдегілерді босатудың сәті түсті. Қарағанды металлургия комбинатының бас директоры А. Свечинскийдің өлтірілуі қоғамда үлкен резонанс тудырды. Бұл істі тексеруді мен өз бақылауымда ұстадым және ол көп ұзамай ашылды да. Дей тұрғанмен, мұндай қылмыстық істер тоқтаған жоқ, қоғамның алаңдаушылығы күшейе түсті.

Ауыр экономикалық дағдарыс тұрғындардың бей-берекет көші-қонына әкеліп соқты және 1990-шы жылдардың бірінші жартысында ол барынша күшейіп, тұтас елді мекендер қаңырап бос қалды. Орташа өмір сүру ұзақтығы 5 жылға дейін қысқарып, бала туу азайды. Дәріханаларда тіршілікке қажетті дәрі-дәрмек болмады: импорт тоқтаған, ал отандық фармацевтика өндірісі елдің дәрі-дәрмекке деген сұранысын небәрі 3 процентке қанағаттандыра алатын. Кадр мәселесі де асқынып тұрды: жалақының төмендігі мен жаппай миграцияның әсерінен дәрігерлер жетіспейтін еді.

Тек дәрігерлер ғана емес, сондай-ақ ғалымдар да Қазақстаннан сыртқа кетіп немесе кәсібін өзгертіп жатты. 1990-шы жылдардың бірінші жартысында ғылым қазақстандық ғылыми кадрлардың жаппай қоныс аударуынан айтарлықтай жапа шекті – олардың саны екі есе қысқарды.

Дәл осындай қаржының жеткіліксіздігінен балабақшалар, мектептер, кәсіптік училищелер жабылып жатты. Тіршілік үшін күрес қазақстандықтардың біраз бөлігінің күшін сарқыды. Көптеген ата-ананың балаларына көңіл бөлуге уақыты болмады. Ата-ана бақылауынсыз қалған мыңдаған қазақстандық жасөспірім мектепке баруды да қойды. Өз еріктері өздеріне тиген балалар мен жалғызбасты қариялар көшеге қайыр сұрап шықты. Өз болашағынан күдер үзген көптеген адамдардың әлеуметтік депрессия мен апатияға түсуіне де таңғалуға болмайтын. Кейбіреулер маскүнемдікке, енді біреулер нашақорлыққа салынды. Жыл сайын БҰҰ жүргізетін арнаулы есептерге негізделген Адамның даму индексіне сәйкес, Қазақстан ол кезде тұрмыс деңгейі ең төмен елдер қатарында тұрды.

Аса күрделі жағдайға қарамастан, мен қашанда адамдармен ашық әңгімеден бас тартқан емеспін. Жұмыстың жоқтығы мен ақшаның тапшылығынан өмірден түңілген адамдармен сөйлестім. Ондай кездесулер еліміз бойынша жасаған сапарларымда, кәсіпорындарда немесе көшеде, кез келген жерде болып жататын. Мен әркіммен сөйлесіп, бірде-бір адамның мұң-зарын ескерусіз қалдырмауға тырыстым, әркім үшін дұрыс шешім іздеп таба білдім, қиындықтардың артта қалатыны туралы отандастарымның жүрегіне үміт отын жақтым.

Мемлекет басшысы ретінде мен барлық мемлекеттік қызметшілер мен депутаттарды халықпен ашық диалогқа шығуға шақырдым. Тек осындай бірлескен түсіндіру саясаты мен даму перспективасының арқасында біз қоғамдағы тұрақтылықты сақтап, ұлтаралық және конфессияаралық жан-жалдардан аман қалдық, унитарлы мемлекетті сақтай алдық.

Заманға сай нарықтық экономика үлгісінің негізін қалау. Жекеменшікті қалыптастыру

1991–1992 жылдары Қазақстанға, бұрын КСРО-ның иелігінде болған, өз аумағындағы дүние-мүлік қайтарылды. Мен жаңа нарықтық жағдайда шамамыз келгенше экономиканы мемлекетсіздендіруді жылдамдату керегіне сенімді болдым. Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік мемлекеттерінде жекешелендіру барынша ыңғайлы саяси жағдайда жүзеге асырылса, Қазақстанда оны жүргізу мемлекеттік институттардың өзін қалыптастыруымен бір кезеңде іске асты. Ол ерекшелікті ескермеуге болмайтын еді.

1991 жылдың маусымында Қазақ КСР-інің «Мемлекетсіздендіру мен жекешелендіру туралы» заңына қол қойылды, ал қыркүйекте соған сәйкес Мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Ол сауда мен қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет және коммуналдық шаруашылық салаларындағы жекешелендіруді, сондай-ақ ұсақ кәсіпорындарды, автотранспорт, ауыл шаруашылығы және басқа да кәсіпорындарды жеке қолға беруді білдіретін.

58

«Қазақстанды тәуелсіз мемлекет есебінде қалыптастыру мен дамытудың стратегиясында» мен барлық мемлекеттік активтердің 60–70 проценті жекеменшікке өтуге тиісті деген міндет қойдым. 1993 жылдың басына қарай 5 мыңға жуық объект жекешелендірілді.

Купонды механизмді қолдану арқылы тұрғын үй қорын жекешелендіру ең жылдам әрі сәтті шара болды. Болар-болмас төлемге қазақстандықтар сол кезде өздері тұрып жатқан пәтерлерін жекешелендіріп алды. Осыдан бастап олар оны еркін нарықтық бағаға сәйкес сатып, басқасын ала алатын.

Кәсіпорындар мен ұйымдарды жекешелендіру одан әлдеқайда күрделі жағдайда өтті. Оның басты субъектілері еңбек ұжымдары болады деген болжамдар айтылған. Мемлекеттік органдар жекешелендіру туралы шешімді солардың өтінішінен кейін ғана қабылдайтын. Оның аукционда сатылатын немесе дүние-мүлік қызметкерлерге қайтарымсыз берілетін формасын да еңбек ұжымы таңдады. Дегенмен көп ұзамай жекешелендірілген көптеген кәсіпорындардағы жағдайдың нашарлағаны белгілі болды. Еңбек ұжымдары өздерін тиімді шаруашылық жүргізуші етіп көрсете алмады. Мәселен, сауда объектілерінің 40 проценті жекешелендірілгенмен, олардың үлесіне тауар айналымының небәрі 4,5 проценті ғана тиесілі болды.

1993 жылдың наурыз айының басында орталық және жергілікті атқарушы органдар жетекшілерімен өткен мәжілісте мен тегін келген дүние-мүлікке деген көзқарастың да сондай болатынын, ондай әрекеттің қожайынды тәрбиелей алмайтынын, керісінше, масылдық пен жауапсыздықтың байырғы дәстүрін тереңдете түсетінін айттым. Мен жекешелендірудегі еңбек ұжымының басым құқығы социалистік психологияны нарықтық қатынастар арқылы қалыптастыруға икемдеудің сәтсіз амалы екеніне өте сенімді едім.

Сол мәжілісте сөз болған «Қазақстан Республикасындағы мемлекетсіздендіру мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы» соңынан 1993 жылдың 5 наурызында қабылданды. Ол 1995 жылы аяқталған жекешелендірудің екінші кезеңін бастап берді. Жаңа, ауқымды және күрделі міндеттер тұтыну тауарлары нарқын жасаумен, кәсіпкерлікті дамытуға екпін берумен, өндіріс тиімділігін арттырумен түсіндірілетін. Жекешелендіру – шағын жекешелендіру (қызметкерлер саны 200 адамға дейін), жаппай жекешелендіру (адам саны 200-ден 5 мыңға дейін), жеке жобалар бойынша жекешелендіру (адам саны 5 мыңнан асқанда), агроөнеркәсіп кешенін жекешелендіру деген төрт бағытта жүргізілді.

Қысқа мерзімде жүзеге асырылған кіші жекешелендіру жеке қолға негізінен жылжымайтын мүлік түріндегі 6 мыңнан астам объектіні берді. Бұдан соң бірден тұрмыстық қызмет, сауда мен қоғамдық тамақтандыру салаларында ұмтылыс байқалды. Мыңдаған жаңа дүкендер, мейрамханалар, дәмханалар, шаштараздар ашылды. Дүкен сөрелері мен базарларға тауар толды.

Кіші жекешелендірудің әлеуметтік тиімділігінің маңызы экономикалық маңыздан кем болмайтын. Ол нарықтық қатынастардың негізін құрайтын жекеменшік кәсіпкерлердің пайда болуына ықпал етті.

Құнды қағаздар нарығын қалыптастыра отырып, Қазақстан Чехияның тәжірибесін пайдалануға тырысты: әр азаматқа инвестициялық қорларға салуға болатын жекешелендіру купондарының белгілі бір мөлшері тиісті болды, оны алушылар, өз кезегінде, оған мемлекеттік кәсіпорындар ак-

циясын сатып ала алатын. Дегенмен чех үлгісі Қазақстанда жүзеге аспады және қор нарығын осылай қалыптастырамыз деген үміт ақталмады.

Жекешелендірілген көптеген кәсіпорын ескі құрал-жабдықтармен жабдықталған болатын және нарықтық жағдайда олар бәсекеге қабілетсіз болып шықты. Отандық жас бизнесте дағдарыстан алып шығатын тиісті тәжірибе мен білім де жоқ еді. Қор биржасында ашық сауда акциясын ұйымдастыру әрекеті нәтиже берген жоқ, қанағаттанғысыз жағдайына байланысты көптеген кәсіпорындар акциясы құлдырады.

Купондық үлгі іс жүзінде өндіруші және өңдеуші индустрия алыптарының қызметін ынталандырып, табиғат байлығын игеруді жеделдете алмайтын. Жекешелендірудің басты мақсаты – кәсіпорынның тиімділігін көтеру тек өндіріске ірі инвестициялар тарту арқылы ғана жүзеге асатын еді. Ол үшін жедел түрде қомақты инвестициялық ресурстарға ие дәулетті шетелдік инвесторларды тауып, қызықтыру керек болатын.

Жекешелендірудің екінші кезеңі бұдан кейінгі – мемлекеттік меншіктегі объектілерді ақшаға сату сияқты нарықтық қадамдарға негіз дайындады. Кәсіпорындарды акционерлендіру және корпоративті басқаруды енгізу жөніндегі жұмыстар белсенді түрде жүргізілді. Қаржылық-өнеркәсіптік топтар мен холдингтер құрылды.

Жекешелендіру жаңа экономикалық қарым-қатынастарға негіз салды және одан арғы реформалардың тірегі және қозғаушы күші есебіндегі орта тапты қалыптастырды, сондай-ақ инвестициялық әлеуеті жеткілікті ірі корпорациялардың пайда болуына ықпал етті.

Аграрлық саладағы жекешелендіру және жер реформасының басталуы

Жаңа нарықтық қатынастар ауыл шаруашылығында түбегейлі өзгерістерді талап етті. Қазақстандық ауылдар бұрынғыдай дотацияға арқа сүйей алмайтын.

60

Аграрлық сектордың әлеуетіне қарай, біз Қазақстанға аштық төніп тұрмағанын түсіндік. Дегенмен осы әлеуеттің сәтті ашылуына жағдай жасау керек еді. Бірінші кезекте бастамашыл және еңбексүйгіш қожайындардың аяғынан тұрып кетуіне көмектесу керек болды.

Басты мәселенің бірі – жерге жекеменшік институтын енгізу болатын. Біріншіден, оған алдымен қоғам тұтастай әзір емес еді. Екіншіден, жер учаскесін жекеменшікке алған ауыл тұрғындары әртүрлі себеппен одан айырылып, қаржысыз қалады деген қауіп те болды. Сондықтан

1991 жылдың маусымында қабылданған «Жер реформасы туралы» заң, жерде шаруашылық жүргізудің әртүрлі формасына жағдай жасаса да, жартылай сипатта болды және жердің жекеменшікке берілуін реттей алмады.

1990 жылдардың бірінші жартысында менің бастамаммен аграрлық сектордағы нарықтық қатынастардың негізін қалаған және саладағы жүйелі дағдарыстан өтуге жағдай жасаған бірнеше заңнамалық акт қабылданды.

Барлық жер мемлекеттік меншік деп жарияланды, ал өмір бойы қожайын болуға тек жеке қосалқы шаруашылық учаскелері ғана немесе саяжай құрылыстары ғана жатқызылды. Жер иеленушілер мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін жер пайдаланушылар жерді мемлекеттен жалға алды және дербес шаруашылық жүргізу құқығына ие болды.

Жекешелендірудің бірінші кезеңінде ауыл шаруашылығы объектілері ұжымдық кәсіпорындар болып қайта ұйымдастырылды, ал еңбек ұжымдарына заттық пайлар берілді.

Кеңшарлардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін олардың басшылары мүліктік пайдың 10 процентін алатын сызба қолданылды, олардың басқаруына 5 жылға тағы соншалықты үлес берілді. Оң нәтиже берген жағдайда, одан әрі бұл үлес олардың меншігіне өтетін болды.

Жекешелендірудің екінші кезеңінде (1993–1995 жылдар) жер пайдалану құқығын сату-сатып алу институты енгізілді. Сол арқылы жалға берілген жер нарықтық айналымға енгізілді. Енді оны банктік несиеге салуға да болатын. 1994 жылы әртүрлі формадағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қаржылық қолдау көрсету және олардың жұмысын сауықтыру мақсатында Ауыл шаруашылығына қаржылай қолдау көрсету қоры құрылды.

Шартты жер үлестері мен мүліктік пай иелері бірігу және ортақ кәсіпорын құру құқығын пайдалана бастады. 1995 жылға қарай 1,5 мың мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорны (80 проценттен астамы) жекешелендірілді. Олардың базасында 3 мыңнан астам шағын кәсіпорын, акционерлік қоғамдар, кооперативтер, шаруа (фермерлік) шаруашылықтары құрылды. Дегенмен олардың өнімдерінің үлесі әлі де аз болатын.

Қуат берушілер мен ауыл шаруашылығы өнімінің нарықтық құны арасындағы диспаритет, өндірісшілер мен өңдеуші кәсіпорындар арасындағы байланыстың үзілуі фермерлікті дамытуды айтарлықтай қиындатты. Мемлекеттің қаржылық қолдауы қажет болатын, бірақ бүкіл мәселені ол да шеше алмайтын еді.

Нарықтық жағдайдағы еліміздің ауыл шаруашылығының бір ғана жолы болды, ол – экономикалық тұрғыда тиімді, нарықтық кәсіпорындарды дамыту және жер реформасын жалғастыру екеніне мен берік сендім.

Ұлттық кәсіпкерліктің пайда болуы

«Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптастыру мен дамыту стратегиясының» басым бағыттарының бірі – қолайлы бизнес-ахуал қалыптастыру болды. Қазақстан ТМД елдері арасында алғаш болып кәсіпкерлерге жүйелі түрде қолдау көрсетті. Мен 1992 жылдың 5 мамырында Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1992–1994 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын мақұлдадым. Шілде айында «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» заңға қол қойылды. Ал жыл соңында Қазақстан кәсіпкерлерінің бірінші форумында мен бизнесмендермен кездесіп, олармен жаңадан пайда болған ұлттық бизнес-қоғамдастық алдында тұрған көкейкесті проблемаларды көзбе-көз, ашық талқыладық.

1991–1992 жылдары елде әртүрлі қызметтермен айналысатын 34 мыңнан астам жаңа фирма пайда болды. Жаңа кәсіпкердің образы – бақуатты, үлкен үйде тұратын, шетелдік көлік мінетін жеке фирманың қожайыны және шетелде демалатын адам түрінде еді. Ол сол замандағы ерекшеліктің бірі болды. Белсенді жарнама компаниялары сәнге еніп, соның арқасында «Акцепт», «Астана-Моторс», «Райымбек» және тағы басқа делдалдық-сауда фирмалары кеңінен танылды.

1990-шы жылдарда «ала дорба» бизнесі кең етек алды. Ондаған мың адамдар басын қатерге тігіп, алыс және жақын шетелдерден – Қытайдан, Ресейден, Түркиядан, Қырғызстаннан, Пәкістаннан тауар сатып әкеле бастады. Адам көп жүретін сауда қатарлары және азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тауар сататын қисапсыз сауда дүңгіршектері қала пейзажының үйреншікті элементіне айналды. Тұрғындардың тұтыну қабілеті жаппай төмендеген кезеңде мұндай сауда-саттық тауарға деген сұранымды біршама қанағаттандыра алатын, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамытуды ынталандыратын.

Барша жанама әсерлері мен кінәраттарына қарамастан, бұл бизнес қалай десе де жағымды құбылыс еді. Бастамашыл саудагерлер тұтыну нарығын толтырып, тауар мен қызмет түрлеріне деген сұранымды қанағаттандырды, коммерциялық жұмыс тәжірибесін игерді, өздері мен отбасына ақша тапты, сондай-ақ, бір жағынан, жұмыссыздық проблемасын шешті.

Қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізу. Ұлттық валюта – теңгенің дүниеге келуі

Тәуелсіздік алғаннан кейін, мен бірден ұлттық валюта жасау туралы ойландым. Кез келген мемлекет үшін төл валюта – тек экономикалық категория ғана емес, сондай-ақ символдық тұрғыда «ақша түріндегі тәуелсіздік» болатын.

Бұл қиындықтың Қазақстан дербес жүзеге асырған мемлекет құрылысынан бір ерекшелігі – қаржы нарығындағы ахуал тек бізге ғана байланысты емес еді.

Басында жаңа тәуелсіз мемлекеттер ортақ валюталы аумақта қалу ниетін декларациялаған болатын. Кәсіпорындардың көпшілігі төлемді кеңестік рубльмен жасады. Төл валютаға күрт көшудің бәріміз үшін де кінәратты зардабы болуы мүмкін еді.

Ол кезде посткеңестік «рубль» аумағында әртүрлі келіспеушіліктер мен түсініспеушіліктер болып жататын. Қолма-қол ақша жетіспейтін және Қазақстан үкіметінің өкілдері жалақы мен зейнетақы төлеуге қажетті ақша алу үшін Мәскеуге сабылуға мәжбүр болатын.

Ресейлік атышулы баға либерализациясынан соң, менің де баға реформасының ізінше Ресейдің ақша реформасын да бастайтыны туралы болжам жасауым заңды еді. Қазақстанға оның зардабы тимес үшін 1992 жылдың көктемінде ұлттық валютаға көшуге әзірлік жөніндегі құпия комиссия құрылды, комиссияның құрылғаны туралы мені қосқанда жеті-ақ адам білетінбіз. Бізбен қатар Т. Сүлейменовтің басшылығымен бір топ суретші банкнот пен монеталардың дизайнын жасап жатты.

Мен әр кеш сайын біздің тобымыз жұмыс істеп жатқан қала сыртындағы саяжайға келетінмін. Топта ақшаның атауына байланысты үлкен дау болды. Біреулер оны «сом», енді біреулер «ақша» немесе «теңге» деп атауды ұсынды. Менің өзіме «алтын» деген атау ұнайтын. Ең соңында орта ғасырларда қыпшақ даласында айналымда болған, «тәңга» деп аталған ақша атауына орай, «теңге» деген сөзге тоқтадық. Оның үстіне «деньги» мен «теңге» сөзі, тегі бір болғандықтан, бір-біріне ұқсас еді.

Дастастық мүшелері өз төл валюталарын енгізгенше, рубль аймағын сақтау туралы келісімге қарамастан, 1993 жылдың 26 шілдесінде Ресей айналымға өзінің ұлттық банкноттарын шығарды. Одақтас республикалардың ішінде Қазақстанға бұрынғыша ескі үлгідегі рубль жеткізіліп, ол ақша массасын ұлғайтумен қоса, инфляцияны да күшейтті. Оның қандай әлеуметтік зардаптарға ұшырататынын түсінгендіктен, мен ұлттық валютаны жылдам қарқынмен басып шығаруға тапсырма бердім. Теңгені Ұлыбританияда

басты. Біздің елімізде ол кезде қағаз ақша фабрикасы болған жоқ. Басып шығарылған теңге өте құпия жағдайда Қазақстанға жеткізіліп отырды.

Әлі күнге анық есімде, біз қажетті қаржы тауып, теңгенің қалған бөлігін басып шығаруға кеткен шығынды өтедік. Төрт «ИЛ-76» ұшағын жалдап, басылған барлық валютаның 60 пайызын алып келдік. Ол арнайы операция болды. Құжаттарда бағалы жүк Мемлекет басшысының салынып жатқан резиденциясына қажетті жабдық түрінде көрсетілді.

Комиссия мен жұмыс тобының мүшелері теңгенің енгізілуімен қоса, айналымға енуінің принципі мен шарттарын жасауға тиісті еді. Әртүрлі нұсқалар қарастырылды. Украина мен Белоруссиядағыдай, ұлттық валюта тұрақтанғанға дейін, бір-екі жылдық кезең белгілеу туралы да ұсыныс айтылды. Толыққанды ұлттық валюта тек содан кейін ғана енгізілетін немесе ұлттық валюта айналымда Ресей рублімен бірге жүретін.

Біз бұл нұсқалардан бас тарттық. Мен теңгені батыл түрде тікелей енгізу керегін түсіндім. Алдымен – кезеңдік, сосын бір жылдан кейін түпкілікті валюта енгізу арқылы халықты екі рет күйзеліске түсіріп, психологиялық қысым жасауға болмайтын. Сондықтан талқылаудан соң жұмыс тобы теңгені бірден айналымға енгізуге бірауыздан дауыс берді.

Оның дұрыстығы айдан анық еді. Республика тәуелсіз ақша-несие саясатын жүргізе алатын. Жаңа банкноттағы бірнеше қорғаныс деңгейі оны қолдан жасау мүмкіндігін қысқартатын. Ұлттық валютаның тікелей айналымға енгізілуі тұрғындардың қолдағы ақшасын бір мәрте ғана айырбастауына мүмкіндік берді. Оның үстіне соның алдында 1990 жылдың желтоқсан айындағы кеңестік 50 және 100 рубльді айырбастау барысындағы алаяқтық адамдардың есінде болатын.

1993 жылдың 1 қарашасында біз алғаш рет елдің алтын валюта қоры туралы ақпаратты жарияладық, ал келесі күні ресми түрде рубль аймағынан шығатынымызды мәлімдедік. 12 қараша күні мен «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлыққа қол қойдым. Осы тарихи оқиғаға байланысты отандастарыма тастаған үндеуімде осы сәттен бастап шынайы тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуының өтпелі сәті болған кезеңнен өтіп, жаңа уақыт басталғанын айттым. Оқиға біз үшін тек қана экономикалық емес, сондай-ақ саяси мәнге де ие еді. Қазір Қазақстанды ешкім осы стратегиялық бағыттан айныды деп жазғыра да алмайды.

Жаңа банкноттар айырбастауға қажетті мөлшерде елдің аудандары мен банктеріне небәрі 8 күннің ішінде жеткізілді. 15 қараша күні таңғы 8-ден басталған айырбас кешкі 20:00 сағатта аяқталды. Ойластырылған, салқынқанды әрекеттер нәтижесінде Қазақстан Республикасы өзінің төл валютасына ие болды.

«Президент меморандумы»: популизмді терістеу

1994 жылы экономикадағы дағдарыстан және тіршілік деңгейінің төмендеуінен туындаған әлеуметтік ахуал өзінің шырқау шегіне жетті және қисапсыз митингілер мен жиындардан көрініс берді. Мен үшін адамдардың көзін елдегі жағдайдың бақылауда екеніне жеткізу маңызды болатын. 1994 жылдың 9 маусымында мен Жоғарғы Кеңесте «Жаңарған Қазақстанға – реформаларды тереңдету және жалпыұлттық келісім арқылы» атты Жолдауымды жасадым.

БАҚ «Президент меморандумы» деп атаған сол сөзім шынайы әрі ашық болатын. Мен нақты ақиқат жағдайына объективті баға беруге тырыстым және дағдарысты алып келген реформалар емес, керісінше, ыдыраған Одақтан қалған мұра екенін түсіндірдім. Ал дағдарыс одан шығудың жолын іздестіруге, реформа жолына түсуге мәжбүр еткен болатын.

Реформаның келесі кезеңінің сол кезден де қиынға түсетінін адамдарға шын жүректен ескерттім. Әрі Үкіметті экономика үшін зардапты болуы мүмкін популистік шешімдерден сақтандырдым. Ондай шешімдер қоғамдық пікірдің қысымынан немесе беделді лоббистердің дегенімен қабылданып, Мен «кірістерді қалыптастыруда тым қауқарсыз және шығындар туралы әңгіме болғанда тым жомарт» Қаржы министрлігін қатаң сынға алдым.

Меморандумда мемлекеттің таяудағы уақытта ақша-несие және банк реформаларына бет бұратыны айтылды. Инфляциядан өту және ұлттық валютаны нығайту шешуші міндет болатын. Ол кезде, қанша қиынға соқса да, жауапкершілікті мойынға жүктей отырып, біздің қаржылық тұрақтылықтың бірден-бір жолы есебінде – тіршілікке қажеттіліктен басқа, мемлекеттің барлық шығындарын қысқартуды азаматтарымызға түсіндіру керек еді. Ол дегеніңіз кәсіпорындарды тура және жасырын дотациялаудың, барлық салықтық жеңілдіктердің алып тасталатынын білдіретін. Шығынға батқан кәсіпорындар банкрот болуға тиісті еді. Тауарлардың және қызметтің барлық түрлеріне еркін баға қойылатын.

Сол жолы депутаттар алдында сөйлегенде, мен мұндай шешім қабылдаудың және дәл осылай бюджетті бекітудің қаншалықты қиынға соғатынын түсіндім. Бәріне ауыр тиетінін білдім. Кәсіпорындар тоқтап, жұмыссыздар көбейетін, наразылық күшейетін, тағы да митингілер мен қарсылыққа шақырушылар пайда болатын еді. Бәрі үшін алдымен мені кінәлауға тиісті еді. Бұған да төзу керек болатын.

Өзім болжағандай, сол кезде Үкіметті ғана емес, сондай-ақ Парламентті, Президентті отставкаға жіберу туралы ұрандар көтерілді. Бізді отставкаға жіберуге де болатын. Бірақ нарықтық қатынастарға көшуге

байланысты заңдылықтар және одан туындаған қиындықтар қалатын. Одан ешкім де айналып өте алмайтын. Ондай жағдайда алтын уақытты жоғалтып, бір орында тұрып қалар едік, ахуал ушыға түсер еді.

Мемлекеттік шығындарды қысқарту есебінен бюджетті теңестіруге қол жеткізу – өте батыл, бірақ тәуекелі мол шара еді. Әрі ол қоғамды билікке қарсы қоюға ниетті баспасөз бен оппозицияның қатаң сынына ұшырады. Алайда бізге қысымға төтеп беріп, белгіленген бағыттан айнымаудың сәті түсті. Қаржы жүйесін тұрақтандыру мен экономиканы сауықтыру дәл осы Президент меморандумынан басталды.

Жаңа қаржылық жүйенің қалыптасуы

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы декларация қабылданысымен, мемлекет өзінің банк жүйесін қалыптастыруды бастады. 1990 жылдың 7 желтоқсанында Қазақ КСР Мемлекеттік банкі – жоғарғы деңгейде, ал төменгісінде коммерциялық банктер мен басқа да несие мекемелері тұрған қосдеңгейлі жүйенің негізін қалаған «Банктер мен банк қызметі туралы» заң шықты.

1991 жылдың 20 маусымында Қазақ КСР Мемлекеттік банкі мемлекет меншігіне өтті және Ұлттық мемлекеттік банк болды.

Жаңа заң коммерциялық банктердің жылдам өсуіне екпін берді. 1991 жылы олардың саны 70 болса, келесі жылы 150-ден асты, ал 1993 жылы 230-ға жуықтады. Дегенмен солардың көпшілігі тұтыну мен ипотекалық несиелеу немесе қаржы лизингі сияқты толыққанды қаржы жұмысымен айналыспады. Тұрғындардың қаржысы мүлдем дерлік банк жұмысына тартылмады, нақты өндіріс несиені өте сирек алды. Екінші деңгейлі банктер негізінен соңынан өздері несиеге беретін Ұлттық банктен алынған қаржы есебінен жұмыс істеді. Көбіне оның бәрі қайтарымсыз негізде болды, соған сәйкес тәртіп бұзушылықтарға жол берілді. Сол кездегі Премьер-министр С. Терещенконың сөзімен айтқанда, «Қазақстан Республикасының банк жүйесі ең қылмыс дендегендердің қатарына енді».

66

Көп жағдайда мұндай ахуал, дамыған елдердегідей, тәуелсіз саясат жүргізуге мүмкіндік бермейтін Ұлттық банктің жеткіліксіз мәртебесімен түсіндірілетін.

Ұлттық банк өз құрылтайшылары – Жоғарғы Кеңеске есеп беретінін пайдаланып, Жоғарғы Кеңестің Президиумы, зардабын ойламастан, одан экономиканы тікелей несиелеуді талап етті. 1993–1996 жылдары Ұлттық банктің төрағасы болып істеген Б. Сембаев: «Құрамында он бес шақты ада-

мы бар, макроэкономикалық процестерді түсінбейтін Президиум Үкіметпен келіспей әрекет етті. Мәселен, нақты бір жағдайларда Ұлттық банк төрағасын несиелер беруге міндеттеді», – деп еске алған.

1993 жылдың 13–14 сәуірінде Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» жаңа заңдар қабылдады. Дегенмен, олар да Ұлттық банктің тәуелсіздігіне кепілдік бере алмайтын. Іс жүзінде елдің банк жүйесін жүйелеуші үш деңгейге – Президентке, Үкіметке және Жоғарғы Кеңеске бағынатын еді.

Дей тұрғанмен, бұл кезде ақша массасы бұрынғысынша өсіп жатты. Сол кездегі Ұлттық банк төрағасының орынбасары Г. Марченко еске алғандай, «Инфляция 2 мың процент кезінде несиелер 55–60 процентке жылдық үстемемен берілді. Мұндай несиелер алған іскер адам бірден «долларға көшіп», ал жарты жылдан соң долларының бір бөлігін қайтадан теңгеге ауыстыра алатын. Осындай айламен алынған пайда несиені қайтарып, Ұлттық банкке пайыздық үстеме төлеуге және оған қоса мол ақша табуға мүмкіндік беретін. Осынау дені дұрыс емес жүйе инфляцияны туындатты: экономикаға бұрынғыдан да мол ақша бөлінсе де, өндіріс қысқарды». Алайда, тіпті дәл осындай салымшыларға барынша ыңғайлы жағдайда да, 1995 жылдың басындағы деректер бойынша, берілген несиелердің тек 22 проценті ғана қайтарылды.

1994 жылы Қазақстан қаржысының жағдайын бағалаған ресейлік «Независимая газета» мынандай болжам жасаған: «Қазіргі экономикалық саясат сақталған жағдайда... Қазақстанды таяудағы болашақта гиперинфляция, нақтырақ айтқанда – ұлттық валютаның күйреуі және жалпы қаржылық-экономикалық апат күтіп тұр. Мұндай оқиғаның алдағы жылдың наурызына дейін жүзеге асуы мүмкін». Көптеген шетелдік сарапшылар да осындай пікірде болды.

Мұндай апатты болжамдар жүзеге аспас үшін қатаң саяси ерік-жігер керек болатын. Мен Меморандумымда қаржы жүйесін тұрақтандыруды маңызды міндет деп мәлімдеп, Ұлттық банктің мәртебесіне ерекше назар аудардым. Мен Ұлттық банктің барша бағыныштылықтан босатылуын және өкілетті, сондай-ақ атқарушы органдардың қамқорлығынан азат етілуін талап еттім. Елдің бас банкі ұлттық валюта – теңгені тұрақтандыру мәселелеріне назар аударуға тиісті болатын.

Дегенмен Ұлттық банк мәселесін шешудің сәті тек 1995 жылы ғана түсті. 1995 жылдың 30 наурызындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Жарлық Ұлттық банкті тек Президентке ғана бағынышты етті және сол арқылы оны әр тараптан жасалатын саяси қысымдардан қорғады.

Тәуелсіздік алған Ұлттық банк сол жылдың өзінде инфляция қарқынын төмендетіп, оны 56 процентке дейін азайтқан қатаң монетарлы саясат жүргізе алды.

Жаңа банктермен қоса, кеңестік дәуірде құрылған бұрынғы банктердің көпшілігі нарықтың қатаң талаптарына төзе алмай, өз қызметін тоқтатты. Сол кезде атағы жер жарып тұрған ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын қаржыландыратын «Крамдс-банк» банкротқа ұшырады. Банк жүйесін осындай кінәраттардан қорғау және қаржы нарығында халықаралық ережелерге сәйкес жұмыс істей алуға әзір емес жаңа ойыншылардың пайда болуының алдын алу үшін, Ұлттық банк 1995 жылы іс жүзінде банк қызметіне лицензия беруді тоқтатты.

Салық жүйесінің реформасы да тек заңнамалық функциялар Президентке көшкен 1995 жылы ғана мүмкін болды. «Бюджет жүйесі туралы» және «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңдар 1991 жылдың өзінде қабылданған болатын. Алайда, тұтастай алғанда, фискальды саясат қарама-қайшылыққа толы болды және іскерлік белсенділіктің дамуына кедергі келтірді. Сол кезде қырық шақты болған салық жүктемелері дербес жағдайда өзгеріске ұшырады.

1995 жылдың 24 сәуірінде «Салықтар және басқа да бюджетке түсетін міндетті төлемдер туралы» Жарлық күшіне енді. Салықтар саны 11-ге дейін қысқарып, олардың орнына кірістің корпоративті салығы енді. Оның орташа мөлшері кезең-кезеңмен төмендетілді. Салыққа байланысты көзқарастың өзі де өзгерді – енді мемлекет одан тек қана мемлекеттік бюджетті толтыруды ғана емес, сондай-ақ инвестицияларды ынталандырудың, соған сәйкес өндірісті дамытудың тетігін көрді.

Шетелдік инвестициялар және өнеркәсіптің қайта өрлеуі

68 Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап біздің елімізде мен прогрессивті әлемдік тәжірибені қолданып, басқа елдердің табысының себептерін талдауға ұмтылдым. Ли Куан Юмен алғашқы кездесулердің өзі Сингапурдың басты құпиялары инвестиция тартуда жатқанын көрсетіп берді. Қазақстанның ерекшелігін есепке ала отырып, біз осы жолмен алға жүруге шешім қабылдадық.

1990 жылдары қазақстандық бизнесмендер ірі кәсіпорындардың тиімді жұмысына жауап бере алатын толыққанды инвестор бола алмады. Оларда жеткілікті қаржылық капитал да, технологиялар да, кадрлар да, тәжірибе де, халықаралық байланыстар да, тұтыну арналары да болған жоқ. Жаңа

тәуелсіз мемлекетке шетелдік инвесторлар ауадай қажет болды. 1990 жылдардың басында оны екінің бірі түсіне алмайтын: көптеген адамдар шетелдік капиталды Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігіне төнген қатер деп ұқты. Менде ондай фобия ешқашан болған емес және әлемдік бизнеспен тең жағдайда диалог орнаттым.

Ірі шетелдік бизнесті ауқымды инвестицияларға өте мұқтаж қазақстандық өнеркәсіп жобаларына тарту үшін, шынында да, үлкен күш-жігер керек болды. Бірінші кезекте, ол Атырау облысындағы Теңіз мұнай кен орнына байланысты еді.

Теңіздегі америкалық әріптестермен келіссөз 1980 жылдардың өзінде басталған: КСРО-да осыншалықты күрделі кен орнын игеруге қажетті технология болмады. Дегенмен кеңестік құрылымдар Қазақстанды келіссөз процесіне тартуға асықпады. 1990-шы жылдардың басында ахуал өзгеріп, көптеген ресейлік өндіруші компаниялар өз үкіметіне қысым жасап, Теңізді игеруге біздің елімізбен келісім жасауға тырысты.

1991 жылдың орта тұсында жобаның алға баспайтыны белгілі болған. Сол кезде біз батыл әрекеттерге бардық. М. Горбачевтің кезінде Президент Кеңесінің мүшесі болып тұрғанда, мен келіссөз жүргізу өкілдігін Қазақстанға беруге көндірдім. Кеңес үкіметі келісті. Сөйтіп, 1991 жылдың 23 шілдесінде Қазақ КСР-нің Мәскеудегі тұрақты өкілдігінде «Шевронның» өкілдеріне келіссөз барысында жобаның жаңа жағдайлары талқыланатынын хабарладым.

Бір аптадан соң Мәскеуге СНВ-2 келіссөзіне қол қоюға келген АҚШ президенті үлкен Джордж Бушпен кездестім. Біз ол кісімен бірге «Шеврон» мен «Теңізмұнайгаз» арасындағы келіссөздерді жан-жақты талқыладық және жобаны қолдауға келістік.

Мен кен орнының барлық қиындықтары, нақтырақ айтқанда, күкірттің молдығына байланысты тасымал технологиясының жоқтығы және т.б. кемшіліктер туралы айтып бердім. Кәсіби саясаткерлердің өндіріс процесінің технологиялық жағын түсіне қоюы сирек жағдай. Сондықтан Джордж Буш осы техникалық нақтылықтардың бәріне қатты әсерленді және менен: «Сіз, шамасы, мұнайшы сияқтысыз ғой?» – деп сұрады. «Жоқ, мен металлургпін, бірақ, Қазақстанның басшысы есебінде, маған мұнай өнеркәсібімен өте жиі айналысуға тура келеді», – дедім.

1992 жылдың күзінде мұнайшылардың және геологтардың қатысуымен үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Күн тәртібіндегі мәселе – мұнай-газ саласын дамыту жолы болатын. Түбегейлі қорытынды жасалды: Теңізді игеру керек! Осы кен орнының консервациясы Қазақстанды мүлдем қанағаттан-

дырмайтын. Өйткені экономиканы дағдарыстан алып шығатын бірден-бір сала – осы мұнай-газ болатын.

Теңіздің әлеуетін толық мәнінде игере алатын компания іздеу барысында мемлекет әлемдегі ең ірі энергетикалық компаниялардың бірі – Американың «Шеврон» корпорациясымен келіссөз жүргізуге қайта оралды. Келіссөз қиын болды әрі ұзаққа созылды, ортақ келісімге келудің сәті түспеді. Сөйтіп, 1992 жылдың наурызында Қазақстан, егер «Шеврон» дегенінен қайтпаса, Теңіз кен орнын игеруге халықаралық тендер жариялауға әзір еді. Нәтижесінде, сәті түсіп, тараптар келісімге келді. Сөйтіп, 1993 жылдың 6 сәуірінде Алматыда «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қойылды. Әр тарап акцияның 50 пайызын алды, оның үстіне америкалықтар кен орнына ең кемі 20 миллиард доллар салуға міндеттенді. Бұл жас Қазақстанның бірінші ірі инвестициялық табысы болатын. Әрі бұған дейін Қазақстан экономикасына инвестиция салуға асықпаған, әлемдік халықаралық топтардың назарын елімізге аударды. Оған таңғалуға болмайтын: дау-жанжал жиі шығып тұратын, экономикасының негізгі бөлігі көлеңкелі посткеңестік кеңістік қатерге толы аймақ саналатын еді.

Шетелдік әріптестермен кездесулерде маған әлемдік бизнес элитаны Қазақстанның сенімділігі мен тұрақтылығына, инвесторлар алдындағы барлық міндеттемелерді сөзсіз орындайтынына сендіруге тура келді.

1993 жылы жеке жоба бойынша жекешелендірілген кәсіпорын – жағдайы қиын Алматы темекі компаниясы еді. Жаңа меншік иесі Philip Morris бюджетке 100 миллион доллардан астам қаржы құйды және өндіріске тағы да 240 миллион қосуға міндеттенді. Қысқа мерзімде жаңғыртылған кәсіпорын дағдарыстан шығып, жүйелі түрде жалақы төлеп, әлеуметтік бағдарламаларға белсенді түрде қатыса бастады.

1994 жылдың қарашасында, экономикалық ахуалды мұқият талдағаннан кейін, Үкімет стратегиялық шешім қабылдады, бірнеше ірі тау-кен, химия және металлургия кәсіпорындарын шетелдік компаниялардың басқаруына беру керек еді.

70 1994 жылдың 27 желтоқсанындағы «Шетелдік инвестициялар туралы» заң шетелдік инвесторлар үшін анағұрлым ыңғайлы жағдай қалыптастырды. Инвесторлармен әріптестіктің сызбасының өзінде (біздің әріптестеріміз ыңғайсыз әрекеттерге барған жағдайда) елеулі тәуекелдер болды. Бірақ мен мұндай әрекетке саналы түрде бардым. Елдің жүйе құрушы кәсіпорындарын құтқару үшін шұғыл шаралар керек болатын.

Әсіресе металлургтердің жағдайы қиын еді. Индустрия алыбы – Қарағанды металлургия комбинаты қарызға белшесінен батқан және банкрот болудың аз-ақ алдында тұрған. Ішінде Қарметкомбинаттың құрылы-

сына қатысқан өзім де бар, металлургтердің бірнеше буыны еңбек сіңірген бірегей өнеркәсіптің күйреуі мүмкін еді.

Әлемдік металл нарығында берік орны бар тек ірі компания ғана комбинатты дағдарыстан шығара алатыны белгілі болатын. 1995 жылы оның жаңа меншік иесі – Қарметкомбинаттың 350 млн доллар көлеміндегі борышын жапқан үнділік алып – Ispat International N.V болды. Домна пештері қайта жөнделіп, технологиялық тораптар реконструкцияланды. Жан біткен комбинат екпінді түрде дами бастады. 1998 жылы ыстық мырыштау және алюминийлендіру цехтары қатарға қосылды. Осындай алып кәсіпорынды электр қуатымен, жылумен және шикізатпен қамтамасыз ету үшін Ispat International N.V 1996 жылы Қарағандыдағы ТЭЦ-2 және жергілікті мұнай шахталарының көп бөлігін сатып алды. Бұл компанияның 10 жылдың ішінде Қазақстан өнеркәсібіне салған жалпы қаржысы 1 миллиард доллардан асты.

Ірі өнеркәсіп мекемесіндегі әрбір жұмыс орны шағын және орта бизнес саласында 2–3 орын құруға мүмкіндік береді. Ондаған мың адам жұмыс істейтін Қарметкомбинаттың, Қарағанды көмір бассейні шахталарының және басқа да өнеркәсіп объектілерінің қайта өрлеуі аймақ пен оның тұрғындарының көңіл күйіне әсер етті. Қарағандылықтар мен бірегей өнеркәсіп өндірісін сақтап қалған басқа өңірлердің тұрғындары сол қиын жылдары көрініс берген қатаң да жүйелі ұстанымға күні бүгінге дейін дән риза. Мемлекет белгілеген шараларды басқа өңірлер де жоғары бағалады.

Инвестициялық заңнамалардың либералдануынан соң шетелдік капитал экономикада айтарлықтай рөл атқара бастады. 1994–1995 жылдары шетелден 3 миллиард доллардан астам қаржы тартылды. «Қазақмыс», «Еуразиялық топ», «Қазмырыш» және басқа да шетелдік капитал тартқан жеке корпорациялар пайда болды. Инвесторлармен бірге жаңа технологиялар және заманауи менеджмент келді.

Арнайы инвестициялық жобалардың арқасында өнеркәсіпте таяуда ғана үмітсіз деп саналған жағдайдың біразын түзеудің сәті түсті. Өндіріс қазақстандықтардың көз алдында қайта дамып, олардың дағдарысты жеңеміз деген сенімі нығайды.

Экономикалық реформалардың алғашқы нәтижелері (1995 жыл)

1990-шы жылдардың бірінші жартысы бүкіл ел үшін қиындыққа толы ізденістер мен ауыр шешімдер жылы болды. Жігерленіп, пессимизмге бой алдырмауға тырысқан Қазақстан өзінің бірден-бір сенімді жолын

тапты. Біздің жалпы жүйелі және мақсатты әрекеттеріміздің нәтижесінде 1995 жылы тұрақтылық пен экономиканы сауықтырудың алғашқы белгілері байқала бастады.

Бюджет тапшылығын қысқартуға және шығындарды азайтуға бағытталған қатаң қаржылық саясат инфляцияны ауыздықтауға ықпал етті. 1995 жылы ол, соның алдындағы жылдармен салыстырғанда, 60 проценттен кем межені көрсетті. Ал бұл жағымды нәтиже болатын.

Ел тәуелсіздік алған кезден бастап тұңғыш рет өнеркәсіп өндірісінің өсімі басталды. 1995 жылы өнеркәсіп 13 процентке өсті. Сыртқы саудада жағымды сауда балансына қол жетті. Экспорт импорттан 1 миллиард 250 миллион долларға артты. Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарықта сату долларға шаққанда 2,5 есеге өсіп, импорттан 1,7 есе артық болды.

Әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсарғанын қазақстандықтардың есепшотындағы ақша салымдарының өсу үрдісі дәлелдеді. 1995 жылы тұрғындардың банк салымдары 5-тен 12 миллиард теңгеге дейін өсті.

1995 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында мен реформаның бірінші кезеңінің алдын ала қорытындыларын жасадым. Іс жүзінде бір қаржылық жылда Қазақстан гиперинфляция сияқты қатерлі экономикалық сынақтан өте алды. Біз тәуелсіздіктің ұлттық валюта сынды маңызды рәмізін енгізумен қоса, оның сенімділігіне, тұрақтылығы мен сәтті айналымына қолымыз жетті. Сол арқылы отандық экономиканың өзіндік келбетін білдіретін, экспорттық секторды қалыптастыратын, әлемдік нарыққа шығатын арна ашумен қоса, біздің жетекші кәсіпорындарымыздың экономикалық құрдымға түсуін тоқтата алдық. Қазақстан шетелдік капитал, инвестициялар, технологиялар, экономикалық жаңалықтар мен әлемдік шаруашылық тәжірибе үшін анағұрлым тартымды бола бастады.

Осы жылдар ішіндегі барша әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға қарамастан, олардан өту процесінде тәуелсіз Қазақстан өз болашағына сенімді еді.

4. БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚАСТЕРЛЕЙ БІЛДІК

ҚОҒАМ МЕН САЯСАТ: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖОЛЫНДА

Ұлтаралық келісімнің дара үлгісінің қалыптасуы. Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуы

Жас та тәуелсіз мемлекетті басқару – әлбетте, бұрынғы Кеңес Одағында ешкім арнайы үйретпеген ғылым. Маған білім мен тәжірибенің қайнар көзіне айналып, мінез-құлқымды қалыптастырған, көзқарасымды кеңейткен өмірдің ауыр университетінен өтуге тура келді. Басқаша айтқанда, мен мемлекеттік маңызы бар қиын міндеттерді шешуге және төңірегіме миллиондарды жинауға қабілетті, жауапты адам болып қалыптастым.

Алғашқы еңбек жолымды Қарметкомбинаттың көпұлтты жұмысшылар ұжымында бастаған мен жас күнімнен жеке-дара емес, көпшілікпен бірге атқарылған істің жеңіске бастайтынына әбден көз жеткіздім. Қазір, арада әжептәуір уақыт өткен соң, қалыптасудың алғашқы кезеңінен дәл сондай өзара берік сенімнің арқасында ғана мүдірмей өткенімізді ризашылықпен еске аламын. Осылайша бізге этностық және діни алауыздықтардың алдын алып, ұлттық апатқа жол бермеудің сәті түсті.

Одақ ыдыраған алмағайып кезеңде Қазақстан өзінің ішкі саясатының – бейбітшілік, келісім және бірлік – деген негізгі үш принципін қалыптастырды. Қазір айтуға жеңіл болғанмен, сол күрделі кезеңде оны жүзеге асыру әлдеқайда қиын болатын. Алайда нәтиже көзге ұрып тұр: біздің жас мемлекетіміз 126 ұлт өкілінің (1989 жылғы халық санағы) берекелі ортақ шаңырағына, туған Отанына айналды.

Бұрынғы Балтық республикаларының көптеген тұрғындары КСРО құрамынан шыққаннан кейін азаматтық ала алмай және негізгі саяси құқықтарынан қағылып жатқан кезде, біз, этностық тегіне және мемлекеттік тілді білудеңгейіне қарамастан, барлық қазақстандықтардың саяси және азаматтық теңқұқылығын ресми түрде заңдастырдық. 1991 жылдың 10 желтоқсанында өз халқыма адалдыққа ант берген мен сайлау қазақтардың, орыстардың, украиндардың, корейлердің, немістердің және басқа да этностардың бауырластық қоғамдастығының қалыптасуының басы болғанын мәлімдедім

– олардың бәрі де біртұтас алып командаға бірігіп, біздің республикамыздың бақуатты болашағына даңғыл жол салуға шешім қабылдады.

1992 жылы жасалған тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен даму стратегиясы қазақ ұлтының бауырмалдық ниетінсіз, біріктірушілік қабілетінсіз жүзеге аспайтын, тұрақты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім идеалдарын бекітті. Әртүрлі этностық тегіне қарамастан, елдің барлық тұрғындары ортақ шаңырақ астына біртұтас халық болып ұйыса алды. 1992 жылдың желтоқсанында Қазақстан халықтарының форумында мен біздің басты игілігіміз–халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше буыны қалыптастырғанын атап көрсеттім. Әрі біз сол құндылықты қастерлей білуге тиістіміз. Дәл сол жолы мен алғаш рет шешуші диалог алаңы және этносаралық диалог тиімділігінің кепілі ретінде Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы стратегиялық бастамамды жарияладым.

1993 жылдың 11 мамырында мен республикалық жиында «Қоғамның идеялық бірлігі – Қазақстандағы прогрестің алғышарты» атты бағдарламалық баяндама жасап, елдің өтпелі кезеңде шешуі керек жалпыұлттық міндеттерді көрсетуге тырыстым.

Өз сөзімде нақты тәуелсіздікке қол жеткізу әлеуметтік-экономикалық реформаларды ғана емес, сондай-ақ саяси, интеллектуалды, рухани қолдауды талап ететінін атап көрсеттім. Әрі бұл орайда қоғамды біріктіретін ахуал қалыптастырмайынша болмайды, ал ол үшін таяудағы, сондай-ақ болашақтағы көкжиектерге есептелген біздің стратегиямыздың идеялық сарабы қажет екенін баса көрсеттім.

Сол жылдардағы күрделі саяси жағдайда, баспасөз беттерінде, партия ішіндегі пікірталастарда, экономикалық топтарда, сондай-ақ қоғамның ішінде либералды, социалистік және дәстүрлі деп аталатын негізгі үш базалық бағыт қызу талқыланатын. Мен бұл орайда өтпелі кезеңде идеологиялық қалыптасу тұрғысында өз жолымызды іздеудің қажеттілігін түсіндім. Әрине, біз социалистік, дәстүрлік, сондай-ақ либералдылық ұғымдарының бағалы тұстарын жоққа шығармаймыз. Дегенмен тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған міндеттер өзін басқашалау, яғни жалпыұлттық идеологиялық басымдықтар тұрғысында саралауды талап ететін. Оның ішінде ұлтаралық қатынас сияқты маңызды сала да бар.

Бұған дейін атап көрсеткенімдей, ел үшін ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету шешуші саяси міндет болып табылады. Нақты тәуелсіздікке және идеялық бірлікке қол жеткізу тек қоғамда тұрақтылық, рухани келісім болғанда ғана жүзеге аспақ. Қоғамның полиэтностығы көлеңкеде қалмай, керісінше, басты, тұрақты, біріктіруші фактор болуға тиіс. Сондықтан да Қазақстанға

елдегі этностық топтар арасындағы диалог алаңы болатын құрылым керек еді.

1995 жылдың 1 наурызында мен ҚХА-ны құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Сол арқылы басты міндеті мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының әріптестігі негізіндегі этностар мүдделерінің бірігуін қамтамасыз ету, тиімді этносаралық қарым-қатынас жүргізу және ортақ саяси, құқықтық, мәдени орта қалыптастыру болып табылатын жаңа консультативті-кеңес органы құрылды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы басынан бастап этностық топтар өкілдіктерінің механизмі, мемлекеттік этностық саясатты жүзеге асырудың маңызды институты есебінде ойластырылды. Ассамблеяның жоғары органы ел президентінің төрағалығымен өтетін сессия болып табылады. Оның барша шешімдерін мемлекеттік органдармен қоса, азаматтық қоғам институттары да міндетті түрде қарауы керек.

ҚХА-ның алғашқы сессиясы 1995 жылдың 24 наурызында Алматыда менің төрағалығыммен өтті. Оған Қазақстанның барлық облыстарынан 40 этномәдени бірлестіктің өкілдері қатысты.

Тереңнен ойластырылған ішкі саясат жүргізе отырып, көптеген сараптамалық болжамдар мен әртүрлі пиғылдарға қарамастан, біз қазақ жеріндегі этносаралық қарама-қайшылықтардың алдын алып, жанжалға, ішкі қиындықтарға жол бермедік және сол арқылы Қазақстанның көпұлтты халқының болашаққа жарқын жол салуына жағдай жасадық.

Осылайша, Қазақстан 1980–1990 жылдары ұлтаралық бейбітшілік пен келісімнің іскер формуласын жасап, этносаралық және дінаралық жанжалдарға жол бермеді, посткеңестік оқшаулану дағдарысынан аман өтті.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы

Азаматтық келісім, қоғамдық қозғалыстардың өзара және мемлекетпен позитивті қарым-қатынасы – жалпыұлттық бірліктің маңызды элементі.

1993 жылы қоғамдық қозғалыстар өкілдерімен болған әңгіме барысында мен оларды жалпы талқылаулармен және салғыласумен ғана айналыспай, ортақ игілікке әсер ететін пайдалы идеялар ұсынуға шақырдым.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) арасында еңбекшілердің құқығын қорғайтын кәсіподақ ерекше орын алады. 1993 жылы қабылданған «Кәсіптік одақтар туралы» заң қазақстандықтарға өздерінің еңбектегі мүдделерін заң тұрғысында қорғауға, әлеуметтік-экономикалық саясатты талқылау мен жасауда өз дауысы болуына мүмкіндік берді.

1991–1995 жылдары Әділет министрлігі азаматтық қоғамды дамытуға ықпал ететін 500-ден астам қоғамдық ұйымды тіркеді. Саяси партиялар, бұқаралық қозғалыстар, кәсіптік одақтар, әйелдер, ардагерлер ұйымдары, мүгедектер ұйымдары, жастар мен балалардың бірлестіктері, ғылыми, техникалық, мәдени-ағартушылық, мәдени-спорттық және басқа да ерікті қоғамдар, шығармашылық одақтар, қоғамдастықтар мен азаматтық қоғамның басқа да институттары қоғамдық бірлестіктерге жатқызылды.

Бастапқы кезде ҰЕҰ стихиялы түрде барлық жерде құрылды. Көптеген бірлестіктер жылдам құрылып, іле-шала жабылып жатты. Мемлекет өз тарапынан үкіметтік емес сектормен қарым-қатынастың жалпы принциптерін жасады. Қазақстандық қоғамды әлеуметтік тұрғыда жаңғыртудағы саяси-құқықтық тетіктердің маңызы барынша айқындала түсті. 1999 жылдың желтоқсанында мен әлеуметтік әріптестік жөніндегі үшжақты республикалық комиссия құру туралы қаулыға қол қойдым, әрі ол конструктивті әлеуметтік-экономикалық және еңбек қарым-қатынасын дамытуға бастау болды.

Барлық азаматтық қоғамның қалыптасуына 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы үлкен ықпал етті. Жаңа Конституция идеологиялық және саяси әртектілікті, қоғамдық бірлестіктердің заң алдындағы теңдігін паш етті.

«Төртінші билік»: цензурасыз және шектеусіз БАҚ

Тәуелсіздікке қол жеткізу мен қоғамның демократиялануы бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына айтарлықтай әсер етті. Егер 1990 жылы елімізде 500-ге жуық БАҚ тіркелсе, 1992 жылы олардың саны екі есе өсті.

Теледидар эфирінде оған дейін күніне небәрі бірнеше сағат хабар тарататын «Қазақстан» арнасы орталық мәртебеге ие болды. Енді ол елдің бүкіл аумағын қамтып, толыққанды хабарлар тарата бастады. 1995 жылы қысқа мерзімде өз аудиториясын жинай алған «Хабар» мемлекеттік телеарнасы жұмыс істей бастады. «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» беделді күнделікті газеттер ретінде бұрынғысынша қазақстандықтар үшін сенімді ақпарат көзі болды. Оларда елдегі өмір туралы журналистік материалдармен қоса заңдар, жарлықтар, ресми хроника жарияланып тұрады. Дәл сол кезде «Караван», «Новое поколение», «Экспресс К», «КТК», «31 канал», «Таң» сияқты жеке басылымдар мен телеарналар танымалдыққа ие болды.

1990-жылдардың бірінші жартысында баламалы ақпарат көздерінің пайда болуы, әлбетте, азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал етті. Жур-

налистер заң бұзушылықтарға жедел түрде көңіл қоя, әртүрлі себептермен қоғам мен мемлекеттің тиісті дәрежеде назарын аударма алмаған мәселелерді қаузады. Дегенмен бұл процесте «ақпараттық соғыс» түріндегі елеулі кінәраттар да болды: ірі кәсіпкерлерге тиесілі газеттер мен телеарналар өз қожайындарының мүддесін қорғады және ішінде этностық тұрғыда жол беруге болмайтындары да бар кез келген тәсілмен бәсекелестеріне қара күйе жағатын.

Көші-қон керуені. Атажұртқа оралу

1990-шы жылдардың бірінші жартысындағы көші-қон ағысының күшеюі барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттерге ортақ құбылыс болды. 1990 жылдардың бірінші жартысындағы Қазақстаннан жаппай көшудің сан алуан факторлары бар еді. Экономикалық дағдарыс өндірістің қысқаруына әкеліп соқты, кәсіпорындар жабылып, жұмысын тоқтатты, адамдар жұмысынан айырылды және оларда ертеңгі күнге деген сенім болмады, алаңдаушылық көңіл күй қалыптасты. Көптеген адамдар тарихи Отанына оралуға тырысты. 1990 жылы елден кеткендердің көпшілігі тұратын жері ретінде Ресейді, Украина мен Беларусьті таңдады. Қазақстандық немістер Германияға көшті. Еліміздің тұрғындар саны айтарлықтай азайып, ауылдар мен моноқалалар қаңырап қалды. Осының бәрі Қазақстанның адами және экономикалық әлеуетін әлсіретіп, оның болашағына қатер төндірді және биліктен қоғамды біріктіруге, экономикалық жағдайды түзеуге бағытталған шаралар қабылдауды талап етті.

Дегенмен көші-қон үдерісі елді тек қана демографиялық шығынға ұшыратып қойған жоқ, сондай-ақ оның алдынан жаңа мүмкіндіктер де ашты. 1995 жылдың наурызындағы ҚХА-ның бірінші сессиясында менің «тұрақтылықтың қуатты белдігі» ретінде кезінде тарихи отанынан ажырап қалған қандастарымыздың мәдениетін, Қазақстанмен ақпараттық және адами байланыстарын үзбеуін ескертуім тегін емес еді. Біздің еліміз туралы шынайы ақпараттардың кеңінен таратылуы таяу және алыс шетелдердегі біздің достарымыздың санын көбейте түспек.

Сөйтсек, мемлекет «халықтық дипломатияны» сыртқы саясатқа, басқа елдермен арадағы қарым-қатынасты дамытуға бағыттай отырып, көші-қон үдерістерінен де пайдалы нәтиже таба алады екен.

Ол кездегі қазақстандық көші-қонның әртүрлі бағытта болғанын түсінудің маңызы зор. Елден көптеген тұрғындар үдере көшіп жатқанда шетелдерде тұратын қазақтар, керісінше, тарихи отанына орала бастады.

Шетелдегі қазақ диаспораларының сан мыңдаған өкілдері елдегі экономикалық дағдарыс пен тұрмыстың төмендігіне қарамастан, тәуелсіз Қазақстанға ағыла бастады. Олардың арасында белгілі ғалымдар, жазушылар, әртістер, суретшілер, қоғам қайраткерлері бар еді.

Тек қана стихиялы емес, сондай-ақ тәртіппен жүргізілген бұл үдеріс ел үшін ауыр соққан көші-қон зардаптарының орнын толтыра алатыны белгілі болды. Басқаша айтқанда, қысқа мерзім ішінде тиімді көші-қон саясатын жүргізу керек еді. Бұл міндеттің өзектілігін кезінде Қазақстаннан амалсыз көшіп кетуге мәжбүр болған қандастарымыздың тарихи отанына оралуына жағдай жасау туралы айтылған Стратегия-92 айқын дәлелдеп берді.

1992 жылдың 26 маусымында қабылданған «Иммиграция туралы» заң тарихи отанына оралғандарға репатриант мәртебесін беретін. Билік өз шешімі арқылы олардың орналасуына тиісті аймақтарды бөліп, материалдық-қаржылық көмек жасады. 1991–1994 жылдар аралығында Қазақстанға 122 мың қазақ, оның ішінде бұрынғы одақтас республикалардан – 57 мың, Моңғолиядан – 21 мың, Ираннан – 3,7 мың, Түркиядан 1,9 мың адам қоныс аударды.

Қазақтардың атамекеніне бет алған тарихи көшін біз бейнелі түрде «Нұрлы көш» деп атадық. Қазақстан мемлекеттік репатриация саясатын жалғасты түрде жүргізген әлемдегі санаулы елдердің біріне айналды.

Діни ренессанс

Конституцияның 1-бабына сәйкес, Қазақстан – зайырлы мемлекет. Әрі оның рухани күші дәстүрлі діндерді, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді құрметтеуіне негізделеді.

1990-шы жылдардың басында жаңа тәуелсіз мемлекеттерді қамтыған діни ренессанс Қазақстанды да айналып өте алмайтын. Халықтар өмірінде дін қашанда айрықша маңызға ие болды. Біздің елімізде этностық қана емес, сондай-ақ конфессиялық тұрғыда да ерекше жағдай қалыптасты. Тұрғындардың көбі ислам дінін, біраз бөлігі христиан дінін ұстанады. Сондай-ақ иудаизм, буддизм және басқа да нанымды ұстанатындар баршылық.

78

Әр адамның өмірінде түсіндірілуі қиын, әрі тылсымды мистикалық сәттер болып тұрады. 1994 жылдың аптапты қыркүйек айында алғаш рет Сауд Арабиясының қасиетті жерлеріне барғаным есімде. Менің ниетімді түсінген король Фадх ибн Абдул-Азиз ибн Абдуррахман әл-Сауд маған қасиетті Қағбаның ішіне кіруге рұқсат беруге бұйырған. Одан әрі мұсылман дінінің тағы да бір қасиетті жері – Мәдина қаласына бардым. Сол күні аспан шайдай

ашық еді. Жаңбыр жаумайтын, құрғақшылық айы болатын. Біз Пайғамбар зиратынан шыққан кезде қатты нәсер болып, жауын суы мешіттің мәрмәр еденімен сарқырап ағып жатты. Барлық арабтар таң қалып, ғибадат ете бастады. Мені Мұхаммед Пайғамбардың зиратына бастап барған молда: «Бұл – жақсы ырым. Пайғамбарымыз сіздің ғибадатыңызды қабылдады. Әдетте, бұл аймақта жаңбыр тек екі айдан кейін ғана жауатын», – деді.

Кеңестік кезеңде мұсылман дінбасыларының барлық мәселелерін штаб-пәтері Ташкентте орналасқан Орталық Азия мен Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасы жүйелеп отыратын. Біздің еліміздің мұсылмандары үшін 1990 жылы Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының ашылуы ерекше оқиға болды.

Орыс Православие шіркеуінің қазақстандық епархиясы кеңестік кезеңде тікелей Орыс Православие шіркеуіне бағынатын. Тәуелсіз Қазақстанда Орыс Православие шіркеуінің қазақстандық епархиясын ортақ құрылымға біріктіру басталды.

Конституция елдің барлық азаматтарына, діни сеніміне қарамастан, тең құқық береді. Әрі бір кезеңде 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған және діни төзімділіктің базалық ұстанымдарын айқындайтын «Дін еркіндігі мен діни бірлестіктер туралы» заң қоғамдық тәртіпке нақты қатер төндіретін секталар мен ағымдарға байланысты шектен шыққан либерализмімен де ерекшеленетін. Қазақстанда олардың қызметіне жол бермеу және бұрынғы конфессиялық саясаттың кінәраттарын жою үшін заң кейінірек жетілдірілді.

5. ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ЖЫЛЫ ЛЕБІ ЖӘНЕ ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН ДӘСТҮР

ТІЛ, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ

Жаңа тіл саясаты. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру

Қазақстандық мемлекеттіліктің құрылуы мемлекетке атауы берілген, көне де бай тіл – қазақ тіліне байланысты әділеттілікті қалпына келтіруді талап ететін.

Қазақ тілі – қазақ ұлтының мәдени тұтастығының басты қайнар көзі. Ғасырлар бойы солай болған, болашақта да солай бола береді.

1990-шы жылдардың бірінші жартысындағы қоғамдық пікірталастарда тіл мәселесі басты тақырыпқа айналды. КСРО-ның ұлттық тілдерді дамытуға көңіл бөлмегені өз алдына, тіпті оны жасанды түрде тежеп отырғаны белгілі. «Жаңа тарихи қауымдастық» ретінде кеңес халқы тіршіліктің барлық саласында орыс тілін пайдаланды. Тоталитарлық биліктің мұндай саясатының республикалар, әсіресе қала халқы үшін аянышты зардабы болды. Мәселен, бізде ана тілін білмейтін білімді қазақтардың тұтас буыны қалыптасты. Оның үстіне әлеуметтік-еңбек, мәдени және қоғамдық-саяси қолданыстан іс жүзінде шығарылып тасталған қазақ тілі жаңа лексикамен, ұғымдармен және мазмұндармен мүлде байытылмады, яғни дамымады. Сондықтан да объективті түрде туған тілді тірілту және өзінің жаңа мемлекеттік мәртебесіне орай жаппай қолданысқа енгізу үшін тек қана ізгі ниет аздық ететін.

Қазақ КСР-інің тәуелсіздігі туралы декларация, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң және 1993 жылғы Конституция жаңа тіл саясатының іргетасын қалады. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып танылды, орыс тіліне ұлтаралық қатынас тілі мәртебесі берілді.

Билік қазақ ұлтының ұлттық беделін нығайтуға, оның мәдениеті мен тілін дамытуға, әрі осы орайда республиканы мекендейтін басқа этностардың құқығын бұзбауға ниеттілігін білдірді. Сондықтан тілдік тұрғыдағы кемсітушіліктің кез келген формасына тыйым салынды. Қазақстандықтардың бәрі қатынас тілін, оқуды, тәрбиелеу мен шығармашылықты еркін таңдау құқығын алды. Әсіресе, егер ел азаматы қазақ немесе орыс тілін білмесе,

ол оның конституциялық құқықтарының шектелуіне негіз бола алмайтыны атап көрсетілді.

1995 жылғы Конституция қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін нығайтты. Билік бір кезеңде мемлекеттік басқару мен іс жүргізу саласында орыс тілінің пайдаланылуын тежемей-ақ, мемлекеттік тілдің позициясын айтарлықтай нығайта алды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде мыңға жуық қазақ балабақшасы мен орта оқу орны ашылды, тілдік курстарды оқыту тегін жүргізілді.

Қазақстанның күнделікті өміріне туған тіліміздің ешқандай мәжбүрлесіз оралуы маңызды. Газеттер сегіз тілде шығарылып, теле және радио хабарлар жеті тілде жүргізілді. Әлемдегі украин тілінде – Украинадан тысқары аймақта шығатын бірден-бір газет – қазақстандық «Українські новини» Украина бюджетінсіз жарық көрді. Қазақстандық корейлердің өмірі туралы баяндайтын орыс-корей тілді «Корё ильбо» туралы да соны айтуға болады.

Мемлекеттің ойластырылған және прагматикалық тіл саясаты елді мекендейтін барлық этностық топтарды өзінің ұлттық ерекшелігін сақтау мүмкіндігімен қамтамасыз етті. Осының бәрі қоғамдық келісімге ықпал етті және елдегі сәтті қайта құрулар мен оның болашақ жетістіктерінің кепіліне айналды.

Жаңа білім жүйесінің іргетасы

1990-шы жылдардың бірінші жартысындағы экономикалық қиындықтарға қарамастан, тәуелсіздікке қол жеткізу – білім беру жүйесі мен Қазақстанның барлық педагог қауымдастықтары алдынан жаңа мүмкіндіктер мен көкжиектер ашты.

Білім беру жүйесіндегі реформаларды бастамастан бұрын мемлекет олар үшін құқықтық негіз қалады. 1992 жылдың 18 қаңтарында «Білім туралы» заң, 1993 жылдың 10 сәуірінде «Жоғары білім туралы» заң қабылданды. Олар ұлттық білім беру формаларының қолжетімділігін, зайырлы сипатын, үздіксіздігі мен әртүрлілігін базалық принцип ретінде көрсетті. Елдің жаңа білім беру жүйесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш (1–4 сыныптар) және орта (7–11 сыныптар) мектептер, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сияқты бес деңгей бойынша қарастырылды.

Бұл салада монополиядан бас тартқан мемлекет оған нарықтық механизмдер енгізуге ықпал етті. Жаңа типтегі оқу мекемелері (гимназиялар, лицейлер, колледждер, академиялар) пайда болып, бағдарламалар бұрынғыдан да байытылды, педагогтерге өз тәжірибесінде авторлық оқу

дәрістерін жүргізуге рұқсат берілді. Мемлекеттік жоғары оқу орындарында тегін оқумен қоса, коммерциялық негізде оқыту да енгізілді. Сол жылдары өмірлік жолын таңдаған абитуриенттер үшін экономика және заң мамандықтары, сондай-ақ шет тіліне байланысты мамандықтар мәртебелі болып саналды.

1992 жылы менің Жарлығыммен, оқуы шетелдік мұғалімдердің тартылуымен, америкалық несие жүйесі бойынша жүргізілетін Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ) ашылды. Ондағы оқу ағылшын тілінде жүргізіледі. Ол, біздің елді айтпағанда, бүкіл посткеңестік кеңістіктегі принципті түрдегі жаңа оқу мекемесі болатын.

1990-шы жылдарға тән зияткерлік еркіндік жағдайында ұлттық білім беруді дамытуға әлемдік ғылымның жаңа жетістіктерін енгізу айтарлықтай әсер етті. Факультеттерде жаңа кафедралар пайда болып, түпнұсқалық бағдарламалар мен әдістемелер енгізілді. Университеттер кеңестік Қазақстанда болмаған мамандықтарға оқыта бастады. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде және басқа да мәртебелі университеттерде сыртқы байланыстар саласына мамандар даярлау үшін халықаралық қатынастар және елтану бөлімдері ашылды.

Экономиканың жоғары білікті заманауи кадрларға деген сұранысын қанағаттандыру үшін, 1994 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанынан Мемлекеттік басқарудың ұлттық жоғары мектебі ашылды.

Сол жылы бекітілген Қазақстандық жоғары білім берудің мемлекеттік стандарты оның бакалавриат пен магистратура деген екі деңгейін енгізді. Жоғары оқу орындарына түсу емтихандары тест формасында жүргізілді. Абитуриенттердің білімін бағалаудың мұндай тәсілі объективті және ашық деп есептелінді. 1995 жылы әр мамандыққа жеке-жеке жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттары жасалып енгізілді. Олардың жалпы саны 300-ге жетті.

Біздің болашақты болжау мен стратегиялық көрегендігіміздің бір үлгісі – 1993 жылдың 5 қарашасында бекітілген «Болашақ» халықаралық стипендиясы болды. Мемлекеттің қаржылық жағдайы елеулі шығындарды ауырсынатынына қарамастан, мен елдің болашағын ойлай отырып, ең лайықты деген жас қазақстандықтарды әлемнің үздік университеттерінде оқытуға қажетті қаржы бөлуге пәрмен бердім.

Менің ойымша, елді дамытуда және оның гүлденуіне ауқымды үлес қосуда жетекші рөл атқаруға тиісті зияткерлер шоғыры солардан қалыптасуға тиісті болатын.

1994 жылы Қазақстанның 187 студенті АҚШ-қа, Ұлыбританияға, Германия мен Францияға оқуға аттанды. Шетелдік жоғары оқу орындарымен

әріптестік дамып, нығая түскен соң бұл кеңістік те ұлғайды: жастарымыз Қазақстан экономикасына қажетті жаңа мамандықтарға ие болды.

Қазақстан ғылымының алғашқы қадамдары

1990-шы жылдардың басында Қазақстанда 200-ден астам ғылыми мекеме жұмыс істеді. Бүкіл зерттеу жұмыстарын Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы үйлестірді. Қаржыландырудың қысқаруы мен экономикалық дағдарысқа қарамастан, мемлекет іргелі ғылымдарды дамытуға ерекше көңіл бөлді. 1992 жылы ғылым саласындағы басқару функциялары берілген Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі құрылды.

1993 жылдың қаңтарында оны жаңа қайта құру күтіп тұрған еді: жаңа Жарлыққа сәйкес қазақстандық ғылыми құрылымдар республиканың жоғары ғылыми мекемесі мәртебесіне ие болған Ұлттық ғылым академиясына біріктірілді.

Дәл сол жылдары шешуші ғылыми-техникалық бағыттар бойынша ұлттық ғылыми орталықтар құрыла бастады. 1992 жылдың мамыр айында Семей сынақ полигоны кешені базасында ядролық технологиялар саласы бойынша Ұлттық ядролық орталық құрылды. Сондай-ақ ғарыштық технологиялар, радиоэлектроника, информатика мен есептеу техникасы, биотехнологиялар, минералды ресурстар жөніндегі ғылыми орталықтар да пайда болды.

1992–1993 жылдары стандарттауға, ғылыми кадрларды аттестациялауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын тіркеуге, депондандырылған қолжазбалар мен диссертациялар үшін, патенттер беруге арналған арнайы ғылыми-техникалық құрылымдар ұйымдастырылды.

Экономикалық дағдарыс ғарыштық, стратегиялық зерттеулер, шығыстану және тағы да басқа жаңа ғылыми-зерттеу институттарының пайда болуына кедергі келтіре алмады.

Үкіметтің 1992 жылдың 23 шілдесінде қабылдаған «Жоғары аттестациялық комиссия туралы» қаулысы қазақстандық ғылыми кадрлар даярлау жүйесіндегі маңызды қадам болды. Жоғары аттестациялау комиссиясына диссертациялық жұмыстардың сапасына, олардың ғылыми және практикалық мәніне бақылау жасау функциясы берілді. Сол арқылы ізденушілер тұңғыш рет республиканың өзінде ғылыми мәртебе берілгені жөнінде дипломдар ала бастады. Аспирантурада жаңа мамандықтарға оқыту қолға алынды.

Тарих ғылымы бұрынғы идеологиялық догмалардан және бағыттардан азат етілді. Бұл бағыттағы маңызды қадам 1993 жылы белгілі тарихшы

М. Қозыбаевтың редакциясымен жарияланған «Қазақстан тарихы» оқулығы болды.

1995 жылдың маусымында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес жаңа Тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын қабылдады. Тұжырымдамада тарихты оқытудың өзекті мәселелері – тарихи ой-сананың басымдықтары, тарих ғылымының кейбір проблемалары мен тарих ілімінің перспективалары қарастырылды.

1990-жылдардың бірінші жартысына көз салғанда, біздің ғалымдарымыздың, оқытушыларымыздың, инженерлеріміздің ең ауыр кезеңнің өзінде өз борыштарына адал болып, теңдессіз игіліктер – білім мен жарқын болашаққа деген сенімді сақтай білгенін аңғаруға болады.

Ұлттық мәдениет пен өнердің қайта түлеуі

Мыңжылдық қазақ мәдениеті жас елдің тәуелсіздігінің сенімді тірегіне айналды. Мемлекеттің мәдени саясаты қазақ халқының аса бай мұрасын іздеумен қоса, оның дәстүрлері мен ғұрыптарын жандандыруды да қамтыды – олар елдің күнделікті өмірін рухани тұрғыда байытып, біздің өткенімізді қазіргі кезеңмен және болашақпен жалғауға тиісті еді.

1988 жылы Наурыз мерекесі қайта аталып өтіле бастады. Менің «Халықтық Наурыз мейрамы – көктем мерекесі туралы» Жарлығым шыққаннан кейін, 1991 жылдың 15 наурызында осы ежелгі мереке ресми мойындауға ие болды. Күн мен түн теңелетін 22 наурыз мереке күні болып белгіленді. Дәл сол кезде теңдессіз төл мұрамыз айтыс та руханиятымызға қайта оралды.

1992 жылдың қыркүйек, қазан айларында өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы Қазақстанның мәдени өміріндегі жарқын оқиға болды. Жер жүзінің әр түкпірінен атамекеніне танымал жазушылар, суретшілер, әртістер, бизнесмендер мен қоғам қайраткерлері келіп, мемлекеттік тәуелсіздік, ұлттық бірлік, ұлтаралық келісім, болашақ ұрпаққа саламатты тәрбие беру мәселелерін талқылады. Шетелдік қазақ диаспорасының өкілдері Алматыда, Шымкентте, Түркістанда және басқа да қалаларда болып, Қазақстанның өмірімен, тұрмысымен және мәдениетімен танысты.

1995 жылы еліміз Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуын салтанатты жағдайда атап өтті. Қазақтың ұлы ақыны һәм данышпанының мерейтойы әлемдік маңызға ие мәдени оқиғаға айналды. ЮНЕСКО-ның шешімімен 1995 жыл Абай жылы болып жарияланды. 9 тамызда өткен ме-

рейтойлық салтанатты жиында сөйлеген сөзімде мен біздің халқымызға және таяуда ғана тәуелсіздікке қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекеттер қоғамдас-тығына тең құқылы мүше болып енген жас мемлекетімізге моральдық қол-дау көрсеткені үшін бүкіләлемдік гуманитарлық ұйымға алғысымды біл-дірдім. Иранда, Түркияда, Моңғолияда, Оңтүстік Корея мен Пәкістанда тәржімаланып, жарық көрген Абай туындылары қалың оқырманға қазақ данышпанының әлемін ашып берді және сол елдермен арадағы мәдени байланысты нығайтуға сеп болды.

1990-жылдардың бірінші жартысындағы заманауи қазақ әдебиетіндегі айқын құбылыстар ретінде Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабозын», Герольд Бельгердің «Завтра будет солнце» және «Земные избранники», Иван Ще-голихиннің «Не жалею, не зову, не плачу» және «Желтое колесо», Әнес Сарайдың «Еділ-Жайығын» атауға болады.

Сол жылдары елдегі драмалық театрлар да әртүрлі сипатта қызықты жағдайда жұмыс істеді. Маман Байсеркеновтің, Әзірбайжан Мәмбетовтің, Рубен Адриясанның, Жанат Хаджиевтің, Райымбек Сейітметовтің, Есмұхан Обаевтың спектакльдері айтарлықтай табысты жағдайда өтті.

1991 жылы қойылған Әмір Қарақұловтың «Отырардың күйреуі» тарихи драмасы сыншылар тарапынан жоғары баға алды және «Оскар» сыйлығы-на ұсынылды. Рас, сол кезде қымбатқа түсетін өткен дәуірдің көріністерін түсіру оңай емес еді – экономикалық жағдай ұлттық киноиндустрияны тиісті деңгейде қаржыландыруға мүмкіндік бермеді. Дегенмен кино өнерінде көркемдік сапа мен бюджет көлемі арасында тікелей байланыс жоқ. Ав-торларының ерекше дарындарының арқасында ең мәртебелі деген халық-аралық фестивальдарды мойындатқан қазақстандық аз бюджетті фильмдер осының айқын дәлелі. Қазақстанның жаңа киносының болмысын Әмір Қа-рақұловтың «Разлучница», Талғат Теменовтің «Махаббат бекеті», Сатыбал-ды Нарымбетовтің «Жас аккордионистің өмірбаяны», Дәрежан Өмірбаев-тың «Кардиограмма» және тағы да басқа фильмдер қалыптастырды.

1990 жылдардың басындағы ұлттық бейнелеу өнерінде Салахитдин Айтбаев, Айша Ғалымбаева, Гүлфайруз Исмайлова, Исатай Исабаев, Ма-рия Лизогуб сияқты танымал суретшілермен қоса, жас өнер қайраткерлері де танымалдыққа ие болды: олардың бәрінің де туындылары халықаралық байқауларға қатысып, мұрағаттар мен жеке коллекцияларды толықтырды.

Елдің музыкалық өмірі де айтарлықтай өркендеді. 1993 жылы Айман Мұсаходжаева мемлекеттік «Солистер академиясын» құрып, жетекшілік етті. Пианист және педагог Жәния Әубәкірованың авторлық музыка мек-тебі 1994 жылы, Әлібек Дінішевтің театры мен вокал академиясы 1997 жылы ашылды. Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Лаки Кесоглу сияқты отандық

эстрада жұлдыздары бұрынғысынша көрермендерін тәнті ете түсті. Жастар арасында «Үркер» және «Дуэт L» танымалдылыққа ие болды, алайда басты табыс бұрынғы кеңестік республикалардың бәрінде танымалдылыққа ие болған «А-Студио» тобына тиісті болды.

Спорт: тұңғыш чемпиондар

Тәуелсіз Қазақстандағы спорттық ахуал бірден қызу қарқынмен дамыды: жекелеген спортшылар мен командалар федерацияларға, ассоциациялар мен одақтарға бірігіп, ұлттық біріншіліктерде және спорттың әртүрлі түрінен өткен жарыстарға қатысты.

1992 жылғы Барселонадағы жазғы Олимпиада ойындарында қазақстандық спортшылар ТМД-ның біріккен құрамасы құрамында өнер көрсетті. Ирина Герлиц әйелдер баскетбол құрамасымен Олимпиада алтынын, волейболшылар Елена Чебукина мен Татьяна Меньшова күміс медаль, грек-рим күресінен Дәулет Тұрлыханов, мылтық атудан Владимир Вохмянин қола жүлде ұтып алды.

1994 жылғы Норвегияның Лиллехаммер қаласындағы Қысқы олимпиада ойындарында қазақстандықтар тұңғыш рет өз мемлекеттік туы астында өнер көрсетті. Сол жолы тұңғыш рет Владимир Смирновтың жеңісі құрметіне олимпиада тарихында Қазақстанның мемлекеттік әнұраны орындалды. Біздің көрнекті шаңғышымыз 50 шақырым қашықтықтағы алтын жүлдемен қоса, 10 және 15 шақырымда екі күміс медаль иемденді.

Жапонияның Хиросима қаласында 1994 жылдың қазан айында өткізілген Азия ойындары қазақстандық спортшылар үшін жеңіспен аяқталды. Ресми емес командалық есепте біздің құрама 25 алтын, 26 күміс және 26 қола медаль жеңіп алып, төртінші орыннан көрінді.

Халықаралық жарыстарға қатысып, жеке және командалық табыстарға кенелген Қазақстанның үздік спортшылары өз елінің мәртебесін абыроймен қорғады. Олардың жеңістері бүкіл әлемнің назарын саясатта ғана емес, сондай-ақ әлемнің спорттық картасында да елеулі орынға көтерілген жаңа тәуелсіз елге аударды.

6. СЫРТҚЫ САЯСАТ: ТЫҢҒА ТҮРЕН САЛҒАНДАЙ...

СЫРТҚЫ САЯСАТ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Егемен мемлекеттің сыртқы саясаттағы бағдарын айқындау. Көпполярлы доктрина

Жас мемлекет үшін тырнақалды сыртқы саяси қадамдар ауырға соғады. Қазақстанға өзінің сыртқы саясатын тыңнан бастауға тура келді. Сыртқы саяси бағытты қалыптастырудың негізгі қиындығы елдің өз тәуелсіздігін тыныш та тұрақты жағдайда емес, мүлдем жаңа геосаяси жағдайда бастауында болатын. Дәл осындай кезеңде мемлекеттің Қазақстанның мүдделеріне тікелей немесе жанама әсері бар халықаралық процестердегі ұстанымдарын мүлтіксіз белгілеу қажет болатын.

КСРО-ның ыдырауы жаһандық және аймақтық деңгейде түрлі зардаптар туындатты. Посткеңестік кеңістікте қарулы жанжалдар пайда болды. 1992 жылдың наурыз-сәуірінде Мохаммед Наджибулла режимінің күйреуі Ауғанстанда ішкі соғыстың туындауына әкеліп соқты, мамырда Тәжікстанда қақтығыстар басталды. Тұрақсыздық қатері әзірге өз қауіпсіздігі мәселесін шеше алмаған, сондықтан әлсіз болып отырған ортаазиялық жаңа мемлекеттерге де төнді.

Қазақстанның өз ішіндегі және одан тысқары аймақтағы түрлі күштер арандату әрекеттері арқылы қазақстандықтарды бір-бірімен ғана емес, сондай-ақ көршілерімен де жанжалдастыруға тырысты. Кеңестік дәуірдің ауыр мұраларының бірі – Қазақстан үшін көрші мемлекеттермен аумақтық дау-дамай болатын.

КСРО-ның ядролық арсеналының қомақты бөлігіне ие болып қалған тәуелсіз Қазақстан жетекші державалардың қатаң бақылау объектісіне айналды. Халықаралық саясатта қалыптасқан стереотиптерге орай, олардың өздеріне мүлдем бейтаныс жас мемлекетке деген көзқарасы шу дегенде әртүрлі болды. Басында біздегі ақиқатты білмеген олар Қазақстанды ядролық қаруы бар және бүкіләлемдік қоғамдастыққа қатер төндіретін ислам мемлекеті деп қабылдады.

Бұл жағымсыз образ бізге ғана емес, сондай-ақ біздің болашақ әріптестерімізге де кедергі келтірді.

Қиындық мынада болатын: іс жүзінде Қазақстанда күрделі сыртқы саяси міндеттерді шешуге өкілетті кәсіби дипломаттар болмады. Кеңестік дәуірде Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде негізінен хаттамалық шаралармен және халықаралық мәдени әріптестікпен айналысатын бірнеше адам ғана жұмыс істеді. Мен күрделі міндеттер шешу алдында тұрған біздің еліміздің, дәстүрлі саяси мәселелерді айтпағанда, шетелде бірде-бір өкілділігінің жоқтығын, сыртқы саяси мәселелердің қарапайым тәжірибелері де білікті мамандары да жоқтығын талай мәрте айтқам.

Бастапқы кезде, басқа да жас тәуелсіз мемлекеттер сияқты, Қазақстанның халықаралық мүдделерін Ресей қорғады. Алайда мұндай амалсыз шара ұзаққа созылуға тиіс емес еді. Міндетті түрде өзіміздің сыртқы саяси және дипломатиялық жүйемізді жылдам құруымыз керек болатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еуразиялық кеңістіктің болашағы әзірге беймәлім болды, біз шетелдік үлгілерді көрсоқырлықпен қайталамай, керісінше, тек өзіміздің ұлттық мүдделерімізді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын қалыптастырдық.

Бірінші бүкілхалықтық президент сайлауы өткеннен кейін, келесі 1991 жылдың 2 желтоқсаны күні мен қазақстандық сыртқы саясаттың негізгі принциптері мен басым бағыттарын белгіледім. Қазақстан өзінің геосаяси жағдайы мен экономикалық әлеуетіне орай аймақтық тар ауқымда шектеліп қалмауға тиісті еді. Қазақстанның болашағы Азиямен де, Еуропамен де, Шығыспен де, Батыспен де байланысты болатын. Шығыс пен Батыс арасындағы өзара түсіністік бір-бірінің ерекшелігін білуіне және біздің елдеріміз бен халықтарымыздың игілігі жолында барлық мүмкіндіктерді есептеуге байланысты болатын. Дәл осындай саясат жүргізген мен Қазақстанның қауіпсіздігіне қатер төндіретін қандай да бір құбылыстың алдын алатынымызға сенімді болдым.

88 Қазақстанның геосаяси жағдайының ерекшелігін түсіну бізге әлемдік алыптармен көрші орналасқан жас мемлекетіміздің болашағын болжай білуге көмектесті. Көптеген адамдар әлсіздік факторы деп есептеген нәрсенің бәрін біз, керісінше, табыстың кепілі есебінде қарастырдық. Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы дәл осындай жағдайы біздің көпвекторлы сыртқы саяси бағытымыздың іргетасына айналды.

1991 жылдың өзінде біз Қазақстанды жігерлі түрде әлемге таныта бастадық. Сол кезде мен АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкермен, Ұлыбританияның премьер-министрі Джон Мейджормен, Австрия канцлері Франц Враницкимен, Герман саясаткерлері – вице-канцлер, сыртқы істер министрі Ганс-Дитрих Геншермен және қаржы министрі

Теодор Вайгельмен, Австралияның және Иранның сыртқы саясат ведомстволарының басшылары – Гарет Эванспен және Али-Акбар Велаятимен, Сингапур премьер-министрі Ли Куан Юмен, Мәскеуде аккредиттелген АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Болгария, Мексика және басқа елдердің елшілерімен, сондай-ақ шетелдік бизнес өкілдерімен кездестім. Мен Мемлекет басшысы ретіндегі өзімнің ресми сапарымды Түркиядан және Ұлыбританиядан бастадым.

Қазақстанның сыртқы саясатының негізі мемлекеттік деңгейде тұңғыш рет отандық дипломаттар үшін практикалық басшылыққа айналған «Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясында» қалыптастырылды. Біз Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының бейбіт сипатын әйгілеп, шекаралардың бұзылмау принципін нақтыладық және соғысты мақсатқа жетудің тетігі есебінде жоққа шығарып, Қазақстанның әлемдік экономика мен Еуразияның геосаяси картасындағы өз орнын табуға деген ниетін ұқтырдық. Стратегия қазақстандық сыртқы саясаттың маңызды бағыттарын белгіледі. Олар «ТМД» – жаңа тәуелсіз мемлекеттер, «Азия-Тынық мұхит аймағы» – Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия, «азиялық», «еуропалық» және «америкалық» бағыттар – сәйкесінше, Таяу және Орта Шығыс, Еуропа, АҚШ пен Латын Америкасы болатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақстандық сыртқы саясаттың ең байыпты мазмұны – заманауи дипломатия мен өткен тарих арасындағы байланысты түсінуі болды. 1992 жылғы стратегияда біз елдің геосаяси жағдайы оның болашағын нақтылайтынын көре білдік. Еуропа мен Азияның - өліара тұсында жатқан ежелгі Қазақстан қашанда қайнаған сауда мен саяси байланыстардың аренасы болды. Соған сәйкес, Қазақстан бұрынғы КСРО-ның ортаазиялық бөлігін Еуропамен, жылдам дамып келе жатқан Азия-Тынық мұхит аймағымен және Азия құрлығының оңтүстігімен байланыстыруға тиісті маңызды стратегиялық рөл атқара алатын.

Халықаралық қатынастарды нөлден бастадық және көп жағдай мемлекет және Үкімет басшыларымен, ірі шетелдік компаниялар мен ұйымдардың жетекшілерімен тікелей кездесуге және келіссөздерге байланысты болды. Сондықтан маған батыл әрекетке кірісуге және, қажет болған жағдайда, біздің ұлттық мүддемізге сәйкесетін тараптарда белсенділік танытуға тура келді.

Тәуелсіз Қазақстанның күрделі қалыптасу кезеңі болған 1992 жылдың өзінде мен жұмыс сапарымен Швейцарияда, Австрияда, Үндістанда, Пәкістанда, АҚШ-та, Финляндияда, Түркияде, Германияда, Францияда болдым. Мұндай қызу қарқын одан кейін де сақталды.

1992 жылы аймақтық қауіпсіздік мүддесіне орай, Қазақстан – Әзербайжан – Армян жанжалын басудың жолын іздеуге атсалысты. Сол

жылдың тамыз айында Алматыда Таулы Қарабах мәселесі бойынша үш-жақты келіссөздер жүргізілді. Оған Әзербайжанның, Арменияның, Қазақстанның Сыртқы істер министрлері қатысты және ол әскери қақтығыстарды тоқтатудағы шешуші қадам болды.

1992 жылдың жазында біз Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін толыққанды институт есебінде құру жұмыстарын аяқтадық. Шілде айында мен Сыртқы істер министрлігі, дипломатиялық құрылымдар мәртебесі мен өкілеттілігін ресми түрде орнатқан елдердің елшіліктері туралы Ережені бекіттім, әрі олардың ұйымдастырушылық және кадрлық мәселелері шешілді.

Сыртқы істер министрлігі бос жұмыс орындарына республикалық байқау жариялады. Кадрлық және тілдік комиссиялар құрылып, олардың құрамына тәжірибелі дипломаттар, оның ішінде бұған дейін КСРО мен Ресей Федерациясының сыртқы істер министрліктерінде жұмыс істеген отандастарымыз кіргізілді.

1992–1993 жылдары еліміздің БҰҰ-дағы, Ресейдегі, Қытайдағы, АҚШ-тағы, Түркиядағы, Франциядағы, Бельгиядағы, Венгриядағы, Ирандағы, Үндістандағы, Мысырдағы, Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Әзербайжан мен Украинадағы елшіліктері мен дипломатиялық өкілдіктері ашылды.

Мен 1995 жылдың ақпанында өткен сыртқы саясат жөніндегі жиында сөз сөйлеп, дипломаттарымыздың назарын ұлттық дипломатия саласында жұмыс істеп, Қазақстанның өкілі болатындардың бәріне қойылатын жоғары талаптарға аударуға, сондай-ақ елдің экономикалық және мәдени дамуына қолдау көрсететін сыртқы саясатпен қамтамасыз ету мәселелеріне басымдық бердім.

Екіжақты мемлекетаралық қатынастардың орнауы: «достық көпірлері»

90

Қазақстан алғашқы күндерден бастап барлық елдермен өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға әзірлігін және ниеттілігін білдірді. Бұл позиция өзгеріссіз қалды.

Мен реалист саясаткер ретінде Қазақстанның жағдайында іргелес Ресей мен Қытай және бүкіл әлемге ықпалы үлкен супердержава – АҚШ сияқты ірі мемлекеттермен өзара тиімді, достық қарым-қатынастың маңызды екенін түсіндім. Біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының өзінде өзара сенімге негізделген осындай байланыстарды нығайтуға кірістік. Қазақстанның

әлемдік саясаттан тысқары қалмауы Ресей, Қытай мен АҚШ сияқты үш державамен арадағы жемісті әріптестіктің арқасы екеніне мен берік сенімдімін.

Қазақстан үшін қашанда Ресеймен қарым-қатынас басым бағытқа ие. Екі ел арасындағы көпқырлы әріптестік пен тығыз байланыс ортақ тарихтың көп жылғы дәстүріне негізделген, арада әлемдегі ең ұзын шекара сызығы, тығыз экономикалық және адами байланыстар, мәдени-гуманитарлық құндылықтар жақындығы бар.

Екіжақты қарым-қатынастың негізгі бағыттарын нақтылаған бірінші тарихи құжат Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылдың 25 мамырында қол қойылған Достық, әріптестік пен өзара көмек туралы келісім болды. Келісімде Қазақстан мен Ресей өз қарым-қатынастарын одақтас мемлекеттер ретінде нығайтып, қалыптасқан берік тарихи байланыстарға арқа сүйеуге келісті. Екіжақты байланыстар мемлекеттік тәуелсіздіктің, аймақтық тұтастық пен қалыптасқан шекараның мызғымастығы, ішкі істерге араласпау, адам құқығы мен негізгі бостандықтарды сақтау, міндеттемелерді орындау, жанжалдарды бейбіт реттеу, экономикалық және басқа да қысым тәсілдері бар күш немесе қауіпті әрекеттер қолданбау қағидаларына негізделді.

Қазақстан – Ресей қарым-қатынастары басынан бастап түрлі деңгейлер мен әртүрлі салалардағы белсенділігімен ерекшеленді. Ресей басшысы Борис Ельцинмен жеке қарым-қатынастың үлкен маңызы болды. Біз жыл сайын екіжақты форматты кездесулер өткізіп, халықаралық шараларда, сондай-ақ ресми емес жағдайда сөйлесіп отырдық.

Әлі есімде, Ресей үшін ауыр тиген 1990-шы жылдары көршілерімізде астыққа байланысты қиын жағдай қалыптасып, Борис Николаевич премьер-министр Виктор Черномырдинді Қазақстанға жіберді. Мен Ельциннің өтініші біз үшін өте маңызды екенін айтып, қажет болса, Ресей Қазақстанға астығына арқа сүйей алатынын ескерттім. Ол бос сөз, саяси декларация емес, қиын шақта бір-бірімізге қол ұшын созу болатын.

Борис Ельцин пейілі кең, сенімді дос еді. Ол – маған, мен оған сендік. Меніңше, біздің елдеріміздің арасындағы тұрақты достық пен әріптестік – көп жағдайда осы Борис Николаевичтің еңбегі.

Менің Қазақстан Президенті ретіндегі 1994 жылдың наурыз айында Ресейге жасаған ресми сапарым Қазақстан – Ресей қарым-қатынастары дамуының маңызды белесі болды. Оның қорытындысы бойынша 22 құжатқа, оның ішінде Экономикалық әріптестік пен интеграцияны одан әрі тереңдету келісіміне, Ресейде тұрақты тұратын қазақстандықтардың, Қазақстандағы ресейліктердің азаматтық және құқықтық мәртебесі туралы

меморандумға, Байқоңыр ғарыш айлағын пайдалану туралы келісімге қол қойылды.

Қазақстанның ең басты сыртқы саяси міндеттерінің бірі – шығыстағы көршіміз Қытай Халық Республикасымен бейбіт қарым-қатынас орнату еді. 1993 жылдың қазан айында Қытайға жасаған алғашқы ресми сапарымда екі ел арасындағы өзара достық қарым-қатынастың негіздері туралы Бірлескен декларацияға қол қойылды.

Тараптар барлық даулы мәселелерді ешқандай күш қолданбай және қандай да бір формадағы қатерлі әрекеттерге, бір-бірінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қимылдарға бармай, бейбіт тәсілдермен шешетінін көрсетті.

Келіссөз барысында маған ҚХР төрағасы Цзян Цзэминьмен жеке достық қатынас орнатудың сәті түсті, ол «Қытайдың Қазақстанға ешқандай аумақтық наразылығы жоқ, шекаралық мәселелер бізге тарихи мұра екендігі және оларды келіссөздер арқылы шешуге болады» деген тұжырыммен аяқталды.

Қазақстан – Қытай қарым-қатынасын нығайтуда 1994 жылдың сәуірінде ҚХР Мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Пэннің Қазақстанға жасаған сапары үлкен рөл атқарды. Ол бірнеше маңызды үкіметаралық құжаттарға, соның ішінде Қазақстан – Қытай шекарасы туралы екіжақты келісімге қол қоюмен аяқталды.

1995 жылдың қыркүйегінде мен ҚХР-ға екінші ресми сапар жасадым. Біз достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту мен тереңдету туралы Бірлескен декларация қабылдадық. Сонымен қоса Қазақстанның Ляньюньган теңіз портын пайдалануы туралы маңызды үкіметаралық келісімге қол қойылды.

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі – Америка Құрама Штаттарымен екіжақты қарым-қатынас.

1992 жылдың мамыр айында мен Сауда байланыстары туралы келісімге, Қаржы салымдарын ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімшартқа және Екі елдің үкіметтері арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылған АҚШ-қа алғашқы ресми сапарымды жасадым. Біз АҚШ президенті үлкен Джордж Бушпен көптеген саяси мәселелерге байланысты ортақ пікірге келдік және осындай қарым-қатынас екеуара достық байланыстарға ұласты. Сол жылы АҚШ президенті Қазақстанды Тәуелсіздігінің бір жылдығымен құттықтап, маған мынадай сөздер жолдады: «Өткен жылдарда Қазақстан халықаралық мойындалу тұрғысында және саяси-экономикалық реформаларды жүзеге асыруда үлкен прогреске қол жеткізді. Сіз осынау қиын кезеңдегі жетістіктеріңізбен мақтана аласыз».

1994 жылдың ақпанында біз американың жаңа басшысы Билл Клинтонмен Вашингтонда кездесіп, Демократиялық әріптестік туралы хартияға қол

қойдық. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында Қазақстан алғашқы болып Құрама Штаттар тарапынан теңқұқылы әріптес ретінде мойындалды.

Осы кезеңде Қазақстанның жетекші еуропалық елдермен арадағы дипломатиялық байланыстары қалыптасып, дами түсті. 1992 жылдың қыркүйегінде мен Германияға, сосын Францияға сапар шектім.

1993 жылдың қыркүйегінде Франция президенті Франсуа Миттеран біздің елімізге келді. Аса ірі батысеуропалық мемлекет басшысының Қазақстанға бұл сапары, әлбетте, біздің жас республикамыздың табыстары өзгелерді мойындата бастағанын паш етті. Франсуа Миттеран, «Батыс Еуропа үшін Қазақстан бұрынғы КСРО-дан шыққан жас мемлекеттердің арасында ең тұрақты да болашағынан зор үміт күттіретіндердің бірі саналады» деді.

1994 жылдың наурыз айында менің Ұлыбританияға жасаған ресми сапарым кезінде екі ел арасындағы саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастық туралы бірнеше құжатқа қол қойылды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғашқы болып мойындаған Түркия біз үшін маңызды аймақтық әріптес. 1992 жылдың наурызында Алматыда екі ел арасындағы дипломатиялық қатынас орнату туралы хаттамаға және екі ел азаматтары үшін визасыз тәртіп енгізу туралы келісімге қол қойылып, 21 сәуірде Түркия Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі маған сенім грамотасын тапсырды. Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш жүзеге асырылған дипломатиялық салтанат біздің еліміздегі шетелдік дипломатиялық корпусының қалыптасуының басы болды. Небәрі бір аптадан соң Қазақстанға өз елінің елшілігінің салтанатты ашылуына Түркияның премьер-министрі Сүлеймен Демирел келіп, жүргізілген келіссөздер барысында Қазақстанда жүзеге асырылуы тиісті ауқымды экономикалық жобаларға, соның ішінде Каспийдегі мұнай кеніштерін өңдеуге қызығушылығын танытты.

1993 жылдың сәуір айында Қазақстанға Тұрғыт Озал келді. Біз – Түркістанға бірге барып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін және елдің бірқатар қаласын араладық. Жоғарғы Кеңесте сөз сөйлеген Түркия басшысы: «Түркия Қазақстанға барлық көмегін жасауда және жасай да береді, өйткені бір халықтың дамуы екіншісінің де дамуына ықпал етеді», – деп атап көрсетті.

1994 жылдың қазан айындағы менің Түркияға жасаған бірінші ресми сапарым екіжақты қарым-қатынастарды анағұрлым жоғары деңгейге шығарды. Елдің жаңа президенті Сүлейман Демирелмен және премьер-министр Тансу Чиллермен Достық және әріптестік туралы келісімге қол қойылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы, ең ауыр жылдарында Түркия Қазақстанға елеулі сыртқы саяси қолдау көрсетті. Жоғары деңгейдегі жүйелі Қазақстан – Түрік кездесулері дәстүрге айналды. Тығыз саяси байланыстар экономикалық және мәдени әріптестікті тереңдетуге септігін тигізді. 1995 жылдардың орта тұсында Қазақстанда 150-ден астам түрік фирмасы тіркеліп, тура әуе рейстері ашылды. Жыл сайын жүздеген жас қазақстандықтар Түркияда дәріс алып, түрік студенттері Қазақстан жоғары оқу орындарында оқыды.

Айқын экономикалық, саяси және мәдени факторларды ескере отырып Қазақстан ортаазиялық көршілері – Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Тәжікстан және Түрікменстанмен байланысқа ерекше көңіл бөледі.

1994 жылдың сәуірінде Қазақстан, Өзбекстан мен Қырғызстан басшылары Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қойды. Сол жылдың шілде айында оның – тұрақты атқару комитеті бар Мемлекетаралық кеңес, Премьер-министрлер кеңесі, Сыртқы істер министрлігінің кеңесі және Қорғаныс министрлерінің кеңесі жұмыс істей бастады.

Еліміз үшін оңайға түспеген сол жылдары, аса маңызды жетекші державалармен қарым-қатынас орнатып, әлемдік саясатта ықпалы зор тұлғалар саналатын – үлкен Джордж Буш, Маргарет Тэтчер, Борис Ельцин, Цзян Цзэминь, Ли Куан Ю, Франсуа Миттеран, Джон Мейджор, Сүлейман Демирел және тағы басқа көрнекті адамдармен жемісті диалог орнатудың сәті түсті.

Ядролық қарусыз әлем жолындағы көшбасшылық және мемлекет қауіпсіздігін нығайту

Аумағымыздағы Семей сынақ полигоны, мұраға қалған кеңестік қару-жарақ тәуелсіз республиканың меншігіне өткеннен кейін, бізге үлкен таңдау жасау қажет болды. Бәске ұзақ мерзімді ұлттық қауіпсіздік тігілді. Таразының бір басында, өзіміздің әскери қуатымыздың ресурсы ретінде ядролық әлеуетті сақтап қалу, ал екінші басында өзіміз үшін ядролық қарусыз болашақ таңдап, одан бас тарту арқылы бүкіл жер жүзіне біздің мақсатымыз күшімізді қару-жарақ жинаумен дәлелдеу емес екенін көрсету тұрды.

Осынау күрделі таңдау алдында тұрған кезде Алматыға, көптеген адамдар үшін тірі аңызға айналған, Маргарет Тэтчердің келгені есімде. Дегенмен алғашқы кездесуден-ақ бастысы қонақтың биік мәртебесі немесе

маңызын сезіну емес, жұмыс пен мәселенің шешілуі екеніне ден қойдық. Ол өте еркін, тік мінезді әрі ашық адам болатын. Тэтчер бірінші кездесудің өзінде маған: «Сіз ядролық қаруды не істемек ойдасыз?» – деген сауалды тікесінен қойды. Іштей кесімді шешім қабылдап қойсам да, әлі де ойлану үстіндегідей қалып таныттым. Бір жағынан маған оның мұндай тік мінезі ұнады. Екінші жағынан, Тэтчердің бұл сауалды өз тарапынан ғана емес, сондай-ақ батыстағы тұтас саясаткерлер ортасы атынан қойып отырғанын түсіндім. Ал негізгі келіссөз процесі әлі алда еді, сондықтан картаны алдын-ала ашып тастауға да болмайтын. Дегенмен мен Тэтчермен барынша ашық сөйлесуге шешім қабылдадым және өз көзқарасымды барынша нақты білдірдім. Қазақстан қару-жарақтың таралу қаупіне жауапкершілікпен қарайды, бірақ бізге ядролық мемлекеттердің кепілі қажет еді, сонымен бірге елеулі инвестицияға есеп жасап отырғанбыз. Онсыз біз нақты келіссөздер жүргізе алмайтын едік. Осы әңгіме барысында Тэтчер мені мұқият бақылады. Бірінші кездесудегі сол ойлы да қатаң көзқарас есімде жақсы сақталыпты. Өзіңді рентген сәулесі арқылы тексеріп жатқандай болатын. Алайда біздің сөзімізде ешқандай жасырын астар болған жоқ. Тэтчер менің ашықтығымды жоғары бағалады. Кейде саясатта стереотиптерді бұзу да қажет. Өзіңнің қарсы алдыңда отырған адамның мінез-құлқы мен деңгейін түсіну де маңызды. Менің басымнан әлемдегі ең ірі мемлекеттердің бірінің президентіне байланысты бір оқиға өтті. Атын айтпақ-ақ қояйын. Өйткені тұтас бір мемлекеттің беделіне нұқсан келтіргім келмейді. Дегенмен сол адамның бойындағы үлкен саясатқа деген көзқарас болмашы ғана есебі бар кішкентай компанияның жұмысты жаңадан бастаған есепшісіне тән болатын. «Есесіне мен не аламын, әңгімелесуші мені алдап кетпей ме?» дегендей ойда отыратын. Ал Маргарет Тэтчермен әңгіме барысында оның ерік-күші мен деңгейін бірден сезіндім. Ол қашанда өзіне не қажет екенін білетін. Әңгіме деңгейін де өте үлкен биікке шеберлікпен көтере алатын. Алматыдан аттанарда Тэтчер маған: «Меніңше, Сізбен әлі де көп жайды талқылауға болатын сияқты», – деді. Шынында да, солай болды. Бұдан кейін де онымен бірнеше мәрте кездестік. Лондонға барған сайын мен міндетті түрде оған соғатынмын.

Осылайша, Қазақстанның «ядролық мәселеге» байланысты таңдауы біржола шешілді: 1991 жылдың 29 тамызында мен Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойдым. Алайда проблемалар көп еді. Сондықтан 1992 жылдың қазанында БҰҰ-да сөз сөйлегенде, мен осынау ажалдың апанын жапқанымызды, бірақ аймақты сауықтырып, зардап шеккендерді емдеу, нәрестелерді қатерден қорғау үшін мол қаржы керек екенін атап көрсеттім.

Әлемдегі АҚШ, Ресей мен Украинадан кейін көлемі жағынан төртінші ядролық арсеналдың тағдыры туралы мәселе ашық күйінде тұрған. 1991 жылдың соңында республика аумағында 1216 ядролық оқтұмсық болды. Бұл сол кезде Ұлыбританияның, Франция мен Қытайдың оқтұмсықтарын қосып есептегеннен де көп болатын. Мен «ядролық қару-жарақ Қазақстанның аймақтағы ықпалын күшейтуге қабілетті» дейтіндердің пікіріне мүлдем келіспедім. Саясаткер ретінде ядролық мемлекет мәртебесі елге болмашы ғана артықшылық беретінін, есесіне болашақта үлкен сыртқы саяси проблемалар тудыратынын айқын түсіндім.

Атап айтқанда, Ресей өзін КСРО-ның бірден-бір ядролық мұрагерімін деп есептеді, ал АҚШ пен басқа да батыс державалары әлемге тарап кеткен ядролық қарудың терроршылар үшін қолжетімді болу мүмкіндігіне алаңдады. 1992 жылдың басында жас тәуелсіз мемлекеттер ядролық қаруды бір жерден бақылау мәселесіне келісе алмағаннан кейін, олардың алаңдаушылығы тіпті күшейе түскен.

Біздің аумағымыздағы ядролық әлеует проблемасының шешімі белгілі бір деңгейде – Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Армения арасында 1992 жылдың мамырында Ташкентте қол қойылған Ұжымдық қауіпсіздік келісіміне айтарлықтай әсер етті. Аталмыш алты елдің кез келгеніне төнген сыртқы агрессия қатері қалған қатысушылардың оған, кез келген қажет болса, әскери көмек те беруге міндеттейтін.

Сол 1992 жылдың мамыр айында үлкен Джордж Бушпен келіссөздер барысында, «ядролық мәселенің» еліміз үшін барынша пайдалы, оңтайлы шешімін табудың сәті түсті. Біздің дипломатиямыз әлемдегі аса ірі державаның Қазақстанды саяси тұрғыда толық мойындауына және бізбен жан-жақты экономикалық әріптестікке әзір болуына қол жеткізді. Осылайша, әлем тарихында тұңғыш рет сыртқы саяси диалогта ядролық қаруға ие болу емес, керісінше, одан бас тарту маңызды тетікке айналды.

1993 жылдың ақпанында біз жаңадан сайланған АҚШ президенті Билл Клинтонның Мемлекеттік хатшы У. Кристоферге Қазақстанмен әріптестік мәселелерімен айналысу туралы тапсырма берген хатын алдық. Атап айтқанда, Б. Клинтон «Нанн-Лугар заңына сәйкес, АҚШ Қазақстанның ядролық қарудан азат болу процесіне көмектесу үшін қаржы бөлуге міндеттенетінін» жазыпты.

Дегенмен, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Қазақстанға келген кезде шахталардағы ядролық зымыран қондырғыларын жою жөніндегі келісімшартқа жылдам қол қойғызу үшін тізеге салмақ болды, мен оны тоқтаттым. Әрине, біз АҚШ-тың алаңдаушылығын түсіндік және өзім де келісімге қол қоюға дайын едім. Бірақ дәл мұндай стратегиялық шешім үшін Қазақстан не

алады? Мен оның есесіне Қазақстанның экономикасын әртараптандыруға, қорғаныс кәсіпорындарын бейбіт мақсатқа пайдалануға және басқа да қажеттіліктерге керекті америкалық инвестициялардың келуін талап еттім. Жалпы, біздің АҚШ-пен арада экономикалық әріптестік жөніндегі мемлекетаралық келісіміміз жоқ болатын. Біз тек мұнай бизнесі ғана емес, басқа да америкалық бизнес түрлерінің Қазақстанға келуін қаладық. АҚШ үкіметі оған мүмкіндігінше септесуге тырысты. Ол үшін мемлекетаралық маңызды келісімдер керек болатын. Қысқасы, келісе алмадық. Сөйтіп, Кристофер риза болмай кетті.

Мұндай жағдайларда АҚШ-қа пайдалы нәрселердің басқаларға да автоматты түрде пайдалы болатыны туралы америкалық элитаның ниеті заңды да. Бірақ маған өз елімнің мүддесін қорғау керек еді. Сөйтіп саналы түрде тәуекелге бардым. Бақытымызға орай, президент Б. Клинтон мен вице-президент А. Гор реалистік тұрғыда ойлайтын адамдар болатын.

1993 жылдың 10 желтоқсанында Жоғарғы Кеңес ядролық қару-жарақты таратпау туралы келісімшартқа қосылуға дауыс берді.

1994 жылдың 28 наурызында Борис Ельцинмен Қазақстан аумағында уақытша орналасқан Стратегиялық ядролық қарулар туралы келісімшартқа қол қойылды. Келісімшартқа сәйкес, Ресей Қазақстанға ядролық шабуыл қатерінен қорғауға кепілдік берді.

Қазақстанның басты артықшылығы – жаппай қырып-жоятын қару-жарақтың мол қорында емес, керісінше, ашықтықта, бейбітшілікте, саналы ой-сана мен моральдық беделде екенін біз о бастан жақсы сезіндік. Ол ядролық қарусыз мемлекетті жүздеген, тіпті мыңдаған оқтұмсығы бар мемлекеттерден де қауқарлы күшке айналдыра алатын. Ұзақ мерзімді ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін қатерлі қарудан бас тартудың мұндай саясаты барлық замандарда да өзгелерге үлгі болуға тиісті еді.

1994 жылдың қазан-қараша айларында АҚШ Қазақстаннан (Өскеменнен) Америкаға 600 килограм жоғары байытылған уранды алып кету жөніндегі «Жақұт» операциясын іске асырды.

1994 жылдың 5 желтоқсанында Будапештте өткізілген Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) саммитінде Қазақстан, Ресей, АҚШ және Ұлыбритания басшылары Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімге қосылған елдердің қауіпсіздігіне кепілдік беру туралы Меморандумға қол қойды. Соңынан Қазақстанға мұндай кепілдікті, Франция мен Қытай сияқты, басқа да ядролық мемлекеттер берді. Бұл әлемдік қоғамдастықтың Қазақстанның өз міндеттемесін орындауын мойындайтынын және оған жауап есебінде қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығына кепілдік беретінін білдіретін.

1995 жылдың мамыр айының соңына қарай Қазақстан аймағындағы ядролық қару толық жойылды немесе әкетілді, баллистикалық зымырандардың шахтадағы қондырғылары да жойылды. Осылайша, кеңестік ядролық қаруды мұраға алған, ел алдындағы аса күрделі міндетті – бүкіл әлемнің мүддесіне сәйкес және ұлттық қауіпсіздікке ешқандай нұқсан келтірмей шеше алдық.

Азия қауіпсіздігі жүйесіне алғашқы қадам

Мен 1992 жылдың 5 қазанында БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберінен алғаш сөйлегенде әлемдік қоғамдастыққа ауқымды азиялық кеңістікте бейбітшілікті қамтамасыз ететін ұйым құруды ұсындым. Осы бағыттағы нақты әрекеттер бұрын да болғанымен, сәтсіз аяқталған. Заманауи саяси ахуал жағдайында, мен айтқан Қазақстан Республикасының бастамасына сәйкес, ондай тиімді құрылым – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) бола алатын.

Мұндай идея тек қана БҰҰ-да қолдау тауып қойған жоқ – оны құрлықтағы саяси ахуалды нақтылайтын, ЕҚЫҰ мен Араб мемлекеттерінің лигасы сияқты, ықпалды халықаралық құрылымдар да қолдады. Сол кезде ойластырылған нәрсені жүзеге асырудың ұзақ жылға созылған жұмысы басталды. Азия елдерінің сыртқы саяси ведомстволарының өкілдері 1993–1994 жылдары АӨСШК-нің базалық құжаттар пакетін әзірлеген арнайы жұмыс тобын құрды. Ол бұдан әрі осы ұйымның барлық институттарын қалыптастырып, өзара байланыстыру, оның процедураларын реттеп, оған кіретін елдердің өзара әрекеттестік қағидаттарын орнату үшін қажет болды. АӨСШК-нің берік заңды іргетасы қаланды, енді жалпыазиялық сенімді қауіпсіздік жүйе сін құруға мүдделі барлық күштерді ауыр жұмыс күтіп тұрды.

Мемлекеттік шекараны делимитациялаудың басталуы

98

Іргелес мемлекеттермен бейбіт көршілік қарым-қатынас ел өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол теңқұқылы келісімдер жасап, өзара тиімді сауданы дамытуға, транзит әлеуетін өсіруге, ең соңында реформалардың табысына әсер ететін инвестиция тартуға көмектесетін. Мұндай қарым-қатынастардың ең басты шарты – нақты белгіленген, көршілер де, сондай-ақ әлемдік қоғамдастық та мойындаған мемлекеттік шекара құру болатын.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін құрылған жаңа тәуелсіз мемлекеттер әкімшілік шекаралармен бөлінді, алайда халықаралық құқық тұрғысынан бұрынғы КСРО-ның сыртқы шекарасы ғана бар еді. Ондай жағдай тұрақсыз еді, өйткені ол өзара аумақтық жанжалдарға негіз қалайтын.

Империя ыдыраған кезде бұрынғы республикалар арасындағы аумақтық-әкімшілік шекаралардың мемлекеттік деп мойындалуы қажеттігіне мен берік сенетінмін. Аумақтарға байланысты кез келген басқа да нұсқалар, сөзсіз, текетірестер мен жанжалдарға әкеліп соғатын.

Қазақстан ұстанған берік ұстаным іске ұласты: 1991 жылы 8 желтоқсанда біз қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімде, сондай-ақ сол жылдың 21 желтоқсанындағы Алматы декларациясында сол кездегі шекаралар бөлінбейді және оған ешкім қол сұқпайды деп мәлімделді. Республикалардың әкімшілік шекаралары мемлекеттік шекара деп мойындалды. Дегенмен ол үшін халықаралық нормаларға сай екіжақты келісімдер жасалуы керек еді. Мұндай міндеттерді шешу ұзақ уақыт пен үлкен еңбек талап ететіні бірден белгілі болды.

Дегенмен бастапқы кезде ешкім де бұл жұмыс үшін бақандай он үш жыл керегін болжай алмаған.

Даулы учаскелер көлемі 844 шақырымдық Қытаймен арадағы мемлекеттік шекара мәселесін шешудің күрделілігі одан бір де кем болған жоқ. Қазақстанға КСРО-дан бірнеше даулы шекара аймағы мұраға қалды – соған сәйкес, екі жылдан астам уақыт бойы Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстан мен Ресейдің бірлескен делегацияларының қатысуымен келіссөздер жүргізілді. 1994 жылдың 26 сәуірінде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара түбегейлі белгіленді.

Цзян Цзэминьмен жеке қарым-қатынасымыз біздің тарихымыздағы осы түйткілді мәселені шешуге көмектесті. Қазақтар үшін шекара – қасиетті ұғым. Жас мемлекетке тұрақтылық және шекараның айқындығы қажет.

Келіссөздің бастапқы кезі тығырыққа тірелгені есімде, сарапшылар ортақ шешімге келе алмады. Мәселе ең жоғарғы деңгейге дейін жеткен. Сол кезде Цзян Цзэминь маған аудармашы арқылы: «Нұрсұлтан, мен саған жәй ғана басқа мемлекеттің басшысы емес, дос есебінде қараймын және ашық айтам. Егер біз бұл мәселені қазір шешпесек, болашақта оның шешілуі қиынға соғады. Ұрпақ, басшылық ауысады. Болашақта бұл мәселенің қалай шешілетінін мен білмеймін», – деген еді. Мен оның не айтқалы тұрғанын жақсы түсініп, іштей оған келістім. Бұл мәселені кейінге қалдыруға болмайтын. Әңгіме салыстырмалы түрде шағын ғана даулы аймаққа байланысты еді. Дегенмен, аз да болса, Қазақстан жағының пайдасына қарай шешілетін нұсқа символдық тұрғыда маңызды болды. Мен даулы аймақтарға бай-

ланысты шешімді былайша ұсындым: даулы аймақтың 53 проценті – Қазақстанға, 47 пайызы – Қытайға тиесілі болсын. Мұндай мәселеде Цзян Цзэминь өте табанды еді және өз елінің ұлттық мүддесі ол үшін қашанда басымдыққа ие болды. Оның көзқарасы қаталданып, әжептәуір қатқылдау дауыспен: «Не, бұл сен үшін принципті түрде маңызды ма?» – деп сұраған. Мен де сондай қатқыл дауыспен: «Иә!» – деп жауап бердім. Қазақ халқының тарихи жады өте тереңде жатыр және Қытаймен арадағы шекараның нақтылануы тек қана өткен ғасырдың соңындағы Қазақстан үшін саяси баталияның мәселесі емес болатын. Онда өткен шақтың жаңғырығы болды, әрі үмітпен бірге ренішке де толы еді. Менің халқымның ұлттық көңіл күйі дәл осы мәселенің шешіміне байланысты болатын. Сөйтіп, үнсіздік орнаған. Сосын өз сарапшыларынан осы шешімнің дұрыс екендігі туралы сұраған ол, ақыры: «Жарайды, онда қол қояйық», – деді.

1995 жылдың 15 қыркүйегінде, ратификациялық грамоталар алмасқаннан кейін, Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасы туралы Келісім күшіне енді. ҚХР-мен мұндай келісімге тіпті КСРО-ның өзі де қол жеткізе алмаған. Қазақстан Республикасы тарихында тұңғыш рет Қытаймен арада мойындалған, бекітілген мемлекеттік шекара – бейбітшілік пен әріптестік шекарасы пайда болды.

Қазақстан және жаңа тәуелсіз мемлекеттер

Ресей (Б. Ельцин), Украина (Л. Кравчук) және Беларусь (С. Шушкевич) басшылары қол қойған Беловежье келісімі посткеңестік кеңістіктегі саяси ахуалдың күрделіленуіне әкеліп соқты. Оны жылдам реттеу жайын біз Орталық Азия республикалары басшыларының жұмыс кездесуімен байланыстырдық.

1991 жылдың 13 желтоқсанында Ашхабадта – Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Тәжікстан басшылары кездесті. Біз – өзбек басшысы Ислам Каримов екеуміз – жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы араздыққа жол бермес үшін көп күш-жігер жұмсадық.

Қазақстан талқылауға соңынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының кеңейтілген форматтағы теңқұқылы құрылтайшылары болған Орталық Азия республикалары достастығының жаңа жобасын ұсынды. 1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда бүкіл әлемнің назарын аударған келесі кездесу болып өтті. Оған Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина сияқты жаңа тәуелсіз 11 республиканың басшылары қатысты. Соның қарсаңында, 20

желтоқсанда, Қазақстан бұрынғы одақтас республикалар болған барлық жаңа мемлекеттердің тәуелсіздігін ресми түрде таныды.

Осы тарихи кездесудің хаттамасы жоғары деңгейлі келісуші тараптар ретінде қатысушы 11 елдің теңқұқылы жағдайда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құратынын және оның құрылуымен КСРО өзінің тіршілігін тоқтатқанын тіркеді. Алматы шешімі Одақтың бей-берекет ыдырауын тоқтатып, саяси-өркениеттік бөлінуге жол бермеді, тәуелсіз жаңа мемлекеттердің әрекеттерін үйлестіруді қамтамасыз етті – өйткені олардың арасындағы келіспеушілік мүмкіндігі қиын зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін еді.

Достастықтың жоғары органы – Мемлекет басшыларының кеңесі мен Үкімет басшыларының кеңесі болды. 1993 жылдың қаңтарында ТМД жарғысы қабылданды. Менің сол кездегі табанды позицияма сәйкес, ТМД – мемлекет те, ұлттық құрылым да емес, қалыптасқан жағдайға тән аймақтық әріптестік механизмі болып құрылды.

Өйткені басынан бастап барлық саяси шешімдер мүдделі жақтардың мәмілесі негізінде қабылданды және кез келген мемлекет қандай да бір шешімдердің орындалуына қатысудан бас тарта алатын. Достастық еркін бірлестік сипатында қалыптасты.

Алматы декларациясында атап көрсетілгендей, оның барлық қатысушылары жалпы экономикалық, жалпыеуропалық және еуразиялық нарық кеңістігін, қалыптастыруға және дамытуға мүдделі болды. Мұндай редакцияны Қазақстан талап етті, өйткені біз бүкіл еуразиялық кеңістіктегі миллиондаған адамның Достастықтан нені күтетінін жақсы білетінбіз. 1993 жылдың қыркүйегінде қол қойылған Экономикалық одақ құру туралы келісімшарт ТМД елдері арасындағы экономикалық ықпалдастықтың тұңғыш қадамы болды.

Ол экономикалық процестерді тауарлар, қызметтер, капиталдар мен еңбек ресурстары еркін қозғалысқа түсетін жалпы нарық арнасына бұрады деп күтілді. Іс жүзінде жаңа тәуелсіз мемлекеттердің әрекеттері одан бұрын әрі қарайғы қаржылық-экономикалық дезинтеграцияны декларациялауы алшақтық тудыратын.

ТМД мүшелерінде қатаң өзара міндеттеменің болмауынан туындаған кейбір кінәраттарға қарамастан, өзара әрекеттестіктің қабылданған форматы өмірге бейімдігін көрсетті. Ол қатысушы елдердің бәріне саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды сақтауға мүмкіндік берді, оның үстіне әр мемлекет өзінің дербес бағытын таңдай алатын және халықаралық аренада өз орнын сақтайтын. Әзірге әлем қатаң ұлттық құрылымдарсыз позициялардың ымырасын қамтамасыз ететін және көптеген мемлекетаралық

қарым-қатынастар мәселесінде бірлескен шешім қабылдай алатын мұндай ұйымды білмейтін. Әсіресе мемлекеттердің бейбіт жағдайда бөлінуіне және олардың тәуелсіздігінің нығаюына ықпал ететін жоғарғы деңгейдегі жүйелі кездесулер маңызды болды.

Көп жағдайда ТМД-ның мұндай ыңғайлы форматы Борис Ельциннің арқасында қалыптасты. Ол Достастықты мемлекетаралық құрылым деп түсінді. Әрекеттері алып еуразиялық кеңістіктегі қарым-қатынастың күрт нашарлауына әкеліп соғатын әртүрлі сипаттағы реставрационистердің аптығын басқан да осы Борис Николаевич болатын. Қазір соның бәрі ұмытылды. Бірақ ол – ақиқат жағдай. Сол кездегі Ресейдің беделі мен Ельциннің ұстанымы ТМД-ның ыдырауына мүмкіндік бермеді. Оның үстіне нормативті базалардың құрылуы, ТМД-ның өз ішінде әртүрлі институционалды құрылымдардың пайда болуы Ельциннің қатысуынсыз өтпейтін. Менің ойымша, ТМД-ның жиырма алты жылдық тарихы Ресейдің Тұңғыш Президентінсіз болмас еді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы уақыт өте келе мультиформатты және анағұрлым тиімді аймақтық интеграцияға көшуге мүмкіндік беретін, тәжірибе жиналуға тиісті алаң болды.

Мен мәселенің басынан бастап оң ниетті аймақтық қарым-қатынастан Тәуелсіз Қазақстанның тұрақты түрде дамуын көрдім. 1992 жылдың 15 мамырында Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Армения басшылары негізгі міндеті бейбітшілікті, халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті, тұрақтылықты нығайту, тәуелсіздіктің ұжымдық негізде қорғалуы, аумақтық тұтастық пен мүше мемлекеттердің еркіндігі сақталуы болып табылатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге қол қойды. 1993 жылдың қыркүйек, желтоқсан айларында келісімге Әзірбайжан, Белоруссия, Грузия қосылды. Ол бесжылдық мерзіммен 1994 жылдың сәуірінде күшіне енді. Осы уақыт мерзімі аяқталған соң, Әзербайжан, Грузия мен Өзбекстан өздерінің келісімдегі міндеттемелерін ұзартқан жоқ.

Ресеймен арадағы Әскери әріптестік туралы екіжақты келісімнің аймақтық және ұлттық қауіпсіздікте негіз қалаушы маңызы болды. Оған Борис Ельцин екеуміз 1994 жылдың наурызында қол қойдық және әскери саладағы ұзақмерзімдік ынтымақтастықтың іргетасын қаладық.

ТМД ішіндегі тұрақты шиеленістер мен жанжалдар, саяси қарсылықтар Қазақстанның алаңдаушылығын туындатты. Өткір проблемалардан қашқақтау, оларды қаперге алмау ауруды асқындыруға, осындай қауіпті әрекеттердің қорқынышты зардаптарының ықтималдылығын арттыратын қантөгіске, бейбіт халықтың қасіретіне әкеліп соғатын. Мемлекет басшыларының Кеңесі ішкі жанжалдарды жою және алдын

алу мақсатында 1995 жылдың 10 ақпанында Алматыда өткен саммитте Қазақстан ұсынған ТМД-дағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау туралы меморандумды қабылдады. Ол шекаралардың беріктігі мен аймақтардың тұтастығын сыйлауға деген жаппай әзірлікті, сепаратизмнің кез келген әрекетін, ұлтшылдықты, шовинизм мен фашизмді тоқтатуды білдіретін.

Осылайша 1990-жылдардың бірінші жартысында тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының бастапқы қиын кезеңінде Достастыққа қатысушы елдермен теңқұқылы ынтымақтастық үшін ыңғайлы жағдай қалыптасты.

Тәжікстандағы бітімгерлік миссия: бауырлас халыққа көмек

Тәжікстанда 1992 жылы басталған азамат соғысы – посткеңестік кеңістікте ең қанды қырғындардың бірі болды. Сарапшылардың бағалауынша, әскери іс-шаралар барысында ондаған мың адам қырылып, жүздеген мың адам босқынға айналды. Іс жүзінде тәжік-ауған шекарасы күзетілмеді. Одан қарулы топтар еркін өтіп жататын, есірткі еркін тасымалданатын және осының бәрі бүкіл аймаққа елеулі қатер төндіретін.

1992 жылдың 11 қарашасында күрделі ахуалға орай, Тәжікстанның Жоғарғы Кеңесі ТМД елдеріне республикаға бітімгерлік күштерін енгізу туралы өтініш жолдады. 1993 жылдың 22 қаңтарында Минскідегі ТМД саммитінде мемлекет басшылары бұл үндеуді қарастырып, қолдады.

Осыған байланысты, мен Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде құрамында шекара, ішкі және жаяу әскер түрлерінен құралған роталары бар 700 адамдық жеке құрама батальонды Тәжікстанға ауған шекарасының ең қатерлі учаскелерінің бірін күзетуге жіберуге бұйрық бердім. Өкінішке қарай, кейбір сарбаздарымыз опат болды. Олар біздің ортақ мүддемізді қорғауда өздерінің жауынгерлік борыштарын абыроймен атқарды.

Қазақстан батальоны, тәуелсіз мемлекеттердің басқа да бөлімшелерімен бірге, тәжік жерінде бейбітшілік орнатуға ықпал етті. Алдына қойылған міндеттерді орындау барысында қазақстандық сарбаздар бірнеше мәрте Тәжікстан аумағына енуге әрекет жасаған қарулы құрылымдарға соққы берді, қару-жарақ пен есірткі тасымалына тосқауыл қойды. Олар жағдай тұрақталған 2001 жылға дейін тәжік-ауған шекарасын күзетті. Осы уақытта батальон құрамында 8 мыңнан астам адам қызметтен өтті, көптеген офицерлер мен солдаттар көрсеткен ерлігі үшін орден-медальдармен марапатталды.

Қазақстанның еуразиялық көшбасшылығы

Шығыс Еуропадан Тынық мұхитқа дейін созылып жатқан Ұлы Дала Елі ықылым заманнан бері алып құрлықтың қақ ортасын иемденіп келеді. Еуразия халықтарының жағрапиялық және тарихи байланыстары мен бірлігі, өзім қашанда құрмет тұтатын, белгілі тарихшы және этнолог Лев Гумилев еңбектерінің негізіне айналған. Мен әртүрлі халықаралық бірлестіктердің тәжірибесін мұқият зерттей отырып, Еуразияның ұлы кеңістігіндегі ықпалдастық үдерістерді белсенді жүргізу қажеттігіне көз жеткіздім.

Мен тұңғыш рет еуразиялық бастаманы 1994 жылдың 22 наурызында Ұлыбританияға жасаған сапарым кезінде айттым. Менің бақылауым бойынша, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің сол кездегі дамуы екі басты тенденцияға – ұлттық мемлекеттің қалыптасуына және экономикалық ықпалдастықтың қажеттігіне байланысты болатын.

Британдық аудиторияға Қазақстанның ерекшеліктерін түсіндіре отырып, мен біздің бір кезеңде еуропалық және азиялық аймақтық халықаралық ұйымдарға мүше екенімізді көрсеттім. Сол кезде өзінің өзектілігін бүгінгі ХХІ ғасырда да жоймаған мына сөздер айтылған: «Біз өзіміздің геосаяси жағдайымыздың маңызын түсінеміз және қауіпсіздікті нығайту жөніндегі орталық болуға әзірміз».

Лондондағы осы сөзімнен кейін, бір аптадан соң, мен Мәскеуге ресми сапармен бардым. Дәл сол 1994 жылдың 29 наурызында Мәскеу мемлекеттік университетінің мінберінен мен Еуразиялық одаққа бірігу қажеттігін мәлімдедім және Достастықтың зиялы элитасын, ТМД құрылғаннан кейінгі екі жылда бір орында табандап қалған, көпқырлы ықпалдастыққа тың серпін беруге шақырдым.

Менің 1994 жылдың 29 наурызында ММУ-де айтқан еуразиялық бастамамы қолдаған ТМД елдерінің басшылары онша көп емес. Алайда посткеңестік кеңістіктегі мемлекетаралық қарым-қатынастардың одан арғы даму логикасы анағұрлым тиімді ықпалдастық қажеттігін растады. Арада алты жыл өткен соң, 2000 жылдың 10 қазанында, Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан мен Тәжікстан Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құрды. Біз әлемдегі көптеген бірлестіктер өткен, қарапайым да түсінікті қисынмен жүріп келеміз.

Мен ортақ экономикалық кеңістік құруды және бірлескен қорғаныс саясатын қамтамасыз етуді қашанда жаңа бірлестіктің шешуші міндеттері деп есептедім. Сондай-ақ, жаңа одаққа енетін барлық елдердің тәуелсіздігі мен ішкі мемлекеттік саяси құрылымы бір-бірінің ішкі шаруасына араласпау принципіне негізделген.

1994 жылдың 3 маусымында Қазақстан ойластырылған жобаны басқа да тәуелсіз мемлекеттер басшыларына жіберіп, еуразиялық бастаманың жаңа нарықтық негіздегі тәуелсіз мемлекеттердің экономикалық өзара әрекеттестігін білдіретінін атап көрсеттім.

1994 жылдың қазанындағы түркітілдес мемлекеттер басшыларының Ыстанбұл саммитіндегі менің сөзім дәл осы мәселеге арналды. Мен онда Шығыс Еуропадан Қытайға дейінгі аймақтағы әртүрлі елдер қатыса алуы үшін, одақтың форматын өзгертуді ұсындым.

Қазақстанның еуразиялық жобасы жаппай қызығушылықпен қоса, үлкен резонанс пен қызу пікірталастар тудырды. Оны әртүрлі елдердегі ондаған партиялар мен қозғалыстар, белгілі қоғам қайраткерлері қолдады. Еуразия кеңістігінің әр қиырынан, қарапайым адамдардан бастап зияткерлік элитаға дейін көптеген азаматтардан менің атыма хаттар түсе бастады.

Еуразиялық бастама нағыз жаңашылдық болатын. Біз 1990-шы жылдардың бірінші жартысындағы күрделі ахуалды ескерумен қоса, болашақты да болжадық. Сол кезде Қазақстанның креативті ниетін қабылдауға кейбір посткеңестік елдер басшыларының келіспеуі содан болуы мүмкін. Дей тұрғанмен, сол кезде жүзеге аспаса да, еуразиялық жоба жаңа мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттестіктің нығаюы мен дамуында үлкен рөл атқарды және еуропалық, сондай-ақ ортаазиялық аймақтың өзара әрекеттестік жүйесін қалыптастырудағы біздің батыл шешімімізді көрсетті.

1994 жылдың 13 сәуірінде, мен Шолпан-Атада еуразиялық бастамамен сөз сөйлегеннен кейін бір айдан соң, Өзбекстан және Қырғызстан жетекшілерімен бірге Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қойды. Осылайша, болашақтағы ортаазиялық экономикалық ынтымақтастық құқықтық негізге ие болды. 1995 жылдың қаңтарында Қазақстан, Ресей мен Беларусь Кеден одағын құру туралы келісімге қол қойды және Ынтымақтастықты одан әрі тереңдету бағдарламасын қабылдады. Сол кезде қол қойылған келісімнің бәрі бірдей жүзеге асқан жоқ. Дегенмен, жаңа мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастың күрделілігіне қарамастан, мен ешқашан еуразиялық экономикалық одақ міндетті түрде болатынына күмәнданбадым.



ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТАУЫНДА. ЖАҢА МЕМЛЕКЕТКЕ 20 СЫН-ҚАТЕР

1

Ресімделген және халықаралық тұрғыда мойындалған мемлекеттік шекараның болмауы

Әлемдегі қуаты жөнінен төртінші ядролық арсеналға байланысты қатарлар мен Семей полигонының проблемалары

2

3

Өз Қарулы күштеріміздің болмауы

Реформаларды жүзеге асыру қажеттігі жағдайында берік саяси билік пен шешімдер қабылдайтын біртұтас орталықтың жоқтығы

4

5

Қылмыстық жағдайдың асқынуы және ұйымдасқан қылмыстың артуы

Реформаға қажетті ұлттық заңнама мен құқықтық негіздің болмауы

6

7

Мемлекеттік басқарудың әміршіл-әкімшілік жүйесінің тиімсіздігі

Қалыптасқан экономикалық байланыстардың үзілуі, өнеркәсіптік кәсіпорындардың тоқтауы мен күйреуі

8

9

Ауыл шаруашылығының тұралауы, ауыл шаруашылығы жерлерінің жаппай тозуы

Қаржы-ақша жүйесінің ыдырауы, алтын-валюта резервінің және ұлттық валютаның болмауы. Ақшаның күрт құнсыздануы

10



II БӨЛІМ

ҰЛЫ БЕТБҰРЫС

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІНШІ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ
БАСТАЛУЫ (1996–1999 ЖЫЛДАР)

1. ҚИЯҒА КӨЗ ТІККЕН ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ

«ҚАЗАҚСТАН-2030» СТРАТЕГИЯСЫ

Саяси тұрақтылық арқылы ұзақ мерзімді стратегияға

Бір мың тоғыз жүз тоқсаныншы жылдардың ортасында жаңа мемлекеттіліктің берік іргетасы қаланды. Онжылдықтың екінші жартысында саяси тұрақтылықты 1995 жылдың негізгі оқиғасы аталған екі референдум қамтамасыз етті. Сол жылдың сәуір айында қазақстандықтар Президент өкілеттілігі мерзімін ұзартуды бірауыздан (95,46 проценті) қолдайтындарын ашық білдірді. Ал тамызда дәл осындай басым дауыспен санымен (90 процент) жаңа Конституция жобасы жоғары қолдауға ие болды.

Осы жылдың маусымында Қазақстан халқы Ассамблеясының екінші сессиясында, мен өзімді қолдайтын отандастарымның сол сәтте қандай ұстанымға ден қойғандарын былайша түсіндірдім: «Табиғатымда реалист бола тұра, менің өкілеттілігімді соза отырып, адамдардың тұрақтылыққа, ұлтаралық және азаматтық келісімге дауыс бергенін, барлығымызға соншалықты қажетті қоғамдағы бейбітшілікті сақтауға кепілдік беретін саяси бағдарды жалғастыруға дауыс бергенін мен жақсы түсінем...».

Президенттік республика құру жөнінде берік байламға келе отырып, мен тек осылай еткенде ғана ел басқару ісін жаңа деңгейге көтере алатынымызды түсіндім. Реформаны жүргізуде Президенттің жеке жауапкершілігі ұлғаюымен бірге, өкілеттік аясы да кеңейе түсері белгілі еді. Ендігі уақытта министрліктер мен ведомстволардың басшыларын Президенттің өзі тағайындайтын болғандықтан, Парламент бұл іске араласпайтын болды. Президенттің ұсынуымен және Парламенттің келісімімен тағайындалатын Премьер-Министрге «елімізді дағдарыстан алып шығушы бас менеджер» өкілеттігі берілді.

Мен халықтың қолдауымен, нарықтық реформаларды аяқтау және өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу, жас мемлекеттің іргесін нығайту, мемлекеттік құрылыстың алдағы стратегиясын әзірлеу үшін қажетті саяси мандат алдым.

Стратегиялық жоспарлауға көшу

1990-жылдың бірінші жартысында, экономикалық дағдарыс қыспағына түскен кезде, жаңа мемлекет құру және жаңа экономикаға көшу барлық істі стратегиялық тұрғыдан дұрыс жоспарлағанда ғана сәтімен жүзеге асатынына сенімді болдым.

Стратегиялық тұрғыдан ойлау, қарышты қадам жасап, кең ауқымда әрекет ету – Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларым арқылы саяси жоспарлаудың жаңа жүйесін жасаған кезде қолдануға тырысқан басты ұстанымдарым – осылар еді.

Парламент мінберінен сөз алған Мемлекет басшысы өз Жолдауын тек кәсіби саясаткерлерге ғана емес, бүкіл Қазақстан халқына арнап айтады. Бұл орайда, мен талдап түсіндірген “Жолдау” мемлекеттік саясаттың жаңа міндеттерін жалаң баяндау емес, нақты өмірлік жанды мәселелермен нәрленген, жоғары символикалық мәнге ие еді. Жолдаудан мемлекетіміздің және қоғамымыздың алдағы жылдардағы даму стратегиясының рухы есіп тұрады.

«1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» бірінші Жолдау Алматыда 1996 жылдың қазан айында жасалды. Мен сөзімді елдің саяси өмірінің негізгі тенденцияларын және ұлттық экономикадағы ахуалды талдаудан бастадым. Жас республиканың халықаралық жағдайда өзіне-өзі сенімді болатын реті бар. Өйткені біз қысқа мерзім ішінде орасан зор тарихи маңызы бар іс атқардық – еліміздің ұлан-ғайыр шекара белдеуінде қауіпсіздік орнап, көрші елдермен арадағы татулықты, бейбітшілік пен ынтымақты ту еткен халықаралық-құқықтық іргетасы берік саясат салтанат құрды. Мемлекеттік құрылыстағы басты жетістік – Конституция мен айқын да анық мемлекеттік билік жүйесі.

Экономикалық жағдайдың шынайы ахуалын сараптап, реформалар барысында жіберілген жекелеген ағаттықтарды мойындай отырып, мен сол уақытта ұлттық экономиканы сауықтырудың маңызды мәселелерін атап көрсеттім. Елде инфляцияны ауыздықтауға, алтын-валюта қорын құруға, оң сауда теңгеріміне, қаржы тапшылығын төмендетуге, нақты секторда жа-лақыны көтеруге қол жеткізілді. Әзірге айтарлықтай ауқымды болмаса да, өндірістің ұлғаюы, халықтың банктік салымдарының өсуі байқалды, тұтыну нарығы тауарлармен толтырылды.

Одан әрі 1997 жылдың өзекті міндеттеріне көше отырып, мен сыртқы саясатқа кеңінен тоқталып, бұл бағытта өмірге икемділік, салмақтылық, теңгерімділік пен көпвекторлылық өзгермейтінін атап өттім. Алда заңнамаларды түбегейлі өзгерту реформасы тұрғанына тоқталып, оны Конституциямен

сәйкестендіру міндеті туралы айттым. Бірінші кезектегі экономикалық міндеттердің қатарына жылдық инфляцияны 4–6%-ке төмендету, экономиканы 3–5%-ке көтеру, сонымен қатар шетелдік инвестициялар үшін қолайлы жағдай туғызу кірді.

Сонымен қатар, кейінге ысыруды көтермейтін мәселелерді шешуді, атап айтқанда, жалақы мен зейнетақыны кешіктіруге жол бермеуді, жұмыссыздық деңгейін төмендетуді міндеттедік.

Аса ауыр кезеңдерді басынан өткізген көптеген қазақстандықтардың жаңа жоспарларға күмәнмен қарауы мүмкін екенін де сездім. Соған қарамастан, Жолдауды оптимистік сарында аяқтауды жөн деп таптым. Алға жылжудың негізгі алғышарттары жасалғанын, ендігі жерде батыл бастама мен білім, ерік-жігер, шыдамдылық пен табандылық, біліктілік пен жауапкершілік бұрынғыдан да қажет екенін, күрделі де жауапты міндеттерді сонда ғана орындай алатынымызды айттым.

Алдымызда, мен сол кезде ойлап, жоспарлаған, елді одан әрі жаңғырту үшін атқарылуы тиіс ауқымды жұмыстар күтіп тұр еді.

Стратегиялық жоспарлаудың маңызы: 1997 жылғы Жолдау және «Қазақстан-2030» стратегиясы

Мен тәуелсіз Қазақстанды заманауи, тұрақты, өркениетті мемлекет ретінде құрудың ұзақ мерзімді экономикалық және саяси стратегиясын әзірлеу жөніндегі шешімді 1995 жылдың соңында қабылдадым.

1996 жылдың сәуір айында құрамына ғалымдар, мемлекеттік органдардың басшылары, сарапшылар кірген Жоғары экономикалық кеңес құрдым. Олардың алдына Қазақстан экономикасының жай-күйін бағалау және оны қайта құру жолдарын ұсыну міндеттері қойылды. Кеңес мүшелері 1996–1997 жылдары шетелдік жұмыс сапарлары кезінде стратегиялық жоспарлау мен құрылымдық реформаның халықаралық озық тәжірибелерін зерттеді. Қазақстандық сарапшылар өзім ынтымақтастыққа тартқан шетелдік әріптестерімен тығыз байланыста еңбек етті. 1997 жылдың наурыз айында арнайы құрылған Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттік жұмысқа кірісті.

Қажетті ақпарат жинақталғаннан кейін ұзақ мерзімді стратегия құруға арналған методологиялық база жасау қажет болды. Бұл орайда, біз халықаралық тәжірибеге жүгіндік. Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының қолдауы арқасында Гарвард университетімен байланыс орнатып, стратегиялық жоспарлау бойынша семинар өткізудің мүм-

кіндігі туды. 1997 жылдың сәуірінде қазақстандық мамандар тобын Гарвард университетіне жоғары лауазымды қызметкерлерге арналған семинарға аттандырдым. Осы семинар материалдарына және бізбен жұмыс істеуге ықылас танытқан әлемдік деңгейдегі жекелеген сарапшылардың көмегіне сүйеніп, болашақ стратегияның әдістемелік негізін қаладық.

1990-жылдың екінші жартысында, ел енді ғана ұзаққа созылған дағдарыстан шыға бастаған шақта, тұрақты экономикалық даму белгілері де, ұзақ мерзімге жоспарлаудың нақты негіздері де әлі байқалмаған болатын. Мемлекет кірістері мардымсыз болатын: Қазақстан мұнайының жыл сайынғы экспорты небәрі 3,5 миллион тоннаны құрады, 1996–1997 жылдары мұнайдың бір баррелі 19–20 доллар еді, 1998 жылы тіпті 12 долларға дейін түсті.

Прагматикалық таным-түсінік елді ертеңгі жеңістер туралы ойлауға емес, күнделікті күнкөрісті күйттеуге мәжбүрледі.

Бірақ менің мұнымен келісім келмеді. Күйректікке бой алдыру – қайраткерлік болмысымызды жоғалту болар еді. Тарихи кезең көлденең тартып отырған жаңа мыңжылдықтың басы – мен үшін өз еліммен бірге кемел келешекке көзсіз ерлікпен батыл қадам жасаудың қайталанбас оңтайлы сәті болып көрінді. Кезекті Жолдауыма Шекспирдің: «Әрбір адамның өмірінде шарықтау сәті болады, соны орнымен пайдалана білген адамның тасы өрге домалайды», – дейтін, оқыған адамға үлкен ой салатын сөздерін эпиграф етіп алғаным бекер емес. 1990-жылдың екінші жартысында осындай «шарықтау сәтінің» жақындап келе жатқанын анық сездім. Қалай болғанда да осы сәтті уысымыздан шығарып алмауға бел байладық.

Мен 1997 жылдың маусым айында, енді ғана астана болуға дайындалып жатқан Ақмола қаласында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзімде ел дамуының алдағы жиырма-отыз жылға арналған бағдарламасын құруға тапсырма бергенімді алғаш рет ресми түрде жарияладым және жуық арада осы бағдарламаны Қазақстан халқы назарына ұсынуға уәде бердім.

Қоғам стратегияны үлкен үмітпен күтті. 1997 жылдың 10 қазанында «Қазақстан-2030: барша қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты бағдарламалық Жолдауымды жасаған күні болашаққа батыл көз тастаған халқымыздың ауқымды істерге бел шеше кірісуден еш тайқымайтын тау қопарарлықтай қайраты мен саяси ерлігі біз күткеннен де асып түсті.

Ол уақытта бүкіл әлем экономикалық даму жолында үлкен секіріс жасаған «азиялық жолбарыстар» – Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур, Ма-

лайзияның табыстарына қайран қалып жатқан еді. Мен бейнелік қуаты солардан кем түспейтін теңеу тауып, елімізді қазақы ұғымға сәйкес, аспан-таулардың қарлы шыңдарын мекендейтін текті, есті, қуатты, әбжіл, киелі тау барысына баладым.

«Қазақстан-2030» стратегиясының басты мақсаты – халқының әл-ауқаты жақсы, ынтымағы мықты, саяси тұрақтылығы мығым тәуелсіз мемлекет құру болатын. Стратегия қабылданған жылы азиялық қаржы дағдарысының күрмеуі де шешілді. Бұл жағдай – ұзақ мерзімге жоспарланған стратегияның құндылығын арттыра түсті. Міне, осылайша жаңа стратегия қоғамға, бизнеске дем берді, сондай-ақ әлемдік нарық сәт сайын құбылып тұрған кезде мемлекеттік сектордың өз бағыт-бағдарын айқындауына жәрдемдесіп, дағдарысқа қарсы тиімді құралға айналды.

2030 стратегиясында ұзақ мерзімге жоспарланған жеті негізгі бағыт бөліп көрсетілді. Олар: ұлттық қауіпсіздік; ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның тұтастығы; қазіргі нарықтық қағидаларға сәйкес шетел инвестицияларының жоғары қарқыны және ішкі қорлардың көмегімен экономиканы одан әрі көтеру; денсаулық, білім беру мен қазақстандықтардың әл-ауқаты; инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс; кәсіби мемлекетті нығайту.

Бұл басымдықтар мемлекет бюджетін қалыптастыруға ықпал етті, стратегияның әрбір тармағы жылдық, үш және бесжылдық жоспарларды жүзеге асыруға байланысты нақты әрекеттерді көздеді. Сонымен, зейнетақы, жәрдемақы мен бюджеттік қызметкерлердің жалақысын уақытылы төлеу, шағын және орта бизнес, шаруа қожалықтары мен фермерлік қожалықтар үшін үстемақы мөлшерлемесін төмендете отырып, 100 миллион долларға несиелендіру; мектептерді, соның ішінде алдымен ауыл мектептерін, компьютерлендіру сияқты мәселелер алдағы жылдағы ел мен қоғамның таяудағы міндеттері болып белгіленді.

Сонымен қатар, алдағы 1998 жылы жалпы республикалық саламатты өмір салтына арналған бүкілхалықтық қозғалыс бастау және тұрғын үй құрылысының ауқымды бағдарламасын жүзеге асыруға кірісу міндеті тұрды.

Күнделікті мәселелерді жаһандық мақсаттарды ескере отырып шешу қажет еді, осылайша тактика стратегиямен берік байланыста болды.

«Қазақстан-2030» стратегиясында халыққа дамудың тың, озық үлгісін ұсындым. Елдің алыс келешегіне бастар алдын ала болжанған, кең, айқын жолдың көкжиегі ашылды. Бұл – үнемі әлемдік дамудың соңынан еріп отыратын ескі сүрлеу-соқпақтан батыл түрде бас тартып, тыңнан жол салу еді.

Қазақстан бұрынғы КСРО-ның жаңа тәуелсіз мемлекеттері арасында бірінші болып аса ауқымды стратегиялық жоспарлауға кірісті. Тәуелсіздік

алған елдердің көпшілігі тек бірнеше жыл өткен соң ғана осындай ұзақ мерзімді бағдарламаның қажеттігін түсініп, біздің үлгіге ойысты.

Жаңа ғасыр табалдырығында: 1998 және 1999 жылғы Жолдаулар

1998 жылдың 29 қыркүйегінде «Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары: қоғамды демократияландыру, жаңа ғасырдағы экономикалық және саяси реформа туралы» Жолдауымды халыққа жария еттім. Бұл еліміздің жаңа орталығы – Астанада жарияланған алғашқы Жолдау еді.

Өткен жылдары етек алған, бүкіл әлемге алапат зардаптар әкелген азиялық қаржы дағдарысы Қазақстан экономикасына да әсер етпей қоймады. Ұлттық экономиканы қорғаудың шұғыл шараларын қабылдай отырып, мемлекет жүйелі әрекеттер жасауы тиіс еді, яғни 1998 жылғы Жолдауда жарияланған бағдарламаға сүйенуі керек болды.

Оған стратегиялық міндеттермен қатар («Қазақстан-2030» стратегиясының басым бағыттарын ескере отырып, экономиканы дамыту үшін алғышарттар жасау және ынталандыру), тактикалық міндеттер де кірді. Қазақстандықтар үшін өмірлік маңызы бар салаларды апатты жағдайға ұрындырмау үшін алдын алу шараларын жасау керек болды. Өйткені бұл салалардағы дағдарыс халыққа тым ауыр тиер еді. Алдағы уақытта зейнетақы мен жалақы бойынша берешектерді жою, жұмыспен қамту мәселесін шешу мақсатында халықты ауқымды қоғамдық жұмыстарға тарту, қысқы уақытта жылу мен электр энергиясын берудегі іркілістерді жою, ауыл тұрғындарынан әділ бағамен кемінде 1 миллион тонна астық сатып алу мәселелері тұрды. Ұлттық банк әлемдік қаржы нарығындағы күйзелісті ахуал күрт төмендеген жағдайда теңге бағамын тұрақтандыру жоспарын әзірледі.

1999 жылдың 16 қыркүйегіндегі «Елдің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» атты Жолдауымның алғашқы жолында Қазақстан басынан өткізген тарихи сәттің тұтас бір дәуірге парапар екенін түсіндіруге тырыстым. Әрбір буын өзі өмір сүрген уақытты өзекті кезең санайтыны бар. Бірақ мыңжылдықтар тоғысындағы бетбұрысты дәуірде өмір сүру мәртебесін біздің буынның маңдайына ғана жазып отыр. Бұл қазіргі толқынға тағдырдың сыйы ғана емес, сонымен қатар уақыттың зілбатпан жүгі; тек мүмкіндік қана емес, тәуекелі мол қауіп-қатер екенін де айтқым келеді. Соңғы онжылдықтағы тартысқа толы күрделі жағдайлардың, күнделікті тірлік тауқыметі мен өмірге деген құштарлықтың қуаты сондай, тарихтың өткені мен келе-

шегінің көкжиегі астасып кеткендей көрінеді. Өткенді де еске түсіріп, сонымен қоса, таяу арадағы болашаққа да көз тастап отыратын бір сирек сәттер болады. Себебі өткенін ұмытқан жанның жадынан өшіп қалған бағзы күндері болашақта қайта айналып, алдынан шығады.

Мен қазақ халқының мыңжылдық тарихының негізгі кезеңдерін еске ала отырып, қазақтың өз мемлекеті болғанда, халқымыз ХХ ғасырда дәл осындай қайғы-қасіреттерді бастан кешпейтініне сенімді екенімді ашық айттым. Егер бүкіл халық ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылып, егемендігіне құрыштай қорған болса, енді Қазақстанды ешқандай тарихи дауыл шайқай алмайтынына кәміл сендім. Ал сол кезде көршілес елдердегі қарулы қақтығыстар, өршіген саяси және діни экстремизм, нашақорлық пен есірткі бизнесі, конституциялық билікті күшпен басып алуға шақыратын деструктив күштер біздің еліміздің де іргесіне келіп, кәдімгідей қауіп төндіріп тұрды.

Ғаламды тітіреткен бұл алапат қауіп-қатерге тек жария түрде, бірлесіп қана қарсы тұруға болатын еді. Менің осы сөздерім қазақстандықтарға үлкен жауапкершілік жүктеп, Қазақстан барысы бойына қуат жиып, рухына күш қосып, ХХІ ғасырға қарымды секіріс жасай алатынына кәміл сенсе екен дедім.

2. БАЯНДЫ БОЛСЫН БАС ҚАЛА!

ЕЛОРДАНЫ КӨШІРУ ЖӘНЕ АСТАНА ҚҰРЫЛЫСЫ

Жаңа астананың қажеттілігі: көңіл түкпіріндегі көрікті ой

Мемлекет жүрегі оның астанасында соғады. Бұл – бұлжымайтын ақиқат. Жас мемлекетке міндетті түрде жаңа, заманауи астана қажет екенін тәуелсіздіктің бірінші күнінен-ақ ойладым. Осы ойымның дұрыстығына нық сенімді едім. 1992 жылдың өзінде-ақ Ақмолаға жұмыс сапарымен келгенде, астананы осында ауыстыру туралы ойға келдім.

Қазақстанның жаңа астанасының жобасы кездейсоқ пайда болған жоқ. Тәуелсіздік алған күннен бастап жаңа жағдай, сол жағдай ерекшеліктерін көлденең тартқан мүлде басқа мемлекеттік ахуал қалыптасты. Бір сөзімде атап көрсеткенімдей, қазіргі уақыттың шындығы мен бірқатар геостратегиялық факторлар бізді өз геосаяси кеңістігімізді қайтадан қалыптастыру процесіне жаңа көзқараспен қарауға мәжбүрледі.

Астананы көшіру бірқатар өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететінін, соның нәтижесінде Қазақстан халқын ұлттық идеяларға ұйыстыратын жаңа саяси орталық құруға болатынын, аймақтардың бір-бірімен ықпалдасуы күшейіп, ел дамуының алтын діңгегіне айналатын тың қозғаушы күштің туатынын түсіндім. Солардың ішінде саяси-символикалық идеяның маңызы өте жоғары болды. Жаңа астана – егемен мемлекеттің өзіндік аңсар-арманы, ұлттық мүдделері мен қажеттіліктері негізінде құрылатыны белгілі еді.

Осындай жағдайлардың бәрі жан-жақты ескеріліп, жаңа астана жобасы дер уақытында жүзеге асты. Астана туралы мәселені кейінге қалдыруға болмайтын еді. Көп созбай, жаңаны ескінің құндағынан «аршып алып», тәуелсіз Қазақстанның барыс бітімді, самұрық серпінді асқақ бейнесін жасау қажет болды.

Менің жеке тапсырмам бойынша астана болуға лайық қалалар сарапқа салынды. Үміткер қаланың географиялық жағдайы да, табиғаты мен климаты да, әлеуметтік-экономикалық, әскери-стратегиялық, көлік және инженерлік инфрақұрылым, құрылыстық, демографиялық, ғылыми және мәдени даму мүмкіндіктері де астанаға қойылатын талаптарға сай келуі тиіс еді. Жан-жақты талдай келгенде, астана болуға ең лайығы Ақмола болып шықты.

Қала Алматыдан да, басқа үміткер қалалардан да барлық жағынан тиімділігімен ерекшеленді. Ақмоланың географиялық жағдайы өте қолайлы еді. Қала еліміздің негізгі экономикалық аймақтарын байланыстыратын ірі көлік қатынасы күре жолдарының торабында орналасқан болатын.

Қазақстанның солтүстігінде және оңтүстігінде экономикалық жағынан қуатты екі бірдей даму орталығын құрса қалай болады? Осының бәрін ой сарабына салып, екшеуге тырыстым.

Кеңес өкіметі кезінде Ақмола – құрамына Қазақстанның бес облысы кірген тың өлкесінің орталығы еді. Сондықтан қалада өлке орталығы болған кезден қалған ғимараттар да аз емес-ті. Бұларға көшіп келген республикалық министрліктер мен ведомстволарды уақытша орналастыруға болатын.

Сол кезде көлік инфрақұрылымының да үлкен маңызы бар еді. Бұл жағынан қарағанда да, қала көңілімізден шықты. Ақмолада республика аймақтарын және көршілес мемлекеттердің шекаралас өңірлерін байланыстыратын ірі темір жол торабы тоғысатын. Қазақстандағы негізгі қатынас құралы темір жол болғандықтан, жаңа астананы таңдаған кезде қаланың осы артықшылығына айрықша көңіл бөлінді.

Экологиялық фактордың да рөлі аз болған жоқ. Ақмола зілзаладан қауіпсіз аймақта орналасқан еді. Жер ресурстарының байлығы, сулы-нулы өзендерінің болуы, Бурабай курортты аймағының жақындығы қала төңірегінде қолайлы микроклимат қалыптастыратын экологиялық жасыл белдеу құруға мүмкіндік туғызатын. Ескі қала маңындағы бос жатқан жерлерде керемет әсем сәулеттік жобаларды іске асыруға емін-еркін, батыл кірісуге болар еді.

Астананы жаңа жерге көшіру елдің саяси-әкімшілік элитасын да жаңғыртып-жаңартуы тиіс болатын. Билікке ескі сүрлеуді шиырлай бергісі келмейтін жаңа саяси күштердің қосылуы республикадағы мемлекеттік және әкімшілік басқару жүйесінің дамуына тың серпіліс әкелері анық еді.

Ақмоланың облыс орталықтарынан бірдей қашықтықта орналасуы мемлекеттік мәселелерді шешуге оңтайлы болды, саяси және әкімшілік басқару теңгерімін қамтамасыз етуге де жағдай туғызды.

Әлеуметтік-демографиялық факторлар да жете ескерілді. Қазақстанда ішкі және сыртқы көші-қон жүріп жатқан кез болатын. Оңтүстік аймақтардағы артық еңбек ресурстарын орталық және солтүстік аймақтарға бағыттау қажет еді. 1990-шы жылдардың бірінші жартысындағы қарқынды ішкі көші-қон осы арадан басталды.

1990-шы жылдардың басында жаңа астана жобасының келешегі зор, ерекше батыл жоба екенін айтып, әділ бағасын бергендер аз болды. Бір қарағанда тосын жаңалық сияқты көрінетін мұндай тың бастаманың келешегі кемел екенін ұғыну үшін ой алғырлығы, республика жағдайын терең

зерделей алатын білім-білік пен пайым-парасат қажет еді. Мұндайда алысты болжай білетін ішкі түйсік те, қиядағыны көре білетін қырағылық та, сондай-ақ саяси және әкімшілік қызмет мектебінің тәжірибесі де керек.

Бәрін ойша сараптап, таразы басына тарттым. Ақыр соңында «Ақмола – жаңа астана болуы тиіс!» деген берік байламға келдім.

Мен ішкі түйсігіме сендім. Тарихтың бетбұрыс кезеңінде жауапкершілікті мойнына алған саясаткер тәуекелге баруы керек екенін іштей түйсіндім. Әрине, бұл көзсіз тәуекел емес, ішкі сенім қазығы мықты тәуекел болуы тиіс деп білдім. «Ой, ең алдымен, адамның қиялында туады, кейін сол ойлағаның шындыққа айналады», деп дұрыс айтылған.

Астананы көшіру: күмән, тәуекел, сенім

Жаңа бастамаға сенімсіздік танытып, сары уайымға салынатындар аз емес екенін білсем де, Астананы көшіру туралы шешімге келдім. Сол шешімімді кейінге қалдырғым келмеді. Мемлекетіміз, қоғамымыз және экономикамыз үшін стратегиялық мәні бар шешімді кейінге қалдырғым келмеді. 1994 жылдың 6 шілдесінде Жоғарғы Кеңес алдына астананы көшіру туралы мәселені төтесінен қойдым.

Астананы Алматыдан – республиканың орталық өңірі Ақмолаға көшіру қажеттігін логикалық тұрғыдан дәлелдеп, мұндай шешімге негіз болған нақты себептерді ашып көрсетуге арналған Парламент сессиясының пленарлық мәжілісіндегі сөйлеген сөзімді осы күнге дейін ұмытпаймын. Мінберге шықтым. Ішкі толқынысымды басып, сәл кідірдім де, өз ойымды дәлелдеуге көштім.

Баяндамама дейін-ақ «Астананы Ақмолаға көшіру туралы қарар қабылданады екен» деген сөз депутаттық корпусқа тарап, мемлекеттік қызметкерлер арасында талқыға түскен екен. Ұзынқұлақтан жеткен хабар бір басқа, ал ресми мәлімдеменің жөні бөлек. Жылы орнын суытып, бейтаныс қалаға көшу кімге ұнай қойсын. Бір сөзбен айтқанда, астананы ауыстыру туралы шешімді депутаттар ду қол шапалақпен қарсы алмайтыны белгілі болды.

Дағдарыс жағдайында осындай орасан зор жобаны қолға алудың қаншалықты қажеті бар? Парламент мүшелерін мазалаған сұрақ осы еді. Көпшілігі мұны құрғақ қиял деп білді. Ал таяз ойлайтын кейбіреулердің ойынша, астананы ауыстыру мемлекет мүддесінен емес, менің себебі өздеріне ғана белгілі жеке қалауым екен. Қысқасы, дәл сол сәтте осы батыл бастаманы көп ешкім қолдай қойған жоқ.

Мен де табандылық таныттым. Келтірген дәлелдерімнің дұрыстығына депутаттардың көзін жеткізуге күш салдым. Ақыр соңында депутаттардың көпшілігі менің уәжіме тоқтады. Нәтижесінде Жоғарғы Кеңес аз ғана дауыс басымдығымен 1994 жылдың 6 шілдесінде «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» қаулы қабылдады. Үкіметке мегажобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу тапсырылды.

Талқыға салынған шешімнің дұрыстығына күмәнмен қараушылардың қарсылығын жеңе отырып, мен межелеген жолмен жүйелі түрде қадам жасай бердім. «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Жарлық 1995 жылдың 15 қыркүйегінде, яғни Конституция қабылданғаннан кейін бірден жарияланды.

Осылайша, саясаткер және ел басшысы ретінде тәуекелге бас тіктім. Олай етпесіме болмады. Өйткені бүкіл әлем қауымдастығына, ең алдымен, өзімізге, тәуелсіз Қазақстанның қолынан не келетінін көрсетуіміз керек болды.

Республикалық органдарды Алматыдан Ақмолаға көшіру үшін арнайы Мемлекеттік комиссия құрылды. Үкімет қаладағы жаңа нысандарды салуға қатысатын инвесторлар үшін жеңілдіктер бағдарламасын жасауға нұсқау алды. Бюджеттен тыс қаражаттарды жинақтау үшін арнайы «Жаңа астана» қоры құрылды.

Елімізге оңай соқпаған 1996 және 1997 жылдарда істің басы-қасында болып, нақты шешімдер қабылдау үшін және қарқыны күннен-күнге үдеп келе жатқан жұмыс барысын бақылау үшін өзім де Ақмолаға келдім. Жиналыстар өткіздім, құрылысшылармен сөйлестім.

Ақмоланың құрылысына Қазақстанның барлық облыстары қатысты. Астана көші басталар тұста әр аймақ мемлекеттік орган қызметкерлерінің отбасылары үшін көп пәтерлі екі үй салып беруді міндетіне алды. Бұл үйлердің тұрғындары кейін осы үйлерді «Алматының үйі», «Қарағандының үйі», «Қостанайдың үйі» деп атап кетті. Жаңа астанада сәулетшілердің, инженерлердің, прорабтардың, құрылысшылардың, көші-қон жұмысын ұйымдастырушылардың ерен еңбегінің іздері бар.

Ақмоланы екі жыл ішінде астана ету мүмкін еместей көрінген. Әйтсе де біз қиялдағы арманның нақты өмір шындығына айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Сол бір қиындығы да, қызығы да көп болған, ерекше құлшыныспен, ертеңгі сәулелі күндерге деген нық сеніммен білек сыбана іске кіріскен кезде қасымнан табылған, жаңа астана құрылысына өлшеусіз еңбек сіңірген жандарды әрқашан ерекше ықыласпен, ризалық сезіммен еске алам. Олардың қатарында В. Ни, А. Бөлекбаев, А. Есімов, Ж. Кәріпжанов, Ә. Жақсыбеков, Т. Досмұхамбетов, Н. Макиевский, Ф. Галимов, Б. Нұр-

пейісов, О. Песков, В. Иванов, К. Омаров, Р. Бекболатов, А. Аубеков, Н. Тихонюк, А. Рустамбеков және басқалар бар.

1997 жылдың 20 қазанында оқиға барысын жеделдету үшін «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» қаулы мәтінін ауызша айтып жазғыздым және дәл сол күні осы қаулыға қол қойдым. Бұл қаулы «Қазақстан-2030» Жолдауын жария еткеннен кейін тура 10 күн өткен соң қабылданды. Мұның да символдық мәні бар деп білемін.

Осы қаулыға сәйкес, Ақмола 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап республика астанасы болды. 8 қараша күні қалаға Қазақстанның мемлекеттік символдарының эталондары: Мемлекеттік ту, Елтаңба және Президент байрағы салтанатты түрде әкелінді.

Көп ұзамай-ақ жаңа астанаға заман талабына сай жаңаша ойлайтын, ұйымдасып, тез, жанын салып жұмыс істей алатын білікті мамандар жеделдетіп келе бастады.

10 желтоқсанда Ақмолада менің төрағалық етуіммен Парламент палатасы мен Үкіметтің бірлескен отырысы болды. Осы атаулы күні астананы көшіру өз мәресіне жеткен саяси оқиға екені айтылды.

Қазақстан халқына арнаған үндеуімде: «Бүгін біз, Қазақстан Республикасының жоғарғы билік органдары, Ақмола қаласының 1997 жылғы желтоқсанның 10-ынан бастап мемлекетіміздің астанасы екені жөнінде салтанатты түрде мәлімдейміз. Бұдан былай және ғасырдан-ғасырға осында – ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өмірлік маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Отанымыздың жүрегі енді осы жерде соғады. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады», – деген едім.

Бір күннен кейін, 1997 жылдың 12 желтоқсанында, жаңа астанада бірқатар ел басшыларының – С. Демирел (Түркия), И. Каримов (Өзбекстан), А. Акаев (Қырғызстан), Э. Рахмонның (Тәжікстан) қатысуымен жоғары деңгейдегі бірінші халықаралық кездесу өтті.

1998 жылы әуежайдан келе жатқан жолда «Еліміздің жаңа орталығын «Астана» деп атауды дұрыс көрем» деп, ойымда жүрген сөздің ұштығын шығарып қалған едім. Кешқұрым резиденцияда астана атауына байланысты әңгімеміз жалғасты. «Астана» деп атауға не себепті ықыласым ауғанын айтып, дәлелді дәйектер келтірдім. «Біріншіден, «астана» сөзінің мағынасы айқын. Елдің бас қаласы ұғымын білдіреді. Екіншіден, саяси және тарихи тұрғыдан алғанда да, әркім әрқалай түсініп, қабылдайтындай атау емес. Үшіншіден, «астана» деген сөздің өзі қаланың атқаратын қызметін көрсетіп тұр. Мемлекеттік тілде айтсаң да, басқа тілде айтсаң да, құлаққа жағымды, айдынды атау. Оның үстіне: жаңа астаналар тұсаукесерінде қала атауы –

әлем мемлекеттері бас қалаларының тізіміне еніп, қала символына айналуы да мүмкін», – деген едім.

1998 жылдың 6 мамырында «Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласының атауы – Астана қаласы болып өзгертілгені туралы» Жарлыққа қол қойылды. Астана деген жаңа атау қаланың мемлекеттік деңгейдегі басты қызметін дәл бейнелеп тұр. Тарихи сабақтастықты сақтау үшін Ақмола облысының атауын бұрынғыша қалдыру жөнінде шешімге келдік.

1998 жылдың 10 маусымында тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының халықаралық тұсаукесері өтті. Салтанатты рәсім мерекелік той-думанға ұласты. Айтулы оқиға еліміздің барша халқының, сондай-ақ шетел жұртшылығының назарында болды.

Елорданы Алматыдан қазіргі Астанаға көшіру жаңа мемлекетіміздің өмір жолындағы маңызды белес болғанын айтуымыз керек. Астаналық мәртебе қаланың қазіргі заманғы саяси-әкімшілік, экономикалық, оқу-білім, мәдениет орталығы ретінде дамуына жаңа серпін берді. Жаңа астананың бой көтеруі – еліміздің жедел дамуына жол ашар жақсылықтың басы сияқты көрінеді.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін құру туралы Жарлық – жаңа астананың мәртебесін биіктетер игі істердің басы болды. Көпшілік күтпеген бұл шешім Ақмоланы қайта салу қызу жүріп жатқан кезінде, 1996 жылдың мамырында қабылданды. Мұндай қадамға көптен көкейде жүрген ойымды іске асыру үшін бардым. Сол қиын-қыстау жылдардың өзінде жаңа астананы еуразиялық және ғаламдық ауқымдағы ірі халықаралық және ғылыми-ағарту орталығы етуді ойлайтынмын. Көп ұзамай, астананың басқа да жоғары оқу орындары – С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мен Қазақ мемлекеттік медицина академиясы (бүгінде – Астана Медицина университеті) ірілендірілді.

Жаңа астана алғашқы күндерден бастап-ақ қазақстандықтарды өзіне тарта бастады. 1998 жылдың өзінде Астанаға 14 мың адам келді, одан әрі де қала халқының саны өсе берді.

Астананың экономикалық рөлі күшеюінің маңызы ерекше болды. 1996 жылы Ақмолада арнайы экономикалық аймақ құрылған болатын. Астанаға инвестиция тартуға соның көп ықпалы болды. Тұрғын үй құрылысы жедел қарқынмен дамыды. Қала құрылысы жобаларына Түркиядан, Израильден, Италиядан және басқа көптеген елдерден келген инвесторлар белсене қатысты. Қазақстан компаниялары айрықша белсенділік көрсетті.

1998 жылдың 15 желтоқсанында, Тәуелсіздік күніне орай, жаңа астанада алғаш рет салтанатты жиын өтті. Сол жиында мен: «Сәулет өнері шеберлерінің шығармашылық соны ізденістерінен туған өзіндік сипаты ерекше

әсем ғимараттары арқасында Қазақстанның енді ғана бой көтерген астанасы қайталанбас келбетке ие болады», – деген едім. Менің көкейімде: «Астана еуразиялық өркениет орталықтарының бірі болады. Есілдің сол жақ жағалауында су жаңа қала – болашақтың қаласы бой түзеуі тиіс» деген ой тұрды.

3. САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ЖЕМІСІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ САЯСИ ПРОЦЕСТЕР

Мемлекеттік басқару жүйесі. Кәсіби мемлекетке бет алу

«Қазақстан-2030» стратегиясының негізгі бағыттарының бірі ретіндегі кәсіби мемлекет тұжырымдамасында орталық және жергілікті билік органдарының қалыптасуы мен қызметінің принциптеріне қатысты жеті тармақты нақтылап бердім. Олар: негізгі функцияларды атқаратын шағын үкімет, әрбір ведомствоның мемлекеттік стратегияны берік ұстануы; ведомствоаралық және өңіраралық үйлестіру жұмыстарының мүлтіксіздігі; министрлердің өкілеттіктерін кеңейту мен олардың жауапкершілігін арттыру; министрліктер ішіндегі орталықсыздандыру жүйесі (орталықтан – өңірлерге), белгілі бір мемлекеттік функцияларды жеке секторға беру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес; жалдау жүйесін жетілдіру, кадрларды дайындау және оларды ынталандыру жүйесін жетілдіру.

Мен жаңа типтегі мемлекеттік қызметкердің қалыптасуына ерекше мән бердім. Мемлекеттік қызметкер ұлт қызметшісі, патриоты, сондай-ақ өте әділ, өз ісіне адал және кәсіби білігі жоғары адам болуы қажет.

1999 жылдың 23 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда мемлекеттік лауазымдар саяси және әкімшілік қызмет болып екіге бөлінді. Мұның өзі мемлекеттік қызметтің кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етті. Бұдан былай мемлекеттік қызметке білім-білік бәсекесінде озып шыққан маманның келуіне жол ашылды.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуды біз орталық органдардан бастадық. 1997 жылдың наурызында министрліктер мен ведомстволар саны екі есе қысқарды және олардың жұмыс принципі түбегейлі өзгерді. Енді әрбір тапсырманы нақты орындау мерзімі белгіленді. Мамырда еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымына өзгеріс енгізілді. 19 облыс орнына –14 облыс, 230 аудан орнына 169 аудан құрылды. 1997 жылғы әкімшілік-аумақтық реформа негізінде сыртқы шекарасы мемлекеттік шекара болып табылатын облыстарды қайта құрудың үлкен маңызы бар еді. Шекаралас өңірлерді ірілендіру олардың жағдайын тұрақтандырып, егемен Қазақстанның біртұтастығына ықпал етті. Іріленген облыстар шекарамен шектес қалалардың атымен емес, Солтүстік Қазақстан,

Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан болып, тұтастай өңірлердің атымен аталды.

Нәтижесінде, мемлекеттік басқару жүйесі кәсіби, ықшам және саны жағынан да оңтайлы бола түсті. Осы кезеңде мемлекеттік қызметкерлер 25 мың адамға қысқарды. Осылайша, бюджеттік қаражаттан миллиондаған теңге үнемделіп, сол уақыттың ең өткір мәселесі – зейнетақы мен жалақы төлеуге жұмсалды.

Мемлекеттік қызмет реформасы үлкен қоғамдық сілкініс туғызды. Оны жақтаушылар да, өткір сынағандар да болды. Біз сол кезде қарапайым логиканы басшылыққа алдық. Еңбек адамының үстінен қарайтын соншама бастықтың не қажеті бар? Олар халықтан жиналған салықтың есебінен айлық алатын. Бұған өз облысының кірісі жетіп жатса жақсы. Жоқ, бұл үшін өзін-өзі қамтамасыз етіп отырған облыстар есебінен ақша аударуға тура келетін. Жылы орындарынан айырылған шенеуніктер, әрине, менің шешіміме қарсы болды.

1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттердің ішінде бірінші болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды қабылдады. Сол жылы осы заңның базасында мемлекеттік бағдарлама жасалды. Мемлекеттік бағдарлама орта мерзімдік кезеңге (1999–2000 жылдар) есептелді. 1999 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимыл жасайтын арнайы мемлекеттік комиссия құрылды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес барлық деңгейде жүрді. Өз қызметін теріс пайдаланған жоғары шенді адамдар қызметінен айырылып, сотқа тартылды. Сарапшылар атап өткендей, өз ісіне бақылау бар екенін, мұнан былай жұмысы қатаң және принципті түрде бағаланатынын сезген шенеуніктердің психологиясында өзгерістер көріне бастады.

Қоғам сенімін ақтаған Парламент

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ шын мәніндегі саяси жауапкершілік тек кәсіби Парламентке тән екеніне еш күмәнім болмады. Міне, тап осындай өкілетті орган 1995 жылдың аяғында сайланды.

Мен 1996 жылдың 30 қаңтарында бірінші парламенттік сессияны аша отырып, «Біз Қазақстанда шынайы, өркениетті парламентаризм құрудың алдында тұрмыз», – деп мәлімдедім.

Жаңа депутаттық корпус өзінің жұмысқа қабілетті екенін бірден көрсетті. Жоғарғы Кеңес жылына екі-үш рет шақырылса, Мәжіліс үздіксіз қызмет істеді (жазғы парламенттік каникулды санамағанда) және 1996 жылдың бес

айында Мәжіліс 35 заң қабылдады, ал Жоғарғы Кеңес бір жылда 7 заңды ғана бекіткен еді. Бірінші шақырылымның бес сессиясы барысында Мәжіліске 644 заң түсті, депутаттар олардың 558-ін мақұлдады, ал мен 497 заңға қол қойдым.

1996 жылдың шілдесінде екі палатаның бірлескен мәжілісінде мен депутаттардың еліміздің саяси жүйесін жаңғыртуға қосқан үлесін ерекше атап өттім. Біріншіден, Парламент атқарушы және заң шығарушы билік тармақтары арасындағы тұрақты тепе-теңдік қамтамасыз етуге, екіншіден, палаталардың әрқайсысының заңдарын дәйекті түрде талқылау жолымен заң жобаларын пысықтаудың тиімді ішкі парламенттік тетігін жасауға қол жеткізді... Парламент кәсіби және құзыретті заң шығарушы орган ретінде республикалық және аймақтық мүдделердің үйлесуін қамтамасыз етуге, заңды жобалау жұмысында жоғары сапаға қол жеткізуге өзінің қабілеттілігін көрсетті.

Міне, осылайша, қазіргі стандарттарға және парламентаризм принциптеріне негізделген заң шығарушы билікті жаңғырту аяқталды. Мемлекеттік билік тармақтары арасындағы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің тиімді механизмі жасалды.

Конституцияға түзетулер енгізу (1998 жыл): демократияның жаңа белесі

1995–1997 жылдары – басында Президент тұратын, ал атқарушы, заң шығарушы, жергілікті және сот билігі – берік тұғыр боп табылатын саяси вертикаль түпкілікті қалыптасты. Мемлекеттік механизм жетілді және соған сәйкес аумалы-төкпелі жағдайларға қарай, билік құрылымының да үнемі жаңарып тұруын өмірдің өзі талап етті.

1998 жылғы Жолдауымда мен Конституцияға бұрын жария етілген саяси ырықтандыру арнасында бірнеше түзетулер енгізуді ұсындым. Бұл түзетулер, атап айтқанда, сайлау жүйесін жетілдіруге, әділ және еркін сайлауды қамтамасыз етуге, саяси партиялардың рөлін арттыруға, Парламенттің өкілеттігін кеңейтуге, азаматтық қоғамды жан-жақты дамытуға, баспасөз бостандығын қамтамасыз етуге, тәуелсіз сот жүйесін қалыптастыруға, барлық билік органдарында әйелдердің өкілдігін арттыруға қатысты болды.

Жолдау жарияланған бойда, 30 қыркүйекте Парламенттің қарауына «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы берілді. Бұл заң жобасын талқылай отырып, депутаттар бюджеттің атқарылуына парламенттік бақылауды күшейту туралы,

әкімдерді кезең-кезеңмен сайлау туралы, сонымен қатар қос палата депутаттары мен Елбасының өкілеттік мерзімін ұзарту туралы ұсыныс жасады.

Жобаны бекіткенге дейін көп жұмыстар жүргізілді. Ақыр соңында 1998 жылдың 7 қазанында заңның түпкілікті нұсқасы қабылданды. Конституцияға елдегі саяси институттардың әрі қарай дамуына жаңа серпін берген 19 түзету енгізілді.

Міне, осы кезден бастап төменгі палатаға сайлау тек бір мандатты округтер бойынша ғана емес, партиялық тізім бойынша да жүргізілді. Мәжілісте партияларға 10 қосымша орын бөлініп, бұл орындар – жинаған дауыс санына қарай партиялық тізім бойынша сайлауға түскен үміткерлерге бөлініп берілді. Міне, осылайша партиялар депутаттық мандат үшін күреске тікелей қатысатын болды. Сөйтіп, аралас сайлау жүйесіне көшу осылай басталды.

Қабылданған түзетулер Конституцияны өзгерту мен Үкіметті бақылау мәселелерінде Парламенттің өкілеттігін кеңейтті. Тәуелсіз сот жүйесінің маңызды құралы – алқабилер соты болды. Президент өкілеттігі 7 жылға дейін ұзартылды, сенаторлар – 6 жылға, Мәжіліс депутаттары 5 жылға сайланатын болды. Мемлекеттік қызметкерлер және президентікке кандидаттар үшін жас шектеуі жойылды, сонымен қатар сайлау учаскесіне келушілердің сандық шегі алынып тасталды (бұрын сайлау өту үшін кемінде сайлаушылардың 50 проценті қатысуы талап етілетін). Конституциядағы сайлаушылардың сандық шегіне қатысты өзгерісті Қазақстан өзге де демократиялық елдердің үлгісімен жасаған еді.

1998 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген түзетулер саяси жүйенің дамуы мен елді демократияландыруға жаңа серпін берді.

Содан бері қанша жыл өтсе де, жұмыс үстелімде жатқан Конституциямызға көзім түскенде, сол кездегі оқиғалар ап-айқын көз алдыма келеді. Жобамен қалай жұмыс істегеніміз, әр бапты қызу талқыға салғанымыз, Конституцияны халық талқылауына ұсынғанда қалай толқығанымыз – бәрі-бәрі көз алдымда.

Қолым қалт еткенде Конституциямыздың баптарын қайталап оқып шығам. Сол кезде бәрін дұрыс істеген екенбіз деп ойлаймын. Соның бірден-бір дәлелі – Қазақстанның мемлекеттік құрылыстағы және экономиканы реформалаудағы жетістіктері. Конституциямыздың негізгі қағидаларына сүйеніп, нарық экономикасына көштік және демократиялық қоғамның негізін қаладық. Демократияның ең маңызды институты – парламентаризмді дамыту үшін барлық жағдай жасалды. Қос палаталы Парламент уақыт сынынан абыроймен өтті.

1999 жылғы Президент сайлауы. Халық аманаты

1998 жылдың 7 қазанында Конституцияға түзетулер енгізілгеннен кейін, «кең ауқымды реформаларды жүзеге асыруда халық қолдауына сүйену», сонымен қатар «демократияландыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысынан бастап – бәріміз жұмылуымыз қажеттігін» айта келіп, Парламент маған мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы ұсыныс жасады.

8 қазанда, қалыптасқан жағдайды ақылға сала отырып, өзімнің өкілеттік мерзімімді қысқартып (2000 жылдың желтоқсанында аяқталатын), мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізуге келісімімді бердім.

Сайлау 1999 жылдың 10 қаңтарында өтті. Оған коммунистер көшбасшысы Серікболсын Әбділдин, жазушы әрі қоғам қайраткері Энгельс Ғаббасов және Кеден комитетінің төрағасы Ғани Қасымов қатысты. Алдын ала сауалнама мәліметтері бойынша, мен өз қарсыластарыма қарағанда көп дауыс жинаппын. Сайлаудың түпкілікті нәтижелері де мұны растады. Нұрсұлтан Назарбаев – 81,75 процент дауыс, Серікболсын Әбділдин – 12,08 процент, Ғани Қасымов – 4,72 процент, Энгельс Ғаббасов 0,78 процент дауыс жинады.

Бұл жеңіс экономиканы жаңғыртуға, әл-ауқатты арттыруға және саяси тұрақтылықты, жалпыұлттық бірлік пен келісімді нығайтуға бағытталған ішкі және сыртқы саясатымыздың дұрыстығын растады. Президент мандатын жаңа мерзімге соза отырып, қазақстандықтар тәуелсіздіктің жаңа кезеңінде елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылығын сақтау жолындағы стратегиялық қадамдарымызға қолдау білдірді.

Іріткі салушы күштердің Қазақстан қоғамына жік салу пиғылы іске аспады. Ұлттық мәселелерге байланысты кейбір қиындықтарды саяси мақсатқа пайдаланбақ ниетінен де ештеңе өнбеді. Біз Қазақстанның көп ұлтты халқының басын қоса білдік. Сайлау қорытындысы осыны көрсетті.

1999 жылдың 10 қаңтарындағы Президент сайлауы еліміздің тарихындағы баламалы негізде өткен тұңғыш сайлау болды. Сайлау саяси жүйені демократияландырудың біртұтас тізбегін түйіндеген маңызды саяси оқиғаға айналды.

Бір жағынан, радикалды реформалар жүргізу керек, екінші жағынан, елдегі саяси тұрақтылық пен келісімді сақтай білу керек. Демократиялық жаңғыру жолындағы Қазақстан үшін өте күрделі мәселе осы еді. Біз мұны таразы басын тең ұстай отырып шешудің жолын таптық. Тоталитарлық жүйе қыспағынан күні кеше ғана шыққан елдің саясаттағы жаңа қадамдары дәл осындай жағдайлармен бетпе-бет келген әлемнің дамушы елдері үшін үлгі болды.

Саяси жүйедегі партиялардың жаңа сипаты. 1999 жылғы Парламент сайлауы

1996 жылдың 2 шілдесіндегі «Саяси партиялар туралы» заң Қазақстандағы партиялық құрылыстың жаңа кезеңіне жол ашты, ал Конституцияға енгізілген түзетулер – Мәжіліс құрамын ең алдымен партиялық тізім бойынша сайланатын депутаттар есебінен кеңейту – елдің қоғамдық-саяси өміріндегі партияның рөлін күшейтті. Мен осындай түзетулер енгізу туралы ұсыныс жасай отырып, саяси партияларды демократия ғимаратын тұрғызатын «негізгі «құрылыс материалдарына» теңегенім бар-ды.

1998 жылдың қарашасында Қазақстанның Азаматтық партиясының (ҚАП) құрылтай съезі өтті. Партия өзінің негізгі мақсаты – мемлекеттік нығайту, өндірісті дамыту және халықтың әл-ауқатын жақсарту екенін жариялады. Осылайша өздерінің өндірістік кәсіпорындар қызметкерлерінің қолдауына сүйенетінін және соларға көбірек мойын бұратынын білдірді. ҚАП ОК бірінші хатшысы А. Перуашев болды.

Бір айдан соң, 1998 жылдың желтоқсанында, Қазақстанның республикалық халық партиясы (ҚРХП) өзінің құрылғанын жариялады. Әлеуметтік бағыттағы ел экономикасын дамытуды көздейтін демократиялық мемлекет жолын таңдаған ҚРХП – халықтың реформа барысына көңілдері толмаған, оппозициялық бөлігіне сүйенетінін білдірді. 1999 жылдың қаңтар айында құрылып, Ромин Мадиев басқарған Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП) ауылдық жерлердегі тауар өндірушілер: фермерлер, кооперативтер мен серіктестіктердің мүдделерін қорғауды ерекше қолға алды. ҚАП жерге жекеменшікті енгізуді, ауыл шаруашылығының дамуына ықпал ететін ауылдық инфрақұрылымды жақсартып, басқа да шараларды іске асыруды көздеді.

Қаңтардағы президент сайлауынан кейін, көп ұзамай «Отан» республикалық саяси партиясы (РСП) құрылды. Жаңа партияның бірінші съезі 1999 жылы 1 наурызда өтіп, оған елдің барлық облыстары, қалалары мен аудандарынан 400-ге жуық делегат қатысты. Олар мені бірауыздан партияның төрағасы етіп сайлады. Сол күні Халық бірлігі партиясы, Демократиялық партия, Либералды қозғалыс және «Қазақстан-2030 үшін» қозғалысы – «Отан» РСП құрамына кірді. Кейіннен оларды қолдап, «Әділет» партиясы, Халықтық-кооперативтік партия, Республикалық еңбек саяси партиясы да «Отанның» құрамына қосылды. Бұл процесс елдегі негізгі саяси күштердің біріккенін байқатты.

«Отан» партиясы бұқара халыққа барынша жақын болуды ойлап, бюджет саласы қызметкерлерінің, шағын және орта бизнес өкілдерінің, мемле-

кеттік қызметкерлердің, ауыл тұрғындарының, зиялы қауымның – барлық орта топтың негізін құрайтын адамдардың мүдделерін қорғайтынын көрсетті. Партия қоғамды одан әрі демократияландыруды, халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларға белсенді ықпал етуді, сонымен қатар ел азаматтарын отаншылдық рухта тәрбиелеуді негізгі мақсатымыз деп білді.

1999 жылдың наурызында «Азамат» азаматтық қозғалысы, Ғалым Әбілсейітов басқарған Қазақстанның «Азамат» демократиялық партиясы (ҚДП) болып қайта құрылды. Партия басты мақсатын экономикалық және саяси реформалар, азаматтық қоғам мен демократиялық құқықтық мемлекетті қалыптастыру деп жариялап, өзін елдегі негізгі оппозициялық күш ретінде көрсетті.

Сонымен қатар, Қазақстан әйелдерінің қоғамдық мәртебесін арттыру жолында Раушан Сәрсембаеваның төрағалығымен Қазақстан әйелдер ұйымдарының Саяси альянсы құрылып, ол 1999 жылдың маусымынан бастап жұмыс істей бастады.

Осылайша, 1990 жылдың аяғында еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласқан партиялар қоғамның әртүрлі топтарын біріктірді. Алға қойған мақсат-міндеті әртүрлі партияларға тек бір ғана шектеу қойылды: Конституция және заң жолымен тыйым салынған – сословиелік, діни, рулық, тағы да басқа осы тәріздес бағыт ұстанған партиялар құруға жол берілмеді.

1999 жылдың қазанында Мәжіліс сайлауы өтті. Бұл сайлау алғаш рет бұрынғыдай мажоритарлы жолмен емес, аралас жүйе бойынша өткізілді. Депутаттыққа бір мандатты 67 аймақ бойынша 595 кандидат тіркелді: қоғамдық бірлестіктерден – 74 кандидат, өзін-өзі ұсыну тәртібімен 394 кандидат дауысқа түсті.

Сайлауалды жарысқа 10 партия қатысып, бірақ белгіленген жеті проценттік тосқауылдан тек «Отан» РСП (30,89 процент дауыспен), КПК (17,75 процент), ҚАП (12,63 процент) және АҚП (11,23 процент) партиялары ғана өтті. 10 депутаттық мандаттың партиялық тізім бойынша сайлауға түскен кандидаттарға берілуі елде көп партиялы жүйе қалыптастырудағы алғашқы қадам болды.

Бұл сайлауларда Қазақстан партияларының (сайлауалды жарысқа 10 партия қатысты) саяси өмірге белсенді қатысуға дайындығы сыннан өтті. Сайлаушылардың берілген дауыстарына пара-пар партия өкілдіктерін енгізу тепе-тең дауыс беру жүйелерін енгізу жолындағы алғашқы қадам болды.

Қарулы күштер реформасы

XX ғасыр соңындағы күрделі халықаралық жағдайға байланысты ел басшылығы егемен елдің қорғаныс қабілетін арттыруға ерекше мән беруге тиіс болды.

Ұлттық әскери доктринаның негізгі қағидалары «Қазақстан-2030» стратегиясында да ашып көрсетілген. Біз бейбітшіліксүйгіш халықпыз. Ешкімнің жеріне де, байлығына да көз алартпаймыз. Жеріміз де, жеріміздің кені де бар. Ал байлықты – адал еңбегімізбен жинаймыз. Әйтсе де мемлекет өзінің әскери қуатына сүйене отырып, өзін-өзі қорғайтын қабілетке ие болуы керек, сондықтан мен, ең алдымен, Қарулы күштерімізді құруға және жаңғыртуға, олардың кәсіби дайындығы мен жауынгерлік әзірлігіне, әскерімізді осы заманғы қару-жарақпен жарақтандыруға назар аудардым.

1997 жылдың 17 қарашасындағы «Қазақстан Республикасы Қарулы күштерін реформалау туралы» Жарлығымен Қазақстан Қарулы күштері құрылымына өзгеріс енгізіп, әскеріміз бейбітшілік кезеңде де, төтенше жағдайларда да талап етілетін міндеттерді бірдей орындай алатындай етіп қайта құрдым. Жалпы мақсаттағы Күштер, Әуе қорғаныс күштері және Мемлекеттік шекараны қорғау күштері құрылды.

1998 жылдың 26 маусымында «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңға қол қойдым. Мұнда жаңа кезеңдегі республиканың ұлттық мүддесі, ұлт мүддені қорғау қағидалары, еліміздің қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатердің алдын алу жайы айқындалды. Өйткені шекарамызға жақын жерлерде әскери шиеленістер өршіп кетті. Ауғанстан талибтердің қол астында болды. 1999 жылдың тамызында «Өзбекстан ислам қозғалысы» лаңкестік ұйымдарының жасақтары Қырғызстанның аумағына баса-көктеп кірді.

1999 жылдың желтоқсанында Қауіпсіздік Кеңесі отырысында Қазақстанның 1999–2005 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясы ұсынылды. Құжатта аймақтағы жағдай терең талданып, елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қарулы күштерді және республиканың басқа да әскери құрылымдарын қазіргі жағдайға бейімдеу жолдары айқындалды. Сонымен қатар стратегия өміршең әскери саясат ұстанып, нақты экономикалық және техникалық мүмкіндіктерді пайдалануды және сырттан келетін қауіп-қатерді анықтап, алдын алу қағидаларын тұжырымдады.

Бұрынғыдай бірінші кезекте офицер кадрларын даярлау мен әскери ғылымды жан-жақты дамытуға мән берілді. 1997 жылдың ақпанында Алматы жоғары әскери командалық училищесі – Әскери академия, кейін Ұлттық қорғаныс университеті болып қайта құрылды. 1997 жылдың мамырында

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті институтының базасында ҰҚК академиясы құрылды.

1996 жылы Қорғаныс министрлігі жанынан кіші командирлер дайындайтын Кадет корпусы құрылды, 1999 жылы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» әскери мектебі ашылды. Бұл мектепте Ұлттық гвардияның болашақ жауынгерлері – ұландар 7–11 сынып мектеп бағдарламасымен қатар, әскери пәндерді игеріп, жүйелі білім ала бастады.

1990 жылдың екінші жартысы – ел қауіпсіздігін нығайтудағы және Қарулы күштерді құру мен тұрақтандырудағы маңызды кезең болды.

Мемлекетіміз экономикалық қиындықтарды бастан кешіп жатқан кезеңде жүзеге асырылған әскери саладағы құрылымдық өзгерістер – еліміздің заманауи, ықшам, жоғары мобильді, жақсы жабдықталған әрі қуатты Қарулы күштерінің негізін қалауға мүмкіндік берді.

4. ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР ЖОЛЫНДА

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ. ӘЛЕУМЕТТІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ

Экономикалық қайта құру мен жекешелендірудің жаңа кезеңі

Бір мың тоғыз жүз тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысы Қазақстан Республикасының нақты егемендігін алуымен, мемлекеттігіміздің негізін қалыптастырумен, саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтандыруға жұмсаған ерен еңбегімізбен ерекшеленеді.

Бұл жолда қол жеткізген үлкен жетістігіміз 1995 жылғы Конституция болды. Жаңа мемлекеттің берік іргетасы қаланғаннан кейін ел экономикасының дамуына жаңа серпін беретін өзгерістер қажет болды. Ең алдымен, болашағымызды айқындайтын негізгі стратегиялық маңызды мәселелерді шешу керек еді. Сонымен қатар алдымызда нарықтық реформаларды аяқтау және экономиканы қарқынды дамыту міндеті тұрды.

Бұған дейін атқарған қызметіміздің барлығы осы міндеттерді орындауға алғышарттар жасап берді. 1995 жылға қарай Қазақстан экономикасы экспортты және ауылшаруашылық өнімдерін ұлғайту есебінен алғаш рет оң сауда теңгеріміне қол жеткізді. Сол жылы Үкімет, менің тапсырмам бойынша, өндірістің құлдырауын болдырмауға және халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға бағытталған 1996–2000 жылдарға арналған индикативтік жоспар әзірледі. Дегенмен, экономикадағы осындай жүйелі өзгерістер қарқынын күшейту қажет болды. Биліктен жылдам нәтиже талап етіп, шыдамсыздық танытушылар да аз болған жоқ. Мұндайда мен – еліміз экономикалық реформа жасауға тек 1993 жылдың қарашасында, айналымға ұлттық валюта – теңге енгізілгеннен кейін ғана нақты кіріскенін сыншылардың есіне салатынмын. Кеңестік шаруашылық үйіндісінен – жаңа өмірге икемді экономика құрып, еркін нарықтық қатынастарға белсене араласып кету үшін екі жыл жеткіліксіз мерзім еді. Бұл – Қазақстанның үлкен жолға енді ғана қадам басқан кезі болатын.

1995 жылдың соңында менің тапсырмам бойынша 1996–1998 жылдарға арналған Жекешелендіру және мемлекеттік меншікті қайта құрылымдау бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама келесі жылдың ақпанында бекітілді.

Жаңа үшінші кезеңде отандық өнеркәсіптің көшбасшылары – ірі кәсіпорындар және электр энергетикасы мен мұнай өнеркәсібі сияқты стратегиялық салалар нысандары жекешелендірілді. Бұдан былай мемлекеттік меншік жеке қолға тек бір ғана жолмен – сатып алу жолымен көшетін болды. Экономиканың барлық салалары үшін арнайы бағдарламалардан басқа, кәсіпорындар үшін жеке жобалар әзірленді. Бұл жобалар сарапшылар бағалауы негізінде, орталық және жергілікті биліктерден түскен ұсыныстарды ескере отырып жасалды.

Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша, 14,5 мыңнан астам мемлекеттік меншік нысандары жекешелендірілді. Осы кезеңде өндіріске капитал салуға жеткілікті ресурстары бар өзіміздің отандық инвесторлар алғаш рет белсенділік танытты.

Ірі кәсіпорындарды сенімді басқаруға беру және одан кейін сату нәтижесінде мемлекеттік және жекеменшік капиталының қатысуымен жаңа өнеркәсіп алыптары – «Қазақмыс», Еуразиялық топ, «Қазмырыш», «Қазхром» және т. б. құрылды.

1999 жылы басталған жекешелендірудің төртінші кезеңінде барлық мемлекет меншігі республикалық және коммуналдық болып екіге бөлінді. Коммуналдық меншікке – мемлекетке тиесілі әртүрлі бизнес-құрылымдардағы акциялар, 953 акционерлік қоғам мен серіктестіктер үлестері өтті. Бұл нысандар жергілікті билік органдарының шешімі бойынша жекешелендірілуі мүмкін еді.

Жалпы алғанда, 1991–2000 жылдар аралығында жүргізілген жекешелендіру (шағын, жаппай, жеке) барысында жеке қолға жалпы сомасы 215,4 миллиард теңге болатын 34,5 мың нысан көшті. Жекешелендіру процесінде қоғамда әр алуан пікір тудырған олқылықтар болғанына қарамастан, осының негізінде жекеменшік иелері мен еркін кәсіпкерлердің жаңа әлеуметтік топтары құрылды. Жекешелендіру процесі елдің әрі қарайғы әлеуметтік-экономикалық дамуында жағымды ықпалы болды. Осылайша, Қазақстан экономикасы ырықтандырылған нарық жолына нық қадам басты.

Ұлттық компаниялар: мемлекет мүддесі үшін

Өнеркәсіптік кәсіпорындарды жекешелендіру бізді экономикалық саладағы ұлттық мүдделерді қорғау шараларын іске асыруға міндеттеді: ұлттық экономикамыздың іргетасы іспетті қоғамымыздың игілігіне айналған өндіріс орындары, сонымен қатар қашанда мемлекеттің басты назарында болатын табиғи монополиялар салалары қорғалуы тиіс еді.

Мен 1998 жылдың шілдесінде «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» заңға қол қойдым. Өндірістің технологиялық ерекшелігіне байланысты, бәсекелестікке жағдай тудыру мүмкін болмағанда немесе бұлай етудің еш қажеттігі жоқ кезде табиғи монополия болатыны осы заңнамалық актіде көрсетілді. Табиғи монополияға: темір жолдар, мұнай мен газды тасымалдауға арналған құбыр жүйелері, электр және жылу желілері, телекоммуникация, авиация, әуежайлар, атом өнеркәсібі, сумен қамтамасыз ету, пошта байланысы жатқызылды.

Аталған салалардың маңыздылығын ескере отырып, мен олардың әрқайсысынан – бақылау пакеті мемлекет меншігінде болатын ұлттық компаниялар жүйесін құруға шешім қабылдадым. Коммерциялық пайда табуды көздейтін мақсаттардан басқа, мұндай компаниялар коммерциялық емес, яғни мемлекет және қоғам қажеттіліктерінен туындайтын әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық мәселелерді шешуді міндетіне алады.

Осылайша, 1997 жылы салалық нарықта жетекші рөл атқаратын негізгі ұлттық компаниялар құрылды. «Мұнайгаз» мемлекеттік компаниясы «Қазақойл» ұлттық компаниясы болып қайта құрылды. «Оңтүстікмұнай-құбыры» мен «Орта Азия және Қазақстан магистралдық мұнай құбырлары» өндірістік бірлестіктерінің бірігуі нәтижесінде, кейіннен «Қазтрансойл» болып атауы өзгерген «Қазақмұнайқұбыры» Ұлттық компаниясы пайда болды. Алматы, Целинная және Батыс Қазақстан темір жолдары қарқынды даму жолына түскен экономикамызға сапалы көлік-логистикалық қызмет көрсету үшін құрылған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының қол астына кірді. Елдің бірыңғай электр энергетикалық жүйесі KEGOC (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамының басқаруына берілді. «Волковгеология» геологиялық барлау компаниясы, үш кен басқармасы (Далалық, Орталық, Алтыншы) және Үлбі металлургия зауыты, уранды және оның қосылыстарын, сирек металдарды, атом стансаларына арналған ядролық отындарды, арнайы жабдықтарды, екі мақсатта қатар қолданылатын материалдар мен технологияны – барлау, өндіру, қайта өңдеу және экспортқа шығарумен айналысатын «Казатомпром» ұлттық компаниясы құрамына кірді.

Шетелдік капиталдың сенімі

Мен әуел бастан-ақ экономикалық дамудың маңызды шарттарының бірі ретінде – қолайлы инвестициялық жағдай тудыру мәселесіне айрықша көңіл бөлдім. 1990 жылдың екінші жартысында ел басшылығы экономии-

камызға тікелей капитал салатын шетелдіктерді ынталандыру үшін нақты шаралар қабылдады.

1996 жылдың қарашасында Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылып, оның басшысы Премьер-министрдің бірінші орынбасары мәртебесіне ие болды. 1997 жылдың 28 ақпанында қабылданған «Қазақстанға тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» заң шетел инвесторлары үшін жасалатын жеңілдіктер жүйесін кеңейтті. Табыс және жер салығының, сонымен қатар мүлік салығының мөлшері: келісімшарт жасалған сәттен бастап, алғашқы бес жылда – 100 процент, келесі бес жылда 50 процентке дейін төмендетілді. Заң, сондай-ақ импортталатын жабдықтарды, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қажетті шикізат пен материалдарды кедендік баж салығынан толық және ішінара босатуды қарастырды.

Тәжірибе көрсеткендей, бұл шаралар елімізге келетін инвестиция ағынын күшейтуге ықпал етті. Сол уақытта ұлттық экономикаға бай ресурсы, жаңа технологиялары мен орасан зор көлік-логистикалық арналары бар ірі трансұлттық корпорацияларды тарту – халықаралық бизнес-қоғамдас-тықтың алдында еліміздің беделін көтеру үшін де керек еді.

Сол уақытта бізде «Үкіметпен, мысалы, АҚШ-тың үкіметімен келіссе жеткілікті, инвестициялар өз-өзінен суша ағып келіп жатады» деген қалыпта-сып қалған қасаң түсінік болды. Әлі есімде, АҚШ Президенті Билл Клинтон маған бір күні былай деді: «Өзіміздегі компанияларға қысым жасай алмай-мын. Бірақ саған берер кеңесім – Қазақстанда жұмыс істейтін барлық аме-рикалық мұнайшыларды жина. Олар бұл кездесуге экономиканың басқа секторларының адамдарын тартсын. Бәріне де Қазақстандағы мүмкіндік-терді айтып түсіндір. Бұл – менің министрлерімнің өтініштерінен әлдеқайда тиімдірек болар еді». Мен осылай жасадым. АҚШ-қа барған кезімде Ва-шингтондағы бірқатар ірі компаниялардың басшыларын жинадым. Заңна-мадағы өзгерістер туралы, елімізде құрылған шетелдік инвесторлар кеңесі жөнінде, капиталды қорғаудың сенімді кепілдемесі туралы, келешектегі жоспарларымыз жайлы айтып бердім. Сөзім далаға кеткен жоқ. Сол кезде-суде мен: «Ізгі ниет, ықыластарыңның белгісі ретінде, Астанада «Қазақстан» спорт кешенін салып берсеңдер, тіпті құба-құп!» деген едім. Инвесторлар сөзге келген жоқ. Сол бойда-ақ 10 миллион доллардан астам сома тұратын құрылысты қаржыландыруға келісті, Астанаға оралғаннан кейін, тура көз алдымда кешенді жеделдетіп салып берді.

Кейінірек Алматыда Қазақстанның бірінші инвестициялық саммиті ұй-ымдастырылды. Оған ірі халықаралық компаниялар басшылары келді. 1997

жылдың 5 маусымында мен әлемдік бизнестің бетке ұстар өкілдері алдында сөз сөйлеп, жас мемлекетіміздің болашағы мен әлеуеті туралы жан-жақты толық ақпарат бердім.

Нәтижесінде, 1997 жылдың қыркүйегінде Қазақстан экономикасындағы тікелей шетел инвестицияларының көлемі 7 миллиард долларға артып, шетел компанияларының келісімшарт негізінде бекітілген ұзақ мерзімді инвестициялық міндеттемелері 60 миллиардтан астам долларға бағаланды. Шетелдік капитал салымының көлемі бойынша Қазақстан жаңа тәуелсіз елдер арасында алдыңғы орындардың біріне шықты: Орталық Азиядағы барлық тікелей инвестициялардың 80 процентінен астамы Қазақстанның үлесіне тиді.

1990-шы жылдардың екінші жартысында Қазақстан экономикасына келген ірі инвесторлар АҚШ, Ұлыбритания, Түркия, Оңтүстік Корея, Франция және Жапония компаниялары болды. Қазақстан халықаралық бизнестің айтарлықтай қаржылық қолдауына ие болып, жаңа сауда кеңістігіне кірді, сондай-ақ жаңа технологияларды және озық басқару әдістерін үйренуге қол жеткізді. Шетелдік инвестиция көмегі арқасында ірі кәсіпорындардың тоқтауына жол берілмеді және сол кезеңдегі өткір әлеуметтік мәселелерді оңтайлы шешуге де сырттан келген инвестициялардың көмегі көп болды.

1998 жылдың қыркүйегінде, менің төрағалығыммен, құрамына Қазақстан жобаларын жүзеге асыруға қатысқан 11 шетелдік ірі компания мен халықаралық ұйымдардың басшылары кіретін шетел инвесторларының кеңесі құрылды. Инвесторлармен жүйелі түрде тең құқықты, тиімді диалог жүргізу үшін мемлекетке тұрақты негізде жұмыс істейтін осындай кеңесші-консультациялық орган керек еді. Кеңестің бірінші отырысы Оңтүстік-Шығыс Азияның қаржы нарығындағы бұрын-соңды болмаған катаклизм кесірінен әлем экономикасының басына ғаламдық дағдарыс бұлты үйірілген қиын-қыстау шақта Алматыда өтті. Бірақ әлем экономикасының шат-шәлейін шығарған осындай дағдарыс Қазақстанға шетелден келіп жатқан ауқымды инвестициялар ағымына тоқтау сала алмады. Бұған себеп болған басты фактор – Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық еді.

Шетел инвесторлары кеңесінде сөйлеген сөзімде Қазақстанмен іскерлік ынтымақтастықтағы барлық шетел компанияларын жаңа бизнес-жоспар негізінде жұмыс істеуге шақырдым. Тек табиғи ресурстар өндіруге ғана қатыспай, дайын өнім шығаруға да атсалысу жөнінде ұсыныс жасадым. Мұндай жағдайда шетелдік инвесторлар еліміздің аумағында толық өндірістік жүйе қалыптастырар еді. Біз іскер серіктестерімізге Қазақстанның экономи-

калық саясаты алыс келешекті ойлап жүргізілетінін және «Қазақстан-2030» стратегиясы шетелдік инвестицияларды көбірек тарта отырып, жоғары деңгейдегі экономикалық дамуға қол жеткізуді көздейтінін түсіндірдік.

Ауыл шаруашылығындағы реформалар

1996–1997 жылдарда Қазақстанда 162 мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорны жекешелендірілді. Бірақ нарықтық жағдайда көптеген ауыл тұрғындары мүліктік жарналар мен шартты жер үлестерін өтеусіз алса да, меншігіне алған шаруашылығын дұрыс жолға қоя алмады. Соның салдарынан көптеген өндірістік кооперативтер өз активтерін тиімді пайдаланып, іске жаратудың орнына, қайта өңдеуші және қызмет көрсетуші ұйымдардың акцияларын арзанға сатып, көп ұзамай-ақ негізгі және айналым қаражатынан айырылып қалды.

1990-шы жылдардың екінші жартысында дағдарыс зардабынан әлі оңала алмаған шаруашылықтарда егін шығымы нашар болып, мал басы мен құс саны азайды. Баға теңсіздігі, баспа-бас айырбас және өнім нарығының тарылуы салдарынан ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының борышы күннен-күнге өсіп, 1998 жылдың басында 120 миллиард теңгеден асып кетті. Ауылды дағдарыстан шығару үшін мемлекет шаруасы әбден кері кеткен жүздеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын банкрот деп таныды. Екі жыл бойы жүргізілген банкроттау шарасы нәтижесінде оларды қордаланған қарыздарынан құтқарып, ауыл шаруашылығы активтерінің меншік иелерін ауыстырды. Банкроттауға дайындық кезінде өндірістің негізгі қаражаты жалақы үшін төленуге тиіс берешекті өтеу есебінен еңбек ұжымдарына және негізгі кредитшілерге бөліп берілді. Еңбек ұжымдары қарыз ауыртпалығынан құтылған жаңа кәсіпорындар құруға мүмкіндік алды. Дәл осы тәсілмен елде мыңдаған шаруа қожалықтары құрылды. Әйтсе де инвесторлар аграрлық сектормен жұмыс істеуге пәлендей құлық таныта қойған жоқ. 1990-жылдардың соңында ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар үлесі 0,4 процентке кеміді. Оның үстіне сол кезде елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өнімге тапсырыс беру ісінің жолға қойылмауы жағдайды тіпті қиындатып жіберді.

Нарықтық экономиканың әрі қарай дамуы жер қатынастарын қайта қарап, батыл шешімге келуді талап етті. Қарыз ауыртпалығынан құтылған жаңа шаруашылықтарға үлкен үміт артылса да, ауыл шаруашылығы айналымында қаржы-қаражаттың болмауы – саланың дамуына қолбайлау

болып, адымын аштырмады. Коммерциялық банктер кепілге қоятын өтімді мүлкі жоқ шаруа қожалықтарына несие беруден бас тартты.

Қиындықтан шығудың қажетті жолы – жерге жекеменшік енгізу сияқты болып көрінді. 1995 жылғы Конституцияда жерге мемлекеттік меншік те, жекеменшік те бола алатыны көрсетілді. Қоғам жерді жекеменшікке беруге толық дайын емес еді. Ірі латифундистердің – алпауыт жер иелерінің пайда болу қаупі қоғамды қатты мазалады. 1999 жылдың шілдесінде әзірленіп, Парламентке ұсынылған ауыл шаруашылығы жерлеріне жекеменшік құқығын белгілеген «Жер туралы» заң жобасы сынға ұшырап, қайта қарауға жіберілді.

Толыққанды нарықтық экономика жағдайында жерге жекеменшіктің болуы міндетті нәрсе деп білгендіктен, жер реформасы туралы талас-тартыс басталған кезде-ақ осы пікірімді дәйекті түрде қорғап, табанды түрде жақтап сөйледім. Халық мүддесін қорғау – мемлекет басында отырған адамның ең бірінші парызы. Сондықтан қоғамдық көзқараспен санасу қажет деп біліп, ерте ме, кеш пе мемлекет шешуші қадам жасайтынына сене отырып, ойланып әрекет жасадық.

Зейнетақы реформасы: шешімін тапқан күрмеулер

1990-жылдары Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың қиын кезеңін басынан өткізген басқа да тәуелсіз елдердегідей, бала туудың азаюының жағымсыз үрдісі байқалды. Соның салдарынан елімізде демографиялық қартаю белгілері біліне бастады. Егер 1990 жылы 60 жастан асқан азаматтар саны халықтың 10 процентін құраса, 1995 жылы 12 процентін құрады. 1990 жылы бір зейнеткерге еңбекке қабілетті жастағы үш қазақстандық сәйкес келсе, ал 1996 жылы бұл көрсеткіш екіге де жетпей (1,8 процент) қалды.

1990 жылдың ортасында зейнетақы жүйесінде іркіліс көп болды. Зейнетақы кешіктіріліп берілді. Тек 1995 жылдың өзінде зейнетақы көлемі ақшаның құнсыздануы себебінен үш рет қаралды, нәтижесінде орташа зейнетақы екі есеге өсті. 1997 жылдың қаңтарында елде 2,9 миллион зейнеткер болды. Бұл – барлық халық санының 17 проценті. Зейнетақының өсуі мен зейнеткерлер санының көбеюі мемлекеттік бюджетке қосымша салмақ түсірді. 1995 жылы зейнетақыға 46 миллиард теңге бөлінді, сонымен бірге зейнетақы бойынша берешектер көбейе берді.

Қалыптасқан экономикалық және демографиялық жағдайға байланысты зейнетақы реформасын кейінге қалдыруға болмайтын еді. 1997 жыл-

дың наурызында Үкімет Зейнетақы жүйесін реформалау тұжырымдамасын бекітіп, сол жылдың 20 маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заң қабылданды.

Реформаның мәні мен маңызы сонда – біз таратушы зейнетақы жүйесінен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көштік. Үлгі ретінде Чили моделі алынды. Таратушы немесе ынтымақтастық жүйесінде зейнеткерлерді жұмыс істейтін отандастары қамтамасыз етеді – зейнетақы солардың жарналары мен салықтарынан құралады. Жинақтаушы жүйе – жұмыс берушінің қызметкердің жеке жинақтау шотына аударған қаржысынан құралады, яғни қызметкер еңбекке араласқан кезден бастап өзінің қаржылық қорын жинақтайды, сөйтіп өзін-өзі қамтамасыз етеді.

1997–1998 жылдары зейнетақы реформасын негізгі үш мекеме – Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық (ЗТМО), жарналардың сақталуына мемлекет кепілдік беретін Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЖЗҚ) және Ұлттық зейнетақы агенттігі жүргізді. Зейнетке шығу мерзімі ұзартылды. Ерлер – 63 жастан, әйелдер 58 жастан зейнетке шығатын болды.

1998 жылдың қаңтарында МЖЗҚ-да зейнетақы жарналарын қабылдау басталды. Содан бері барлық жұмыс істейтін азаматтар міндетті түрде тапқан табысының 10 процентін МЖЗҚ-ның дербес шотына аударады. 2001 жылдан кейін зейнетке шыққан адамдарға зейнетақы ЗТМО арқылы ішінара – республикалық бюджеттен, ішінара МЖЗҚ-ның дербес шотынан төленіп отырды. Бұл ретте, МЖЗҚ қаржысынан зейнетақы алуы үшін ерлердің – 25 жыл, әйелдердің 20 жыл еңбек өтілі болуы керек.

Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында бірінші болып зейнетақы реформасын жүргізді және оның нәтижесі де көп күттірген жоқ: мемлекеттің зейнетақы және жәрдемақы төлеу бойынша берешегі 50 миллиард теңге болса, 1999 жылдың соңына қарай бұл толығымен өтелді. Осылайша зейнетақы саласындағы дағдарыс өз шешімін тапты.

Экономика мен қоғамды жаңғырту үшін кешенді шаралар жүйесін жүзеге асыру – Қазақстанға КСРО-ның ыдырауынан кейінгі ауыр салдарларды жеңіп, апаттың алдын алуға, сөйтіп, 1990-шы жылдардың екінші жарты-

сында еркін нарық заңдары негізінде жұмыс істейтін мүлдем өзгеше, ашық экономикалық жүйе құруға мүмкіндік берді. Осы нәтижеге жету жолында ескі көзқарастардан арыла алмаған, істің мәніне терең бойлай алмайтын шенеуніктермен текетіресуіме, ал кейде былайғы жұртқа күтпеген тосын іс сияқты көрінетін, бірақ өмір талабымен үндес, ұлттық мүдделерімізбен қабысып жатқан өмірлік маңызды шешімдер қабылдауыма тура келді.

Мемлекетіміздің тоқсаныншы жылдардың ортасында қатаң тәртіппен жүргізген ақша-несие саясаты, ең алдымен, бағаның өсуін тежеуге, бюджет тапшылығын қысқартуға, мемлекеттік шығыстарды азайтуға бағытталды. Осындай сындарлы саясат арқасында 1996 жылы теңге бағамы тұрақтанып, ақшаның құнсыздануы белгілі бір шектен асқан жоқ. Экспортқа бағытталған салалардағы өндіріс жанданды. Қолайлы іскерлік ахуал шетелдік инвестициялардың одан әрі өсуіне себепші болды. Жетекші әлемдік қаржы институттарымен тең құқылы әріптестік байланыс жолға қойылды.

Жекешелендіру арқасында мемлекеттік бюджетке айтарлықтай қаржы түсіп, 1996–1997 жылдары бюджеттің кіріс бөлігінің 20–30 процентін құрады. Сол жылдарда жеке жобалар бойынша жекешелендіріліп, шаруасын дөңгелетіп әкеткен кәсіпорындар, бүгінде ірі және тұрақты салық төлеушілеріміз болып отыр.

Ақшаның құнсыздануын төмендетуге арналған шаралар, қаржылық сектор мен кәсіпорындар реформасы, инвестиция салуға ынталандыру, кәсіпкерлікті қолдау, басқаруды орталықсыздандыру және кезең-кезеңімен жекешелендіру шаралары ел экономикасын қысқа мерзім ішінде сауықтыруға мүмкіндік берді.

Өтпелі кезеңде экономикалық құлдыраудан қашып құтылу мүмкін емес. Егер тәуелсіздікке қолы жеткен жас мемлекеттер әуел бастан-ақ экономикалық одақ құрып, өзара тиімді қарым-қатынас орнатса және ынтымақтаса жұмыс істесе, экономикалық құлдыраудың алдын алуға болар еді. Өкінішке қарай, бұлай болған жоқ. Соның салдарынан бытыраңқылық жағдайында экономиканың дамуына қол жеткізу 1996–1997 жылдары ғана мүмкін болды.

Қазақстанда ішкі жалпы өнім 1996 жылы – 0,5 процент, 1997 жылы – 1,7 процент өсті, сәйкесінше өнеркәсіп өндірісінің көлемі, 0,3 процентке және 4,1 процентке артты. Үкімет экономикада оң серпін сақталады және алдағы екі-үш жылда ішкі жалпы өнім 2–3 процент өседі деп есептеді, бірақ 1997–1998 жылдардағы халықаралық қаржы нарығындағы жаһандық күйзеліс бұл жоспарымыздың орындалуына мүмкіндік бермеді.

Азиядағы қаржы дағдарысы және ұлттық экономикалық мүддені қорғау

1990-жылдарда құрылған Қазақстанның жаңа нарықтық экономикасының тұрақтылығы тек ішкі факторларға ғана емес, жалпы әлемдегі жағдайларға да тәуелді еді. 1997 жылы шілдеде Малайзия мен Тайландта қаржы дағдарысы болып, мұның соңы осы елдердің ұлттық валютасының құнсыздануына әкеліп соқтырды. Ақшаның тап осылай құнсыздануы – бұл елдерде бұрын-соңды болмаған жай еді. Қаржы апаты бүкіл Оңтүстік-Шығысты және Шығыс Азияның бір бөлігін, содан кейін ондаған мемлекеттердің қаржы нарығын тұрақсыздандырып, Латын Америкасына ауысты.

Әлемдік нарықтағы жағдай Қазақстан өндірушілері мен экспорттаушыларына да оңай тиген жоқ. Мәселен, мұнай бағасы 25 процентке төмендеді, ал 1998 жылы одан сайын құлдырап, баррелі 12 долларға түсті. Мыс пен қорғасын күрт арзандады.

Шикізаттың экспорттық бағасының төмендеуі Қазақстанның сыртқы сауда теңгеріміне қатты әсер етті, бюджетке түсетін түсімдер қысқарды, ұзақ тоқыраудан соң енді-енді қалыпты жұмыс ырғағына түскен ірі өндіруші және өңдеуші кешендердің тоқтап қалу қаупі туды.

Ресей Федерациясының үкіметі 1998 жылдың 17 тамызында жариялаған техникалық дефолттан соң, рубль құнсызданды, ол біздің нарыққа ресейлік өндірістің күрт арзандаған тауарларының ағылуына әкелді. Бұл жағдай қазақстандық тауар өндірушілердің позициясын айтарлықтай әлсіретті.

Елде арзандаған шетел валютасына деген жаппай сұраныс пайда болды. Ұлттық банк теңге бағамын ұстап тұру үшін қолданған шаралар алтын-валюта қорының қысқаруына әкеліп соқтырды.

Осындай жағдайда біз жедел әрі жүйелі әрекет жасадық. 1998 жылы Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда дағдарысқа қарсы күрес бағдарламасын жария еттім. Жолдауды жүзеге асыруға 25 миллиард теңге қаржы бөлінді. Жағдайды тұрақты түрде бақылау және болуы мүмкін кез келген өзгерістерді назарда ұстау үшін Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құрылды, оған Үкіметтің экономикалық блогының өкілдері мен Ұлттық банк төрағасы кірді. Бұл шара Қазақстан кәсіпорындарын, банктерін, тұтынушыларын және тұтастай алғанда экономикамызды қорғау үшін барлық шараларды қолдануға мүмкіндік тудырды.

Қаржы саласын тұрақтандыру үшін ұлттық валюта бағамын ретке келтіру керек болды. Валюта нарығындағы теңгенің тұрақтылығын сақтау үшін азаматтар мен банк жүйесіндегі экономикалық субъектілердің сенімін жоғалтып алмауға күш салдық. Ресейдегі жағдай салыстырмалы түрде бір

қалыпқа түсіп, Қазақстанда ақшаның құнсыздануы төмендеген кезде – 1999 жылы сәуірде теңгенің еркін өзгермелі айырбасына көшу арқылы бұл мәселені де шештік.

Менің бастамамен жасалған шешуші шаралар тізбегі бірден жақсы нәтиже берді. 1999 жылдың екінші жартысынан бастап теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамына көшуі Қазақстан экспортының дамуына жаңа серпін беріп, өндірістің дамуына қозғау салды. Жыл қорытындысы бойынша елдің төлем теңгерімі едәуір жақсарды, алтын-валюта қорлары өсті, банк жүйесі нығайды. Ең бастысы – өндірістің дамуы қалпына келтірілді.

Экономикалық жүйе шеңберінде жинақталған қаражат ішкі инвестициялардың маңызды көзі болғандықтан, салымшылардың мүдделерін қорғау өзекті мәселеге айналды. Бұл мәселені шешу үшін 1999 жылдың қараша айында Қазақстанның жеке тұлғаларының салымдарына кепілдік беру қоры құрылды. Оның құрылтайшысы және бірден-бір акционері Ұлттық банк болды. Жаңа құрылымның негізгі міндеті – халықтың екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерін сақтандыру еді. Бұдан былай банкротқа ұшыраған жағдайда немесе екінші деңгейдегі банктерді мәжбүрлеп тарату кезінде салымшыларға 700 мың теңге көлеміндегі салымдарын өтеуге кепілдік берілді (одан әрі кепілдендірілген сома айтарлықтай ұлғайтылды). Бұл шара Ұлттық банк жүйесіне деген азаматтардың сенімін нығайтып, коммерциялық банктердегі дербес салымдар көлемінің өсуіне себеп болды. Нәтижесінде нақты сектор жобасына жеке инвестициялар салуға қолайлы жағдай жасалды.

1998 жылдан бастап, мемлекеттік инвестициялық саясаттың басым бағыты ретінде инфрақұрылымға және тіршілік қажетін қамтамасыз ететін объектілерге айрықша көңіл бөлінді. Бұл салаларға ауқымды мөлшерде инвестициялық қолдау көрсетіліп, салықтық жеңілдіктер жасалды. Бюджетке берешекті өтеу төлемдерін кейінге қалдыру тәртібі енгізіліп, айыппұлдар мен өсімпұлдар алынып тасталды.

Дағдарыстың сыртқы қысымына қарсы тұру үшін ұлттық экономикалық мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету қажеттігін көрсетіп, Үкіметке нұсқау бердім. Осы міндеттің аясында ішкі нарықты қорғауға бағытталған бірқатар шара қабылданды. Атап айтқанда, Қазақстанда 1999 жылдан бастап азық-түлік тауарларының, сонымен қатар кейбір өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың импортына шектеулер қойылып, отандық өндірушіні демпингтік бағамен тауарлар әкелушілерден қорғау үшін заңнамалық база құрылды.

Экспорт мәселелерін шеше отырып, мемлекет АҚШ-та демпингке қарсы туындаған даулы мәселелерді талқылау кезінде бірнеше рет өз талабын орындатты. Нәтижесінде америкалық сауда әкімшілігі Солтүстік Америка нарығына экспортталатын қазақстандық өнімдердің кейбір түрінен баж са-

лығын алып тастауға мәжбүр болды. Қазақстан осылайша өз тауарларын саудаға шығаратын аймақты кеңейтті. Сыртқы сауданы дәйекті түрде либералдандыру арқасында тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру тәртібі оңайлатылды.

1990-шы жылдардың соңында қабылданған дағдарысқа қарсы шаралар, атап айтқанда, банктік реформа алдағы онжылдықтардағы экономиканың дамуы үшін берік негіз қалады. Тәуекелге баруды талап ететін жағдайларда тез әрі батыл қимылдау қажеттігін мен түбегейлі бетбұрыс басталған 1995 жылы айтқан едім. Мұндай жағдайда кібіртіктеп, жайбасарлыққа салыну ел үшін де, қоғам үшін де өте қауіпті. Бұл стратегия өзін ақтады. Мүлде өзгеріп, экономикасы жаңа сипатқа ие болған Қазақстан 1997–1998 жылдардағы қаржы дағдарысы кезінде жоғалтқандарын түгендеп, дефолттан құтылды және Азиядағы қаржы дағдарысына төтеп беріп, күрделі кезеңнен абыроймен өтті.

Әлеуметтік мәселелерді шешу. Артта қалған ауыр жылдар

1990-жылдардың орта тұсындағы экономикадағы алғашқы оң өзгерістер әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа көмектесіп қана қоймай, әлеуметтік мәселелерді шешудің алғышарттарын да қалыптастырды.

1990-жылдардың екінші жартысында қазақстандықтар жақсы өмірдің дәмін тата бастады. Сауда-саттық қызып, дүкендер мен базардағы тауар түрлері көбейді.

1996 жылы бюджет қызметкерлерінің жалақысы мен әлеуметтік жәрдем-ақы көлемі екі есеге көбейтілгеннен кейін, халықтың сатып алу қабілеті айтарлықтай өсті. Инфляция жағдайында осылардың іс жүзінде 50–60 процентке көбейтілгенін білдіретін.

Барлық оң өзгерістерге қарамастан, әлеуметтік жағдай, әсіресе аймақтардағы коммуналдық шаруашылықтардың қыс маусымындағы жайкүйі 1997 жылғы дағдарыс кесірінен қиындап кетті. Мен дұрыс жұмыс атқармаған биліктің атқарушы өкілдеріне қатаң талап қойып, ушығып тұрған көкейтесті әлеуметтік мәселелерді тікелей өз бақылауыма алу туралы шешім қабылдадым.

Ал жалақы мен зейнетақының берешегі көбейе бастаған сәтте, «егер мәселе шешілмейтін болса, жауапты адамдарды барынша қатал жазаға тартамын» деп Үкіметке қатаң ескерту жасауыма тура келді.

Мен өз отандастарыма қолдау білдіріп, оларға үміт сыйлау үшін кез келген мүмкіндікті мүлт жібермеуге барымды салдым. Сондай-ақ әр адамға

ел өкіметінің бәріне бірдей шамасы жетпейтінін, өтпелі кезеңнің объективті қиындықтары бар екенін, сол себепті қайсыбір жағдаяттарға төзімділік таныту керектігін ұғындыруға тырыстым.

1999 жылға қарай зейнетақы мен жәрдемақыны кешіктірмей төлеу мәселесі толық шешілді. Қалаларда жылу, жарық пен суды тоқтаусыз беру жолға қойылды. Экономика мен бюджет қорының өсуінің арқасында мемлекет белсенді әлеуметтік саясатты қайта қолға алуына мүмкіндік алды.

1998 жылдың қаңтар айында менің бастамаммен, сол кезде халықтың басым бөлігін құраған күнкөрісі төмен азаматтарды қолдайтын жалпыұлттық қор құрылды. Жұмыс істеген алғашқы жылдары қор 1 миллиард теңге жинап, тұрмысы төмен 250 мың қазақстандыққа қолдау көрсетті.

1990-шы жылдардың екінші жартысында жалақы мен зейнетақы ұдайы өсіп отырды. 1999 жылы Қазақстандағы орташа жалақы долларға шаққанда 90 АҚШ долларын құрады. Бұл жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы ең жоғары көрсеткіш болатын. Осының арқасында қазақстандықтардың кірісі оларға қаражат жинауға мүмкіндік тудырды. Егер 1996 жылы қазақстандық банктердегі азаматтардың есепшотында 11 миллиард теңге болса, 1999 жылы ол 28 миллиардтан асты.

Дағдарысқа қарсы шаралардың толық кешенін жүзеге асыру нәтижесінде дәл осы кезде ұлттық экономиканың нағыз өрлеу кезеңі басталып, ол бірден елдің көңіл күйіне әсер етті. Реформалардың ұзақ күткен жемісі соңғы он жыл бойы жиналған әлеуметтік қажудан арылуға көмектесті. Бұқара халық өз күші мен алда тұрған кез келген кедергіні еңсере алатын қабілетінің бар екеніне көзі жетті.

Сол кезді еске ала отырып, үнемі ойлаймын: қазір ғой біз мұны жеңіл-желпі айтып отырмыз, ал ол кезде мұның бәрі дәл мен үшін қаншама уайым болды. Арасында қызықты жайттар да кездесті, әрине. Солардың бірі – халықтан банкке қаражат тарту науқаны кезінде болған оқиға еді. Сол кездегі Ұлттық банктің төрағасы Григорий Марченко маған көптің көзінше, егер науқанның көздегені іске асып жатса, өзінің әдемі сақалын қырып тастауға уәде берді. Ол үшін екінші деңгейлі банктегі жеке тұлғалардың жинаған қаржысы 1 миллиард АҚШ долларына жетуі керек-тін. Григорий Марченконың мәлімдемесі, әсіресе БАҚ өкілдерінің «оң жамбасына» келе кетті. Журналистер мен экономистердің дені «Марченконың сақалсыз жүрген күні жоқ» деп жазып жатты. Бірақ, екі жылдан кейін, дәлірек айтсақ, 2001 жылдың 7 қыркүйегі күні ол баспасөз мәслихатына, қайсыбір БАҚ өкілдері жазғанындай, «өмірі алынбайтын баяғы сақал-мұрты жоқ, жап-жас күйінде» келіп, жеке тұлғалардан жиналған қаржы 1,116 миллиард АҚШ долларына жеткенін мәлімдеді.

5. ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

ҚОҒАМ МЕН САЯСАТ

Ішкі саясат: бейбітшілік пен келісімді нығайту

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында саяси басымдықтарымызды анықтаған кезде мен тұрақтылықты, азаматтық қоғам мен жалпыұлттық келісімді нығайтудың міндеттерін айрықша атап көрсеткен болатынмын.

1990-шы жылдардың басында Қазақстанның бекем мемлекеттілігін қалыптастыра алатындығына көпшіліктің сене қоймағанын еш уақытта ұмытуға болмайды. Шетелдік скептиктердің ойынша, халықтың этноконфессионалды құрылымы мен геосаяси жағдайы бұл мақсатқа жетуге үлкен кедергі болуға тиіс-тін. Оның үстіне, «егемендік шеруі» кезеңінде көптеген посткеңестік елдерді ұлтшылдық пен өзара тартыстар шарпып үлгерген еді. Біздің елді «Екінші Балқанға» теңеген мәлімдемелер де сол кезде айтылып қалып жатты. Оны, тіпті, әне-міне болады деп төндіріп те қойды. Біз осы болжамдардың бәрін жоққа шығарып, сауатты әрі жүйелі саяси ерік-жігер барда мәдениеттердің, этностар мен өркениеттердің қақтығысын айналып өтуге болатынын дәлелдедік.

1990-шы жылдардың екінші жартысы бұл басымдықтардың дұрыс екенін көрсетті. Мен адамдарға өзінің этномәдени мүдделерін еркін жүзеге асыруға және сонымен бірге азаматтық қауымдастық пен ауызбіршілік сезімін дамытуға мүмкіндік беруге тиіс екенімізге толық сенімді болдым.

Халықтар арасындағы достық пен ұлттар арасындағы келісімнің қандай да бір ортақ «рецепті» болмайтынына жаһандық тарих көзімізді жеткізіп отыр. Бұғанасы қатпаған жас мемлекет сыртқы емес, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып жұмыс істейтін ішкі саясат тетіктеріне мұқтаж болатын. Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) қоғамды ұйытып, этностарды жақындастырып, қақтығыстардың алдын алатын осындай тиімді тетікке айналды.

Мен алғаш ҚХА делегаттарының алдында сөйлеген сөздерімнің бірінде: «Біздің елімізде тұрып жатқан ұлт пен ұлыстардың барлығы бірдей ортақ саяси, экономикалық һәм мәдени кеңістікте тең дәрежеде өмір сүреді», – деп атап өткен болатынмын. Ал мұның бәрі тұрақтылықтың арқасында ғана жүзеге асады десек, елдің тұрақтылығы Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлт өкілдерінің қазақ ұлтының өз мәдениеті, тарихы мен ұлттық ерекшелігін

жаңғыртуға деген құлшынысына құрметпен қарағанда ғана мүмкін болмақ. Басқаша айтар болсақ, азаматтық қоғам әлеуетті қазақ мәдениетінің айналасына топтасады, этностар дамуға тең дәрежеде мүмкіндік алады.

Ұлтаралық қатынастардың қазақстандық үлгісі елдің төл тарихына арқа сүйеп, этностық және азаматтық сәйкестіктің маңыздылығын түсінуге негізделді. Сол себепті 1996 жылы сәуір айында ҚХА-ның III сессиясында әрбір қазақстандыққа саналы түрде өз азаматтығын шешу жайлы мәселе көтерілді. Мен «азамат дегеніміз – шыққан тегіне қарамастан, өз тағдыры мен ел тағдырын ортақ деп қарайтын адам» екенін барлық азаматтардың есіне салдым. Әрине, мұндай сәйкестікке жету үшін біраз уақыт керек, бірақ бұған келмей болмайды. Ал Ассамблея жаңа азаматтықтың көпірі болып табылады.

Қазақстан 1996 жылдан бастап бірінші рет 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі мерекесі ретінде атап өте бастады. Бұрынғы бірінші мамыр дәстүрі жаңа қазақстандық мазмұнға ие болды.

Келісім саясатының маңызын ерекшелеу мақсатында 1997 жыл жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. Сол жылы Қазақстан бірінші рет 31 мамырда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін атап өтті.

Мен Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиясында ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мен қоғамды біріктірудің негізгі бағыттарын анық айқындап бердім, олар: 1) еліміздегі барша азаматтардың тең мүмкіндігіне негізделген біртұтас азаматтықты дамытуға кепілдік жасау; 2) ұлтаралық алауыздық себептерін жою; барлық этностық топтардың тең құқылығын қамтамасыз ету; 3) ұзақмерзімдік болашақта саяси тұрақтылықты, сонымен қатар қоғамның бірігуін қамтамасыз ететін дәулетті Қазақстанның қалыптасуына жігерлі түрде атсалысу; 4) әртүрлі конфессиялар арасындағы өзара сыйластықты, төзімділік пен сенімді күшейту.

Жалпыұлттық келісімге қол жеткізуге бағытталған салиқалы ішкі саясат өзінің оң нәтижесін берді. Егер 1993 жылы еліміздің әрбір төртінші тұрғыны ұлтаралық қарым-қатынастың шиеленісуіне алаңдайтын болса, 1997 жылы мұндай азаматтардың саны 6 проценттен аспаған. Қазақстандықтар билік өкілдерінің іс-қимылы Конституция мәлім еткен бағытқа сәйкес екендігіне, сол себепті қауіп-қатерге еш негіз жоқтығына көз жеткізді. 1996 жылы желтоқсанда ЕҚЫҰ мен оның аз ұлттар жөніндегі комиссары Ван дер Стул: «Қазақстан ұлтаралық қарым-қатынастарды үйлестіруге байланысты жүйелі саясат жүргізіп отыр», – деп бекер айтпаса керек.

Президент сайлауынан кейін, 1999 жылы қаңтар айында өткен ҚХА-ның V сессиясында мен: «Ұлттық келісімді халыққа ешкім де көктен

бере салмайды, ол термен, еңбекпен келетін дүние, сол себепті «мен – қазақстандықпын!» деген сөзді әрқайсымыз мақтанышпен айту үшін біраз тер төгуіміз керек», – дедім.

Сонымен бірге, полиэтностық мемлекеттің қазақстандық үлгісінің ерекшеліктерін де атап өттім. Оның біріншісі – өзге этностарды бірге дамыта отырып, қазақтың мәдени діңін мақсатты түрде дамыту. Екіншісі – теңдестірілген тілдік саясат. Үшіншісі – зайырлы мемлекет қағидаттарын ұстану. Төртіншісі – Қазақстан халқы Ассамблеясын қолдау.

Қазақстандық үлгі «Әралуандықтан – бірлікке» ұйыстыру қағидатына негізделген. Мәдени әралуандықты сақтап, оны көбейтуге мемлекеттің этностық тілдер мен мәдениеттерді қолдауға бағытталған бұлжымас саясаты көмектесіп отыр. Қазақстанның ұлттық саясаты халықаралық стандарттарға толығымен сай келеді.

Біздің еліміз адам құқы бойынша 160-тан астам негізгі халықаралық құқықтық құжаттарға қосылған. Олардың ішінде Копенгаген құжаты (біз оған 1992 жылы қосылдық), білім беру саласындағы азшылық ұлттардың құқы турасындағы Гаага ұсыныстары (1996), азшылық ұлттардың тілдік құқы турасындағы Осло ұсыныстары (1998), азшылық топтардың қоғамдық-саяси өмірге тиімді араласуы турасындағы Лунд ұсыныстары (1999) және т.б. Осылайша Қазақстан әуел бастан қай ұлттан шыққанына қарамастан, барша азаматтардың мүдделерін, құқы мен міндеттерін өзара үйлесімде ұстауға негізделген бағыт ұстанды. Ал оның ұстыны – алғашқы күннен елдегі ұлтаралық сенімнің бірегей үлгісін қалыптастырған қазақ халқының төзімділігі болды.

Алматыдағы Достық үйінің Ассамблеяға берілуі де есте қаларлық оқиға. ҚХА этноұлттық саясатты жүзеге асыруда іс жүзінде Президенттің бірден-бір жақын көмекшісі қызметін атқаратындықтан, біле-білген адамға бұл да бір маңызды ишара болды.

Мен ҚХА делегаттарын президенттігімнің алдағы жеті жылында қазақстандық ұлттық саясаттың негізгі өзегі сол күйінде қалатынына сендірдім. Жауапкершілік салмағы зор бұл мәлімдемеге барлығы қолдау білдірді.

Осылайша, осы бір кезеңде Қазақстан халқы Ассамблеясына қоғамды біріктіру мен ұлтаралық келісімге келтіру, ұлтаралық қарым-қатынастардың қазақстандық үлгісін және осымен бір мезетте мемлекеттік ұлттық саясатпен жалпы саясатты жүзеге асыру сияқты маңызды міндет жүктелді.

Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер. Азаматтық қоғамды одан әрі дамыту

1990-шы жылдардың алғашқы жартысында үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ), негізінен түрлі жобалардың жүзеге асырылуына гранттар ұсынған шетелдік қорлар арқылы қаржыландырылды. Мұндай тәсіл, өкінішке қарай, грант алушылардың жұмысты ұлттық мүдделермен әркез үйлесе бермейтін шетелдік мемлекеттердің мүддесіне сай жүргізуіне жол берді, сонымен бірге азаматтық сектордың дамуын тежеп тұрды.

1994 жылы жаңа Азаматтық кодекс, ал 1996 жылы «Қоғамдық ұйымдар туралы» заң күшіне енді, олар үкіметтік емес ұйымдар санының өсуіне себеп болды. Экология, қауіпті аурулардың алдын алу, ғылым мен білім, адам құқықтарын қорғау және тағы басқа әртүрлі бағыттардағы ҮЕҰ пайда болды.

1990-шы жылдардың екінші жартысы қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдарды дамытудағы маңызды кезең болды. Елдегі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің саны артты.

1997 жылдың ақпанында 55 саяси партия, қоғамдық бірлестік және этномәдени орталық мемлекеттік билік органдарымен ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойды және, осылайша, азаматтық әлемнің сақталуына қатысты жауапкершіліктің бір бөлігін өз мойындарына алды. Тағы бір маңызды жайт: осындай қоғамдық-саяси диалогі біріктіруші алаң Қазақстан халқы Ассамблеясы болды.

Мен 1998 жылғы Жолдауымда демократияландырудың басты элементі үкіметтік емес ұйымдардың азаматтық қоғам құрудағы рөлін нығайту екенін баса айтқан болатынымын. Елбасы ретінде, мен ҮЕҰ жұмысының азаматтық қоғам үшін сөзсіз пайдасын көрдім – өйткені осындай демократиялық институттардың арқасында, азаматтар саяси өмірге атсалысып, өз еңбегін басқа азаматтардың игілігіне, өз елінің игілігіне арнай алады, келіспеушілігін білдіріп, өз мүдделерін қорғай алады.

1999 жылы облыс әкімдіктеріне қарасты аймақтарда «ҮЕҰ ақпарат орталықтары» ашылды, олардың басты міндеті – аймақтық үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе әрекет етіп, кеңес беру жөнінен көмек ұсынып, ақпараттық қолдау көрсету болды.

Қоғамдық секторды дамыту экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелердің шешіміне де оң септігін тигізді, ал ҮЕҰ қоғамдық-саяси қатынастарды демократияландыру және Қазақстандағы азаматтық қоғамды қалыптастыру ісінің бұрынғыдан да ілгері қадам басуына мүмкіндік берді.

Бұқаралық ақпарат және байланыс құралдары

1990-шы жылдардың екінші жартысында бұқаралық ақпарат құралдарының нарығы тұрақталды. Жаңа басылымдар ашылды, ал кейбіреулері бәсекелестікке төтеп бере алмай, өз жұмысын тоқтатты, алайда олардың жалпы саны өзгеріссіз қалды деуге болады (1996 жылы 670 газет пен журнал шығарылатын, ал олардың саны 1999 жылы 668 болды).

1996–1997 жылдары Үкімет мемлекеттік БАҚ, полиграфиялық кәсіпорындар мен баспаханаларды жекешелендірді. Сол кезде ақпарат нарығында жаңа бағыт – жарнама пайда болды. 1997 жылдан бастап ақпараттық сала мемлекеттік тапсырыстармен жұмыс істеуге тартыла бастады, бұл бұқаралық ақпарат құралдары нарығына оң әсерін тигізді. Мемлекет жүйелі түрде бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе әрекет етіп, БАҚ әр алуандығын, сондай-ақ елдің әлемдік және аймақтық ақпарат кеңістігіне енуіне мүмкіндік беретін дәйекті ақпараттық саясат жүргізе бастады. Технологиялық индустрияны дамыту, өнімі мемлекеттік саясат пен шынайы қоғамдық үдерістермен үндес келетін басылымдар мен телеарналарды құру және қолдау маңызды міндет етіп қойылды.

Қазақстандық телевизиялық хабар таратушылардың арасында ең жоғары рейтингтер «Хабар», КТК, «31 арна», НТК телекомпанияларында болды. Телевизия мазмұны жаңарды, көрерменнің ықыласына таласқан арналар жаңа, өзекті форматтарды меңгерді. 1998 жылы «Қиылыс» атты 400 бөлімді отандық алғашқы телероман көрерменнің көзайымына айналды, ТМД елдерінің медиа-форумы оны сол кездің өзінде посткеңестік кеңістіктің үздік телехикаясы деп таныды.

Оқырмандардың сұранысына ең көп ие болған газеттер – «Караван», «Новое поколение», «Время», «Начнем с понедельника», «Экспресс-К», «Panorama», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Заман-Қазақстан», «Деловая неделя», «Столичное обозрение». Олардың таралымы артты, бұған көбінесе газет беттерінен салмақты ақпараттық және сараптамалық материалдарды ығыстырып тастайтын арзан сенсация мен дау-шар есебінен қол жеткізілді.

150

Ақпараттық дамудың жаңа кеңістіктерін 1995 жылы қабылданған Спутниктік телевизияның мемлекеттік бағдарламасы айқындап берді.

1996 жылдан бастап Қазақстанда (Intelsat жүйесі спутниктерінің негізінде) спутниктік телевизияның ұлттық жүйесі құрыла бастады. Шеткері аудандарда жер серігінің сигналдарын қабылдайтын жерүсті стансалары орнатыла бастады. Қалаларда кабельді телевизия жүйесі кең қолданысқа енді. Телекөрермендер ондаған отандық және шетелдік телеарналарды көруге мүмкіндік алды.

Қазақстанның ақпараттық саясаты ТМД елдерінің ақпараттық кеңістігі аясындағы өзара әрекеттесуді реттеуге көмектесті.

Мен 1997 жылы «Біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру туралы» Жарлыққа қол қойдым. Оның мақсаты – Қазақстанның кез келген азаматының ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету болатын.

Талантты журналистерді ынталандырып, шығармашылық ізденіске дем беру үшін 1997 жылы БАҚ саласында Қазақстан Республикасы Президентінің сыйақылары мен гранттары тағайындалды.

Дәл сол жылы 28 маусымда ел тұңғыш рет Байланыс және ақпарат қызметкерлері күнін атап өтті. Аталмыш кәсіби мерекеге бұл датаның таңдалуы кездейсоқтық емес-тін. 1991 жылы тура осы күні «Баспасөз және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң қабылданған болатын.

Халықаралық ұйымдар, БАҚ және ҰЕҰ қатысуымен дайындалып, 1999 жылдың 23 шілдесінде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» жаңа заң журналистердің құқықтарын қорғап, цензураға, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысына мемлекеттің араласуына тыйым салып қана қоймай, олардың жариялаған деректерінің дұрыстығына жауапкершілігін бекітті. Осы заңның тәртіптерінен қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының сан алуандығына ғана емес, ұлттық ақпараттық кеңістігімізді нығайтуға да мүдделі мемлекеттің ақпараттық стратегиясы көрініс тапты.

1990-жылдардың ортасы Интернет атанып кеткен бүкіләлемдік компьютер желісінің тез дамыған уақыты болды.

Онжылдықтың екінші жартысында Қазақстанда жастар арасында өте көп қолданылған алғашқы интернет-кафелер ашыла бастады. Дүниежүзілік желіде домендік .KZ (Казнет) аймағы пайда болды. Жүздеген сайттар ашылды. Газеттер мен телеарналар өз интернет нұсқаларын құра бастады. Ірі компаниялар, білім беру мекемелері, мемлекеттік органдар дүниежүзілік желіде өз парақшаларын ашты. 1998 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты – Prezident.kz жұмыс істей бастады. 1999 жылы Қазақстанда шамамен 12 мың Интернет желісі абоненттері тіркелді.

Пейджерлердің пайда болуы қазақстандықтардың әлеуметтік мобильділігін біршама арттырды, әйтсе де пейджер байланысының ғұмыры тым ұзаққа созылған жоқ, оның орнына ұялы телефон жүйесі келді. 1994 жылы бұл нарықтың алғашқы қарлығашы «Алтел» операторы болды, бірақ оның қызметтері бастапқы кезде тек жағдайы бар адамдарға ғана қолжетімді еді. Алайда 1998–1999 жылдары «Kcell» және «КаР-Тел» компаниялары бүкіл елге GSM стандартындағы ұялы байланыс стандартын таратты және осы кезден бастап ұялы телефон жедел түрде пейджерді қолданыстан ығысты-

ра бастады. 1999 жылы Қазақстандағы ұялы байланыс абоненттерінің саны шамамен 80 мың болды.

«Қазақстан-2030» стратегиясында заманауи коммуникация түрлерін тарату мен олардың Қазақстанның дамуындағы маңызы деген мәселеге ерекше көңіл бөлінді: «Телекоммуникациялар нарықтық тетіктер қызметін ақпарат алуды кеңейту мен олардың берілуін жүзеге асыру арқылы қуаттап отырады».

Мемлекеттің коммуникацияларды дамыту инновацияларын қолдауының арқасында, қазақстандықтардың кәсіби, қоғамдық және күнделікті өмірі осы кезеңде жаңа серпінге ие болды.

Демографиялық өсім: өзгеріс заңдылықтары

1990-шы жылдардың соңына қарай Қазақстан тұрғындарының жалпы халық санының азаюы баяулады және осы игі өзгерістер жақын уақыттарда демографиялық өсім болатынын болжауға мүмкіндік берді.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы халық санағы 1999 жылдың ақпанында жүргізілді. Халық санағы елде 14,9 миллион адам өмір сүретінін және республика тұрғындарының ұлттық құрамының айтарлықтай өзгергенін көрсетті. 1989 жылғы кеңес кезіндегі соңғы санақ нәтижелерімен салыстырғанда, қазақтардың саны 1,5 миллионға дерлік артып, 7 миллион 985 мың адамға жетті (53 проценттен астам). Бұған қазақ тұрғындардың табиғи өсімі, қазақ еместердің басқа елдерге көшуі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан, Моңғолия және өзге елдердегі қандастарымыздың отанына оралуы себеп болды. Республикадағы орыс халқының саны дәл сол кезеңде 1,5 миллион адамға азайып, 4 миллион 480 мың адам болды (30 процент).

Орыстар Қазақстанды мекендейтін этностардың ішінде саны бойынша екінші орында болған, әлі де солай. Қос халықтың үзілмес байланысы ХХІ ғасырда да жалғасатынын 1998 жылдың 6 шілдесінде мен және Ресейдің көшбасшысы Борис Ельцин қол қойған мәңгілік достық пен одақтастық декларациясы тағы да нақтылай түсті.

152

1990-шы жылдардағы халық санағында белгілі болған демографиялық өзгерістер 1960-шы жылдары қазақтар мен өзге ұлт өкілдері арасында қолдан жасалған айырманы түзеді. Қазақ халқы тәуелсіз Қазақстанның ең көп тұрғындарына айналды. Бұлай болуы заңды да еді.

1990-шы жылдардың екінші жартысында ішкі көші-қон – ауылдан қалаға көшу де белең алды. 1990 жылы қалаға қоныс аударған ауылдықтардың саны шамамен 1,4 миллион адамға жетті. Әсіресе Алматы және Астана қалаларында үлкен өсім байқалды.

Діни сенім: имандылықты күшейту

1990-шы жылдардың екінші жартысында дін мен рухани өмірдің белсенді түрде жаңғыруы жалғаса түсті. 1995–1998 жылдар аралығында Қазақстандағы діни бірлестіктердің саны екі есе дерлік – 1180-нен 2100-ге дейін өсті.

Қазақстанда, негізінен, мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасының оңтайлы арқауы табылды, бұл мемлекет пен діни конфессиялардың жалпыұлттық келісімді нығайту жолында бірлесіп жемісті жұмыс істеуіне мүмкіндік берді.

Діни өмірді дамыту руханият пен мәдениеттің өсуіне, қоғамдағы имандылықтың нығаюына, маскүнемдіктің, нашақорлықтың және басқа да әлеуметтік сырқаттар мен кемшіліктердің азаюына ықпал етті. Әйтсе де сол кезеңдегі заңның олқы тұстарын пайдаланып, кейбір деструктивті секталар да өз ісін жалғастырумен болды. Дегенмен рухани өмірді жаңғыртудың ықпалы басым түсті.

Елдің барлық аймақтарында жаңа мешіттер мен храмдар (шіркеулер) қайта жандандырыла бастады. 1999 жылдың шілдесінде Алматыда әдемі көгілдір күмбезі бар Орталық мешіт ашылды. Дәл сол жылы қазан айында Павлодардағы Благовещенский шіркеуі де жұмыс істей бастады.

Қазақстандағы барлық діндердің өзара тату болып, ел бірлігіне көмектесуі өте маңызды. Сонымен бірге, мынаған көзім анық жетті: діни идеялардың атын жамылып әрекет ететін экстремизмнің кез келген түріне мықты тосқауыл қою керек.

1998 жылдың қыркүйегінде мен ресми сапармен Ватиканға бардым. Бұл Рим Папасы II Иоанн Павелмен менің үшінші кездесуім болатын. Осы кездесулерде арада өзара сенім орнады. Сол кездерде өткізуді ойыма алған Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің табысты өтуіне де сол кездесу айтарлықтай ықпал етті.

6. ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫМЫЗДЫ ШЫҢДАДЫ

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ

Орта білімді дамыту.

Мектептерді компьютерлендіруді бастау

Білім саласында динамикалық өтпелі кезең жалғаса түсті. Іздену және жаңа бастама бұл кезеңнің өзіне тән белгілеріне айналды.

1997 жылдың маусымында Қазақстан халықтары Ассамблеясының IV сессиясында сөйлеген сөзімде, мен «кеңестік білім беру жүйесінен жаппай бас тарту кешірілмес қателік болар еді» дегенді атап көрсеттім: оның ең жақсы жақтарын алып, жаңа әлеуметтік-саяси жағдайға бейімдеу әлдеқайда орынды болар еді.

Қаржылық қиындықтарға қарамастан, мемлекет барлық қазақстандықтардың тегін орта білім алуына кепілдік берді. Бұл ретте ақылы оқуға негізделген жекеменшік мектептердің ашылуына жағдай жасалды. 1994 жылы бүкіл елде небәрі 18 осындай мектеп болды, оларда тек 1 мың адам білім алды. Төрт жылдан кейін мектептер саны он есе артты, ал оқушылар саны 18 мыңнан асып түсті.

Заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы орта білім беру жүйесін жаңғыртуға ықпал етті. 1997 жылдан бастап оқушылар компьютерлік сауаттылықты меңгеруге қол жеткізді. 1998 жылы мектептерді компьютерлендіру мен бірыңғай білім беру ақпараттық ортасын дамытуға жауапты арнайы ғылыми-әдістемелік орталық құрылды. Жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер, сондай-ақ дарынды балаларға мектептен тыс білім беретін оқу орындары көбейе түсті. 1996 жылдан бастап мұндай мектептерге бюджеттен қосымша қаражат бөлініп тұрды. Кәдімгі мектептердің орнына гимназиялар мен лицейлер құрылды (1996 жылы республикада 122 гимназия және 96 лицей, 1999 жылы – 131 және 104 гимназия мен лицей жұмыс істеді). Әлемдік білім беру стандарттарына сай, бірлескен оқу орындары желісі қалыптаса бастады. 1996 жылы елде қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде білім беретін 28 қазақ-түрік лицейі жұмыс істеді.

Ел аумағында дарынды балаларды іздеп табу, олардың қабілеттерін дамытуға жағдай жасау – ел болашағын ойлаудан туған игілікті қадамдар

еді. Мемлекеттік маңызы бар бұл міндетті шешу жүйелі іс-қимылды талап етті. 1998 жылы республикалық олимпиадалар мен оқушылардың ғылыми жарыстарын өткізумен айналысатын республикалық ғылыми-тәжірибелік «Дарын» орталығы ашылды.

Мен әрқашан білім беру мәселелерін өзімнің басты назарымда ұстауға және азаматтарымыздың, бірінші кезекте, жас буынның жаңа білім мен жаңа дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етуге, білім деңгейін арттыруға барлық мүмкіндіктерді жасауға тырысып бақтым. Жасыратын несі бар, көп пайда түсірмейтін, сол себепті коммерциялық құрылымдардың қызығушылығын тудырмайтын салаларда ауқымды жобалар жасап, дамыту үшін билік басындағы адамдардың ықпалы керек болады. Президент лауазымы маған осындай үлкен мүмкіндіктер береді. Білім беру саласы, өкінішке қарай, осы салаға жатады, себебі ұзақ мерзімді салымдарды талап еткенімен, елеулі коммерциялық пайдаға жол ашпайды. Сондықтан да Білім беру қорын құруға бел будым және оған өз атымның берілуіне келістім. Халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа білім беру үлгісіне көшуді көздейтін бұл қор 1998 жылдың желтоқсанында құрылды. Қордың қамқорлығымен «Мирас» инновациялық мектептері мен балабақшалары ашылды.

Іске жаңаша көзқарас өз нәтижесін берді: халықаралық ғылыми жарыстарға қатысқан жас қазақстандықтар үйлеріне ең жоғары марапаттар алып, қуанышпен оралып жатты. Елдің беделін көтеріп, отандық ғылымның болашағына деген сенімді нығайтқан балалардың талабын қолдап, білімін онан әрі дамыту мақсатымен мемлекет тарапынан білім беру саласына үсті-үстіне қолдау көрсеттік.

Мен, сондай-ақ мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамту мәселесін ерекше бақылауыма алдым. 1998–1999 жылдары дағдарыс кезінде оқуын тастап кеткен 26 мыңнан астам бала мектепке қайтарылды. Мемлекеттік қаражат есебінен 182 орта білім беру ұйымдары, оның ішінде 46 жалпы білім беретін мектеп, 23 интернат, 6 кәсіби-техникалық мектеп қалпына келтірілді.

Менің тапсырмам бойынша, бюджеттен мектепті ұстауға бөлінген қаражаттың бір проценті тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларды қолдау үшін құрылған Жалпыға бірдей білім беру қорына бөлінді. Шалғай ауылдардың балалары мектепке және үйлеріне тегін жеткізіле бастады.

Жас тәуелсіз елдің жаңа мектеп оқулықтары болған жоқ. Баршаны алаңдатқан бұл мәселе бірден шешімін таба қойған жоқ. Осыған байланысты Үкімет арнайы бағдарлама қабылдады. Бағдарлама аясында 60 авторлық ұжым орта мектепке арналған оқулықтар жазуға кірісті. Жаңа буынның

1–2 сынып оқушыларына арналған алғашқы оқулықтар 1999 жылы қазақ және орыс тілдерінде шықты.

Үздік нәтиже көрсеткен орта мектеп түлектерін ынталандыру үшін, кеңестік тәжірибені де іске жараттық: оқу озаттарына «Алтын белгі» медалін тапсыра бастадық (1999 жылы тағайындалды).

Көз алдымызда өзгеріп жатқан өмір заңнамаға, соның ішінде білім беру саласына өзгерістер енгізуді талап етті. 1996 жылдың қаңтарында «Білім туралы» заңға толықтырулар енгізілді, бірақ бірнеше жылдан кейін ол да мемлекет пен қоғамның нақты қажеттіліктеріне жауап бере алмады. 1999 жылы қабылданған жаңа заң – басым сала ретінде – білім беру жүйесі үшін мемлекеттік құқықтық және экономикалық кепілдіктерді қарастырды, оқу орындарын қаржыландыру тәртібін реттеп, олардың дербестігін арттыра түсті.

Үздіксіздік пен сабақтастық ұстанымы бойынша құрылған білім беру жүйесінің төрт деңгейі болды, ол – мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, міндетті орта, жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Мазмұндық тұрғыдан білім жалпы және кәсіби болып бөлінді. Жалпы орта білім үш сатыдан тұрды: бастауыш (1–4 сыныптар), толық емес орта (5–9 сыныптар) және толық орта (10–11 сыныптар). 1999 жылы Қазақстанда 8,1 мың мектеп жұмыс істеді, мұнда 3,1 миллион бала білім алды.

Бастапқы және орта кәсіптік білім беру жүйесі үшін 1990-шы жылдар жаппай өзгеру кезеңі болды: жаңа мүмкіндіктерді қуана қабылдай отырып, білім беру жүйесі оқыту нысандары, оқу орындары құрылымдарына байланысты және т.б. тәжірибелік ізденістерге барды. 1996 жылға қарай кәсіптік білім берудің үздіксіз жүйесінің маңызды буыны – колледж болды. Колледждер өзінің дәстүрлі қалпында (орта арнайы оқу орны), сондай-ақ жаңа қалыпта (университет немесе жоғары оқу орны базасында) жұмысын жалғастырды.

1990-шы жылдардың соңына қарай елдегі бастапқы кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждердің саны төрт жүзден асты. Жаңа оқу жоспарлары аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып құрылды және бір-бірінен айырмасы да осы болды, сонымен қатар өндірістік тәжірибенің үлесі барлық жерде бірдей болды (оқу уақытының 45 процентіне дейін). Жаңа экономика талабына сәйкес кәсіп түрлері көбейді. Жеке сервисті ұйымдастырушы, кәсіпкер, фермер-жалгер, ЭЕМ операторы мамандықтарына дайындау басталды.

Қазақстанның орта білім беру жүйесі бірте-бірте 1990-шы жылдардағы дағдарысты жеңді және туындаған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, дамудың жаңа деңгейіне көтерілді.

Жоғары мектеп: өзгерістер уақыты

Жоғары білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болды. Бұл нағыз өзгерістердің – жоғары оқу орындарын жаңғырту және олардың мазмұнын жаңарту кезеңі еді.

1996 жылы үшжүзден астам мамандықты қамтитын Жоғары білім берудің жаңа жіктеуіші бекітілді.

Жоғары оқу орындарын біріктіру мен қайта құру қарқынды жүргізілді. Жаңа факультеттер мен кафедралардың құрылуы жалғаса берді. Жоғары оқу орындарының ғылыми институттармен, колледждермен, гимназиялармен, нақты өндіріспен ынтымақтастығы дамыды.

Халықаралық байланыстар нығайып, ынтымақтастық туралы келісім-шарттар жасалды. Сол жылдары Жоғары мектептің халықаралық ғылым академиясының рөлі елеулі болды. Жоғары оқу орындарында оқу жоспарларына және бағдарламаларына тәжірибелер жүргізілді. Білім беру үдерісінің әртүрлі – блоктық, рейтингтік, модульдік, кредиттік нысандары қолданылды.

Бакалавриаттың енгізілуімен бесжылдықтан төртжылдық оқытуға көшу жүзеге асырылды. Жоғары оқу орындарының арасында талапкерлер үшін, магистратура, аспирантура, диссертациялық кеңестерді ашу үшін бәсекелестік басталды.

1990-шы жылдардың екінші жартысындағы жоғары мектеп, сол кездегі қиыншылықтарға қарамастан, үздіксіз бастамашылық, шығармашылық ізденісте болды. Жоғары оқу орындарының, факультеттердің, кафедралардың ғылыми-білім беру қызметі жаңа деңгейге көтерілді.

Мен Мемлекет басшысы ретінде жоғары мектепте оң үдерістерді ынталандыруға бар күш-жігерімді жұмсадым. Сонымен бірге, елімізге халықаралық стандарттарға барынша жақын озық университеттердің керектігіне еш шүбәм болған жоқ.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарымен қатар, жекеменшік оқу орындары пайда болды. Егер 1995 жылы мемлекеттік емес жоғары оқу орындары жалпы жоғары оқу орындары санының 30 проценті болса, 1998 жылы олардың үлесі 53 процент болып үлгерді. Халықаралық үлгілерге бағытталған жаңа университеттер ашылды. 1996 жылы Алматыда (Қаскелең) С. Демирел атындағы жеке мәртебесі бар университет ашылды. 1999 жылы жеке бастама бойынша Алматыда Қазақстан-Неміс университеті ашылды.

Сонымен қатар, мамандандырылған академиялар ашылды. Алматыда СІМ дипломатиялық академиясы (1996 жылы) құрылды, Ақмола облысында Салық полициясы академиясы (1999 жыл) жұмыс істей бастады.

1998 жылы Алматыда Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебінің және Біліктілікті арттыру институтының базасында Қазақстан Республикасы Президентіне қарасты Мемлекеттік қызмет академиясы құрылды. Кейіннен Мемлекеттік қызмет академиясы мен Дипломатиялық академия Астанаға көшірілді.

1998 жылы жоғары оқу орындарында 250 мың студент оқыды (33 проценті – қазақ тілінде және 67 проценті – орыс тілінде оқытатын топтарда), соның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен – 164 мың адам білім алды. Жоғары оқу орындарына түсу конкурсы жоғары болып қала берді. Бұның өзі жоғары білімнің артықшылығын дәлелдей түсті.

Алайда көптеген білім ордалары, әсіресе жекеменшік жоғары оқу орындары тек жекелеген мамандық иелерін – «экономист», «заңгер» дайындауды жүзеге асырды. Бұл арада елдің нақты қажеттіліктері ескерілмеді.

Көптеген жекеменшік жоғары оқу орындары нормативтік талаптарға сай келмеді. Атағы жер жаратын кейбір мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының жағдайлары, кадрлары, кітапхана қоры болған жоқ. Нәтижесінде жоғары оқу орындарына қойылатын жалпы талаптарға жауап бере алмайтын кейбір жекеменшік жоғары оқу орындарының лицензиялары қайтарып алынды.

1999 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыс негізінде білім беру гранттары мен кредиттері конкурстық жолмен ұсынылатын студенттер контингенті қалыптаса бастады. Бірыңғай тестілеуді жүргізу үшін Республикалық тестілеу орталығы құрылды.

Байқау әр мамандық бойынша, тұтастай алғанда ел бойынша жүргізілді, бұл болашақ студенттің мамандықты ғана емес, нақты жоғары оқу орнында таңдауына жол ашты. 1999 жылы 52 мемлекеттік жоғары оқу орнына жаңа ережелер бойынша 7 мыңнан астам талапкер түсті.

Сол кезде Қазақстан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі жүйесіне көшті: бакалавриат, магистратура және докторантура. Бұл ретте аспирантура мен докторантурада ғылыми кадрларды дайындау бұрынғы жүйе бойынша жүргізіліп отырды.

Білім беру саласындағы қарқынды реформа Қазақстанның жоғары білім беруді үйлесімге келтірудің еуропалық үдерісі – Болонья процесіне қосылуына алғышарттар туғызды.

Осылайша, қазақстандық жоғары білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және мамандар даярлауды жас мемлекеттің нақты экономикалық қажеттіліктеріне бейімдеуді бұрынғыдан да жақсартуға бағыт алды.

Бұл кезең, бір жағынан, осы саланы түпкілікті либералдандыру (білім беру жүйесінің мемлекет иелігінен алынуы), екінші жағынан, білім берудің

барлық сатысында оқыту сапасын жақсарту, отандық жоғары оқу орындарын әлемдік стандарттарға қарай «тарту» сияқты ерекшеліктермен сипатталады.

Ғылым: тығырықтан шығу жолын іздеу

1990-шы жылдардың екінші жартысындағы экономикалық қиындықтар мен бюджеттің мүмкіндігі шектеулі болуына қарамастан, мемлекет отандық ғылымға қолдау көрсетуге, оны дағдарыстан алып шығып, жаңа деңгейге көтеруге ұмтылды. Менің 1996 жылдың наурызында қабылдаған Жарлығыммен Ғылым академиясы, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдар академиясы мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі Үкіметтің құрамындағы орталық атқарушы органға: Ғылым министрлігіне – Ғылым академиясына бірікті.

Сол жылдың мамыр айында Алматыда жетекші ғалымдар, министрліктер, ірі компаниялар мен өңір басшыларының қатысуымен, ғылыми-техникалық даму мәселелері бойынша кеңейтілген республикалық кеңес өтті.

Ғалымдардың пікірінше, жаңа нарықтық жағдайларға ең сай келгені – ғылымды қаржыландырудың бағдарламалық-нысаналы әдісі болды. Бюджет ақшасынан үміткер жобалар халықаралық ғылыми қоғамдастықтағы көпшілік мақұлдаған нысандар бойынша мемлекеттік сараптамадан өткізіле бастады. Сонымен бірге, ғылыми талдамаларды басқа елдерге сату және халықаралық гранттар сияқты басқа да сыртқы қаржыландыру көздері болды. 1996 жылы, осылайша, ғылым саласына 12 миллион доллардай қосымша қаржы тартылды.

1996 жылдың маусым айында республикалық Ғылым академиясы өзінің 50 жылдығын атап өтті. Осы жағдайға байланысты өткен салтанатты жиында сөйлеген сөзімде, мен «ғылым саласында болған өзгерістердің Академияға үлкен жауапкершілік артатынын – оны батыл ойлар генераторы болып, инновациялық жобаларды әзірлеуде жетекші рөл ойнауға міндеттейтінін» ерекше атап өттім.

Өкінішке қарай, Академия бұл міндеттерді орындай алмады және көп ұзамай барлық ғылыми саланы қайта ұйымдастыру керектігі белгілі болды. 1999 жылы академиялық институттардың барлығы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің қол астында қалып, Ғылым академиясының құрамынан шығарылды. Академияның өзі ғалымдардың қоғамдық бірлестігі болып қайта құрылды.

Жалпы алғанда, 1990-шы жылдардың соңында қазақстандық ғылым аса қанағаттанғысыз жағдайда болып қала берді. 1998 жылға қарай ғылыми мекемелердің штаттары үш есе дерлік, республикалық бюджеттің ғылыми талдамаларға жұмсалған шығындары алты еседен астам қысқарды. Осыған байланысты қазақстандық ғалымдар патенттейтін өнертабыстар, сондай-ақ олардың, әсіресе шетелдік басылымдардағы ғылыми жарияланымдарының саны күрт азайды.

Ғылыми ұйымдардың саны 350-ге дейін өскеніне, сонымен бірге, бес Ұлттық ғылыми орталықтың құрылғанына қарамастан, ғылым саласындағы жағдай сол кезеңде айтарлықтай өзгерген жоқ.

Дәл осы кезеңде ғылыми жүйені сол уақыттың экономикалық талаптарына сәйкес жаңғырту жүргізілді. Ғылымды жүйелі дамыту мен оны тиісті нормативтік, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық тұрғыда қамтамасыз ету үшін база құрылды.

Мәдениет пен тіл: әр алуандықтан – біртұтастыққа

Мемлекеттің мәдени саясаты 1996 жылдың желтоқсанында «Мәдениет туралы» заң қабылданған соң, бірізді жүйеге түсті. Бұл құжат республиканың барлық этностарына мәдени құндылықтарды жасап, тарату, сондай-ақ өзінің тарихи және мәдени мұрасын қорғау үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктер берді.

Мен үшін маңыздысы: 1990-шы жылдардың екінші жартысында қоғамымыздағы барша қазақстандықтар бір экономикалық немесе саяси кеңістікте ғана емес, сонымен бірге, бір ғана мәдени кеңістікте тұрғанын терең түсіне бастады. Біз – кеңес дәуірінен кейінгі адамдар ғана емес, сондай-ақ жаңа мәдени қауымдастықты құрушылармыз.

Сонымен қатар, жалпыұлттық бірлік үшін Қазақстанның барлық этностарының қазақ мәдениетін танып-білуі ерекше маңызды. Қазақтың тамыры терең бай мәдени дәстүрі Қазақстандағы басқа этностық топ өкілдері үшін әлі де ашылмаған құпия болып келеді. Құрманғазының сұлу сырлы күйлері, Мағжанның керемет лирикасы, Мұхтардың эпикалық прозасы, Шоқан ашқан таңғаларлық ғылыми жаңалықтар, Абайдың пәлсапалық ой-толғаулары осынау рухани байлықпен сусындаған әрбір адамның ішкі дүниесін байытатын сырлы әлем емес пе! Қазақ мәдениетінің осындай бай мұрасының тереңіне үңіліп, сырын түсінбейінше, халықтың жанын түсіну мүмкін емес. Мұндай байлықтан, «бұл өзге тілдің мүддесіне нұқсан келтіреді» деген шындыққа жанаспайтын сылтаумен бас тарту – мәдени үдерістің табиғатын

түсінбеу деген сөз. Мәдени игіліктің материалдық игіліктен айырмашылығы неде? Мәдениет бастауынан сусындаушылар неғұрлым көп болған сайын, қайнар бұлақтың көзі де ашылып, молая түспек. Қазақ тілі мен мәдениетін танып-біліп, үйренем деушілер де сол қайнар бұлаққа ықыласпен бас қояр болса, тұтастығымыз нығая бермек.

Мен сондай-ақ, гуманитарлық салада айрықша мән берілуі тиіс бірнеше жайға үлкен парасат-пайыммен қарап, ішкі саясатымызды да сол негізде құруымыз керектігіне нық сенімді болдым. Біріншіден, Қазақстанның этномәдени сан алуандығына көңіл бөлуіміз керек. Бұл – біздің рухани дамуымызға серпін берер артықшылығымыз. Екіншіден, қазақ мәдениетінің барлық этностарды біріктіре алар үлкен әлеуетін пайдаланып, мол қазынасын танып-білу және заман талабына сай дамыту арқылы рухани бір арнада тоғыса аламыз. Үшіншіден, Қазақстандағы барлық ұлттардың мәдениеті – бір-бірімен тығыз байланысты әрі бірі-бірінен ажырамайтын мәдениет. Қазақстанның мәдени кеңістігінде түрлі этномәдениеттер қатарласа өріліп, бір-бірін толықтырып, дамып келеді.

1999 жылдың сәуірінде белгілі қазақ жазушысы Медеу Сәрсекеевпен әңгімелесе отырып, мен тарихи естеліктің ұлттың өзіндік сана-сезіміндегі ерекше орны және елдің болашағы мен өткенінің арасындағы ажырамас байланыс туралы ойларымды ортаға салдым.

Өзіндік бай тарихы, тілі, діні бар халық, өткенін бүгінінен бөліп қарамауға тиіс. Ол болашақта шығар биіктер мен алар асуларды айқын көре білуі тиіс. Тарихымызда ұлт мақтанышына айналған, ұрпаққа үлгі етер кемеңгер ұлдарымыз көп болған. Сондықтан да біз халықтың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді терең зерделеуге ерекше назар аудардық.

XX ғасырдың соңғы жылдарында бүкіл елде ұлттық тарихтың есте қаларлық елеулі кезеңдеріне арналған мемлекеттік іс-шаралар жүргізілді. 1997 жыл – Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, 1998 жыл – Бірлік және ұлттық тарих жылы, 1999 жыл Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы болып жарияланды.

Ел тарихынан ажыратып қарауға болмайтын халқымыздың аяулы ұлдарын еске алып, 1996 жылы – ақын Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығын, 1997 жылы – жазушы Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығын, 1998 жылы – күйші-композитор Құрманғазы Сағырбаевтың 175 жылдығын, 1998 жылы – ғалым және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдығын, 1999 жылы – көрнекті ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығын кеңінен тойладық.

Қазақ мәдениетіне, бай мұрасына, болашағына қамқорлық жасай отырып, қазақ мәдениеті аясында әрбір ұлттың мәдениеті мен тілін сақтадық.

Сөйтіп, өзіміз негізге алған «әралуандықтағы біртұтастық» формуласының дұрыстығына көз жеткізіп, жалпы мемлекеттік мәдени кеңістік қалыптастырдық.

Мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі қазақ тілінің рөлі ұдайы артып отырды. Қазақ тілінің рөлін көтеруге 1996 жылдың қарашасында бекітілген Тіл саясаты тұжырымдамасы, сондай-ақ мен 1997 жылдың шілдесінде қол қойған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заң көп ықпал етті. 1999 жылдың шілдесінде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң басқа міндеттермен бірге, елдегі барлық телерадио хабарларын тарату арналарына – жалпы көрсетілім уақыты басқа тілдердегі бағдарламалардың жиынтық хронометражынан кем түспейтіндей етіп, бағдарламаларды қазақ тілінде жүргізуге міндеттеді. Осы норманың арқасында мемлекеттік тілде ақпараттық хабар тарату көлемі айтарлықтай ұлғайып, сонымен бірге қазақ тілді журналистердің қызмет аясы да кеңейе түсті.

1998 жылы қайта құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясы қазақ лексикасының экономика, ғылым және мәдениетте белсенді түрде қолданылуына ықпал ете отырып, жұмысын жалғастырды.

Қазақ тілін оқып-үйренуге кіріскен және қазақ тілінің ауызекі сөйлеу дағдыларына машықтанған қазақстандықтардың саны жылдан-жылға арта түсті. Бұл ретте орыс тілі күнделікті өмірімізде – іс-қағаздар жүргізуде, мәдениетте, бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа да салаларда қолданыстан шыққан жоқ. Біз Қазақстанда ең көп қолданылатын екі тіл – қазақ және орыс тілдерінің орнын дұрыс белгілей алдық. Сонымен бірге, көп ұлтты елімізде басқа тілдер де шеттетілген жоқ және шеттетілмек емес.

Жоғарыда атап өткен, қайта құрылған мектептегі білім беру жүйесі оқушылардың көп ұлтты құрамын ескерді. 1999 жылы еліміздің мектептерінде сабақ сегіз тілде: қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік, түрік, неміс және ағылшын тілдерінде жүргізілді. Этностардың тығыз орналасқан жерлерінде оларды ана тілінде оқыту ісі қолға алынды.

Елде телерадио хабарларын тарату он тілде жүргізіліп, жүзден астам этномәдени орталықтар мен қауымдастықтар жұмыс істеді. 40 кәсіби театр – бес тілде спектакльдер қойып, жиырма екі ұлт өкілдерінің жеті жүзден астам көркемөнерпаздар ұжымы өнерімен елге қызмет етті.

Өнер: классиктер мен жаңашылдар

Ел экономикасы сауығуының алғашқы белгілері байқалған кезден бастап, мемлекет ұлттық мәдениетті қолдауға тырысты. 1997 жылы мен Үкіметке

алдағы үш жылға (1998–2000 жылдар) жоспарланған арнайы мемлекеттік бағдарлама дайындауды тапсырдым. Сөйтіп, мемлекет дағдарыстың бар ауыртпалығын бастан өткерген Қазақстан мәдениетін дамытуға көмектесіп, өнердің сан ғасырлық дәстүрімен сусындаған классикалық, сонымен бірге жаңашыл үрдістердің өмір сүріп, жетілуіне ықпал етті.

Абай атындағы Академиялық опера және балет театрының сахнасында ұлттық және әлемдік классика туындылары ғана емес, тың шығармашылық ізденістерге құрылған тәжірибелік қойылымдар да табыспен өтті. 1998 жылы бүкіл әлем опера өнерінің 400 жылдығын атап өтіп жатқанда, республикамыздағы өнердің қара шаңырағында Халықаралық опера фестивалі өтті.

Қазақ академиялық драма театрының репертуарынан Мұхтар Әуезовтің, сондай-ақ Зейін Шашкин, Фабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Қалтай Мұхамеджанов, Әкім Тарази, Қуандық Шаңғытбаевтың пьесалары бойынша қойылған спектакльдер лайықты орнын алды.

Еліміздің театр өнерінің дамуына Лермонтов атындағы Орыс академиялық драма театры, Неміс ұлттық театры, Ұйғыр музыкалық-драма театры, тағы басқа театрлар да көп үлес қосты. Қаражат тапшылығына қарамастан, облыстық ұжымдар, соның ішінде еліміздегі танымал театрларының бірі – Қарағанды музыкалық комедия театры өнерге деген адалдығынан танбай, мәдени қызметін жалғастыра берді. Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрі, «Гүлдер» эстрадалық ансамблі, «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрі тыңдаушыларына рухани қуаныш сыйлап, үлкен шеберлік биігінен көріне білді.

Осы жылдардағы ұлттық әдебиетіміз де жемісті болды: Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» дилогиясы, Әбіш Кекілбаевтың «Абылайхан» атты тарихи-публицистикалық драмасы, Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы, Дулат Исабековтің повестер жинағы мен «Ай-Петри ақиқаты» атты әңгімелер жинағы, Әзілхан Нұршайықовтың «Жазушы және оның достары» атты әдеби күнделігі жарық көрді. Белгілі қазақстандық жазушылар Дмитрий Снегин, Морис Симашко, Герольд Бельгер «Бейбітшілік және рухани келісім» президенттік марапатының лауреаттары атанды. Орыс тілінде жазатын отандық авторлардың кітаптары да елдің әдеби өміріндегі елеулі құбылыс болды.

Өткен онжылдықтың соңында «жаңа толқын» ретінде мойындалған Қазақстанның ұлттық кинематографиясы бұрынғы шығармашылық биігінен табылып, фестивальдық жүлделерге ие боп жатты. Дәрежан Өмірбаевтың 1998 жылы шыққан «Киллер» атты қылмыстық драмасы бірнеше халықаралық жүлделерді иеленді, Канндағы дүниежүзілік кинофестивальда

«Ерекше көзқарас» номинациясы бойынша үздік фильм ретінде танылды. 1999 жылы Абай Қарпықовтың «Фара» фильмінде басты рөлді сомдаған қазақстандық кино актер Фархат Абдраимов актерлік шеберлігі үшін ХХІ Мәскеу халықаралық кинофестивалінде «Күміс Әулие Георгий» жүлдесімен марапатталды. 1998 жылы Алматыда алғаш рет Халықаралық «Еуразия» кинофестивалі өтіп, бірден-ақ келешегі зор қазақстандық жобалардың бірі ретінде танылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық қиындықтарға қарамастан, қазақстандық мәдениет өзіне тән даралығы мен бірегейлігін сақтап қалды деп бүгінгі күні сеніммен айта аламыз. Соның арқасында, еліміз әлемдік мәдени үдерістен тыс қалмай, өнер әлемінде өз өрнегін салды.

Қазақстан спортының жаңа жеңістері

Қазақстандық спорт шеберлері 1990-шы жылдардың екінші жартысында әлемнің үлкен спорт ареналарында жиі-жиі өнер көрсете бастады. 1996 жылдың ақпанында біздің спортшылар алғаш рет Харбиндегі ІІІ қысқы Азия ойындарына қатысып, бірден үздік нәтиже көрсетті – тек Қытайды ғана алға салып, жалпы командалық есепте екінші орынды иеленді. Қазақстандықтар 14 алтын, 9 күміс және 8 қола медальды ұтып алды.

Сол 1996 жылы ұлттық олимпиадалық командасы алғаш рет Атлантадағы ХХVІ жазғы Олимпиада ойындарына қатысып, 199 ел қатысқан спорт додасында жалпыкомандалық есепте 22-ші орынды жеңіп алды. Бұл – спорт әлемінде енді ғана таныла бастаған ел үшін үлкен табыс болатын. Василий Жиров Олимпиада алтынын алып қана қоймай, отандық бокс тарихында тұңғыш рет техникалық шеберлігі ең жоғары боксшыға берілетін Вэл Баркер кубогын жеңіп алды. Балуан Юрий Мельниченко мен бессайысшы Александр Парыгин да Атлантадағы жеңістерін тойлап жатты. Нысана көздеу жарысында Сергей Беляев көзге түсті: ол екі күміс медаль жеңіп алды. Бір-бір күміс медальды боксшы Болат Жұмаділов пен ауыр атлет Анатолий Храпатый иеленіп қайтты. Қола медальды боксшылар Ермахан Ибраимов пен Болат Ниязымбетов, балуан Мәулен Мамыров пен мерген Владимир Вохмянин қанжығаларына байлады.

1998 жылы Жапонияның Нагано қаласында өткен Қысқы Олимпиада ойындары Қазақстан командасына екі қола медаль әкелді. Оларды конькийші Людмила Прокашева мен шаңғышы Владимир Смирнов жеңіп алды.

1998 жылы Бангкокта өткен 41 ел қатысқан XIII жазғы Азия ойындарында Қазақстан жалпы есепте 5-орын алып, 78 медальды жеңіп алды (24 алтын, дәл сонша күміс және 30 қола). Бір жылдан кейін Кангвондағы IV қысқы Азия ойындарында біз жалпы есепте Қытай мен Оңтүстік Кореядан кейінгі үшінші орынға қол жеткізіп, түрлі спорт түрлерінен 10 алтын, 8 күміс және 7 қола медальды иелендік.

Жас мемлекеттің спорттық жеңістері қазақстандық атлеттердің шеберлігін ғана танытып қойған жоқ, сондай-ақ елімізде спортты дамытуға да көп көңіл бөлінетінін көрсетті.

7. КӨПКЕ МӘЛІМ КӨПВЕКТОРЛЫҒЫМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Сыртқы саясат: Қазақстан беделін арттырған бағдар

Қазақстанның халықаралық аренадағы жетістіктері, аз уақыт ішінде үлкен беделге ие болуы – тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап дәйекті түрде жүргізіліп келе жатқан сыртқы саясатының арқасында жүзеге асты.

Сол жылдары жас мемлекетіміз жаһандық әлемдік үдерістерді түсінуде таяздық танытып, сыртқы саясаттың тек жекелеген бағыттарына назар аударса және жергілікті мәселелерді шешумен ғана шектелген болса – біз өзіміздің ұлттық мүдделерімізді қорғай алмай, әлемдік саясаттан тысқары қалар едік.

Алайда біз кең ауқымды және көпсалалы серіктестік стратегиясын таңдап, мұндай жағдайға жол берген жоқпыз.

Менің ойымша, Қазақстанның сыртқы саясатының өзегі – көпвекторлылық, яғни дәл өзіміз сияқты тең құқылы, конструктивті, жемісті және өзара тиімді диалогқа ынталы елдердің бәрімен өзара іс-қимыл серіктестігіне ұмтылу. Қазақстан заманауи, мықты, өзін қорғай алатын мемлекет болуы тиіс деп есептеймін. Ал халықаралық істерде жау іздеген ел емес, дос табуға ұмтылған ел үлкен жеңіске жетеді. Мен осы қағиданы берік ұстанам және осы бағытымнан ешқашан айныған емеспін.

Республиканың көрші елдермен достық қарым-қатынаста болуы және әлемнің жетекші елдерімен тығыз, тең құқылыққа негізделген ынтымақтас-тықтың маңыздылығы жөнінде мен бірнеше рет жария түрде айтқан болатынмын. Біз еліміздің болашағы – Қазақстанның Қытай, Ресей және мұсылман әлемі арасындағы экономикалық және мәдени байланыстырушы буын ретіндегі міндетін қалай орындайтынына байланысты екенін ылғи да айтып келеміз.

Егер 1990-шы жылдардың басында әлемдік қауымдастық елімізге де, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарына да айтарлықтай көңіл қоймаған болса, ғасырлар тоғысында бұл көзқарас түбегейлі өзгерді. Халықаралық ауқымдағы қандай да бір мәселелер талқыланған басқосуларда халықара-лық үдерістердің тамырын тап басып, мәселенің байыбына терең бойлай-тын Қазақстанның пікірі айрықша назарға алынатын болды.

Қазақстанның халықаралық бастамалары қағазда ғана қалып қоймай, бүкіл әлемдік қауымдастықтың қолдауына ие болуы – осының айқын мысалы. 1990-шы жылдары біздің бастамамызбен жасалған дүниежүзілік және өңірлік сипаттағы ұсыныстар келесі онжылдықта-ақ жүзеге асырыла бастады.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне алғашқы қадам

Қазақстан Республикасының ең ауқымды сыртқы саяси жобаларының бірі – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) – мен ұжымдық халықаралық құрылым, бүкіл Азия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау мақсатындағы превентивті дипломатия механизмі ретінде ойластырған болатынмын.

Жасыратыны жоқ, АӨСШК ЕҚЫҰ-ның азиялық баламасы ретінде құрылған еді. Мұнда өзара іс-қимыл жасауға үлкен мүмкіндік бар, өйткені АӨСШК-нің жиырма екі қатысушысының оны – ЕҚЫҰ-ның мүшелері немесе оның азиялық серіктестері. Сондықтан осы екі қауіпсіздік құрылымының бір-бірін өзара толықтыру ықтималдығы бар деп айта аламыз.

Бұл бастама 1992 жылдың қазанында-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында көтерілген болатын. 1998 жылдың шілдесінде «Шанхай бестігін» құру жөнінде ұсыныс білдірдік. Қытай мен Ресей осы бастаманың іске асуын қолдайтындарын ресми түрде мәлімдеді. Жалпы Азия қауіпсіздігі сияқты ауқымды мақсаттың тез арада орындалатыны жайлы бос қиялға берілмей, біз ең басынан-ақ бар күшімізді салып, тынымсыз жұмыс істеуге дайын болдық. Ұйымға қатысушы барлық елдердің бір мақсатқа жұмылуы «сенім шаралары» сияқты түйінді ұғымдарға қатысты мәселелерде әрқайсысының өзіндік жеке пікірі болуын жоққа шығармадық. Демек, мемлекетаралық ұстанымдарды бір-біріне жақындату, жалпыға ортақ мәмілеге бірте-бірте қадам баса отырып, тіл табысу, сөйтіп бір байламға келу тиімді болды.

1999 жылдың 14 қыркүйегінде Алматыда өткен 16 Азия елінің сыртқы істер министрлерінің кездесуінде АӨСШК-ға мүше мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас ұстанымдары, соның ішінде, бір-бірінің егемендік құқықтарына деген құрмет пен аумақтық тұтастықты мойындау, күш қолданбау және күшпен қорқытпау, дауларды бейбіт жолмен шешу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, қарусыздану және қару-жарақты бақылау, түрлі салалардағы ынтымақтастық, адам құқықтарын сақтау ұстанымдарын тұжырымдаған Декларация қабылданды. Осы кездесуде сөйлеген сөзімізде,

неғұрлым қауіпсіз әлем қалыптастыру туралы келісімге келген Азия елдері кеңесінің түйінді ой-пікірлері осы Декларацияда көрініс тапқанын мәлімдедік.

Алда басты мақсат – АӨСШК мемлекеттері басшыларының бірінші саммиті тұрды. Біз заманауи халықаралық қарым-қатынастар тарихында айрықша орны бар осы форумға мұқият дайындықты алдын ала бастадық.

Қазақстан «Шанхай бестігінде»

1990-шы жылдардың екінші жартысындағы Қазақстанның сыртқы саясатында «Шанхай бестігі» елдері: Қытай, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстанмен қарым-қатынастың орны ерекше болды.

КСРО мен ҚХР арасында екі елдің де Қарулы күштерін қысқартып, кеңес-қытай шекарасындағы сенімді нығайту жөніндегі келіссөздер 1980-шы жылдардың басында-ақ басталған. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, Қытаймен келіссөздердің жаңа кезеңіне қатысу үшін, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның біріккен делегациясы жасақталды. Келіссөзге қатысушы жақтар түйінді мәселелерде бір шешімге келіп, 1996 жылдың 26 сәуірінде Шанхайда бес елдің басшылары әлемнің дипломатиялық тәжірибесіндегі аса маңызды құжат – Ортақ шекара ауданындағы әскери сенімділік шаралары жөніндегі келісімге қол қойды.

Бұл келісімнің айрықша маңыздылығын мен осы кездесуден соң бірнеше күннен кейін ҚХА сессиясы делегаттарының алдында сөз сөйлегенде түсіндірдім.

Мен мұның Азия-Тынық мұхит аймағындағы үлкен саяси ауқымда жасалған бірінші қадам екенін, оның аймақтағы, сондай-ақ бүкіл ғаламшардағы бейбітшілік пен тұрақтылықты әрмен қарай да нығайта түсуге оң әсері айрықша екенін айттым.

Бір жылдан кейін, 1997 жылдың сәуірінде «бестік» елдерінің көшбасшылары Мәскеуде Шекара ауданында Қарулы күштерді қысқарту жөніндегі келісімге қол қойды. Дүниежүзілік қоғамдастықты елең еткізген, аса маңызды бұл уағдаластықтың құндылығы ерекше еді, сонымен қатар осы маңызды келісімдер – жаңа, қуатты сыртқы саяси құрылымдардың іргетасын да қалады. Бес мемлекет басшыларының 1998 жылғы 3 шілдедегі келесі кездесу орны ретінде Алматының таңдалуы да кездейсоқ емес. Онда мен «бестік» елдерінің өздері бірлесіп қол жеткізген, қымбат саяси капиталын ысырап етуге болмайтынын, керісінше, мұны сақтап, ынтымақтастық пен өзара сенімге негізделген қарым-қатынасты нығайта беру керек екенін айттым.

Алматыдағы келіссөзге қатысушылар бұрын қол қойылған құжаттардың тиімді әсерін жоғары бағалады және бес мемлекеттің өзара іс-қимылы шекара мәселелерін шешуге ғана тіреліп қалмай, жаңа сыртқы саяси жағдайда қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелерін шешуге қабілетті құрылым түзу керектігі туралы айтып, ортақ байламға келді.

Алматыдағы кездесуге қатысушылар өздерінің Бірлескен мәлімдемесінде бес елдің арасындағы татулық, достық және ынтымақтастықты бүкіл Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен қауіпсіздіктің және дамудың факторына айналдыруға дайын екендерін білдірді. Осы сәттен бастап дипломатиялық айналымда «Шанхай бестігі» деген әуезді тіркес орнықты. Болашақ Шанхай ынтымақтастық ұйымының сұлбасы енді айқын көріне бастады.

Қазақстан және халықаралық ұйымдар

1995 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Ислам конференциясы Ұйымының (ИКҰ) тең құқылы мүшесі атанды. Қазақстанның ИКҰ жұмысына атсалысуы мен еліміздің мұсылман әлеміндегі жағымды бейнесі ислам елдерімен қарым-қатынасымызды одан әрі дамытуымыздың алғышарты болды.

1997 жылдың желтоқсанында Тегеранда өткен ИКҰ Сегізінші саммитінен бастап, бұл ұйымның бірде-бір маңызды іс-шарасы Қазақстан делегациясының қатысуынсыз өткен жоқ. Сонымен бір мезгілде ИКҰ-ға мүше елдермен сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстар да нығая түсті.

Қазақстан тағы бір беделді халықаралық институт – ішіне Орталық Азия, Орта және Таяу Шығыстың бірнеше елі мен Тегерандағы ЭЫҰ хатшылығының штаб-пәтері қоса кіретін Экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЭЫҰ) да жұмысына белсене араласты. Осы мемлекетаралық құрылымның аясында ынтымақтастықтың басты салалары энергетика, көлік және коммуникация, сондай-ақ сауда саласы болды.

Көпвекторлық ұстанымдағы Қазақстан азиялық қана емес, еуропалық бағытта да белсенді жұмыс істеді. Мұнда біз ел – қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті іс-қимылдар жасадық, атап айтқанда, 1996 жылдың шілдесінде НАТО-мен Қазақстан Қарулы күштерінің – Солтүстік Атлантика ұйымының әскери оқуларына, сондай-ақ жанжалды жағдайларды реттеу мақсатында жүргізетін операцияларға қатысуын реттейтін маңызды келісімге қол қойды.

Қазақстан және жаңа тәуелсіз мемлекеттер. Кеден одағы

1990-шы жылдардың екінші жартысында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) көптеген объективті себептерге байланысты қиын кездерді бастан өткеріп жатты. Толыққанды экономикалық қоғамдастық сол күйі құрылған жоқ, мемлекетаралық механизмдер іркіліспен жұмыс істеді, қабылданған шешімдер көбінесе орындалған жоқ. 1998 жылы ТМД-ны реформалау жөніндегі талпыныс, өкінішке қарай, жүзеге аспады.

Жалпы, мұның бәрі мен үшін таңданарлық нәрсе емес еді. 1990-шы жылдардың бірінші жартысында-ақ оқиғаның осылай өрбитінін сезіп, болашақта аймақтық ынтымақтастықтың мұқият ойластырылған өзге түрлеріне көшу керек екенін айқын түсіндім. ТМД-ның өміршеңдігіне сене қойған жоқпын. Соған қарамастан, мемлекеттің ТМД-ға қатысты ресми көзқарасы өзгерген жоқ: Қазақстанның экономикалық ықпалдастығы біздің саяси тәуелсіздігімізге нұқсан келтірмеуі керек. Біз үшін ең бастысы осы болды.

1990-шы жылдардың ортасында, ықпалдастық ұмтылыстар қайта күшейген кезде, мен Кеден одағын (КО) идеясын толықтай қолдадым. 1995 жылдың 20 қаңтарында Қазақстан, Ресей және Беларусь үкіметтерінің басшылары Кеден одағын құру жөніндегі келісімге қол қойды. Бір жылдан аса уақыт өткенде, 1996 жылдың 29 наурызында, дәл сол елдер және осы одаққа кейіннен қосылған Қырғызстан экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету жөнінде келісімді бекітті. Соған сәйкес, бірлескен басқару органдары – Мемлекетаралық кеңес, Интеграциялық және Парламентаралық комитеттер құрылды. Күтпеген жерден болған қаржы дағдарысы көптеген жоспарларға, оның ішінде әуелі құрылысы баяулап, кейіннен мүлде тоқтаған Кеден одағын құруға да бөгет жасады. Дегенмен мен еуразиялық ықпалдастық жобасы уақыты келгенде жүзеге асатынына еш күмәнданған жоқпын.

Қазақстанның әлемдегі ірі мемлекеттермен қарым-қатынасы

Қазақстанның әлемнің жетекші елдерімен қарым-қатынасы қарқынды дамыды. Уақыт сынынан өткен Ресеймен байланысымыз әлсіреген жоқ. Ресми кездесулер мен келіссөздерде екі жақ бетпе-бет отырып, сан алуан мәселелерді, оның ішінде шұғыл шешімді қажет ететін мәселелерді де талқыладық және солардың шешімін табуға, бір-бірімізді

тыңдауға әрқашан дайын екенімізді көрсеттік. Уақыт өткен сайын Қазақстан – Ресей ынтымақтастығының ауқымы кеңейіп, жаңа сапалық деңгейге көтерілді.

1996 жылдың сәуір айында, Ықпалдастықты тереңдету жөніндегі келісім жасалғаннан кейінгі аз уақыттың ішінде, Ресей президенті Борис Ельцин ресми сапармен Алматыға келді. Біз ол жерде бірлескен Декларацияға қол қойдық. Ол құжатта екіжақты ынтымақтастықтың жетістіктері ғана емес, жуық арадағы ортақ міндет – Каспий теңізінің мәртебесі жөніндегі келіссөздерге жаңа серпін беру, «Байқоңыр» ғарыш айлағының тағдырын шешу, Теңіз кен орнынан Новороссийкіге дейін созылатын мұнай құбырын салуға кірісу жайы да нақтыланды.

1998 жылдың 6 шілдесінде Борис Ельцин екеуміз ХХІ ғасырда жалғасатын мәңгілік достық пен одақтастық жайлы Декларацияға қол қойып, Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу жөніндегі ұзаққа созылған келіссөздердің нүктесін қойдық. Қазақстан әріптестерін Каспий теңізіне БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі 1982 жылғы Конвенциясы ережелерін қолдануға және оның түбін ресурстарымен бірге модификацияланған орта сызық бойынша межелеуге көндіруге күш салды.

Каспий теңізін жалпы қолданыстағы теңіз деп есептеп келген Ресей Каспий төңірегіндегі әрбір мемлекетке ені 10 миль болатын жағалау белдеуіне барлау жүргізуді және теңіз түбінің минералды ресурстарын өңдеуді ұсынды. Қалған ресурстар бірлескен иелікте қалып, арнайы комитет арқылы басқарылып отыруы тиіс болды.

Ұзақ келіссөздер барысында, ақыры Борис Ельцинді қазақстандық тұжырымдаманың Каспий бойындағы мемлекеттердің мүдделеріне сай келетініне, соның арқасында, алдағы уақытта табиғи ресурстарды өңдеу жеңілдей түсетініне сендіре білдім.

Борис Николаевичпен қарым-қатынаста хаттамалық дипломатияның қажеті болған жоқ. Егер ол сенсе, соңына дейін сенетін. Егер сенбесе, мұнан кейінгі әңгімеден түк шықпайтын. Ельциннің саясатшы ретіндегі орнын төмендетуге болмайды деп білем. Мен үшін Ресейдің бірінші президенті жаңа заманның ең ұлы саяси тұлғасы болып қала береді.

1990 жылдардың екінші жартысы Қазақстанның тағы бір ұлы көршісі және маңызды әріптесі – Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынас үшін қолайлы кезең болды.

1996 жылдың шілде айының басында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келді және бұл сапары аяқталған соң көп ұзамай екі ел арасындағы шекараны қайта белгілеу басталды.

1999 жылдың қараша айында менің Қытайға кезекті ресми сапарымның барысында екі тарап та жан-жақты ынтымақтастыққа мүдделі екендерін растады. Мұның мәнісін ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь былай білдірді: «Халықаралық жағдай қалай өзгерсе де, Қытай әрдайым Қазақстанның сенімді досы және жақсы көршісі болып қала береді».

Менің 1997 жылдың қарашасындағы АҚШ-қа сапарым Қазақстан-Америка қатынастарының жаңа кезеңін бастады. Осы сапарда 18 маңызды құжатқа, оның ішінде Экономикалық серіктестік аясындағы іс-қимыл бағдарламасына, Ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны және Каспий қайраңының солтүстік бөлігіндегі өнімді бөлуге қатысты келісімшарттарға қол қойылды. АҚШ президенті Билл Клинтонмен кездесуім кезінде Америка көшбасшысы Вашингтон «Орталық Азияда Қазақстан жетекшілік етеді» деген пікірде екенін айтты.

АҚШ-қа келесі сапарым екі жылдан кейін – 1999 жылдың желтоқсанында болды және оның нәтижесі әскери, экономикалық және сауда ынтымақтастығы жөніндегі жаңа келісімдер пакеті еді.

Қазақстанның сыртқы саяси мүдделері аясында ірі еуропалық елдер де болды. 1997 жылдың қарашасында қол қойылған Германиямен арадағы келісім, негізінен, экономикалық ынтымақтастыққа қатысты болды. Бес жылдың ішінде (1995 жылдан 1999 жылға дейін) әртүрлі уақыттарда болған француз көшбасшысы Жак Ширакпен алты кездесуім Қазақстан мен Францияның көптеген мәселелерде келісімге келуіне көмектесті. 1997 жылдың маусымындағы Ұлыбританияға сапарым қазақстандық және британдық бизнестің іскерлік ынтымақтастығына қол жеткізді. 1996 жылдың қыркүйегінде Түркиямен болған келісім екі елдің әскери саладағы тығыз қарым-қатынасының бастамасы болды және Қазақстанның қорғаныс қабілетінің нығая түсуіне айтарлықтай ықпал етті.

АҚШ ерекше атап көрсеткендей, Орталық Азияда маңызды рөл атқарған Қазақстан осы аймақтағы тарихы тамырлас елдерге әрқашан достық пейілмен қарады. 1997 жылдың 8 сәуірінде Қырғызстанмен, 1998 жылдың 31 қазанында Өзбекстанмен Мәңгі достық жөніндегі келісім жасалды. Бұдан бұрынырақ, 1996 жылы, үш елдің Қарулы күштері аймақтық қауіпсіздік мәселелерін басшылыққа ала отырып, «Ортазбат» біріккен бітімгерлік батальонын құрды. Ал 1997 жылдың қыркүйегінде Қазақстан мен Өзбекстан аумағында осы аталған біріккен әскери бөлімшелерден бөлек, АҚШ, Ресей, Түркия мен Грузия армияларының әскери бөлімшелері қатысқан оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілді.

Қазақстанның 1990-шы жылдардың екінші жартысындағы күрделі, сан алуан және қат-қабат оқиғаларға толы халықаралық өмірі мемлекетіміз үшін баға жетпес тәжірибенің қайнар көзі болды, сырт елдермен қарым-қатынаста сындарлы саясат ұстанып, жаһандық геосаяси координаттар жүйесінде өз бағытымыздан жаңылған жоқпыз.



III БӨЛІМ

ҚИЯҒА ҚҰЛАШ СЕРМЕУ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІНШІ ЖАҢҒЫРУЫ
(2000 ЖЫЛ – 2010 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫ)

1. МАҚСАТЫМЫЗ АЙҚЫН

ӘЛЕМДЕГІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕЛУ ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ ЖОЛЫНДА

Жаңа ғасыр табалдырығында: 2000 және 2001 жылғы Жолдаулар

Қазақстан үшін де, барлық адамзат үшін де 2000 жыл өліара шақ болды: XX ғасыр аяқталып, XXI ғасыр басталды. Күнтізбедегі бұрын көз үйренбеген «2000» деген ерекше санның өзі алда айрықша бір жағдайлар күтіп тұрғандай әсер туғызды. Жаңа ғасыр ресми түрде 2001 жылдан басталуға тиіс болса да, миллиондаған адамға үшінші мыңжылдық 2000 жылы-ақ кіріп келетіндей көрінді. Мұның өзі кәдімгідей пікірталасқа ұласты. Мыңжылдықтың ғаламдық психологиясы осындай еді.

Жаңа ғасыр алдымызға тартқан міндеттерді қалай түсінетінімді мен Қазақстан халқына Жолдауларымда жан-жақты айтқанмын. 2000 жылдан бастап олардың бірте-бірте бедері айшықталып, көкжиегі кеңейе келе, 2030 стратегиясының алуан түрлі өрнектері көрініс табатын ауқымды панорамаға айналды.

Әрбір Жолдау «Қазақстан-2030» бағдарламасын жүзеге асыруға жасалған жаңа қадам болып, алдағы жылы атқарылуға тиісті міндеттерді айқындап беріп отырды. Сол 2000 жылдың өзінде-ақ Үкіметке экономиканың өсуін қамтамасыз етуге басымдық беретін бесжылдық индикативті және онжылдық стратегиялық жоспар дайындау тапсырылды. Сөйтіп біздің стратегия біртіндеп нақты да айқын сипат ала бастады.

2000 жылдың 16 қазанында мен Қазақстан халқына «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам» атты Жолдауымды жарияладым. 2000 жылғы өндіріс пен сауда айналымының өсімі жөнінде айта келе, мен 2001 жылы бюджеттік мекеме қызметкерлерінің айлығы 30-40 процентке көбейтілетінін хабарладым, сонымен қатар кәсіпкерлерді де жеке секторларда еңбек ететін қызметкерлердің жалақысын көтеруге шақырдым. Адамдар өмірдегі оң өзгерістерді толық сезінетін және жүріп жатқан реформаның жемісін жейтін уақыт жетті. Халықтың табысын нақты ұлғайтуды және адамдардың тұрмыс жағдайын жақсартуды көздейтін бұл ұстаным бүкіл қоғам тарапынан қызу қолдау тапты.

Сондай-ақ таяудағы бес жылда жүзеге асырылуға тиісті бірнеше индикативті мақсат белгіледім: ІЖӨ деңгейін 30 процентке, еңбекақы көлемінің өсу қарқынын кемінде 25-30 процентке арттыру, ақшаның жылдық инфляциясын 4-5 процент көлемінде ұстап тұру, ІЖӨ-ге шаққанда салық түсімінің көлемін 25 процентке өсіру көзделді. 1990 жылдардағы қиыншылықтар артта қалып, біз экономикалық өсу кезеңіне қадам бастық.

2001 жылғы Жолдау 2000 жылғы Жолдаудың заңды жалғасы іспетті еді. Мен 2001 жылдың 16 қыркүйегінде «Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» атты Жолдауымды: «Біз таңдап алған ашық нарықтық экономиканың моделі дұрыс екенін өмірдің өзі дәлелдеп берді деп нық сеніммен айтуға болады», деген сөздермен бастаған болатынмын.

2001 жылғы Жолдаудың негізгі бөлімінде 2010 жылға дейін орындалуға тиісті басымдықтар белгіленген-ді.

Әлеуметтік-экономикалық салада тұрақты әрі бәсекеге қабілетті экономика құру, ІЖӨ-ні екі есеге өсіру, халықтың жағдайын едәуір жақсарту міндеттері алға қойылды. Мемлекеттік құрылыста – билік тармақтарының өзара қарым-қатынасын жетілдіре түсу және жоспарлы түрде орталықсыздандыру, сайлау процесін жетілдіру көзделді. Сыртқы саясатта – экономикалық ықпалдастыққа бет бұру, Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы орнын нығайту, аймақтық қорғаныс жүйесіне белсенді қатысу, шекараны межеллеу шараларын аяқтау, еліміздің ақпараттық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттері белгіленді.

2000 және 2001 жылғы Жолдаулар стратегиямызды жоспарлаудың бесжылдық және онжылдық кең ауқымын айқын көрсетті. Біз жүйелі мемлекеттік тәсіл қолдана отырып, XXI ғасырдың есігін жасқанбай ашатын деңгейге жеттік.

2002 және 2003 жылғы Жолдаулар: дамудың өзекті бағыттары

177

2002 жылдың 16 сәуірінде жариялаған Жолдауымның маңыздылығы – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдық айтулы мерекесінен кейін жарық көруінде еді. Өткен жылдар нәтижесі еліміз дамудың жаңа кезеңіне нық қадам басқанын көрсетеді.

Жоспарлаудың онжылдық көкжиегі шеңберінде мен енді үш жыл ішінде жүзеге асыру көзделген міндеттерді айқындауға көшуді ұсындым.

Жолдаудың негізгі тақырыбы ауыл шаруашылығына арналды. Бұл менің аграрлық саланы дамытуға ерекше серпін бергім келгенінен туындаған қадам еді. Міне, енді, экономика едәуір қалпына келіп, өсу перспективасы байқала бастаған шақта мен ауыл тұрғындарының жаңа сапалы тұрмысқа қол жеткізуіне нақты істермен көмектесетін уақыт жетті деген шешімге келдім.

Ауыл шаруашылығындағы қордаланып қалған мәселелерді бір маусым ішінде шешіп тастап, ұзақ мерзімді ілгерілеуге қол жеткізу мүмкін емес, сондықтан 2003 пен 2005 жылдар аралығындағы үш жылды ауылды қайта өркендету жылдары деп жарияладық. Ауыл – халқымыздың өмір салты, тыныс-тіршілігі, мәдениетіміздің бастауы, салт-дәстүріміз бен рухани байлығымыздың қайнар көзі. Осы факторлар жиынтығының өзі ауыл мәселесіне біздің аса байыппен қарауымызды талап етеді. Осыған орай, мен ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін барынша айқын сипаттаған едім.

Ауыл шаруашылығы мен ауыл тұрғындарының мәселелерін шешу үшін Үкімет пен жергілікті органдарға нақты тапсырмалар берілді. Жоғарыға қарап алақан жаюшылық пен бас-басына субсидия берудің, қайтарымсыз қаражат бөлудің орнын енді әр адамның өзін-өзі асырауға, сөйтіп отбасын қамтамасыз етуге қолайлы жағдай туғызатын саясат басады. Ішкі көші-қонның және ауыл тұрғындарын келешегі бар аумақтарға қайта орналастырудың оңтайлы үлгісін анықтау қажеттігі де туындайды.

Үкіметке агроөнеркәсіп кешенін дамытудың үшжылдық бағдарламасын жасау тапсырылды. Сондай-ақ әлеуметтік салаға, ауылдық жердегі білім беру, денсаулық сақтау мекемелерін қаржыландыру көлемін көбейтуге, ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуге, құрылысқа, жолдарды жөндеуге баса назар аударылды.

Сонымен бірге, қалаға қоныс аударған ауыл адамдары мен шағын кәсіп иелерінің меншігіндегі жерлері мен жылжымайтын мүліктерін заңдастыруды кешенді түрде жүзеге асыруға басымдық берудің қажеттігін атап көрсеттім.

Осылайша, мен ауылды қайта жаңғыртудың үшжылдық бағдарламасы аясында Үкіметтен нақты нәтижені талап ету керек деп шештім.

178

2002 жылғы Жолдаудың жалғасы іспетті – 2003 жылдың 16 сәуіріндегі Жолдауымда да мен мемлекет үш жыл ішінде ауыл шаруашылығына 150 миллиардтан астам теңге салатынын баса көрсеткен болатынмын. Ауылды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылады, оның ішінде адамдарды экологиялық ахуалы қолайсыз аудандардан көшіру де бар.

Бұл ретте мен тек ауылдың өзекті мәселелерімен ғана шектеліп қалған жоқпын, сонымен қатар экономиканың келешегіне де кешенді түрде ой жүгіртуге тырыстым. Дәл осы 2003 жылғы Жолдауымда Үкіметтің жеке ин-

вестицияны көптеп тартуға және қосымша құны жоғары өндіріске бағытталған Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жасап шыққаны хабарланған болатын. Салықтың азайтылуы инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік беретінін ескеріп, үкіметке салық мөлшерлемесін төмендету тапсырылды.

Әлеуметтік сала бойынша мен ең төменгі зейнетақы көлемін көбейту қажеттігін айттым, ал мұның өзі – миллионға жуық адамның мүддесіне тікелей қатысты нәрсе. Сондай-ақ бюджеттік мекеме қызметкерлерінің еңбек ақысы тағы көтерілетіні жөнінде де хабарланды. Оралмандарға арналған квота мөлшері де екі есеге көбейетін болды. Бұл үшін 2 миллиардқа жуық теңге бөлінді.

Мәдениетті сақтау мен дамытудың ең маңызды бағыттарының бірі ретінде мен бірнеше ауқымды жобалардан тұратын «Мәдени мұра» бағдарламасының қабылдануына тікелей ықпал еттім.

Сол сияқты саяси салаға қатысты: мемлекеттік құрылымды қайта жаңғырту және ауыл әкімдерін сайлау тәжірибесін қолға алу, сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың рөлін көтеру, БАҚ туралы жаңа заң дайындап, қабылдау, құқық қорғау органдарын азаматтардың құқығын толық қорғау тұрғысынан жетілдіре түсу туралы бағдарламалар ұсынылды.

2003 жылғы Жолдау еліміздің ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» бағдарламасына сай, онжылдық стратегиялық жоспарға сәйкес дамып келе жатқанын және сапалық өсудің жаңа деңгейіне шығуға әбден дайын екенін көрсетті.

Өткен жылдармен салыстырғанда, бұл кезде Қазақстанның ең өзекті бағыттардағы бағдарламалары ғана емес, оларды табыспен жүзеге асыруға қажетті қаржы ресурстары да бар еді.

Бәсекеге қабілетті Қазақстан: 2004 және 2005 жылғы Жолдаулар

Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағдарламасы мен әлемнің бәсекеге ең қабілетті елу елінің қатарына енуі менің 2000 жылдардың ортасындағы халыққа Жолдауларымның басты тақырыптары болды. Бұл бағдарламаны мен 2004, 2005, 2006 және 2007 жылдары жан-жақты дамытуға күш салдым.

2004 жылдың 18 наурызындағы Жолдау өзінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» деген атауымен-ақ жаңа трендке айналды. Қазақстанның осы

жетістіктері 2004 жылы британдық «Оксфорд аналитика» компаниясының біздің елімізді транзитті экономикалы мемлекеттердің ең екпіндей дамып келе жатқан үздіктерінің бірі деп бағалауына себеп болды. Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығының орта шенінде Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі алдыңғы лекке шықты. Экономиканың либералдануы мен бәсекенің дамуы, Қазақстан экономикасының ашықтығы, Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын, ауылды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру, инфрақұрылымды жетілдіре түсу – бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі бағыттары деп хабарланды.

2004 жылы Жолдауда адам әлеуетіне айрықша мән берілді. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі азаматтардың білім-білік деңгейімен анықталады. Осыған орай әлемдік білім беру кеңістігімен бірігу қажеттігі, яғни білім беру саласын халықаралық деңгейге көтеру туралы мәлімделді.

Әлеуметтік салада Үкіметке Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске қосу жүктелді. Сонымен бірге 2005–2007 жылдары тұрғын үй құрылысына 150 миллиард теңге инвестиция салынғаны хабарланды. Әлеуметтік қамсыздандыру саласында зейнетақы мен әлеуметтік жәрдем-ақыларды кезекті рет өсіру жоспарда тұрды. Бұған қоса, оралмандарға арналған квота 15 мың отбасына дейін көтерілді, бұл мақсаттарға 10 миллиард теңге бөлінді.

Көп жайт мемлекеттің бәсекелік қабілетіне тәуелді. Сондықтан біз бірінші кезекте атқарушы биліктің қызметін жетілдіруге, мемлекеттік қызмет көрсетудің біртұтас жүйесі ретінде электронды үкіметті құруға кірісуіміз керек.

«Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауымда (2005 жылдың 16 ақпаны) Қазақстанның ең серпінді дамып келе жатқан елдердің бірі екені атап өтілді. Сол кездері бізге тартылған шетелдік инвестиция көлемі 30 миллиард доллардан асып кеткен болатын, бұл жөнінен еліміз жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында жетекші орындарға шыққан еді. Осы көрсеткіштердің барлығын есептей келе, Бүкіләлемдік банк Қазақстанды табысы орташа деңгейлі елдер тобына қосты, мұның өзі экономиканы реформалау және әрі қарай дамыту ісінде біздің елеулі жетістікке жеткеніміздің дәлелі болды. Мен мұны реформаларымыздың бірінші кезеңінің аса маңызды жетістігі деп есептеймін.

2005 жылғы Жолдауымда мен Қазақстанның әлемнің ең тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына енуіне мүмкіндік беретін өзгерістерді жеделдетудің, өмір сүру стандарттарын өсірудің нақты бағдарламасын ұсындым.

Экономика саласында шикізаттық емес секторды дамыту мен жаңартудың, шағын және орта бизнесті қолдаудың, аграрлы өндірісті индустриаландырудың, банк қызметінің ашықтығын қамтамасыз етудің қажет екені

атап көрсетілді. Қазақстанның экономикалық және саяси дамудағы көш-басшылығын әрі қарай да сақтап, сол арқылы халықаралық капитал мен шетелдік инвестицияны, озық технология мен жаңа ілім-білімді, білікті кадрларды өзіне тартатын орталыққа айналуы қажет екені сөз болды.

Білім беру саласында жоғары технологияны және ғылыми жетістіктерді қажет ететін өндірістер үшін кадр даярлаудың маңыздылығына назар аударылды. Білім берудің қазіргі заманға сай жүйесінсіз, кең ауқымда және жаңаша ойлайтын заманауи менеджерлерсіз біз тіпті де жаңашыл экономика құра алмаймыз.

Сондай-ақ 2005 жылы бюджеттік мекеме қызметкерлері жалақысының, шәкіртақы, зейнетақы және әлеуметтік төлемдердің тағы да өсе түсетіні хабарланды. Мен әрдайым: «Экономиканы ретке келтірген соң, азаматтардың тұрмысын жақсартуға көшеміз», деп айтып келемін.

2005 жылғы Жолдауды қорытындылай келе, алға жылжуды жылдамдата түсудің бірегей мүмкіндігі туып тұрғанына сенімді екенімді айттым. Бұл Қазақстанды әлемнің дамыған және өркендеген елдердің қатарына қосатын бірден-бір жол болмақ.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының орта шенінде Қытай басшылығы дамудың жаңа бағдарламасын қабылдады. Мұның өзіндік сыры бар еді. 2005 жылы Қытайда «Он бірінші бесжылдық жоспар – үйлесімді қоғамды дамытудың жобасы» жасалды. Реформа шындап қолға алынған ширек ғасыр уақыт ішінде бұл елде бірінші рет осылай басымдықтардың бағыты өзгерді. Енді есептік экономикалық өсім емес, адамдардың әлеуметтік қажеттіліктеріне, қоршаған ортаны қорғауға және жан-жақты дамуға мән беру мемлекеттік басқарудың жаңа тұжырымдамасының және жаңа бесжылдық жоспардың негізіне айнала бастады.

ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао өзінің «үйлесімді қоғам» тұжырымдамасын әзірлер алдында партия қызметкерлері мен ғалымдардың арасынан жүздеген адамды шетелге жібергенін, олардың экономикалық және әлеуметтік саясаттың еуропалық, азиялық және америкалық тәжірибелерін жақсы зерттеп келгендерін маған сыр ғып айтқан еді. Олар тек содан кейін ғана әлемнің ондаған елдерінің тәжірибелерін біріктірген партиялық құжатты түзуге кіріскен екен. Бесжылдық жоспарды әзірлеуге жүзден астам ғылыми институт атсалысқан. Бұл арғы жағынан елдің бүгінгі саяси дүниедегі орны, ықпалы сезіліп тұрған нағыз ғылыми ұстаным екені айдан анық.

Есімде, содан бірнеше жыл бұрын, Ху Цзиньтао Цзян Цзэминнің орынбасары болып тұрған уақытта, біз онымен Қытайда жүздескен едік. Сол кезде екеуіміздің арамызда едәуір іскерлік әңгіме өрбіген болатын. Барлық жайттан хабардар, жан-жақты мағлұматы мол Ху Цзиньтаоның жұмысты

жүйелі жүргізе білетін іскерлігі мені әбден тәнті еткен-ді. Бүкіл әлем қытай тәжірибесіне қызыға қарап отырған кезеңде Қытайдың болашақ көшбасшысы біздің қазақстандық реформалардың жүру барысына көңіл аударып, әлеуметтік және экономикалық ахуалымыздың сан алуан қырлары туралы егжей-тегжейлі сұраған еді.

Үздік 50 елдің қатарына жол ашық: 2006 және 2007 жылғы Жолдаулар

Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену мақсаты ең алғаш 2006 жылғы 11 қаңтар күні Ақордадағы жаңа резиденцияда өткен Президент инаугурациясында жалпақ жұртқа жария етілген болатын. Осы салтанатты рәсімде сөйлеген сөзімде мен көптен көкейде жүрген ойымды – алдағы онжылдықта Қазақстанды әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекетінің қатарына қосу туралы мақсатым барын жайып салдым.

«Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауым 2006 жылы реформаларға тың серпін берді. Онда мен негізгі күшті халықаралық маңыздағы «серпінді» жобаларды жүзеге асыру, бәсекеге қабілетті өндірісті дамыту, аймақтық және халықаралық экономикалық бірлестіктер жұмысына белсене қатысу арқылы халықаралық экономикаға кірігу, көлік инфрақұрылымын дамыту секілді маңызды бағыттарға жұмылдыруды ұсынған болатынмын.

Осы стратегия шеңберінде мемлекет бизнеске мықтап қолдау көрсете бастаған маңызды секторлар анықталды. Олардың ішінде құрылыс, шағын бизнесті несиелеу, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігі сияқты салалар бар. Бұл мақсаттарға мемлекеттік бюджеттен шамамен 550 миллиардтай теңге бөлінді. Сонымен бірге, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті бола алатын серпінді жобаларға айрықша маңыз беру міндеттелді. Енді біз экспортқа шығарылатын дайын өнімдер жасауға негізделген өндірістер ашуға және дамытуға сенім артуымыз қажет, сондықтан Үкіметке ұлттық тауарлардың бәсекелік қабілетін қолдаудың нақты бағдарламасын түзіп, қабылдау тапсырылды. Осылайша, бәсекелік қабілетті арттыру тренді іске қосылды.

Озық елу елдің қатарына ену жобасына жаңа әрі нақты сипат бере түскен «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (2007 жылдың 28 ақпаны) атты Жолдау болды. Мұнда мен экономикалық өсімді басқара білу, жаһандық экономикаға толыққанды қатысу, өндіруші сектордың тиімділігін арттыру, шикізаттық емес салаларды дамыту, «парасатты экономиканы» қалыпта-

стыру, әкімшілік реформа, әлемдік қоғамдастықта Қазақстанды ілгері бастыру секілді басым міндеттерді алға қойдым. Мұның бәрі сол кездің өзінде көп мәселеде көршілердің алдына шығып үлгерген Қазақстанды экономикалық дамудың аймақтық локомотивіне айналдыруға ғана емес, әлемдік экономиканың табысты ойыншысы етуге де мүмкіндік беретін.

Бұған қоса, қазақстандықтар өз тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған кешенді шаралардан да хабардар болды. Соның ішінде 2008 жылдың қаңтарынан бастап сәби дүниеге келгенде және ол бір жасқа толғанша күтіміне берілетін жәрдемақының, сондай-ақ негізгі зейнетақының жыл сайынғы индекстеу бойынша өскені жұртшылық үшін өте жағымды жаңалық еді.

Мен мемлекеттік органдарды, барша қауымды алға қойылған міндеттердің ауқымын ескере отырып, оларды шешу қосымша күш-жігер жұмылдыруды және жұмысқа жаңа, айрықша құлшыныспен кірісуді талап ететінін алдын ала ескерттім.

Осылайша, жаңа мыңжылдық басындағы Жолдаулар тізбегінде мен Қазақстанды бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосудағы мақсатымды қисынды дәлелдеп шықтым.

Жаһандық дағдарысқа жауабымыз: 2008 және 2009 жылғы Жолдаулар

Жер-жаһанды жаппай жабырқау күйге түсіріп, белгісіздік тұманында қалдырған 2008–2009 жылдардағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс менің Қазақстан халқына Жолдауларымның мән-маңызын мейлінше арттыра түсті. Барлық жағымсыз жағдаяттарға қарамастан, жыл сайынғы жоспарлау тәжірибесі сенімді түрде жалғаса берді.

2008 жылдың 6 ақпанында мен қазақстандықтарға «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деп аталған Жолдауымды арнадым. Белең алып бара жатқан әлемдік дағдарыспен нашарлай бастаған жаһандық экономикалық конъюнктура жағдайында ІЖӨ-нің құлдырауына жол бермеуге және экономиканың өсімін сақтауға мүмкіндік туғызатын бағыттар айқын белгіленді.

Өндіруші секторда Қазақстанда игеріліп жатқан халықаралық мұнай жобаларындағы мемлекет үлесін күшейту керектігі сезілді.

Инфрақұрылым саласында электр энергетикасы мен көлік желілерінің озық дамуы, соның ішінде жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы аймақ экономикасын жандандыратын «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрлықаралық дәлізі жобасына қатысу мақсаты алға қойылды. Бизнес саласында шикізат-

тық емес секторды дамытуға бағытталған «300 корпоративті көшбасшы» бағдарламасы басымдыққа ие болды.

Келесі 2009 жылға арналған «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдау Қазақстанның басқа да елдер секілді, әлемдік дағдарыстың қатаң қысымында қалған уақытында дүниеге келді. Бұл – Тәуелсіздік жылдары қол жеткен табыстарға залалын тигізуі мүмкін титтей де ауытқуға жол бермеуді қажет еткен қиын кезең еді. Осы себепті атқарушы биліктің әр басқан қадамы үшін де бар жауапкершілікті мойнына алатын Мемлекет басшысы ретінде маған едәуір табандылық танытуға тура келді.

Дағдарысқа қарсы біздің жүйелі жоспарымыз болды, оны іске асыруға мемлекеттің қорынан жеткілікті мөлшерде қаражат бөлінді. Туындаған мәселелер мен оларды біздің қалай шеше білгеніміз қоғамымыз бен мемлекетіміздің беріктігі мен кемелдігін сынақтан өткізген сын болды.

Сондай-ақ Жолдауда агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға 280 миллиард теңге, ал инфрақұрылымдық жобаларға 120 миллиард теңге бөлінгені туралы мәлім етілді.

Мен қазақстандықтардың әлеуметтік хал-жайын жақсарту үнемі басты назарда болатынын айрықша атап өттім. Тіпті осындай қиын қаржылық жағдайда да бюджеттік ұйым қызметкерлерінің жалақысы мен зейнетақы көлемін 2010 жылы – 25 процентке, 2011 жылы – 30 процентке көтеру міндеті алға қойылды. Қосымша 1 мың студент гранты мен 40 мың несиеге де қомақты қаражат бөлінді.

Жас отбасыларды, мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік мекеме жұмыскерлерін қолжетімді баспанамен қамту бағдарламасы жайында да, атажұртына оралмақ отандастарымыздың квотасын 15 мың отбасыдан 20 мыңға көбейту туралы да айтылды.

Бұл ретте мен күйзеліс белгілерін жою жөнінде барлық қажетті шараларды қолға алумен ғана шектелмей, сол дағдарыстың өзін жаңа серпіліс жасаудың мүмкіндігі ретінде пайдалану керектігін мақсат етіп қойдым. Өйткені дағдарысқа қарсы шаралар жүйесін оны жеңіп шыға сала экономиканы жедел жаңғыртуды бастап кете алатындай етіп түзу керек болатын. Дағдарысқа қарсы стратегияның үш негізгі бағыты – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, әлеуметтің есен-саулығы және экономиканы жаңғырту – осылай қалыптасты.

Дағдарыстан кейінгі даму: 2010 жылғы Жолдау

2010 жыл – ел дамуының ең маңызды межесі. Бұл кезеңде мен Қазақстанның 2008–2009 жылдардағы әлемдік дағдарыс жағдайында да өзінің басты

мақсатынан – келешекті стратегиялық жоспарлаудан бас тартпайтынына бәрінің көзін жеткізгім келді. Сол үшін алдағы он жылға арналған міндеттердің кең ауқымды әрі егжей-тегжейлі панорамасын жайып салуға тырыстым. Сөйтіп, 2010 жылдың 29 қаңтарында «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталған Жолдау 2020 жылға дейінгі бас жоспарымызға айналды. Он жыл ілгеріге жоспар құру әлемдік дағдарыс салған сынға біздің лайықты жауабымыз еді.

Халыққа арнаған сөзімде мен Үкімет үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың бес жылға арналған мемлекеттік бағдарламасын (162 жоба) жасап шыққанын хабарладым, сондай-ақ әр аймақтағы әр индустриалық жобаны жергілікті билік қана емес, жалпы әлеумет айрықша назарға алып, қадағалауы қажет екенін атап көрсеттім. Шынында да, бұл – біздің ортақ міндетіміз. Осылай жұмыла кіріссек қана әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің санатына ене аламыз.

Жолдауда стратегиялық басымдықтар дәл көрініс тапты: экономиканы әртараптандыру, шикізаттық емес секторды дамыту, тиімді сауда және кеден саясатын жүргізу, инвестиция тартуды әрі қарай жалғастыру және жаңа экономикада негізгі күшке айналар кәсіпкерлікті қолдау мәселелері.

Адам – мемлекеттің басты байлығы: мен бұған нық сенімдімін. Сол себепті 2010 жылғы Жолдауда халыққа тікелей қатысты білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, тұрмыс сапасы, ардагерлерге қамқорлық, тұрғын үй-коммуналдық сектор секілді салалардағы міндеттер басты назарға шықты.

Жалпы алғанда, 2010 жылғы Жолдау ел алдына дағдарыстан кейінгі дамудың жаңа көкжиектерін ашты.

Дамыған елдердің өзі құлдыраудың әрі қарай жалғасуынан қауіптеніп отырған әрі-сәрі жағдайда бізді жаңа онжылдық стратегиялық жоспар ұсынуға тәуекел етеді деп ойлағандар, сірә, бола да қоймаған шығар.

Алайда біз сақтық жасап, қол қусырып, әлденені күтіп отырған жоқпыз. Менің тапсырмама сәйкес, Үкімет әлемдік дағдарысқа қарамастан бесжылдық жоспарлауды (онжылдық перспективамен) алдын ала аяқтап қойды. Бұл әрекетіміз арқылы біз еліміз дамудың жаңа кезеңіне толығымен дайын екенін дәлелдедік.

2010 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ІЖӨ өсімі 7,3 процентке жетті, жұмыссыздық деңгейі 5,5 процентке дейін төмендеді. Дағдарысқа қарсы тиімді шаралар экономикада белең ала бастаған жағымсыз құбылыстарды жеңіп шығуға мүмкіндік берді және сонымен бірге қолайлы іскерлік ахуал қалыптастырды. Бизнес-орта анағұрлым ашық та оңтайлы бола түсті, кедергілер азайды, жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Әлеуметтік жаңғыру: 2011 және 2012 жылғы Жолдаулар

2011 және 2012 жылғы Жолдаулар дүниеге келген кезеңде дамыған елдердің экономикасы жаһандық дағдарыс зардаптарынан әлі толығымен айығып бітпеген болатын. Ал біз қолда бар қорды жұмсап, бар күшті жұмылдырып, шама-шарқымыз келгенше жағымсыз үрдістерді жеңіп, өсу-өркендеу жолына қайта түсе алдық. Мұның өзі 2011 және 2012 жылғы Жолдауларымда экономикалық және әлеуметтік жаңғырудың міндеттерін жаңа биікке көтеруіме мүмкіндік берген нәтиже еді.

2011 жылдың 28 қаңтарында «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауымда басты басымдықтар ретінде жеделдетілген индустриаландыру, әлеуметтік жаңғыру, бизнесті дамыту, жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы, тұрғын үй-коммуналдық саланың жаңғыруы, құқық қорғау органдарын реформалау және жемқорлықпен күресу сияқты мәселелерді атап көрсеттім.

Сонымен қатар, әдеттегідей, алдағы жылға жаңа міндеттер қойылды. Негізінен, қоғамда кездесетін масылдық көңіл күйді жоюға тырысу, жұмысынан айырылып қалған жағдайда адамды жаңа мамандық игеруге, жеке бизнес ашуға ынталандыру тәрізді мәселелерді алдыңғы қатарға шығардық.

Үдемелі индустриаландыруға және әртараптандыруға бет бұру жаңа аймақтық саясатты талап етеді. Мен қоғам назарын әсіресе осы жайтқа көбірек аударған жөн деп шештім. Астана қаласы өзінің «өсу нүктесін» белгілеп алып, әрі қарай өркендей берудің жарқын мысалына айналды және Қазақстанның басқа аймақтарында да осындай жобаларды қолға алуға мүмкіндік берді.

Жолдаудағы идеяларды дамыту үшін менің 2011 жылғы 21 шілдедегі Жарлығыммен елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы бекітілді. 26 шілдеде Үкімет «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын қабылдады. Бұл құжаттарда мемлекеттің салалық және өңірлік дамуының маңызды бағыттары бойынша негізгі тәсілдері мен басымдықтары нақты көрсетілді.

Ағымдағы және ұзақ мерзімді перспективалық жоспарлау дамудың макроэкономикалық, салалық және жергілікті аспектілерімен орайластырылды. Салалық және аумақтық мемлекеттік басқару органдары мен бизнес-құрылымдардың іс-әрекеттері өзара үйлестірілуі қажет еді. Сол себепті маңызды екі мәселені шешіп алу керек болды. Біріншіден, өңірлердің сыртқы және ішкі экономикалық бәсекеге қабілетті әлеуетін еңбек ресурстары

мен басқа да ресурстарды қайта бөлу арқылы көтеруге қол жеткізу. Екіншіден, жұмыспен қамтуға және өңірлердегі халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға мүмкіндік беретін өсу нүктесін қалыптастыру.

Бір жылдан соң, 2012 жылдың 27 қаңтарында – «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауым жарияланды. Ол өзіне дейінгі бағдарламалардың жолымен өрлей келіп, 2010 жылдардың әлеуметтік жаңғыру трендін дамытты. Экономикалық жетістіктер мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы теңгерімді табудың маңыздылығы да атап көрсетілді.

2012 жылғы Жолдау тек экономиканың ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік саланың да өркендеуіне бағытталған. Басымдықтардың алғашқы «ондығын» мен мына ретпен орналастырдым: халықты жұмыспен қамту, қолжетімді баспана, өңірлерді дамыту, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын көтеру, басқарушылардың біліктілігі, сот және құқық қорғау жүйесі, адам капиталы, зейнет жүйесі, индустриалы жобалар, ауыл шаруашылығын дамыту.

Жолдауда маңызды индустриалық және инфрақұрылымдық жобалар туралы да хабарланды, оларға қажетті қаражат Қазақстанның өзінен табылатын болады, ол – Ұлттық қордың қаржысы. Бұл жобалардың барлығы еліміздің бет-бейнесін өзгертетін болады. Біз Қазақстанды алып құрылыс алаңына айналдырып, онмыңдаған жұмыс орындарын ашамыз. Қойылған міндеттердің басты арқауы осы болатын.

2011 және 2012 жылдардағы Жолдауларда белгіленген әлеуметтік жаңғыру 2010 жылдардың бірінші жартысында Парламенттің, Үкіметтің және аймақтардың басым міндеті болды.

2. ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘЖІНІҢ ЖАҚҰТЫ

АСТАНАНЫҢ МИССИЯСЫ МЕН ЖАСАМПАЗДЫҒЫ

Астана – халық мақтанышы

Бүгінгі Астананың негізі мыңжылдықтар тоғысында қаланып, санаулы жылдар ішінде-ақ ғаламат сұлу заманауи шаһарға, нағыз урбанистік жауһарға айналып шыға келді. Еліміздің жаңа астанасын – бүкіл Қазақстан халқының арманынан туған ортақ перзенті десе де болғандай.

Алдыңғы тарауда айтып өткенімдей, астананы Алматыдан Есілдің сол жағалауына көшіруді мен көптен ойластырып жүргенмін. Геостратегиялық мүдделерді ескеру жағын былай қойғанда, меніңше, жаңа өмірге қадам басқан жас елге дәл сондай жаңа да жас орталық – жалынды жүрек керек еді. Осы бір орасан зор мақсатты қолдап-қуаттаған отандастарымның бәріне де алғысым шексіз.

Астана ауыстыру кез келген мемлекет үшін айрықша тарихи кезең саналатыны рас. Астанаға алғаш келгенінде Испания королі I Хуан Карлос кезінде, мемлекет басындағы ауыр ахуалға қарамастан, сол уақыттағы король II Филипптің астананы байырғы Толедодан елдің тура орталық тұсына – Мадридке көшірген хикаясын баяндап бергені есімде. Мұндай түбегейлі өзгеріс оларда да қызу пікірталас, айтыс-тартыссыз болмаған екен.

Жаңа ірге көтерген орталыққа табан тіреудің жарқын мысалы – АҚШ-тың алғашқы президенті Джордж Вашингтонның тапсырмасымен елсіз жаппан далада жаңадан соғылған Вашингтон қаласы. Америка Құрама Штаттары үшін жаңа астана британ тәжінен азат болудың символы ретінде де аса зор саяси мәнге ие еді.

Болашақ елордамыздың бас жоспары ашық өткізілген халықаралық байқаудың нәтижесінде бекітілді. Оған ұзын-ырғасы 47 жоба қатысты, жоба авторларының ішінде әлемге аты мәлім қала салушы шеберлер де болды. Басым дауыспен әйгілі жапон сәулетшісі Кисё Курокаваның жобасы озып шықты. Ол болашақ Астананың келбеті үшін Шығыс мәдениетін батыс өркениеті жауһарларымен байыта түсер, көне мен жаңа өзара жарасым табар, қала кеңістігіндегі заманауи құрылыс үлгілерін мәңгі өзгермес табиғи ландшафтпен жымдастырып жіберер айрықша шешім ұсынды.

Жоба қабылданды, бірақ жапон сәулет өнері кемеңгерінің ойы, менің пікірімше, келешекке қол созған еліміздің арман-мұратына әлі де сай келмей жатқандай, қиялымыздағы көрініске дөп келмей тұрғандай еді. Мен жобаны әрі қарай жетілдіре түсуді, оған лайықты ауқым мен өріс беруді тапсырдым. Бұл істі атқаруға Сәрсенбек Жүнісов бастаған қазақ сәулетшілері жұмылдырылды.

Мемлекеттің ендігі маңызды міндеті – жобаны іске асыруға қажетті қосымша қаражат табу еді. Қала құрылысын ойдағыдай жүргізетіндерді қателеспей таңдай білудің маңызы да одан кем емес-ті. Күрделілігі бас айналдырардай, жауаптылығы жалпыұлттық дәрежеге көтерілген бұл шаруаны тек кәсіби деңгейі аса жоғары шеберлер ғана атқара алатын еді.

Қиын міндеттің екеуі де оң шешімін тапты. Астана өзінің бүгінгі сұлу келбеті үшін әлемдік сәулет өнері жұлдыздарына қарыздар. Олардың сіңірген еңбегінің ерекше екеніне еш күмән жоқ.

Мен өз тарапымнан ауқымды қала құрылысының барлық ұсақ-түйегіне дейін мән беруге тырыстым – ғимараттардың идеясын, олардың мақсатты сәулеттік тұжырымдамасын ұсындым, құрылыс жұмыстарының барысын бақыладым, нысандарды үнемі аралап жүріп, ештеңенің де ескерусіз қалмауын қадағаладым. Шынында да, мен мұндағы әр көшені, әр үйді жақсы білемін, сондықтан да елімізге ат басын бұрған мәртебелі меймандарға Астананы аралату кезінде өзімді бейнебір гид секілді сезінемін.

Ұлы Дала Елінің бас қаласы

Ақорда күмбезіндегі алтын қыран, Қазақ елі монументінің басындағы киелі Самұрық құс, дәстүрлі қазақ үйінің сұлбасын еске түсіретін Тәуелсіздік сарайы және, көне аңыздарға арқау болған Бәйтерек – Астананың осы және басқа да көптеген көрікті жерлері ұлттық мифологиямен, халықтың тарихи жадымен тығыз байланысты.

Ұлы тарихи қайраткерлердің есімдерінсіз Астана топонимикасын көзге елестету мүмкін емес. Оның көшелерінде туған жердің тарихы ежелгі жауынгерлердің мүсін-тұлғаларында, аңыз қаһармандарында, тотемдік жан-жануарлардың бейнесінде қайта тірілгендей болады.

Астананың сәулеттік келбеті сан түрлі ұлт өкілдері мекендейтін қаланың еуразиялық болмысынан хабар береді, шаһардың жай механикалық бірігу жолымен емес, дүниенің төрт құбыласы – Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік мәдениеттерінің үйлесімінен туғанын айғақтайды.

Он жылдан астам уақыттан бері әлемдік деңгейдегі зор оқиғалардың куәсі болып келе жатқан Тәуелсіздік сарайының өн бойынан келісті сәулеттік шешім мен ішкі функционалды жан-жақтылық өзара жарасым тапқан.

2006 жылы күллі әлемге мәшһүр британ сәулетшісі Норман Фостердің жобасы бойынша салынған, биіктігі 62 метрге жететін алып ғимарат – Бейбітшілік және келісім сарайы Астананың мәдени өмірінің нағыз орталығына айналды. Оның ішіне кітапхана, музей, тіпті театр да сыйып кеткен. Түрлі елдердің дін қайраткерлері өздерінің дәстүрлі кездесулерін өткізу үшін осы Бейбітшілік және келісім сарайын таңдайды. Н.Фостер Астанада бұдан басқа тағы екі бірегей жобаны жүзеге асырды – 2010 жылдың шілдесінде ашылған алып күмбезі бейнесіндегі «Хан Шатыр» архитектуралық ансамблі және пішіні аса зор көз ұясына ұқсайтын Назарбаев орталығының ғимараты (2013 жылдың желтоқсан айында ашылды).

2009 жылы «Қазақ елі» сәулет кешені салтанатты түрде бой көтерді. Ұшар басына жеңімпаз Самұрық құс келіп қонған, көкке ұмтылған маңғаз мұнара Қазақстанның бүгінгі келбеті мен ертеңгі күнін бейнелейді. Осынау ғаламат кешен қазақ жазирасының кеңдігінен, ұшы-қиыры жоқ дала тұрғындарының дарқандығынан хабар береді. Қазақ елі монументінің негізінде қазіргі заманғы Қазақстан тарихының жарқын беттерін ашатын айшықты бедер жатыр. Сонымен қатар, монумент Еуразия кіндігінде жаңа мемлекеттің дүниеге келгенін паш етіп тұр.

2014 жылдың 24 желтоқсанында тұсауы кесіліп, Ақорда деген атауға ие болған ел Президентінің ресми резиденциясы үш жылдан астам уақытта салынып бітті. Көк түсті күмбезбен көмкерілген көрікті ғимарат өзінің классикалық сұлулығымен атам заманғы айбынды сарайларды еске түсіреді және дүние жүзіндегі президент резиденцияларының ең көркем «ондығына» еркін енеді.

Ғимарат Астана сәулет кешенінің күретамыры іспетті түзу сызықтың дәл ортасында орналасқан «Хан Шатыр» – «Бәйтерек» – «Ақорда» – «Бейбітшілік және келісім сарайы» – «Қазақ елі»... Кешеннің сәулеттік кескінінде Ұлы дала дәстүрлерімен сабақтастық идеясы, сондай-ақ еуразиялық мәдениетті, толеранттылықты алға шығару мақсаты мен қуатты Қазақстан мемлекетін қалыптастыру ниеті өзара тоғысып жатыр.

Елорданың ең ерекше ғимараттарының бірі – «Қазақстан» концерт залы. Италиян сәулетшісі Манфреди Николеттидің жобасы 2010 жылы Ақорданың маңынан орын тепті. Оның сыртқы сұлбасы енді ашылып келе жатқан дала гүлін көзге елестетеді. Бұл – италиялықтардың елорда құрылысындағы жалғыз қолтаңбасы емес. Ренато Аркетти қазіргі заманғы әлемдік сәулет өнерінің үздік жауһарларынан еш кем түспейтін «Астана Опера»

мемлекеттік опера және балет театрының ғимаратын салды (2013 жылдың маусым айында ашылды).

Сол жағалаудың салтанатты реңкіне сән үстей түскен сәулетті ғимарат – ақшаңқан қабырғалары мен алтын күмбезі көз қарықтыратын «Нұр-Астана» мешіті (2005 жылы салынған). Діни қауым мүшелері мен жалпы келушілерге әрдайым есігі ашық православиелік Свято-Успенский шіркеуі, Рим-католик шіркеуі, «Бейт Рахель – Хабад Любавич» синагогасы, сондай-ақ басқа да дін ғибадатханалары жұмыс істейді. 2008 жылы Тәуелсіздік алаңында Әзірет Сұлтан мешітінің құрылысы басталды. Төрт жылға созылған жұмыс тура Астана күнінде – 2012 жылдың 6 шілдесінде аяқталды.

Сәулеттік пішіндердің жан-жақтылығына Астананың ғылым, мәдениет, медицина және спорт орталығы ретіндегі мазмұны мен кескін-келбеті де сайма-сай. Мен осы және басқа да нысандарға шұқшия қарап, өзгертулер енгізіп, сәулетшілермен талай отырдым. Оның бәрін суреттеу кітаптың көп бетін алар еді. Мақтанғаным емес, Астанаға қараймын да сүйсінемін. Осыны шынымен біз жасадық па? Иә. Жаңа астана жайнай түсті.

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Назарбаев университеті – еліміздегі ең жоғары білім деңгейімен даңқы шыққан оқу орындары. Ұлттық ғылыми-медициналық орталық, Ана мен бала ұлттық орталығы, Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы отандық денсаулық сақтау саласының мақтанышы саналады және қай жағынан болсын шетелдік үздік орталықтармен бәсекелесе алады. Астананың басты спорт арена-лары – «Қазақстан» спорт сарайы, төбесі жабылатын «Астана-Арена» футбол стадионы, «Сарыарқа» велотрегі, конькимен сырғанаушыларға арналған «Алау» стадионы – ең қатаң деген спорттық-техникалық талаптарға да сай келеді және әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді.

Орта мерзімді міндеттерді шешумен қатар, елорданы дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарлары жөнінде айқын ұстанымымыз болуы керек екеніне өз басым сенімдімін.

Мақсатты түрде ілгерілей беруіміз үшін біз қаланың келешектегі кескін-келбеті мен бет-бейнесі қалай боларын анықтап алуымыз керек. Астананы дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясында бұл бейне ұсақ-түйегіне дейін нақтыланып, тәптіштей баяндалған. Қаланың тұрақты дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында өршіл мақсаттар мен оларды іске асыру жолдарының, сондай-ақ өз мүмкіндіктеріміздің арасындағы қисынды теңгерімге қол жеткізілген. Біз қолымыздан келетін іске ғана тәуекел етіп, бел шешіп кірісуіміз керек. Қала халқының өмір сүру стандарттарын жақсарту және әлеуметтік салаға икемделген экономика құру басты мақсат ретінде белгіленіп отыр.

Қала құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Ол өзіне ғана тән қайталан-бас ырғақпен өмір сүріп келеді. Жаңа астанамыздың жылнамасы әрі қарай жалғаса бермек. Бұл жерде жаңа ғасырдағы төл тарихымыздың шежіресі жазылуда.

Бірде Индонезияға барғанда, мен сол елдің тұтас мини-картасын көрдім. Астанаға оралған соң, қала басшылығына соның қазақы нұсқасын – «Атамекен» этно-саябағын салуды тапсырдым. Енді жаңа астанамыздың орталығынан назар салған жанды өте керемет әсерге бөлейтін тұтас Қазақстанның шағын келбетін көруге болады.

Бұл жерде мен «өз бойына бүкіл Қазақстанды сыйдырған Астана» деген тұспалды бекерден-бекер қолданып отырған жоқпын. Біз астананы әйтеуір ауыстыру үшін ғана ауыстыра салған жоқпыз, бүкіл Қазақстанның жарқын болашағы үшін көшірдік.

Астана: қазақстандықтардың кеңейген көкжиегі

2000 жылдардың басында отандық және шетелдік бизнес Астана құрылысына жүздеген миллион доллар инвестиция салды. 2007 жылға қарай Астананы салуға және абаттандыруға 400 отандық компания мен 100 өнеркәсіп кәсіпорны атсалысты, ал құйылған инвестиция көлемі 5 миллиард доллардан асып кетті.

Елорданы жеделдете дамытудың пәрменді факторы ретінде 2001 жылы менің Жарлығыммен құрылған «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағын атап өтуге болады. Бұл шешім содан бергі он бес жылда елорданың жалпы аймақтық өнім көлемінің 45 есе дерлік өсуіне (1998 жылғы 60,5 миллиард теңгеден 2013 жылғы 2,7 триллион теңгеге дейін) ықпал етті.

2009 жылдың қазан айында елордаға келген Франция президенті Николя Саркози Астана құрылысының белсенді жүріп жатқан қарқынына бірнеше рет назар аударып, ақырында: «Мұнда келмей тұрып, мен өзімді өте жігерлі жанмын деп есептейтінмін. Енді Қазақстанда менен де жігерлі адамдардың бар екеніне көзім жетті», деп әзілдеді.

Мен үшін Астананың тез арада салынғаны ғана маңызды емес. Оның қарқынды дамуына қарап, бүкіл ел тұрғындарының еселі еңбекке ынталана түсуі одан да маңызды. Мұның ықпалы, ең алдымен, көрші облыстардан сезіле бастады – бұл өңірлердегі адамдардың іскерлік белсенділігі күрт артты. Елдің бас қаласымен және оның құрылымдарымен бірлесе жұмыс істеу мүмкіндігі өңірдегі кәсіпорындарды оңтайлы бизнес-үлгі іздеуге

жетеледі. Біреулер Астананың құрылыс индустриасымен өзара байланыс орнатса, екіншілер елорданы азық-түлікпен қамтамасыз ету бағытындағы шараларға қатыса бастады, үшіншілер демалыс орындарын және туризмді дамыту саласына басымдық бергенді жөн көрді.

Урбанизация тәжірибесін зерттей келе, менің байқағаным: ірі қалалар мен астаналар экономикасының құрылымы өзгергенде олармен серіктес-қалалардың да, жақын маңдағы шаһарлардың да экономикасының құрылымы түбегейлі өзгеріп кетеді екен. Біздің елімізде де солай болды. Астананың тікелей ықпал етуінің нәтижесінде басқа облыс орталықтарында, бір жағынан, елорда қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, екінші жағынан, өндіруші қаланың өзінің қажеттіліктерін ынталандыратын салалар қайта бас көтеріп, дами бастағанын байқау қиын емес.

Тек кәсіпорындар ғана емес, жекелеген адамдар да өз қабілет-қарымын байқап көру үшін, кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсу үшін жаңа мегаполиске үміт арта бастады. Мұның өзі жаңа мүмкіндіктерді пайдалану мақсатында мыңдаған адамдардың елордаға ағылуына ұласты.

Көші-қон қарқынының қандай екенін мына статистикаға қарап білуге болады: 2000 жылдан 2013 жылға дейін Астана тұрғындарының саны 300 мыңнан 800 мыңға дейін, яғни екі еседен артық өсті. Елорданың Қазақстан халқы үшін әлі де бәсеңдемей отырған тартымдылығында тек іскерлік астар ғана бар деп түсінбеген жөн. Астана – өмір сүруге өте қолайлы, дамыған инфрақұрылымға, мансаптық жағынан ғана емес, мәдени демалыс тұрғысынан да әртүрлі мүмкіндіктерге ие қала: астаналық театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, мейрамханалар, сауда және ойын-сауық орталықтары, спорт алаңдары сан алуан талап-тілекті де қанағаттандыра алады.

Астана елдің барлық өңірлерімен және күллі әлеммен автомобиль, әуе және темір жолдары желісі арқылы сабақтаса байланысқан. Бұл – Орталық Азиядағы ең ірі көлік торабы. Теміржолдың жаңа жүйесі жасалып, еліміздегі ең алғашқы «Астана – Бурабай» автобаны ашылған соң, бұл тораптың маңызы бұрынғыдан да арта түсті.

Құла дүзде бой көтерген елорда өңір табиғатының айрықша қаталдығына қарамастан, нағыз жасыл желекті шаһарға айналып шыға келді. Астананың әсем саябақтары – қаланың әрі көркі, әрі тынысын кеңітер «өкпесі». Қазір қаланы жалпы аумағы 60 мың гектар болатын қалың жасыл сақина қаусырып жатыр. Бұл идеяны ортаға тастаған өзім болатынымын – елорданы қоршай егілген ну ағаш бірте-бірте жайылып өсе келе, қаланың теріскейіндегі табиғи ормандарға қосылып, тұтасып кетпек. Көгалдандырудың дәл мұндай орасан зор жобасы Қазақ жерінде бұған дейін болған емес.

Сөз жоқ, Астананың ірі агломерация және ел орталығы ретінде әрі қарай дами түсуі ұлттық ауқымдағы басым міндет болып саналады. Сол себепті, мен жеке өзім үшін «астананы дамыту арқылы мемлекетті дамыту» деген қарапайым сөз тіркесін туындатқан даму формуласын алға қойдым.

Қазір бүкіл Қазақстан экономикасы қарқынды даму үдерісіне ілесті. Бұған Астананы ауыстыру туралы шешім аз ықпал еткен жоқ, менің оған сенімім кәміл. Шеті-шегі жоқ ұзақ жолдың – Қазақстан Республикасының тұрақты даму және өрлеу жолының бастауы да осы. Алатаудың қарлы бөктерінен Есіл жағалауына көшіп, ұшы-қиырсыз ұлан-ғайыр Қазақстанның даму қарқынын айқындап отырған Астананың даму жолы да сол.

Бас қала – бақорда: Астананың ХХІ ғасырдағы миссиясы

Жаңа астана елдің кешегісін келешегімен біріктірді. Қазақстанның қақ ортасынан орын тепкен қала – арғы ата-бабаларымыздың орындалған арманы, ал Ұлы Дала – оның басты әлеуеті еді. Мен мұны бүгінгі Астана тек қиялымда ғана өмір сүрген сонау 1990-шы жылдары-ақ ұғынған болатынмын. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа шындығын мен «Еуразия жүрегінде» деген әдемі метафора арқылы сипаттауға тырыстым.

Астана арқылы біз жаңа Қазақстанды жер-жаһанға таныттық. Алайда бұл қаланы біз, ең алдымен, өзіміз үшін, өз Отанымыз үшін жаңадан ашқандай болып отырмыз. Астана құрылысы бұл кезеңде бүкіл посткеңестік кеңістіктегі ең ауқымды мегажобаға айналып, еліміздің әлеуетін әлемге әйгіледі. Бүгінде Астана – Қазақстанның жаңа тарихының жүрегі. Астананы мысалға ала отырып, тұтас мемлекетіміздің даму барысын бажайлауға болады.

ХХІ ғасырда Астана Орталық Азияның саяси өмірінде маңызды орын алатын қалаға айналды, оның аймақтағы процестерге әсер-ықпалы барған сайын күшейе түсуде.

2010 жылдың 1–2 желтоқсанында Астанада өткен ЕҚЫҰ саммитінде, сол кезде осы ұйымның төрағасы міндетін атқарған мемлекетіміз Еуразиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа орай маңызды бастамалар көтеріп, кейін сол жаңа саясаттың белсенді жақтаушысына айналды. Мен саммитте сөйлеген сөзімде «Бүгін Еуразияның жүрегінде, байырғы қазақ жерінде мыңжылдықтар бойы адамзат тарихын жасаған ұлы халықтардың үнқатысуы басталды, – дей келе, – алып Еуразия құрлығын сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік сынды жалпы құндылықтарға негізделген ортақ кеңістікке

айналдыру – өз қолымызда. Біздің саммиттің тарихи маңызы мен атқарар жүгі де осында деп білемін» деп сөзімді түйіндеген едім.

Қазақстанның жаңа елордасы – Астана тек алға ұмтылуды көздейтін- мемлекет туралы идеяны айшықтай түседі, бірегей қазақстандық жолды сипаттайды, Қазақстанның болашаққа ұмтылысын бейнелейді.

Қазір Астана көз алдымда көркейіп, өсіп-өркендеп келе жатқан уақытта, мен оның дәл осылай құлпыра құбылатын күні қашан туатынын армандаған сәтімді еске аламын. Астана Шығыс пен Батыстың ұлы рухани құндылықтарын бойына сіңірген асқақ мәдениеттің ордасы болатын күнді аңсағаным жиі ойыма оралады. Біз Қазақстанды армандар ақиқатқа айналатын ел еттік.

3. МЕМЛЕКЕТТІ НЫҒАЙТАТЫН РЕФОРМАЛАР

САЯСИ ПРОЦЕСТЕР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Халық аманаты: «Тұңғыш Президент туралы» Конституциялық заң

Парламент өз құқығын пайдалана отырып 2000 жылдың 20 шілдесінде «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңды қабылдады. Заң «жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, Қазақстан халқының көшбасшысы, оның бірлігін, Конституцияны, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен Елбасы ретінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің саяси және құқықтық жағдайын анықтайды». Тұңғыш Президентке, оның бірегей тарихи миссиясына орай, Қазақстан халқына және мемлекеттік органдарға міндетті түрде қарастырылуға тиіс бастамалар жолдауға, Парламент алдында, Үкімет отырыстарында сөз сөйлеуге, Қазақстан халықтары Ассамблеясын басқаруға, Конституциялық кеңес пен Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына енуге өмірлік құқық берілген. Қалыптасқан әлемдік тәжірибеге сәйкес, заң Тұңғыш Президенттің қорын, кітапханасын және архивін құруды белгілейді.

Депутаттардың халық арасында қолдау тапқан бұл шешімі мен үшін өте әсерлі болды. Жас мемлекеттің басшысы лауазымына тағайындалған алғашқы күннен бастап мен бәріміздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының іргесін бекіту ісіне бүтіндей беріле кірістім. Егемен және Тәуелсіз Қазақстан – мен үшін жай әншейін абстрактілі ұғымдар емес. Бұл – менің бүкіл өмірім, қала берді, тағдырым да. Бұл заңды мен өзіме сеніп тапсырылған орындағы атқарған қызметіме қазақстандықтардың берген жоғары бағасы деп қабылдадым.

Халықтың мұндай сенімі – ел тағдырын, өз болашағын маған сеніп тапсырған отандастарымның алдындағы қосымша жауапкершілік деп білдім.

Тұңғыш Президент туралы заң мен үшін, ең алдымен, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, Тәуелсіздік

жылдары қол жеткізген табыстарымыз бен құндылықтарымызды сақтап, дамыта түсуді аманаттайды.

Аталған заңның құрғақ құжаттық тұжырымдамасынан ауытқи келе, мен өзіме үлкен сенім көрсеткен, демеген, бірге өткен жолымызда кезек алмасқан қуаныш пен қайғыны қатар бөліскен отандастарыма шын жүректен шыққан адами ризашылығымды білдіргім келеді. Бұдан кейін де Отанымыздың мүддесін қорғау үшін бар күш-жігерімді жұмсап, мемлекеттігіміздің іргесін нығайту, еліміздің барлық тұрғындарының тұрмыс деңгейін жақсарту ісіне беріле қызмет ететін боламын.

2004 жылғы Парламент сайлауы: саяси сана сыналған сәт

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің үшінші шақырылымының сайлауы 2004 жылдың 19 қыркүйегінде және 3 қазанында дауыс берудің аралас жүйесі бойынша өтті (бір мандатты 67 округтің 22-сінде қайта сайлаулар болды).

Электоралды процесс елдегі саяси жүйенің либералдануы аясында жүрді. Бұл, әсіресе 2002 жылдың шілдесінде «Саяси партиялар туралы» жаңа заң қабылданғаннан кейін және «Қазақстан Республикасындағы сайлаулар туралы» Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерден соң (2004 жылдың сәуірі) партиялардың көптеп құрыла бастауынан байқалды. Бұдан бөлек Парламент сайлауының тұңғыш рет қолайлы экономикалық конъюнктура жағдайында және елдің ІЖӨ тұрақты өсімі кезінде өткенін атап көрсеткен жөн.

Мұның бәрі партиялық-саяси ландшафтың сапалық тұрғыдан өзгеруіне ықпал етті, түрлі саяси күштердің пайда болуы да сондықтан еді. Сайлау науқаны басталмай жатып, жаңа партиялар құрылып үлгерді, олардың белсенділігі бұл кезеңде едәуір арта түсті.

Сайлауға дайындық барысында саяси процесс қай бағытта дамуы мүмкін екенін болжауға тырысқан сарапшылар мен саясаткерлердің әбігерінен электоралды ажиотаж да туындады.

Парламент сайлауына 12 саяси партия қатысты, оның ішінде төртеуі – екі блок құрамында бірлесе әрекет етті. Аграрлық және Азаматтық партиялар ЕАИО блогын құрса (Еңбекшілердің аграрлық-индустриалық одағы), Қазақстанның Коммунистік партиясы мен «Қазақстанның демократиялық таңдауы» партиясы – «Коммунистердің оппозициялық халықтық одағы мен ҚДТ» атты блокқа бірікті. Орташа есеппен алғанда, бір депутаттық орыннан он үміткер дәмелі болды.

2004 жылғы сайлауалды науқан кезінде тұңғыш рет дауыс берудің автоматтандырылған жүйесі қолданылды, оның көмегімен өз үміткерлеріне 353 мың сайлаушы (18 процент) дауыс берді. Осы жылы енгізілген тағы бір жаңалық: телевизиялық дебаттар өткізіле бастады.

Дауыс беру қорытындысы бойынша, бір мандатты аумақтық округтерден 67 депутат сайланды, тағы 10 депутат партиялық тізім негізінде өтті. Партиялық орындардың жетеуін «Отан» республикалық саяси партиясы алды, «Асар», «Ақ жол» және ЕАИО блогы бір-бір орынға ие болды.

Парламент орынтағына барып жайғасқан депутаттардың 59-ын саяси партиялар ұсынған: «Отан» республикалық саяси партиясы – 42, ЕАИО блогы – 11, «Асар» республикалық партиясы – 4, «Ақ жол» демократиялық партиясы – 1, Қазақстанның демократиялық партиясы – 1 депутат. Өзін-өзі ұсынып, сайлау нәтижесінде парламент құрамына енгендердің саны – 18.

Парламент сайлауының жеңімпазы Мәжілістегі депутат орындарының 67 процентін иеленген «Отан» республикалық саяси партиясы болды. Оның ізін ала ЕАИО блогы (14,5 процент) мен «Асар» партиясы орналасты (5,2 процент). Мәжіліс төрағасы болып Орал Мұхамеджанов сайланды.

Сайлау науқаны басталардан сәл ғана бұрын, «Отан» партиясының VII съезінде сөйлеген сөзімде, мен «Қазақстан қоғамы саяси кемелдік сынағының алдында тұр» деп атап көрсеткен едім. 2004 жылғы Парламент сайлауының қорытындысы Қазақстан халқының бұл сыннан сүрінбей өткенін аңғартқандай болды.

2004 жылдың 29 желтоқсанында Астананың сол жағалауында бой көтерген Қазақстан Республикасы Парламентінің жаңа ғимаратында Мәжілістің алғашқы отырысы өтті. Бұл қазақстандық парламентаризмнің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетті.

1995 жылы жалпыхалықтық референдум бойынша қабылданған Конституцияның арқасында тарихымызда тұңғыш рет әлемдік тәжірибеде өзінің аса жоғары тиімділігін дәлелдеген қос палаталы Парламент жүйесі жүзеге асырылды. Енді, арада жиырма жылдай уақыт өткен кезде, қос палаталы кәсіби Парламент заң шығару қызметін атқаратын жоғары өкілетті орган ретінде уақыт сынына төтеп берді деп нық сеніммен айта аламыз.

2005 жылғы Президент сайлауы

Мемлекеттік институттарды және саяси тұрақтылықты нығайту бағытындағы аса маңызды кезеңнің бірі – 2005 жылғы Президент сайлауы болды.

2005 жылдың 9 қыркүйегінде «Отан» республикалық партиясының VIII съезінде мен Президент лауазымына үміткер ретінде ұсынылды. Съезд шешімімен президенттікке үміткерді қолдау бойынша «Халықтық коалиция» құрылды.

Бұл науқанның айрықша ерекшелігі – саяси партиялардың сайлаудың дайындық кезеңіне де, оның өткізілуіне де белсенді түрде қатысуы болды. «Отан» партиясымен қатар, тағы жеті саяси партия мен қоғамдық бірлестік өздерінің үміткері ретінде менің кандидатурамды ұсынды. Орталық сайлау комиссиясының тіркеуінен ресми түрде төрт үміткер өтті.

2005 жылдың 4 желтоқсанында өткен Президент сайлауы – XXI ғасыр басындағы Қазақстанның ішкі саяси өмірінің аса маңызды оқиғасы болды. Бұл үшінші (Конституция қабылданғаннан кейінгі екінші) бүкілхалықтық сайлау еді. Сайлау тізімдеріне тіркелген 8,8 миллион сайлаушының шамамен 6,8 миллионы дауыс беруге қатысты. Олардың ішінде іс басындағы Президентке дауыс бергендердің саны 6,1 миллион адам (91,2 процент).

Сайлау қорытындысын мен халық сенімінің көрінісі деп қарастырамын – бұл сайлауда өз таңдаулысына әрі қарай да қызмет ете беруі үшін сенім мандатын тапсырған біртұтас ұйымшыл халық жеңіп шықты деп ойлаймын.

Бұл сайлау оппозицияның ресми билікпен ұзақ тәжікеге ұласқан пікірталасына нүкте қойғандай болды. Партиялық жүйені қайта құрылымдау процесі президент сайлауынан соң да жалғаса берді.

2006 жылдың 11 қаңтарында менің Қазақстан Республикасы Президенті лауазымындағы қызметіме ресми кірісуімнің салтанатты рәсімі болып өтті. Сол сәтте мен өкілеттігімнің жаңа кезеңінде, болашақта тап болуымыз мүмкін барлық қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Республикасының біртұтастығын, тұрақтылығын және әрі қарайғы қарышты дамуын қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасау ниетіме беки түстім. Біз болжаған қиындықтар да көп күттірген жоқ – 2000-шы жылдардың екінші жартысында-ақ әлемдік қоғамдастық пен жас Қазақстан айтарлықтай ауыр сынақ, қауіп-қатермен бетпе-бет келді.

Саяси диалог: ашық әңгіме

Өз басым болмысымның қайсыбір ерекшеліктеріне қарай ешқашан эйфорияға берілмеймін, алаңдататын мәселені көре тұра, оған көз жұма қарап, өмірімді жеңілдеткім де келмейді. Дәл осы қасиеттерім өзім бастамашылық жасап, көтерген саяси диалогқа деген ұстанымымды айқындады деп есептеймін.

2002 жылдың өн бойында елдің бүкіл саяси күштерін дөңгелек үстел басында біріктіре алатын ішкі саяси диалог форматы жайында жиі ойлап жүрдім. Қараша айында Қазақстан халықтары Ассамблеясының IX сессиясында мен Азаматтық қоғамды дамыту және оны әрі қарай демократияландыру бойынша кеңес құру туралы бастама көтердім. Мен онда бұл қадамға өзара түсінісу үшін әдейі барып отырғанымды шын көңілмен ашық мәлімдедім. Халық пен қоғамның қамын ойлайтындардың бәрі бір үстел басына жиналып, алуан түрлі пікірлерді бірге тыңдап, бір мәмілеге келсе екен деген ниетім еді.

2002 жылдың желтоқсанында Демократияландыру жөніндегі кеңес вице-премьер Б. Мұхамеджановтың төрағалығымен өз жұмысын бастап кетті. Оған қатысушылар 2003 жылы «Сайлау туралы» заңға өзгерістер енгізуге қатысты бастама тәрізді бірнеше маңызды мәселелерді қарады. БАҚ туралы заң жобасы да қызу пікірталасқа ұласты.

2004 жылы Парламент сайлауы өтетін болды, осыны ескере келіп, мен аталған Кеңес жұмысына жаңа серпін берер кез келді деп шештім. 2004 жылдың маусымында «Отан» партиясының VII съезінде ішкі саяси жүйені жетілдіруге қатысты шаралар ойластыруды қолға алатын Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия құру туралы ұсыныс айттым. Құрамына саяси партиялар жетекшілерінің бәрі енген ұлттық комиссия 2004 жылдың қараша айында құрылды.

Конструктивті ішкі саяси диалог жүргізу міндеті оңай болған жоқ, кейде ұстараның қылпылдаған жүзімен жүргендей, сақ қимылдауға тура келді. Саяси жүйенің реформасын осы бір жасампаздық процеске бүкіл қоғамдық спектрді қамтитын алуан түрлі саяси күштердің бәрі жаппай қатыса алатындай етіп жүргізу қажет еді. Сонымен бірге, қоғамдағы жайма-шуақ тыныштықтың іргесін шайқап алмайтындай, еліміз үшін аса маңызды тұрақтылықты бұзып алмайтындай әрекет етуге тиіс болдық.

Ұлттық комиссияның төрағасы болып Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Б. Өтемұратов тағайындалды. Бұл мемлекеттік орган ұсыныстар тізімін әзірлеп, содан кейін оны ұлттық комиссия негізінде құрылуы жоспарланған мемлекеттік комиссияның қарауына жіберуге тиіс еді.

2006 жылдың 20 наурызында Демократиялық реформа бағдарламаларын түзу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Оған парламенттің, үкіметтің, саяси партиялардың өкілдері, қоғам қайраткерлері енді. Демократиялық жаңарулардың жалпыұлттық бағдарламасын жасау жұмысы кідіріссіз басталып кетті. Мемлекеттік комиссия мәртебесінің барынша биік болуын ойлағандықтан, бұл құрылымның төрағалығын өзім атқаруым керек деп шештім.

Сол жылдың маусым айындағы мемлекеттік комиссияның отырысында мен жақын арада Қазақстанның саяси жүйесі өкілетті билік тармағының рөлі мен өкілеттігін арттыруға қатысты айтарлықтай жаңаруды бастан кешетінін мәлімдедім. Бұл Парламент қызметіне ғана емес, мәслихат жұмысына да қатысты өзгерістер еді.

Мен Үкіметке әр заң жобасына мұқият үңіле қарауды тапсырдым. Заң шығаруға байланысты осы бір қомақты жұмысты аяғына дейін жеткізіп, нақты нәтижеге ұластыру керек болды. Бұл істе ұсақ-түйек деген болмауға тиіс. Бұл – жауапкершілігі аса зор, ауқымды шаруа. Бұл заңдарды «басты байлық – тұрақтылық пен халықтың әл-ауқаты» деп білетін мемлекетіміздің орнықтылығы тұрғысынан қарастырған абзал.

Бастапқыда қиынға соққан, бірақ соңы нақты нәтижеге ұласқан 2002–2006 жылдардағы саяси диалогтың арқасында саяси реформа жөніндегі елімізге қажетті негізгі қоғамдық мәмілеге қол жетті.

2007 жылғы Конституциялық реформа. Саяси жаңғырудың жаңа кезеңі

Еліміз қол жеткізген әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен жаңа жағдайларға саясат саласын да толық сәйкестендіру мақсатында, саяси өрісті реформалауды әрі қарай жалғастыру керек екеніне мен сонау 2000-шы жылдардың бас жағында-ақ барынша сенімді болдым.

2007 жылдың 16 мамырында Парламент палаталарының бірлескен отырысында мен «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын ұсынып, сөз сөйледім. Бұл шын мәнісіндегі конституциялық реформа болатын.

Бұл жоба 2005–2007 жылдары жүргізілген саяси диалогтың нақты нәтижесі еді. Оған әбден пысықталып, тиянақталған жан-жақты ұсыныстар енгізілді.

Мемлекеттіктің дағдарысқа қарсы батыл әрекеттерге баруды қажет еткен қалыптасу кезеңінде билік өкілеттіктерін шоғырландыру бағытына дұрыс таңдау жасалды. Енді, жаңа кезеңге қадам басқанда, либералды саяси өзгерістердің уақыты келді.

Біздің «алдымен экономика – сонан соң саясат» деген стратегиялық ұстанымымыз тағы да сәтімен жүзеге асты.

Мен, біріншіден, билік өкілеттіктерін қайта бөлу және Парламенттің рөлін көтеру бағытында батыл қадам жасауды ұсындым. Сенат пен Мәжіліс депутаттарының жалпы саны 154 адамға дейін жетті, мұның өзі Қазақстан халқының санына тура пропорционал. Мәжілістің жеке өзі Үкіметке де, әр

министрге де сенімсіздік білдіре алатын болды және бұл рәсім оңайлатылды. Парламент Конституциялық кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) және Есеп палатасының үштен екі бөлігін жасақтау құқығын иеленді. Премьер-Министрді төменгі палата депутаттарының басым көпшілігінің келісімін ала отырып, Президент тағайындайтын болды.

Екіншіден, саяси партиялардың рөлін нығайту және Мәжіліс депутаттарын сайлаудан өткен партиялардың өкілдерінен пропорционалды жүйе бойынша сайлау ұсынылды.

Үшіншіден, жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына мүмкіндік туды, мәслихаттар бұл саланың негізіне айналды. Жергілікті өкілетті органдар депутаттарының өкілеттік мерзімі бес жылға ұзарды. Мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру рәсімі жеңілдетілді.

Төртіншіден, сот жүйесінің жұмысы жетілдіріле бастады, сот лауазымына үміткерлерді іріктеу міндеті Жоғары Сот Кеңесінің қарауына берілді.

Бесіншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін бұл органға конституциялық мәртебе беріп, Сенат пен Мәжілісте оның өкілеттігін қамтамасыз ету арқылы нығайта түсу шаралары қарастырылды.

Алтыншыдан, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін арттыру, редакциялық саясаттың тәуелсіздігін қамтамасыз ете отырып, журналистердің құқығын қорғау және азаматтық қоғамды әрі қарай дамытуға бағытталған тағы да басқа нақты іс-әрекеттер назарға алынды.

Азаматтардың құқығын нығайта түсуге айрықша мән берілді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру мәселесі зор маңызға ие болды.

2007 жылдың 18 мамырында екі күнге созылған талқылаудан соң Парламент «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қабылдады.

Парламент позициясының орнықтылығын қамтамасыз еткен 2007 жылғы реформа біздің саяси шынайылығымыздың жарқын дәлеліне, ұзақ мерзімді перспективада мемлекет негізін берік ете түсуге деген бәріміздің ортақ ұмтылысымыздың нәтижесіне айналды.

Қазақстанға ЕҚЫҰ-да төрағалық ету құқығын беру мәселесі түбегейлі шешілер сәтте халықаралық қоғамдастық, сөз жоқ, 2007 жылғы ауқымды конституциялық реформаға назар аударды. Бұл еліміздің сыртқы саясатындағы ең ірі жетістігі және, сонымен қатар, жемісті жүргізілген ішкі саяси өзгерістердің нәтижесі болды.

2007 жылғы Парламент сайлауы: «Нұр Отан» партиясының айқын жеңісі

2007 жылдың 19 маусымында Мәжіліс депутаттарының бір тобы менің атыма хат жазды. Онда «Қазіргі мәжіліс реформаларды тежейтін күшке айналмауы керек. Демек, өзінің өкілеттігі бітетін уақыт – 2009 жылды күтіп отырмағаны жөн деп есептейміз» делініпті. Халық қалаулыларының пікірінше, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтататын сәт туды. Осы хатты қарастыра келіп, 20 маусым күні мен Парламенттің төменгі палатасын тарату және кезектен тыс сайлау өткізу туралы шешім қабылдадым.

2007 жылдың 18 тамызында Мәжіліс депутаттарын сайлау алғаш рет пропорционалды сайлау жүйесінің шартымен – партиялық тізім бойынша жүзеге асты. Қазақстан азаматтары жекелеген үміткерлерге емес, партиялық бағдарламаларға дауыс берді. 2007 жылдың 20 тамызында Қазақстан халқы Ассамблеясынан (ҚХА) Мәжіліске сайлау өткізілді.

Төртінші шақырылымдағы Парламенттің төменгі палатасына барлығы 107 депутат сайланды, оның 98-і – пропорционалды өкілеттік жүйесі бойынша партиялық тізім негізінде, ал 9-ы – ҚХА-дан еді.

Бұл Парламент сайлауын конституциялық реформаны қорытындылайтын түпкі нәтиже деуге болады. Жаңа Мәжіліс жаңартылған Конституция алып берген барлық өкілеттікті иеленіп, өз жұмысын бастады.

2007 жылғы Парламент сайлауында «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы айқын басымдықпен жеңіске жетті.

2 қыркүйек күні төртінші шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясын ашып тұрып, «Нұр Отан» партиясының жеңісі біздің партия депутаттарын еліміздің барлық азаматтарының, оның ішінде басқа партияларға дауыс берген жандардың да мүддесін қорғауды міндеттейді, – деп атап көрсеттім. Депутаттарға «Сіздер партиямыздың нағыз халықтық сипатын іс жүзінде дәлелдеулеріңіз керек», – деп ескерттім.

Сайлаудың алғаш рет пропорционалды жүйе бойынша өткізіліп, партиялардың бәрінің сайлаушыларға өз бағдарламаларын таныстыруына мүмкіндік берілгеніне қарамастан, Парламентке тек бір ғана партия өте алды. «Нұр Отан» партиясының саяси салмағы оның қарсыластарына қарағанда әлдеқайда артық екенін ескере келгенде, саяси пікір алуандығын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету және партиялардың Парламенттегі өкілеттілігін арттыру мәселелері туындады.

Жаңа кезеңдегі саяси партиялар

Парламенттің 2002 жылдың шілдесінде «Саяси партиялар туралы» жаңа заң қабылдауы еліміздің партиялық-саяси өміріндегі маңызды меже саналады.

Бұрынғы, 1996 жылғы заң саяси партияларға айрықша құқық бермеген болатын, сондықтан да олардың қоғамдық бірлестіктер арасындағы рөлі аса маңызды емес еді. Ал жаңа заң саяси бірлестіктерге лайықты мәртебе алып берді.

2000 жылдары либералдандыру елдің партиялық-саяси өмірінің басым векторына айналды. 2002 жылдың наурызында Қазақстанның «Ауыл» социал-демократиялық партиясының құрылтай съезі өтіп, оның төрағасы болып академик, депутат Ғ. Қалиев сайланды. Шілде айында «Қазақстан патриоттары партиясы» құрылып, төрағалығына белгілі саясаткер, бұрын президенттікке үміткер болған Ғ. Қасымов бекітілді. 2001 жылдың қарашасында «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қоғамдық бірлестігінің шенеуніктер тобының бастамасымен, кәсіпкерлердің қолдауымен құрылтай съезі өтті. 2002 жылдың наурызында «ҚДТ» мүшелерінің бір тобы бөлініп шығып «Ақ жол» партиясын құрды.

2003 жылдың сәуірінде «Асар» партиясы құрылды, төрағасы болып Д. Назарбаева сайланды. 2006 жылдың шілдесінде бұл партияның кезекті съезі «Отан» партиясына қосылу туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ 2003 жылдың сәуірінде «Руханият» партиясының құрылтай съезі өтті, оның төрағасы А. Жағанова болды. 2004 жылдың ақпанында «Қазақстанның демократиялық таңдауы» халықтық партиясының құрылтай съезі болды. Қазақстан Коммунистік партиясындағы бірқатар келіспеушіліктер салдарынан функционерлердің біразы жеке партия ұйымын құру туралы шешім қабылдады. 2004 жылдың сәуірінде Қазақстанның коммунистік халықтық партиясының (ҚКХП) съезі өтіп, бірінші хатшы болып В. Косарев сайланды. 2004 жылдың сәуір айында Қазақстан демократиялық партиясының құрылтай съезі шақырылды. Оның жетекшісі М. Нәрікбаев болды. 2006 жылы бұл партияның атауы «Әділет» демократиялық партиясы болып ауысты. 2006 жылдың қыркүйегінде Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының құрылтай съезі өтті.

Қазақстанның партиялар алаңындағы маңызды оқиға 2006 жылдың 22 желтоқсанында болды. «Отан» партиясының Х съезінде оның Азаматтық және Аграрлық партиялармен біріккені және бұдан былай «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы болып аталатыны туралы шешім қабылданды.

2008 жылдың желтоқсанында Мәжіліс «Саяси партиялар туралы» заңға түзетулер енгізді. Сол өзгерістерге сәйкес, партия жақтастарының тіркелу үшін қажетті саны 50 мың адамнан 40 мыңға, ал өңірлік шектеу – 700-ден 600 адамға азайтылды. Тіркеу үшін құжаттарды өткізу мерзімі екі айдан төрт айға ұзартылды.

2011 жылдың соңына қарай Қазақстанда сегіз саяси партия жұмыс істеп жатты (мүшелерінің жалпы саны 1,3 миллион адам), олар – «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, Қазақстанның «Ауыл» социал-демократиялық партиясы, Қазақстан патриоттары партиясы, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Әділет» демократиялық партиясы, Қазақстан коммунистік халықтық партиясы, «Руханият» партиясы, «Азат» жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы.

Саяси жүйенің жаңаруы саяси партиялардың қарқынды бірігуіне, қоғамда заманауи саяси модельдің қалыптасуына алып келді, сонымен бірге елдегі саяси тұрақтылықтың нығаюына септігін тигізді.

Құқықтық саяси алаңда алуан түрлі сегіз саяси партияның пайда болуы мақсатты түрде партияаралық бәсекенің қалыптасқанын және әрқилы әлеуметтік-экономикалық мүдделердің қамтылғанын аңғартады. Елдің партиялық-саяси жүйесі қарбалас іс-әрекет пен қарапайым ашықтықтың жандануына қарай бағыт алды.

2011 жылғы Президент сайлауы

2010 жылы бүкіл елде Назарбаевты өмір бойы Президент ету туралы референдум өткізуді қолдаған ұсыныстар көп болды. Бірақ мен келіспедім.

2010 жылдың 23 желтоқсанында Шығыс Қазақстан жұртшылығы Мемлекет басшысының өкілеттігін ұзарту жөнінде референдум өткізу туралы бастама көтерді.

Бұл идея қазақстандықтар арасында кеңінен қолдау тапты. Бір ай ішінде ол ұсынысқа бес миллионнан астам азамат қол қойды, ал бұл елдегі сайлаушылардың жалпы санының жартысынан асып түседі. Парламент те бұл ұсынысты қуаттап, заңнамалық бастама сипатында рәсімдеп тастады. Бірақ мен Парламенттің бұл ұсынысын да қабылдамадым.

2011 жылдың 14 қаңтарында Парламент, менің келісімімсіз, Конституцияға референдум арқылы Президент өкілеттігін 2020 жылға дейін ұзартуды көздейтін түзетулер енгізуді бірауыздан қабылдап жіберді.

Ел тұрғындары да, халықаралық қоғамдастық та парламентарийлердің бұл іс-әрекетіне менің қалай жауап берерімді бар зейінімен күт-

ті. Сарапшылардың басым көпшілігі 2011 жылдың қаңтары бойына референдум мәселесі түбегейлі шешілді деп тұжырып жатты. Бірақ олар қателесті.

Мен бұл түзетулерге қол қоймастан, оларды Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің қарауына жібердім. Мәміле – сайлау өткізу.

Референдум өткізуге байланысты қол жинауға қатысқандардың бәріне алғысым мен құрметімді білдіре отырып, мен сонда да болса сайлауға қатысуды құп көретінімді, бірақ түпкілікті шешімді Конституциялық кеңестің тұжырымынан кейін қабылдайтынымды айттым. Ең бастысы, мен сол сәтте халықтың тілегін ұқтым, «қызметті тастап кетпеймін, жұмысты әрі қарай жалғастырамын» деп шештім. Сөйтіп, халықтың мұндай бірауыздылығы сақталған жағдайда, ел үшін қанша қажет болса, сонша уақыт жан аямай еңбек етуге бел байладым.

31 қаңтарда Конституциялық кеңес түзетулерді Конституцияға қайшы келеді деп тапты. Конституциялық кеңестің тұжырымына және нақты саяси ахуалға сүйене отырып, мен халыққа арнаған сөзімде мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізуді ұсындым. Кезектен тыс сайлауды 2011 жылдың 3 сәуіріне белгілеген Жарлыққа 4 ақпан күні қол қойдым.

Сайлау барысында менің бәсекелестерім – Қазақстан патриоттары партиясының төрағасы Ф. Қасымов, Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы ОК хатшысы Ж. Ахметбеков және «Табиғат» экологиялық ұйымының көшбасшысы М.Елеусізов болды.

2011 жылдың 3 сәуірінде өткен президент сайлауында сайлаушылардың 95,55 проценті менің кандидатурамды қолдап дауыс берді. Орталық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша, дауыс беруге сайлаушылардың 89,98 проценті қатысқан. Тәуелсіздік дәуірінің тарихында тұңғыш рет қол жеткізілген осындай айқын басымдықты мен отандастарымның өзіме жүктеген қосымша жауапкершілігі деп қабылдадым.

2012 жылғы Парламент сайлауы

206

2011 жылдың 10 қарашасында Мәжілістің елу үш адамнан тұратын депутаттар тобы, Мемлекет басшысы ретінде, маған төртінші шақырылымдағы Мәжілісті тарату жөнінде ұсыныс жасады. Бұл қадамның басты себебі ретінде, олар қатері мен ауқымын болжап болмайтын әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны жақын қалғанын алға тартты. Осыған байланысты, депутаттардың пікірінше, барынша тезірек, әлемдік экономикалық дағдарыс асқынып кетпей тұрып, Қазақстанда сайлау циклын өткізіп алуымыз керек, содан соң бүкіл мемлекеттік органдар, Үкімет пен Парла-

мент ештеңеге алаңдамастан, дағдарысқа қарсы қажетті шараларды атқарумен айналыса береді. Бұдан бөлек, депутаттар экономиканың тұрақты өсуін сақтау, сайлау циклын жеделдете өткізу арқылы әлеуметтік жаңғыруды жүзеге асыру мақсатында жүргізіліп отырған саясаттың сабақтастығын қамтамасыз етуді аса маңызды қадам санады.

Ішкі саяси көзқарас тұрғысынан зер салғанда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес келесі Парламент, сайлау нәтижелеріне қарамастан, кемінде екі саяси партиядан жасақталуға тиіс-тін. Демек, көппартиялы Парламент жасақтауға мүмкіндік беретін осы бір демократиялық механизмді жүзеге асыру көкейге қонымды болар еді. Бұл қадам Қазақстанның көппартиялылық пен саяси плюрализм идеяларын ұстанудан айнымайтынын да айқындай түспек.

2012 жылы Парламент Мәжілісінің ғана емес, мәслихат депутаттарын да сайлау мерзімі таяп қалған болатын. Осыған орай, Парламент мүшелері биліктің заң шығарушы тармағының барлық деңгейіндегі сайлауларды біріктіре қатар өткізіп жіберуді жөн деп тауыпты. Бұл шешім әлемдік дағдарыс жағдайында сайлау циклын ұзақ кезеңге созып жіберместен, мұндай ауқымды шараларды ұйымдастыруға, өткізуге жұмсалатын бюджет қаржысын едәуір үнемдеуге мүмкіндік берер еді.

Мен халық өкілдерінің келтірген осындай дәлелдерімен, жалпы алғанда, келістім. Сөйтіп, 2011 жылдың 16 қарашасында Мәжілісті тарату және кезектен тыс сайлау күнін белгілеу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Мәжіліс сайлауы 2012 жылдың 15 қаңтарында болды, оған сайлаушылардың 75 проценті қатысты. ОСК-нің түпкілікті мәліметі бойынша, Парламентке үш партия өтті: сайлаушылардың 80,99 процент дауысын жинаған «Нұр Отан», сосын «Ақ жол» – 7,47 процент және ҚХКП – 7,19 процент. Осылайша, «Нұр Отан» партиясына 83 мандат берілді, «Ақ жол» партиясына – 8, ҚХКП-ға – 7 орын тиді. Келесі күні, 2012 жылдың 16 қаңтарында, Қазақстан халқы Ассамблеясынан 9 депутат сайланды. Мәжіліс төрағасы болып Н.Нығматулин сайланды.

Халықаралық байқаушылар бұл сайлаудың айқын, ашық және бәсекелі болғанын, ел азаматтары жүрек қалауын еркін білдіре алғанын айтты. Сайлау Қазақстан қоғамы демократиялануының едәуір өсе түскенін көрсетті.

Пропорционалды жүйемен сайланған Парламентке тұңғыш рет өз бағдарламаларымен негізгі қоғамдық-саяси трендтерді іс жүзіне асырып жүрген үш саяси партия енді. «Ақ жол» оңшыл-либералдық ұстанымға адалдығын сақтады, ҚХКП дәстүр бойынша солшыл көзқарас ұстанды, ал «Нұр Отан» болса, саяси центризм қағидаларынан айнымайтынын аңғартты.

Енді Парламент партиялары ықпалдастықтың жаңа тұрпатын түзіп, үш фракция бас қосқан палатада жұмыстың өзара сындарлы механизмін қа-

лыптастыруы керек болды. Негізінен «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы мүшелерінен құралған білікті қауым тұтас Парламент құрылымының мығымдығын қамтамасыз етті.

2012 жылғы Парламент сайлауы либералды жаңғыру жолындағы елеулі қадам болды. Бұл Мәжіліс сайлауының маңызды ерекшелігі – елімізде тұңғыш рет көппартиялы Парламент сайланды.

Жалпы алғанда, 2010–2012 жылдар Қазақстанның ұстанған үдемелі демократиялық жаңғыру бағытынан таймайтынын байқатты. Өз өкілеттігімді онжылдық мерзімге ұзартудан бас тарта отырып, мен демократия принциптері мен Конституцияның мызғымайтынын дәлелдеуге тырыстым.

Мемлекеттік басқару: қызметтік міндеттер аясын нақтылау

1990 жылдары мығым мемлекеттік вертикальды қалыптастырып алған соң, 2000 жылдары мен орталық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарын жігерлі түрде жалғастырдым. Еліміздің тұрақты экономикалық өсу соқпағына түсуіне байланысты, енді әкімшілік-бюджеттік реформа жүргізу міндеті алдыңғы лекке шықты. Жаңа жағдайда Қазақстанға бюджетаралық қатынастардың еліміздің ерекшеліктеріне сәйкес келетін адекватты үлгісі қажет болды.

2001 жылдың қазан айында-ақ Бюджетаралық қатынастарды орталықсыздандыру және жетілдіру жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. 2002 жылғы Жолдауда мемлекет құрылысы мен жергілікті басқару басты тақырыптардың бірі ретінде қарастырылған-ды. Соның ішінде Үкіметтің мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді бөлу тұжырымдамасын дайындап жатқаны мәлімделген болатын.

Өкілеттіктерді бөлудің маңызды міндеттерінің бірі – ауыл деңгейінде мемлекеттік билік институттарын қалыптастыру болды, ол уақытта жергілікті әкімдердің өкілеттіктері мен мүмкіндіктері жеткілікті дәрежеде емес еді. Алдымен басқарудың қанша деңгейі болғаны жөн екенін нақты айқындап алып, содан кейін ғана жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға кірісу керек болды.

2003 жылдың ақпанында Үкімет Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді бөлу және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын бекітті. Мемлекеттік функциялардың оңтайлы тізімі әзірленді, содан соң ол функциялар орталық пен өңірлерге бөліп берілді. Содан бергі жылдарда қаражатты орталық пен өңірлерге үлестірудің жаңа үлгісі қалыптасты.

2009 жылдың қаңтарында Қазақстанда, бюджет деңгейлерінің шығынға қатысты өкілеттіктерін және оларды атқаратын барлық деңгейдегі әкімдердің жауапкершілігін белгілейтін Бюджет кодексі күшіне енді. Жергілікті атқару органдарының құрылымдары бекітілді. Алайда ауылдық, кенттік, қалалық (аудан аумағындағы) басқару деңгейлерін нығайта түсу міндеті басы ашық күйінде қалған еді. Ел жаһандық дағдарыс салдарларымен күресу жағдайында болғандықтан, бұл міндет келесі мерзімдік циклға – 2010-шы жылдарға қалдырылды.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді бөлуге және жинақы да ширақ атқару билігін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар әрі қарай жалғаса берді.

Мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру

Мемлекеттік қызметтің кәсіби кадрлары – еліміздің ұлттық ауқымдағы міндеттерді жүзеге асыратын аса маңызды ресурсы. Дәл осы себепті мен үнемі мемлекеттік қызмет жүйесін сапалық биік деңгейге көтеру мәселесіне айрықша көңіл бөліп келемін.

2000 жылғы Жолдауымда мемлекеттік қызметшілерді іріктеу жүйесін түбегейлі өзгерткеніміз жөнінде сөз болған еді. 2000 жылдың өзінде ғана шамамен тоғыз мыңдай мемлекеттік қызметші ашық конкурс нәтижесі бойынша жұмысқа қабылданды. Ал бұл мемлекеттік лауазымды орынға конкурстық іріктеу жүйесі ешқашан болмаған, қашанда телефон құқығы мен тамыр-таныстық, саяси сенімділік үстем боп келген ел үшін үлкен жаңалық болатын.

Сол уақытта ел алдына бірқатар жаңа мақсаттар қойылды. Мемлекеттік аппарат – кәсіби кадрларды даярлаудың қалыптасқан жүйесі бар, тұрақты болуы шарт. Мұның өзі Қазақстанға мемлекеттік қызмет баспалдақтарымен көтерілудің мансаптық жүйесі қажет екенін білдіретін-ді.

2005 жылдың сәуірінде қол қойылған, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлық мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыратын заңнамалық актілердің ішінде ерекше орын алады.

Сол жылы Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі қабылданды. Ол мемлекеттік қызметшінің азаматтармен, қарамағындағы адамдармен қарым-қатынасын қоса алғанда, қызмет бабындағы іс-әрекет шеңберінің стандартын, сондай-ақ көпшілік алдында сөз сөйлеудің ережелерін белгіледі. Жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды мемлекеттік лауазымды қызметке алуға тыйым салатын тармақтың қосылуы кодекс талапшылдығын күшейте түсті.

2000 жылдары Қазақстанда мемлекеттік қызметтің халықаралық сарапшылардан жоғары баға алған үлгісі қалыптасты. Алайда уақыт өте келе, комиссиялардың жеткілікті дәрежеде әділдік танытпауы, конкурстар нәтижесінің алдын ала белгілі болуы, тағайындаудың заңды тәртібінің кадрлық резервінен «айналып өту», «команда боп көшіп жүру» әдеті секілді бірқатар мәселелер анықтала бастады.

Мен мұндай кемшіліктерге принципті түрде төзбейтінімді білдіріп, мемлекеттік басқарудың қолданыстағы жүйесін жаңартуға шындап кірістім.

2011 жылдың шілдесінде мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісінің тұжырымдамасы бекітілді, ол «мемлекеттік қызмет» ұғымының өзін қайта жаңғыртып, «ұлтқа қызмет етудің» синониміне айналдыруды ұсынды. Меринократия, тиімділік, нәтижелілік, ашықтық және қоғамға есеп беруге міндеттілік мемлекеттік қызмет дамуының жаңа кезеңіндегі негізгі қағидалары болып жарияланды.

Осыған сәйкес заңнамалық өзгертулер 2012 жылдың желтоқсанында қабылданды. Олар мемлекеттік қызметке келудің ашық механизмдерін енгізу арқылы мемлекеттік аппарат кәсібилігін арттыруға, бағалау жүйесін пайдалануға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді ынталандыруды жетілдіруге және қызмет этикасын сақтауға бағытталған еді.

Сот жүйесін реформалау. Соттардың тәуелсіздігін нығайту

2000 жылдары еліміздегі сот жүйесінде едәуір өзгерістер болып, бұл саланы мемлекеттің басым міндеттеріне және қоғам қажеттіліктеріне сәйкестендірді. Соттардың мәртебесінің артуы, оларды мамандандыру, сот жүйесін атқарушы органдардың ықпалынан алып шығу мәселелері жаңару процесінің басты бағыттарына айналды.

2000 жылдың қыркүйегінде Жоғарғы сот (төрағасы Қ. Мәми) жанынан Сотты әкімшіліктендіру жөніндегі комитеттің құрылуы сот жүйесін реформалаудағы және оның Әділет министрлігінен тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадам болды.

2000 жылдың желтоқсанында «Сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданып, сот жүйесінің құрылым тәртібі мен қағидаларын және соттардың тәуелсіздігін нақтылай түсті, олардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуын арттырды.

2001 жылы – экономикалық, 2003 жылы – әкімшілік, 2005 жылы – аралық соттар құру процесі іске қосылды. Процесске қатысушы тараптардың

теңқұқықтылығын, адвокаттар алқасын күшейтуді және алдын ала тергеу ісін сот бақылауында ұстауды бекіту мәселелерін қамтамасыз ету шаралары қабылданды. 2001 жылы сот озбырлығы қатерін азайту үшін тәртіптік-біліктілік алқасы құрылды.

2002 жылдың қыркүйегінде менің Жарлығыммен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсмен) институты құрылып, азаматтардың құқықтық жағынан қорғалуын күшейту жұмыстарын бастап кетті (алғашқы уәкіл Б.Байқадамов болды). Сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құрылды.

2006 жылдың қаңтарында «Алқабилер туралы» заң қабылданды. Мұнда біз аралас үлгіні таңдадық – екі сот және тоғыз алқаби. Қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қараған алғашқы сот отырысы 2007 жылы Солтүстік Қазақстан облысында өтті. Сол кезден бастап өз істерін алқабилер сотына сеніп тапсырушылардың саны тұрақты түрде өсе берді.

Сот жүйесін жаңғырту бастамасы 2007 жылдан бастап сот процесін демократияландыруға, сот органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, сот қаулы-қарарларының міндетті түрде орындалу режимін нығайтуға бағытталды. Осы жолдағы маңызды элементтің бірі – сот ісін еуропалық (құрлықтық) модель бойынша жүргізуге көшу болды.

Сот жүйесін реформалау аясында ювеналды әділет бойынша халықаралық жоба жүзеге асырылды: 2007 жылдың тамыз айында Астана және Алматы қалаларында кәмелетке толмағандар ісімен айналысатын алғашқы ювеналды соттар құрылды. Осы тәжірибені ескере келе, мұндай соттар кейінірек барлық облыстарда да пайда болды.

Сот жүйесі туралы заң 2008 жылдың қазан айында конституциялық түзетулерге сәйкестендірілді. Нәтижесінде үш сатылы сот жүйесі пайда болды: бірінші инстанция соттары (аудандық), апелляциялық инстанция (облыстық) және Жоғарғы сот.

2009 жылдың тамыз айында мен 2010–2020 жылдар аралығына арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын бекіттім. Кешенді бағдарламалық құжат ретінде, ол жалпы құқықтық реформа процесі аясындағы сот жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын белгіледі. Тұжырымдама барлық сатылардағы сот ісін жүргізуді жетілдіре түсуді, соттардың мәртебесін күшейтуді, біздегі сот жүйесінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз етуді көздеді. Бұл құжат Қазақстан соттарының құқыққорғаушылық әлеуетін жүзеге асыруға даңғыл жол ашып берді.

2009 жылдың қарашасында өткен соттардың V съезінде сөйлеген сөзімде мен сот жүйесінде шешілмеген мәселелер жеткілікті екенін атап көрсеттім. Азаматтардың сот жұмысындағы кемшіліктерге наразылық білдіріп, шағым түсірген мысалдарын көптеп келтіруге де болар еді. Съезде қатаң

да ашық әңгіме болды, әлгіндей кемшіліктерді түбірімен жоюға бағытталған ұсыныстар айтылды.

Келесі кезеңде, 2012 жылы, сот тәуелсіздігін нығайту бағытына екпін түсірілді. Соттарға байланысты тәртіптік істерді қарау өкілеттігі Жоғарғы сот жанындағы Сот қазылар алқасына (төрағасы Б.Бекназаров) берілді.

Сот реформасы әділет жүйесін азаматтардың сұраулары мен мүдделеріне жақындатты, қазақстандықтардың соттарға деген сенім деңгейін жоғарылатты. Қазақстандық әділет жүйесінің барлық құрылымдарының қызметі мейлінше ашық бола түсті. Тараптарды соттан тыс араағайынның көмегімен татуластыру процесі – медиация институты құрылды.

Қоғам реформаланған сот жүйесін азаматтардың құқығын қорғайтын нақты механизм ретінде қабылдайтын болды.

Әскери шыңдалу. Қарулы күштерді кәсібилендіру

Халықаралық әскери-саяси ахуал өзгеріп, әскери технологиялар дами түсіп, ұрыс қимылдарын жүргізу тактикасының тың түрлері пайда бола бастағандықтан, 1993 жылғы бірінші доктринамыздың кей ережелерінің ескіріп қалғаны анық еді. 2000 жылы мен, Қарулы күштердің Бас қолбасшысы ретінде жаңа кезеңдегі ұлттық қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Қарулы күштердің міндетін айқындай түсетін жаңа Әскери доктринаны бекіттім. Сол жылдың шілде айында Әскери реформа тұжырымдамасы мен Әскери құрылымның мемлекеттік бағдарламасы (2005 жылға дейін) қабылданды. Әскери реформа – еліміздегі барлық салада: саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларда болып жатқан кешенді өзгерістердің ажырамас бөлігі саналады.

2000 жылдан Қазақстан Қарулы күштерін қаржыландыру көлемі арта бастады. Экономиканың өсуі қорғаныс бюджетін қаржыландыруға да жағымды әсер етіп, ол жыл сайын көбейе түсті және ІЖӨ-нің 1 процентін құрады. 2000 жылғы Жолдауда мен әскери округтер құра бастағанымызды, шекарамызды нықтап алғанымызды айрықша атап өткен болатынмын. 2002 жылға дейінгі мерзімді қамтыған Әскери құрылымның мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың бірінші кезеңінде Қарулы күштердің құрылымы оңтайландырылды, мобильді күштер құрылды, оның құрамына «Қазбат» бітімгерлік батальоны кірді. 2006 жылы оның негізінде «Қазбриг» бригадасы пайда болды. Екінші кезеңде (2005 жылға дейінгі мерзім) жасақтаудың аумақтық ұстанымына ауысу жалғасын тауып, Оңтүстік, Шығыс, Орталық және Батыс әскери округтері құрылды.

2000 жылдардың бірінші жартысында қаруланған заңсыз құрамаларға

қарсы іс-қимыл жүргізу секілді бірқатар оқу-жаттығулар өткізілді. Оңтүстік шекараларда ТМД елдері лаңкестікке қарсы күштерінің өзара ықпалдаса әрекет ету мәселелері шешіліп жатты. 2002 жылдың көктемінде Сарышаған полигонында «Отан қалқаны-2002» атты ірі жаттығу болып өтті. Бұл Қарулы күштердің мерейтойы қарсаңында егемен Қазақстан әскерінің әлеуетті екеніне көз жеткізген маңызды сынақ еді.

2003 жылдың 7 мамырында мен қол қойған Қарулы күштердің құрылымын жетілдіру туралы Жарлық Қазақстан Республикасының қорғаныс саласын үйлестіре дамытудың жаңа кезеңінің бастауы болды.

Бас штаб негізінде штаб басшыларының комитеті құрылды. Қарулы күштердің үш түрлі құрылымына көшу жүзеге асырылды – Құрлықтағы әскер, Әуе қорғанысы күштері және Әскери-теңіз күштері. Ұтқыр күштер негізінде Жоғарғы Бас Қолбасшының резервті күші – Аэроұтқыр әскер жасақталды.

Басқаруды оңтайландыра түсу үшін әскери округтер «Батыс», «Шығыс», «Оңтүстік» және «Астана» атты өңірлік қолбасшылықтар болып өзгерді.

Кадр даярлау ісі де сапалы қайта ұйымдастыруды бастан өткерді. Әскери академия негізінде Шортандыда Ұлттық қорғаныс университеті ашылды. Әскери оқу орындары түрлік сипаттарына орай қайта құрылды: Құрлықтағы әскер институты (Алматы), Әуе қорғанысы күштері институты (Ақтөбе), Әскери-теңіз күштері институты (Ақтау).

Қарулы күштер сапындағы өзгерістердің басты бағыты – әскердің кәсібиленуі болды. Жасақтаудың аралас принципіне кезең-кезеңімен көшу басталды. Сержант-кәсіпқойлар институты құрылды.

2005 жылдың маусым айында «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» заң қабылданып, қызметтің жаңа мерзімін белгіледі: мерзімді қызмет әскери қызметшілерге – 12 ай, мерзімді қызмет офицерлерге – 24 ай болды.

2006 жылы Қарулы күштерді дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. 2007 жылы лаңкестер, экстремистер, заңға бағынбайтын бандалық құрамалар тарапынан төнер қауіпке лайықты жауап бере алатын жаңа Әскери доктрина бекітілді.

2011 жылдың ақпан айында Қорғаныс министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде мен: «Әскери құрылымымыздың іргесіне негіз болып қаланған басты қағидалар мен механизмдердің дұрыс таңдап алынғанын өткен жиырма жыл айқын аңғартты», деп, нық жауапкершілікпен мәлімдедім.

Сөйтіп, тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда егемен елдің қорғанысын, қауіпсіздігін және экономикалық мүдделерін сенімді түрде қамтамасыз етуге қажетті барлық құрылымдар қалыптасты. Елдің алаңсыз, бейбіт дамуына қолайлы жағдай туғызатын сенімді қалқан жасалды.

4. ҚИЯҒА ӨРЛЕГЕН ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ӨСІМ

Өрлеу траекториясы және саяси тұрақтылық

Өмірден көрген-түйгеніме, өндіріс басындағы және ел басқарудағы тәжірибеме сүйене келе, мен экономика – халықтың әл-ауқатына, қауіпсіздігіне, ғылым мен мәдениетінің өркендеуіне, тіршіліктің барлық саласына негіз болатын тірек екеніне көз жеткіздім. Сол себепті де, ұлттық экономиканы тұрақты өсу жолына бағыттайтын экономикалық реформаларды жүргізу ісіне бар күш-жігерімді сала кірістім.

Нақты дәлелденген жайт: транзит жағдайында экономикаға емес, саясатқа ерекше көңіл бөлген елдер дамудың даңғыл жолына түсе алған жоқ. Ал мен Қазақстанның маңдайына жан-жақты жетістігі мол, экономикасы өркендеген мемлекет болу бұйыратынына нық сендім.

2003 жылдың желтоқсанында «алдымен экономика – содан кейін саясат» тұжырымы дүниеге келді. Бұл – «саяси өзгерістердің қажет екеніне дау жоқ, бірақ олардың сәтті жүзеге асуы үшін, ең алдымен, тиімді де бәсекелі экономика болуға тиіс» дегенге саятын сөз еді.

Сол уақыттың негізгі экономикалық статистикалық көрсеткіші көңіл көншітерлік еді. Жаңа ғасырдың алғашқы үш жылында ІЖӨ өсімінің жылдық қарқыны 10 проценттен асып түсетін. Бұл 1990 жылдардағы құлдырауды толық еңсеріп шығуға мүмкіндік берді. Егер 1993 жылы жан басына шаққандағы ІЖӨ шамамен 700 доллардан келсе, 2004 жылы ол 2 мың долларға жетті. Бұл көрсеткіш жөнінен Қазақстан еуразиялық кеңістікте екінші орынға шықты. Еліміз барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш бойынша көш басындағы мемлекеттердің қатарына енді.

Қазақстан барысы алға ұмтылды

Өндірістің өсуі экономиканың барлық салаларында да байқалды, инфляция қарқыны бәсеңдеді, ұлттық валюта бағамы тұрақты деңгейде орныға бастады, еліміздің алтын-валюта қоры айтарлықтай дәрежеде то-

лығып жатты. Мұның бәріне сеп болған жайт: біздің негізгі экспорттық байлықтарымыздың – қуат көздерінің, металдың және астықтың әлемдік бағасының һәм жаһандық сұранысының өсуі арқылы Қазақстан дүние нарығына екпіндей енген еді.

Экономикадағы оң үрдістер мемлекеттік бюджеттің ахуалына да тиімді әсерін тигізді. 2003 жылы бюджет кірісі бірінші рет триллион теңгелік межеден асты. Қазақстан ХВҚ қарыздарын мерзімінен бұрын қайтарды. Осыған орай, еліміздің халықаралық беделі едәуір биіктей түсті.

2003 жылдың қарашасында мен кезекті рет Ли Куан Ю мырзамен кездескенімде, осынау тәжірибесі мол шығыс саясаткері мені одан сайын қанаттандырар сөздер айтып еді. «Он жыл ішінде Қазақстан таңғаларлық табысқа жетті, мен мұны тіптен күтпеген едім. Сіздер көршілеріңізден озып кеттіңіздер. Тек олардан ғана емес», – деген-ді ол.

ХВҚ сарапшылары 2004 жылы: «Қазақстанның икемді экономикалық саясаты оның әлемдегі ең шапшаң дамып келе жатқан елдің біріне айналуына мүмкіндік берді», – деп атап өтті.

2004 жылдың қарашасында Қазақстан қаржыгерлерінің Алматыда өткен төртінші конгресінде сөз сөйлеген Бүкіләлемдік банктің президенті Джеймс Вулфенсонның лебізі есіме түседі. Ол Қазақстанның экономикалық жетістіктеріне тәнті екенін сүйсіне айтқан еді. «Бүкіл әлемде экономика жылына 4–5 процентке өссе, Қазақстанда 9 процентке өсіпті, – деп еді ол. – Қазақстандықтардың мақтанатындай да жөні бар. Мен елдеріңіздегі ілгерілеу бағытындағы бағдарламаларды жоғары бағалаймын және перспективалық даму жоспарында табиғи ресурстарға ғана емес, адам ресурсына да сенім арту керектігі жөніндегі Нұрсұлтан Назарбаевтың ойын қолдаймын. Ең басты байлық – халық, сондықтан да адамдардың, әсіресе жас ұрпақтың денсаулығына, тәрбиесіне және біліміне барынша көп көңіл бөлген жөн».

Мұнымен қатар, тағы бір маңызды жайт – Қазақстан мемлекеттік биліктің әлсіреуіне, саяси жүйе тепе-теңдігінің бұзылуына жол берген жоқ. Алға қойылған мақсатты бүкіл деңгейі мүлтіксіз атқарған күшті, жауапты, орталықтандырылған мемлекеттік вертикаль – міне, Қазақстан жетістігінің басты шарты осы.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, инвестициялық цикл, әдетте онжылдықты қамтиды және электоралды циклдарға қарамастан, ұлттық экономиканың орнықтылығын талап етеді. Сондықтан мен тиянақты, дәйекті түрде, бір қадам да кері шегінбестен, экономикалық өрлеу сатысында саяси тұрақтылықты қамтамасыз етер барлық тактикалық іс-әрекеттерге бардым.

Ұлттық қордың құрылуы

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында мемлекеттік қазынаны толтыру мәселесінде қиындықтарға тап болдық, қаражат жағынан қатты тарықтық. Мұғалімдер мен дәрігерлер айлап, жылдап жалақы алмады, сарбаздар құнарсыз тағамды талғажау етті, өндірісі тоқтаған қалалар тырп ете алмай қалды – өте ауыр заман болды. Кез келген отбасы «ертең қиын күн туа қалса...» деп, алдын ала аз-кем қаражат жинайды, ал мемлекет – екібастан солай етуі керек. Сондықтан мен болашақ ұрпақтың табан тірер қоры болуы үшін, өзіндік «қауіпсіздік жастығын» – шикізат секторынан түсетін үстеме кірісті жинақтап отыратын мұнай қорын құру туралы алғаш рет осы кезеңде ойладым.

Идеяны іс жүзіне асыруға біз «Қазақстан-2030» стратегиясының дайындық жұмыстарын жүргізіп жатқанда кірістік.

1998 жылы құлдырап кеткен әлемдік мұнай құнының бюджет пен ұлттық валютаға тигізген әсері Қазақстан мұнай және басқа да экспорттық ресурстар бағасының динамикасын өз мүддесі үшін пайдалануы керек екенін көрсетті. Сөйтіп, мұнай бағасы тағы да шарықтай жөнелгенде мен, көкейге келген ойды кейінге қалдырмастан, мұнай қоры жобасын қолға алу керек деп шештім.

Мен 2000 жылы «Хабар» телеарнасындағы тікелей эфир барысында, «Мұнай қорын қалайда құруымыз қажет. Әлемдегі бағалар мың құбылуы мүмкін, егер мұнай сатудан үстеме кіріс түсіп жатса, үнемі бұлай орайы келе бермейтінін ескеріп, оны ертеңгі қауырт жағдай үшін жинап, сақтап қойғанымыз жөн», – деген шешімімді жарияладым. Кейінірек көзіміз жеткеніндей, бұл дұрыс шешім болды, әлемдік экономика құлдыраған күрделі кезең сынақтарына төтеп беріп, шыдап бағуға мүмкіндік жасады.

Жаңа құрылымды Ұлттық қор деп атадық, бұл атаудың өзі оның халықтың, елдің болашағы үшін зор маңызға ие екенін айқын аңғартты.

Ұлттық қор туралы жарлыққа 2000 жылдың 23 тамызында қол қойылды. Біз Мұнай қорын 1990 жылы-ақ құрып алған Норвегияның сәтті тәжірибесін ескердік. Аталған қордың арқасында, біріншіден, осы бір скандинавиялық мемлекеттің экономикасы бақылауға бой бермей кетуіне ұрынбады, екіншіден, тұрақтандыру қоры құрылды, үшіншіден, жинақталған қаражат болашақ ұрпаққа сақтала берді.

Ұлттық қордың жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында бірінші болып Қазақстанда құрылғанын да атап өткен жөн.

Ұлттық қордың құрылуын жаһандық қаржы ұйымдарының жетекшілері жылы шыраймен қабыл алды. 2002 жылдың желтоқсанында Еуропалық

қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьер Қазақстанда Ұлттық қордың құрылуын «өте көрегендікпен қабылданған шешім» деп мәлімдеді.

Табиғи қазбаларды экспорттаудан алынған түсімдерді жинақтайтын Ұлттық қорды басқару Ұлттық банкке тапсырылды. 2005 жылдың қыркүйегінде мен Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдама-сын бекіттім.

Ұлттық қордың 2000-шы жылдардағы жинақталу динамикасы жоғары болды: 2004 жылдың өзінде шоғырланған қаражат көлемі 5 миллиард доллардан асып кетті, 2005 жылы ол 8 миллиардқа жетті, 2006 жылы – 14 миллиард, ал 2007 жылы – 21 миллиард болды.

Ұлттық қордың құрылуы жас мемлекетіміздің тарихындағы айтарлықтай елеулі шешім еді. Ақырында Ұлттық қор 2007–2009 жылдардағы жаһандық дағдарыс салдарларын еңсеруде аса маңызды рөл атқарды.

Өсімге қажетті инвестициялар

1990-шы жылдардың екінші жартысында мен алдыма үлкен нақты мақсат – Қазақстанды мейлінше қолайлы инвестициялық климатқа ие елге айналдыру мақсатын қойдым. Бұл оңай шаруа болған жоқ, бірақ 2000-шы жылдары-ақ мақсатыма қол жеткіздім. Жұмсалған күш-жігеріміздің нәтижесін шетелдік әріптестер өте жоғары бағалады. 2002 жылы Қазақстан ТМД елдері ішінде бірінші болып тәуелсіз инвестициялық рейтингке ие болды. Бұл елімізде инвестиция салу үшін қолайлы ахуал қалыптасқанын ресми бекемдей түскен жайт еді.

Инвестициялық саясат Шетелдік инвесторлар кеңесі отырыстарында ұдайы талқыланды. Мен салым көлемі мен инвестицияланған жобалардың санын арттыру туралы мәселе көтеріп қана қойған жоқпын, сонымен қатар инвесторлардан салық түсімдерін толық өтеуін, жергілікті жұмыс күшіне басымдық беруін, теңқұқықтық бәсекені ұстануын талап еттім.

2005 жылы Шетелдік инвесторлар кеңесі аясында менің қатысуыммен Каспий өңірі инфрақұрылымын дамыту, жалпы Қазақстан экономикасын индустриаландыру және әртараптандыру мәселелерін нақты арнада талқыға салдық.

Қолайлы ахуалдың қалыптасуы Қазақстан экономикасына шетелден ағылған инвестиция көлемінің арта түсуіне сеп болды. 2000-шы жылдары біздің елге әлемнің қырық шақты мемлекетінің іскерлік құрылымдары өз қаржы ресурстарын салды. Негізгі инвесторлар АҚШ, Нидерланды, Ұлыбритания, Франция, Италия және Швейцарияның компаниялары болды.

Нәтижесінде Қазақстан тікелей шетелдік инвестицияның жан басына шаққандағы көрсеткіші жөнінен жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында айқын көшбасшыға айналды. 1993–2005 жылдар аралығында ғана оның көлемі жан басына шаққанда шамамен 2 мың доллар тікелей шетелдік инвестициядан келді. Бұл үрдіс әрі қарай да сақталды.

Әу бастан-ақ мен ең әуелі шетелдік бизнес тек өздерінің біржақты коммерциялық және қаржылық мүддесін көздеп, Қазақстанның және халқымыздың мүддесін ескермейді, тіпті оған зарарын тигізетін болады деп алаңдаған қазақстандықтардың қаупін сейілтуге күш салдым. Мемлекет өзінің заңдарымен, акциялар пакетімен бәрін өз қолында, бақылауында ұстап отыр – ешкім алаң болмасын деп, отандастарымды толық сендірдім.

Көптеген сарапшылар инвестиция үшін лайықты нысан ретінде Қазақстан еуразиялық қана емес, жаңа нарықтық экономикаға ие шығыс-еуропалық елдердің арасында да жетекші орын алатынын атап өтті. Оның үстіне, Бүкіләлемдік банк Қазақстанды әлемнің инвестиция салуға мейлінше қолайлы жиырма елінің қатарына қосты.

2009 жылдың желтоқсанында Шетелдік инвесторлар кеңесінде «Chevron» корпорациясының вице-президенті Джордж Киркланд: «Қазақстанның сындарлы саясаты, ықпалдаса әрекет етуі өзара қарым-қатынастарды тереңдетудің, шекараларды жойып, жаңа мүмкіндіктер ашудың жарқын мысалы екенін айрықша атап өткім келеді, – деген болатын. Ол – бұл істе Шетелдік инвесторлар кеңесі маңызды рөл атқарады. Біз Қазақстанның кез келген қиындықты жеңе алатынына сенімдіміз. Өз тарапымыздан біз Қазақстанға қажетті технологияларды дамытуға, оның экономикасын әртараптандыруға септігін тигізер жобаларға күш салуға ниеттіміз» деп атап өтті.

Сол сәтте Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Томас Милов маған былай деді: «Қазақстанның тікелей шетелдік инвестицияны көп көлемде тарту жөнінен табысы қомақты-ақ. Республикаларыңызға 90 миллиардтан астам шетелдік капитал құйылды. Қазір дағдарысқа қарамастан, елдеріңіздегі шетелдік инвестиция жайында мәселе талқылап отыруымыздың өзі көп жайттан хабар береді. Қазақстан басшылығы жаһандық рецессия салдарынан арылуға бағытталған батыл қадамдарға барып отыр. Бұл істің нәтижесі разы етпей қоймайды».

Жалпы Тәуелсіздік кезеңінде, 2012 жылға дейін Қазақстан экономикасына 160 миллиард доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция салынды.

2010 жылдан бері экономикамыздың толық айыққанын айғақтайтын жаңа үрдіс байқала бастады – ішкі инвестициялардың көлемі ұлғая түсіп, шетел капиталының салыстырмалы салмағын азайтты. Бұған қоса, 2000-

шы жылдардың алғашқы онжылдығының орта шенінде-ақ Қазақстан бізбен ынтымақтас мемлекеттердің белсенді сыртқы инвесторына айналды. Сөйтіп, еліміз толыққұқықты субъект, белсенді қатысушы ретінде әлемдік шаруашылық және халықаралық қаржы-экономикалық қатынастар жүйесіне толығымен кірігіп кетті.

Шетелдік инвестициялар 2000-шы жылдары Қазақстанның өндіруші салаларын дамытуда маңызды рөл атқарды. Енді Үкімет үшін жаңа сапалы деңгейдегі міндет – өңдеуші салаларға шетелдік инвесторларды лек-легімен тарту үшін қолайлы инвестициялық климат қалыптастыру міндеті бірінші кезекке қойылды.

Индустриалды-инновациялық даму стратегиясы

2000-шы жылдардың басындағы экономикалық өсім мемлекет тізгінін ұстаған басшыларға тарихта бірінші рет ұлттық экономиканың қалыптаса бастаған үлгісіне назар салып, кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік беретіндей саябыр сәт туындатты. Жаһандық экономика дамуының кезеңділігі нарықтағы күрт құлдыраулардың жалғасуына себеп болары айқын аңғарылды. Мен мына жайтты анық түсіндім: бізге тиянақты да теңгерімді дамудың үлгісі керек екен. Ол үшін экономиканың басты трендін түзетіп, оны шикізаттық сипаттан индустриалдық, өңдеушілік бағытқа әртараптандырудың жолын табу қажет еді.

2003 жылдың сәуіріндегі Жолдауымда мен минералды шикізат жаңғыртылмайтын ресурс саналатынын, ал кен орындарының көп ұзамай сарқыллатынын ескерткен болатынмын. Болашақта бұл мәселе экономикалық тәуелсіздігімізден айырылуға апарып соғуы да мүмкін еді.

Жағдайдың осындай сипат алуын болдырмас үшін Үкіметке Қазақстанның Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жасау тапсырылды. 2003 жылдың 20 мамырында Стратегия бекітілді. Ол елдің тұрақты дамуын, ұлттық экономиканың жаңғыру, әртараптану және жоғары бәсекеге қабілетті болу арқылы шикізат бағытынан индустриалды-инновациялық даму тарапына қарай өтуін көздейді.

Стратегия аясында мынадай маңызды міндеттер белгіленді: экономика құрылымын өзгерту және шикізаттық емес экспортты ұлғайту, еңбек өнімділігін арттыру және энергияның жұмсалуын азайту, индустриалды дамуды кадрлармен қамтамасыз ету; қаржы жүйесінің мығымдығы, отандық өндірушілер үшін қолайлы кәсіпкерлік климат пен инфрақұрылым қалыптастыру, өнеркәсіп пен ғылыми-техникалық саланы

өзара байланыстыру, мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру.

Үкіметтің есебі көрсеткеніндей, Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыра келе, Қазақстан ІЖӨ көлемін 3,5 есеге ұлғайтуға толық мүмкіндік алады. Осыған байланысты 2003 жылдың желтоқсанында, Тәуелсіздіктің 12 жылдығына арналған салтанатты жиында мен алда бізді орасан зор жұмыс, ал Үкіметті нағыз сынақ күтіп тұрғанын ашық айттым.

Даму институттары мен құрылымдары

Индустриалды-инновациялық даму стратегиясы шикізат экономикасынан әртараптандырылған экономикаға көшудің алгоритмін анықтады.

«Даму стратегиясын» жүзеге асырудың негізгі құралы мемлекеттік даму институттары – «Қазақстан даму банкі», «Қазақстан инвестициялық қоры» және «Экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» болды. Олардың инвестициялық жобаларды несиелеу үшін, сондай-ақ құрылған кәсіпорындардың жарғылық капитал жинақтауына қатысу үшін қаржы ресурстары жеткілікті еді. 2003–2006 жылдары даму институттары инфрақұрылым және өңдеу өнеркәсібі салаларында жалпы құны 2,1 миллиард доллар болатын жүзден астам жобаны қаржыландырды.

Қазақстанда жаңа өндірістер, тіпті тұтас салалар пайда бола бастады. 2003 жылы Өскемендегі «Азия-Авто» автоқұрастыру кәсіпорнында «Нива» автокөлігін шығару процесі басталды, ал 2005 жылдан бастап «Skoda» автокөліктерін құрастыру іске қосылды. 2005 жылдың тамыз айында Көкшетауда «КамАз Инжиниринг» бірлескен кәсіпорнында «КамАз» жүк көліктерін шығару басталды. 2007 жылдың желтоқсанында Павлодарда екі зауыт ашылды, олар – республикамызда алғашқы болып алюминий өндіруді бастаған «Қазақстан электролиз зауыты» және мұнай-газ саласы үшін болат құбырлар шығаратын еліміздегі тұңғыш «KSP Steel» зауыты.

220

Он экономикалық аймақ, атап айтқанда «Астана – жаңа қала» (құрылыс, локомотив құрастыру, авиация және химия өнеркәсібі), «Ақтау теңіз порты» (металлургия, жеңіл және химия өнеркәсібі), Алматыдағы «Ақпараттық технологиялар паркі» (аспап жасау), Шымкенттегі «Оңтүстік» (жеңіл және тоқыма өнеркәсібі), Атырау облысындағы «Ұлттық мұнай-химия технопаркi», «Бурабай» (туризм), «Павлодар» (химия және мұнай химиясы), Қарағандыдағы «Сарыарқа» (металлургия және машина жасау), «Қорғас – Шығыс

қақпасы» (логистика), «Тараз химия паркі» – даму инфрақұрылымының маңызды элементтеріне айналды.

Арнайы экономикалық аймақтар экономикалық өсімнің, инвестициялар мен технологияларды айрықша қарқынмен тарта түсудің, бәсекеге қабілетті өндірістер ашудың өзіндік көзі ретінде қызмет етті. Олар қалалардың, өңірлердің және жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің дамуына септігін тигізді.

2006 жыл Қазақстан экономикасында мемлекеттік активтерді басқаруды орталықтандырумен ерекшеленген жыл болды. Мемлекеттік активтерді бірлесе басқарудың сапасын жақсарту үшін «Самұрық» ұлттық холдинг компаниясы құрылды. Оған мұнай өндіру, құбыр желісі, байланыс, машина жасау, энергетика, авиация, теміржол секілді мемлекет үшін өмірлік маңызы бар салалардан үш жүзден астам компания кірді.

Мемлекеттік холдингтер құру – дүниежүзілік қолданыста бар, жалпыға ортақ үрдіс. Ұлттық басқару холдингін құру идеясын мен алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибелерді зерттеу негізінде ұсындым. 2003 жылы Сингапурге барған сапарымда мен жергілікті ірі компанияларды басқаратын «Темасек» холдингінің қызметімен танысқан едім. Малайзияның «Казанах» холдингі де тура солай жұмыс істейді екен.

Сол 2006 жылы мемлекеттік «Қазына» тұрақты даму қоры (ТДҚ) құрылып, оның құрамына бұрын ашылған даму институттары кірді. Оларды біріктіру аталған құрылымдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға деген қажеттіліктен туындаған болатын. Бұл шаралар өзінің барынша тиімділігін бірден дәлелдеді, келесі жылдың өзінде-ақ ұлттық «өнеркәсіп көшбасшыларын» өсіріп-жетілдіру механизмі жасалды.

Жүргізілген реформалардың нәтижесінде Қазақстанға жоғары технологиялы ірі макрожобалар енгізіле бастады, олар елдің ресурстары мен экономикалық қуатын бір бағытқа шоғырландырып, экспорт пен өнеркәсіп құрылымын біртіндеп өзгерте берді.

Қаржы секторының дамуы

221

2000-шы жылдардың басында Ұлттық банк жауапкершілігінің аясы кеңейіп, рөлі арта түсті. Оның құзырына сақтандыру және банктік бақылау, құнды қағаздар нарығын қадағалау және жинақтаушы зейнетақы қорларын басқару функциялары топтастырылды.

2001 жылдан бері макроэкономикалық тұрақтылық жағдайында Ұлттық Банк ақша-несие саясатының бағыт-бағдарын алдын ала үш жылға

айқындап қоятын болды. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, 2003 жылы Ұлттық банктің кейбір өкілеттіктерін өз құзырына алған Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау жөніндегі агенттік құрылды. Осының бәрі ұлттық қаржы жүйесінің тиянақты жұмыс істеуіне және отандық банктердің серпінді дамуына қозғау салды.

2005 жылы Ұлттық банктің сақтық қоры 7 миллиард доллардан асты (1993 жылы теңге айналымға алғаш шыққан кезде ол 452 миллион доллар еді). 2000–2007 жылдары банк секторы республикамыздағы қаржы жүйесінің ең ірі және шапшаң дамып келе жатқан сегменті саналды. 2003 жылдан бастап отандық коммерциялық банктер қаржы есебін берудің халықаралық стандарттарына көшті.

Осы кезеңде экономиканы несиелеу банктер үшін басты басымдыққа айналды. 2006 жылы екінші деңгейлі банктердің жиынтық несие қоржындары 3 триллион теңгеден асып кетті (1996 жылы бұл көлем 60 миллиард теңгені құраған-ды). Елімізде екінші деңгейлі 34 банк жұмыс істеді, соның ішінде Қазақстан бейрезиденттерінің тоғыз еншілес банкін қоса алғанда, шетелге қатысы бар 14 банк болды. Жалпы несие қоржынындағы орта және ұзақ мерзімді қарыздардың үлесі үнемі өсе берді. Екінші деңгейлі банктердегі халық депозиттері жылдам қарқынмен ұлғая түсті. Жан басына шаққандағы салым мөлшері жөнінен Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында ұдайы екінші орын алып отырды.

Қазақстанның банк секторы ТМД елдері арасында ең үздік нәтижелер көрсетті. 2000-шы жылдардың ортасында бұл жетістікті халықаралық ұйымдар мен рейтинг агенттіктері ресми түрде мойындаған болатын.

2000-шы жылдардың басында төлем жүйелері шапшаң дами бастады. Қазақстан толықтай дерлік төлемнің электронды тәсіліне көшті, мұның өзі аталған процестің атқарылу уақытын он күннен екі сағатқа дейін жылдамдатты. 2003 жылдан бастап халықаралық төлем карталарымен есеп айырысуға мүмкіндік туды. Он шақты жыл шамасында айналымдағы төлем карталарының саны 9 миллионға дейін өсті. Мұндай картаға зейнеткер мен студенттен бастап, әрбір қазақстандық ие болды десек, артық емес. Төлем жүйелерінің дамуы ұлттық қаржы инфрақұрылымының жетіле түскенін көрсетті.

Капитал мен мүлікті заңдастыру

2000-шы жылдардағы экономиканың дамуын ынталандыруға бағытталған аса маңызды қадам ретінде азаматтардың капиталы мен мүлкін

заңдастыруды атап өтуге болады. Басқа да жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі сияқты, заңнамалық базаның әлсіздігі мен тез байып кетуге деген ұмтылыс 1990-шы жылдары кәсіпкерлердің едәуір бөлігінің өз жұмыстарын салық төлеместен, тиісті заңдық рәсімдеусіз жүргізуіне апарып соқты. Сарапшылардың бағалауынша, сол кезеңде Қазақстанда экономиканың тұтас көлемінің шамамен ширек бөлігі көлеңкелі секторға тиесілі болды. 2000-шы жылдардың басында капиталды «көлеңкеден» алып шығып, экономикалық айналымға қайта оралту үшін қолайлы жағдай туғызу қажет еді. Мұны жүзеге асырудың бірден-бір қисынды тәсілі – қаржы рақымшылығы болатын. Әр жылдары мұндай рақымшылықтар Швейцарияда, Францияда, Ирландияда, Мексикада, Аргентинада, Үндістанда, Қытайда және тағы басқа елдерде жасалып, оң нәтиже бергені белгілі.

Қаржы рақымшылығы туралы заң 2001 жылдың сәуірінде күшіне енді. Заңдастыру механизмі қарапайым да ұғынықты еді. Азамат ақшасын банктегі арнайы шотқа аударып немесе есепке қойып, сол әрекетін айғақтайтын құжатқа ие болды. Заңдастырудың отыз күндік мерзімінен кейін ол өз ақшасына еркін иелік етуге мүмкіндік алды.

Берілген мүмкіндікті шамамен үш мыңдай адам пайдаланды. 70 миллиард теңгеден астам қаржы арнайы шоттарға есепке қойылды. Осынша қаражаттың 88 проценті қолма-қол енгізілген, ал қалған бөлігі – шетелдік банктердегі шоттардан аударылған.

Қазақстандағы қаржы рақымшылығы еуразиялық кеңістіктегі елеулі құбылыс болды. Заңдастырылған капитал елдің дамуына жұмыс істей бастады. Мұның тағы бір нәтижесі – салық төлеушілердің саны арта түсті, демек бюджет түсімдерінің ауқымы да ұлғая берді.

Капитал рақымшылығының заңды жалғасы мүлікті заңдастыру болды. 2000-шы жылдардың бірінші жартысында жылжымайтын мүлік саласындағы тіркелмеген мүліктің үлесі 30 процентті құрайтын еді. Рәсімделмеген мүліктің едәуір бөлігі ауыл халқына тиесілі болатын. Бірінші кезекте бұл кеңшарлар мен ұжымшарларды жекешелендіру барысында фермерлердің үлесіне тиген ауыл шаруашылығы техникаларына қатысты жайт.

Қазақстан Республикасының «Мүлікті заңдастыруға байланысты рақымшылық мәселелері туралы» Заңы 2006 жылғы шілденің басында шықты. Қаржы рақымшылығы кезінде басты назарға алынған ұстанымдар мүлікті заңдастыру барысында да қолданылды. Мүлікті заңдастыру оны иелену құқығын нақты қожайындарына табыстауға мүмкіндік берді. Енді олар ол мүлікті, мәселен, несиені қамсыздандыру ретінде пайдалана алатын болды, мұның өзі кәсіпкерлік қызметтің дамуына ықпал жасады.

Бизнесті қорғау – басым бағыт

Кәсіпкерлікті дамыту әу бастан-ақ экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болған-ды. 2000-шы жылдардағы кезең мемлекет тарапынан нақты қолдауды сезінген отандық кәсіпкерлер үшін айрықша маңызға ие еді.

Мемлекет бизнес үшін салық ауыртпалығын жеңілдетуге мақсатты түрде барды. 2001 жылдың шілдесінен бастап қосымша құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесі 20-дан 16 процентке, әлеуметтік салықтыкі – 26-дан 21 процентке азайтылды. 2002 жылдан бастап жаңа, әлдеқайда озық сипаттағы Салық кодексі қолданысқа енді.

2006 жылғы Жолдауымда мен 2007 жылдың қаңтарынан бастап ҚҚС көлемін 14 процентке дейін төмендету, сондай-ақ шағын және орта бизнеске салық салудың бірыңғай мөлшерлемесін азайту (әр тоқсанға 3 процент) міндеттерін алға қойдым. Бұдан бөлек, 2008 жылдың қаңтарынан бастап әлеуметтік салықтың мөлшерлемесі 13 процентке төмендетілді. Салық климатын жеңілдетуге бағытталған бұл шаралардың бәрі – басқа ТМД елдерінде қолданылатын шағын және орта бизнеске салық салу тәсілдерінен анағұрлым тиімді еді.

Сонымен бірге, кәсіпкерлер тап болатын көптеген қиындықтардың сипатынан да толық хабарым бар-ды, ол жөнінде 2000 жылдың қазан айындағы Кәсіпкерлер форумында сөйлеген сөзімде айтқан да болатынмын. Мен кәсіпкерлердің үнемі алдынан шығып отыратын, көп жағдайда парақорлыққа, билігін асыра пайдаланушылыққа қатысы бар талай кедергілер туралы жақсы білемін. Осыған орай, мемлекеттік органдардың барлық өкілдерінен шағын және орта бизнеске деген көзқарасты түбегейлі өзгертулерін талап еттім. Менің бастамаммен, 2003 жылдың қаңтарынан қазан айына дейін тексерулерге арнайы мораторий жарияланды. Бұл шара кәсіпкерлердің еркін тыныс алып, өз шаруасына көбірек уақыт бөлуіне мүмкіндік берді. Бұдан бөлек, 2003 жылдың желтоқсанында Бас прокуратура «заң бұзушылық анықталған жағдайларда» бақылау және қадағалау органдарының тексеру жүргізуін қабыл алмау құқығына ие болды. Қолға алынған осы шаралардың нәтижесінде 2004–2007 жылдары заңсыз тексерулердің саны 3,5 есе азайды.

2006 жылдың қаңтарында «Жеке кәсіпкерлік туралы» заң қабылданып, жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерудің тәртібін белгіледі. Осы жылдың наурыз айында қазақстандықтардың жеке бастамашылдығын еркін жүзеге асыруына жағдай жасалғанын, кәсіпкерлердің тек оны тиімді пайдалана білуі керектігін толық сеніммен мәлімдеуіме мүмкіндік туды. Мыңдаған қазақстандық бұл ұранға үн қосты.

2008 жылдың ақпанында халыққа арнаған Жолдауымда бизнеске түсетін әкімшілік салмақ мәселесіне қайта оралып соғуыма тура келді, өйткені алуан түрлі тексерулер ақылға сыятын шектен асып түсіп, экономика мен жеке кәсіпкерлік үшін нағыз апатты ахуалға айнала бастады. Мұндай бей-берекет тексерулердің менің саясатыма қайшы екенін ашық айтып, Үкіметке оларды қысқарту туралы тапсырма бердім.

Шағын және орта бизнесті тексеруге тағы да мораторий жарияланып, ол 2009 жылдың шілде айына дейін созылды. Сол 2009 жылы Үкіметке бизнеске тексеру жүргізудің барлық рәсімдерін реттеу жүктелді. Ауқымды жұмыс атқарылды, ақыры 2011 жылдың қаңтарында «Мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» заң күшіне енді.

Кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау саясаты ел үшін атқарылған игілікті іс болып шықты. Шағын және орта бизнесте жұмыс істейтін халықтың үлесі ұдайы өсе түсті де, 2011 жылы 29 процентке жетті. 2012 жылы жеке кәсіпкерлік 2,5 миллион қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз етті.

Көлік инфрақұрылымы: қарқынды қадамдар

Көлік жолдары – еліміздің бүкіл әлеуметтік-экономикалық ағзасының нағыз қан тамырлары секілді. Кең-байтақ құрлықтық ел ретінде Қазақстан тек жақсы жолға қойылған ішкі және сыртқы көлік байланысы болғанда ғана қарқынды дами алады – мұны мен сонау тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында-ақ айқын ұғынып, көкейіме түйгенмін.

2000-шы жылдардың басындағы экономикалық өсім инфрақұрылымды дамыту қажеттілігін алдыңғы лекке шығарды. Мемлекет алдында үш міндет тұрды: ел ішіндегі автожолдар желісін дамыту, теңіз порттарына шығу мүмкіндігін табу, халықаралық көлік дәліздерін жасау.

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанның жекелеген өңірлері арасындағы теміржол қатынасы қиын жағдайда қалды. Соған орай, еліміз бірінші кезекте ішкі жүк және жолаушылар тасымалының кешенді жүйесін жөнге келтіруі керек болды.

Мүмкіндік тууына қарай, ең алдымен, жаңа теміржол желісін салу ісі қолға алынды. 2001 жылы Ақсу (Павлодар облысы) – Дегелең (Шығыс Қазақстан облысы) темір жолының құрылысы аяқталды, нәтижесінде Павлодардан Семейге дейінгі жол 1,6 мың шақырымға қысқарды. 2001–2003 жылдары Қазақстанның солтүстігін елдің батыс өңірімен байланыстырған Хромтау (Ақтөбе облысы) – Алтынсарин (Қостанай облысы) темір жолы салынды.

2005–2008 жылдары Шығыс Қазақстанның әкімшілік орталығын еліміздің темір жол желісімен тікелей жалғайтын Өскемен – Шар теміржол магистралінің құрылысы жүргізілді. 2009–2012 жылдары Қорғас – Жетіген (Алматы облысы) жаңа теміржол желісі іске қосылып, Қытаймен шекараға шығатын екінші бағытымызға айналды.

Жаңа теміржолдар Қазақстанның өз ішінде де, транзит мәселесінде де ара қашықтықты, уақытты, тасымал шығынын едәуір қысқартты.

2001 жылы Автожол саласын дамытудың 2001–2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. 15 мың шақырым жол қайта қалпына келтірілді. Ертіс және Жайық өзендері үстіне салынған жаңа көпірлер, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Бағыс – Атамекен және Қызыләскер – Асықата автожолдары инфрақұрылымның ірі жаңа нысандары болды, аса маңызды Астана – Алматы автомагистралі қайта қалпына келтірілді. 2009 жылдың қарашасында Қазақстандағы алғашқы Астана – Бурабай автобаны ашылды.

Қазақстан мен Қытайдың 2004 жылғы келісімі бойынша құрылған Шекара бойындағы ынтымақтастықтың «Қорғас» халықаралық орталығы Шығыс Азияға ашылған қақпа іспетті болды. Қазақстан – Қытай шекарасындағы «Достық – Алашанькоу» және «Қорғас», сондай-ақ Түрікменстан мен Иран арасындағы «Серахс-Мешхед» шекаралық теміржол өткелдері жаңа транзиттік дәліздердегі өзара қатынасты едәуір күшейтті.

Ақтау халықаралық теңіз портын қайта қалпына келтіру Қазақстанның Каспий теңізі арқылы халықаралық көлік маршруттарына қосылуына мүмкіндік берді. Бұл кезеңде Қазақстан көлік саласындағы екі стратегиялық мақсатқа қол жеткізді: Каспий және сол арқылы жанама түрде – Қара теңіз-Жерорта теңізі және Балтық бассейндеріндегі, Парсы шығанағы мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы порттарға тура жол ашылды, сондай-ақ ірі ауқымдағы транзит жүк ағыны үшін қолайлы жағдай жасалды.

2000-шы жылдардың орта шенінде Қазақстан Каспий және Қара теңіз аралығында кеме жүзетін «Еуразия» каналы құрылысының жобасын ұсынды.

Азаматтық авиация саласында 2000-шы жылдары Астанада, Алматыда және Атырауда транзитті хаб-әуежайларды дамыту басым бағытқа айналды. Сонымен бір мезетте облыстық әуежайларды қайта қалпына келтіру жұмысы да жүргізіле берді.

2001 жылы британдық BAE Systems компаниясымен бірлесіп, жаңа ұлттық әуе тасымалдаушы – Air Astana әуе компаниясын құру туралы ойдың нағыз көреген шешім болғанына кейінірек көз жетті. Сол уақытта «Эйр Қазақстан» әуе компаниясы менеджментіндегі дағдарыс бүкіл отандық авиациядан айырылуға апарып соғуы мүмкін еді. Егер жаңа компания құрыл-

мағанда, біз қазір мүлде авиациясыз отырған болар едік. Air Astana-ны іске қосу өзін-өзі толық ақтады – 2000-шы жылдардың ортасынан бері қарай бұл компания елдегі әуе жолаушыларының негізгі ағынын қамтамасыз етті және Орталық Азия, Шығыс Еуропа, ТМД елдері әуе тасымалдаушыларының рейтингінде алдыңғы орындарды иеленіп жүрді.

2006 жылы ұлттық көлік жүйесін еуразиялық көлік дәліздеріне кіріктіруді басым бағыт етіп белгілеген 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясы қабылданды. Сонымен бірге Қазақстанның халықаралық сауда ағындарына енуі ел өңірлерін дамытумен жүйелі үйлестіріліп отырды.

Құбырлар қуаты: өзара тиімді саясат

Әлемдік мұхитқа тура шығатын жолдың болмауы Қазақстан үшін экспорттық құбыр желілері инфрақұрылымын құрудың маңызын арттыра түсті.

1990-шы жылдары Қазақстан мұнайын сыртқы нарыққа шығаратын жалғыз құбыр желісі «Өзен – Атырау – Самара» тармағы еді, оның өзі еліміздің ұлғайып келе жатқан мұнай саласының экспорттық қажеттіліктерін еш қанағаттандыра алмайтын. Егер 2000 жылы елімізде 35 миллион тонна мұнай өндірілген болса, оның 11 миллион тоннасы ғана өңделген еді. Мұнайдың едәуір бөлігін Қазақстан теміржол желісі арқылы тасымалдауға мәжбүр болды.

Мұнай өндіру көлемінің ұлғая түсуін ескере келгенде, жаңа құбыр желілерін тарту жөнінде көрші мемлекеттермен келісімге келу Қазақстан үшін алдыңғы кезектегі аса маңызды міндетке айналды.

Қазақстан мұнайын Ресей аумағы арқылы Қара теңіз жағалауына жеткізуге мүмкіндік берген «Теңіз – Новороссийск» (Каспий құбыр желісі консорциумы, КҚК) құбыр желісін салу туралы Қазақстан – Ресей келіссөздері төрт жылдан астам уақытқа созылды. Ресей тарапымен болған бұл келіссөздер жөнінде арнайы үлкен кітап жазуға болады. Ақыр соңында, Қазақстан үшін маңызы аса жоғары бұл мәселе оң шешімін тапты.

«Теңіз – Новороссийск» құбыр желісінің құрылысы 1999 жылы басталды, ал 2001 жылы оның жылына 28 миллион тонна мұнай өңдеу қуатына ие алғашқы кезегі іске қосылды. 2001 жылдың 13 қазанында КҚК-ның Новороссийск түбіндегі теңіз терминалында Қазақстан мұнайы тиелген алғашқы танкер жолға шықты. Теңіздің телегей мұнайы экспортқа шықты. 2011 жылдың шілдесінде Атырауда КҚК-ны кеңейтуге арналған құрылыс жұмыстары басталды.

Қазақстан мұнайын экспорттаудың тағы бір маңызды бағыты – Қытай Халық Республикасы болды. Бұл бағыттағы келіссөздер де бірнеше жылға созылып, ақырында 2004 жылдың мамырында менің Бейжіңге жасаған сапарымның нәтижесінде сәтті аяқталды.

Сол жылдың қыркүйек айында Қарағанды облысында «Атасу – Алашанькоу» құбыр желісінің құрылысы басталды. Бұл құбырды Теңіз мұнайымен ұштастыру үшін Батыс өңірден Орталық Қазақстанға, одан әрі Атасуға баратын «Теңіз – Кеңқияқ – Құмкөл» құбыр желісі салынды. Қазақстаннан Қытайға алғашқы мұнай «Атасу – Алашанькоу» экспортты құбыр желісі арқылы 2006 жылдың мамырында жөнелтілді.

Екі жоба да – КҚК да, «Атасу – Алашанькоу» да – егемен Қазақстанның дәйектілікпен жүргізген сындарлы сыртқы саясатының орасан зор табысы еді. Әу бастағы қиындықтардың бәрі артта қалды, енді ХХІ ғасырда бұл құбыр желілері Қазақстанның, Ресейдің, Қытайдың мүддесіне қызмет етіп келеді және қызмет ете беретін болады.

2003 жылы Каспий қайраңын игеру бағдарламасы қабылданды. Оны жүзеге асырған жағдайда Қазақстан энергия ресурстарының экспорттық тасымалын ондаған жылдар бойы арттырып отыру мүмкіндігіне ие болады, сол арқылы халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етеді, индустриаландыруды, ауыл шаруашылығын және әлеуметтік саланы қаржы-қаражатпен қолдап-қуаттайды.

2009 жылдың 14 желтоқсанында аса маңызды оқиға болды: Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Қытай басшылары Орталық Азия газының әлемдік нарыққа барар жолын әртараптандыруға мүмкіндік берген, жалпы ұзындығы 7 мың шақырымға созылатын жаңа «Түрікменстан – Қытай» трансұлттық газ құбырын ашты.

Ақпараттық магистраль

228

2000-шы жылдары ақпараттық коммуникациялардың серпінді дамуы экономикаға және тұрмыс сапасының жақсаруына едәуір септігін тигізді. Мемлекеттік басқаруда, экономика және қаржы нарығында, мәдениет пен әлеуметтік салада ең алдыңғы қатарлы ақпараттық технологиялар қарқынды түрде енгізіліп жатты.

1990-шы жылдардың соңында-ақ Қазақстан аумағы арқылы транзит жолымен Майндағы Франкфурттан (Германия) Шанхайға (Қытай) халықаралық Транс-Азия-Еуропалық оптикалық-талшықты байланыс желісі тартылды. Бұл жоба Қазақстан ішінде де магистральдар желісін жасауға тың серпін берді.

2001 жылдан 2008 жылға дейін Қазақстанда ұзындығы 11 мың шақырымға созылған, еліміздің 14 ірі қаласын және 100-ден астам шағын қалаларын, аудан орталықтарын, кенттерді қалааралық және халықаралық сапалы сандық байланыспен қамтамасыз еткен оптикалық-талшықты Ұлттық ақпараттық супермагистралінің құрылысы кезең-кезеңімен жүргізілді. Осылайша, байланыстың жаңа сапасына қол жеткізілді.

2000-шы жылдары Қазақстан Орталық Азия өңірінде және жалпы алғанда, Еуразияда маңызды транзиттік торапқа айналды, әлемдік ақпараттық кеңістікке ойдағыдай кірігіп кетті.

2010-шы жылдардың басында Қазақстан аумағы арқылы Майндағы Франкфурттан Гонконгқа ұзындығы 8,7 мың шақырымға созылатын DREAM (Diverse Route for European and Asian Markets) трансқұрлықтық оптикалық-талшықты магистралі жүргізілді.

Жер реформасы: жерге жекеменшік институтын енгізу

Аграрлық секторда 2000-шы жылдарға қарай өнімнің 99 пайызын жеке кәсіпорындар шығарып жүрді. Кеңшарларды жекешелендіру және ұжымшарларды реформалау аяқталғаннан кейін жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны он есе өсті: 2000 жылы елде 70 мыңнан астам шаруа қожалығы және 1,6 мың өндірістік кооператив болды.

Ауыл шаруашылығына инвестиция тарту, ауыл тұрғындарының экономикалық ахуалын түзеу үшін жерге жекеменшік мәселесін түбегейлі шешіп алу керек еді. 2001 жылдың қаңтарында қабылданған «Жер туралы» «мәмілелік» заң белгілеген ауыл шаруашылығы жерлерінің беймәлім мәртебесі бұл салада біраз жағымсыз жағдайлар туындатты. Жерді пайдаланушылар көбінесе салықтан жалтарып, бақылауға көнбеді, біраз жерлер әбден тозғанша пайдаланылған, ал біразы қараусыз қалған еді.

Осыны жақсы білгендіктен, 2002 жылдың сәуіріндегі халыққа Жолдауымда, мен жер реформасы туралы мәселені төтесінен қойдым. Жер туралы заңның елімізді өркениетті нарыққа бастамағанын, егер бәріміз қателік жіберген болсақ, оны түзеуден де қашпау керек екенін ашық мәлімдедім. Жерге жекеменшік құқығы – ең алдымен, диқанның өз жерін ешкімнің тартып ала алмайтынына сенімділігі екені де атап өтілді. Жерді меншіктену оны игеруге деген ынта-жігерді арттырады. Менің берік ұстанымым бойынша, толассыз айтыс-тартысты тоқтатып, алға батыл қадам жасайтын уақыт туған болатын. Мен Үкіметке жерді жекеменшікке беруді көздейтін заң жобасын Парламентке ұсынуды тапсырдым.

Жер кодексі Мәжілісте бірнеше ай талқыланды. Жер мәселесі Парламент пен Үкімет арасындағы текетіреске себеп болды. Депутаттар үкіметтік нұсқаға қайшы келетін көптеген түзетулер енгізді. Сол кезде, 2003 жылдың мамыр айында Премьер-Министр И. Тасмағамбетов Үкіметке сенім білдіру мәселесін күн тәртібіне қойды. Палаталардың біріккен отырыстарында депутаттар Үкіметке сенім білдірді, ал бұл Жер кодексінің үкіметтік нұсқасының қабылданғанын айғақтады. Алайда билік тармақтары арасында ешқандай бітім белгісі білінген жоқ. Соның салдарынан Үкімет отставкаға кетті.

2003 жылдың 20 маусымында мен ауыл шаруашылығы жерлеріне жекеменшік институтын енгізетін Жер кодексіне қол қойдым.

Ауыл тұрғындары ауыл шаруашылығына арналған 156 мың гектар жерді жекеменшігіне сатып ала алды. Нәтижесінде содан кейінгі үш жыл ішінде ауылға салынған инвестиция көлемі жиырма есе артты. Бұған қоса, бір теңге мемлекеттік инвестицияға бес теңге жеке капиталдан келді. Біздің жер мәселесіндегі парасатты табандылығымыз ақыры оң нәтижелерге ұласты.

Ауыл шаруашылығының еңсе көтеруі

2000-шы жылдары мемлекеттік аграрлық саясатты жүзеге асыру қарқынды жүре бастады, ал бұл белсенділік ауыл шаруашылығындағы нақты ахуалдың біртіндеп жақсара түсуіне алып келді.

Жаңа онжылдықтың алғашқы жылдарында-ақ Қазақстандағы ауыл шаруашылығының өсімі орта есеппен 8 проценттен асты. Бұл Шығыс Еуропа және ТМД елдерінің арасындағы ең үздік өсім еді. 2003 жылы астық ору 1991 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге өссе, күнбағыс – 3 есе, шитті мақта – үштен бір бөлігінен астам арта түсті.

Ауыл шаруашылығына және ауыл тұрғындарына қолдау көрсету үшін мен 2003–2005 жылдарды ауылды өркендету жылдары деп жарияладым. Қаражаттың едәуір бөлігі ауыл инфрақұрылымына және әлеуметтік салаға бағытталды. Мемлекеттің көмегіне сүйене отырып, ауыл шаруашылығы дағдарыс құрсауынан шықты және қалыпты нарықтық даму жағдайына көшті.

Қазақстан жедел қарқынмен әлемдегі ең ірі астық өндірушілердің қатарына ене бастады. Бұған Қазақстан бидайының басым бөлігі сапасы жөнінен бидайдың «Қара теңіз» аталатын стандартты сортынан әлдеқайда артық екені себеп болды. 2007 жылы Қазақстан әлемде бидай экспорттаудан – жетінші орын, бидай ұнын экспорттаудан бірінші орын алып, бұл саладағы көрсеткіштері жөнінен Түркияны артта қалдырды. Қазақстан ұнын

негізгі тұтынушылар – Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Ауғанстан. Сарапшылардың есептеуіне қарағанда, Өзбекстандағы әрбір бесінші, ал Тәжікстандағы әрбір екінші нан қазақ бидайынан пісіріледі екен.

Әлемдік нарықта Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс арта түсті. Диқандар жаңа дақылдар өсіруді игере бастады. Күнбағыс майының, терінің және жүннің экспортқа шығарылуы өсе берді. Мал шаруашылығының дамуында да өрлеу байқалды. 2007 жылы жалпы өсімдіктен және малдан алынатын өнімдерді экспорттау 2004 жылмен салыстырғанда 2,5–3 есе өсті.

Қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсаруы ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныстың артуына сеп болды. Агроөнеркәсіптік кешенге салынған инвестиция үш есе ұлғайды. Мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылды.

Агроөнеркәсіптік кешенді тиімді басқару үшін 2006 жылы «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингі құрылды. 2007 жылғы Жолдауда мен «ҚазАгроның» негізгі міндеттері – ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілік деңгейін және өнімділігін жүйелі түрде көтеру, экспорттық әлеуеті бар өндірістерді қаржыландыру екенін атап көрсеткенмін.

Үкімет үнемі қазақстандық аграршылардың есіне мынаны салып отырды: Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) енуіміз отандық ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті болуын қатаң талап ететіні сөзсіз. Бұған алдын ала дайын болған жөн.

Агроөнеркәсіптік кешен ақырында өзінің орасан зор әлеуетін толығымен жүзеге асыра алды: 2000-шы жылдардың ортасына қарай экспортқа шығарылған ауыл шаруашылығы өнімдері импорттан 35 процентке асып түсті.

2000–2007 жылдардағы экономикалық өсім: Қазақстан феномені

XXI ғасырдың басы Қазақстан экономикасының шапшаң өрлеу кезеңі болды. Бұған біздің жүйелі экономикалық реформаларды, кең ауқымды жекешелендіру процесін кідіріссіз жүргізудің жан-жақты ойластырылған батыл бағдарын таңдауымыз, кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ әлемдік нарықтағы қолайлы конъюнктура сеп болған еді.

2000–2007 жылдары Қазақстан экономикасы өркендей түсті, өз әлеуетін қалпына келтірді және тұрақты өсудің бұрын-соңды қол жеткізілмеген жоғары шегіне көтерілді. Мұндай оң өзгерістерге экспорттың едәуір

ұлғаюы, инвестиция және өнеркәсіп өсімінің жоғары қарқыны да аз ықпалын тигізген жоқ.

Қазақстан – жаңа ғасырдың бірінші онжылдығының ортасында әлемдегі ең серпінді дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі болды. Сол жылдары Қазақстандағы ІЖӨ-нің жылдық өсімі 9–10 процентке жеткен еді. Көптеген көрсеткіштер бойынша еліміз жаңа тәуелсіз мемлекеттерді басып озды, ал шетелдік инвестициялар көлемі мен ІЖӨ өсу қарқыны жөнінен әлемдік көшбасшылардың қатарына қосылды. 2007 жылы Қазақстан табыстың орташа деңгейі және жан басына шаққандағы ІЖӨ мөлшері жөнінен көш басындағы мемлекеттердің тобына еніп, әлемдік рейтингте 211 елдің ішінде 88-ші орынға көтерілді. Қазақстанның инвестиция салуға барынша қолайлы әлемдегі үздік 25 елдің тобына қосылуы да осы кезеңде болған еді.

2000-шы жылдары экономиканың дамуы жұрт күткендегіден де жоғары қарқында жүрді. 2008 жылда-ақ, мерзімінен екі жыл бұрын, 2000 жылғы деңгеймен салыстырғанда ІЖӨ екі есеге ұлғайды. Бұл, бейнелеп айтқанда, бәріміз тағы бір Қазақстан жасап шықтық дегенді білдіреді.

Бұдан бөлек, үш-ақ жыл ішінде, 2005 жылдан 2007 жылға дейін, Қазақстан жан басына шаққандағы ІЖӨ-ні екі еселеді; 2007 жылы осынау маңызды көрсеткіш 7 мың доллардан асты. Егер 1990-шы жылдардың орта шенімен салыстырсақ, бұл көрсеткіштің ондаған есе өскенін көреміз.

Халықтың еселі еңбегімен және әлемдегі қолайлы конъюнктурамен бекемделе түскен біздің экономикалық бағдарымыз тамаша нәтиже берді.

Ол жылдардағы экономикалық өсімді қамтамасыз еткен алғы шеп – мұнай секторы еді. Біз бұл аса маңызды байлықты мемлекет тұрғысынан өте ұқыптылықпен пайдаландық, елдің бүкіл экономикасы мен әлеуметтік саласын алға сүйреген локомотив іспетті мұнай өнеркәсібінің тұрақты өсу стратегиясын айқындап алғанымыз абзал болғанына көз жеткіздік.

2005 жылдың қыркүйегінде Қазақстанда мұнайдың миллиардыншы тоннасы өндірілді. Еліміздің өз аумағында жүзеге асырылып жатқан мұнай-газ жобаларының толыққанды инвесторы ретіндегі позициясы күшейтілді, Қазақстанда мұнай өндіретін шетелдік мұнай компанияларымен өнім бөлісу шарттары белгіленді.

Қазақстан экономикасының дамуына әсіресе шикізат, кен, металл өндіруге маманданған ірі отандық кәсіпорындар мол үлес қосты. Атом өнеркәсібі үшін аса қажетті шикізат – табиғи уран өндірудің маңызы арта түсті. Егер 1997 жылы Қазақстан уран өндіруден он үшінші орында болса, 2003 жылдан бері Канада мен Австралиядан кейінгі үшінші тұғырға нық табан тіреді, ал 2010 жылы әлемдегі ең ірі уран жеткізуші ел атанды. 2012 жылы Қазақстандағы уран өндіру бүкіл әлемдегі өндіріс көлемінің 37 процентін құрады.

Шикізаттық сектормен қатар, экономиканың басқа салалары да біртіндеп дами бастады.

Мен мынаған нық сенімдімін: мұнай-газ шикізат секторын, сөз жоқ, әрі қарай дамыта берген жөн. Сол өсім барысында және құйылатын қаржы түсімдерінің арқасында заманға сай индустриалды-инновациялық экономика қалыптастыруымыз керек.

Қазақстанда жеңіл және жүк көліктерін, тепловоз, электровоз, вагон, тікұшақ шығара бастау 2000-шы жылдардағы жаңа құбылыс болды. Егер алғашқы кезеңдерде қазақстандық кәсіпорындар тек жалпы құрастырумен айналысқан болса, кейінгі жылдары өндірістегі жергілікті еңбектің үлесі ұлғая берді.

Қазақстанның жетістіктері әлемдік рейтингтерде лайықты көрініс тапты. Еліміз өзінің экономика еркіндігі рейтингіндегі (Index of Economic Freedom) көрсеткіштерін жақсартта түсті. 2007 жылы Қазақстан содан екі жыл бұрынғыдан 56 қатар жоғары жылжып, 75-орынға табан тіреді. Сол 2007 жылы Қазақстан Бүкіләлемдік банктің салық төлемдерінің оңайлық дәрежесін байқататын рейтингінде 178 елдің ішінде 44-орын алды. Содан бір жыл бұрын еліміз 66-орында еді. Бизнес жүргізудің оңайлығын бағалайтын рейтингте (Doing Business) 2007 жылы Қазақстан 65-орын алып, содан бір жыл бұрынғы көрсеткішімен салыстырғанда 20 орын алға жылжыды.

Мұның бәрі жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында Қазақстанның тұрақты өсу траекториясына ілескенін байқатады. Экономикалық жетістіктеріміз бізді Орталық Азиядағы көшбасшы ел деңгейіне көтерді. Қазақстанды экономикалық дамудың «өңірлік локомотивіне» айналдыратын мүмкіндіктер көріне бастады.

5. МЕН АЙТҚАН БЕРЕКЕЛІ ЗАМАН АҚЫРЫ ОРНАДЫ!

МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Халықтың әл-ауқат қамы

Тәуелсіздік жылдары мен халыққа «аспандағы Айды алып беремін» деп емексітіп, жеңіл-желпі популистік мәлімдемелер жасаған жоқпын. 1990-шы жылдары бізді қиын күндер күтіп тұрғанын, мемлекет пен халық реформалардың бар ауыртпалығын бірге көтеруі керек екенін ашық айттым. Алайда мұнымен қатар, мен халықтың өмір сүру деңгейі үздіксіз өсетін уақыттың қалай да келетініне деген өзімнің сенімім мен ынта-жігерім арқылы адамдардың жүрегінде үміт отын оятуға күш салдым.

Сол 1990-шы жылдары осы күнге жететінімізге сенгендердің аса көп бола қоймағанын мойындауымыз керек. Уайымшылдар мен күмәншілдер, әрине, басымырақ болды.

Дегенмен мемлекетіміздің қалыптасу барысындағы қиын жылдар мені шын мәнінде шыңдап шығарды. Мен үшін уәде – бере салып ұмытатын бос сөз емес-ті. Уәде берген соң орындау керек. 2003 жылдың сәуіріндегі Жолдауымда мен осыны еске салған едім. Онда мен уәдемді орындағанымды мәлімдедім. Қазақстан экономикасының өркендеуі бізді басты мақсатымызға – халықтың әл-ауқатын арттыруға алып келді. Мен айтқан берекелі заман ақыры орнады.

2003 жылы маған әлеуметтік шығындардың жаңа тарихымыздағы аса ірі өсімі туралы мәлімдеу бақыты бұйырды. Біз бастаған бұл өзгерістер әр қазақстандықты, әр отбасыны қамтыды. Осы мақсаттар үшін мемлекеттік қазынадан бір жарым жыл бойына қосымша 120 миллиард теңге бөлу жоспарланды.

Әлеуметтік саладағы оң өзгерістерге мен сол 2003 жылдың желтоқсанында, Тәуелсіздігіміздің 13 жылдығына арналған салтанатты жиында қайта оралып соқтым. Экономикадағы табыстар бізге ауқымды әлеуметтік мақсаттарды ойдағыдай орындауға мүмкіндік берді. Бала туғанда берілетін жәрдемақы қалпына келтірілді, атажұртқа оралған қандастарымызға қолдау көрсетілді, Жұмыссыздық пен кедейшілікпен күрес жөніндегі бағдар-

лама өз нәтижесін берді, жұмыс орындары ашылды, жеке кәсіпкерлік дамыды.

Ел басшылығының өнімді еңбегінің нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 8 процентке дейін төмендеді. Жалақы мен зейнетақының орташа мөлшері ТМД-дағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды. Тіпті Қазақстан – КСРО Жинақ банкіндегі салымдар бойынша халыққа қарызын қайтаруды жөн көрген бұрынғы одақтас республикалар арасындағы жалғыз ел!

2004 жылдың наурыз айындағы Жолдауымда мен тағы да әлеуметтік тақырыпқа баса назар аудардым. Соның ішінде бұрын макросаясат туралы жиірек айтуға тура келсе, енді бүкіл халықты қызықтыратын тақырыпта әңгіме қозғау өзім үшін айрықша сүйсінерлік жайт екенін жеткіздім. Сол себепті, кейінге қалдырмастан, Үкіметке тікелей әрбір қазақстандық отбасының мүддесін көздейтін, Әлеуметтік реформаларды тереңдетудің 2005–2007 жылдарға арналған бағдарламасын жасауды тапсырдым.

Денсаулық сақтау реформасы: ел мүддесі

Халықтың денсаулығы, медицинаны қолдау және саламатты өмір салтына ынталандыру – Қазақстан үшін қашанда аса маңызды басымдықтардың қатарына кіретін. 1998 жылы «Халықтың денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы жасалды: алайда тек 2001 жылдан бастап қана едәуір түзеле түскен қаржылық ахуал денсаулық сақтау саласының шығындарын көбейтуді бастауға мүмкіндік берді. Содан бері бұл процесс үзілген емес.

2001 жылдың 30 желтоқсанында мен келесі – 2002 жылды Денсаулық жылы деп жарияладым. Бұл Қазақстан медицинасындағы сапалы оң өзгерістердің басы болды.

Денсаулық сақтау жүйесін реформалау төрт бағыт бойынша жүргізілді. Біріншісі – сырқаттың алдын алу және халықтың денсаулығын жақсарту. 2002 жылы елімізде бірінші рет азаматтар жаппай скринингтік тексеруден өткізілді, соның нәтижесінде бізде әйелдер мен балалардың денсаулығын қорғау, жүрек-қан тамырлары және онкологиялық аурулардың алдын алу мәселелеріне айрықша көңіл аудару қажет екені анықталды. Қазақстан ТМД елдері арасында жаңа туған сәбилерге гепатитке қарсы вакциналады бірінші болып ендірді. 2005 жылдан бастап дәрігерлер 18 жасқа дейінгі балалардың және бала туатын жастағы әйелдердің денсаулығын жоспарлы түрде тексереді.

Реформалаудың екінші бағыты – денсаулық сақтау саласын басқарудың жаңа үлгісін жасау болды. Сонымен қатар әр азаматқа тегін көрсетілетін

медициналық қызметтердің жеткілікті жиынтығы ұсынылды. Мемлекеттік емес секторды дамытуға назар аударылды. 2008 жылы 1,9 мың мемлекеттік емханаға 800 жеке емханадан келетін-ді, жалпы алғанда осы саладағы жеке сектордың үлесі – 30 процентті құрады.

Үшінші бағыт – инновациялық әдістемелерді енгізу және алдыңғы қатарлы емдеу орталықтарын құру. Енді Қазақстанда бірінші рет бүйрек алмастырып салуға, жұлынды трансплантациялауға, эндопротез жасауға мүмкіндік туды.

Төртінші бағыт халықты фармацевтикалық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету жүйесін қамтыды. Маңызды әлеуметтік мәнге ие сала ретінде фармацевтика дәрі-дәрмектік заттардың өндірісін ұлғайту, сол арқылы ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін қажетті қолайлы ахуалға ғана емес, сонымен бірге сапалық жағынан тиімді реттеу ісіне де мұқтаж еді.

Онжылдықтың орта шенінде Денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Облыстарда 50-ден астам алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталықтары құрылды, 7 орталық аудандық аурухана, 44 денсаулық сақтау нысаны салынды.

Реформа жүргізу заңдық негіздемені талап ететіні белгілі. Сондықтан 2009 жылдың желтоқсанында «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс қабылданды. Мұның өзі ұлттық медицинаның мәртебесін биіктетіп, оның экономиканың шектес тармақтарымен ғана емес, мемлекеттік институттармен де өзара толыққанды әрекеттесе алатын, әбден қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық сала деңгейіне жеткенін аңғартқан жайт еді.

2010 жылдан бастап Денсаулық сақтаудың бірыңғай ұлттық жүйесі енгізіле бастады. Ол емделушінің ауруханаға жатар кезде дәрігер мен медициналық ұйымды өзі таңдай алуын, сондай-ақ қаржыландыруды емдеу нәтижелеріне қарай айқындауын көздейді.

Денсаулық сақтау жүйесін мемлекеттік қаржыландыру да ұлғайды – 2002 жылғы ІЖӨ-нің 1,9 процентінен 2010 жылғы 3,2 процентке дейін. Озық медициналық технологиялар өңірлерге де жете бастады. 2000-шы жылдардың соңына қарай Қазақстанның барлық облыстарында жүрекке техникалық жағынан аса күрделі операциялар жүргізілді.

Осылайша, денсаулық сақтау саласындағы үдемелі мемлекеттік саясат қысқа мерзім ішінде медициналық қызметтер нарығы мен азаматтардың денсаулығын қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыра алды.

Астана медициналық кластері

Мен біздің денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесінде міндетті түрде әлемдік деңгейдегі сапалы үлгінің болуы керек екенін айқын ұқтым. Сондай үлгі ретінде Астана медициналық кластерін құру жөнінде шешім қабылданды. Мен елордада барынша заманға сай медициналық орталықтар салып, ол жерлерде халықаралық деңгейдегі кардиохирург Юрий Пя секілді бірегей мамандарды жинау туралы тапсырма бердім.

Ұлттық медициналық холдинг 2008 жылдың мамырында құрылып, алты инновациялық құрылымды біріктірді – Ана мен бала Ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық диагностикалық орталық, Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығы, Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық.

Халықты жоғары сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету бағытындағы біздің көреген стратегиямыздың арнасы бойынша құрылған Астана медициналық кластері Қазақстан халқына медицинаның жаңа стандартын әкелді.

Бұған қоса, қол жеткізген табысқа тоқмейілсімей, алдымызға тағы бір үлкен мақсат қойдық. Ол – медициналық кластер базасында алдыңғы қатарлы медициналық технологиялар мен сапа стандарттары негізінде медициналық қызметтердің сан түрін Қазақстан және шетел азаматтарына ұсынатын, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті «Болашақ госпиталін» құру.

«Болашақ госпиталі» өз атауына толық сай келетінін дәлелдеп, денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибенің трансфертімен қамтамасыз етеді, Қазақстандағы басқа бүкіл медициналық ұйымдар үшін эталон болады.

Солтүстік Аралды құтқару

Қордаланып қалған экологиялық мәселелер де өз шешімін күтіп тұрды. 1990-шы жылдарға қарай Арал теңізі мен оның маңайындағы жерлердің жағдайы мүлде қиын болатын.

Экологиялық апат жергілікті тұрғындардың денсаулығына зияны мен залалын әбден тигізген еді. Мыңдаған балықшы жұмыссыз, күнкөріссіз қалды. Орталық Азия елдері қиын түйінді шешудің жолын іздеп, бірнеше рет халықаралық кездесулер өткізді. Алайда одан ешқандай нәтиже шыққан

жоқ. Өлкенің адамдары мен экономикасына төнген қауіп барған сайын күшейе берді. Осының бәрін түсінген мен бұдан әрі күтудің керегі жоқ деп шештім. Бастысы – құтқару мүмкін нәрсені құтқарып қалу еді.

2000-шы жылдардың басында Сырдария өзенінің суағарын реттеу және Аралдың солтүстік бөлігін сақтау жөніндегі жоба ұсынылды. Оның басты түйіні – теңіздің солтүстік бөлігін оның құрып бара жатқан басқа бөлігінен бөліп тастайтын, отыз шақырымға созылған Көкарал бөгетін салу еді.

2001 жылы Үкімет осы жобаны бірлесе қаржыландыру туралы Бүкіләлемдік банкке ұсыныс жасады. Ұсыныс қабылданды: Бүкіләлемдік банк 64 миллион доллар бөлді, ал 21 миллион доллар біздің республикалық бюджеттен алынды. 2005 жылдың тамызында бөгет толық салынып бітті. Келесі жылы-ақ Кіші Арал жобада белгіленген межеге дейін толды.

Теңіз суы оның құрғақ түбінің 870 шаршы шақырымын жапты, бұл Арал маңындағы экологиялық ахуалды жақсартта түсті. Судың минералдануы айтарлықтай азайды, ондағы балық қорын қайта қалпына келтіру үшін бұл өте маңызды еді. Сол кезде басталған өнеркәсіптік негізде балық аулау көлемі біртіндеп артып келеді.

Жүзеге асқан жобаның арқасында Арал жағалауында қайтадан қарбала өмір басталды. Арал теңізінің түбегейлі жойылып кетуіне жол берген жоқпыз.

Зейнетақы жүйесін жетілдіру

2000-шы жылдардың басында зейнетақы жүйесін жетілдіру жалғаса берді. Елде мамандандырылған зейнетақы қорлары пайда болды. Заңдарға қауіпті нысандарда еңбек ететін жұмысшылар үшін жұмыс беруші есебінен ерікті кәсіби жарна төлеу туралы тармақ қосылды.

Халықты зейнетақымен қамсыздандырудың маңыздылығын ескеріп, зейнетақы қорларының қызметі мен қаражат қорын сақтауға жауапкершілікті үкіметтің мойнына жүктедік.

238

2004 жылдың тамызында Үкімет отырысында мен қызметіндегі тиімділіктің жеткіліксіздігі себепті зейнетақы қорларының жұмысын сынға алдым. Ең алдымен, жинақталған қаражатты салу және жұмсау үшін қажетті қаржы құралдарының жоқтығын ескерттім.

2004 жылдың желтоқсанында Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2005–2007 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Үкімет салымшылардың құқығын қорғауды күшейтуге, қорлардың ашықтығын арттыруға, қаражатты инвестициялаудан түскен кірісті тұрақтандыруға сенім артты.

2005 жылдан бастап менің бастамам бойынша, базалық зейнетақы төлемдері енгізілді. Бұл зейнет жасына жеткен барлық қазақстандықтар үшін зейнетақымен қамсыздандырудың бірінші, кепілдендірілген деңгейі болды. Екінші деңгей – зейнетақы қорларынан алынатын төлемдер, сондай-ақ 1998 жылға дейін қызмет өтілі бар адамдарға бюджеттен берілетін зейнетақылар. Үшінші деңгей – ерікті жеке және кәсіби зейнетақы аударымдары.

Онжылдық ортасында нақты зейнетақы деңгейі жөнінен Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында жетекші орынға шықты.

Онжылдықтың екінші жартысында зейнетақы қызметтері нарығын сауықтыру мақсатында шағын зейнетақы қорлары бәсекеге қабілетті ірі қорларға қосылды. 2010-шы жылдардың басында елімізде 11 жинақтаушы зейнетақы қоры қалды, онда 8 миллион азаматтың жеке шоты бар.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі шапшаң экономикалық өсім жылдарында жақсы қырынан көрінді, алайда қаржылық құлдырау жағдайында зейнетақы қорларының инвестициялық кірісі инфляциядан едәуір – екі есеге – қалып қойды.

Бұдан бөлек, зейнетақы қорларына ерікті түрде жеке қаражатын салғысы келетін азаматтар, біз ойлағандай, аса көп болмай шықты, ал ерікті кәсіби жарналардың мөлшері тіптен аз екені анықталды. Жұмыс берушілер зиянды өндірістерде жұмыс істейтін өз қызметкерлері үшін аударымдар жасауға асыққан жоқ.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласында әлдеқайда мардымды өзгерістерсіз қиынға соғатыны түсінікті болды. Тәуелсіз сарапшылардың талдауы мынаны көрсетті: қолданыстағы зейнетақы заңнамасы кезінде алдағы он жылда зейнетақы төлемдерінің осы деңгейі мемлекет үшін шамадан тыс ауыртпалық болмақ.

Мен мұндай өрескел ахуалға тіпті де келісе алмадым. Зейнетақы жүйесінің шұғыл түзетулерді қажет ететіні анық болды. Үкіметке зейнетақы жүйесін реформалау жөнінде ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Әлеуметтік саясаттағы батыл бетбұрыс

Әлеуметтік дамудың қазақстандық моделі ерекшеліктерінің негізі әу бастан қаланып, кейінгі жылдары жетілдіріліп, толықтырылған болатын. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан кедейшілікпен күресуде, елдің барлық азаматтарын бірдей мүмкіндікпен қамтамасыз етуде ғаламат жетістіктерге қол жеткізді.

2000–2001 жылдары әлеуметтік саясатта түбегейлі өзгерістер болды. Енді ол мемлекеттік бюджет кірістерінің өсімі жағдайында жүргізілді. Оның басты элементтері зейнеткерлерге, ардагерлерге, көп балалы аналарға әлеуметтік қолдау көрсету, кедейшілікпен, жұмыссыздықпен күресу еді.

2000 жыл Кедейшілікпен, жұмыссыздықпен күресу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың басы болды. Бұл жұмыссыздықты 9 процентке дейін азайтып, 400 мың жұмыс орнын ашуға бағытталған бағдарлама еді. Мемлекеттің, өңірлердің күш-жігері және экономикадағы оң динамика жұмыссыздықтың азаюына әсер етті. Оның ең төменгі деңгейі – 7 процент – Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында болды.

2001 жылдың шілдесінде табысы кедейшілік шегінен төмен тұлғалар мен отбасыларды мемлекет тарапынан берілер арнайы ақшалай төлемдермен қамтамасыз ететін «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заң күшіне енді.

2000-шы жылдардағы Жолдауларда тиімді әлеуметтік саясатқа үнемі баса назар аударылды, халықтың әлеуметтік көңіл күйі қашанда мемлекеттік саясаттың алдыңғы легінде қала береді.

Білім беру, денсаулық сақтау және жалпы бюджеттік сала қызметкерлерін әлеуметтік қорғауға бөлінетін қаражат көлемі өсіп жатты.

Ана мен баланы қорғауға байланысты нақты мәселелерге мен қашанда айрықша маңыз берумен келемін. 2003 жылдан бала тууға байланысты мемлекеттік жәрдемақы төлене бастады.

Тұрғын үй саясаты – қазіргі заманғы кез келген мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бөлігі. 2004 жылы Үкімет Тұрғын үй құрылысының 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. Енді тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құны ағымдағы бағамға байланысты теңгемен есептегенде орташа есеппен 350 доллардан аспауы керек. Сатып алынатын тұрғын үй үшін төленер алғашқы жарна 50-ден 25 процентке төмендетілді, ал несиені қайтару мерзімі 15-тен 25 жылға ұзартылды. Осы бағдарлама бойынша 2007 жылы 4 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілді.

240

Тұрғын үй мәселелерін шешудің 2000-шы жылдары кең тараған тағы бір тәсілі – өз баспанасының салыну жобасын жеке ақшасымен қаржыландырып, азаматтардың (үлескерлердің) қатысуымен жүзеге асатын үлескерлік құрылыс еді (2007 жылы олар шамамен 30 мыңдай адам болатын). Тұрғын үйді салу инвестор несиесінің есебінен жүргізілді. Осы шартты орындау құрылыстың аяқталуына кепіл болады деп болжанды.

2004 жылы КСРО Жинақ банкінің салымдарын өтеу аяқталды. Жалпы алғанда 4,8 миллиард теңге қаражаты бар 1,5 миллион шот қайта рәсімделді.

Әлеуметтік саясаттағы жаңа кезең 2005 жылы басталды. Әлеуметтік реформаларды жүргізуге кешенді тәсіл таңдап алынғаны хабарланды. Сол жылы Үкімет Әлеуметтік реформаларды әрі қарай тереңдетудің 2007 жылға дейінгі бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті.

Әлеуметтік қамсыздандырудың тұрақты үш деңгейлі жүйесі жасала бастады. Бірінші, базалық деңгей – мемлекет кепілдендірген әлеуметтік жәрдемақылар. Екіншісі – жұмысшыларды міндетті әлеуметтік сақтандыру есебінен аударылатын әлеуметтік төлемдер. Үшінші, қосымша деңгей – жеке және кәсіби ерікті аударымдар есебінен өндірілетін әлеуметтік төлемдер.

2006 жылдан бастап бір жасқа дейінгі бала күтіміне берілетін мемлекеттік әлеуметтік көмек енгізілді, көп балалы аналарға арналған жәрдемақы көлемі екі есеге артты.

2007 жылғы Жолдауда әлеуметтік саясаттың кеңінен қамтылған толық көрінісі ашыла түсті. Жай қысқаша тізімінің өзі мемлекет қолға алып отырған шаралардың ауқымын аңғартады.

Мен бала тууға және оның бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне берілетін жәрдемақы мөлшерін көтеру, жұмыс істейтін әйелдер үшін жүктілікті және босануды сақтандыруды енгізу, базалық зейнетақы мөлшерін көбейту, зейнетақы төлемдерін индекстеу, еңбек демалысына шыққанда сауықтыру жәрдемақысын енгізу, зиянды еңбек жағдайында өтіл жинаған тұлғаларды әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру секілді мәселелерді шешуді Үкіметке тапсырдым.

Осы тапсырманың бәрін орындауға қажетті жылдық сома да айтылды – 108 миллиард теңге. Осының өзінен халықтың әл-ауқаты мәселесі таразыға тартылғанда, мемлекет қашанда биіктен көрінгені абзал екенін ұғуға болады.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығындағы әлемдік қоғамдастықтың дамуын таразылаған БҰҰ Қазақстанның әлеуметтік саладағы жетістіктерін мойындап, оны адам әлеуетінің деңгейі жоғары елдерінің тобына қосты. Бұл – біз жүргізіп отырған мемлекеттік әлеуметтік саясаттың нақты сапасын байқататын көрсеткіш.

Алғашқы ең ауыр, 1990-шы жылдардағы күнкөріс кезеңінен есен-сау өтіп, ес жиып алған мемлекет кейін әлеуметтік кепілдіктердің тұрақтылық қағидасынан да айныған жоқ. Еліміз екі жаһандық дағдарысты бастан өткерді, сонда да бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы, зейнетақы, шәкіртақы, әлеуметтік жәрдемақылар тұрақты беріліп қана тұрған жоқ, үнемі өсіп те отырды.

6. БІЗ ӘЛЕМДІК ДАҒДАРЫС СЫНАҒЫНА ТӨТЕП БЕРДІК

ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАҒДАРЫСТАН КЕЙІНГІ ДАМУЫ

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс (2007–2009 жылдар)

Әзімнің саяси және экономикалық болжамдарымда мен тәуелсіз Қазақстанды үнемі көшбасшы елдердің қатарынан көретінмін. Елімнің сол өсіп-өркендеген, көшбасшыға айналған заманы тезірек туғанын аңсайтынмын. Біз ол үшін қолдан келер мүмкін нәрсенің бәрін, тіпті мүмкін еместі де жасадық.

2000-шы жылдары Қазақстан өсу баспалдағымен өрлей нық басып, әлемнің ең дамыған елу елінің деңгейіне жақындап келе жатты. Алайда жаһандық әлемнің қалай құбыларын алдын ала болжау мүмкін емес. Ондағы көп жайт түрлі факторлардың қиюласуына байланысты болып келеді, ал өсу кезеңдерінің құлдырауға ұласуы оп-оңай.

Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығының екінші жартысында тура солай болды. Дегенмен Қазақстан сескенген жоқ, ел мұндай сынға дайын еді.

Әлемдік-экономикалық дағдарыс 2007 жылы АҚШ-тағы ипотека дағдарысынан басталды. Себеп – несие және тұрғын үй секторларындағы дүмпу, содан соң күйреу. Әлемдік қаржы нарығындағы тұрақсыздықтың алғашқы толқыны қарыз капиталы нарығының жабылуына әкеліп соқты. Дағдарыстың ең үдемелі тұсы 2008 жылдың соңы мен 2009 жылдың басына сәйкес келді. Жаһандық қаржы дағдарысы жалпы экономикалық дағдарысты туғызды. Шикізаттың әлемдік нарқы күрт құлдырады. Жаппай өнеркәсіптік құлдырау басталды. Дамыған экономикалар қатаң рецессияға тап болды.

Мұндай ауқымды дағдарыс тек әлемдік экономика дамуының кезеңділігіне ғана байланысты емес-ті. Дағдарыс қаржы нарығындағы жүйелік проблемалардың салдарынан туындады. Қаржы нарығында алыпсатарлық әрекеттер көбейіп кеткен еді, үрлене-үрлене алып көпіршікке айналған экзотикалық жасанды қаржы құралдары еркін даму мүмкіндігіне ие болды. Бұған қоса, мәселе несиені шектен тыс көп алуға байланысты да ушыға түсті. Бүкіл әлемде адамдар тапқан табысынан

артық ақша жұмсайтын болды. Тұтыну дүмпуі шикізаттың, оның ішінде мұнай мен азық-түлік бағасының үздіксіз өсуімен қатар жүрді, мұның өзі инфляция процесіне қысымды күшейтті.

Халықаралық сауда мен капиталдың үйлесімсіздігі, доллар монополиясы, әлемдік қаржы жүйесінің тиімсіздігі және тағы басқа елеулі факторлар да ықпал етпей қалған жоқ. Соның салдарынан Еуропаның талай мемлекетінің экономикасы әлсіреді, бұл әсіресе Грекия, Португалия және Испанияға қатты әсер етті. Бұл елдер Еуроодақтың қуаттылығына қарамастан, тіпті қаржы турбуленттілігі басталғаннан төрт-бес жыл өткенге дейін, дағдарыс құбылыстарынан, жұмыссыздықтың жоғары деңгейінен арыла алмады.

Дағдарыс бізге сырттан келді. Оның қайнар көзі елдің ішінде емес, олар әлемдік экономиканың үйлесімсіздігінде жасырынып жатыр.

Дағдарыстың Қазақстан экономикасына әсері

Әлемдік дағдарыс Қазақстан экономикасы мен қаржы жүйесінің беріктігіне, мемлекет пен бүкіл халыққа үлкен сын болды.

Дағдарыстың алғашқы толқыны және несиелеудің сыртқы көздерінің жабылуы Қазақстан экономикасы өсімінің қарқынын бәсеңдетіп тастады. 2007 жылдың қорытындысы бойынша ІЖӨ өсімі 8,9 процентке төмендеді.

Бейберекет күйге түскен жылжымайтын мүлік нарығы күрт төмен құлдылады: 2008 жылы тұрғын үй бағасы екі есеге арзандады. Көптеген құрылыс компаниялары өз қызметін ықшамдауға мәжбүр болды. Үлескерлер, әсіресе өз тұрғын үйін қарыз қаражатының есебінен қаржыландырғандар өте қиын жағдайға тап болды. Үлескерлер құрылысына қатысқан ондаған мың қазақстандық тұрғын үйге ие болу үмітінен айырылды. Шамадан тыс несиеленіп кеткен Қазақстан банктері сыртқы нарықтан алған ақшаларын қалай қайтарарын білмей, талайының басына дефолт қаупі төнді.

2008 жылдың екінші жартысында ахуал ушыға түсті. Дағдарыстың кезекті, анағұрлым күшті толқыны Қазақстанның экспорттық өнімдеріне әлемдік бағаның күрт төмендеуіне әкеліп соқты. 2008 жылы мұнай бағасы төрт есе дерлік арзандады, металл құны екі есе түсті. Бұл экономикамыздың өсу қарқынын әрі қарай бәсеңдетіп кетті: ІЖӨ өсімі 3,3 процент қана болды.

2009 жылы Қазақстан экономикасы жалғасып жатқан, өндірістің әрі қарай да құлдырауына әсер еткен жаһандық дағдарыс жағдайында дамыды. Соның салдарынан, Қазақстанның сыртқы сауда айналымы үштен біріне азайды. Алты жүзден астам кәсіпорын жұмысын тоқтатты. 2008–2009 жылдары мұнай-газ кешенінен басқа барлық салаларда өндірістің бәсеңдеуі байқалды.

2008 жыл бойына көптеген мемлекеттердің ұлттық валютасы құнсызданды, бұл Қазақстан тауарларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әсер етті.

Әлемдік дағдарыс мен бұрын да қайта-қайта ескерткен мәселені – ұлттық экономиканы тез арада әртараптандыру қажет екенін айқындады.

Ауырлығы мен жаһандық экономикаға салдары жөнінен 2007–2009 жылдардағы жалпыға ортақ дағдарыс 1997–1999 жылдардағы Азия дағдарысынан да, бұрынғы басқа дағдарыстардан да асып түсті. Қазақстан «нөлінші» жылдары әлемдік экономикаға мейлінше кірігіп үлгерген болатын, сондықтан да жаһандық процестерге көбірек тәуелді еді. Сонымен қатар, мемлекеттің халық алдындағы едәуір өсе түскен әлеуметтік міндеттемелері де болды.

Алайда түпкілікті айырмашылық та бар еді – 1990-шы жылдардың соңындағы қаржы дағдарысының әсер-ықпалымен аяғынан енді тік тұра бастаған жас мемлекет күрессе, бұл жолы экономикалық бұлшық еті білеуленген Қазақстан оқиғаның осылай өрбуіне дайын отырған еді.

2009 жылдың наурыз айындағы Жолдауымда мен Ұлттық қорды құру арқылы қажетті беріктік қорын қамдап үлгергенімізді атап көрсеткен болатынмын. Бұған қоса, біз әртараптандыруды бастап кеттік. Сондықтан да дағдарысқа қарсы тиімді саясат жүргізу біздің қолымыздан келді.

Дағдарысқа қарсы бағдарлама: жүйелі де шапшаң қимыл

Сыртқы нарықтағы дағдарысты ахуалды және оның Қазақстанға тигізер әсерін сараптап шығып, мен 2007 жылдың қыркүйегінде Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің бірінші кезектегі жоспарын жасауды Үкіметке тапсырдым.

244

2007 жылдың 6 қарашасында жоспар қабылданды. Мемлекеттік бюджеттен шағын және орта бизнесті, аграрлық саланы қолдау және тұрғын үйдің үлескерлік құрылысын аяқтау үшін 550 миллиард теңге бөлінді. Инфляцияны ауыздықтау мақсатында электр энергиясы тарифін өсіруге мораторий енгізілді.

Оқиғаның қай бағытта өрбуі мүмкін екенін жан-жақты саралай келе, мен мемлекет қорынан әлемдік дағдарыстың теріс әсерлерін жоюға қажет қаражат бөлу туралы түбегейлі шешім қабылдадым.

Дағдарыс қоғам мен экономика үшін нағыз «қауіпсіздік жастығы» болған Ұлттық қордың бүкіл маңыздылығын ашып көрсетті. Осындай қор құрған

мемлекеттер аз емес, бірақ бәрі бірдей жинақтаған қаражатын ел игілігі үшін біз сияқты тиімді пайдалана алған жоқ.

2008 жылдың 25 қарашасында Үкіметтің Экономика мен қаржыны тұрақтандыру бойынша 2009–2010 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары бекітілді.

2008 жылдың қазан айында мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын құру туралы шешім қабылдадым. Бірлескен қордың құрылуы әлемдік дағдарыс жағдайында ресурстарды шоғырландырып, оларды нақты экономикаға жеткізу қажеттілігінен туындаған еді.

Жаңадан құрылған холдинг Үкіметпен бірлесе отырып, қысқа мерзім ішінде, әр күрделі нысан үшін несие сызбасын жасау арқылы, «дағдарысқа қарсы» қаражатты игеру бағдарламасын жасап шықты. Ел экономикасына тез арада 2 триллион 700 миллиард теңге келіп түсті.

Елдің 2009–2011 жылдарға арналған бюджеті әлемдік нарықтағы жағдайдың нашарлап кетуі мүмкін екенін ескере отырып түзілді. Сонымен бірге, әлеуметтік шығындар қысқартылған жоқ, олар бұрынғы көлемінде толығымен сақталды. Оның үстіне, біраз қаражат коммуналдық желілерді және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңартуға, жол жөндеуге бағытталды.

Үкімет мейлінше осал секторларды – қаржы саласын, агроөнеркәсіптік кешенді, шағын және орта бизнесті, жылжымайтын мүлік нарығын, әлеуметтік саланы қолдау шараларын дер кезінде қолға алды.

2008 жылдың қарашасында шикізаттық емес сектордың жүктемесін азайтып, шикізатты секторға салық салуды арттыруды көздейтін Салық кодексі қабылданды. Яғни мемлекет дағдарыстан кейінгі кезеңде экономиканы әртараптандыру үшін жағдай жасады.

Дағдарысқа қарсы бағдарлама төтенше ахуалда Қазақстанның мұнай бағасының түбегейлі төмендеуіне, қаржы коллапсына және құрылымдық қайта құруға дайын болғанын дәлелдеді. Қолға алынған шаралардың нәтижесінде елдің экономикалық іргесі мығым бола түсті. Сол себепті де, әлемнің беделді сарапшылары Қазақстанның дағдарысқа қарсы бағдарламасын жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы ең жүйелі және барынша жедел бағдарлама деп атады.

Қазақстандық мазмұнды күшейту

2007–2009 жылдары Үкімет, менің тапсырмам бойынша, шетелдік компаниялардың қызметін дәйекті түрде бақылауға көшті, олардың өз келісімді

міндеттемелерін ұстануын қадағалай бастады, ең бастысы – Қазақстан мүддесіне нұқсан келтіруіне жол бермеуді мақсат етті.

Дағдарысқа дейінгі кезеңде көп жобаларды жүзеге асыру отандық өндірушілердің қолынан келетіні анықталды, оның үстіне, қаржы секторында ол үшін қажетті қор жеткілікті еді.

2000-шы жылдардың соңындағы қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында шетелдік және отандық инвестициялардың ара салмағы туралы мәселеге түзету енгізілді. Мен шетелдік инвесторлардың, әсіресе жер қойнауын пайдаланушылардың жобаларында қазақстандық мазмұнды жан-жақты арттыра түсуге нұсқау бердім.

Бастапқыда бұл нұсқауды серіктестеріміздің бәрі бірдей дұрыс қабылдай қойған жоқ, бірақ біз табанды, нық және сенімді әрекет еттік. 2008 жылдың желтоқсанында Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысында мен Үкімет үшін қазақстандық мазмұнның дамуы нөмірі бірінші мәселе болуы керек деп мәлімдедім. Нақты секторды дамыту жөніндегі жұмыс деген осы.

Бұдан кейін айқын мемлекеттік бағыт – қазақстандық сипатты арттыра түсу – трансұлттық компаниялармен қарым-қатынаста негізгі және мызғымас ұстанымға айналды. Екінші жағынан, отандық тауар өндірушілер де ұлттық компаниялармен көп келісімшарттарға қол қоятын болды. 2010 жылдың қазан айында Үкімет Қазақстандық мазмұнды дамытудың 2014 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдады. Жыл өткен сайын кәсіпорындар қызметіндегі қазақстандық мазмұнның үлесі үздіксіз өсіп келеді.

Ұлттық қор қаражатын орнымен пайдалану да зор мүмкіндіктер ашты. 2010 жылдың қаңтарындағы Жолдауда айтылғандай, Қордың арқасында біз дағдарысқа қарсы шараларды атқарып қана қойған жоқпыз, сонымен қатар баяғы қиналған кезімізде сатуға мәжбүр болған мемлекеттік маңызды активтерімізді қайтарып алдық. Олар – Екібастұз ГРЭС-1, «Богатырь» разрезі, Қашағандағы біздің үлес, «Маңғыстаумұнайгаз» және барлық үш МӨЗ (мұнай өңдеу зауыттары).

Қаржы жүйесін тұрақтандыру

2008 жылдың қарашасында, әлемдік дағдарыстың қызған шағында Қазақстанның қаржы жүйесін құтқару үшін Екінші деңгейлі банктердің күйзелісті активтерінің мемлекеттік қоры құрылды.

Бизнесті несиелеуді жалғастырып, салымшылардың сенімін ақтап, олардың қаражатының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуді жалғастыру керек

болды. Осы мақсатта жеке тұлғалар үшін кепілдендірілген салым сомасы 5 миллион теңгеге ұлғайтылды.

Дегенмен бұл да жеткіліксіз болып шықты. Қаржы коллапсы болуы мүмкін екенін ескертіп, мемлекет өз қаражатымен жүйе құрушы банктерге енді.

Дағдарысқа қарсы жоспарды жүзеге асыруда мемлекеттік көмекті нақты секторға жеткізу жөнінен мәселе туындады. Банктер шағын және орта бизнеске несиені өте жоғары мөлшерлемеде – 25 процентпен беруге көшті. Мен бұған жол бермеу керек деп есептедім. Нәтижесінде Үкімет банк мөлшерлемелерінің деңгейін өзі реттей бастады.

Қазақстан қаржы жүйесінің құтқарылғаны анықталғанда, кей банктер мемлекеттің есебінен өздерінің «жарамсыз активтері» мен қарыздарынан құтылғысы келді. Бірақ мен бұл жолы да ондай талпыныстарды мүлде қабыл алмадым. Бұған қоса, қаржы-қаражат қымқыру бойынша алаяқтық әрекеттер анықтала бастады. Нәтижесінде мемлекет төтенше шара қолдануға мәжбүр болды: 2009 жылдың ақпанында Үкімет «Самұрық-Қазына» холдингі арқылы көптеген салымшылары бар, төлем қабілеті жоқ бірқатар банктер акцияларының бақылау пакетін сатып алды. Банктердің бұрынғы басшылығын жұмысынан босатты. Мен дағдарысты уақыттың заңдары бойынша бәрінен де қатаң сұраныс болуы керек екенін атап көрсеттім.

Банк қарыздарын қайта құрылымдау жөніндегі келіссөздер, шиеленісті болып, тым ұзаққа созылды, қалай болғанда да Премьер-Министр К. Мәсімовтің келіссөз командасы күрделі жағдайдағы банктердің сыртқы қарыздарын үкімет кепілінсіз қайта құрылымдаудың орайын келтірді.

2008 жылғы әлемдік дағдарыс жағдайында жүздеген ел өз валютасын ырықтандыруды іске асырды. Теңге бағамын бұрынғыша қолдап ұстап тұру алтын қорын сарқуға алып келетін еді, ал бұл, өз кезегінде, мемлекет тұрақтылығына қатер төндірді.

Үкіметке ұлттық экономикаға барынша тиімділік әкелетін бағдарды ұстануға, валюталық алыпсатарлықтан сақтануға тура келді және ол қазақстандықтар үшін ауырлық түсірмейтін.

Есепшілердің көрсетуінше, елде теңгені 25 процент көлемінде ырықтандыру қажет болды, 2009 жылдың ақпанында дәл солай жасалды. Бұл – экономикадағы теріс үрдісті тоқтатуға мүмкіндік берген аса маңызды қадамның бірі болды. Нәтижесінде өнеркәсіптік өндірісті қалыпты жағдайда ұстап тұруға, сыртқы және ішкі нарықта оның бәсекелестік қабілетін көтеруге жағдай туғызды. Осының бәрі дағдарысқа қарсы кешенді шаралардың қарқын алуына алғышарттар жасады. 2009 жылдың шілдесінде-ақ Қазақстанда экономикалық өсімнің алғашқы белгілері көріне бастады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау дағдарысқа қарсы бағдарламаның маңызды бағыты болды. 2008–2010 жылдар аралығында мемлекет ШОК-ты қолдауға 400 миллиард теңге жұмсады. Бұл 10 мың кәсіпкерлік нысанды демеуге және 13 мың жұмыс орнын сақтап қалуға көмектесті. Көптеген халықаралық сарапшылар Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдаудың ауқымын қошеметпен атап көрсетіп жатты. Ол төрт бағытта жүргізілді.

Біріншіден, арзан заемдық қаражат алуға жол ашылды. Оның несиелік үстемесі 14 проценттен аспады. Екіншіден, тауарлар мен қызметті мемлекетке сатуға кепілді мүмкіндік берілді. Бағдарламада қазақстандық мазмұнды дамытуға жеңілдетілген несие қарастырылды, ал ол жаңа кәсіпорындарды игеруге жағдай туғызатын. Үшіншіден, отандық кәсіпкерлерге инвестициялық жобаларға қатысуға ұсыныс жасалды. «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы бойынша мемлекет шағын және орта кәсіпкерлік желісін құрушыларға жәрдем көрсетті. Төртіншіден, қолайлы бизнес-орта қалыптасты. Бұл бағытта кешенді шаралар жүйелі түрде біртіндеп іске асырылды. Жаңа Салық кодексі шикізаттық емес секторға түсетін салмақты азайтты. Сондай-ақ шағын кәсіпорындар үшін бірқатар жеңілдіктер белгіленді. Бизнеске әкімшілік кедергілер де айтарлықтай төмендеді.

Ауыл шаруашылығы кешеніне мемлекет 1 миллиард доллар бөлді. Бұл қаржы астық экспорты инфрақұрылымын қалыптастыруға, ет, жүн және жеміс-көкөніс дақылдарын өңдеуге бағытталды. Жаңа жылыжай шаруашылықтарын, көкөніс сақтау қоймаларын, құс фабрикаларын және сүт фермаларын салу жұмыстары басталып кетті.

Қолданылған шаралар тиімді және пәрменді болды. Шағын және орта бизнесті қолдауға қатысты саясат іске асты. Бұған еліміздің барлық өңірінде кәсіпкерліктің белсенді жұмыс істеп тұрған нысандарының саны көбейгені дәлел болды. Дағдарысқа қарамастан, 2009 жылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны 5,3 процентке артты.

248

Дағдарысқа қарсы шаралар экономикадағы көлеңкелі құбылыстарды артта қалдыруға ғана жол ашқан жоқ, оңтайлы іскерлік климатты да қалыптастырды. Бизнес-орта ашық және мобильді бола түсті, кедергілер азайды, жаңа мүмкіндіктер ашылды.

2010 жылы біздің мемлекетіміз кәсіпкерлік іс-қимылға оңтайлы жағдай тудыру көрсеткіші бойынша үлкен табысқа жеткен он елдің тізімін бастап тұрды. Сол жылдың қорытындысында Бүкіләлемдік банктің «Doing Business 2011» рейтингінде Қазақстан 183 елдің ішінде 59-орын алды.

Тұрғын үй құрылысы мәселесін шешу

Дағдарыс кезінде республика үшін үлескерлер мәселесі де негізгі проблеманың бірі болды. 62 мыңға жуық азамат үлескерлік құрылыс бағдарламасына қатысты. Дағдарыс туындаған кезде олардың баспана алу үміті мүлде желге ұшқандай болды. Жағдай ушыға берсе, әлеуметтік толқуларға ұласуы мүмкін еді. Ірі қалаларда үлескерлердің қарсылық әрекеттері бой көрсете бастады.

Мемлекет несиелік дағдарыс нәтижесінде пайда болған – үлескерлер мен үй салушылардың жеке мәселелерін шешуге міндетті емес еді. Дегенмен мен адамдар үшін баспана мәселесі өте маңызды екенін түсіне отырып, үкіметке «сақалды құрылыс» мәселесін ушықтырмау, сол арқылы ықтимал әлеуметтік кернеудің алдын алу үшін барлық тетіктерді іске қосуды тапсырдым. Осы өткір мәселені шешу үшін мемлекет 5 миллиард доллар бөлді. Бұл ерекше шешім еді.

Мемлекет пен бизнес арасында келіссөздер үдерісі басталды. Көмекті қажет ететін құрылыс компанияларымен өзара әрекеттестік меморандумына қол қойылды. Компаниялар тұрғын үйдің бағасы мен пайдалануға берілу мерзімі бойынша міндеттеме алды.

Мемлекет үлескерлердің қаржысы тартылған құрылыс сегменттеріне ғана қолдау көрсеткенін атап айтуға тиіспіз. Басқа сегменттің бәріндегі құрылысшылар мен банкирлердің өтініші қанағаттандырылған жоқ. 2007 жылдың қарашасында кемі 20 проценті салынған, көмекке зәру үлескерлік құрылыстардың алғашқы тізімі әзір болды. Бұл тізімде 74 нысан бар еді. Осы нысандардағы пәтерлер сатуға арналған, сондықтан процеске жан бітіру үшін банк несиесінің төмендетілген мөлшерлемесі (10,5 процент) бар арнайы ипотекалық бағдарлама жасалды.

2008 жылы мен маңызы өте зор нұсқау бердім: тұрғын үйге әділ баға белгілеуді тапсырдым. Астанада тұрғын үйдің шаршы метрі – 800 доллардан, Алматыда 1000 доллардан аспауға тиіс екенін мейлінше анық айтып өттім. Менің талабымды орындамаған үй салушылардың банкрот болып қалу қаупі күшейе түсті.

Әрбір нысанның салыну барысын атқарушы билік, прокуратура және қоғам үнемі бақылауда ұстады. Ипотеканы қайта қаржыландырудың арқасында мыңдаған отбасы өз төлемін азайта алды. Мемлекет қолданған шаралар оң нәтиже берді. 2009 жылдың ортасына қарай-ақ үлескерлік құрылысқа қатысушылардың жартысының мәселесі шешілді. Мемлекеттің қолдауымен 35 мың пәтер салынып бітті, оның ішіндегі 13 мыңы – аренда-лық тұрғын үй болды.

Атқарылған шаралардың қорытындысы бойынша, Қазақстан – дағдарыс жағдайынан жол тауып, үлескерлер мәселесін мемлекет өз мойнына алған әлемдегі жалғыз ел болды. Басқаша айтқанда, мемлекет айтарлықтай қаржы ресурсын шығындап, үлескерлік құрылыстың қарапайым қатысушысына көмек қолын созды.

Жұмыспен қамту мен тұрақтылықтың «Жол картасы»

Көптеген компаниялар 2007–2009 жылдары қызметкерлерін қысқарту – шығыннан құтылудың жолы деп есептеп, қатаң үнем режиміне көшті. Консервация желеуімен зауыт, кен орны, шахталар сияқты өндіріс орындарын жабу өңірлерді индустриасыздандыруға әкелуі мүмкін еді. Мұндай жағдай алдағы уақытта өндірістері қала түзуші мәнге ие моноқалаларды толықтай құлдырауға душар ететіні байқалатын. Мен жағдайдың осындай көлеңкелі сипат алуы мүмкін екеніне қатты алаңдадым.

Әлеуметтік жағдай ушығып кетпеу үшін үкімет пен өңір басшыларына қажет жерге «қолмен басқару» тәсілін енгізіп, жаппай жұмыстан шығарудың алдын алуға тікелей нұсқау бердім.

2009 жылдың наурыз айындағы Жолдауда жұмыспен қамту стратегиясы елдің дағдарыстан кейінгі дамуын қамтамасыз ететін басты шарттардың қатарына енгізілді. Жұмыс орындарының жеткіліктілігі үкімет мүшелерінің және әрбір әкімнің экономика орнықтылығын қамтамасыз етуге қабілеттілігін анықтайтын негізгі көрсеткіш болуға тиіс екені атап көрсетілді.

Сол кезде, 2009 жылдың наурызында, үкімет Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясын және іс-қимыл жоспарын – 2009–2010 жылдарға арналған «Жол картасын» жеделдетіп қабылдады. Ұлттық қордан 350 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді.

«Жол картасы» жұмыс орындарын құруға ғана емес, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге де мүмкіндік берді. Қаржы инфрақұрылымдарды жаңғыртуға, мектептер мен ауруханаларды жөндеуге, абаттандыру мен көгалдандыруға жұмсалды. Жергілікті билік жұмыс іздеген азаматтарды осы жобаға қатысуға шақырды.

Сондай-ақ іс-қимыл жоспары жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу мен салуға қатысты қоғамдық жұмысты да қарастырды. 1929–1933 жылдардағы АҚШ-тағы ұлы күйзеліс кезінде Ф.Рузвельт жүргізген «жаңа курстың» баламасы іспетті осы тәжірибе Қазақстанда 2008 жылы басталды. Кешенді шараларды іске асырудың арқасында 350 мыңнан астам қазақстандық жұмыспен қамтылып, жаппай жұмыссыздыққа жол берілген жоқ. Сонымен

бір мезгілде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесі жұмысының тиімділігі артты, әлеуметтік нысандардың жағдайы жақсарды, ал көлік инфрақұрылымы қосымша дамуға мүмкіндік алды.

«Жол картасын» іске асыруды жеке өзім қадағалап отырдым. Бұл дағдарыс кезеңіндегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға да белгілі бір дәрежеде жол ашты.

Дағдарыстан кейінгі даму ұстанымдары

2007–2009 жылдардағы әлемдік дағдарыс Қазақстанның ұдайы алға басуын біршама тежеді. Тежеді, бірақ тоқтатқан жоқ. Кері кетіре де алмады. Қазақстан дағдарысқа қарсы екі жоспарды жүйелі түрде іске асырды. Сол кезде ІЖӨ-нің 14 процентіне тең болған 20 миллиард доллар жаһандық дағдарыстың зардаптарын жоюға жұмсалды. Мемлекет өрлеу жылдарында жинаған беріктік қоры және биліктің барлық деңгейінің бірлігі дағдарыстың кері ықпалын жеңілдетуге және бейтараптандыруға мүмкіндік берді.

2008 жылдың қазанында кейбір елдер банкрот болуға сәл қалғанда, ҚХА сессиясында мен Қазақстанның экономикалық өсім мен әл-ауқатты арттырудың жаңа кеңістігіне шығатынына сенімді екенімді мәлімдедім.

Тұрақты мемлекеттік саясат Қазақстанның дағдарыс салдарын жоя алатынын, одан құнды қорытынды мен өсу жолындағы оң энергия ала алатынын көрсетті.

2007–2009 жылдардағы әлемдік дағдарыс қиындығы жағынан өте ерекше болды, демек, одан шығу жолы да таптаурын болмауға тиіс. Жекелеген елдердің күш-жігері жеткіліксіз болатыны айқын еді.

Әлемдік дағдарыс шырқау шегіне жеткенде, мен әлемдік қаржы реформасы бастамасын ұсындым. 2009 жылдың 2 ақпанында «Дағдарыстан шығу кілті» деп аталатын мақалам жарық көрді. Онда мен жаһандық дағдарысты еңсеру мәселесіне өз ұстанымымды айттым және жаңа есеп айырысу бірлігін енгізу қажет екенін негіздедім.

Менің ойымша, бүгінде елдер мен құрлықтарды тітіретіп тұрған жаһандық әлемдік дағдарыс – бұрын-соңды адамзат баласы көріп-білмеген ерекше құбылыс. Ол әлем тарихында баламасы жоқ, әлемдік тәртіп пен барлық экономикалық тіректерді толықтай өзгертетін құбылыстар тобына жататыны анық. Сондықтан оны сараптау, ой елегінен өткізу және артта қалдыру үшін барлық ескі догмалар мен стереотиптерді қайта қарастыратын ерекше тәсіл керек. Қазір кінәлілерді іздеудің қажеті жоқ. Осынша күшті әлемдік катаклизмді тудырған жүйенің негізгі ақауын анықтауға, ең бастысы, оны то-

лық жоқ қылудың жолын іздеуге күш салу маңыздырақ. Ол үшін біз әлемдік экономиканың, саясаттың және жаһандық қауіпсіздіктің басқаша жасалған, мүлде соны үлгісін құрастыру шебінде тұрғанымызды мойындауға батылымыз жеткені дұрыс. Ескі әлемнің олқылықтарын еңсеріп, Жаңа әлем құру үшін туындап тұрған тамаша мүмкіндікті тиімді пайдалануға, шынында да, бет бұрсақ, басқаша болуы мүмкін емес.

Әлемдегі ақылы кемел жандар дағдарыстан шығудың тәсілдерін іздеуге және тұжырымдауға тырысады. Пікірлердің екі түрі – үстірт және түбегейлі пікірлер ерекшеленіп шыққан секілді. Біріншісі, үстірті – әлемдік валюта-қаржы жүйесін косметикалық жөндеу үлгісін ұсынатын шешімдер мен рецептілер. Екіншісі, түбегейлісі – біздің әлеміміздің «генетикалық» ақауларын тереңнен түзету және радикалды тәсілмен емдеу рецептілері.

Мен ұсынған толықтай жаңару жоспары да – дәл осы әлемдік ақауларды радикалды емдеудің жаһандық рецептісі. Бұл жоспар дағдарыстан кейін жаңарудың жаһандық кілті болуы да өте ықтимал.

2006 жылы Қазақстанның ұлттық экономикасы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарын еңсеріп шыққаны анық көріне бастады.

2009 жылдың мамыр айында Standard&Poor's халықаралық агенттігі Қазақстан рейтингіне қатысты болжамды «тұрақты» дегенге ауыстырды. Біріккен еуразиялық сарапшылар желісі (Joint Eurasian Expert Network) біздің елімізді дағдарысқа қарсы қайрат көрсету рейтингінің алдына шығарды. World Competitiveness Yearbook-тың экономикалық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан орташа дамыған көп елді, сондай-ақ ТМД-ның барлық мемлекетін артқа тастап, 36-орынға тұрақтады.

Қазақстан, көптеген жаңа тәуелсіз мемлекеттерге қарағанда, «минусқа» кеткен жоқ: 2009 жылдың қорытындысында ұлттық экономикада ІЖӨ оң нәтижесін – 1,2 процентті көрсетті, ал инфляция мен жұмыссыздық басқа көп елге қарағанда төмен болып шықты – тиісінше 6,3 және 6,4 процент.

Қазақстан жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығына жоспарланған барлық міндетті шеше алды, ең маңыздысы осы.

Дағдарыстан кейінгі ІЖӨ өсімі Қазақстанда 2010 жылы байқалды – 7,3 процент болды, жұмыссыздық деңгейі 5,5 процентке төмендеді. 2011 жылы да еліміз ІЖӨ-нің орнықты өсімін көрсетті – 7,5 процент.

Мемлекет алғашқы кезде мүмкін емес секілді көрінген нәрсені орындады: дағдарысқа қарсы жоспарды іске асыру арқылы рецессияға жол берген жоқ, елді турбуленттілік иіріміне салып жібермеді, дағдарыстан кейінгі кезеңде өсімді жалғастыруды қамтамасыз етті.

Дәл осы мақсат жаңа онжылдыққа есік ашқан 2010 жылдың 29 қаңтарындағы Жолдауда көрсетілді. Екі күннен кейін, 1 ақпанда Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары бекітілді.

Жаңа индустриаландыру: бағдарлама және бағдар

Күрделі экономикалық жағдай туындаған 1991, 1997 және 2009 жылдарда да – мен алдағы күндерді ойлауға, мұнан кейін болатын оқиғалардың алдын алуға тырыстым. Бар ойым экономиканың келешегі және халықтың әл-ауқатын жақсарту төңірегінде болды. Сондықтан 2009 жылғы Жолдауда дағдарысқа қарсы бағдарлама ғана емес, дағдарыстан кейінгі даму жоспарлары да сөз болады.

Екі айдан кейін, 2009 жылдың мамырындағы «Нұр Отан» партиясының XII съезінде, Үкіметтің ең басты міндеті – жаңа өндіріс орындарын құру және бұрынғы өндіріс орындарын жаңа заманға сай жаңғырту екеніне айрықша тоқталған едім. Шикізат экономикасын әртараптандыруға ешқандай балама жоқ. Елімізге жаңа сипатты өндіріс орындары керек. Тек осындай өндірістерде ғана жұмыс орындары заман талаптарына сай болады, соған байланысты халықтың әл-ауқаты да артады.

Съезде бірқатар нақты күрделі жобалар туралы айттым. Бұлардың бәрі қаржы және кадр ресурстарымен қамтамасыз етілген нақты жобалар болатын. Бұның айналасында осы жобаны іске асыруға қатысатын жүздеген бизнес-құрылымдар жұмыс істейді. Дағдарыстан кейінгі қатаң бәсекеге қарсы тұрып, экономикалық және саяси тәуелсіздігімізді сақтай аламыз ба, жоқ па? Мұның бәрі осы жоспарларды қалай орындайтынымызға байланысты болады.

2020 жылғы стратегиялық жоспардың негізгі өзегі – 2010 жылдың 19 наурызында бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010–2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы» еді.

Жаңа бағдарламаның басты нысанасы – жалпы ішкі өнімді 2008 жылғы деңгеймен салыстырғанда, 50 процентке өсіру, өңдеуші секторда еңбек өнімділігін 50 процентке көтеру, шикізаттық емес экспорт үлесін 40 процентке жеткізу болды.

Ең бастысы – Қазақстан өндірісін жаңғыртуды индустрия мен инновация ажырамас бірлікте болатындай жаңа сапалық деңгейге көтеруді жоспарладық.

2010 жылдың сәуірінде Үкімет республикалық маңызы бар – 101 жобадан және 136 аймақтық жобадан тұратын Индустриаландыру картасын бекітті. Индустриаландыру картасы аймақтық-экономикалық жоспарлаудың сенімді құралына айналды. Карта мемлекетке бизнеспен бірігіп оңтайлы инвестициялық шешім қабылдауға және жеке сектор жобаларын инфрақұрылымды дамытумен ұштастыруға мүмкіндік туғызды.

Біздің табыстарымыз әлемде жоғары бағаланды. Дүние жүзіндегі ең ірі «JP Morgan» инвестициялық банкі төрағасының орынбасары Робин Ренвик 2010 жылдың маусымында былай деп мәлімдеді: «Қазақстанның болашағы жарқын. Өзге елдердей емес, Президент республиканы жаһандық дағдарыстан абыроймен алып шықты. Тұрақтылықты қамтамасыз етті. Ал бүгінде Қазақстанда жеделдетілген индустриаландыру басталды».

7. БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ МОДЕЛІМІЗ – ЫНТЫМАҚ, КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ДИАЛОГ

ҚОҒАМ МЕН САЯСАТ

2000-шы жылдар: жасампаздық пен өркендеу егіз

ҚХА-ның VII сессиясында 2000 жылдың 15 желтоқсанында мен жиналған қауымды болашақ қамын ойлауға үндей келіп, нық сеніммен: «Қазақстан мемлекетін құрдық, енді қазақстандықтар боп бір шаңырақ астына бірігеміз!» – деген едім.

Жаңа ғасырда табыстарға тоқмейілсіп, тоқырап қалуға болмайтыны, мемлекетімізді өркендетіп, Қазақстан қоғамын біріктіре түсу үшін әлі талай істер атқару керек екені айқын еді.

«Бұл залда, – дедім мен өткен жылдар оқиғаларын еске түсіріп, – 1990-шы жылдардағы тіл туралы, азаматтық таңдау еркіндігі жөніндегі талас-тартысқа куә болған талай адам отыр. Бүгінгі күні өмірдің өзі біздің стратегиялық бағдарымыздың дұрыстығына көз жеткізді. Еліміз халқының 99 проценті өздерін Қазақстан азаматтарымыз деп біледі. Бұл – бәріміздің ортақ жеңісіміз. Бұл жеңіске жету үшін талас-тартыс болған шығар, бірақ қантөгіс болған емес».

Шындығында да, өткен онжылдықта біздің, ең алдымен, ойлағанымыз – ынтымақ-бірлік пен азаматтық және қоғамдық келісім болды. Бұл жаңа мемлекет Қазақстан Республикасы аясында орныққан келісім еді. Қазақстанның әр азаматы өзінің тағдыршешті таңдауын жасады. Әйтсе де Тәуелсіздіктің жаңа кезеңінде бұнымен ғана шектеліп қалуға болмайтын. Алға қарай ұмтылу керек еді.

Алда орасан зор жұмыстар күтіп тұрғанын жақсы білдім. Еліміз экономикалық өрлеу сатысына, ауқымды әлеуметтік өзгерістер кезеңіне аяқ басты. Енді жас тәуелсіз мемлекет бүкіл қазақстандықтардың күш-жігерін біріктіруі керек еді. Жай ғана бірігу емес, мақсат бірлігі, іс-қимыл бірлігі, ақыл-ой, тілек бірлігі керек еді.

Ақиқатында солай болды да. Қазақстан халқының, бүкіл отандастарымыздың елдің өсіп-өркендеуіне белсенді атсалысуы 2000 жылдардағы жалпыұлттық бірлікті нығайтудың басты факторына айналды. Жеке тіршілік ететін амал өткен шаққа ауды. Осыдан бастап әр адамның, әр отбасының болашағы бірінші кезекте тұтастай елдің табысына байланысты болады.

2001 жылдың қазанындағы ҚХА-ның VIII сессиясында біздің әрқайсысымыздың жалпы халықтың бір бөлшегі екенімізді сезіну санасының қалыптасып қалғандығын атап көрсеттім. Қазақстанның болашақта бақуатты әрі гүлденген мемлекет болуы үшін, біз ортақ үйімізді жайғастыруға ұмтылдық әрі 2005 жылы ҚХА-ның онжылдығында өткізілген сессияның ұраны «Бірлік жасампаздыққа бастайды» болуы да тегін емес.

Тәуелсіздіктің жаңа кезеңінде қазақстандықтарды ауқымды ортақ іс, әр адамның елдегі экономикалық, әлеуметтік және саяси табыстарға тікелей қатыстылығы, Қазақстанның дамуына деген мақтаныш біріктірді.

Әр үйдегі экономикалық өсім, игілік қазақстандықтардың жалпы еңбегінің нәтижесі болды. Сондай-ақ бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндеті де жалпыұлттық бірігуді нығайтуды талап етті.

Бәсекеге қабілетті ұлт – ынтымақшыл ұлт. Сондықтан мен дәл сол 2006 жылы «егер беделді де бәсекеге қабілетті ел болғымыз келсе, онда біріккен әрі ұйымдасқан ел болуға тиісті екенімізді» нақты атап көрсеттім. Ондай ұлт – ортақ құндылықтарға интеграцияланған, ырғақты тілдік ортасы бар, болашаққа ұмтылған ұлт болуға тиіс.

2000 жылдары Қазақстанда даму мен өсу дәуірінің жалпыұлттық, жалпыхалықтық өрлеуінен туындаған бірлік қалыптасты.

Ұлтаралық келісім мен бірліктің айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуінің айғақтары аз болмайтын. 2008 жылдың қазанындағы әлемдік дағдарыс дауылы Қазақстанды сынға алғанда, мен Астананың салынуы, ғылымдағы жетістіктер, спорттағы жеңістер тәрізді үш сәтті халықтың есіне салдым.

Жалпыұлттық келісімнің қазақстандық моделі

2000 жылдың ең ірі жаһандық оқиғасы – Нью-Йоркте Мыңжылдық саммит болды. 2000 жылдың 8 қыркүйегінде қабылданған БҰҰ-ның мыңжылдық декларациясында этномәдени көпқырлылық – адамзаттың аса құнды жетістігі, сондықтан әлемдік мәдениетті және барлық өркениеттер арасындағы диалогты белсенді түрде ынталандыру керегі атап көрсетілген.

256

Мыңжылдық саммитінде айтылған жайттың бәрі мен үшін жас кезімнен аксиома болатын. Мен кішісі де, үлкені де бар әр істің нәтижесі келісім мен өзара түсіністікке байланысты екенін жақсы білетінмін.

Дегенмен жаһанда келісімнің нағыз жетілдірілген үлгісін қай жерден көруге болады? Ғасырлар тоғысында оны ешкім білмейтін. Әлем қауіпсіздікке төнген қатермен, экстремизмнің және терроризмнің өсуімен жиі

бетпе-бет кездесіп жататын. Мен өз кітабымда осы кезеңді тереңінен ойластырып, оны «Сындарлы он жыл» деп атадым.

Жаһандық тәжірибені жан-жақты талдау барысында бір нәрсеге анық көзім жетті: адамзат этносаралық келісімнің әмбебап формуласын әзірге таба алмапты, сондықтан 2002 жылдың қарашасындағы ҚХА-ның II сессиясында барлық елдер үшін қолайлы, мүлдем дау тудырмайтын ұлтаралық қарым-қатынасты үйлестірудің формуласы жоғын еске салдым. Этностық және тарихи-мәдени ерекшелігіне орай, әр елдің ұлтаралық проблемаларды шешуде өз ұстанымы болуы керек.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында дәл осындай өз ұстанымын тауып, әлемге өз стратегиясын көрсетті, ұлтаралық келісімнің өзіне ғана тән іскерлік үлгісін жасады.

Әрине, мұндай үлгіні жасау уақыт, тұрақты күш-жігер мен ересен еңбекті талап етті, алайда нәтиже сол еңбекке татитын: қиын жағдайда біз байырғы қазақ жерінде тіршілік етіп жатқан барлық азаматтар мен этностардың патриотизміне және азаматтық жауапкершілігіне өзара түсіністігі мен толеранттылығына негізделген айрықша үлгі жасап шығардық. 2003 жылдың желтоқсанындағы ҚХА-ның X сессиясында мен оны этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі есебінде атап көрсеттім.

2008 жылы біздің ұлттық саясатымыз құрылған мынадай 5 базалық қағидатты қалыптастырдым: 1. Этностық, конфессиялық, мәдени, тілдік әртектілік біздің басты байлығымыз саналады. 2. Мемлекет мақсатты түрде Қазақстандағы мәдениеттер мен тілдердің дамуына қажетті барлық жағдайды жасайды. 3. Ұлттың ең маңызды құндылықтары – толеранттылық пен жауапкершілік. 4. Қоғамдағы ұйыстырушы рөл қазақтарға тиесілі. 5. Қазақ халқының бірлігі.

Бақытқа орай, Қазақстан елеулі қателіктерге жол берген жоқ. Біз тәуелсіздіктің бірінші күнінен бастап халықты біріктіруге және этносаралық келісімге мұқият назар аудардық.

Бізге этностық және конфессиялық сипатына қарамастан, қазақстандықтардың нақты тең құқықтылығын заңмен бекітудің және қамтамасыз етудің сәті түсті. Осылайша «ұлтаралық келісімді бұзатын кез келген әрекет конституцияға қарсы деп есептеледі» деп көрсетілген конституциялық қағидаттың сөзсіз орындалуына қол жеткіздік.

ҚХА: конституциялық мәртебе алу

1990 жылдың ортасынан бастап елде өз мазмұнына сәйкес жаңашыл болып есептелетін қоғамдық-саяси құрылым, жалпыұлттық саясаттың, этноса-

ралық үйлесім мен диалогтың басты форумы – Қазақстан халықтары Ассамблеясы жұмыс істеді. Осынау өзекті диалогта және барлық этностық салада орталық, ұлтты ұйыстырушы мәртебесін қазақ халқы иеленуі заңды да.

Мен 2000-шы жылдардың басынан бастап, Ассамблеяға конституциялық мәртебе беруге бекідім және оның уақыты конституциялық реформамен бір кезеңде келуі де қисынды еді.

Осы мәселеге байланысты қоғамдық пікірталастарда әртүрлі пікірлер айтылатын. Экономикалық өсім жағдайында кейбір сарапшылар этносаралық тақырып жабылды, ҚХА өз міндетін орындады және енді «құрметті демалысқа» кетуге болады деп есептеді. Алайда мен «ұлттың жойылуы», «этностардың ассимиляциясы» туралы тұжырымдар кейбір жаңа үлгідегі теоретиктердің қиялы екенін жақсы түсіндім. Шынайы ахуал жаһандық және аймақтық тұрғыда әртүрлі болады. Ұлттық саясат тұрақты да прагматикалық жұмысты талап етеді. Біз тура осы бағытта жұмыс істедік.

Ағымдағы саясат тұрақты диалогтар, елдегі барлық этностық және конфессиялық топтар арасындағы өзара сенімді қарым-қатынастар негізінде құрылды.

Елдегі Негізгі заң реформасынан соң Қазақстан халықтары Ассамблеясының мәртебесі конституциялық деңгейге дейін көтерілді.

2007 жылдың 20 тамызы ҚХА үшін ерекше күн болды. Сол күні Ассамблея тұңғыш рет Парламент Мәжілісіне 9 депутатын сайлады. ҚХА-дан сайланған депутаттардың басынан бастап Ассамблеяның мүддесін елдегі барлық этностардың мүдделерінің жиынтығы ретінде қабылдауы маңызды болатын. Оның үстіне Сенаттағы алты президенттік квота да ҚХА-мен келіскеннен кейін тағайындалатын болды.

Бұрын Қазақстан халықтарының Ассамблеясы деп аталатын бірлестіктің 2007 жылдан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясы деп аталуы қазақстандық этностар бірлігінің символдық көрсеткіші болды. Бірігу жүзеге асты.

2000 жылдары қазақстандық этностардың мәдени ерекшеліктерін сақтауға қажетті қадамдар жасалды. Дамыған этномәдени инфрақұрылым құрылды. Тек 2006–2008 жылдары ғана этностық саланы дамытуға 1,3 миллиард теңге қаржы бөлінді, ол 1998–2000 жылдардағыдан он есе көп болатын. Азаматтық қоғамның маңызды секторы саналатын этномәдени бірлестіктер саны 300-ден 800-ге дейін өсті.

Осылайша, менің 2007 жылдың тамызындағы ҚХА-ның XIII сессиясында «бүкіл әлемді тұрақсыздық, жанжалдар, терактілер мазалап жатқанда Қазақстанда бейбітшілік пен тыныштық салтанат құруда. Бұл – ұлы құн-

дылық және Қазақстанның бұл орайда бүкіл әлемге үлгі көрсетіп отырғанын мақтаныш етемін» деуіме толық негіз қаланды.

Сондай-ақ 2007 жылдың тамызында ҚХА туралы заңның шығуына бастамашы болдым. Ассамблеяның конституциялық мәртебеге ие болуымен аталмыш мәселе пісіп-жетілген болатын. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң 2008 жылдың қазанында қабылданды. Осының бәрінің арқасында ҚХА – елдегі саяси және қоғамдық өмірдің толыққанды субъектісі болды.

Біздің ашық, жалғастық әрекеттеріміз бен халықтың қолдауының арқасында құрылған жалпыұлттық келісімнің қазақстандық үлгісі жұмыс істеді және дамыды. Жаңа ғасырдың басында этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі әлемнің көптеген елдері үшін тартымды әрі пайдалы бола алатын қазақстандық жаңалық деп танылды.

2002 жылдың қазанында БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстанды әлемнің басқа елдері үшін тұрақтылық пен дамудың үлгісі деп атады. Соңынан мұндай бағалаулар бірнеше рет айтылды. БҰҰ, ЕҚЫҰ, Еуропалық Кеңес сияқты шешуші халықаралық ұйымдар қазақстандық үлгінің құндылығын мойындап, оның тиімділігін жоғары бағалады. Сыни онжылдық – Қазақстан халқы үшін жалпыұлттық бірліктің, келісім мен дамудың онжылдығы болды.

Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекет: өзара әрекеттестіктің жаңа үлгісі

Жаңа онжылдық азаматтық қоғамның белсенді даму уақытына айналды. 2000 жылдың қазан айындағы халыққа Жолдауымда мен Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың рөлі зор екенін, сондықтан әлеуметтік маңызды жобаларды қолдау қажеттігін атап өттім. Бұл мемлекеттің қоғамдық секторға бет бұрғанын білдіретін азаматтық қоғамға жолданған ишара еді.

2000-шы жылдардың басы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі үшін өте қызу болды. Ішкі тұрақтылығымызды бұзуға дайын саяси радикалдар да табылды. Халық алдындағы зор жауапкершілігімізді түсіне отырып, біз оған жол бермеуге тиіс болдық. Сондықтан 2002 жылдың қараша айында ҚХА-ның ІХ сессиясында сөйлеген сөзімде мен Қазақстандағы бейбітшілік пен келісім – мемлекет, қоғам, барлық мемлекеттік органдар, партиялар, қоғамдық бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, қазақстандық әрбір азамат атқарған жанкешті еңбектің нәтижесі екенін атап айттым. Түрлі қоғамдық күштердің өзара түсіністігіне жол ашатын Азаматтық қоғамды де-

мократияландыру және дамыту жөніндегі кеңес құру туралы шешім қабылдадым.

Демократияландыру және либералдандыру бағытының арқасында кейінгі жылдар мемлекет пен барлық конструктивті қоғамдық-саяси, азаматтық күштердің қарқынды жалпыұлттық саяси диалогы жағдайында өтті. Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасы іске асырылды. 2003 жылы ҰЕҰ жобаларының бірінші байқауы өтті. Оның қорытындысы бойынша мемлекет үздік жиырма жаңалықты қаржыландырды. 2005 жылдың сәуір айында «Үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» заң күшіне енді. 2007 жылы 70 жобаға қолдау көрсетілді.

2006 жылдың маусым айында Демократиялық реформалар бағдарламасын жасау және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жиналысында мен тағы бір маңызды мәселе азаматтық қоғам институттарын дамытуға қатысты екенін атап өттім. Азаматтық қоғам дегеніміз – жемқорлық пен бюрократияға қарсы «азаматтық қорғаныс». Сондықтан мемлекет ҰЕҰ мен басқа да қоғамдық институттарды қолдауға мүдделі болуға тиіс. Бірақ олардың жұмыс үлгісінің «қалай құрылады, қалай тіркеледі, қалай жұмыс істейді?» делінетін нақты құқықтық негіздері анықталуы тиіс. Бұл, әсіресе шетелдік үкіметтік емес ұйымдарға қатысты.

Біз – ашық қоғамбыз. Ешкімді ештеңеден шектемейміз, жауап ретінде бәрінің Қазақстан Конституциясы мен біздің заңдар аясында жұмыс істеуін сұраймыз. Бұл – кез келген демократиялық мемлекеттің қалыпты талабы. Егер заң жеткіліксіз болса, оны жасап шығару қажет. ҰЕҰ заң аясында жұмыс істеуге тиіс. Бұл – біздің мемлекетіміздің тыныштығы және әрі қарай дамуының қажеттігі мен талабы. «Үшінші сектордың» шетелдік «демеушілерге» тәуелді болмағаны маңызды. Бастапқы кезде бізде үкіметтік емес ұйымдар түрлі халықаралық қорлармен клиенттік қатынас жасасып алды. Олар алып жатқан ресурстардың, шынында да, ұлттық мүддемізге бағытталып жатқанына үнемі кепіл бола алмайтын едік. Сондықтан біздің заңымызды бұзатын кез келген әрекеттің алдын алатынымызды мен анықта нақты ескерттім.

260

Мемлекет азаматтық қоғам институттарын жасанды түрде көбейте алмайды, олардың дамуы үшін қолайлы жағдай ғана тудыра алады. Сондықтан біздің мақсатымыз – мемлекет пен ҰЕҰ арасында шынайы әріптестік үшін жағдай тудыру.

Республикалық және өңірлік деңгейлерде тұрақты түрде өткізілген Азаматтық форумдар қоғамдық өміріміздің маңызды оқиғасына айналды. 2003 жылдың қазан айында өткен I Азаматтық форум мемлекет пен үкіметтік

емес ұйымдар арасындағы әріптестік қарым-қатынасқа серпін берді. 2004 жылдың маусым айындағы «Отан» партиясының VII съезінде мен реформа жылдарында адамдардың азаматтық бастамаларын нығайта түскенімізді атап өттім. Бұл кезде елімізде 4,5 мыңнан астам ҮЕҰ бар еді. Азаматтық форум аясында «үшінші сектор» мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың жаңа моделі пайда болды.

2005 жылдың қыркүйек айында II Азаматтық форумда үкіметтік емес ұйымдардың Азаматтық альянсы құрылды. ҮЕҰ Ұлттық ақпараттық ресурс орталығы ашылды. Қоғамдық-саяси диалог жалғаса түсті, соның нәтижесінде 2006–2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы дүниеге келді.

Азаматтық қоғамды дамытпасақ, саяси либералдандыру процестері алға баспайтынын мен жақсы түсіндім. Сондықтан 2006 жылдың мамырында Парламентке конституциялық реформалар жиынтығын ұсына отырып, азаматтық қоғам институттарын қолдауға баса назар аудардым.

2007, 2009 жылдары III және IV Азаматтық форумдар өткізілді. Мемлекеттік органдар басшыларының азаматтық қоғам алдындағы жария есебі тәжірибеге енгізілді. 2011 жылдың қазан айында өткен V Азаматтық форумда тәуелсіздіктің жиырма жылындағы «үшінші сектордың» дамуы туралы ұлттық баяндама қабылданды. 2006–2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы іске асырылды.

Бұл кезеңде демократиялық институттар нығайып, үкіметтік емес ұйымдардың дамуына қолайды жағдай жасалды. Дәл осы кезде Адам құқықтары жөніндегі өкілетті өкіл – омбудсмен қоғамдық институты құрылды, ал Қазақстан адам құқықтары жөніндегі халықаралық шартқа қосылды.

Жаңа сапалы жалпыұлттық диалог алаңдары өмірге келді. Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы осы алаңдар жұмысының негізгі қорытындысы болды. Осының барлығы демократиялық өзгерістерге жаңа серпін берді.

Бұқаралық ақпарат құралдары: құқықтары мен жауапкершілігі

261

2000 жылдары Қазақстан қоғамында БАҚ рөлі күрт өсе түсті. Сондықтан ақпарат кеңістігін дамытудың жаңа бағыты жөніндегі мәселе саяси реформалар бағдарламаларының басым бағыттарының біріне айналды. Қоғам мен БАҚ-тың, билік пен журналистердің ортақ жауапкершілігі жөніндегі мәселе де ерекше маңызды еді.

Ақпарат саласының дамуы БАҚ-тың, әсіресе жеке ақпарат құралдарының саны жылдам өсуімен де ерекшеленді. Бұл демократияландыру мен либералдандыруға жалпы бет бұрғанымызды анық байқатты. 2001 жылы Қазақстанда 1,4 мың БАҚ тіркелсе, 2007 жылы олардың саны 7 мыңнан (79 проценті – мемлекеттік емес, 21 проценті – мемлекеттік) асты. Қоғамдық-саяси және экономикалық үдерістердің факторы ретінде БАҚ рөлінің артуы медиатоптардың пайда болуына жол ашты.

2001 жылы мерзімдік басылымдар қосымша құн салығынан босатылды, ал телерадиокомпаниялардың өз өніміне салық нөлдік мөлшерлеменен салынды. Десек те шетелдік өнімді ретрансляциялауға шек қойылды. Мұның бәрі отандық телевидениенің дамуына серпін берді, ақпарат нарығына оң әсер етті.

2003 жылдың ақпанында журналистердің II конгресінде БАҚ туралы жаңа заңның жобасы таныстырылды, алайда жоба медиақоғамдастық тарапынан сынға ұшырады. Өйткені жоба бойынша Ақпарат министрлігінің ықпалы және БАҚ-тың меншік иелеріне тәуелділігі арта түсетін еді.

Мәжілісте де БАҚ туралы заң жобасы түрлі пікірге арқау болды. Келісім комиссиясы құрылды. Содан кейін «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң жобасын Парламент мақұлдап, маған қол қоюға жіберді. Мен оны Конституциялық кеңеске жолдау туралы шешім қабылдадым. Конституциялық кеңес 2004 жылдың сәуір айында құжатты конституциялық нормаларға сай емес деп таныды. Бұдан кейін мен заң жобасына вето қойдым. Осы қадам билік пен БАҚ арасындағы оң диалогты жаңа деңгейге көтеруге серпін берді.

Мен қашанда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі арта түсуін, БАҚ-тың редакциялық саясатының тәуелсіз болуын кепілдендіруді жақтадым. Бұл принциптер 2007 жылғы Конституциялық реформаның бір міндеті ретінде көрсетілді. Сөйте тұра, мен баспасөздің қоғам алдында өз жауапкершілігін сезініп, тек құқықтық негізде әрекет етуге тиіс екеніне сенімдімін.

Осы принциптердің өмірге кірігуі БАҚ туралы қолданыстағы заңға өзгерістер енгізуге жол ашты. Алауыздық тудырушы БАҚ қызметі шектелді, «Хабар» агенттігін мемлекеттік бақылау қалпына келтірілді.

262

Безендірілуі жағынан да, мазмұны жөнінен де ерекше, қызықты, бағыты әртүрлі басылымдар пайда болды. «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Караван», «Время», «Жас Алаш», «Ана тілі» газеттері бұрынғысынша танымал қалпынан төмендеген жоқ. Телекөрсермендер арасында «реалити-шоулар» кеңінен танымал бола бастады.

Интернет саласы ерекше дүмпуді бастан кешірді. Жеке интернет-БАҚ пайда бола бастады. Бүкіләлемдік желінің Қазақстандағы қолданушылары-

ның саны 2 миллион адамнан асты. Қазақстандықтар интернеттен жаңалықтар мен кітап оқып, музыка тыңдап, фильмдер көре бастады. Қазақстандық беделді блогерлер бой көрсетті.

Дегенмен бүкіләлемдік желі жағымсыз нәрселерді де аз әкелген жоқ. Көптеген ресурстар тексерілмеген, жалған, алауыздық тудырушы ақпараттарды жариялады. Өз есімін жасырған аноним қолданушылардың комментарийлерінде түрлі жанжалдың отына май құятын, әдептілік пен төзімділік талаптарынан алыс арандатушы пікірталастар аз болған жоқ.

Интернет-ресурстардың құқықтық алаңнан тыс қала бермейтіні анық еді. 2009 жылдың шілде айында олар БАҚ-пен теңестірілді және соған тән жауапкершілікке ие болды.

Тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық ұстанымдарын нығайта түсу жолында 2002 жылдан бері Алматыда Д. Назарбаеваның басшылығымен жыл сайын өтіп келе жатқан Еуразиялық медиафорум да ерекше маңызды болды. 2012 жылы өткен мерейлі X Еуразиялық медиафорумнан бастап Астана оның алаңына айналды. Үздік сарапшылар мен журналистерге дәстүрлі түрде сөз ұсынатын Еуразиялық медиафорум Қазақстанның жаһандық кеңістіктегі медиатұғырын нығайтудың маңызды факторы бола білді.

Осы кезеңдегі қазақстандық БАҚ-тың даму нәтижесін мейлінше оң бағалауға болады. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік саясатты тарату мен қоғамдық пікір қалыптастырудың маңызды арнасына айналды. Журналистердің қоғамдық бірлестіктері мен ел Президенті жанындағы бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі қоғамдық кеңес билік пен БАҚ арасындағы диалогта көшбасшылық орынға шықты.

Жалпы алғанда, ХХІ ғасырдың басы ақпарат саласы үшін оңтайлы уақыт болды. Бұл кезеңнің басты қорытындысы – әлемдік және аймақтық ақпарат кеңістігімен өзара ықпалдас ұлттық кеңістігімізді қалыптастыра алғанымыз.

Қазақстандықтардың әл-ауқатының артуы

Саяси тұрақтылық пен экономикалық өсім халықтың әл-ауқатының жақсаруына жол ашты.

Тұрғындар өміріндегі оң өзгерістер тұтыну құрылымына тікелей әсер етті. Азық-түліктен басқа тауарларға шығын бөлігі 1999 жылғы 20 проценттен 2007 жылы 30 процентке дейін өсті, ал азық-түлік тауарларына, керісінше, 50-ден 40 процентке дейін төмендеді. 1990 жылдардағыдай, тек күнделікті нан тауып жеуге мұқтаждық бірте-бірте азая берді.

Жүз мыңдаған қазақстандық азамат өздерінің тұрғын жайын жақсартып, тұрмысын түзеуге, киім-кешегін жаңалауға, автомобиль сатып алуға мүмкіндік алды, жиған-тергенін банкте жинап, шетелдерде демала бастады. Жеке адамдардың жалпы сомасы 1 миллиард долларға тең депозиті әл-ауқаттың артқанын күмәнсіз айшықтады. Елдегі орта таптың өсіп, қанат жайып келе жатқаны айқын еді.

Жерорта теңізінің жағалауы, түрік шипажайлары, Біріккен Араб Әмірліктері, Оңтүстік-Шығыс Азияның аралдары еліміздің ондаған мың азаматы барып демалатын танымал демалыс орнына айналды. Еуропа қалалары бойынша мәдени туризм де кеңейе түсті.

Қазақстан деген ел атауы шетелдердің барлығында оң пікір тудыра бастады. Шетке шығып, ел жайлы жоғары баға естіген қазақстандықтар өз Отаны үшін мақтаныш сезіміне бөленді.

Елде адамдар өз демалысын рақаттана өткізетін көптеген ойын-сауық орталықтары, жаттығу залдары, демалыс бақтары, кафе, мейрамханалар, кинотеатрлар ашылды. Ішкі туризм дамыды. Бурабай, Балқаш, Қапшағай, Алтай, Баянауыл, Каспий теңізінің жағалауы сияқты демалыс орындары ерекше танымалдыққа ие болды. 2000–2007 жылдар аралығында шипажайлар, қонақүйлер, мотельдер саны үш есе өсті.

Әлемнің әр еліндегі қоғамдық пікірді зерттей отырып, «Еуробарометр» ұйымы 2006 жылы Қазақстандағы өмірге ризашылық көрсеткіші – ТМД-дағы ең жоғары және Еуроодақ көрсеткіштеріне жақын екенін атап өтті.

Ғасыр басында қазақстандықтардың әлеуметтік-психологиялық жағдайы, өздерін бақытты сезінуі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жақсара түсті.

Әлеуметтік ахуал, демография және отандастардың оралуы

264

Қазақстан халқының қоғамдық келісімі мен бірлігі әлеуметтік көңіл күйдің жақсаруында маңызды рөл атқарды. Адамдардың санасында Қазақстан халқының құрамына кіретін этностарды сыртқы «диаспоралар» деп санайтын бұрынғы таным-түсінік өзгере бастады. 2006 жылдың қазан айында Корея Республикасының премьер-министрі Хан Мён Сукпен арадағы әңгімеміз мені ерекше сезімге бөледі. Кездесу кезінде премьер-министр Қазақстандағы корейлерді қолдағанымыз үшін маған алғыс айтты. Бұған мен: «Алғыс айтудың қажеті жоқ, өйткені олар – «біздің қандас бауырларымыз», – деп жауап бердім.

Осы сөзді мен барлық жерде – Ресейде, Германияда, Израильде жоғары деңгейлі кездесулер барысында қайталадым. Өйткені барша қазақстандықтар – отандастар, өз азаматтарының өмірі мен өркендеуіне тең мүмкіндік беретін ортақ Отанның – Қазақстан Республикасының азаматтары.

Қазақстандағы өмірдің едәуір жақсарғанын демографиялық және миграциялық үдерістер де айқындады. Әл-ауқаттың артуы және денсаулық сақтау саласындағы оң өзгерістер бала туу мен тұрғындар санының артуына да тікелей әсер етті. Бала туу көрсеткіші Қазақстанда жақсы өсім байқатты: 1998 жылмен салыстырғанда елде 2010 жылы сәбилердің дүниеге келу көрсеткіші 63 процентке өсті.

2005 жылы халықтың табиғи өсімі (өлім-жітіммен салыстырғанда бала туудың көп болуы) 121 мың адамға жетті. 1998 жылы табиғи өсім мың адамға шаққанда 4 адам болса, 2010 жылы 13 адамға жетті. Осылайша халықтың әл-ауқатының негізгі демографиялық көрсеткіші – тұрғындардың табиғи өсімі – 2000 жылдарда үш еседен артық ұлғайды. 2003 жылы Қазақстанда өте маңызды демографиялық ілгерілеу болды: тұрғындар санының көбеюі басталды.

2009 жылдың ақпан-наурыз айларында екінші ұлттық халық санағы өткізілді. Қазақстан халқының саны 16 миллион адам болды. 1999 жылғы санақпен салыстырғанда халық санының өсімі миллион адамға жетті. Қалалықтар үлесі – 54 процент, ауыл тұрғындарынікі 46 процент болды.

Қазақ ұлты заңды түрде көбейе бастады: 2005 жылы республикада оның үлесі 57 процент болса, 2010 жылы 63 процентке жетті. Өсімнің оң динамикасы кейінгі жылдары да жалғасты. 2010 жылы Қазақстанда 10 миллионыншы қазақ дүние есігін ашты.

Қазақстанның көші-қон мәселесінде тартымды елге айналуы өте маңызды. Халықтың келуі кетуінен артық бола бастады. 2004 жылы алғаш рет келген адамдардың саны кеткендер санынан асып түсті.

Қазақстанға қоныс аударудың оң балансы одан кейін де сақталды. Бұл ішкі тұрақтылыққа, этносаралық келісімге, экономикалық өсімге және өмір сүру деңгейінің көтерілуіне байланысты екені даусыз.

2008–2009 жылдардағы дағдарыс кезінде де көші-қон теңгерімі оң болып қала берді. Мұның себебі әлеуметтік-психологиялық жағдайдың 1990 жылдардағыдан мүлде бөлек болуынан екені даусыз. Қазақстанда халық біздің елді жасампаздықпен дамыту стратегиямыздың айналасына шынайы топтасқаны байқалды.

Жаңа онжылдықта шетелдерде тұратын сан мың қазақтың үмітін үкілеген көші-қон саясаты белсенді түрде жалғаса берді. Біз отандастарымыздың оралуына бұрынғыдан да көп көңіл бөле бастадық.

2007 жылы Шымкент, Қарағанды, Ақтау қалаларында және Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақсукеңт ауылында Бейімдеу және кіріктіру орталықтары ашылды. Қандастарымыздың тез бейімделуін және ішкі көші-қонды реттеу үшін 2008 жылы Үкімет 2009–2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекітті.

2012 жылға қарай Қазақстанға, тарихи Отанына 860 мыңнан астам қазақ қоныс аударды. Олардың басым бөлігі Өзбекстаннан, Моңғолиядан, Қытайдан және Түрікменстаннан келді.

Сондай-ақ Қазақстанға бұрын Ресейге, Украинаға, Германияға тұрақты түрде қоныс аударған отандастарымыз да орала бастады. 2011 жылы ҚХА-ның XVII сессиясында мен Қазақстанның табыстары шетелдердегі отандастарымыздың назарында жүретінін айтып: «Өзін әлі күнге қазақстандықпын деп сезініп жүрген адамдар мыңдап саналады. Олар үшін біздің жолымыз бен есігіміз әрқашан ашық» дедім.

Осы сөздер Қазақстанның – ашық, өз күшіне сенімді мемлекет екенін нықтай түсті.

Қазақ жеріндегі қауышулар: әлем дінбасыларының басқосуы

2000 жылдары Қазақстанға әлемдік ірі конфессиялар басшылары бірнеше рет келіп қайтты. Бұл олардың Қазақстан халқына құрметін және біздің конфессияаралық келісім үлгіміздің тиімділігін мойындауын білдірсе керек.

2001 жылдың 22–25 қыркүйегінде Астанаға Рим католик шіркеуінің басшысы, католик әлемінің рухани көшбасшысы – Рим Папасы II Иоанн Павелдің келуі ел өміріндегі маңызды оқиға болды. 11 қыркүйекте АҚШ-тағы лаңкестер соққысынан бүкіл әлем қалтырап кеткенін, оның мұсылмандарды жеккөрушілік толқынын тудырғанын ескерсек, христиан-католиктер көшбасшысының келуі ерекше маңызға ие болды.

266

Бұл понтификтің Еуразия құрлығының Азия бөлігіне бірінші сапары еді, сондықтан әлемде үлкен резонанс тудырды. Қазақстанның жас астанасына мыңдаған тәуетуші келді. Аз уақыт бұрын ғана елорда мәртебесін иеленген Астана осынау жауапты шараны абыроймен өткізді.

Мен Қазақстанның барша халқы атынан, әлемдегі беймаза жағдайға қарамастан, Астанаға ат басын бұрып, адамзатты ислам фобиясынан сақтандырғаны үшін Рим Папасына ризашылық білдірдім.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде сөз алған Ватикан басшысы университеттің Еуразиялық деп аталуының өзі ұлы елге

тән миссияны – Еуропа мен Азия арасындағы, мәдениеттер мен дәстүрлер арасындағы байланыс миссиясын танытатынын айтты. Рим Папасы Қазақстанды «кездесу, алмасу және жаңалық мекені» деп қабылдады. Ол Қазақстанда қол жеткізілген келісім «барлық адамдарды бейбітқатар өмір сүруге шақырудың айқын белгісі ретінде бүкіл әлемге көрсетіле алатынын» ерекше атап өтті.

Жеке кездескенімізде понтифик маған шын жүректен: «Мен Қазақстан тәуелсіздігінің мығым болғанын тілеймін. Осы мығымдық өмірдің барлық саласына – экономикаға да, мәдениетке де, саясатқа да тән болсын», – дегені есімде. Понтификтің бұл сөзін мен көпті көрген, біздің әлемімізді жақсарту түсу жолында бірегей үлес қосқан ұлы адамның өз халқым үшін бұдан әрі де аянбай еңбек етуіме берген батасы деп қабылдадым.

2000 жылдары Астанаға Бүкіләлемдік Ислам лигасының Бас хатшысы Шейх Абдалла бен Әбдел Мұхсин ат-Түрки бірнеше рет келді. Бұл сапарлар Қазақстанның ислам әлемімен етене байланыста екенін айқындай түсті.

Бүкіләлемдік Ислам лигасы Бас хатшысының дінаралық диалог пен әлемдік діндерді ұстанушылар арасындағы ортақ сыйластықты дамыту мәселесіндегі біздің еңбегімізді үнемі жоғары бағалап, қолдап отырғанын айта кеткеніміз жөн.

2010 жылдың қаңтарында Астанаға Орыс Православ шіркеуінің басшысы Патриарх Кирилл алғаш рет келіп, жаңа Қасиетті Успен соборын дәріптеді. Содан кейін ол Алматы халқымен кездесу өткізді, Гвардияшыл-панфиловшылар паркіндегі Даңқ мемориалына гүлдесте қойды. Кездесуіміздің соңында Патриарх: «Қазақстан оның еңбексүйгіш және бейбіт халқы, Президенті мен елдің болашағы үшін оған үлкен жауапкершілік жүктеген барлық адамдар Жаратушының ықылысына бөленсін», – деді қоштасып тұрып.

Дінаралық келісім мен диалог

2010 жылдың басына қарай Қазақстанда 10 конфессия мен деноминация, 4,4 мың діни бірлестік жұмыс істеп тұрды. 3,3 мыңнан астам діни ғимарат – мешіттер, ғибадатханалар, костелдер, синагогалар және т.б ашылды.

Елдегі конфессияаралық келісім, сондай-ақ Діни көшбасшылар съезін өткізуіміз жаһандық дінаралық диалогтың жоғары рухани маңызын халқымыздың жете түсінгенін құжат түрінде растады.

Конфессияаралық диалогты жүзеге асыру үшін Қазақстанда әмбебап алаңқай жасау жолындағы мақсатты іс-әрекетіміз елімізде дінаралық бей-

бітшілік пен келісімді сақтауымызға мүмкіндік берді. Біз барлық дәстүрлі діни ұйымдар мен бірлестіктер өкілдерін қолдаймыз және байланыста дамыта береміз. Арнайы осы үшін 2000 жылы ел үкіметі жанынан Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңес құрылды. Саяси, ұлтаралық және конфессияаралық диалогтарда араағайындыққа жүру Қазақстанның ішкі ғана емес, сыртқы саясатында да басым бағытқа айналды. Сыртқы саяси қызметтегі бұл бағыт еліміздің әлемдік қоғамдастыққа кірігуіне және Қазақстанның әлемдік аренада беделі арта түсуіне көп үлес қосатыны сөзсіз.

Біздің ел дін мен өркениет диалогы бағытындағы маңызды халықаралық бітімгерлік жобалардың бірнешеуіне бастамашы болды.

2002 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының IX сессиясында сөйлеген сөзімде Еуразия конфессияаралық бейбітшілік пен келісім хартиясын қабылдау идеясын жария еттім. Осы үндеуімді құрлықтағы барлық конфессия өкілдеріне арнап айттым.

Қазақстанның жаһандық бітімгерлігі дінаралық келісім бастамасында, сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінде ерекше байқалды. Съезд өткізу идеясын мен 2003 жылы Ватиканға барған сапарымда II Иоанн Павелмен талқылаған едім. Бұл бастаманың принципті жаңашылдығы дінаралық форум өткізуді бірінші рет негізінен мұсылмандар мекен ететін ел президентінің ұсынуында еді. Бүкіл әлемнің христиан-католиктерінің рухани көшбасшылары қолдау білдіріп, басталған іске батасын берді. Дінаралық съезд идеясын көптеген белгілі әлемдік саясаткерлер де оң бағалады. Олардың ішінде мен көп жылдар бойы жемісті қарым-қатынас жасаған – үлкен Дж. Буш, М. Тэтчер, Цзян Цзэминь, К. Аннан, Н. Мандела, С. Демирел, М. Мохаммад және басқа да көптеген саясаткерлер болды.

XXI ғасырдың бірінші онжылдығында – 2003, 2006 және 2009 жылдары Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үш съезі өткізілді.

2003 жылдың 23–24 қыркүйегінде Астанада I Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі өтті. Қазақстан орындалуы неғайбыл нәрсені жүзеге асырды – дөңгелек үстел басына әлемдік ірі конфессия өкілдерін бетпе-бет жинады. Бұл бастамашы және рухтандырушы болу бақыты маған бұйырған қалыптан тыс, форматы мен мәні жөнінен бірегей, шынында да ғаламдық деңгейдегі оқиға болды.

Форумға ислам, христиандық, буддизм, иудаизм, индуизм, синтоизм, даосизм және басқа конфессиялардың жоғары деңгейдегі өкілдері қатысты. Негізгі әлемдік діндер көшбасшылары тарихта бірінші рет бас қосып қана қоймай, конфессияаралық диалог халықтар мен ұлттар арасындағы

бейбітшілік пен келісімді қолдаудың маңызды құралы ретінде қарастырылатын декларацияны бірлесіп қабылдады. Съезді тұрақты түрде, үш жылда бір рет өткізіп тұру келісілді.

Сол кезде, 2003 жылы, диалогтың маңыздылығы жайлы әл-Азһар университетінің Бас имамы, Шейх Мұхаммад Саид Тантауи: «Жағымды диалог, әйгілей айтайын, жағымды және пайдалы диалог ақиқатқа сүйеніп, өтіріктен аулақ болуға тиіс. Біз жақтастарымызбен де, тіпті бізді жақсы көрмеуі мүмкін қарсыластарымызбен де әңгіме жүргізе алуымыз қажет», – деген еді.

2006 жылдың қыркүйегінде Астанада, съезд өткізуге арнайы тұрғызылған Бейбітшілік және келісім сарайында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II кездесуі өтті. Оған әлемнің 26 елінен 29 діни делегация қатысты. Съезд «Дінаралық диалог принципін» және қақтығыстарды болдырмауға шақыру Декларациясын қабылдады.

2009 жылдың маусым айында Астанада әлемнің 35 елінен келген 77 делегацияның қатысуымен III Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтті. Әлемдік қоғамдастықты шынайы дінаралық диалог орнату үшін діни көшбасшылардың күш-жігерін қолдауға ықпал етуге шақырған үндеу қабылданды. Мен Астанадағы съездер дінаралық қақтығыстар қаупін артта қалдыру және жаһандық рухани келісімді нығайту жолындағы біздің шынайы үлесіміз болғанына сенімдімін. Өз жерінде түрлі діндердің бейбіт-қатар өмір сүруіне және олардың диалогына жағдай туғызған Қазақстан осы форумға ерекше лайық алаң бола білді. Біз Қазақстандағы барлық конфессияға қажетті назар аудардық. Өйткені ішкі конфессияаралық келісім – жалпыұлттық келісімнің бір тірегі екеніне сенімім зор.

Мен әлемдік конфессиялар көшбасшыларын бір үстел басына жинаудың жекелеген діни ілімдерді мансұқтауға қарсы күшті құрал болатынын жақсы түсіндім. Съезге қатысушылардың діни сенім мен дін ұстанудың әр алуандығы ортақ күдік-күмәнға, кемсітушілікке және қорлауға емес, әрбір дін мен мәдениеттің бірегейлігін жарқырата көрсететін ортақ түсінік пен үйлесімге жетелеуі қажеттігін бірауыздан қолдауы да ерекше маңызды еді.

2003 жылы Алматыда Қазақстандағы бірінші ислам жоғары оқу орны – «Нұр» Қазақ-Египет ислам университетінің ашылуы айрықша оқиға болды. Жыл өткен сайын қажылыққа – барлық мұсылман үшін қасиетті Мекке, Медина қалаларына зиярат етуге қазақстандық мұсылмандар арасынан аттанушылар саны да көбейді. Ел аумағында жаңа мешіттер мен ғибадатханалар салынды.

Қазақстандықтардың басым көпшілігі ұстанатын екі ірі дінге – ислам мен христиандыққа құрмет ретінде 2005 жылы мен мұсылмандардың Құрбан

айт мейрамын және православтардың Рождество мерекесін мерекелік демалыс күндері деп жариялау мәселесін көтердім. Діндерге құрмет көрсететін әділ шешімді қазақстандықтар қуана қолдады.

2006 жылы «Мұсылман әлемі және Батыс» конференциясын өткізу туралы идеямды батыстың және мұсылман әлемінің бірқатар көшбасшыларымен бөліскенім есіме түседі. Мұндай байсалды әңгімесіз көптеген әлемдік мәселені шешу мүмкін емес деп санаймын.

Лондонда мен осы тақырыпты Ұлыбритания премьер-министрі Тони Блэрмен талқылады. Шынын айтқанда, оның осы шетін мәселеге қатысты ұстанымы жайлы өз пікірімді аздап өзгерттім. Біріншіден, ол қазіргі келіспеушіліктің түпкі мәнін терең түсінеді. Қайнар көзін соңғы жүзжылдықтың қойнауынан алатын Британия шығыстану мектебі саясатпен және барлаумен жиі жымдасып кетті емес пе? Мен бұл саладан Блэрдің жай ғана хабардар емес екенін, сараптамалық түрде жетілдірген білімі барын анық сездім. Екіншіден, Блэр экстремизм мен дінді дәл ажыратты. Оның исламға деген құрметіне еш күмәнім қалған жоқ. Көп саясаткерге қарағанда, жағдайды әншейін қабылдай салмайды. Ол әрекет еткенді жақсы көреді.

Т.Блэр маған: «Осындай диалог қажет. Бірақ оны мен бастасам, Сіз бастағандай қабылданбайды. Бұл бағыттағы жұмыстың өзі өте пайдалы. Кез келген қадам, кез келген әрекет тек қолдау табады», – деп ашығын айтты. Біз дұрыс бағытқа бет түзедік деп ойлаймын. Бүгінде саясаткерлердің басым бөлігі осындай әңгімелесудің қажет екенін жете сезінді.

2008 жылдың 17 қазанында Астанада біз сондай бірінші конференцияны Еуропа және мұсылман елдерінің бірнеше ондаған сыртқы істер министрінің қатысуымен «Ортақ әлем: Әралуандық арқылы ілгерілеу» тақырыбында өткіздік. Негізгі мәселе – ислам әлемі мен Батыстың қарым-қатынасы.

Сол жиында мен сыртқы істер министрлеріне ЕҚЫҰ төрағалығы қарсаңында біз Еуропа елдерімен экономикалық, саяси және мәдени өлшемдерде өзара кең әрекеттестік бойынша нақты міндеттер қойылған «Еуропаға жол» арнайы бағдарламасын қабылдағанымызды айттым. Сонымен бірге Қазақстан негізінен мұсылман халқы тұратын зайырлы мемлекет ретінде Ислам әлемі мемлекеттерінің негізгі трансформациялық жолын анықтайтын Ислам ынтымақтастығы ұйымының онжылдық бағдарламасын ұстанды. Адамзаттың үш ұлы өркениетінің – христиандық, мұсылмандық және буддистік әлемнің тоғысында географиялық тұрғыда орын тебе отырып, біз ғасырлар бойы осы ұлы тәжірибені сіңірдік. Біз Шығыстың даналығы мен

дәстүрінің Батыстың ғылыми және мәдени жетістіктерімен синтезін беретін зор артықшылықтарды анық байқадық.

Дегенмен соңғы кездері халықаралық саясат өзінің көптеген көрінісінде «қорқыныш идеологиясы» ретінде сипаттала бастағанын аңғармай қалуға болмайды. Тіпті кейбір «аузы жеңіл ағайындар» ислам мен христиандықтың бітіспес майданға түскенін айта бастады. Орта ғасырлардағыдай, «мұсылмандар – батыс өркениетіне төнген қауіп, ал христиандық әлем ислам елдеріне қатысты жаңа колониалистік қарымта қайтару аңсарына көзсіз бой ұрған» дегенге саятын идеяларды адамдарға күштеп таңғылары келеді. Мұндай жалған ой-пікірді мейлінше қатты айыптауға тиіспіз! Бұл Батыстағы «ислам фобиясына» да, Шығыстағы «батыс фобиясына» да қатысты. Бүгінде адамзатты тағы да «өзімдікі» және «бөтен» деп бөлуге тырысушылыққа ортақ тойтарыс беру ерекше маңызды.

Қазіргі әлем мозаика іспетті – бір тасы түсіп қалсыншы, барлық картина бұзылады. Фаламшар тұрғындарының ширегіне жететін ислам әлемінің қатысуынсыз ХХІ ғасырдың ешбір жаһандық мәселесін шешу мүмкін емес.

Өздеріңіз білетіндей, 2010 жылы Қазақстанды ЕҚЫҰ төрағалығына таңдау шешімі негізінен Қазақстан ғана Еуразия кеңістігіндегі көптеген қақтығысты шешу мәселесінде шынайы қолдау көрсете отырып, мұсылмандық және еуропалық қоғамдастықтар арасына таптырмас араағайындыққа жүре алатындығынан қабылданды. Бұл пікірді сарапшылар бірауыздан қолдады.

Әуелі ЕҚЫҰ-ға, содан кейін 2011 жылы Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етіп, Қазақстан өзінің мұсылман әлемі мен Батыс елдері арасындағы бірегей араағайындық міндетін қазірдің өзінде жалғастырып жатыр.

«Батыс – мұсылман әлемі» желісі бойындағы халықаралық шиеленістің өршуі жағдайында қордаланған мәселелер мен қайшылықтарды шешуде таптырмас араағайындыққа жүре алатын бірегей мемлекет тек Қазақстан ғана болып келеді. Біздің ЕҚЫҰ төрағалығынан кейін бір жыл өтпей Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуіміз – Қазақстанның осы геосаяси рөлін түсінудің нақты дәлелі.

8. БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН ЗИЯТКЕРЛІК ӨРЛЕУ

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ

Мектепке дейінгі және орта білім: мемлекеттің ерекше назарында

Екі мыңыншы жылдардағы экономикалық және интеллектуалды өркендеу жағдайында білім сапасы, оның елдің перспективалы қажеттілігіне және әлемдік стандарттарға сәйкестігі алдыңғы орынға шықты. Жаңа даму бағдарламалары, Астананың қарқынды өсуі, жоғары дәрежелі мамандарға сұраныс, демографиялық дүмпу, белсенді көші-қон үдерістері – осының бәрі қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өтуін талап етті.

2004 жылдың қазанында білім мен ғылым қызметкерлерінің III съезінде мен отандық білім беру жүйесіндегі үш негізгі мәселені атап көрсеттім. Олар – білім сапасы, демографиялық үдерістерден артта қалу, халықаралық стандарттарға бейімделмеу.

Мектепке дейінгі мекемелердің жетіспеушілігі өте қатты білінді. 2000 жылдардың басында ғана мектепке дейінгі тәрбиелеу орындары қайта еңсе көтере бастады. Балалармен жұмыс істеудің жаңа формасы – дамыту орталықтары ашылды. Балабақшалардың саны өсті (2003–2007 жылдары – 35 процентке көбейді). Дегенмен әлі де мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен балалардың үштен бір бөлігі ғана қамтылған еді.

Ең алдымен балабақшалар мен бөбекжайлардың инфрақұрылымын жақсартып, орын тапшылығын бірте-бірте жою арқылы мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің қолжетімділігін арттыра алдық. 1990 жылдары жекешеленіп кеткен ғимараттарды қайтарып алу да сондай шаралардың бірі болды. Осының нәтижесінде Қазақстан ТМД елдерінің ішінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамтуда алдыңғы орынға шықты.

Демографиялық өсім жағдайында мемлекеттің ерекше күш-жігері қажет еді. 2010 жылдың қаңтар айындағы Қазақстан халқына Жолдауымда мен «Балапан» бағдарламасы жайлы жария еттім. Бұл алға жасалған шешімді қадам еді: 2011 жылдың өзінде мектепке дейінгі мекемелер желісі 500 жаңа

ұйымға дейін кеңейді. Енді мектепке дейінгі оқытумен балалардың жартысынан астам бөлігі қамтылды.

2000 жылдары орта білім саласына мемлекет инвестициясы ұдайы өсіп отырды. Ондаған жаңа мектеп ашылды. Барлық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі дәл осы орта топқа байланысты екені сөзсіз еді.

2009 жылы мектептерде 1200-ден астам биология, химия, физика кабинеттері және лингафон студиялары жабдықталды. Компьютерлендіру аяқталды.

2010 жылдың басында елімізде 7400 мектеп жұмыс істеді, онда 2,5 миллионнан астам бала оқыды, 280 мың педагог еңбек етті.

Ауылдық білім ошақтары – мемлекет ерекше бақылауында ұстайтын сала. Қазақ тілінде білім алу мүмкіндігі ерекше қамқорлықта – 2010 жылға қарай шамамен республикадағы барлық мектептердің жартысында қазақ тілінде білім берілді.

Дегенмен елдің бірқатар аймағындағы мектептердің көпшілігінде орын тапшылығы әлі де бар еді. Сабақ үш ауысымда жүргізіліп жатты. Мектеп ғимараттарының біразы апаттық жағдайда тұрды. Осы өзекті мәселені шешу үшін 2007 жылы мен Үкіметке «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасын қабылдауды тапсырдым. Құжат бойынша еліміздегі қажеттілік туындап тұрған аймақтарда әлеуметтік нысандар құрылысы қарастырылды. Бағдарламаны іске асырудың арқасында 2012 жылға қарай Қазақстанда жаңа буын құралдарымен жабдықталған 106 мектеп салынды. Біз бұл межеге, әлемдік қаржы дағдарысы туындатқан барлық қиындықтарға қарамастан, табысты түрде қол жеткіздік.

2004 жылдан бастап Қазақстанда Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілді. Ол мектептегі білімнің қорытынды аттестациясы және жоғары оқу орындарына түсу емтиханы қызметін қатар атқарды. ҰБТ-ны енгізу мектеп түлектері үшін бірдей бастапқы мүмкіндік қалыптастыруда және елдегі жоғары оқу орындарына қабылданар кезде ашықтықты арттыруда маңызды қадам болды. ҰБТ механизмі педагогтер қоғамдастығымен пікірлесу жағдайында үнемі жетілдіріліп, өзгермелі уақыттың талаптарына сай жақсартылып отырады.

Экономика мен индустриаландырудың өсімі байқалған кезде техникалық және кәсіптік білім берудің үлкен перспективасы пайда болды. 2005 жылғы Жолдауымда мен бірінші кезекте өзіміз сол кезде қатты мұқтаждық көрген техникалық мамандықтарды дамыту қажеттігіне баса назар аудардым. Колледждерде, кәсіптік мектептер мен лицейлерде 500 мыңнан астам адам оқып жатты. Оларды қолдау үшін Техникалық және кәсіптік білім берудің 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытатын және бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталған қосымша білім де уақыт талап еткен жаңалық болды. Елімізде жаңа оқушылар сарайлары, музыка және көркемсурет мектептері, техникалық, экологиялық және туристік стансалар ашылды, бұрынғылары қайта жаңғырды.

Қазақстандық оқушылардың табыстары. Назарбаев зияткерлік мектептері – орта білімнің жаңа сапасы

Жаңа ғасырда біз талантты оқушыларды бұрынғыдан да қатты қолдай бастадық. 2001 жылға қарай дарынды балаларға арналған 20 мамандандырылған мектеп жұмыс істесе, 2010 жылдың басында олардың саны 115-ке жетті.

2007 жылы Қазақстан математика мен жаратылыстану пәндері бойынша төртінші сынып оқушыларының білімін бағалауға арналған халықаралық зерттеуге (Third International Mathematics and Science Study) қатысты. Қазақстандық оқушылар жоғары ұпай жинап, 43 ел ішінде бесінші орын иеленді.

Қазақстанның жоғары сынып оқушылары арасындағы халықаралық математика олимпиадаларындағы жетістіктері ерекше маңызды. Дәл осы табыстар 2007 жылы халықаралық ұйымдастыру комитетінің 51-Халықаралық математика олимпиадасын 2010 жылы Қазақстанда өткізу туралы шешіміне әсер етті. Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасынан бірінші болып математикадан осы бір мәртебелі «әлем чемпионатының» ұйымдастырушысы болғаны да есте қаларлық жайт.

2010 жылдың шілдесінде Астанаға 51-Халықаралық олимпиадаға қатысу үшін 110 елден 600 жас математик келді. Жарыс «Балдәурен» республикалық білім беру-сауықтыру орталығында өтті. Тартысты сында Қазақстан командасы (Қытай, Ресей, АҚШ және Оңтүстік Корея сияқты мектептегі математикалық дайындық ісінде дәстүрлі түрде күшті болып саналатын елдердің ізін ала) бесінші орынды жеңіп алды.

Оқушыларымыздың онжылдық ішінде халықаралық жарыстарда жеңіп алған марапаттарының бірнеше есе өсуі де ерекше көрнекті: 2001 жылы қазақстандық оқушылар 34 медаль иеленсе, 2011 жылы халықаралық жүлделер саны 900-ден асып кетті. Мұның бәрі отандық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі бірнеше есе өскенін айғақтады.

Мен білім сапасына ұдайы ерекше көңіл бөліп отырдым. Білім сапасының артуына жол ашқан негізгі шешімнің бірі – Қазақстанда білім берудің ең заманауи, инновациялық, көп тілді моделін қалыптастыру идеясы болды. 2009 жылы талантты балалармен жұмыс істеуге арналған бірегей жоба – Назарбаев зияткерлік мектептері дүниеге келді.

Математиканы, физиканы, химияны, биологияны тереңдетіп оқытатын жиырма зияткерлік мектеп елдің барлық аймағында құрыла бастады. Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, бұл мектептер түлектерін үздік қазақстандық және халықаралық ЖОО-да білімін жалғастыруға дайындады. 2010 жылдың басында осындай мектептер Астанада, Семейде, Көкшетауда, Талдықорғанда, Өскеменде ашылды.

Назарбаев зияткерлік мектептері бүкіл еліміз бойынша орта мектептердегі оқыту процесін жаңғыртуда шешуші рөлге ие бола бастады. Шын мәнінде, бұл – мектептегі білім сапасын үздік әлемдік стандарттар деңгейіне шығаруға бағытталған ұлттық орта білім жүйесінің локомотиві.

Жоғары білімнің жаңа белесі

2007 жылдың шілде айында «Білім туралы» жаңа заң қабылданды. Заң бойынша жүйе жеті деңгейге бөлінді: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта, ортадан кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

Қазақстандық білімнің маңызды секторы болып бұрынғыша жоғары мектеп қала берді. 2011 жылдың шілдесінде Қазақстанның бір топ жетекші жоғары оқу орнына ұлттық университет мәртебесі берілді.

Білім сапасының жоғарылауына халықаралық оқу орындарының ашылуы да әсер етті. 2001 жылы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ базасында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің қазақстандық филиалын ашуды бастама етіп көтердім. Сол жылы Алматыда Ұлыбританияның премьер-министрі Т.Блэрдің қамқорлығымен Қазақ-Британ техникалық университеті ашылды.

Жоғары білімді кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс ұлғая түсті. Жыл сайын 30 мыңнан астам қазақстандық жас грант иеленіп отырды. 2010 жылдардың бас кезінде жоғары оқу орындарында 600 мың студент білім алып жатты.

Оқытушыларды қолдау мен олардың кәсіби деңгейін көтеру үшін 2005 жылы «ЖОО-ның үздік ұстазы» мемлекеттік стипендиясы белгіленді. Стипендия жылдық зерттеулерге арналған грант мәртебесін иелен-

ді. Конкурстың өткізілуі ЖОО-ның өміріне ерекше қажет бәсекелестік рухын әкелді.

2005 жылдан бастап алдыңғы қатарлы оқу орындарында зерттеушілердің жаңа толқынын қалыптастыруға жол ашқан философия докторларын (PhD) дайындау бағдарламалары жүзеге асырыла бастады.

Қазақстандық жоғары оқу орындары шетелдерге танымал бола бастады – ондағы шетелдік студенттер мен оқытушылардың саны өсе түсті. 2010 жылы 10 мыңнан астам шетелдік азамат білім алып жатты.

2007 жылғы Жолдауда мен «ақылды экономика» қалыптастыру мен адам капиталын дамытуға баса назар аудардым. Бұл бастама әсіресе инженерлік-техникалық саладағы мамандандырылған бағдарламаларды және біліктілікті көтеруді көздеді.

Дәл осы кезеңде ЖОО-ның академиялық еркіндігін, білім алушылардың жинақылығын, еңбек нарығының талаптарына сай мамандықтарын ауыстыру мүмкіндіктерін қарастыратын бакалавриат пен магистратура мамандықтары бойынша Мемлекеттік стандарттар жасақталды.

2010 жылы Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінен бірінші болып Болонья декларациясына қосылып, еуропалық білім беру кеңістігінің толыққанды мүшесі болды. Жоғары білім жүйесінде сапалы қадам жасалды.

Болонья декларациясына қосылу халықаралық жоғары оқу орындары кооперациясы кеңістігінде ғажайып мүмкіндіктерге жол ашып, ұлттық жоғары білім сапасын көтеруге жаңа тыныс берді.

Осы уақыттың бәрінде мен еліміздегі білім беру ісінің жай-күйін мұқият қадағалап отырдым. Түйген қорытындым еш күмәнсіз еді: білімнің ұлттық жүйесін жаңа деңгейге көтеру үшін өзімізге тән белді-беделді үлгі қажет. Оны құру керек.

Назарбаев Университеті: іске асқан батыл жоспар

276

Елдің жаңа елордасын, жас Астананы құрған алғашқы күндерден бастап-ақ мен осында маңызы мен деңгейі жағынан бірегей университет құруды армандадым. Дегенмен ең әуелі қаланың өзін салып алу керек. Әсем астана өзінің сәулет жауһарларымен, сарайларымен, стадиондарымен жасанып, мегаполиске айналған кезде ойымды жүзеге асыратын сәт те туды.

2006 жылғы Жолдауымда мен елордада халықаралық деңгейдегі университет құру қажеттігін атап көрсеттім. 2007 жылы супер-университет құрудың ауқымды жұмысы басталып кетті.

Мен ешқашан өз атымның көшеге, қалаға берілуіне келісім берген емеспін. Дегенмен университет атауына қатысты мәселе көтерілгенде, ұстанымымды сәл өзгертуге бел байладым. 2009 жылы «жаңа университет менің Қазақстан халқына және бүкіл әлемге жасаған сыйым болсын» деп шештім. Мен үшін университет те, дәл Астана секілді, өте қымбат.

2010 жылдың 28 шілдесінде Назарбаев Университетінің ашылуы салтанаты өтті. Тәуелсіз Қазақстан жоғары мектебінің тарих сағаты жаңаша соға бастады.

Екі ай өткен соң, 28 қыркүйек күні университетте тұңғыш рет Foundation бағдарламасы бойынша студенттердің сабағы басталды. Оқу үрдісі әубастан әлемдік стандарттарға негізделіп құрылды. Жаңа деңгейге көтерілу үшін Қазақстанның білім жүйесіне дәл осындай бағдар қажет болды. Назарбаев Университетінің миссиясы да осы еді.

2010 жылдың 6 желтоқсанында әлемдік деңгейдегі басшы, бұған дейін Бүкіләлемдік банктің вице-президенті лауазымын атқарған Шигео Катсу университет ректоры болып тағайындалды.

Мен жыл сайын осы халықаралық университетте өзімнің дәріс оқу дәстүрімді енгіздім. Алғашқы дәрісті 2010 жылдың 7 желтоқсанында өткіздім. Өз дәрістерімде мен үнемі студенттер аудиториясы алдында жаһандық үрдістерге өз көзқарасымды ашық айтып, дәуірдің сын-қатерлерін талдауға, білуге құштар жастарға өз жасым мен тәжірибем тұрғысынан жаңа зияткерлік бағдарларды нұсқауға мейлінше тырысамын. Университет қабырғасында әрқашан ерекше шабытпен және көңіл күймен сөйлеуге ұмтыламын. Дәрістерімді ыждаһатпен тыңдап, байыпты сұрақтар қоятын студенттер мен үшін Қазақстанның жарқын болашағының тамаша айғағы іспетті.

2011 жылдың қаңтар айында қабылданған заң бойынша Назарбаев Университеті – мәртебесі жөнінен автономиялық және академиялық еркіндік қағидалары аясында жұмыс атқаратын Қазақстанның алғашқы жоғары оқу орны болды.

2011 жылдың шілдесінде Жоғары Қамқоршылық кеңесінің алғашқы жиналысы өтті. Онда университет дамуының 2012–2020 жылдарға арналған стратегиялық бағыт-бағдарлары айқындалды.

Лондон, Гарвард, Дьюк, Карнеги, Висконсин, Питсбург, Пенсильвания, Сингапур, Беркли сынды әлемге әйгілі және беделді ғылыми орталықтар Назарбаев Университетінің серіктестеріне айналды.

2011 жылдың тамыз айында маңызды оқиға болды – бакалавриаттың үш мектебінде: Инженерия мектебінде (серіктесі – University College London), Ғылым және технология мектебінде (Carnegie Mellon University), Гумани-

тарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінде (University of Wisconsin-Madison) оқыту басталды. Университет толыққанды іске кірісті.

Назарбаев Университеті қанатын кең жая отырып, республикалық білім жүйесіне – эталон, Қазақстанның барша жоғары оқу орындарына – әлемдік тәжірибені жеткізуші, озық ойлы жас қазақстандықтардың аңсар биігі, өз аясына озық оқытушыларды топтастырған зияткерлік-инновациялық кластер бола білді.

«Болашақ» бағдарламасы: кемел келешек негізі

Экономикалық өсім жағдайында халықаралық «Болашақ» стипендиясын кеңейтуге мемлекетімізде жаңа мүмкіндіктер пайда болды. 2000 жылы техникалық және инженерлік білімі бар қазақстандықтар стипендия алу мүмкіндігіне қол жеткізді.

2005 жылы бағдарламаны мейлінше күшейте отырып, әлемнің жетекші университеттеріндегі дарынды қазақстандық стипендиаттардың санын үш мыңға дейін ұлғайту туралы шешім қабылдадым. Өрлеу кезеңінде Қазақстанға индустриалды-инновациялық даму, білім мен ғылым, менеджмент пен логистика, ақпараттық технология мен заманауи коммуналдық шаруашылық сияқты басым салаларға бәсекеге қабілетті кадрлар қажет болатынын болжай отырып, осындай байламға келдім.

2005 жылдың сәуірінде Үкімет «Халықаралық бағдарламалар орталығын» құрды. 1994–2004 жылдар аралығындағы 10 жыл ішінде 800-ге жуық адам стипендиат атанса, 2005–2006 жылдары бакалавриат және магистратура бағдарламасы бойынша «Болашақ» стипендиясы 2,5 мың жас қазақстандыққа табыс етілді.

Бағдарлама географиясы да кеңейе түсті: стипендиаттар баратын елдер мен оқитын университеттер саны артты. Баруға ұсынылатын оқу орындарының қатарына Еуразия аймағының және Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің алдыңғы қатарлы университеттері енгізілді. Стипендиаттар отызға жуық елде білім алып жатты. Мұнай-газ ісі, энергетика және т.б. басымдыққа ие мамандықтар тізімі көбейе түсті.

2008 жылдың қаңтарында Стипендия иегерлері форумында мен «болашақтықтар» алдында тұрған жаңа міндеттер туралы әңгімеледім. Бағдарлама түлектерін ел өміріне кіріктіру үшін өңірлерде жұмыс істеуге жіберуді ұсындым.

2008-2012 жылдар аралығында мемлекет «Болашақ» бағдарламасының мүмкіндіктерін кеңейте түсу жөнінде нақты шаралар жасады. Ғылыми

тағылымдама бағдарламасы ашылды. Сондай-ақ жоғары білімнің ұлттық жүйесінің өскелең деңгейі ескеріліп, бакалавриат бағдарламасы тоқтатылды. Енді «Болашақ» бағдарламасы елге қажетті мамандықтар бойынша магистрлар мен докторанттарды дайындауға қайта бағытталды.

Адам капиталының өсуіне қамқорлық жасау Қазақстанның тәуелсіздік алған сәтінен мемлекеттің басым міндеті саналып келеді. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін адам әлеуетін дамытуға күш салу әрекеті өз жемісін берді.

«Болашақ» бағдарламасының арқасында мыңдаған дарынды жас қазақстандық мемлекет есебінен әлемнің үздік университеттерінде жоғары деңгейлі білім алды. «Болашақ» жастар үшін шынайы әлеуметтік баспалдақ бола алды.

Қазақстан ғылымы: жаңа үлгіде ілгерілеу

2000-жылдары экономика мен мемлекеттік кірістің өсіміне орай ғылыми қызметті қаржыландыру да жақсара түсті. Ондаған жылдар ішінде қаржыландыру он еседен де артып, 2000 жылғы 2 миллиард теңгеден 2011 жылы 21 миллиард теңгеге дейін көтерілді.

1990-жылдардағы дағдарыс кезінде күрт азайған ғылыми қызметкерлер мен ғалымдардың саны қайта көбейді. Жаңа онжылдықтың алғашқы жартысында-ақ олардың саны 20 процентке артты.

Ғылым салаларындағы жетістіктері үшін ғалымдарға Қ.Сәтбаев, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ы.Алтынсарин, Күлтегін атындағы сыйлықтар тағайындау да ғылыми қызметтің беделін қалпына келтірудегі елеулі қадам болды.

2001 жылдың шілдесінде ғылым мен техника саласын жүйелейтін «Ғылым туралы» заң қабылданды.

Ұлттық Ғылым академиясының мәртебесі үлкен пікірталас тудырды. Ғалымдардың бір бөлігі ғылыми жұмыстардың үйлестірілуіне осы мекемені жауапты ету мүмкіндігін және ғылымға бөлінетін қаржыны сақтап қалуды жақтады. Дегенмен академияның мұндай шаруаны тиімсіз атқарғаны өткен жылдарда байқалған еді. 2003 жылдың наурыз айында Ұлттық Ғылым академиясы республикалық қоғамдық бірлестік болып қайта құрылды. Дау-дамай осымен тәмам болды.

2006 жылы Премьер-Министр басқаратын Жоғары ғылыми-техникалық комиссия жұмысын бастады. Нанотехнология мен жаңа материалдар, биотехнология, көмірсутегі және таукен-металлургия секторлары, ядролық технология мен жаңғыртылатын энергетика, информатика және ғарыштық

технологиялар тәрізді басым бағыттар айқындалды. Гуманитарлық салада ұлттық идеяны Қазақстан дамуының негізгі бағыты ретінде зерттеуге басымдық берілді.

2007–2012 жылдарға арналған Ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жаңашылдыққа, технология трансфертіне, ғылымның экономикалық тұрғыдан пайда әкелуін арттыруға бағытталды.

2000 жылдары жүзеге асырылған ғылымды басқарудың жаңа үлгісі тәжірибеде өз тиімділігін көрсетті.

2008 жылы ғылыми мекемелер мен алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының басын қосқан алты инновациялық-білім беру консорциумы құрылды. Соның ішінде екеуі – ядролық технология мен нанотехнология халықаралық деңгейде.

Жоғары оқу орындары жанындағы инженерлік зертханалар мен технопарктер құру техникалық тұрғыдан қайта жабдықталу үшін өте маңызды қадам болды. 2010 жылдардың басында ғылыми жобалардағы ЖОО үлесі 50 проценттен асты.

Ғылыми жобалар гранттық және мақсатты-бағдарламалық жүйе бойынша қаржыландырыла бастады. 2011–2013 жылдары ұлттық ғылымды дамытудың басым бағыттары қатар айқындалды. Ол салалар – энергетика, шикізат пен өнімді терең өңдеу, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, өмір туралы ғылымдар және үшінші индустриалық революция технологиялары.

Экономика саласында ғана емес, ғылымда да өркендеу байқалған еліміздің жаңа даму кезеңінде мен Қазақстан ғалымдарына Мемлекеттік сыйлық тағайындау туралы шешім қабылдадым. Менің ойымша, бұл ғылыми қоғамдастық ризашылықпен қабылдаған, ғалымдарды жаңа белестерге жетелеген уақытылы қадам болды. Жаңа Мемлекеттік сыйлық ғылым мен техника қайраткерлерінің қызметіне ерекше құрмет білдірудің жоғары үлгісі болды және ғылыми ұжымға да, жеке тұлғаларға да табыс етілді. 2007 жылдың желтоқсанында Мемлекеттік сыйлықтың алғашқы иегерлері болып «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығының ғалымдары (президенті С. Әдекенов) және математик М. Өтелбаев танылды. 2009 жылы Мемлекеттік сыйлық Ұлттық ядролық орталықтың (директоры Қ. Қадыржанов), Геология ғылымдары институтының ғалымдар тобына (директоры Б. Рақышев) және математик У.Өмірбаевқа берілді. 2011 жылғы сыйлықты Микробиология және вирусология институтының ғалымдары (директоры А. Саданов) мен математик А. Жұмаділдаев иеленді.

Ресей, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Үндістан, Германия, Беларусь сияқты отыздан астам елдің ғалымдарымен қарым-қатынас табысты жалғасты.

2010 жылы Қазақстан магистратура, докторантура (PhD) ғалымдарын дайындаудың әлемдік үлгісіне өтті. Осы мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырыс өсе түсуде. 2011 жылғы мәлімет бойынша 5 мың магистр мен 500 PhD доктор дайындалды.

Ғылым дамуының 2000–2010 жылдар аралығындағы көрсеткіші ғылымға жасалған реформа бағытының дұрыс болғанын байқатты. Ғылым қайта жанданып, жаңа белестерге қарай ілгері қадам басты.

Білім мен ғылым жүйесінде жүргізілген ауқымды реформа айтарлықтай нәтиже берді. ЮНЕСКО атап өткендей, біздің еліміз осы салада сапалы секіріс жасай алды. Баршаға білім беруді дамыту индексі (Education for All Development Index) бойынша Қазақстан әлемдік көшбасшылар төрттігіне енді.

Мемлекеттік тіл. Үш тілдің үйлесімді дамуы

Мен әрқашан мемлекеттік қазақ тіліне және Қазақстанның лингвистикалық байлығына ерекше ықыласпен қарадым.

Менің бастамаммен 2000 жылдың маусым айында 2001–2010 жылдарға арналған Тілдерді дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Қазақ тілін дамытуға бөлінетін қаржыны күрт көтердік: 2005 жылы 130 миллион теңге бөлінсе, 2007 жылы 3 миллиард теңге болды, ал 2008 жылы 5 миллиард теңгеден асып түсті. Бұл аса қарқынды өсім болды.

Өңірлерде қазақ тілін үйрететін орталықтар көптеп ашылды. Орта мектептердің тең жартысына жуығы 1,5 миллионнан астам оқушы оқитын қазақтілді мектептер болды. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшу процесі қарқынды атқарылды.

Бүкіл Қазақстан бойынша көптеген мекемелерде қазақ тілін үйрету үйірмелері пайда болды. Онда әр жастағы, әрқилы кәсіп меңгерген түрлі ұлт өкілдері зор ынтамен тіл үйренуге кірісті.

Мемлекеттік тілдің даму тренді өрлеу траекториясымен өсті. Біздің күш-жігеріміз оң нәтижелерге жетеледі. 2000 жылдардың соңына қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің көрсеткіші 74 процентке дейін өсті. Бұл қозғалысты ештеңе де тоқтата алмайтыны анық.

2005 жылы ҚХА-ның XI сессиясында сөйлеген сөзімде өткен жылдар қоғамымызда қазақ тілі мен мәдениеті – мемлекеттігіміздің барлық құрылысы бой тіктейтін іргетас екенін сезінуге жол ашқаны мен үшін өте маңыз-

ды екенін айтып өттім. Ал орыс тілін қазақстандықтар әлем мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі деп есептейді.

Сатылы және үйлесімді тіл саясатын жүргізу, мемлекеттік тілдің тұғырын нығайту, лингвистикалық капиталды арттыра түсу тәуелсіз Қазақстанға аса қажет екеніне сенімім зор. Бір орында тұрып қалу – иек астындағыны көре алмаумен тең.

2006 жылдың қазан айында мен үштілділікті енгізу идеясын жария еттім. Менің түпкі ойым бойынша, қазақстандықтардың жаңа буыны кем дегенде үш тілді болуға тиіс, яғни қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруі қажет. Еуропада көп тіл білу әлдеқашан қалыпты жағдайға айналған. Сондықтан осыған біз де мейлінше жылдам келуіміз керек. Ағылшын тілін толық меңгермейінше, ұлттың шын мәніндегі бәсекеге қабілеттілігі туралы әңгіме қозғау мүмкін емес.

Мен Жапония, Үндістан, Сингапур, Малайзия сияқты елдердің экономикалық жетістікке жетудегі маңызды факторы және бәсекелестіктегі артықшылығы ағылшын тілін жаппай меңгеруі екенін жақсы түсіндім.

Осы ойды 2007 жылдың наурызындағы халыққа Жолдауымда «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», – деп айтып өттім.

Осы лингвистикалық бастама 2007 жылы нақты сипатқа ие болды. Менің тапсырмам бойынша «Үш тілдің бірлігі» мәдени жобасын іске асыру басталды. Жобаның мақсаты – қазақстандықтардың үш тілді жаппай меңгеруі. Әр құрлықтағы көп елде үштілділік қалыпты жағдайға айналған тұста «Үш тілдің бірлігі» жобасы жаңа өмір талабына сай ерекше маңызға ие.

Қазақстандық жас буын мұндай келешегі зор жобаны өзгеше ынта-жігермен қабылдады. Сонымен бірге үштілділік көз алдымызда нақты дүниеге айналды: 2000 жылдардың өзінде-ақ білімге ұмтылған озық ойлы жастар үш тілді ықыласпен меңгере бастады. Бұл – бүкіл Қазақстан үшін үлгі.

«Үш тілдің бірлігі» мәдени жобасы – менің сындарлы да өміршең идеямның бірі екеніне сенімдімін. 2007 жылдың тамызында мен өз арманымды – Абайды, Пушкинді және Шекспирді түпнұсқа тілінде бір мезгілде оқи алатын ұлтты көргім келетінін жария еттім.

Қазақ мәдениетінің гүлденуі. «Мәдени мұра» бағдарламасы

XXI ғасырдың басы қазақ мәдениетінің ерекше өркендеу дәуірі болды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап жинақталған ұлттық мәдени әлеуетіміз 2000 жылдары Бәйтеректің ұшар басы көктемде жапырақ жайғанындай құлпырған еді.

2000 жылды «Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялауымның да ерекше символдық мәні бар. Бұл мәдениет саясатындағы дамудың жаңа кезеңі болды. Алты жүзден астам кітапхана, клуб, музейлер жұмысын қайта жандандырды. Жаңа театрлар мен галереялар ашылды. Осы үрдіс кейінгі жылдары да сақталды.

2000 жылдың маңызды оқиғасы – қазақ халқының және бүкіл Орталық Азияның тарихында ерекше орны бар ежелгі шаһар – Түркістанның 1500 жылдығы болды.

Қазақ мәдениеті Қазақстанның мәдени тұтастығын нықтайтын өзек пен арқау екенін мен үнемі айтып келемін.

2003 жылдың сәуіріндегі Жолдауымда мен ұлттық мәдени мұраны жаңғыртуға, зерттеуге және жинақтауға байланысты арнайы бағдарлама жасауды тапсырдым. Екі жылға жоспарланып, «Мәдени мұра» деп аталған мемлекеттік бағдарлама 2004 жылдың қаңтар айында жұмысын бастап кетті.

«Мәдени мұра» бағдарламасы әуел бастан-ақ қоғамның қызу қолдауына ие болды. Сондықтан оның 2006 және 2009 жылы ұзартылғаны өте заңды.

2004–2011 жылдар аралығында атқарылған мың-сан жұмыстың ішінен ерекше маңыздыларын атап айтқан жөн. Шетелдердегі жобаларымыз да сәтті іске асты. Дамаскідегі (Сирия) Сұлтан Бейбарыс кесенесін қайта өңдедік, әл-Фараби мәдени орталығы мен кесенесін салдық, Каирдегі (Мысыр) Сұлтан Бейбарыс мешітіне қайта өңдеу жұмыстарын жүргіздік.

Ғылымымызды тарихи құнды артефактілермен байытқан көптеген археологиялық зерттеу жұмыстары жасалды. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті және Берел қорғандарының қазылуы және одан сақ дәуіріне тән (б.з.д. V–III ғғ.) көптеген алтын бұйымдардың табылуы ғылым әлемінде үлкен дүмпу тудырды.

Археологиялық зерттеулер Қазақстанның барлық өңірлерінде жүргізілді. Олар – Бозоқ (Ақмола облысы), Есік, Қойлық, Талғар (Алматы), Сарайшық (Атырау облысы), Жуантөбе, Сауран, Сидак, Отырар (Оңтүстік Қа-

зақстан облысы), Ақыртас (Жамбыл облысы), Қырықоба (Батыс Қазақстан облысы), Тоқтауыл, Айбас, Кент, Талдысай (Қарағанды облысы).

Орталық Моңғолиядағы Ұлаан-Керім деген жеріндегі көне түркі дәуірінің қорғанынан көне түркі атты әскерлерінің ондаған құйма мүсіні, алтыннан құйылған әбзелдер табылды. Мұндай артефактілер көне түркі мәдениетін зерттеудің бүкіл кезеңінде тұңғыш рет табылып отыр.

Қапшағай маңындағы Тамғалы петроглифтері, Ақтөбе облысындағы Қарағұл кесенесі, Қызылорда облысындағы Ақанас кесенесі және Оңтүстік Қазақстандағы Қарашаш ана кесенесі тәрізді бірегей ескерткіштер қалыпқа келтіріліп, жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, АҚШ және Еуропа елдеріне жасалған ғылыми экспедициялары нәтижесінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты 5 мыңнан астам мұрағат құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Күлтегін көнетүркілік сынтасының көшірмесі Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың кіреберісіне қойылды.

Тәуелсіз мемлекет тарихында тұңғыш рет тарих пен мәдениет ескерткіштері жаппай түгенделді. 200-ден астам республикалық маңызға ие және 11 мыңнан астам жергілікті маңызға ие нысандар қамтылған Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі жасалды. Бірегей екі ескерткіш – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Тамғалы археологиялық кешені ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілді.

Елдің барлық облыстарындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің құжаттары, сипаттамалары, суреттері және қазіргі жағдайының анықтамасы топтастырылған жинақтарын әзірлеуге, баспадан шығаруға ерекше назар аударылды.

Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты қазақ тіліндегі кітаптар сериясы жарық көрді. «Қазақстан тарихы шетелдік деректерде» (араб, қытай, антикалық, моңғол, парсы, орыс, батыстық), «Бабалар сөзі», «Алаш көсемсөзі», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериялы кітаптары ерекше құнды. Сонымен қатар әлем әдебиеті, философиялық ойлар, экономика, мәдениеттану бойынша сериялар қазақ тілінде жарық көрді.

Зерттеулер кітаби ғана емес, халықтың ән-күй өнері бойынша да жүргізілді. Мәселен, қазақ дәстүрлі ән өнерінің теңдесі жоқ антологиясы – «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі, 1000 әні» жобасы жүзеге асырылды. Бұл жоба 2001 жылдың ақпанында басталған «Асыл мұра» ұлттық музыкалық мұраны сақтау, жүйелеу және сандық тасымалдаушыларға жазу бағдарламасын дамытудың үлгісі болды.

Бағдарламалардың оң тәжірибесін ескере отырып, менің тапсырмаммен «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы жасалды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстан халқына және күллі әлемге Қазақстанның ұлы мәдени мұрасы сақталып, дамып, Тәуелсіздік кезеңіне қызмет етіп келе жатқанын әйгілеген теңдессіз ізгі акция бола алды.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары маңызды қоғамдық және мәдени оқиғаға айналды.

2002 жылдың қазанында Түркістанда Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы өтті. Қатысушылар алдында сөз алып, мен қазақ тілі мен қазақ мәдениетін жаңғырту ісінде жеткен елеулі жетістіктеріміз туралы әңгімеледім. Делегаттарға отандастарды қолдау бағдарламасы жалғаса беретінін жеткіздім.

Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайы 2005 жылдың қыркүйек айында Қазақстанның елордасы – Астана қаласында өтті. Бұл шараға әлемнің 32 елінен қазақ диаспораларының өкілдері келіп қатысты. Құрылтай күндерінде көші-қонның, мәдени дамудың, білім алудың, қызметке орналасудың келелі мәселелері талқыланды.

Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы 2011 жылдың мамыр айында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында өтті. Оған әлемнің 35 елінен келген 700-ден астам өкіл қатысты. Құрылтай делегаттарының тең жартысы жастар болғаны да ерекше атап өтуге тұрарлық. Германиядан, Ұлыбританиядан, Ресейден, Швециядан, Австриядан, Голландиядан, Норвегиядан, Моңғолиядан, Түркиядан, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан жастар және студенттер ұйымдарының серкелері шақырылды.

Құрылтай жұмысын аша отырып, мен Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдық мерейтойы отандастарымыздың атамекенге қоныс аударған ұлы көшінің 20 жылдығымен де сәйкес келіп отырғанын және осы уақыт аралығында елімізге миллионнан астам қазақтың көшіп келгенін ерекше мақтанышпен айттым.

Қазақстан Германия мен Израильдің қатарында осындай ауқымды бағдарламаны жүзеге асырған әлемдегі үш елдің біріне айналды. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы қазақ халқының жаппай бірігуіндегі маңызды белес бола алды.

Құрылтайға қатысушылардың елімізге бақыт пен өркендеу тілейтініне сенімім зор болды. Ал оның маңызды шарты халықтың бірлігі мен келісімі екені сөзсіз. Осындай келісім – Қазақстанның шынайы сипаты. Республиканың өмірдің барлық саласындағы жетістігі – осының дәлелі. Бірлік пен келісім болмаса, біз күні кеше ғана «қырындай құлаған» өндіріс алыптары қайта өркендете алмас едік. Бірлік пен келісімсіз қазір нақты сипат алған экономикалық жетістіктерімізге қол жеткізбеген болар едік. Бірлік пен келісімсіз сырттан инвестиция тарту да мүмкін болмас еді.

Мәдени өрлеу: әдебиет пен өнер

Экономикадағы тұрақтылық орнаған кезеңге тұспа-тұс, 2000 жылдары, Қазақстанның мәдениет саласы жаңаша қуатты серпіліске ие болды. 2000 жыл «Мәдениетті қолдау жылы» деп жарияланды.

Қаржылық мүмкіндігіміз арта түсіп, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында меже етілген мәдениет мәселелерін іске асыруға жол ашылды. Негізгі қаржы ел аумағындағы ғана емес, шетелдердегі қазақстандық мәдениет пен өнерді де қолдауға, алға бастыруға және мәдениет ошақтарын салуға жұмсалды.

Астанада Президенттік мәдениет сарайы (2000 жыл), Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы (2004 жыл), астаналық цирк (2005 жыл), Бейбітшілік және келісім сарайы (2006 жыл) пайдалануға берілді.

2002 жылы Орал қаласында Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры алғашқы көрермендеріне тарту ұсынса, осында 2006 жылы облыстық халық шығармашылығы орталығы ашылды.

2000-шы жылдардың ортасында заңнамалық базаның дамуы жолға қойыла бастады. 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру қолға алынды. 2006 жылдың желтоқсанында мемлекеттің мәдениет саласындағы саясатын реттейтін «Мәдениет туралы» заңның қайта өңделген және толықтырылған нұсқасы өмірге келді.

286

Мемлекеттің мәдениетке және тарихи-мәдени мұраға деген ұстанымы – «өткенге сүйенбей, болашаққа қадам жасау мүмкін емес» дегенге саяды. Тарихи сабақтастық және өткен шақпен байланыс қана тәуелсіз Қазақстанның ілгері дамуы жолында берік іргетас бола алады. Ұлттың жалған идеалдар мен бұрыс мақсаттарға бой ұруына жол бермейді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ұлттың мәдени коды саналатын – тілді, руханиятты, дәстүрді, құндылықтарды және тарихи сана-

ны сақтауға арналды. «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылған алғашқы жеті жыл ішінде 78 мәдени-тарихи ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Олар – Айша Бибі, Арыстан баб, Абат-Байтақ, Есімхан, Қарасопы, Мақұлтам, Ысқақ ата, Жабрайыл ата кесенелері, Қараман ата қорымы мен «Абылай хан ордасы» кешені және басқалар.

2005 жылғы Жолдауда мен өткенді саралай отырып, «заманауи мәдениетті жан-жақты дамыту» туралы баса айттым. Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында Тәуелсіздіктің мәдениет дәуірі алға зор қадамдар жасады.

Қазақстан әдебиеті де сенімді қадамынан жаңылған жоқ. 2003 жылы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» роман-дилогиясы М.А.Шолохов атындағы Халықаралық сыйлыққа ие болды.

Авторлық кино да бұрынғыдай жоғары бағаға ие болып отырды. Серік Апырымовтың «Үш ағайынды» кинофильмі «Киношок-2000» ТМД және Балтық елдері фестивалінде арнайы жүлде, Дели Халықаралық кинофестивалінде (2002 жыл) Гран-при жеңіп алды. Осы автордың «Аңшы» картинасы 2005 жылы «Ника» сыйлығын иеленді. Гүлшат Омарованың «Шиза» туындысы «Кинотавр» сыйлығының ең үздік дебют аталымына (2004 жыл) лайық деп танылды. «Киношок» (2004 жыл) фестивалінің Гран-приіне Рүстем Әбдірашевтың «Қаладан келген қыз» картинасы ие болса, оның «Сталинге сыйлық» фильмі «Синемас Азия» фестивалінде (Франция, 2009 жыл) Гран-при алды.

Көрерменге жол тартқан отандық алғашы блокбастер – «Көшпенділер» фильмі (2005 жыл) әлеуметтік-мәдени саладағы айрықша оқиғаға айналды (режиссерлері Иван Пассер, Сергей Бодров, Талғат Теменов). Қазақстан – Ресей – Германия бірлесіп түсірген «Моңғол» (2007 жыл) тарихи фильмі «Ника» жүлдесін иеленіп, «Оскар» сыйлығына ұсынылды. Ақан Сатаевтың «Рэкетиры» (2007) фильмі үлкен табыспен көрсетілді.

Алматыда 2003 жылдан бастап «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалі жыл сайын өткізіле бастады. 2005 жылы халықаралық «Еуразия» кинофестивалі қайта жанданды.

Бейнелеу өнері саласында Еркен Мергенов, Ерболат Төлепбай, Айша Ғалымбаева, Дулат Әлиев, Асқар Есенбаев, Кенжебай Дүйсенбаев, Үкі Әжиев, Сәуле мен Әлібай Бапановтардың картиналары танымал бола түсті.

Театр сахнасында көрермендер Болат Аюханов, Рубен Андриасян, Райымбек Сейтметов, Есмұқан Обаев, Ләйлім Иманғазиналардың жаңа қойылымдарын зор ықыласпен қабылдады.

2003 жылы танымал скрипкашы, дирижер Марат Бисенғалиев құрған Батыс Қазақстан филармониялық оркестрі Қазақстанда және шетелдерде табысты гастрольдік сапарлар өткізді.

Классикалық музыканы қастерлеушілер – скрипкашылар Айман Мұсақожаева мен Гауһар Мырзабекованың, пианиношылар Жәния Әубәкірова мен Гүлжәмила Қыдырбекованың, опера әншілері Нұржамал Үсенбаева мен Әлібек Дінішевтердің өнерін бұрынғысынша жоғары бағалайды. Әнші Майра Мұхамедқызы, дирижер Алан Бөрібаев, пианиношы Әмір Тебенихин, скрипкашы Шернияз Мұсахан, пианиношы Оксана Шевченко тәрізді жаңа жұлдыздар танымал бола бастады.

Заманауи әндер бағытында «А-студио» тобының бұрынғы әншісі Батырхан Шүкенов жеке орындаушылық жолға түсіп, өзін жаңа қырынан танытты. Оның «Отан-Ана» атты 2002 жылы қазақ тілінде жарыққа шыққан альбомы үлкен сұранысқа ие болды.

«Алматы – менің алғашқы махаббатым» ретроәндер фестивалі қазақстандықтардың жүрегінен ерекше орын алды.

2001 жылы АҚШ-та өткен Бүкіләлемдік музыка бәйгесінде фолк-рок орындаған «Ұлытау» тобының халықаралық аренадағы жеңісі таңдай қақтырды. Топ 2007 жылы «Алтын диск» жүлдесін иеленді. 2005 жылы «Жаңа толқын» фестивалінде көрермен ықыласы аталымына әнші Мақпал Исабекова ие болды.

2000-шы жылдардың соңында мәдениетті дамытуға бөлінген қаржы еселене түсті: 2008 жылы қаржыландыруға 160 миллиард теңге жұмсалса, 2010 жылы 230 миллиард теңге бөлінді.

Әрбір жыл әлемге қазақстандық мәдениетті танытудың жаңа қадамы бола берді. 2003 жыл – Ресейдегі, 2007 жыл – Украинадағы, 2009 жыл – Германиядағы, 2010 жыл Корея Республикасындағы Қазақстан жылы делінді. 2008 жылы Қазақстанның – Тәжікстан мен Моңғолиядағы, 2009 жылы – Беларусьтегі, Түрікменстандағы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі, Сауд Арабиясындағы және Иорданиядағы мәдениет күндері өткізілді.

Тәуелсіздік дәуірінде мәдениетіміздің дамуының ең жоғарғы бағасы – әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлық болды. Оны мен талантты жазушылар мен өнер қайраткерлеріне бірінші рет 2008 жылдың желтоқсан айында табыстадым. Мемлекеттік сыйлықтың алғашқы иегерлері – опера әншісі Майра Мұхамедқызы мен Ә.Жақсыбековтің жетекшілігіндегі Астаналық архитекторлар тобы болды. Шығармалары Қазақстан Республикасының әнұранына айналған Шәмші Қалдаяқов пен ақын Жұмекен Нәжімеденовке құрмет білдіре отырып, 2010 жылы осы сыйлықпен ұлықтадым. Сондай-ақ Мемлекеттік сыйлық суретші Амандос Ақанаевқа берілді.

Осының бәрі Қазақстанның көпқырлы ерекше мәдениеті ХХІ ғасырдың басында өзінің алтын дәуіріне қадам жасағанын айғақтады.

Дене шынықтыру мен бұқаралық спорттың дамуы

Дене шынықтыру мен спорттың дамуы ұлт капиталын қалыптастыруда қашанда маңызды рөл атқарып келді. Осы кітаптың алдыңғы беттерінде атап өткенімдей, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ Қазақстанда осы мақсатқа көп күш жұмылдырылды.

Дене шынықтыру мен спорттың дамуына экономика мен әлеуметтік-тұрмыстық деңгейдің жоғарылауы айтарлықтай әсер етті.

2001 жылы Дене шынықтыру мен спорттың 2005 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Саламатты өмір салтын қалыптастыру жолындағы ерекше ұмтылысын мемлекет екі бағытқа шоғырландырды. Біріншісі – дене шынықтыруды дамыту, бұқаралық спорт шараларының санын арттыру және спорттық нысандарды көбейту. Екіншісі – шылымқорлық, ішімдік пен есірткіні шектен тыс қолдану сияқты қатерлі мінез-құлық факторларымен күрес.

Дене шынықтырумен, спортпен тұрақты айналысатын қазақстандықтардың саны көбейе түсті. 2001 жылы 1,4 миллион адам спортты серік етсе, 2005 жылы 2 миллионға жетті.

Астана, Атырау, Қарағанды, Орал, Қостанай, Шымкент, Павлодар, Өскемен қалаларында жаңа спорт сарайлары мен спорт кешендері пайдалануға берілді. Облыс орталықтарындағы футбол стадиондары күрделі жөндеуден өтті.

2000-шы жылдардың орта шенінен бастап салалық спартакиадаларды, оқушылар спартакиадасы мен студенттер жарысын өткізу дәстүрі қайта жаңғырды. Балалар мен жасөспірімдер, дене шынықтыру-сауықтыру және кәсіпқой клубтар мыңдап жұмыс істей бастады. Мектеп бағдарламасына дене шынықтыру сабағының үшінші сағаты, жоғары оқу орындары мен колледждерде аптасына төрт сағаттық сабақтар енгізілді.

Оқушылар арасында жазғы және қысқы спорт түрлерінен спартакиада, студенттік универсиада, футболдан, хоккейден, шаңғы тебуден және басқа да спорт түрлерінен бұқаралық жарыстар ұйымдастыру ісі қайта жолға қойылды. Спорт мектептері қалпына келтірілді.

2004 жылы мен күнтізбеге Спорт күнін енгіздім. Ол тамыз айының үшінші жексенбісінде атап өтіліп келеді.

Дене шынықтыру және спорт инфрақұрылымдарының жай-күйі ұдайы мемлекет назарында болуға тиіс еді. Осыған орай, 2006 жылы Туризм және спорт министрлігі құрылып, 2007 жылдан бастап 2011 жылға дейінгі Дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге аса бастады.

Спорт нысандарының саны 32 мыңға жетті. Олимпиялық даярлық және олимпиялық ізбасарлар орталықтарының ашылуы спортты дамытуға елеулі үлес қосты.

Бүкіл ел аумағында спорт және дене шынықтыру жарыстарының саны артты. Белсенді отандастарымыз Спорт күніне енді жанкүйер емес, қатысушы ретінде жиналатын болды. Бұл күні жүгіруден, ұлттық ойындардан, футболдан, бокстан, баскетболдан, дзюдодан, самбодан жарыстар ұйымдастырылды.

2010 жылы бірінші рет ауыл спорты ойындары өткізілді. Сол жылы 23 мамырда бүкіл Қазақстан бойынша «Олимпиялық жүгіру күні» бастау алды. Әр жас деңгейі үшін жеке қашықтықтар белгіленді. Ең негізгісі – 2400 метрлік «Президент милі». Отбасыларға арналған 1000 метрлік қашықтық та болды.

Ұлттық спортпен айналысатын қазақстандықтар саны да күн санап артып келеді. Осы спорт түрлерінен көптеген республикалық және халықаралық жарыстар өткізілді.

2000 жылдардың екінші жартысында дене шынықтырумен айналысатындар саны өсе берді. 2011 жылы олардың саны 3 миллионнан асты. Бұл – еліміздегі барлық тұрғынның 20 проценті. Осының бәрі қазақстандықтардың саламатты өмір салтын ұстануды басымдық ретінде қарастыра бастағанының оң үрдісі екені сөзсіз.

Қазақстан спортының жеңістері

Жоғары деңгейлі спорт жарыстары – саламатты өмір салтын, дене шынықтыру мен спортты насихаттайтын ең озық тәжірибенің бірі. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында жалпыұлттық игілікке айналып үлгерген үздік спорттық жетістіктерге қол жеткізді. Спорт саласында табыстарға жетіп қана қоймай, спорт инфрақұрылымдарын дамытуда да алға қадам жасадық.

XXI ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақстан спорты өрлеу кезеңін басынан кешірді. Мемлекеттің ұдайы қолдауы мен спортшылардың ынта-жігері жоғары нәтижелердің кепілі болды.

2000 жылы Сиднейде (Австралия) Олимпиялық ойындар өтті. Қазақстан құрама командасы үлкен табысқа жетіп, командалық есепте 199 елдің ішінен 22-орынды иеленді. Қазақстандық үш спортшы – боксшылар Бекзат Саттарханов пен Ермахан Ыбырайымов және жеңіл атлет Ольга Шишигина Олимпиада чемпионы атанды. Күміс медальды Мұхтархан Ділдәбеков пен Болат Жұмаділов (бокс), Ислам Байрамуков (еркін күрес), Александр Винокуров (велоспорт) жеңіп алды.

Қазақстанның үздік спортшылары 2004 жылы Афинада өткен Олимпиялық ойындарға қатысты. Бақтияр Артаев Олимпиада алтынын алып, дәстүр бойынша ең шебер боксшыға берілетін Баркер кубогын да иеленді. Күміс жүлдені Геннадий Головкин (бокс), Сергей Филимонов (ауыр атлетика), Георгий Цурцумия (грек-рим күресі), Геннадий Лалиев (еркін күрес) жеңіп алды. Дмитрий Карпов (онсайыс), Серік Елеуов (бокс), Мхитар Манукян (грек-рим күресі) қола жүлдегер атанды.

2008 жылы Бейжіңде өткен Олимпиялық ойындар үлкен спорт әлеміндегі маңызды оқиғаға айналды. Қазақстандық спортшылар бұл сында да елімізді жақсы қырынан танытып, 2 алтын, 2 күміс және 4 қола медаль жеңіп алды. Қазақстан жалпы есепте 205 мемлекет ішінде 29-орынға тұрақтады.

2010 жылы Канаданың Ванкувер қаласында биатлоншы Елена Хрусталева олимпиада күмісін жеңіп алды. 2010 жылы спорттың жазғы олимпиялық түрлері бойынша әлем чемпионаттарында қазақстандық атлеттер – 11 медаль, Азия чемпионаттарында – 50 медаль, Азия кубоктарында – 6 медаль, Еуразиялық ойындарда 131 медаль еншіледі.

Мен үлкен спорттың жалпыұлттық маңызын, сондай-ақ оның халықаралық аренада мемлекеттің лайықты имиджін қалыптастырудағы рөлін жете түсіндім. Осыған орай, Қазақстан қатысушы ғана емес, ірі спорт жарыстарын ұйымдастырушы да болуы қажет деп шештік. Менің бастамамен 2006 жылы Қазақстан 2011 жылғы Азия ойындарын өткізу құқығына ие болды.

Бұл жетістік кездейсоқ емес еді. Өйткені Қазақстан Пусанда (Оңтүстік Корея, 2002 жыл), Аомориде (Жапония, 2003 жыл), Дохада (Катар, 2006 жыл) және Чанчуньда (Қытай, 2007 жыл) өткен Азия ойындарында командалық есеп бойынша абыройлы төртінші орынды тұрақты иеленіп келе жатыр еді.

2011 жылдың қаңтар-ақпан айларында Астана мен Алматыда өткізілген VII Қысқы Азия ойындарында қазақстандық спортшылар өте жақсы өнер көрсетіп, 32 алтын, 21 күміс және 17 қола жүлде жеңіп алды. Қазақстан құрамасы алтын жүлде саны бойынша Қысқы Азия ойындарының рекордын жасады. Бұған дейінгі рекорд Жапонияға тиесілі еді. Алексей Полторанин (шаңғымен жүгіру), Ольга Новикова, Михаил Сорокин (шаңғымен бағдарлау) – төрт-төрттен, Александр Червяков (биатлон) – үш, Николай Чеботько (шаңғымен жүгіру), Юлия Галышева (фристайл), Игорь Закурдаев және Дмитрий Кошкин (тау шаңғысы) екі-екі алтыннан иеленді.

Қазақстандық альпинистер де үлкен табыстарға қол жеткізді. 2010 жылы Ерванд Ильинский бастаған Қазақстан командасы әлемде бірінші болып жер шарындағы биіктігі сегіз мың метрден асатын 14 шыңның бәрін бағындырды.

Республикада кәсіпқой спорт дамыды, бокстан, велоспорттан, футболдан, хоккейден кәсіпқой клубтар құрылды. Қазақстандық боксшылар – Василий Жиров пен Геннадий Головкин әлемге танылды.

2006 жылы менің бастамаммен «Астана» кәсіпқой велокомандасы құрылды. Айтулы нәтижеге бірден қол жетті – сол жылы Александр Виноуров Испания «Вуэльтасында» топ жарды. 2009 жылы «Астана» велокомандасы «Тур де Франс» мәртебелі көпкүндігінде жеңіске жетті. 2010 жылы әлемдік рейтингте бірінші орынға көтерілді.

Кәсіпқой велокоманданың табыстары арқасында «Астана» бренді спорт әлеміне кең танымал болды.

2010 жылы қазақстандық және шетелдік боксшылардың басын қосқан «Astana Arlans» кәсіпқой спорт клубы құрылды. Содан бері клуб Бүкіләлемдік бокс сериясы (WSB) жобасына тұрақты қатысып келеді.

2008 жылы Астананың «Барыс» хоккей командасы алға үлкен қадам жасады: Еуразия кеңістігінің ең жоғары дивизионында – Құрлықтық хоккей лигасында ойнай бастады.

Қазақстан туы астындағы спорттық жеңістер синергетикалық әсер берді: отаншылдықты мығымдады, жастарды саламатты өмір салтына бейімдеді, Қазақстанның табысты өркендеп келе жатқан ел ретіндегі халықаралық беделін арттыра түсті.

9. ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН КӨШБАСШЫЛЫҚ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІТІМГЕРЛІК МИССИЯСЫ

Мемлекеттік шекара: шешімін тапқан аса күрделі мәселе

Жиырма бірінші ғасырдың басында жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы шекараны заңды түрде делимитациялау мәселесін қолға алатын уақыт келіп жетті. Бұл Кеңес Одағы кезінен реттелмей келе жатқан мәселе болатын.

2000 жылдың қазан айында Сыртқы істер министрлігінің коллегиясында сөйлеген сөзімде мен барлық мүдделі мемлекеттермен осы мәселені тездетіп шешудің маңыздылығына ерекше назар аудардым. Өйткені өзара достық пен сенім рухында шешуді талап ететін трансшекаралық шаруашылық мәселелері қордаланып қалған еді.

Келіссөздер барысында пікірталастардың қатаңдау жүрген кездері де болды. Бірақ түптің түбінде тараптар өзара сыйластық пен ізгі ниет танытты. Сөйтіп ең қиын, даулы мәселелердің өзін тиімді шеше алды. Екіжақты деңгейде делимитациялау процесіне қатысқан тараптардың ешқайсысы шекара мәселесіне саяси астар бермегенін ерекше атап өту маңызды.

Ауқымды мәселелерді Қазақстан жүйелі түрде және сындарлылықпен шешіп отырды. Мемлекет осы қадамды халықтың бейбіт өмірі мен болашақ ұрпақ қамы үшін – барлық көрші елдермен бейбітқатар және өзара келісіммен өмір сүру үшін жасады.

Алғашында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік шекараны делимитациялау жұмысын 2007–2008 жылдар шамасында тәмамдауды жоспарлаған еді. Дегенмен біздің жанкешті ерік-жігеріміздің арқасында көп жылға созылған осы ауқымды жұмыс 2005 жылға қарай аяқталды.

Қазақстан – Қырғыз және Қазақстан – Түрікменстан шекараларын делимитациялауда біз бұрын Қырғыз ССР-імен және Түрікмен ССР-імен келісілген әкімшілік-аумақтық бөліну сызығын негіз етіп алдық.

2001 жылдың 5 шілде және 15 желтоқсан күндері Астанада тиісінше, Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан Республикасы арасында «Қа-

зақстан – Түрікменстан мемлекеттік шекарасы туралы» шартқа, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасында «Қазақстан – Қырғыз мемлекеттік шекарасы туралы» шартқа қол қойылды.

Қазақстан – Өзбекстан шекарасын делимитациялау процесі 2000–2002 жылдар аралығында жүргізілді. 2001 жылдың 16 қарашасында Астанада Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында «Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасы туралы» шарт бекітілді. Ол шекара сызығының 96 процентін анықтады. Кейін даулы мәселелерді мұқият реттеген соң, 2002 жылдың 9 қыркүйегінде «Мемлекетаралық шекараның жекелеген бөліктері туралы» шартқа қол қойылды.

Қазақстанның ең ұзақ шекарасы – Ресеймен 7591 шақырымдық шекара. Бұл – әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара.

Қазақстан – Ресей келіссөздерінің алғашқы кезеңі 1999 жылдың тамыз айында басталды. Қазақ ССР-і мен РСФСР арасындағы әкімшілік шекара, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан шекараларымен салыстырғанда, бұлдырлау рәсімделгені бірден белгілі болды.

Мұндай әдеттен тыс жағдайда Ресейдің жаңа басшылығымен арамыздағы сенімнің жоғары деңгейі айрықша рөл атқарды. 2000 жылдың маусым айындағы алғашқы біріккен декларацияда мемлекет басшылары екіжақты делимитациялау процесінің қарқынын арттыру қажеттігін айтты. Мемлекет үшін шекараның маңыздылығын ескере отырып, біз жағдайды ушықтырмай шешу үшін табандылық таныттық.

Қазақстан мен Ресей арасындағы келіссөздер 2004 жылдың соңына дейін жалғасты. Шекара сызығын сызу үшін елуден астам келіссөздер кезеңін өткізуге тура келді.

2005 жылдың 18 қаңтарында Мәскеуде мен В.В. Путинмен бірге Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасы туралы» шартқа қол қойдым. Құжат 2006 жылдың 12 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Осылайша Қазақстан бүкіл периметрі бойынша шекараның құрлықтық бөлігін заң негізінде рәсімдеуді аяқтады. Өңірлерде шекара сызығын жүргізу (демаркациялау) жұмысы басталды.

294

Мемлекеттік шекараны белгілеу жолында біз жұмсаған күш-жігердің маңыздылығын түсіну үшін жаңа тәуелсіз мемлекеттердің басым бөлігі мұндай шаруаны атқара алмағанын, олардың басым бөлігі өзара бекітілген мемлекеттік шекараға ие емес екенін есте ұстаған жөн.

Қазақстан – Орталық Азия өңірінде делимитациялау мен демаркациялау мәселесін толық шешкен жалғыз мемлекет. Қазақстан Республикасының 2000-жылдары бекітілген мемлекеттік шекарасы – толықтай заңды шекара.

Осылайша Қазақстан өзінің мемлекеттік шекарасының бүкіл периметрін заң негізінде рәсімдеуді аяқтады. Тарихта тұңғыш рет біздің мемлекеттік шекарамыз халықаралық-құқықтық тұрғыдан рәсімделді және өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің іс-жүзіндегі нақты құралы бола алды. Осы кезден бастап дербес Қазақстан заңды түрде рәсімделген 14 мың шақырымдық құрлықтық мемлекеттік шекараға ие болды. Оның 7591 шақырымы – Ресеймен, 2351 шақырымға жуығы – Өзбекстанмен, 1783 шақырымы – Қытаймен, 1242 шақырымы – Қырғызстанмен, 426 шақырымы Түрікменстанмен түйісіп жатыр.

Қазақстанның мемлекеттік шекарасын саяси растаудың, заң жүзінде рәсімдеудің және халықаралық дәрежеде мойындалуының тарихи маңызын айтып жеткізу мүмкін емес.

Достар үшін – ашық, жат пиғылдылар үшін жабық мемлекеттік шекараның бекітілуі Қазақстан Республикасының егемендігін әйгілей түсті, ұзақ мерзімге тұрақты бейбітшілікті қамтамасыз етті.

Каспий – құқықтық мәртебесін анықтау қадамдары

Мен Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау бойынша бестараптық келіссөздердің жемісті жүргізілуін Қазақстан дипломатиясының тағы бір табысы деп санаймын. Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Түрікменстан және Иран сияқты Каспий айналасындағы барлық ел үшін бұл теңіз ерекше стратегиялық, экономикалық және әскери-саяси маңызға ие.

Каспийде көмірсутегі шикізатының аса бай қоры бар. 1990 жылдары Қазақстан мен Ресей арасында жүргізілген келіссөздер ең әуелі Каспийдің солтүстік-шығысындағы Теңіз бен Қашаған кен орындарына қатысты еді. Келіссөздер нәтижесінде Каспий маңының мұнайлы-газды аймағының негізгі, яғни шамамен үштен екі бөлігі біздің елімізге тиесілі болды.

2001 жылдың 29 қарашасында Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін бөлу туралы келісімге қол қойылды (2003 жылдың шілдесінде күшіне енді). Сондай-ақ 2003 жылдың 14 мамырында Қазақстан, Әзербайжан, Ресей арасында Каспий теңізінің түбіндегі шектесетін бөліктер туралы келісім жасалады (2004 жылдың 7 қаңтарында күшіне енді).

2003 жылдың 4 қарашасында Тегеранда (Иран) Каспий маңындағы бес елдің өкілдері Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау және биологиялық ресурстарын пайдалану жөніндегі негіздемелік конвенцияға қол қойды. Құжат 2006 жылдың тамыз айында заңды күшіне енді.

2006 жылы мен өңірдегі жаңа сын-қатерлерді қамти алатын Каспийдегі тұрақтылық пакті идеясын ұсындым. Жобада «Каспий теңізі тек бейбіт мақсатта ғана пайдаланылуы тиіс» деп көрсетілді. Дәл осы көзқарас Каспий маңы елдері үшін өте қолайлы болды.

2007 жылдың қазан айында Тегеранда өткен Екінші Каспий саммиті қорытындысында бес ел декларацияға қол қойып, Каспий теңізін «бейбітшілік теңізі» деп жариялады. 2010 жылдың қарашасында Бакуде өткен Үшінші Каспий саммитінде Каспий теңізіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Саммите сөйлеген сөзімде мен Қазақстан тарапы жағалаудағы барлық елдер үшін бәтуалы және өзара тиімді негізде Каспийдің құқықтық мәртебесі мәселесін тез арада реттеуді қолдайтынын атап өттім. Біздің ұсынысымызбен арнайы әлеуметтік жұмыс тобының жиналысы жылына бес ретке дейін өтіп тұратын болды.

2010-шы жылдары Каспий теңізінен өтетін мемлекеттік шекаралар мәселесі Каспий маңы мемлекеттері үшін бұрынғысынша өзекті еді. Бес мемлекет Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау, теңіздегі аумақтарды белгілеу мәселесін реттеу және оның ресурстарын игеруді ретке келтіру туралы Конвенция қабылдауға тиіс болды.

Жағалау елдерінің ұстанымдарын жақындастырудағы және өзара тең құқықты негізде ұзақ мерзімді мүдделерді қамтамасыз етудегі біздің сындарлы жүрісіміз Каспийдің құқықтық мәртебесіндегі күрделі мәселелерді оңтайлы шешуге ықпал етті. Қазіргі геоэкономикалық перспективалар және дәстүрлі қуат көздерін пайдаланудың жалпы әлемдік өсу үдерісі жағдайында әлемдік қоғамдастықтағы Каспий өңірінің геосаяси маңызы әлі ұзақ уақыт арта бермек.

Бітімгерлік миссия: Қазақстанның БҰҰ-дағы рөлі

БҰҰ-мен ынтымақтастық – біздің еліміздің сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі. БҰҰ-ға мүше болған 168-ші мемлекет ретінде Қазақстан Ұйымның жұмысына белсене қатысады.

БҰҰ-ға толыққанды мүшелік біздің мемлекетімізге осы көпқырлы ұйымның алдыңғы қатарлы қорларымен, агенттіктерімен және бағдарламаларымен тығыз байланыста болуға, халықаралық өзара әрекеттестіктің бірқатар салаларындағы еліміздің жинақтаған оң тәжірибесін енгізе отырып, ядролық қару таратпау, экономика, денсаулық сақтау, білім, экология, әлеуметтік қорғау салаларындағы ұлттық мүддемізді жемісті қорғап қалуға мүм-

кіндік берді. БҰҰ-ның саммиттеріне, сессиялары мен конференцияларына жеке қатыса жүріп, мен Қазақстанның осы әлемдік ұйымға қаншалықты зор мән беретінін атап өткім келеді.

2000-шы жылдары Қазақстан БҰҰ-ның негізгі іс-шараларының бәріне белсене араласты. Мыңжылдықтың даму декларациясы мен мақсаты қабылданған «Мыңжылдық Саммитіне» де (2000 жыл) қатысты. Оның қорытындысы бойынша БҰҰ реформаларының негізгі бағыттары бекітілді. Қазақстан одан басқа да ірі конференциялардың ортасынан табылды.

2002 жылдың қазан айында БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннанның Қазақстанға ресми сапармен келуі ынтымақтастықтың дамуындағы маңызды қадам болды. БҰҰ басшысының Астанаға миссиясы Қазақстан мен БҰҰ арасындағы онжылдық ынтымақтастық нәтижесін нығайта түсті, сонымен бірге оның әрі қарай дамуындағы жаңа перспективаларды айқындады.

БҰҰ мүшесі ретінде Қазақстан терроризммен күресте өзіне бірқатар міндет алды және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің контртерроризм комитетімен тығыз қарым-қатынасты жолға қойды.

2003 жылдың мамыр айында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Ирак халқына елді қалпына келтіруге көмек беру туралы қарар қабылдады. Қазақстанның бітімгершілік миссиясы 2003 жылдың тамызында басталды. Қазақстандық офицерлер мен солдаттар бес жыл бойы Ирак аумағын минадан тазартумен, жергілікті курсанттарды саперлік жұмысқа үйретумен айналысты, тұрғындарға медициналық жәрдем көрсетті.

Күрделі халықаралық мәселелерді шешуде аймақтық ұйымдар айрықша рөл атқаруға тиіс екеніне сенімім зор. Сондықтан 2004 жылдың қазан айында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) сыртқы істер министрлерінің кездесуінде мен БҰҰ Бас хатшысының жанынан Аймақтық ұйымдар кеңесін құру туралы бастама көтердім.

Қазақстанның табыстары мен оның БҰҰ қызметіндегі рөлін мойындаудың бір көрінісі 2006 жылдың қарашасында еліміздің БҰҰ-ның негізгі органдарының бірі – Экономикалық және әлеуметтік кеңесіне сайлануы болды. Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерінің ішінен бірінші болып БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесіне (ЭКОСОС) мүше 54 елдің қатарына енді.

2007 жылдың қыркүйегінде мен БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-сессиясына қатысып, халықаралық өзекті мәселелер бойынша Қазақстанның ұстанымын анық айтып, жалпы жарыссөздерде сөз сөйледім. Дәл осы уақытта БҰҰ-ның жаңа Бас хатшысы Пан Ги Мунмен кездесуім өтті.

Ғаламдық ядролық қауіпсіздігі мәселелері мен үшін өте маңызды. XX ғасырдағы ядролық қарулану жарысы Қазақстанға өте күшті «күйік»

ізін қалдырды. Сондықтан 2009 жылдың 2 желтоқсанында біздің елдің бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясының Семей полигоны жабылған күнді – 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсылық күні етіп белгілеу туралы қарар қабылдауы әбден заңды. 2010 жылдың сәуір айында Қазақстанға келген БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун ел тұрғындарына және табиғатқа үлкен залалын тигізген Семей полигонын жабу Қазақстанға бүкіл әлемдегі ядролық қауіпті азайту мәселесінде бастама көтеруге ерекше моральдық құқық бергенін атап өтті.

2011 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-сессиясында сөйлеген сөзімде мен әлемдік қоғамдастыққа Ядролық қарусыз әлем жалпы декларациясын әзірлеуді ұсындым. БҰҰ-ға мүше мемлекеттер өздерінің қорғаныс бюджеттерінің бір процентін аударып отыратын БҰҰ бітімгершілік күш-жігерінің қорын құруды тағы бір бастама ретінде көтердім. Сөз соңында мен Қазақстанның өз кандидатурасын 2017–2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне ұсынғанын жарияладым. Сол кезде Нью-Йоркте әлемнің жетекші елдерінің басшылары қатысқан ядролық қауіпсіздік жөніндегі жоғары деңгейлі кездесу өтті. Бұл шарада мен әлемдік көшбасшыларға атом энергетикасы саласындағы қауіпсіздіктің үш негізін ұсындым. Олар – бүкілпланеталық механизмдерді жетілдіру, төтенше жағдайларға дағдарыстық әрекет ету механизмдерін қалыптастыру, ядролық нысандардағы кез келген оқиға туралы хабардар ету.

Мен көп жылдар бойы ядролық қару таратпау жүйесін реформалау қажеттігін жүйелі түрде қорғап отырдым. Менің нық сенімім бойынша, бұл салада қос стандартты алып тастап, БҰҰ мен МАГАТЭ бақылауын күшейту қажет.

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Қазақстанның жаһандық қауіпсіздіктің нығаюына қосқан үлесін мойындап, ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі идеясын қолдады.

Қазақстанның принципті ұстанымы, халықаралық аренадағы жүйелі және шынайы қадамдары Қазақстан Республикасының ядролық қауіпсіздік саласында ғаламдық бітімгерге айналғанын нықтай түсті.

АӨСШК: шындыққа айналған батыл жоба

Халықаралық маңызды мәселелерді стратегиялық тұрғыда бағалай білу машығым Еуропа қауіпсіздігімен бірге, әлем үшін Азияның қауіпсіздігі де еш кем емес мәнге ие екенін аңдатты. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы бастамам да осыдан туындаған еді.

Бұл халықаралық ұжымдық құрылым түпкі мақсаты бойынша жалпы-азиялық ұйымдар тапшылығының орнын толтырып, келісім мен ынтымақтастықтың өзара ықпалдастық кеңістігі мен айқын механизмін құруға тиіс еді. Осы жоба арқылы тәуелсіз жас Қазақстан жаһандық әлемге қадам жасады. АӨСШК құру бастамасын әуелден-ақ Ресей, Қытай, АҚШ, Германия, Жапония, Иран, Түркия, Австралия қолдады.

2002 жылдың 4 маусымында Алматыда Қазақстан, Ресей, Қытай, Пәкістан, Түркия, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан президенттері, Үндістан мен Әзербайжанның премьер-министрлері, Иранның, Египеттің, Израильдің және Палестинаның өкілетті тұлғалары, БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның бақылаушы-мемлекеттері өкілдері қатысқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің I саммиті өтті. Басшылары алғашқы тарихи жиынға қатысқан 15 мемлекет Азия аумағының 90 процентін алып жатқан-ды, ал олардың халқының саны 3 миллиардқа жуықтайтын немесе ғаламшарымыздың барлық тұрғындарының жартысына жуығы еді.

АӨСШК форумының алғашқы жемісі 2002 жылы Үндістан мен Пәкістан сияқты екі ядролық державаның арасы салқындап кеткен кезде, олардың диалогын қалпына келтіру болғанын есіме аламын. Біз бұдан кейін де АӨСШК-нің Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұжымдық механизмі рөлін жемісті атқара беретініне сенімді болдық.

АӨСШК I саммитінің басты оқиғасы – АӨСШК-нің ұйымдастырушылық негіздеріне, Азиядағы болашақ қауіпсіздік институттарына жол ашқан Алматы актісін жариялау болды. Кеңеске қатысушылар менің АӨСШК Хатшылығын құру туралы ұсынысымды қабыл алды.

XXI ғасырдың басындағы күрделі халықаралық ахуал кезінде өткен АӨСШК I саммиті Қазақстанның сыртқы саясатының үлкен жетістігіне айналды және әлемдегі халықаралық қатынастардың жаңа кезеңі бола алды.

2004 жылдың қазанындағы АӨСШК Сыртқы істер министрлерінің кездесуінде азиялық және әлемдік дипломатияда теңдесі жоқ бірегей құжат – Сенім шараларының каталогі қабылданды. Құжатта қауіпсіздік, дау-дамайларды бейбіт шешу және қарулануды бақылау мәселелері бойынша Азиядағы көпжақты ынтымақтастық тұңғыш рет қарастырылды.

2006 жылдың 17 маусымында Алматыда АӨСШК II саммиті өтті. Оған Қазақстанмен бірге, Қытай, Ресей, Пәкістан, Өзбекстан, Ауғанстан, Әзербайжан, Тәжікстан және Қырғызстан басшылары, Тайланд премьер-министрі, сондай-ақ Түркия, Израиль, Моңғолия, Корея Республикасы, Үндістан, Иран, Палестина, Египеттің өкілдері қатысты. Саммит декларациясында Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың өзекті мәселелеріне жалпы көзқарас, мәселелерді шешуде әмбебап тәсілдерді қолдануды дамыту

жөніндегі ұсыныстар көрініс тапты. Кеңестің практикалық құрылымдануын жүйелеуге қатысты негізгі құжат – АӨСШК Хатшылығы туралы келісім қабылданды. Алматы қаласында АӨСШК штаб-пәтері ашылған соң, оның институттарының нақты қалыптасу үрдісі басталды.

II саммитте мен АӨСШК-нің БҰҰ-мен қарым-қатынасы қажет екенін мәлімдедім. 2007 жылдың желтоқсанында АӨСШК БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесін иеленді.

2002 жылдан бастап АӨСШК құрамы кеңейе түсті. 2010-шы жылдардың басына қарай тұрақты мүшелердің саны Бахрейн, Вьетнам, Иордания, Ирак, Камбоджа, Моңғолия, БАӘ, Корея Республикасы, Тайланд сияқты елдердің қосылуымен жиырма төртке дейін ұлғайды. АӨСШК елдері әлемдік ІЖӨ-нің үштен бірін қамтамасыз етіп отырды. Бақылаушылар қатарына Бангладеш, Катар, Филиппин және Араб мемлекеттері лигасы қосылды.

2010 жылы АӨСШК қызметінің келесі кезеңі келіп жетті. Жағдайдың бірегейлігі мынада – Қазақстан бір мезгілде АӨСШК мен ЕҚЫҰ төрағасы бола отырып, АӨСШК-ЕҚЫҰ форумын құруды ұсынды. Менің байқағанымдай, АӨСШК мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастық болашақта қауіпсіздіктің ортақ платформасын құруға жол ашар еді.

2010 жылы Қазақстанның ұсынысымен АӨСШК төрағалығына Түркия тағайындалды. АӨСШК мемлекеттері мен үкімет басшыларының III саммиті 2010 жылдың 8 маусымында Ыстанбұл қаласында өтті. Оған 9 елдің мемлекет және үкімет басшылары, 6 вице-президент, вице-премьер және парламент спикері, 14 министр мен арнайы өкілдер қатысты. 16 халықаралық ұйым өз өкілдерін жіберді.

АӨСШК-нің өсу және даму үрдісі Кеңестің ашықтығын, сұранысқа ие екендігін және өміршеңдігін көрсетті. Бүкіл әлем алдында АӨСШК форумы болашағы зор, макроөңірлік бірлестік ретінде танылды.

АӨСШК болашағын саралай отырып, мен 2010 жылдары Кеңестің толыққанды халықаралық ұйымға айналуы үшін жағдай тудыратын диалог пен сенім деңгейіне жететініне үміт арттым.

ШЫҰ-НЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығы «Шанхай бестігі» үшін жаңа сапалық деңгейге – халықаралық ұйым деңгейіне өту уақыты болды. Осы процеске Қазақстан белсене атсалысты.

2001 жылдың басында «Шанхай бестігіне» қатысуға Өзбекстан ниет білдірді. Өзбекстанды қабылдау шешімі маусым айында Қытайдың Шанхай

қаласында өткен саммитте қабылданды. Бұл халықаралық ұйымды жақтаудың соңғы нүктесі саналды.

2001 жылдың 15 маусымында Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы басшылары Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылғанын жариялады. Мен осы бір жаздың жайлы күнін әлі ұмытқаным жоқ. Осының бәрі жаңа ғасырдың басында жаһандық әлемнің көпмәнді символына жылдам айналып бара жатқан қалада өтуінің өзі де ерекше белгі іспетті еді.

Біріккен Декларацияда «бестіктің» өзара сенімі негізінде құрылған «Шанхай рухы» – баға жетпес игілікке айналғаны және жаңа ғасырда ол ШЫҰ үшін қалыпты жағдай саналып, кеңейе беретіні айтылды. Сол 2001 жылдың маусым айының өзінде-ақ терроризммен, сепаратизм және экстремизммен күрес жөніндегі Шанхай конвенциясы бекітілді.

Бір жылдан соң, 2002 жылдың 7 маусымында, Санкт-Петербургте ШЫҰ мемлекеттері басшыларының кездесуі өтті. Ол ШЫҰ-ның институттық рәсімделуін жалғастырды. Екі маңызды актіге: негізгі жарғылық құжат – ШЫҰ Хартиясына және ШЫҰ-ның жабық альянс емес екенін, ынтымақтауға әзір екенін дәлелдеген декларацияға қол қойылды.

2003 жылдың мамыр айында Мәскеуде өткен ШЫҰ саммитінде ұйымның Бейжіңде штаб-пәтері бар хатшылығын және Ташкентте штаб-пәтері бар Өңірлік антитеррорлық құрылымын құру туралы шешім қабылданады. Сонымен бірге Мемлекет, үкімет басшыларының және сыртқы саясат мекемелерінің кеңесі туралы ережелер бекітілді.

2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап ШЫҰ халықаралық өмірдің дербес факторы ретінде және өзіндік механизмдері қалыптасқан толыққанды халықаралық құрылым ретінде қызмет ете бастады.

ШЫҰ елдері басшыларының оныншы кездесуі 2005 жылдың 5 шілдесінде өтті. Осы жиынның Қазақстанның жас елордасы Астанада өткізілуі де жақсы нышан еді. Жиында мен мемлекет басшыларына ұйымның рөлін ынтымақтастықтың жаңа «институттық желісінің» маңызды бөлігі ретінде, бірін-бірі толықтырып тұратын «үштік» (ШЫҰ, АӨСШК, Әлемдік діндер көшбасшыларының съезі) контекстінде қарастыруды ұсындым. Астанада ШЫҰ мемлекеттері ынтымақтастығының терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы тұжырымдамасының қабылдануы маңызды оқиға болды. 2004–2005 жылдары Моңғолия, Үндістан, Пәкістан және Иран ШЫҰ жанындағы бақылаушы елдер мәртебесін иеленді.

2007 жылдың қаңтарында ШЫҰ Бас хатшысының лауазымына қазақстандық дипломат Б.Нұрғалиев үш жыл мерзімге тағайындалды.

2007 жылы Бішкекте өткен ШЫҰ саммитінің бас құжаты – Мүше мемлекеттердің ұзақ мерзімді тату көршілік, достық пен ынтымақ туралы келісімі болды.

Менің ойымша, ұйымның экономика, энергетика, көлік және инвестиция салаларында елеулі перспективасы бар. Осы мәселелерді қазақстандық дипломаттар 2000 жылдары өткен әрбір саммитте тұрақты түрде көтеріп отырды.

2009 жылдың маусымында Екатеринбургте өткен ШЫҰ саммиті жаһандық қаржы дағдарысы жағдайында өткізілді. Осыған орай мен қаржы мәселелерін шешуде өз ұстанымымды білдірдім. Менің идеям бойынша, ШЫҰ өңірдегі негізгі валюталар қоржынына бағынышты, ұлттық валютадан жоғары тұратын ортақ есеп айырысу бірлігін енгізерлік барлық мүмкіндіктерге ие еді.

2010 жылдың сәуір айында Ташкентте ШЫҰ мен БҰҰ хатшылықтарының ынтымақтастығы туралы ортақ декларацияға қол қойылды.

Осылайша 2000 жылдары Қазақстан үлкен Еуразия кеңістігіндегі Қытай, Ресей, Орталық Азия мемлекеттерінің күші мен мүмкіндігі тоғысқан және үйлескен ШЫҰ-ның маңызды өңірлік ұйым болып қалыптасуына белсенді атсалысты.

Қауіпсіздікті, тұрақтылықты қамтамасыз ететін және Балтық теңізінен Тынық мұхитына дейінгі Еуразияның алып кеңістігіндегі ынтымақтастықты жүйелі дамытуға жол ашатын Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлін айттып жеткізу мүмкін емес. 2001 жылдың қыркүйегінде АҚШ-та болған қайғылы оқиғалар біздің өңірдегі бейбіт дамудың маңызды факторларының бірі болған – ШЫҰ-ның дер кезінде құрылғанын анық аңғартты. 2004–2011 жылдар аралығында ғана Өңірлік лаңкестікке қарсы құрылымның жемісті жұмысының арқасында бес жүзден астам лаңкестік әрекеттің жолы кесіліп, аса құнды – мыңдаған адам өмірін сақтап қалу мүмкін болғанын айтсам да жеткілікті. Бұл жаһандық қауіпсіздікке қосылған үлкен үлес емес пе?

Шындыққа тура қараған дұрыс. Шанхай ынтымақтастық ұйымының жемісті қызмет етуінде Владимир Путиннің және оның ҚХР төрағасы қызметінде бірін-бірі кезек алмастырған әріптестерінің рөлі өте зор. Ашығын айтқанда, Қытай мен Ресей сияқты мықты өңірлік әріптестер жанында сол кезде маған да оңай соққан жоқ. Ұйымның барлық қатысушының толық құқықтық теңдігіне негізделген форматы қажет еді. Бастапқы кезден-ақ ШЫҰ аясындағы барлық елдің тең құқықтылығын қолдаған Путин мен Цзян Цзэминнің бірауызды ұстанымы шешуші рөл ойнады. Осыны үшін екеуіне де алғысым шексіз. Олардың пікірлесуін тамашалаудың өзі қызықты еді. Олар бір-біріне өте лайық әріптес бола білді. Сол шақта Ресей – Қытай қатынастары дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты.

Цзян Цзэминнің Қазақстанға жасаған соңғы сапарларының бірі – ШЫҰ-ның кезекті кездесуіне байланысты болды. Мен оны Владимир Путинмен бірге өз үйіме шақырдым. Біз ұзақ әңгімелестік. Содан кейін өзіміздің бейресми әңгімеміз кезіндегі дәстүрге сай ән айта бастадық. Цзян Цзэминге орыс әндері қатты ұнайтын. Мүмкін, Одақта өткен жастық шағы есіне түсетін болар. Кешқұрым аулада алдымызға кәуап тартылды, жұлдыздар жарқырап, ай көк жүзінде жүзіп бара жатты, Астананы қоршаған шетсіз-шексіз даланың таза ауасы мұрын жарды. Ешкім дастарқанға келуді ойлаған да жоқ. Жұлдыздар жыпырлаған аспанға қарап тұрмыз. Әнді сирек айтатын Владимир Владимировичтің өзі ыңылдап қосыла бастады. Өмірде ұсақ та өтпелі нәрсенің бәрі шетке ығысып, күндізгі қам-қарекет пен алаңның бәрі түн тыныштығына сіңіп, адамдар бір-бірін сөйлемей-ақ түсінісетін сәттер болады. Үш адам, тағдырлары түрліше, өмірдің сабақтарынан байсал тартқан үш азамат тұрды. Біздің арамызда тілдің де, мәдениеттің де, тарихтың да еш тосқауылы жоқ еді...

Ынтымақтастықтың шанхайлық үлгісі жаһандық қарым-қатынастар жүйесінде ерекше маңызды орын иеленіп, жарқын болашаққа жол салатынына сенімім өте зор.

ШЫҰ-ның Астанадағы мерейтойлық саммиті

2010–2011 жылдары ШЫҰ төрағалығы Қазақстан Республикасына өтті. Ұйым қызметінің тәжірибесіне жаңа жұмыс форматы – Іс-қимыл жоспары енгізілді.

ШЫҰ төрағалығы қызметінде Қазақстан үшін өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту мәселесі маңызды басымдық болды. Сөйте тұрса да, біз ШЫҰ-ның үшінші елдерге қарсы бағытталған әскери-саяси одақ емес екенін ұдайы есте ұстадық. ШЫҰ – ең алдымен, жарғылық мақсат-міндеттерін іске асыруға күштік тәсілдермен және құралдармен емес, бейбіт жолмен қол жеткізетін ұйым.

Дегенмен ШЫҰ қазіргі әлемнің қатаң талаптарын да елеусіз қалдыра алмайды. Ұйым көптеген жеке және өңірлік «ыстық нүктелерді», сондай-ақ «үш қырсықпен» – терроризммен, сеператизммен және экстремизммен күрес мәселелерін назарда ұстап отыруға мәжбүр. Ауғанстанда, шындығында, бүкіл Орталық Азияның тағдыры шешіліп жатқанын ШЫҰ анық түйсінеді.

Қазақстан төрағалығының маңызды оқиғаларының бірі – 2010 жылдың қыркүйегінде Жамбыл облысында өткен және дағдарыстық жағдайлардан

шығудың ортақ тәсілдерін қалыптастыруға жол ашқан – лаңкестікке қарсы «Бейбітшілік миссиясы-2010» жаттығулары болды.

2011 жылы ШЫҰ өзінің алғашқы онжылдық мерейтойына келіп жетті. Бұл оқиғаның ғаламдық маңызын түсіне отырып, Қазақстан мерейтойлық саммиттің өткізілу уақытын бір жыл бұрын, яғни 2011 жылдың 15 маусымына белгіледі. Өйткені 10 жыл бұрын, дәл осы күні Шанхайда ШЫҰ құру туралы шешім қабылданған болатын.

2011 жылдың 14–15 маусымында Астанада ШЫҰ елдері басшыларының ұйымның 10 жылдығына арналған кеңесі өткізілді. Жиынға Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтао, Ресей Федерациясының президенті Д. А. Медведев, Өзбекстан Республикасының президенті И. А. Каринов, Тәжікстан Республикасының президенті Э. Рахмон, Қырғыз Республикасының президенті Р. И. Отунбаева қатысты. Саммитте ұйымға мүше мемлекеттер басшыларымен бірге ШЫҰ жанындағы бақылаушы мемлекет басшылары – Иран Ислам Республикасының президенті М. Ахмадинежад, Пәкістан Ислам Республикасының президенті А. Зардари, Үндістан Республикасының сыртқы істер министрі М. Кришна, Моңғолия президент әкімшілігінің басшысы Д. Баттулга, төрағалық етуші мемлекеттің қонағы ретінде Ауғанстан Ислам Республикасының президенті Х. Карзай қатысты.

Осы кездесуде мен, төраға ретінде, әріптестеріме бейбітшілікті дамытудың негізгі бағыттарына сай әрі Ұйымның бірнеше құрылымын ашуды қарастыратын «ШЫҰ-ның мейірімді бес ісі» деп аталатын бес оңтайлы мақсат ұсындым. Олар – Қақтығыстарды реттеу кеңесі (өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін), Құрылымдық ықпалдастық жөніндегі комитет (құбырлар жүйесі мен электр желілері бойынша), Су және азық-түлік комитеті, Төтенше жағдайлар бойынша кеңес, ШЫҰ болжам жасау орталығы. ШЫҰ қызметін күшейтудегі Қазақстанның маңызды бастамаларын кездесуге қатысушылар зор ықыласпен және қызығушылықпен қабылдады. Мерейтойлық саммит қорытындысы бойынша өткенді саралап, болашақтағы шаруаның басым бағыттарын анықтаған ШЫҰ-ның 10 жылдығындағы Астана декларациясы қабылданады.

2010 жылдың маусымы мен 2011 жылдың маусымы аралығындағы ШЫҰ-ға Қазақстанның төрағалығы осы құрылымның дамуына, әлеуетін арттыруға, өңірлік қауіпсіздікті нығайта түсуге зор серпін берді. Жыл бойы Қазақстанның басшылығымен ШЫҰ аясында түрлі деңгейдегі және форматтағы 120 іс-шара ұйымдастырылды. Астана қаласы ШЫҰ тарихындағы жаңа онжылдық пен жаңа дәуірді ашты.

Экономикалық ықпалдастықтың логикасы: ЕурАзЭО – КО – БЭК

1990-шы жылдардың екінші жартысында өңірлік ынтымақтастық жолдарын іздеу әрекеті Кеден одағын алға бастыру үшін өзара іс-әрекеттің жаңа деңгейі қажет екенін анық байқатты. Ол үшін шешімдері шектеліп қалмай, міндетті түрде орындалатын көпсалалы экономикалық ұйым қажет еді.

Менің ұстанымымды 2000 жылдың наурыз айында сайланған Ресейдің жаңа президенті В. В. Путин қолдады. Осы жылдың мамыр айында-ақ Минскіде өткен кедендік «бестіктің» Мемлекетаралық кеңесінде Кеден одағын халықаралық ұйым ретінде қайта құру жөніндегі келісімге қол жеткізілді.

Ресейлік журналист Александр Гамов өз кітабында Шымбұлақтағы бір оқиғаны есіне алады. 2002 жылдың наурызында мен ТМД басшыларын бейресми саммитке шақырдым. Путин екеуміз біраз уақыт тауда шаңғы тептік. Шың басына шығу үшін көтергішке мініп, біраз жүру керек. Ресейлік журналист жол бойы Путин екеуміздің не жайлы сөйлескенімізді сұрады. Мен Кеден одағы туралы пікірлескенімізді айттым. Іле Алатауының тауларында ерекше атмосфера бар. Көп дүние осы жерде тоғысады. Жүзжылдық шыршалар иісі де, ежелгі қазақ тарихының ізі де, ғарыштық тыныштықта. Сондықтан болар, осындағы әңгіме ерекше сенімге құрылады.

Ресей басшысы екеуміз сағаттарымызды тексеріп алдық. Жаңа құрылған ықпалдастық құрылымға ешкім ешкімді зорлап кіргізгелі жатқан жоқ. Әркімнің өз ықтиярымен болатын шаруа. Ықпалдастық тек экономикалық сипатта болады және кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Жаңа құрылымды қалыптастыру ТМД аясындағы өзге бірлестіктерге қайшы келмейді.

Біздің әңгімеміздің қысқаша мазмұны осындай. Кейбір ұстанымдар нақтыланды. Бірақ істің мәні өзгеріссіз қалды. Күдік туғызатын қандай жайт бар және ол әлемдік тәжірибеден несімен ерекшеленеді?

Владимир Путин де дәл осындай жолды ұстанғанына бір емес, бірнеше рет көзім жетті. Ұлттық мүддені қорғау қашанда бірінші орында тұрады. Стратегиялық серіктестік саяси текетіреспен емес, іспен дәлелденуі керек. Маған осындай тәсіл ұнайды әрі оны толығымен заманауи құбылыс деп есептеймін. Осындай түсіністіктің арқасында біз әлемнің өзіміз жақ бөлігіндегі ықпалдастық үдерістерге бірлесе отырып серпін бере алдық. Владимир Путинсіз бұл мүмкін емес еді.

2000 жылдың 10 қазанында Астанада Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Тәжікстан басшыларымен бірлесе отырып, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕурАзЭО) құру туралы келісім жасастық. Сол күні Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да сөйлеген сөзінде В.В. Путин: «Бұл – Қазақстан Президи-

дентінің идеясы. Біз бұл туралы мамыр айында сөйлесіп, қазан айында жұмысты аяқтауға келіскен едік. Қалай айтсақ, солай істедік. Соңғы жылдары тізе қосып, жұмыла істеген жұмыстарымыздың ауқымдысы осы», – деді. Жаңа халықаралық одақты құрылтайшылар «Еуразиялық» деп атады. Бұл сонау 1994 жылы мен ұсынған жолға өңірлік ынтымақтастықтың да бет-бұрыс жасағанын нақтылай түсті.

Осылайша, 1990-шы жылдардың екінші жартысындағы интеграциялық адасулар дәуірі аяқталды. Өзара іс-қимылдың жаңа кезеңі басталды. 2001 жылдың 31 мамырында ЕурАзЭО-ның Интеграциялық комитеті құрылды. ЕурАзЭО құрылған алғашқы күннен бастап, Қазақстан ұйымның міндеті мемлекеттердің ұлттық мүдделеріне, халықтың қажеттіліктеріне сай болуы үшін барын салды.

2005 жылдың қыркүйегінде Орталық Азия ынтымақтастығы саммитінде ОАЫ мен ЕурАзЭО-ны біріктіру туралы шешім қабылданды. 2006 жылдың қаңтарында Еуразиялық даму банкі құрылды.

Жүйелі ұстанымдарымыздың арқасында, 2000 жылдардың екінші жартысында шынайы жұмыс істейтін Кеден одағын құру ЕурАзЭО қызметіндегі басым мақсатымыз болды. Бұл оңай шаруа емес еді. Өйткені ЕурАзЭО-да интеграциялық үдерістердің жылдамдығы мен ерекшелігі мәселесінде келіспеушіліктер бар болатын. Дегенмен жол табылды.

2007 жылдың қазанында Душанбеде маңызы жағынан кезеңдік болып саналатын ТМД – ҰҚШҰ – ЕурАзЭО саммиті өтті. 2007 жылдың 6 қазанында президенттер В.В. Путин және А.Г. Лукашенкомен бірлесе отырып, құрамында тығыз ынтымақтастыққа дайын үш мемлекет – Қазақстан, Ресей, Беларусь бар – Кеден одағын құру туралы келісімге қол қойдық.

Бұл жағдайда да ЕурАзЭО өз қызметін белсенді түрде жалғастыра берді. 2007 жылдың қазанында ЕурАзЭО-ның Бас хатшысы болып қазақстандық дипломат Т. Мансұров тағайындалды. Ол осы лауазымда ЕурАзЭО өмір сүрген 2014 жылдың желтоқсанына дейін қызмет істеді.

2008–2009 жылдардағы қаржылық-экономикалық дағдарыс өңірлік үдерістерді бұрынғыдан да маңызды ете түсті. 2009 жылы Қазақстанның бастамасымен ЕурАзЭО-ның дағдарысқа қарсы қоры құрылды.

Қазақстан, Ресей және Беларусьтің Кедендік одағы ресми жұмысын 2010 жылдың қаңтарынан бастады. 2011 жылдың шілдесінде кедендік бақылау сыртқы контурға көшіріліп, Кедендік кодекс күшіне енді. Мүше елдердің экономикасы біздің елдердің ортақ нарыққа ұмтылуына оңтайлы реакция берді – өзара сауда көлемі үш есе артты.

Келесі кезеңде Кедендік «үштік» мемлекеттері Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыруға көшті. 2011 жылдың 18 қарашасында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесінің бірінші жиналысында Ресей және Беларусь басшыларымен бірлесіп, Еуразиялық экономикалық ықпалдастық жөніндегі декларацияға қол қойдық. 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап еркін тауар айналымын, қызмет көрсету, капитал және еңбек ресурстарымен қамтамасыз ететін ЕЭК қызмет ете бастайтыны анықталды. Біз Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік – Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына әкелетінін мәлімдедік.

ЕурАзЭО/КО/БЭК ұйымдарының барлық сатыларында еуразиялық ықпалдастық мәселелеріндегі көшбасшылық Қазақстанға тиесілі екенін қатысушы елдер бірнеше рет атап өткен еді. Өйткені мен 1990 жылдардың бас кезінен-ақ еуразиялық экономикалық ықпалдастық жобасының өзара тиімді болатынын дәйектеген едім. Мен экономикалық бірлестік құру үшін аса ауқымды жұмыс атқарылғанын түсіндім. Осының бәрі еліміздің бейбіт те бақытты болашағы үшін жасалған қам еді. Сонымен бірге, мен қазақстандықтарға экономикалық ынтымақтастықтың мән-мағынасын мейлінше анық түсіндіруге тырыстым. Біртұтас заңы бар, 170 миллион адамы бар өңірлік үлкен нарық Қазақстанның ұлттық экономикасының, бизнес-қоғамдастығының және индустриасының өсуіне қажетті барлық мүмкіндіктерге жол ашады. Біртұтас экономикалық кеңістік қазақстандық өндірушілер үшін Брестке және Владивостокқа дейінгі тауар нарығын кеңіте түсті.

Осылайша еліміздің сыртқы экономикалық саясаты мүлде жаңа сапаға ие болды. Қазақстан әлемдік үдерістерге, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікке пәрменді ықпал ете алатын геосаясаттың және халықаралық құқықтың толыққанды субъектісіне айналды

ҰҚШҰ-дағы Қазақстан. НАТО-мен әріптестік

Жаңа ғасыр халықаралық жағдайдың күрт ушығуымен ерекшеленді. Сыртқы сын-қатерлер саны өсе түсті, бұрын болмаған сапалық деңгейге көшіп, жаңа қалып таба бастады.

АҚШ-та 2001 жылдың 11 қыркүйегінде жасалған лаңкестік әрекет халықаралық қоғамдастықтың әлемдік террормен күресіндегі жаңа жаһандық соғысының басы болды. 2000 жылғы Жолдауда ең маңызды мәселе – өңірлік қауіпсіздіктің құр сөзге құрылмаған, нақты жүйесін жасау маңызды екенін атап өткен едім. «Дәл осы мақсатта бізге Ұжымдық қауіпсіздік келісімі де, Шанхай бестігі де қажет», – дедім мен сол Жолдауымда.

Жолдау қарсаңында ғана, 2000 жылғы шілде-қазан айларында, Қырғызстан мен Өзбекстанның Қарулы күштері Қазақстанмен және Ресеймен бірлесе отырып, Қырғызстанның оңтүстігіндегі Баткен облысы мен Орталық Азияның басқа да аудандарында бас көтерген, қарулы халықаралық лаңкестер тобы төндірген қатерді жойған болатын.

Сол жылдың 11 қарашасында Бішкекте Ұжымдық қауіпсіздік кеңесіне қатысушы мемлекеттердің сессиясы өтті. Қатысушылар лаңкестерді тойтару кезіндегі ортақ күш-жігерге баға берді. ҰҚК мемлекеттерінің басшылары Жылдам өрістету ұжымдық күштерін құру туралы шешім қабылдады.

2001 жылдың шілдесінде Ұжымдық күштер құрылды. Оған Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан құрылымдары енді. Ұжымдық күштердің басқармасы Бішкекте орналасты. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесі үшін Орталық Азия өңірі шешуші маңызға ие болды.

Өңірдегі және әлемдегі күрделі ахуалға байланысты 2002 жылдың 14 мамырында Мәскеуде Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шешімімен ҰҚК – ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) халықаралық ұйымы болып өзгертілді. 2002 жылдың 7 қазанында Кишиневте ҰҚШҰ жарғысына қол қойылды. Ол 2003 жылдың қыркүйегінде күшіне енді. ҰҚШҰ міндеті бірлесе отырып, әскери-саяси басқыншылардан, лаңкестік ұйымдардан және табиғи апаттардан қорғану болып белгіленді.

ҰҚШҰ-ның тәжірибелік маңызды міндетінің бірі – есірткі тасымалының жолын кесу. 2003 жылдан бастап ұйым аясында есірткіге қарсы «Канал» операциясы жүргізіліп келеді.

2007 жылдың қазанында Душанбеде өткен ҰҚШҰ саммитінде бітімгершілік күштер құру туралы келісімге қол жеткізілді.

ҰҚШҰ-ны нығайту үшін жасалған келесі қадам – Ұжымдық жедел ден қою күштерін құру шешімі болды. Ол 2009 жылдың ақпанында құрылды. ҰЖДК сыртқы агрессияны тойтаруға, терроризммен және экстремизммен, есірткі тасымалымен, қару контрабандасымен, трансұлттық қылмыспен күреске ұдайы жауынгерлік әзірлікте болатын күшке айналды.

2009 жылдың қазанында Жамбыл облысындағы Мәтібұлақ полигонында 7 мыңнан астам жауынгер қатысқан, ҰҚШҰ ҰЖДК-ның «Өзара іс-қимыл-2009» ауқымды әскери жаттығуы өтті. Жаттығуды мен Ресейдің, Қырғызстанның, Тәжікстанның және Арменияның әріптес-президенттерімен бірге бақылады.

2013 жылдың 30 қаңтарында Астанада Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы әуе қорғанысының Біртұтас өңірлік жүйесін құру туралы келісімге қол қойылуы және оның штабы Алматыға орналасуы Қазақстанның қауіпсіздігін нығайтудағы маңызды қадам болды.

2000 жылдары Қазақстан НАТО-мен ынтымақтастығын дамыта түсті. Біз 2001 жылдың қыркүйегінен бастап Ауғанстандағы халықаралық лаңкестікке қарсы коалицияға транзиттік қолдау көрсеттік.

2002 жылдың қарашасында Солтүстікатлантикалық альянстың Бас хатшысы Дж.Робертсон Астанаға келді. 2006 жылы НАТО мен Қазақстан өңірлік қауіпсіздікті нығайтуды, терроризммен күресте ынтымақтаса жұмыс істеуді, сондай-ақ шұғыл азаматтық жоспарлауды негіз еткен серіктестіктің жаңа деңгейіне өтті.

2006 жылдан бастап Қазақстан Қарулы күштері (Қазбат) пен НАТО күштерінің бірлескен «Дала қыраны» бітімгершілік жаттығулары өткізіліп келеді.

Қазақстанның ҰҚШҰ жұмысына белсенді араласуы және НАТО-мен серіктестігі ұлттық және өңірлік қауіпсіздіктің нығаюына жол ашты, жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету ісіне маңызды үлес қосты.

Түркі әлемі мемлекеттерінің бауырластық ынтымақтастығы

Қазақстан үшін Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан тәрізді түркі әлемі елдерімен тығыз ынтымақтастықта болу ерекше маңызға ие.

Тығыз қарым-қатынаста болуымызға тілдік және конфессиялық туыстық, тарихи-мәдени мұраның ұқсастығы негіз болды. Сондықтан 1993 жылы түркітілдес мемлекеттер ТҮРКСОЙ түркі мәдениетінің халықаралық ұйымын құрған болатын.

ТҮРКСОЙ аясында мәдени ынтымақтастық белсенді дамыды. Қазақ жазушыларының шығармалары түрік тіліне аударылды, мәдениет күндері өткізілді. ТҮРКСОЙ түркі әлемі үшін өзіндік ЮНЕСКО іспетті болды. 2008 жылы ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшылығына еліміздің мәдениетіне елеулі үлес қосқан қазақстандық қайраткер Д.Қасейінов тағайындалды.

Әзербайжан астанасында 2005 жылдың мамырында «Баку-Тбилиси-Жейхан» мұнай құбырының іске қосылуына байланысты өткен жоғары деңгейдегі кездесу түркітілді мемлекеттер арасындағы қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын көрсетті.

2006 жылдың қарашасында, бес жыл үзілістен кейін, Анталияда түркітілдес мемлекеттердің VIII саммиті Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркияның қатысуымен өтті. Кездесудегі басты оқиға – Түркітілдес мемле-

кеттердің парламенттік ассамблеясын құру туралы мен көтерген бастама болды. Кешікпей ол да жүзеге асты. Жаңа құрылымның алғашқы жиналысы 2009 жылдың қыркүйегінде – Бакуде, екіншісі 2011 жылдың сәуірінде Астанада өтті.

Түркі ынтымақтастығының дамуында түркітілдес мемлекеттер басшыларының 2009 жылдың қазанында Әзербайжанның Нахичеван қаласында өткен ІХ саммитінің маңызы жоғары болды. Онда мен өңірлік бірлестік ретінде – Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін және Түркі академиясын құруды ұсындым.

Түркия президенті А.Гүл саммиттен кейін өткен кездесуімізде бүкіл түркі әлемі туысқан түркі халықтарының бірлігі, ортақ тарихымызды зерттеу, мәдени байланыстарды дамыту ісіндегі Қазақстанның бастамаларын жоғары бағалайтынын айтты.

2010 жылдың мамыр айында Астанада Еуразиялық ғылыми форум өтті. Форум барысында Түркия президенті А.Гүл екеуіміз Түркі академиясын аштық.

2011 жылдың қазанында Алматыда Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің (Түркі кеңесі) І саммиті өтіп, оған мен төрағалық еттім. Саммитте сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту мәселесі талқыланды. Түркі кеңесі саммиті жыл сайын өткізіліп тұратын болды.

Түркітілдес мемлекеттердің жемісті ынтымақтастығы – Қазақстан Республикасы дәйекті түрде жүргізіп келе жатқан кең және жан-жақты еуразиялық өзара ықпалдастықтың маңызды да қажетті факторы екеніне сенімім зор.

«Еуропаға жол»: Қазақстанның сыртқы саясатының батыс бағдары

310

Еуропалық одақпен өзара іс-қимылдың бірте-бірте нығая түсуі Қазақстанның ұлттық мүддесіне сай келді және Еуразиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосты.

Еуроодақпен ынтымақтастықтың кеңейе түсуіне менің 2000 жылдың маусымындағы және 2002 жылдың қарашасындағы Брюссельге сапарларым ықпал еткені даусыз. Қазақстан мен ЕО арасындағы Өзара іс-қимылды үйлестіретін кеңес, Ынтымақтастық комитеті сияқты органдар құрылды.

Еуропалық одақ Қазақстандағы аса ірі шетелдік инвесторға айналды. Инвестицияның басым бөлігі мұнай-газ саласына бағытталды. Сонымен

қатар, ЕО ауыл шаруашылығына, азық-түлік саласына, құрылысқа, қаржы мен транспортқа инвестиция құйды.

2000 жылдары Қазақстан халықаралық қоғамдастық пен Еуропа мойындаған жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Оның жарқын дәлелі – 2007 жылдың желтоқсанында қабылданған – Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалығы жөніндегі шешім еді.

2007 жылы Владимир Путин Астанаға келген сапарында: «Нұрсұлтан Әбішұлы, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа кандидатурасын Ресей соңына дейін қолдайды», – дегені есімде. Шынымен де солай болды. 2007 жылдың 1 желтоқсанында Мадридте шешім қабылданып жатқанда, Владимир Владимировичпен таңертең телефон арқылы сөйлестім. Сол кезде де ол өзінің сөзсіз қолдайтынын нықтады. В.Путин – екі сөйлемейтін жан. Арамызда ешқашан бірдеңені бүгіп қалу, түсінбестік болған емес. Әріптестер алдындағы өз міндетін ол адал орындайды. Сөзінде тұратын, шешім қабылдау қажет болғанда тиісті міндетке сай бола алатын, іскер адамға тән қасиеттердің бәрі бар.

ЕҚЫҰ-ға төрағалық туралы шешімнің ізін ала, 2008 жылғы Жолдауымда мен экономикалық серіктестікті дамытуға, технология тартуға, ел заңдарын жетілдіруге қызмет еткен «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама жариялады. 2008 жылдың тамызында «2009–2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлық шығарылды.

Бағдарлама Еуропаның көптеген саясаткерлерінің назарын аударған жемісті жобаға, Қазақстанның жаһанданудағы бағытын айқындауда елеулі құбылысқа айналды. Бағдарламаның арқасында Еуропаның беделді мемлекеттерімен жоғары деңгейлі диалогтерге қол жетті, Франция, Испания, Италия және Түркиямен Стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі шарт жасалды. Германиямен үкіметаралық бағдарламаға қол қойылды. 2010 жылы Германияның Қазақстандағы жылы табысты өтті.

Сауда қатынастары да едәуір нығая түсті. 2011 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымының 50 проценті және мемлекетімізге тартылған инвестицияның үштен бірі Еуроодақтың үлесіне тиесілі болды. Жоғары технологиялық деңгейге ие Еуропа елдері Жеделдетілген индустриалды-инновациялық даму бағдарламасында Қазақстанның негізгі серіктесі болды.

2010 жылдың қазанында Брюссельдегі ЕО штаб-пәтеріне сапармен барып, Еуропалық Кеңес төрағасы Х.В. Ромпеймен және Еуропалық Комиссия төрағасы Ж.М. Баррозумен кездестім. 2011 жылы Еурокомиссия және Еуропалық Кеңес төрағаларымен тағы да кездестім. ЕО-мен өзара тиімді серіктестік қанатын жая түсті.

2010-шы жылдардың басында Қазақстан ЕО-мен диалогта жаңа сапалық деңгейге көтерілген Орталық Азия өңіріндегі бірінші ел болды. Оған Еуропалық одақпен кеңейтілген серіктестік туралы жаңа келісім құқықтық негіз болды.

«Еуропаға жол» бағдарламасының маңызды бөлігі Қазақстанның құқықтық жүйесі мен қоғамдық-саяси институттарының еуропалық тәжірибені ескере отырып дамуы еді. 2012 жылдың наурыз айында Қазақстан сайлау құқығы саласында жұмыс істейтін «Құқық арқылы демократияға» Венециялық комиссиясына мүше болды. Еуропалық парламентпен, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеяларымен және Еуропа Кеңесімен ынтымақтастық серпінді дамыды.

«Еуропаға жол» бағдарламасы сәтімен жүзеге асырылды. Мұның бәрі жаһандық әлемдегі Азия өңірі мен мемлекеттерінің арта түскен рөлін ескере отырып, Қазақстан еуропалық ынтымақтастық векторын да лайықты бағалайтынын куәландырады.

Көпқырлы сыртқы саясат

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жылдарында бай да бірегей сыртқы саясат тәжірибесін жинақтады. Екіжақты мемлекетаралық қарым-қатынастардың, сондай-ақ өңірлік және жаһандық байланыстардың мықты өзегі – жоғары деңгейлі саяси диалогтарды жүргізе білу. Осы факторға мен ерекше, жіті мән бердім.

2000 жылдары көпқырлы сыртқы саясат берекелі жеміс берді, еліміздің тұрақты дамуына және көлемді инвестициялар тартуға қомақты үлес қосты.

Егемен Қазақстан – жаһандық қоғамдастықтағы ұлттық-мемлекеттік мүдделерді мұқият сақтап және қорғай отырып, әлемнің барлық елімен тең дәрежеде тұрақты достық қатынас орната алған мемлекеттердің бірі.

Мен 2002 жылғы Жолдауда Қазақстанның геосаяси тұрғыдағы орналасу жағдайы мен экономикалық әлеуетіне барынша сай келетін, көпқырлы сындарлы саясат жүргізу міндетін алға қойған едім.

Жедел өсу жылдары да, 2008–2009 жылдардағы әлемдік дағдарыс кезеңі де көпқырлы экономикалықты, демек саяси байланыстарды да өрістетудің қажеттігін дәлелдеп берді.

Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығы жалпы алғанда сыртқы саясаттың көпқырлылығы және көпдеңгейлілігі – Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі саналы және әбден ақылға салынған таңдауы болғандығын көрсетті.

Қазақстан – Ресей: нақты істерге толы одақтастық

2000-жылдары Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясымен қарым-қатынас шешуші мәнге ие болды. Қазақстан – Ресей қатынастарының қарқыны мен сапасы екі мемлекеттің ұстанымдарының маңыздылығы мен жақындығын айғақтай отырып, едәуір өсе түсті. Ресей Президенті екеуміз айына кем дегенде бір рет кездесіп, жеке кездесулердің қарқынды кестесін жиілетте түстік.

2000 жылдың мамыр айында қызметке енді ғана кіріскен Владимир Путинмен мемлекеттік құрылыстың кейбір мәселелері бойынша пікір алмастық. Владимир Владимирович Қазақстанда мемлекеттік билікті нығайту мәселесі қалай шешілетіні өзін «қатты қызықтыратынын» айтып өтті. Мен ресейлік әріптесіммен өз тәжірибемді бөлістім.

Менің түсінігімде, Путин – адам ретінде өте сенімді, сөзінде тұратын жан. В. Путиннің қандай жағдайда әрекет етуге тура келгенін еске алсақ та жеткілікті. Мен онымен 1999 жылдың 23 қыркүйегінде алғаш рет премьер-министр кезінде ресми кездестім. Алып мемлекетті басқарудың іс жүзіндегі оперативті тетіктері сол кездің өзінде оның қолында еді. Борис Николаевич Ельцин сол кездің өзінде, шамалауымызша, шешімге келіп қойғандай. Бірақ оны түсіну үшін менің ескі досымның мінезін білу керек – ол өз шешімін әп-сәтте өзгерте салатын еді. Владимир Владимировичпен алғашқы кездесудің өзі-ақ оның заманауи, жігерлі де мақсаткер адам екеніне көзімді жеткізді. Ол ширақ, ұқыпты, жинақы болды. Бұл адамның әншейін көптің бірі емес, алысқа баратын тұлға екенін анық байқадым.

Мен Ресей үшін мықты басшы қашанда маңызды деп есептеймін. Біз де Ресейдегі мемлекеттік биліктің нығая түсуіне мүдделіміз. Өйткені күшті де біртұтас Ресей біздің ұлттық мүдделерімізге сай келеді.

Қазақстан мен Ресейдің басшылары ретінде, біз елдеріміздің арасындағы қарым-қатынастар деңгейін жаңа белестерге көтеру қажеттігін жақсы түсіндік. 2000 жылдың маусымында Қазақстан мұнайын тасымалдауды арттыру қарастырылды. Ал қазан айында екі тарап «мейлінше қысқа мерзім ішінде» Каспий ортасындағы сызықты анықтауды міндет етіп алды. Сол кезде Астанада М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дың қазақстандық филиалын ашу мәселесі шешілді.

В.В. Путинмен алғашқы келісімдеріміздің өзі біздің елдердің нақты шешімдерге ниетті екенін көрсетті. Жаңа кезеңде екі мемлекеттің достық пен одақтастық туралы тезисі нақты істермен толықтырылды.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігін межелеу бойынша қыруар шаруа атқарылды. 2002 жылдың 13 мамырында Мәскеуде Каспий түбін игере бастауға мүмкіндік беретін маңызды Хаттамаға қол қойылды.

2002 жылдың мамыр-маусым айларында Ресейдің көптеген қалаларында Қазақстанның мәдениет күндері өтті. Ал 2003 жыл – Қазақстанның Ресейдегі жылы болды. Осы оқиғалар екі тәуелсіз мемлекеттің мәдени ынтымақтастығының шыңы іспетті еді.

2003 жылдың мамырында Санкт-Петербургте қаланың 300 жылдық мерейтойына Қазақстан сый жасады – ақын Жамбыл Жабаев ескерткіші орнатылды. Ескерткіштің ашылу рәсімінде «осы қарапайым сыйлық біздің екі халықтың – қазақтар мен орыстардың, қазақстандықтар мен ресейліктердің бауырластығының, достығының мәңгілік символына айналсын» деген тілек айттым.

Өңіраралық, шекаралық ынтымақтастықтың бірегей форумдары жаңа тәуелсіз мемлекеттердің, жалпы әлемнің тәжірибесінде де Қазақстан – Ресей қарым-қатынастарының маңызды парағы іспеттес болды. Барлық форумдар екі ел президенттерінің басқаруымен, тек жоғары деңгейде өткізіліп отырғанын ерекше атап өткен жөн.

Қазақстан мен Ресей өңіраралық ынтымақтастығының I форумы 2003 жылдың сәуірінде Омбы қаласында өтті. II форум – 2005 жылдың мамырында Челябинде, III форум – 2006 жылдың қазанында Оралда, IV – 2007 жылдың қазанында Новосібірде, V – 2008 жылдың қыркүйегінде Ақтөбеде, VI – 2009 жылдың қыркүйегінде Орынборда, VII – 2010 жылдың қыркүйегінде Өскеменде, VIII – 2011 жылдың қыркүйегінде Астрахань қаласында өтті.

2005 жылдың 18 қаңтарында Мәскеуде Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасына қатысты аса маңызды шартқа қол қойылды.

2006 жылдың мамырында Сочиде Владимир Путин екеуміз Солтүстік Каспийдегі газ кеніштерін пайдалану және қазақстандық жүктердің темір жол тарифі туралы келісімге келдік. Бұл Қазақстан экономикасы үшін өте маңызды еді. Ресей – Қазақстанның Еуропалық одақтан кейінгі екінші сауда әріптесіне айналды.

314

2006 жыл Ресейдегі Абай жылы және Қазақстандағы Пушкин жылы болып жарияланды. Сәуір айында Мәскеудің орталығында, Қазақстан елшілігі жанында Абай ескерткіші ашылды. Мен осы салтанатқа Ресей көшбасшысымен бірге қатыстым.

2006 жылы қазан айында Орал қаласында Қарашығанақтан Орынборға жеткізілетін газ бойынша және газ өңдейтін бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойылды.

2007 жылдың мамырында Ресей президентімен бірлескен шешім негізінде Ангарск уранын байыту халықаралық орталығы ашылды.

В.В. Путинмен ұзақ жылдар бойғы қарым-қатынасымыздың маңызды қыры – ашықтық, жауапкершілік және өзара түсіністік еді. Ресей президентінің сөзі мен ісі ешқашан бір-бірінен алшақ кеткен емес.

Әлемдік қаржы дағдарысының әсеріне қарамастан, 2008–2010 жылдар мемлекетаралық қатынастар дамуының келесі кезеңі бола алды. Қазақстан президенті Д.А. Медведевпен де, премьер-министр В.В. Путинмен де ортақ қарым-қатынасты жоғары деңгейде ұстады.

2008 жылдың желтоқсанында Бурабайдағы «Қарасу» резиденциясында Д.А. Медведевпен бейресми кездесу өткіздім. Біз Кедендік одақ құру процесін жеделдетуге келістік.

2010 жылдың қыркүйегінде Өскеменде су нысандарына, пайдалы қазбалар кеніштеріне, темір жолға қатысты трансшекаралық мәселелер бойынша келісімдерге қол қойылды.

Қандай қиын жағдай болса да, мен Қазақстан мен Ресей арасында шешілмейтін мәселе жоқ екеніне кәміл сендім. Барлық мәселелер келісімге келу мен уағдаластық арқылы шешіліп отырды. Сондықтан Қазақстан мен Ресей арасындағы мұқият үйлестірілген мемлекетаралық қарым-қатынастар – әлемнің барлық елдері үшін үлгі және өзекті.

2000-жылдар белсенді де ашық қарым-қатынастардың игілікті нәтиже әкелетінін дәлелдеп берді. 2007 жылы желтоқсан айында МГИМО-да сөйлеген сөзімде мен Дж. Кеннедидің АҚШ пен Канада қатынастарына қатысты айтқан: «География бізді көрші етті. Тарих бізді дос етті. Экономика бізді серіктес етті. Қажеттілік бізді одақтас етті», – деген сөзін еске түсірдім. Қазақстан мен Ресейдің қатынасы да сондай болуын мен тілек ретінде айттым.

Қазақстан мен Қытайдың жан-жақты стратегиялық әріптестігі

Жаңа ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақстан – Қытай қатынастары қарқынды түрде нығая және дами түсті. Менің Қытай Халық Республикасына сапарларым, ал ҚХР төрағасының Қазақстан Республикасына сапарлары тұрақты түрде жасалды.

2002 жылдың 23 желтоқсанында ҚХР-ға сапарым кезінде Цзян Цзэминь екеуміз Көршілік, достық және өзара қарым-қатынас туралы келісімге қол қойдық. Бұл құжат 1990 жылдары басталған оң қарым-қатынасымыздың

маңызды нәтижесі болды, әсіресе энергетика саласындағы стратегиялық серіктестігімізге жол ашты.

2003 жылдың наурызына ҚХР төрағасы болып Ху Цзиньтао сайланды. Көп уақыт өтпей-ақ, 2003 жылдың маусым айында ол Қазақстанға мемлекеттік сапар жасады. Сапар барысында тараптар Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласына инвестиция туралы, ҚХР-ға мұнай құбырын және газ құбырын тарту жобасы туралы құжаттарға қол қойды. 2003 жыл Қазақстан мен Қытайдың белсенді энергетикалық ынтымақтастығының бастауы болды.

2004 жылдың мамырында Қазақстан – Қытай ынтымақтастығы жөніндегі комитет құрылды. 2004 жылдың қыркүйек айында Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына жұмыс сапарымның қорытындысы бойынша «Қорғас» шекара бойындағы халықаралық орталығын құру жөніндегі келісімге қол жеткізілді.

Қазақстан – Қытай қарым-қатынасының перспективасы үшін 2005 жылдың 4 шілдесінде Астанада қол қойылған біздің Ху Цзиньтаомен стратегиялық әріптестік орнату және дамыту жөніндегі бірлескен декларациямыз ерекше маңызды болды.

Келесі жылы, 2006 жылдың желтоқсан айында ҚХР-ға сапарым кезінде «XXI ғасырдағы ынтымақтастық стратегиясына» және экономика, энергетика, мәдениет салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі бірқатар құжатқа қол қойылды. Ол құжаттардың ішінде Қорғас арқылы темір жолдарды түйістіру жобасы да бар.

2007 жылдың тамызында ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстанға сапармен келді. Тараптар шикізаттық емес секторлардағы ынтымақтастық бағдарламасын бекітті.

2008 жылдың тамыз айында мен Бейжіңдегі Олимпиялық ойындардың ашылу салтанатына қатыстым.

Қытайға 2009 жылдың сәуіріндегі сапарым әлемдік қаржы дағдарысы кезінде өтті. Сондықтан келіссөздердің басты тармағы қаржылық және сауда-экономикалық салалардағы келісімдер болды. Біз әлемдік экономикалық турбуленттілікке қарамастан, 2008 жылы елдеріміздің арасындағы тауар айналымы 17 миллиард долларға дейін өскенін мысал еттік. Өзара әрекеттестікті жалғастыра беру туралы келісімге келдік.

Басы ҚХР аумағынан басталатын Іле, Ертіс сияқты трансшекаралық өзендердің су ресурсын тиімді пайдалану да Қазақстан – Қытай қатынастарында елеулі орын алады. Қазақстан трансшекаралық өзендер мәселесін жан-жақты реттеудің әлеуметтік дамуға және шекараның екі жағында да қоршаған ортаны сақтауға жол ашатынына сенімді.

2010 жылдың маусымында ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстанға келді. Ол стратегиялық әріптестікті дамытуға қатысты бес ұсыныс білдірді. Олар – стратегиялық өзара сенімді нығайту; іскерлік ынтымақтастықты кеңейту және ортақ мүдделерге қол жеткізу; гуманитарлық салада белсене жұмыс істеу және достықты нығайту; өңірлік тұрақтылықты қолдау; көпжақты өзара әрекеттестік және біріккен мүддені қорғау. Мен ҚХР төрағасының бастамасын толық қолдадым.

2011 жылдың ақпан айында мен ҚХР-ға тағы бардым. Жиі сапар алмасуымыз маған және ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоға екіжақты қатынастарды жоғары бағалауға және оны жаңа деңгейге көтеруге қатысты ортақ пікірге келуімізге мүмкіндік берді.

Біздің тараптар Іле және Ертіс өзендерінің суының сапасын екі жақтан да бақылап тұруға мүмкіндік беретін Трансшекаралық өзендер туралы үкіметаралық келісімге қол қойды.

Қазақстан ҚХР-дағы атом электр стансалары қажеттілігінің 40 процентке жуығын өтейтін уран жеткізу туралы келісім жасады. Шикізаттық емес секторлардағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол жеткізілді. Сол кезде мен Қытай Қазақстанды сенімді көршісі деп санайтынын және осы сенім біздің экономикамыздың қозғаушы күші болатынын айттым.

2011 жылдың 13–14 маусым күндері, Астанаға ШЫҰ мерейтойлық саммиті қарсаңында ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстанға кезекті сапармен келді. Біз Жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту жөніндегі бірлескен декларацияға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау бойынша және ұлттық валюталарымызбен алмасу туралы келісімге қол қойдық. 2005 жылы біз қатынастарымыздың стратегиялық деңгейі туралы айтқан болсақ, енді 2011 жылы стратегиялық әріптестіктің жан-жақты бола түскенін салтанатты түрде жарияладық.

2000-шы жылдар жоғары деңгейдегі тұрақты байланыс Қазақстан мен Қытай арасындағы оң қарым-қатынасты дамытудың басты мәні болғанын көрсетті. Жаңа ғасырдың бірінші онжылдығының ортасында Қазақстан – Қытай қатынастары стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілсе, ол Қытай Халық Республикасы басшыларының үшінші және төртінші буыны – Цзян Цзэминь мен Ху Цзиньтао алдындағы Қазақстан Республикасының беделіне байланысты болғаны даусыз.

Қазақстан – АҚШ: жаһандық бейбітшілік жолындағы стратегиялық әріптестік

Қазақстан – Америка қатынастары стратегиялық әріптестік принциптері негізінде қарқынды дами берді. Президент кіші Дж.Буштың шақыруымен

18–22 желтоқсан аралығында жасалған менің сапарым 2001 жылдың маңызды сыртқы саяси оқиғасы болды. 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі лаңкестік шабуылдардан кейін шиеленісе түскен жаһандық жағдай да келіссөздерге ерекше маңыз үстеді.

Алғашқы күннен-ақ Қазақстан терроризм мәселелерінде АҚШ арнайы қызметтерімен белсенді ақпарат алмаса бастады. Біз әріптестерімізге қажет көмек көрсеттік. Буш жеделдігіміз пен ашықтығымызға ризашылық білдірді. Ауғанстандағы операциялар басталған кезде, Америкалық ұшақтардың Қазақстан аумағы арқылы ұшып өтуі үшін әуе дәліздерін ашу мәселесі өте шұғыл шешілді. Біз басына қиын жағдай туғанда Америка халқымен бірге болдық. Қазақстан халықаралық лаңкестікке қарсы күштерге әуе кеңістігін ұсынды, өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және терроризммен күресте сенімді одақтас бола білді.

2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі оқиғадан кейін «тарих ақырының» оптимизмі күн тәртібінен толықтай алынып тасталғаны бәріне анық болды. АҚШ-қа лаңкестік шабуыл әлемнің жаңа тарихындағы шұғыл бетбұрыс уақыты болды. Бірполярлылық сақталды, алайда адамзат өз дамуының жаңа кезеңіне енді.

Менің сапарым кезінде қабылданған «Жаңа өзара қарым-қатынас» деп аталған бірлескен декларацияда АҚШ президенті екеуміз екі елдің терроризммен күрес және экономика салаларында ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестігі туралы мәлімдедік. Біз «Баку – Тбилиси – Жейхан» (БТЖ) мұнай бағытын қолдау жайлы қарастырылған Энергетикалық әріптестік туралы меморандумға қол қойдық. АҚШ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне көмектесуге және баяғы қырғи-қабақ соғыс кезінде қабылданған Джексон-Вэник өзгертулерінде қарастырылған саудадағы шектеулерді алып тастауға міндеттеме алды.

2006 жылдың маусымында БТЖ мұнай құбырына Қазақстан мұнайын жіберу туралы келісімге қол қойылғаннан кейін сол жылдың қыркүйегінде АҚШ-қа жасаған сапарым да ерекше жылы атмосферада өтті.

Мен Буштардың Мэн штатындағы әулет иелігіне шақырылдым. Онда бейресми жағдайда ең ықпалды америкалық әулеттердің бірінің отағасы, Құрама Штаттардың қырық үшінші президенті кіші Дж.Буштың әкесі – үлкен Дж.Бушпен екіжақты қарым-қатынастар мен халықаралық саясат мәселелерін талқыладық.

Кіші Джордж Бушпен кездесулерімізді есіме алған кезде, біздің 2001 жылғы алғашқы кездесуіміз емес, 2006 жылғы екінші кездесуіміз көбірек ойыма оралады. Атлант мұхитының жағасында баласымен кездесуімнен бір күн бұрын үлкен Бушпен әңгімелескен едім.

Әдетте АҚШ президенттері билік мерзімін аяқтаған соң, елдің қарапайым азаматына айналады, саясатқа араласпайды. Шынында да солай, бірақ бұл жердегі жағдай өзгешелеу. Ұмытпасам, Американың саяси тарихында мұндай жағдай екі-ақ рет болған – он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысында және жиырма бірінші ғасырлардың тоғысында. Және алдағы жүз жылда да қайталануы неғайбыл. Әкесі мен баласы әлем тарихындағы ең екпінді және тұрлаусыз жылдары – ұлы елді 20 жылдың 12-сінде биледі.

Мэн штатындағы үлкен Буштың жазғы үйіне қонып шыққан соң, біз таңғы сегізде мұхит жағасында отырдық. 2006 жылдың қыркүйегінің ашық таңы. Ауада өрмекші өрмегі қалқиды. Тыныштықты толқындардың баяу дыбысы ғана әредік бұзады. Кофе ішіп, суға ойлана көз тастаймыз. Миллиондаған жылдар бұрын, түрлі саясат пен саясаткерлерге дейін, АҚШ пен Қазақстан пайда болғанға дейін, тіпті мазасыз адамзат баласы пайда болғанға дейін Атлант мұхитының толқындары дәл осылай жағаны шайып жатқан еді. Бізден кейін де олар миллиондаған жылдар бойы осы жағалауларды соға бермек. Мәңгіліктің куәгерлері – шағалалар ғана даурығыса шаңқылдап, ерте күз таңының жылы ауасын тілгілей береді...

Осы кезде Буш қулана езу тартып, тыныштықты бұзды. «Сен Вашингтонға бүгін ұшасың ғой. Менен бірдеңе сұрағың келетін болар? Көп адамдар мені, әкесі болғандықтан, ұлыма барып, қолыма таяқ алып, оны қабаттан-қабатқа қуалай алады деп ойлайды. Олай емес. Ол – АҚШ президенті, ал біз – ол басқаратын елдің азаматтарымыз», – деді Буш. «Өтінішім жоқ. Әңгімелесіп, қонақжайлық танытқаныңыз үшін, мұхит жағасындағы осы бір тамаша таң үшін Сізге ризамын», – деп жауап бердім мен. Буш болса: «Ұлыма ақыл айта алмаймын. Бірақ бір құпия сөзді сен арқылы айтып жібергім келеді. Оның Good Man екенін айт. Түсінеді. Есіңде ме, өткен жолы, 2001 жылы сен арқылы мен гольф туралы бір құпия сөз айтып жіберіп едім ғой. Ол түсінген», – деді.

2001 жылы бәрі дәл сол құпия сөзден басталып еді. Тағы сол «Сопақ» бөлме (The Oval Office). Біздің қасымызда сыртқы істер министрлері, ұлттық қауіпсіздік бойынша көмекшілер, екі елдің елшілері бар. Америкалықтардан Колин Пауэлл, Кондолиза Райс болғаны есімде. Әдеттегі амандықтан кейін, мен АҚШ-тың қырық үшінші президентінен кешірім өтініп, қырық бірінші президент оған бір сәлем айтып жібергенін, оны міндетті түрде айтқанымды қалағанын жеткіздім. Сәлем өте қызықты еді. Бәрі ду күлді. Кіші Буш: «Қырық біріншіге айта берсеңіз болады – кімнің кімді бүк түсіретіні белгісіз ғой», – деді. Әрине, әңгіме ауаны өзгеріп сала берді.

2006 жылдың қыркүйегінде АҚШ-тың сол кездегі президенті – кіші Дж. Бушпен кездесуіміз кезінде Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру жоспарын қолдайтыны айтылды. Ақ үйдің «Сопак» бөлмесінде саяси тақырыптағы әңгіме барысында кіші Джордж Буш сәл кідірді де, маған зерттей қарап: «Джордж Вашингтон Америка халқының тарихына қалай енсе, Сіздің де өз еліңіздің тарихында қалатын сондай тамаша мүмкіндігіңіз бар ғой», – деді. Мұндай сөзді АҚШ президентінің аузынан есту жылы әсер еткені рас. Сол кезде мені Джордж Буштың шынайылығы мен ашықтығы таң қалдырып еді. Бұл – жоғары деңгейлі әлемдік саясатта сирек кездесетін қасиет.

Мен Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы жөніндегі мәселені де көтердім. Табандылығымыз жемісін берді. АҚШ мемлекеттік департаменті Қазақстан бастамасына ресми қолдау білдірді. 2000 жылдардың екінші жартысында америкалықтар жағы «Үлкен Орталық Азия» тұжырымдамасын іске асыруға талпыныс жасап көрді. Алайда бұл орындалуы қиын шаруа еді. Сөйте тұрса да, Қазақстан АҚШ үшін осы өңірдің негізгі мемлекеттерінің бірі болып қала берді.

2009 жылдың қаңтар айында Б.Обама АҚШ президенті қызметіне кірісті. Ақ үйдің жаңа басшысының халықаралық қатынастардағы қақтығыстарды азайтуға бағытталған алғашқы қадамдарына Қазақстан түсіністікпен қарады және қолдады. 2009 жылдың сәуірінде Парламент Сенатының төрағасы Қ.Тоқаевпен әңгіме барысында Б.Обама Қазақстан «АҚШ-тың досы және сенімді әріптесі» екенін атап өтті.

Жаңа кезеңде Америка Құрама Штаттарымен қатынас Қазақстан Республикасы үшін сыртқы саясаттың маңызды бағыты болып қала берді. Ынтымақтастығымызда ядролық қауіпсіздікті нығайту мәселесіндегі бірлескен әрекеттерге негізгі күш жұмылдырылды.

2010 жылдың 11 сәуірінде Вашингтонда мен АҚШ президенті Б. Обамамен кездестім. Ол Қазақстанды «Орталық Азия өңіріндегі маңызды стратегиялық әріптесіміз» деп атады. Біз екіжақты өзара әрекеттестікті кеңейту мәселесін талқыладық және екі елдің жұмыс комиссиясын құруға келістік.

320

Әңгіме барысында Ауғанстандағы, Орталық Азиядағы, жалпы Еуразия кеңістігіндегі жағдайлар, сондай-ақ Қырғызстанда сәуірдің басында болған ішкі қақтығыс қарастырылды. Көрші мемлекеттегі саяси күштерді жақсы білетіндіктен, мен жағдайды шешу үшін қолымнан келетіннің бәрін істеуге Обамаға уәде бердім.

Ертеңіне, 2010 жылдың 12 сәуірінде, Вашингтонда БҰҰ-ның ядролық қауіпсіздік жөніндегі I жаһандық саммиті ашылды. Оған мен америкалық тараптың шақыруымен қатыстым. Осы форумның мінберінде сөз алып,

мен ядролық саладағы халықаралық актілерге сараптама жасауды және олардың бәрін бір бағдарламалық-стратегиялық құжатқа – ядролық қаруды көлденең және тікелей таратпау және жою жөніндегі жалпыға ортақ әмбебап шартқа жинастыруды ұсындым.

Вашингтонға сапарымның қорытындысы бойынша АҚШ президентімен бірлескен мәлімдеме қабылдадық. Онда ядролық энергетика, ауыл шаруашылығы, екі елдің азаматтық қоғамдарының байланысы сияқты қатынастардың перспективасы атап өтілді.

Маған «Шығыс – Батыс» институты тағайындаған Бейбітшілік және превентивті дипломатия сыйлығы табыс етілді.

АҚШ президенті Б. Обамамен сенімге құрылған қарым-қатынасымыз 2010 жылдары Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының стратегиялық әріптестігін нығайтуда шешуші рөл атқарды.

Қазақстан мен Еуропаның алпауыт елдері: қарым-қатынастың кеңеюі

Жаңа ғасырдың бірінші онжылдығында жоғары деңгейдегі Қазақстан – Британ саяси диалогы белсенді дами берді. Ұлыбританияға 2000 және 2006 жылдары екі сапар жасадым.

2000 жылдың қарашасында мен премьер-министр Т. Блэрмен маңызды келіссөздер жүргіздім, британ үкіметінің мүшелерімен және BAE Systems сияқты ірі компаниялар басшыларымен кездестім. Қазақстан – Британ университетін құру жөніндегі меморандумға қол қойылды.

2006 жылдың қарашасында Ұлыбританияға екінші рет сапар жасадым. II Елизавета ханшайыммен, премьер-министр Т. Блэрмен кездестім. «Еуропа Қазақстанмен стратегиялық әріптес ретінде жаңа сапалық қатынастар бастауға тиіс. Мен Ұлыбританияның Қазақстанның алдыңғы қатарлы серіктесі болғанын қалаймын», – деді Т. Блэр.

2000-шы жылдары Қазақстанға Ұлыбританияның сауда және инвестиция жөніндегі арнайы өкілі Эндрю ханзада бірнеше рет келді.

Қазақстан – Германия қарым-қатынастары да жемісті дами берді. Біз жоғары деңгейде жиі байланыс ұстап отырдық. 2000-шы жылдары мен Германия Федеративтік Республикасына төрт рет – 2001, 2004, 2007, 2009 жылдары сапарладым.

2001 жылдың қазан айындағы келіссөздеріміздің басты тақырыбы – экономикалық ынтымақтастық болды. ГФР канцлері Г.Шредер германиялық кәсіпкерлерді Қазақстан экономикасының ашықтығы қызықтыратынын

айтты. Мен германиялық әріптестерді өзара әрекеттестікті бұрынғыдан да жоғары сапалық деңгейге көтеруге шақырдым.

2003 жылдың желтоқсанында Германия канцлерінің Қазақстанға сапары өтті. Екіжақты қатынастарды дамытудағы еңбегі үшін Г.Шредер Қазақстанның жоғары мемлекеттік марапатымен – «Алтын Қыран» орденімен марапатталды.

Германия Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығына кандидатурасын қолдады. Ал Қазақстан Германияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты мүше болуға талпынысын қолдайтынын мәлімдеді.

2004 жылдың сәуір айында Германияға тағы сапар жасадым. Канцлер Г.Шредермен бірге – біз аса ірі Халықаралық Ганновер көрмесіндегі Қазақстан экономикасының күндерін аштық.

2007 жылдың қаңтарындағы келесі сапарым барысында мен жаңа канцлер А.Меркельмен және Бундестаг төрағасы Н.Ламмертпен, сондай-ақ неміс бизнес-қоғамдастығының ықпалды өкілдерімен кездестім.

2007 жылы Германия ЕО кеңесі төрағасының орнын иеленді. Сондықтан неміс сыртқы саясатының Орталық Азия өңіріне қызығушылығы арта түскені түсінікті еді. «Еуропалық одақ және Орталық Азия: жаңа әріптестік стратегиясы» құжатын қабылдауға Германия зор еңбек сіңірді.

2009 жылдың ақпан айында А.Меркельмен бірге Германияда Қазақстан жылын аштық. 2011 жылға дейінгі кезеңді инновациялық-инвестициялық әріптестік жөніндегі бірлескен мәлімдемеге қол қойылды.

2010 жыл Қазақстандағы Германия жылы болып жарияланды. Осы жылдың шілдесінде канцлер Астанаға бірінші рет сапарлап келді. Біздің келіссөздеріміз өзара түсіністік рухта өтті. Жалпы сомасы 2 миллиард еуроға келісімдер жасалды. Сауда-экономикалық қатынастарды үйлестіру мақсатында біз Қазақстан–Германия бизнес кеңесін құруға келістік. Қазақстан–Германия бизнес-форумына жүзден аса неміс фирмасының өкілдері қатысты.

Біздің Г. Шредер және А. Меркельмен жақсы қарым-қатынасымыз Қазақстан мен Германия Федеративтік Республикасының екіжақты ынтымақтастығын жаңа сапалы деңгейге көтерді.

Қазақстан мен Францияның ынтымақтастығы қарқынды дамыды. Екі ел арасында ерекше саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынас қалыптасты. Мен 2000-шы жылдардың өзінде бұл елге бес рет – 2000, 2003, 2008, 2010 және 2011 жылдары сапарладым.

2000 жылдың маусым айында мен Франция президенті Ж.Ширакпен, премьер-министр Л.Жоспенмен және ірі француз компанияларының басшыларымен келіссөздер жүргіздім. 2003 жылдың маусымында жұмыс са-

парымен тағы да Францияға барып, Ж.Ширакпен екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық жағдайын талқылады.

2007 жылдың мамыр айында Н.Саркози Француз Республикасының президенті болып сайланды. Менің 2008 жылдың 10–11 шілдесінде Францияға барған сапарым қазақ-француз қатынасының кезеңдік оқиғасы болды. Осы сапарда екі ел арасындағы мемлекетаралық өзара әрекеттестіктің кең ауқымын қамтитын стратегиялық әріптестік туралы шартқа қол қойылды.

Франция Қазақстанмен стратегиялық қарым-қатынас орнатқан Еуропадағы алғашқы мемлекет болды. Шарт Қазақстан Франция үшін еуразиялық кеңістікте басым мәнге ие екенін көрсетті. Маған Францияның жоғары мемлекеттік марапаты – Құрметті легионның Үлкен кресті ордені табысталды.

2009 жылдың қазан айында Франция президенті Н. Саркози Қазақстанға сапармен келді. Біз Отан қорғаушылардың Мәңгілік алауына гүл шоқтарын қойдық. Н. Саркози «Қазақстанға досы ретінде келгенін» айтты. Осы кездесуде Франция президенті Қазақстанның жоғары дәрежелі – «Алтын Қыран» орденімен марапатталды.

Француз президентінің осы сапарында «Ескене-Құрық» мұнай құбыры құрылысын қаржыландыру туралы келісімге келдік. Бұл мұнай құбыры мұнайды Қашаған мен Теңізден Құрық пен Каспий терминалдарына, одан әрі Бакуге жеткізеді. Мен «бұл Қазақстан мұнайын тасымалдау жүйесінің негізгі артериясы болып саналатын аса маңызды жоба» екенін айттым. Сондай-ақ жалпы құны 4 миллиард еуроны қамтитын іскерлік келісім-шартқа қол қойылды.

2010 жылдың қазанында Парижге жасаған сапарымда атом энергиясын бейбіт амалдарға қолдану жөніндегі және Қазақстанда тікұшақ пен электровоз шығару туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды және 2 миллиард доллар көлеміндегі келісімшарт бекітілді.

Франция президенті ЕҚЫҰ саммитін Астанада өткізу идеясын да алғашқылардың бірі болып қолдады. Біздің Н. Саркозиден саяси және жеке сеніміміздің арқасында Қазақстан мен Франция ынтымақтастығы сәтті дамыды.

Қазақстан мен Түркия: қарым-қатынастың жаңа деңгейі

Бауырлас халықтар – Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасын бұрынғысынша ерекше қарым-қатынас байланыстырып келеді.

2000 жылдың мамыр айында сайланған Түркия президенті А.Сезер сол жылдың қазан айында Астанаға келді. Терроризммен күрестегі ынтымақтастық туралы бірлескен декларацияға қол қойылды.

2003 жылдың мамыр айында мен Түркияға қарымта сапар жасадым. Түрік президентімен кездесуде біздің екіжақты қарым-қатынасымызды жаңа деңгейге көтеретін сәт туғаны жайлы ойымды айттым. Екіжақты мәлімдемеде біз Қазақстан мен Түркия стратегиялық серіктестікке бағдар ұстай беретінін атап көрсеттік.

Ыстанбұлдағы сыртқы экономикалық байланыстар кеңесіндегі қабылдау кезінде көлік инфрақұрылымын дамытудың маңыздылығын айтып өттім. Атап айтқанда, Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбыры жобасында Қазақстан мұнайын есепке алу қажет екенін де түсіндірдім. Премьер-министр Р. Ердоған пайда болатын транспорт жүйесін Ақтау-Баку-Тбилиси-Жейхан деп атауды ұсынды.

Қайтар алдында 1990 жылдары менімен тығыз әрі жемісті ынтымақтастықта болған Түркияның бұрынғы президенті С. Демирелмен достық кездесу өткіздім.

2007 жылдың қазанында менің шетелдік сапарларымның жобасына Түркия тағы да енгізілді. Осы жылдың тамыз айында президент болып А. Гүл сайланған еді. Қазақстан жағы БТД мұнай құбырының соңғы нүктесі – Жейхан портындағы мұнай өңдеу зауытының құрылысына қызығушылық танытты.

2007 жылдың желтоқсанында, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Түркия президенті Астанаға сапармен келді. Біз ұзақ мерзімді экономикалық әріптестік жоспарына қол қойдық және Бакуге мұнайды танкермен жеткізу мәселесін талқыладық.

Ал 2009 жылдың қазан айында Түркия Республикасына тағы бір сапар жасадым. Осы сапарда біз қол қойған Стратегиялық серіктестік жөніндегі келісім тарихи оқиғаға айналды.

Екі елдің ынтымақтастығын дамыту мен түркітілдес елдердің көшбасшылығына қосқан үлесім үшін А.Гүл мені жоғары мемлекеттік марапат – Түркия Республикасының орденімен марапаттады. Түркия президенті: «Қазақстан – бауырлас ел. Сол үшін де біз он жеті жыл армандаған Түрік Кеңесін құрдық», – деп мәлімдеді.

Ыстанбұлда өткен бизнес-форумда мен түрік жағын Қазақстанның индустриалды жобасының басым салаларына инвестиция құюға шақырдым. Түрік кәсіпкерлеріне сөз арнай отырып, Қазақстан экономикасына инвестиция салу оларға үлкен табыс әкелетініне уәде бердім.

2010 жылдың мамыр айында Түркия президенті А. Гүл Қазақстанға тағы бір сапарлап келді. Атап айтарлығы, біз Шымкент қаласында кездестік. Түрік көшбасшысының сапар бағдарламасы Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен басталды.

Астанада жалғасқан келіссөздер барысында мен түрік инвесторларының нақты жобаларын қамтитын бірлескен экономикалық бағдарлама әзірлеуді ұсындым. Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің Кеден одағы қосымша мүмкіндік туындататынын да айтып өттім.

2010 жылы біздің кездесуіміз Астанада – Астана күні мерекесінде (6 шілдеде), ЕҚЫҰ саммитінде (1–2 желтоқсанда) және Ыстанбұлда – III АӨСШК саммитінде (маусым), Түркітілдес мемлекеттер басшыларының X саммитінде (қыркүйекте) жалғасты. 2011 жылдың қазан айында Қазақстанда бірлескен экономикалық аймақтар құру жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Түркияда қазақ халқының тарихи тұлғаларына – Абылай ханға, Қабанбай батырға, Абайға, Мағжан Жұмабайұлына, Мұхтар Әуезовке ескерткіштер қойылды.

2009 жылы Астанада, Есіл өзенінің жағасында Түрік Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрік ескерткішінің ашылуы да Қазақстан Республикасының достық қадамы болды.

Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен қарым-қатынастар

Осы кезеңде Қазақстанның Орталық Азиядағы бауырлас елдермен қарым-қатынасы нығая түсті. Мен әріптестеріммен – Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан басшыларымен тұрақты кездесіп тұрдым.

Менің 2006 жылдың наурызындағы Ташкентке сапарым Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы қарым-қатынасының маңызды оқиғасы болды. Сапар барысында Мемлекетаралық үйлестіру кеңесін құру туралы жария етілді. 2006 жыл қазақ-өзбек қатынасы үшін шынында да өте серпілісті жыл болды. Аз уақыт ішінде біздің халықтарымыз нақты мәселелер бойынша істелген жұмыстардың нәтижесін көрді. Темір жол желісі қайта жаңғырды, авиарейстер жиілігі артты.

Өзбекстан президенті И.А. Каримовтың 2006 жылдың қыркүйегіндегі Астанаға сапары Қазақстан – Өзбекстан өзара әрекеттестігінің жалғасы болды. Келіссөздерді аша отырып, мен экономикаларымыздың өсімі тауар айналымын екі есе арттыруға мүмкіндік беретінін атап өттім. Өзбекстан президенті ұсынысымды қолдап, «кез келген мәселені оң шешуге әзір» екенін білдірді. Достықты, әріптестікті және ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемеге қол қойдық, Экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бағдарламасын қабылдадық.

Өзбек көшбасшысымен екеуміз Отан қорғаушылар монументіне гүл қойдық. 2006–2007 жылдар қазақ-өзбек қарым-қатынасының қарқынын арттыру кезеңі болғаны сөзсіз.

2008 жылдың сәуірінде Өзбекстан президенті Қазақстанға тағы бір сапарлады. Біз шекаралық еркін сауда аймағын құру жұмысын бастауға келістік және өңірдің су-энергетикалық ресурстарын бірлесе қолдануға қызығушылығымызды нықтадық.

2010 жылдың наурыз айында менің жұмыс кестемде Өзбекстанға сапар тағы тұрды. Ташкент ЕҚЫҰ саммитін Астанада өткізуді қолдады. Тараптар Орталық Азияда гидротехникалық құрылыстар жүргізу үшін халықаралық сараптама қажет екеніне келісті.

Қырғыз Республикасымен қарым-қатынас өңірдегі басымдығымыздың қатарына жатары сөзсіз. Біздің әріптестігіміз 2003 жылдың желтоқсан айында Астанада қол қойылған Одақтастық қарым-қатынас жөніндегі шарттың негізінде дамып келеді.

Біз 2005 жылдың наурыз айында Қырғызстанда болған оқиғаларға қаты алаңдадық. Көрші елдегі жағдайды тұрақтандыруға көмектесу үшін көп күш-жігерімді жұмсадым. 2005 жылдың 31 наурызында мен бауырлас Қырғызстан халқын шынайы ұлттық мүдделер үшін сабыр сақтауға шақырдым және Қазақстан дос көңілді Қырғызстандағы тұрақтылықты сақтауға өте мүдделі екенін атап айттым. Қазақстан орнын босатқан Қырғызстан президенті Асқар Ақаевқа уақытша баспана ұсынды және түрлі арналар арқылы осы елдегі жағдайды тұрақтандыру процесіне белсене қатысты.

2005 жылы тамызда мен Қырғызстанның жаңа президенті Құрманбек Бакиевтің инаугурациясына қатыстым. Салтанатты шарадан кейін біз Ыстықкөлге барып, жағдайдың тұрақты екенін, азаматтарымызға аса танымал демалыс орнына еш қауіпсіз келе беруге болатынын көрсеттік.

2007 жылы Одақтастық жөніндегі шартты ратификациялағаннан кейін біздің елдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстар кеңейе түсті.

Алайда 2010 жылдың сәуірінде Қырғызстандағы жағдай тағы да ушықты. Азаматтық соғыс қаупі бой көтерді. Бұл жағдайда біздің жедел ықпал етуіміз ғана көршілес республикадағы қарсыластық градусын төмендетуге мүмкіндік берді деп есептеймін.

Менің бұйрығыммен Қ.С. Бакиев Қырғызстаннан Қазақстанның әскери ұшағымен эвакуацияланды. Бұдан әрі де мен көршілес республикадағы азаматтық татулыққа қолымнан келгенше көмек бердім. Қырғызстанға қомақты гуманитарлық көмек көрсетілді. Біздің республикамыздың шешімді қимылы оның Орталық Азия өңіріндегі көшбасшылық позициясын нықтай түсті.

Халықаралық қоғамдастық Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы жылында Қырғызстандағы қақтығысты реттеудегі рөлін жоғары бағалады. Біздің бітімгерлік күш-жігерімізге БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мун жоғары баға берді.

Қазақстан мен Түрікменстанның қарым-қатынастары да серпінді дами берді. Бұған біздің 2007 жылы сапар алмасуымыз да куә. Ақпан айында мен Түрікменстанның жаңа президенті Г.М. Бердімұхамедовтің инаугурациясына, мамыр айында Қазақстан-Ресей-Түрікменстан үшжақты саммитіне қатыстым. Сол жылы мамыр айында Түрікменстан президентінің Астанаға сапары өтті, қыркүйекте мен Ашхабадқа сапармен бардым. Г.М. Бердімұхамедов екеуміз «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізі газ-көлік жобасын талқыладық. Соның нәтижесінде 2007 жылдың желтоқсан айында Қазақстан, Түрікменстан және Иран үкіметтері арасында Өзен (Қазақстан) – Қызылқая – Етрек (Түрікменстан) – Горган (Иран) темір жол желісін салу туралы келісімге қол қойылды.

Түрікменстан президенті Г.М. Бердімұхамедов Қазақстанға бірнеше рет келді: 2008 жылдың 6 шілдесінде Астананың 10 жылдығын мерекелеуге, 2009 жылдың сәуірінде Алматыда Аралды құтқару халықаралық қорының саммитіне, 2009 жылдың қыркүйегінде Ақтауда Қазақстан, Ресей, Әзербайжан және Түрікменстан басшыларының саммитіне және 2010 жылдың 1–2 желтоқсанында Астанадағы ЕҚЫҰ саммитіне қатысты. Түрікмен президенті Қазақстанның жемісті тәжірибесіне ерекше назар аударды.

2009 жылдың желтоқсанында Түрікменстанға тағы да сапарладым. Түрікмен әріптесіммен кездескенде, мен Түрікменстанмен стратегиялық әріптестікті дамытуға ыстық ықыласымызды білдірдім. Мемлекеттерімізді жалғайтын автомобиль және темір жолдарын салу тақырыбында келіссөздер жүргіздік.

Осы сапарымның негізгі оқиғасы Түрікменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай газ құбырының іске қосылуы болды. Аз уақыт ішінде трансазиялық газ құбырын салу арқылы Орталық Азия елдерінің жемісті ынтымақтастығын көрсете білдік.

Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының қарым-қатынасы да достық және әріптестік рухында дамып отырды. Менің Душанбеге алғашқы сапарым 2000 жылдың маусым айында өтті және Қазақстан – Тәжікстан қарым-қатынасындағы бетбұрысты оқиға болды.

2006 жылдың мамыр айында Тәжікстан президенті Э.Рахмон Қазақстанға келді. Одақтастық қарым-қатынас пен экономика, мәдениет салаларындағы өзара әрекеттестікті кеңейте түсуге менің 2007 жылдың қыркүйегінде Тәжікстанға жасаған тағы бір сапарым жол ашты. 2007 жылдың қазан ай-

ында Душанбеде өткен ТМД-ҰҚШҰ-ЕурАзЕО саммиті де Еуразия өңірі үшін үлкен маңызға ие болды.

2008 жылдың мамыр айында Тәжікстан президенті Э. Рахмон Астанаға келді. Біз Тәжікстанның электр энергиясы, ауыл шаруашылығы және тау-кен салаларындағы жобаларына арналған Қазақстан-Тәжікстан инвестициялық қорын құру туралы шешімге келдік. Сондай-ақ Мемлекетаралық үйлестіру кеңесін құруға келістік. Қазақстан Тәжікстан басынан кешірген экономикалық қиындықтарға үнемі түсіністікпен қарады, дегенмен ірі су электр стансаларының жобасы мәселесінде Орталық Азияның барлық елдерінің өзара түсіністігі қажет деп есептеді.

2009 жылдың сәуірінде Душанбеде Орталық Азия елдерінің, Иран, Ауғанстан қазақтарының кіші құрылтайы Душанбеде өтуі де ерекше оқиға болды.

Тәжікстан президенті Астанада өткен халықаралық саммиттерге – ЕҚЫҰ саммитіне (2010 жылдың 1–2 желтоқсаны), ШЫҰ саммитіне (2011 жылдың маусымы), ҰҚШҰ саммитіне (2011 жылдың тамызы) белсене қатысты.

Өңірлік көшбасшы ретінде Қазақстан түрлі қиындықтарға қарамастан, 2000-шы жылдары Орталық Азия өңірінің барлық мемлекеттерімен өзара тиімді, жемісті ынтымақтастықты жалғастыра білді.

Мен бауырлас елдерге екіжақты және өңірлік өзара әрекеттестіктің жолын әр елдің ерекшелігін ескере отырып, сындарлы, өзара тиімді жолын табандылықпен және жүйелілікпен ұсынып отырдым. Мен Орталық Азия өңіріндегі мемлекеттердің перспективті қажеттіліктері бір-бірімен қатты өріле байланысып тұрғанына сенімдімін. Өңір елдерінің проблемаларын шешу үшін, олардың бай да қуатты болашағы үшін ізгі ниет пен оң ынтымақтастық керек. Бұл орталықазиялық күн тәртібі бір немесе екі жылға ғана есептелмеген. Бұл – жүздеген жылдың күн тәртібі.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы: еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығына барар жолда

328

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен (ЕҚЫҰ) ынтымақтастықты нығайтудағы маңызды қадам – 2003 жылы бірінші рет көтерілген Қазақстан төрағалығы мәселесі болды.

Әуел баста осы төрағалықты мен біздің қауіпсіздігімізді нығайту биігінен қарастырдым. Біздің сыртқы саясатымыздың қашанда «үлкен кеңістік» және «үлкен идея» саясатын бағдар етіп ұстауын жақтадым. «Сенімді ке-

лешекке» қол жеткізу үшін бүгін жаһандық деңгейде ойлай білу маңызды. Бұл – заманауи мемлекеттің қауіпсіздігінің шарты.

Біздің құрылымы күрделі және жылдам өзгеріп отыратын әлемімізде өз дәулетті тұрмысымыздың «тәуелсіз қабырғасын» тұрғызып алу жеткіліксіз. Қайдағы бір «тұрақтылық аралдары» туралы қатып қалған жалған аңыздардан ада-күде арылу қажет. Ондай «аралдар» болған емес, жаһанданып жатқан әлемде болуы мүмкін де емес. Қауіпсіздік қандай да шекаралармен немесе шартты сызықтармен бөліне алмайды.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы бірегей құрылым болып саналады. ЕҚЫҰ жауапкершілік аумағы жағынан болсын, жұмысының нақты аумағы жағынан болсын, трансқұрлықтық сипат иеленген ұйымға баяғыда айналып кеткен.

2000-шы жылдары ЕҚЫҰ қызметінде «блоктық» сипаттың белгілері байқалып, посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттермен қарым-қатынаста қайшылық өрши бастады. Осы кезеңде Қазақстан өз саясатын Ұйымның тұтастығын нығайтып, бір жағынан Батыс елдерінің, екінші жағынан Еуразияның текетірес деңгейін төмендетуге ыңғайлы етіп құра алды.

Төрағалыққа кірісе отырып, біз өз бағытымызды айқындап алған едік.

Ең алдымен, бұл – ХХІ ғасырда Ұйым өзі жинақтаған барлық тәжірибені барша Еуразияда – жағалауларын Атлант, Тынық, Солтүстік мұзды және Үнді мұхиттары шайып жатқан кеңістікте жаңа ауқымды қауіпсіздік жүйесін жасап шығаруға пайдалана алады және пайдалануға тиіс деген үлкен сенім.

Еуропа үшін бір саясат, Азия үшін мүлде басқа саясат жүргізу мүмкін емес екенін мойындауымыз қажет. Осы кеңістіктегі тұрақтылықты болашақ ұзақ мерзімді жоспарда транссеуроазиялық қауіпсіздік жүйесін құру арқылы ғана нығайтуға болады.

Қауіпсіздік туралы кең ауқымда айтқан кезде, мен ЕҚЫҰ-ның өзін қоса алғанда, бірқатар халықаралық құрылымдардың болашақ өзара әрекеттестігін меңзеймін. Әңгіме Қазақстан бастамасымен құрылған, бүгінде жиырма екі азиялық мемлекеттің басын қосқан АӨСШК процесі төңірегінде де болып отыр.

АӨСШК – ЕҚЫҰ-ның азиялық баламасы ретінде құрылғаны жасырын емес. Мұнда өзара әрекеттестік жасауға болатын ауқымды кеңістік бар. Өйткені АӨСШК-ге мүше жиырма екі елдің оны – ЕҚЫҰ мүшесі немесе оның азиялық серіктесі. Яғни осы екі қауіпсіздік құрылымының бірін-бірі өзара толықтыра алатыны жайлы айтуға болады.

2010 жылы Ыстанбұлда өткен АӨСШК-нің үшінші саммиті аясында АӨСШК мен ЕҚЫҰ-ның алғашқы институционалдық форумы болашақтағы

қауіпсіздіктің трансконтиненталдық белдеуін құрудың негізін іс жүзінде қалағанын атап өткім келеді.

Сонымен қатар біздің шамалағанмыздай, ЕҚЫҰ-ны тоқырау жағдайынан шығару қажет еді. ЕҚЫҰ-ның болашағын айқындайтын мәселе – «ол ХХІ ғасырда әлемнің алуан сипаттылығын мойындайтын құрылым ретінде қалыптаса ала ма, әлде, бұрынғы дәстүрі бойынша, Батыс өзін еуразиялық кеңістіктен оқшау ұстайтын сегменттелген ұйым болып қала берсе?» деген сұрақ.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының екінші жартысынан бастап ЕҚЫҰ бірте-бірте өз тұғырын әлсірете бастады. 1999 жылғы Ыстанбұл саммитінен бастап Ұйым жаһандық қарқынды өзгерістер кезеңінде «адасып қалды». ЕҚЫҰ-ға мүше елдер қауіпсіздіктің әскери, гуманитарлық және экономикалық өлшемдерінің іргелі мәселелерін түсінуде түрлі тәсілдер ұстанды.

Үшіншіден, ЕҚЫҰ-ның жетекші елдері арасындағы тікелей диалогтардың құндылығы мен пәрменділігін қалпына келтіру қажет болды.

Жоғары деңгейдегі келіссөздер мен кездесулер болмай, сенімнің орнығуы мүмкін емес. Ұйымның саммит алаңдарында бір-бірімен кездеспеген қалпы, кейбір мүше елдердің саяси басшыларының бүтін бір буыны ауысып кетті.

1975 жылдан бастап ЕҚЫҰ тарихында жоғары деңгейде өткен кездесудің саны алтау ғана екенін атап өткен жөн. Ұйымның жарғысы бойынша екі-үш жылда бір рет өткізілуге тиіс болса да, осындай саммит соңғы рет 1999 жылы өтті. Осынау он бір жылдық үзіліс ЕҚЫҰ-ның қазіргі қызметінің жай-күйін айқын дәлелдеді: бәтуа негізінде шешім қабылдауға тиіс Ұйымның өзінде бәтуа көптен бері жоқ еді.

Сондықтан мен жаңа ғасырда, жаңа сападағы геосаяси және экономикалық жағдайда ЕҚЫҰ мемлекет және үкімет басшыларының деңгейінде кездесу өткізетін уақыт жеткенін түсіндім. Ақыр аяғында мен келтірген себептер қолдау тапты.

Біздің ЕҚЫҰ-ға төрағалығымыз оқиғасы аса шиеленісті, соңы әдемі драманы елестетеді. Мен әуел бастан-ақ ұйымға жаңа тыныс беру қажет деген ойдан айнымадым. Ұсынатын нәрсеміз де аз емес еді. Бірақ күрестің қызып кеткені сонша, кейбір мемлекет басшыларымен жеке сөйлесіп сендіруге тура келді.

ЕҚЫҰ Қазақстанның бастамасын мүлде күтпегенін аңғартып алды. Өйткені сол кезде жаңа тәуелсіз мемлекеттердің ешбірі осы бір маңызды халықаралық ұйымның төрағалығына ұмтылып көрмеген еді. Одан бөлек, менің ұсынысымның бір емес, екі ерекшелігі болды: бірінші рет еуропалық

ұйымды басқаруға орталықазиялық мемлекет, мұсылман тұрғындары басым түркітілдес ел ұмтылды. Әрине, осы жағдайдың бәрі кәдімгідей қарсы әрекет тудырғаны рас. Сол кездері ЕҚЫҰ-ны дәстүрлі түрде Батыс Еуропа елдері, Еуроодақ мүшелері басқаратын. Тіпті 1999 жылы ЕҚЫҰ саммиті Ыстанбұлда өткен кезде, ЕҚЫҰ төрағасы Австрия еді.

Қазақстанның бастамаларының алға басуында Ресей мен жаңа тәуелсіз елдер маңызды рөл атқарды. 2005 жылдың тамызында ТМД саммитінде Қазанда Қазақстан кандидатурасын ұсыну туралы шешім қабылданды. Ол шешім 2007 жылы қазан айында Душанбеде нақтыланды. Қазақстан ТМД елдерінің ұжымдық мандатын алды.

Дегенмен ЕҚЫҰ-дағы Қазақстан төрағалығы жобасының алға жылжуы оңай болған жоқ. Мен әлемдік саясатта қалыптасып қалған стереотиптерді артта қалдырудың тым қиын соғарына да дайын едім. Бірақ Қазақстан кері шегінген жоқ, алға қадам баса берді.

2006 жылы келіспеушіліктен мәселе шешілмей қалды, ал 2007 жылы қызық жағдай болды. Мен көптеген батыс елдерінің көшбасшыларымен жеке сөйлестім. Кіші Дж.Бушпен Вашингтонда пікірлестім. Оның әзілі де есімде. Буш мемлекеттік хатшы Кондолиза Райсқа бұрылды да: «Біз әлі осы ұйымға мүшеміз бе?» – деп сұрады. Күліп алдық. Дегенмен Буш тәуекелге барудың қажеті жоқ екенін, Қазақстанды бүкіл әлем қас қақпай қадағалайтынын, төпелеген сынның астында қалатынымызды айта бастады. Бірақ менің ұстанымым берік еді. Ақыры АҚШ президенті мемлекеттік хатшыға тапсырма берді, ал мен өз командама мәселені терең зерттеп, мәмілелі шешім табуды тапсырдым.

Қазақстанның бастамасын табандылықпен, жүйелі түрде алға бастырдық. Мен ЕҚЫҰ-ға мүше 56 мемлекеттің барлық басшысымен дерлік келіс-сөздер жүргіздім. Бір емес, бірнеше рет. Соңғы күнге дейін мен мәселені жеке бақылап отырдым.

Ақыр аяғында Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығына қатысты пікірталас оң нәтиже берді. 2007 жылдың 29 қарашасында Мадридте ЕҚЫҰ сыртқы істер министрлері кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасы 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағасы болып сайланды.

Бір аптадан кейін, 2007 жылдың 7 желтоқсанында шетелдік дипломатиялық корпуспен кездесу кезінде мен Қазақстанның ұйымның еуроатлантикалық және еуразиялық кеңістікті біріктіретін бірегей диалог алаңы ретіндегі беделі мен рөлін нығайтуға үлес қосуға ниеттеніп отырғанын мәлімдедім.

ЕҚЫҰ-дағы төрағалық Қазақстан үшін кезеңдік тарихи оқиға болды, біздің әлемдегі орнымызды күшейте түсті. Бұл ірі халықаралық табыс еді. 2010 жылдың тамызында ЕҚЫҰ бас хатшысы М. Бришамбо біздің еліміздің

жаһандық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға қосқан маңызды үлесін бағалай келіп: «Кең ойластырылған саясатының арқасында Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың жаңа қадірлі мүшесіне айналды. Қазақстанның бүгінгі жетістігі – үлгі етуге тұрарлық мысал», – деп атап өтті.

Жаңа тәуелсіз мемлекет қолы жеткен табысты қанағат тұтып отырып қалған жоқ. Барлық жағдайды кең таразылай келіп, мен ЕҚЫҰ саммитін Астанада өткізуді ұсындым. Бұған дейін мұндай жиын он бір жыл бойы өткізілмеген еді. Бірақ оған қол жеткізу бұрынғыдан да қиын болды.

Көптеген елдер бастапқыда біздің ұсынысымызды қабылдаған жоқ. Сондықтан тағы келіссөз жасай алу машығымды көрсетуіме тура келді. 2010 жылдың ортасына қарай таразы басы Қазақстан жағына қарай бұрыла бастады. 3 тамызда ЕҚЫҰ СІМ басшылары кеңесі Қазақстанда Саммит өткізу жөніндегі ортақ шешім қабылдады.

Осылайша зор жұмыс атқарылды, 2010 жылдың 1–2 желтоқсанында Астана ЕҚЫҰ саммитін салтанатты түрде қарсы алды.

Астана саммитінде сөйлеген сөзімде мен Астанада еуроатлантикалық және еуразиялық бірыңғай және бөлінбейтін қауіпсіздік қоғамдастығын қалыптастыруға жол ашылғанын мәлімдедім және мүлде жаңа міндет – Еуразиялық қауіпсіздік туралы шартты дайындау міндетін алға қойдым.

Қазақстанның табандылығының арқасында ЕҚЫҰ саммитінің Астана декларациясына, осы көпқырлы ұйым тарихында бірінші рет, «еуразиялық қауіпсіздік» деп аталатын жинақы ұғым енгізілді. Ол ЕҚЫҰ үшін де, бар әлем үшін де перспективалы жаңалыққа айналды.

Екінші желтоқсаннан үшінші желтоқсанға қараған түнгі қорытынды баспасөз мәслихатында Берлин дуалының құлатылуын еске ала отырып, мен «Астанада тозығы жеткен басқа бір дуалды – Еуропа мен Азияны бөліп тұрған дуалды бөлшектеу процесі басталды», – деген ойымды айттым. Мұны саясаткерлер мен сарапшылар әлі бір емес, бірнеше рет естеріне түсіретініне сенімдімін.

Осындай процесті бастап кетуге Қазақстанның толық құқығы бар. Саммитте Италия премьер-министрі С. Берлусконидің «Астана рухы» – «төзімділік пен өзара сыйластықтың», «түрлі ұлт пен дін өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан» елдің рухы», – деп атап өтуі тегін емес.

1975 жылғы Хельсинки саммиті Еуропалық қауіпсіздік қоғамдастығына жол ашса, 2010 жылғы Астана саммиті бірінші қадамын одан да ұзағырақ – Еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығына қарай жасады.

ЕҚЫҰ саммиті үлкен дүмпу тудырды. Астана әлемдік қоғамдастықтың көз алдында жаһандық саяси тестті «беске» тапсырды. Мен Астанадағы ЕҚЫҰ

саммиті Тәуелсіздігіміздің алғашқы екі онжылдығындағы сыртқы саяси қызметіміздің қисынды жалғасы, сонымен қатар биік шыңы деп санаймын.

Біздің төрағалығымыздың бірнеше нәтижесін ерекшелеп айтқан дұрыс.

Бірінші: ЕҚЫҰ-ны басқара отырып, біз барлық әріптестеріміздің ауқымды көмегімен ЕҚЫҰ-ға «жан бітіру» жоспарын ұсындық және іске асырдық. Барлық қатысушы елдердің және әріптестердің, сондай-ақ алдыңғы қатарлы халықаралық ұйымдардың 73 ресми делегациясын жинаған Астана саммиті осы бір ірі халықаралық қауіпсіздік құрылымындағы өзгерістер туралы диалогқа дайын екенін көрсетті.

Геосаясатта екі нүкте арасындағы қысқа қашықтық үнемі тіп-тік бола бермейді. ЕҚЫҰ үшін Ыстанбұлдан Астанаға дейінгі жол он бір жылды қажет етті. Сондықтан ЕҚЫҰ-ның Астана саммитінің тарихи маңыздылығы даусыз. Саммит мінберінен барлық қатысушы елдердің Ұйымды жаңа сапалық деңгейге шығаруға мүдделі екенін байқататын көптеген ұсыныстар айтылды.

Екіншіден: Қазақстан БҰҰ, Ядролық сынақтарға ортақ тыйым салу шарты ұйымы, НАТО, Еуроодақ, Еуропа кеңесі, ШЫҰ, ТМД, ҰҚШҰ, ИКҰ және басқа да беделді жаһандық және өңірлік құрылымдардың өкілдері кеңесін өткізу арқылы елдер арасындағы диалогтерді кеңейтіп, ЕҚЫҰ процесіне инновация енгізді. Біз еуропалық қауіпсіздік ұғымының құрлық аясынан да кең екені жайлы тезисті жүйелі және белсенді түрде алға жылжытып отырдық. Соның нәтижесінде ЕҚЫҰ-ның саяси сөздік қорына еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздіктің ортақ және бөлінбейтін кеңістігі деген ұғым толықтай енді.

Үшінші: Қырғыз Республикасындағы қақтығыстың шешімін табуда Қазақстан Республикасының әрекеті зор бағаға ие болды. Қазақстанның әлемдік көшбасшылармен келісілген іс-әрекеті посткеңестік кеңістіктегі шиеленісті бірлесе отырып, тиімді реттеудің шынайы тәжірибесі бола алды.

Төртінші: біз ЕҚЫҰ-ны Ауғанстандағы жағдайды бейбіт жолмен шешу және оны экономикалық жағынан түлету процесіне кеңірек қатыстыруға жол аштық. Қазақстан Ауғанстанға жан-жақты көмек берді. Біз көлемі жағынан Орталық Азияда теңдесі жоқ, ауған азаматтарын Қазақстан жоғары оқу орындарында оқытуға арналған, құны 50 миллион долларлық білім беру бағдарламасын бастадық. Соған сәйкес, 2010–2018 жылдар аралығында Қазақстанда мыңдаған ауған студентін оқыту жоспарланды. Ауған жастарына сапалы білім алуға мүмкіндік бере отырып, біз осы елдің еңсе көтеру үдерісіне ғана емес, экстремизм мен терроризм идеологиясының тарауын қысқартуға да маңызды үлес қостық. Менің ойымша, басқа мемлекеттер –

ЕҚЫҰ мүшелері түрлі салаларда осындай бағдарламалар жасаса жөн болар еді. Осы елді қалпына келтіру мәселесінде халықаралық күш-жігерді арттыру қажет. БҰҰ, НАТО сияқты халықаралық ұйымдар Ауғанстанда көп жылдардан бері әрекет етіп келеді. ЕО-ны да, ЕҚЫҰ-ны да қоса отырып, барлық ойыншының күшін біріктіруге болады.

Бесінші: Қазақстанның төрағалығы Орталық Азия тұрақтылығы мен қауіпсіздігі мәселесіне біздің әріптестеріміздің назарын аударды. Біз көліктік және өңірлік ынтымақтастықты дамыту, экологиялық мәселелерді шешу, сондай-ақ бірінші кезекте терроризм мен есірткі тасымалы сияқты қауіпсіздікке төнетін қауіптер мен жаңа сын-қатерлер мәселелерінің көлемін анықтадық.

Біз Ұйым жауапкершілігі аясындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету контексіндегі Арал мәселесін де күн тәртібіне қойдық. Су ресурстарының мұқтаждығын көріп отырған өңірдің суға қатысты мәселелерін құқықтық тұрғыда реттеудің халықаралық негізі ретінде ЕҚЫҰ форматында «Су және құқық» бағдарламасын қабылдау идеясын ұсындық. Бұл ЕҚЫҰ аясында экологиялық бағытты кеңейте түсті.

Дегенмен біздің басты жетістігіміз – салмақты саяси жүк көтеріп тұрған «Қауіпсіз қоғамдастыққа барар жолда» деп аталатын Астана декларациясының өзі болды. Онда бірінші рет «Еуроатлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығы» ұғымы бекітілді (бұрын ол ЕҚЫҰ құжаттарында «қауіпсіздік қоғамдастығы» немесе «Еуроатлантикалық және Еуразиялық өңір» делінетін). Бұдан кейін ЕҚЫҰ Хельсинки, Париж декларацияларымен және басқа да негіз қалаушы құжаттармен бірге, Астана декларациясына да міндетті түрде сілтеме жасап отырады.

Қазіргі кезеңде ЕҚЫҰ нақты уақытты есепке алуға тиіс. Дәуірлер ауысады, сонымен бірге тәуекелдер де, сын-қатерлер де өзгереді, геосаяси жағдай да құбылады. Өткен ғасырдың соңында Еуропа үшін маңызды болған тәсілдер қазір, шынын айтқанда, қатты түзетуді қажет етеді. Қазір жаһандық жүйе транзиттік кезеңді бастан кешіріп жатыр, яғни кетеуі кете бастаған бірполярлы әлемнен алшақтай бастады. Дәстүрді ықпалды орталықтар ауысып, жаңалары да пайда бола бастады. Мұның бәрі қазіргі ұжымдық қауіпсіздік жүйесін солқылдақ ете түседі. Біз қазіргі жаңа жаһандық жағдайларды ескеріп, ЕҚЫҰ стратегиясын өзгерген шарттарға бейімдеуге тиіспіз.

Жаңа өлшемдер. Ұйымның тәжірибелік қосымшасының шекарасы мәселесі көп аймақтың нақты шекарасымен бірдей болуға тиіс, жекелеген өлшемдерге (іс-әрекет «қоржынына») қаржы-экономикалық қауіпсіздік пен конфессияаралық толеранттылықты бөлуге тиіс.

Жаңа трендтер. Мен Еуразия құрлығындағы интеграциялық үдерістердің терең және жүйелі түрде жүргізілуін жақтаймын. Еуразиялық интеграцияның кең көлемді баламасы жоқ деп санаймын. ЕҚЫҰ қызметіндегі интеграциялық бағдар алдағы уақытта негізгі тренд болуға тиіс деп есептеймін.

ЕҚЫҰ-да жоғары деңгейдегі диалогтардың тоқтап қалмауы өте маңызды. Астананың мұрасын жоғалтып алмауымыз керек. ЕҚЫҰ саммиттерін жарғыда бекітілген мерзімдерде өткізіп тұру қажет. Он жылдық «үзілістер» ешкімге пайда бермейді. Мұның бәрі Ұйымға қатысушы барлық елдер мен олардың көшбасшыларының ерік-жігеріне байланысты. Менің сенімім бойынша осы жайт – Ұйымның тиімділігінің, тұрақтылықты нығайтудың, оған кіретін мемлекеттердің қауіпсіздігінің негізгі шарты.



«ҚАЗАҚСТАН-2030» СТРАТЕГИЯСЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУ. 25 БАСТЫ НӘТИЖЕ

- ✓ «Қазақстан-2030» стратегиясы 1997 жылы қабылданды. Дәл 15 жылдан кейін, 2012 жылдың соңында Президент Н.Ә. Назарбаев 2030 стратегиясы мерзімінен бұрын орындалғанын және оның қорытындысын жариялады.



- ✓ 2030 стратегиясын қабылдағаннан бергі 15 жылда Қазақстан әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан 5 елдің біріне айналды.

- ✓ 2012 жылы Қазақстан Бүкіләлемдік экономикалық форумның рейтингінде **51-орын** алды, ал 2013 жылы **әлемнің бәсекеге ең қабілетті 50 елінің** қатарына енді. Осылайша Н.Ә. Назарбаев қойған міндет **7 жылда** орындалды.

- ✓ 2012 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық экономикамыз ІЖӨ көлемі тұрғысынан **жер жүзіндегі 50 ірі экономикасының** қатарына қосылды.



ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Аумақтық тұтастығымыз сақталды. Болашақтағы кез келген ықтимал аумақтық даудың алдын алдық. Мемлекеттік шекараның – 14 мың шақырымдық бойы делимитацияланды. Қазақстан Каспий теңізіндегі ұлттық акваториясын бақылауға алды.

Мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшті, заманауи, қорғаныс қабілеті зор армия, тиімді құқық қорғау жүйесі құрылды.

336



ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЛІК

Қазақстанда бұрын көппартиялы жүйе болмаған болса, қазір елде түрлі саяси бағыт ұстанған партиялар бар. Қазақстан Парламенті – көппартиялы, Үкімет парламенттік көпшілік арқылы жасақталады. Елде 140 этнос пен 17 конфессия өкілдері бейбіт өмір сүруде.



ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН ІШКІ ҚОРЫ БАР, АШЫҚ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ӨСІМ

Тарихи қысқа мерзім ішінде дамудың нақты, орнықты және үдемелі қарқынына қол жетті. 15 жыл ішінде ұлттық экономика көлемі 1997 жылғы 1,7 триллион теңгеден 2011 жылы 28 триллион теңгеге дейін өсті.

ІЖӨ 16 еседен артық өсті. 1996 жылдан бастап Қазақстанда ІЖӨ-нің жыл сайынғы өсімі 7,6% болды және дамушы елдердің алдына шықты.

Халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ 7 еседен артық өсті – 1998 жылғы 1500 АҚШ долларынан 2012 жылы 12 мың АҚШ долларына жетті.

Қазақстан әуел бастан-ақ жан басына шаққандағы тікелей шетелдік инвестиция тарту жөнінен ТМД бойынша көш бастады. 2012 жылы бұл көрсеткіш 9200 АҚШ долларына жетті.

15 жылда ішкі сауда – 12 есе, ал өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі 20 есе артты.

Осы жылдарда мұнай өндіру көлемі – 3 есе, табиғи газ өндіру 5 есеге өсті.

Шикізат ресурстарынан түскен табыс жинақталатын Ұлттық қор құрылды. Бұл – бізді ықтимал экономикалық және қаржы дағдарыстарынан қорғайтын сенімді қалқан, қазіргі және болашақ ұрпақтардың экономикалық қауіпсіздігінің кепілі.



ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТЫ

15 жылда қазақстандықтардың табысы 16 есе өсті. Ең төменгі күнкөріс деңгейінен кем кірісі бар азаматтар саны 7 есе азайды, жұмыссыздар саны екі есе қысқарды.

Орташа жалақы 9,3 есе өсті. Орташа зейнетақы 10 есе артты.

Халықтың ақшалай табысы 16 есе көбейді.

Жыл сайын денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі артып келеді. 1999 жылы бөлінген қаржы 46 миллиард теңге болса, 2011 жылы 631 миллиард теңгеге жетті.

XXI ғасырдың екінші онжылдығының басында денсаулық сақтау саласының бес инновациялық нысаны енетін медициналық кластер құрылды. Олар: балалардың реабилитациялық орталығы, ана мен бала орталығы, нейрохирургия, жедел медициналық жәрдем және кардиология орталығы.

Еліміздің ең шалғай аудандарын медициналық көмекпен қамтамасыз ететін көліктік медицина қарқынды дамып келеді. Ұлттық скринингтік жүйе ауруларды бастапқы сатысынан анықтап, алдын алуға мүмкіндік береді. Дәрімен тегін және жеңілдікпен қамтамасыз ету енгізілді.

Бұл небәрі бес жыл (2007–2012 жылдар) ішінде ана өлімін 3 есе азайтуға және туу көрсеткішін 1,5 есе көбейтуге мүмкіндік берді.

Өткен 15 жылда халық саны 14 миллионнан 17 миллион адамға өсті. Өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа дейін көтерілді.

15 жыл ішінде білім саласына бөлінетін қаржы 9,5 есе өсті. «Балапан» бағдарламасын іске асыру арқылы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 65,4% жетті. Міндетті мектепалды даярлық енгізілді, оған 94,7% бүлдіршін қамтылды.

1997 жылдан бері республика аумағында 942 мектеп және 758 аурухана мен басқа да денсаулық сақтау нысандары салынды. Әлемдік дағдарысқа қарамастан, «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы іске асырылып – 106 жаңа мектеп салынды.

Әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіби-техникалық колледждер желісі дамып келеді.

Соңғы 12 жылда жоғары білім алуға арналған грант саны 182% көбейді.

1993 жылы «Болашақ» бағдарламасы қабылданды. Соның арқасында 10 мыңға жуық талантты жас әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінен сапалы білім алды.

Астанада халықаралық стандарттармен жұмыс істейтін заманауи ғылыми-зерттеу университеті – Назарбаев Университет ашылды.



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР

Экономиканың заманауи және тиімді салалары – мұнай-газ және кен өндіру кешендері қалыптасты. Шикізат секторының табысы экономиканы әртараптандырып, оған жаңа қуат беруге қолданылды.

ІЖӨ-дегі мұнай-газ саласының үлесі өсе түсті. Ол 1997 жылғы 3,7%-тен 2006 жылы 14,7%-ке дейін, 2011 жылы 25,8%-ке дейін өсті.

Өткізу нарығы ұлттық мүддеге сәйкес әртараптандырылды. Көмірсутегі өнімдерін сыртқа шығарудың бір бағытқа тәуелділігі азайды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ӘСІРЕСЕ КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС



15 жылда ел инфрақұрылымы айтарлықтай жаңғыртылды. Өнеркәсіптің, көлік инфрақұрылымының, тіршілікке қажетті инфрақұрылымдардың стратегиялық нысандары пайдалануға берілді. Олар – автомобиль және темір жол магистралдары, құбырлар, логистикалық орталықтар, терминалдар, әуежайлар, вокзалдар мен теңіз айлақтары.

Осының бәрі көптеген жаңа жұмыс орындарын ашты, ұлттық экономиканы өңірлік және жаһандық нарықтар жүйесімен ықпалдастыруға жағдай жасады.

Стационарлық телефонды, ұялы байланыс пен Интернетті қамтитін заманауи телекоммуникациялық сала қалыптасты. «Электронды үкімет» азаматтардың мемлекетпен өзара әрекеттестігін мейлінше жеңілдетті.

2001–2012 жылдар аралығында автожол саласын дамытуға 1 263,1 миллиард теңге бөлінді. Осы жылдарда жалпы қолданыстағы 48 мың шақырымнан асатын автожол, сондай-ақ 1 100 шақырым темір жол салынып, жөндеуден өтті.

Жаңа Жібек жолының – Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансқұрлықтық магистралды көлік дәлізінің құрылысы басталды.

Өзен-Түрікменстан шекарасы темір жол желісі салынған соң, ұлттық бизнеске Парсы шығанағына және Үлкен Шығысқа шығар жол ашылды.

Қорғас-Жетіген темір жолы салынып Шығыс бағыттағы Қытай мен бүкіл Азия субконтинентінің нарығына жол ашылды.

Жезқазған-Бейнеу темір жолының құрылысы басталды.



КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТ

Әкімшілік-командалық жүйенің басқару дәстүрі толықтай жойылды, басқарушылардың заманауи және тиімді корпусы құрылды.

Барлық азамат бірдей құқық пен мүмкіндікке ие болатын мемлекеттік қызметтің ұлттық моделі құрылды.

Мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығы мен жоғары кәсіби деңгейі қамтамасыз етілді.

Мемлекеттік қызметтің барлық жүйесі халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыруға бағдарланды.

Осылайша «Қазақстан-2030» стратегиясы межелеген барлық міндет іске асырылды. Қазақстан халқының орташа кіріс деңгейлі және қарқынды дамып келе жатқан экономикасы бар елге айналды.

«Қазақстан-2030» стратегиясы өз жемісін берді. Заманауи Қазақстан қалыптасты.

IV БӨЛІМ

ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮШІНШІ
ЖАҢҒЫРУЫ (2010-ШЫ ЖЫЛДАР)

1. ЖАҢА ЖАҢАНДЫҚ АХУАЛ

ЖАҢА БАҒДАР. «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ

«Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің стратегиясы

Әртүрлі тарихи кезеңнің өзіне тән стратегиясы болады. Дегенмен, 2012 жылғы 14 желтоқсандағы халыққа Жолдауымдағы «Қазақстан-2050» стратегиясы ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының бас кезіне ғана қатысты емес, ол ұлттық тарихымыздағы жаңа дәуірдің қақпасын ашты.

Жолдаудың қағидатты негізі болған күмәнсіз фактісі: Қазақстан – қалыптасқан мемлекет. Тек қалыптасқан мемлекет қана алдағы көптеген онжылдықтарға бағытталған және тіпті тұтас ғасырды қамтитын стратегияны жүзеге асыруға қабілетті бола алады. «Мықты мемлекет – күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақ мерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады» – стратегияда айтылған бұл сөздер оның алғышартын дәл айғақтайды.

Мен 2010-шы жылдардың басында дағдарысқа қарсы іс-қимылға ең бірінші кезекте көңіл аудара отырып, стратегиялық перспективаны да ешқашан назардан тыс қалдырған жоқпын. Жаңа стратегияны қабылдаудың уақыты жақындап қалғанын жақсы сезіндім. Өйткені, 2030 стратегиясының негізгі мақсаттары мерзімінен бұрын жедел түрде жүзеге асырылды. Қазақстан озық шығып, әлемдегі экономикасы ең дамыған елу елдің қатарына енді. Тәуелсіздіктің екінші онжылдығы аяқталып, оның үшінші онжылдығының жаңа тарихы басталды. Жеңіспен жігерленген қоғамға жаңа биіктіктерді бағындыру үшін айқын бағыт қажет болды.

ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында әлем жаңа, бұрынғыға мүлде ұқсамайтын, тұрақсыздық дәуіріне қадам басты және түбегейлі өзгерістерге ұшырай бастады. Саяси қақтығыстар, төңкерістер, соғыстар және террористік актілер планетаны аяусыз азаптады. Қалыпты дүние құрылымы көз алдымызда күйреп түсті, жаңа жаһандық ахуал салтанат құрды. Осынау мың құбыла жүйткіген бүкіл әлемдік ортада жеңіске жеткізетін – тек қана жеделдете оза даму стратегиясы және жаңа ұлттық уақыт өлшеміне ұмтылыс болары анық.

Менің тапсырмам бойынша, дамып келе жатқан жаһандық үрдістерге талдау жасайтын жұмыс тобы құрылды. Оның алдында, болжамдар но-

байы негізінде, еліміздің дамуының ұзақ мерзімді әмбебап стратегиясын жасап шығу міндеті тұрды. Бұл жерде ақырғы шешімді өзім қабылдадым.

«Қазақстан-2050» стратегиясының бұрынғы бағдарламалардан түбегейлі айырмашылығы уақытының аса ұзақтығында еді – меже 2050 жыл болып белгіленді. Бұл меже кездейсоқ таңдалған жоқ: БҰҰ-да Қазақстанның тікелей қатысуымен өркениетті дамытудың 2050 жылға дейінгі жаһандық болжамы дайындалған болатын. Еліміз – ұзақ мерзімді, ғасырымыздың ортасына дейін белгіленген ұлттық стратегиямен жарақтанған бірінші ел болды.

Жаңа бағыт туралы Тәуелсіздік күні қарсаңында – 2012 жылдың 14 желтоқсанында жариялануы да кездейсоқтық емес. Өйткені ерекше тарихи маңызды Жолдау – еліміздің ең басты мемлекеттік мейрамы қарсаңында әр қазақстандықтың жүрегіне жетуі қажет еді.

Мені бұл стратегиядан әр адам өзінің және балалары мен немерелерінің болашағының жобасын көрсе деген тілек құлшындырды. Сондықтан да мен еліміз үшін стратегиялық мәні бар бұл құжатта көкжиектен қол бұлғаған қазақстандық арман-аңсарға апарар жолды көрсетуге тырыстым.

Жаңа бағыт–2050: озық отыз елдің қатарына қосылу

«Қазақстан-2050» стратегиясында мен еліміздің ертеңгі күнін көзге елестетуге, оның болашағын бағамдауға, басымдықтарының жүйесі мен иерархиясын құруға, жаңа жаһандық ахуал және ондағы өтіп жатқан үдерістерді сараптау негізінде анықталған кешенді мәселелерді ұсынуға тырыстым.

Адамзаттың жуық арадағы перспективалары – ХХІ ғасырда алдынан шығатын сын-қатерлерге қаншалықты дұрыс жауап таба алатынына байланысты. Бұлар – тарихи уақыттың жеделдеуі, демографиялық теңгерімсіздік, азық-түліктің және энергетиканың қауіпсіздігіне төнген қатер, су тапшылығы, табиғи ресурстардың сарқылуы, экономикалық дағдарыс, технологиялық революцияның салдарлары, әлеуметтік тұрақсыздық, құндылықтар дағдарысы, әлемдік тұрақсыздықтар қаупі.

«Қазақстан-2030» стратегиясының мерзімінен бұрын жүзеге асқанын хабарлай отырып, мен бәріміз жүріп өткен он бес жылдық табысты жолдың қорытындысын шығардым. 2012 жылы Қазақстан ІЖӨ көлемі жағынан әлемдегі 50 елдің қатарына енді, ал келесі 2013 жылы жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 50-ші орынды иеленді. Бұл жетістіктер – заманауи Қазақстан мемлекет болып қалыптасты деп сеніммен айтуға мүмкіндік берді.

Жаһан жүйесіндегі теңгерімсіздік күшейіп, бай мен кедей арасындағы алшақтық ұлғайып жатқан қазіргі тарихи жағдайда тарихи жолайрықтағы әрбір мемлекет өзінің бұдан арғы даму векторын таңдайды. Болашағымыз осы таңдауымызға тәуелді. Енді біздің алдымызда – жаңа жалпыұлттық мақсат: 2050 жылы әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына ену мақсаты тұр.

Мен елімізді бұдан әрі дамытудың жеті басым бағытын анықтап бердім:

1. Экономикалық саясат – пайда табу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген жалпыға ортақ прагматизм.
2. Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау.
3. Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттары – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік.
4. Білім және кәсібилік – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары.
5. Мемлекеттілікті нығайту және демократияны дамыту.
6. Дәйекті сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту.
7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.

«Қазақстан-2050» стратегиясының ерекшелігі – даму мәселелерін теңгерімді және жүйелі түрде қарастырады. Оның негізгі компоненттері (экономикалық, әлеуметтік, саяси, дүниетанымдық) өзара байланысты әрі өзара сабақтас, ал біздің еліміздің одан әрі өркендеуін осы жеті басымдықтың тұтастығы қамтамасыз етеді.

«Қазақстан-2050» стратегиясының негізінде барлығын қамтитын прагматизм қағидаты жатқандықтан, экономиканы және басқаруды қоса алғанда, барлық шешімдер экономикалық мақсатқа және ұзақ мерзімді мүдделерге сәйкестік тұрғысынан қабылдануы тиіс. Бюджеттік шығындардың логикасы осындай. Біріншіден, жаһандық экономикадағы Қазақстанның ұлттық «плацдармын» кеңейтуге арналған бағыттарға қолдау көрсетіледі. Екіншіден, мемлекет қаржыландыратын жобалар мен нысандар материалдық кіріс немесе әлеуметтік мәселелерді шешу сияқты міндетті қайтарым беруі тиіс.

«Қазақстан-2050» стратегиясы елімізді бірегей аса сезімтал «оптикамен» қаруландырды: ол ұзақ мерзімді перспективаға жоспарлау үшін алыс мақсаттарды назарда ұстауға, ал қажет болған жағдайда – жедел түзету енгізуге мүмкіндік береді. Өйткені өмір күтпеген бұралаңдарға толы және ондай жағдайлар бізді қапы қалдырмауы тиіс.

2014 жылғы Жолдау: әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына кіру жоспары

«Қазақстан-2050» стратегиясын халыққа ұсынғаннан кейін іле-шала мен Үкіметке Қазақстанның әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына ену тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырдым. 2013 жылдың соңына қарай тұжырымдама менің қарауыма ұсынылды. Тыңғылықты өңделгеннен кейін ол «Қазақстандық жол–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының мәтініне енгізілді.

Әлемдегі ең озық мемлекеттің біріне айналуды ұлы мақсат тұтқан біздің елге нақты іс-жоспар қажет еді. 2014 жылдың 17 қаңтарында бұл жоспар әрбір қазақстандыққа мәлім болды. Оны жүзеге асырудың жолы – елдің серпінді дамуы және құбылмалы жаһандық конъюнктураға жедел бейімделе алатын мобильді экономика. Мен сонда «жеңіл серуеннің» болмайтынын ескерттім: ғасырдың жартысы болып қалды, ал отыздықтағы орынға таласушы үміткерлер аз емес. Табыстың негізгі өлшемін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) кіретін, әлемдік ІЖӨ-нің 60 проценттен астамын өндіріп отырған 34 мемлекеттің көрсеткіштері айғақтайды. ЭЫДҰ стандарттары біздің елдің де бағдарына айналды.

Сандар тілімен айтқанда, бұл мынаны білдіреді: ІЖӨ-нің жыл сайынғы өсімі 4%-тен кем емес, ІЖӨ қуат сыйымдылығының төмендеуі екі есе, инвестиция көлемінің ұлғаюы ІЖӨ-нің 18-ден 30 процентіне дейін; шикізат емес экспорттың үлесі – экспорттың жалпы көлемінің 70 процентіне дейін, ғылымды қаржыландырудың өсуі ІЖӨ-нің 3 процентіне дейін, еңбек өнімділігінің бес есе өсуі, ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнес үлесінің артуы 20-дан 50 процентке дейін. Осы сандар арқылы «Қазақстан-2050» стратегиясы шынайы сипатқа ие болды.

Оның іс жүзіне асуының тетігі үдемелі орта мерзімді (бес жылға) жоспарлауда жатыр. Алдағы жол жеті бесжылдықты қамтиды. Менің пайымдауымша, мобильді және мультимедиалы, нано-ғарыштық технологиялардың, роботты техникалардың, гендік инженерияның, болашақ энергиясының негізінде жаңа экономикалық салалардың құрылуы әрбір бесжылдықтың елеулі нәтижесі болмақ.

Инновациялық индустриаландыру, агроөнеркәсіптік кешеннің жаңғыруы, ғылымға негізделген экономика, инфрақұрылымдық даму (агломерация, көлік, энергетика), бизнестің және адам әлеуетінің дамуы, мемлекеттік институттардың жетілдірілуі секілді басымдықтар өзгеріссіз қалды.

Ұлттық экономикамызды аймақтық және жаһандық экономикалық жүйеге әрі қарай кіріктірудің табысы ЕАЭО-ның құрылуы мен елдің ДСҰ-ға кіруіне тікелей байланысты екенін мен айрықша атап өттім.

Тұжырымдамада барлық алға қойылған міндеттерді кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарланды. Бірінші кезеңде (2030 жылға дейін) халықаралық еңбек бөлінісі беретін мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жаңғыртуды батыл жүргізу қажет. Қазақстан он бес-он жеті жылдан соң дамыған елдердің бүкіл XX ғасыр бойы қол жеткізген нәтижелерін қайталауға қабілетті. Бұл кезеңде біз дәстүрлі салаларымыздың серпінді өсуін қамтамасыз етеміз және өңдеудің қуатты индустриалы секторын жасаймыз. Екінші кезең (2030–2050 жылдары) елдің ғылымға негізделген экономика қағидаты бойынша тұрақты дамуын көздейді.

2014 жылғы Жолдау – Қазақстан белгіленген мерзімде әлемдегі озық отыз елдің қатарына енуі үшін қандай жолмен жүруі керек дейтін сауалға толық жауап береді.

2014–2015 жылдардағы экономикалық дағдарыс: жаңа жаһандық ахуал

Стратегиялық жұмыстардың жоғары дәлдігі белгілі бір уақыт мөлшерінде біздің экономикалық модельге барлық сыртқы сын-қатерлердің болуы мүмкін әсерін есептеп, сыртқы экономикалық үрдістердің оның дамуына ықпалын ескеріп, анықтауымызға байланысты. Сонымен, 2012 жылғы шілдеде мен алдағы уақытта болуы ықтимал әлемдік дағдарыстың екінші толқыны жағдайында жұмыс істеуіміз мүмкін екеніне болжам жасадым.

2014–2015 жылдары әлемдік экономикадағы жағдай бір мезгілдегі көптеген факторлардың әсерінен күрт нашарлады. Жаһандық әскери-саяси шиеленістің өсуі бүкіл қалыптасқан әлемдік тәртіпке қауіп төндіре бастады, экономикалық тұрақсыздық бәсекелестіктің артуына, сауда-экономикалық және валюталық қақтығыстарға апарып соқты. Энергетикалық нарық сапалық тұрғыда өзгерді: баламалы энергетиканың дамуы және газ бен мұнай өндіру технологиясының өзгеруіне байланысты пайда болған «тақтатас революциясы» мұнай бағасының төмендеуіне және америкалық мұнай импортының қысқаруына алып келді. Жаппай терроризм, экстремизм және зорлық-зомбылықты әдіс еткен жаңа жүйесіз күштер бас көтере бастады.

Бұл кезеңде шикізат бағасының төмендеуі және негізгі сауда әріптестері валютасының, әсіресе ресейлік рубльдің екі есеге жуық құнсыздануы – Қазақстан экономикасының тұрақтануына кері әсер етті. Оның бағамы

2014 жылдың ақпанында теңге бағамының 20 процентке түзетілуінен кейін де төмендей берді. Сондықтан да қазақстандық кәсіпкерлер табанды түрде ұлттық валютаны құнсыздандыруға шақыра бастады. Олардың талабын ескере отырып, 2015 жылдың тамызында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі теңге бағамының еркін айналымына көшу туралы шешім қабылдады. Бұл шараның қазақстандықтарға тиген зардаптарын жұмсартуға жеке тұлғалардың банктегі теңгемен ашылған депозиттеріне өтемақы төлеу туралы менің Жарлығым мүмкіндік берді – мұны 1,7 миллион адам, яғни салымшылардың 80 проценті пайдаланды. Сондай-ақ «Тұрғын үй құрылыс» жинақ банкісінің ипотекалық салымшыларына берілетін өтемақы тетігі жасалды. Нәтижесінде, теңгенің құнсыздануынан туындаған кері әсер барынша азайтылды, ал тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі жоғарылады.

2014–2015 жылдардағы дағдарыс жағдайы нарыққа қатысушылардың барлығын да өзгерістерге икемделуді: үстеме пайдаға құнықпай, сапаны жақсартуды, ұлттық валютаның жайлы бағамына арқа сүйемей, бәсекелестікке бет бұруды үйретті.

2016 жылды ұлттық экономика, соның ішінде өндірушілер ғана емес, тұтынушылар да жаңа ахуалда қарсы алды: оның басты көрсеткіші құлдыраған мұнай бағасы болды. Үрдіс кері бұрылып, мұнай бағасы қайта өседі деп үміттенудің жөні жоқ. Мемлекет те, қоғам да, әрбір азамат та тек қана өз күшіне сенуі қажет еді.

«Нұрлы жол»: 2014 жылғы Жолдау

2014 жылдың 11 қарашасында мен «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауымды жасадым. Мұнда әлем экономикасының қазіргі елеулі қиындықтары үдей түскен геосаяси шиеленіс пен жетекші державалардың өзара санкциялық саясатынан туындағаны айтылды. Мен таяудағы жылдардың жаһандық сынақтардың уақыты болатынын білдім. Оны тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана жеңе алады. Қазақстан – әлемдік экономиканың бір бөлшегі және геосаяси шиеленістің эпицентріне тым жақын орналасқан ел ретінде, осы үдерістердің әлемдік нарықтарда бағаның құлдырауы және экономикалық өсім қарқынының бәсеңдеуі түріндегі теріс ықпалына тап келеді. Жаһандық ахуал тудырған сын-қатерлер тиісті жауап талап етті және оны алды да: мен елдің инфрақұрылымдық дамуының ауқымды бесжылдық жоспарын – «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын жарияладым.

Осы бір күрделі кезеңде мен Ұлттық қордың қаржылық резервін пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, экономикалық өсім үшін Үкіметке 2014–2015 жылдары екі транш бойынша 500 миллиардтан ақша бөлуді тапсырдым. Бұл – қысқа мерзімді жүйеден тыс шаралар емес еді, көлік және энергетикалық, өнеркәсіптік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың, шағын және орта бизнесті қолдаудың, жаңа жұмыс орнын құрудың алдын ала жоспарланған құрылымдық түрлендірулерінің бір бөлігі ғана болатын.

«Нұрлы жол» бағдарламасында аса маңызды орын алатыны – көлік-логистикалық сала. Сенімді инфрақұрылымдық тірек – барлық өңірлерді Астанамен және өзара магистралды автомобиль, темір жол және әуе жолдарымен байланыстыруы тиіс болды.

Автомобиль жолдары жобаларының бірінші кезектегі маңыздыларының қатарында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі, Астана – Қарағанды – Алматы, Астана – Өскемен, Астана – Ақтөбе – Атырау, Алматы – Өскемен, Атырау – Астрахань күре жолдары болды. Энергетикалық инфрақұрылымда Екібастұз – Семей – Өскемен және Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алматы электр тасымалдау жоғары вольтты желілерінің құрылысын жүргізу басымдықты иеленді. Барлық осы жобаларды жүзеге асыру құрылыс материалдары мен өзге де өнімдерге деген сұранысты арттырды, жаңа экономикалық саясат бүкіл отандық индустрианың өсуіне тиімді ықпал етіп, оның қозғаушы күшіне айналды.

Ауқымды жол құрылысы барысында 200 жұмыс орны ашылып қана қоймай, менің ойымша, инфрақұрылымдық бағдарламаның басты тармағы болуы тиіс, өйткені жол Қазақстан үшін – өмір желісі. Біздің кең-байтақ даламыздың қайнаған тіршілігі осы күре жолдардың бойында. Барлық аймақтар темір жолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек, біз осындай көлік желісін жасауға міндеттіміз. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы – елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Жаңа күре жолдар тек қана экономика мен қоғамды жаңартып қана қоймай, ең бастысы, осының бәрі – болашақ ұрпақтың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады.

Қараша айындағы Жолдаудан екі апта өткен соң, 2014 жылдың 15 желтоқсанында, Тәуелсіздік күніне орай өткізілген салтанатты жиында мен тағы да күнделікті ағымдағы міндеттер шешімі туралы ғана емес, болашақты ойлаудың маңыздылығын да еске салдым: «Қазақстан-2050» стратегиясы – миллиондардың жолы, бұл жолмен жүру – біздің буынның көптеген ұрпақтарының маңдайына жазылған. Біз белгілеген тарихи күнге дейін отыз алты жыл бар. 2050 жылы Тәуелсіздіктің құрдастары, 1991 жылы дүниеге келгендер – кейінгі жас қазақстандықтар үшін аға ұрпаққа айналады.

Жаңа жаһандық ахуал: 2015 жылғы Жолдау

2014–2015 жылдары мен жедел қарқын алған жаһандық және аймақтық үдерістердің динамикасын мұқият бақыладым және оның Қазақстанға тигізуі мүмкін ықпалына болжам жасадым.

2015 жылы тамызда Үкімет мұнайдың әр баррелі бағасының 20–30 долларға дейін төмендеуі жағдайындағы іс-әрекет нұсқаларын қарастырды. Бұл алдын-ала қамдану өзін ақтады: 2015 жылдың екінші жартысында мұнай бағасының құлдырай түсуіне қарамастан, дер кезінде қолданылған шаралар өнім өндіруді төмендетпеуге мүмкіндік берді.

2015 жылы 30 қарашада «Қазақстан – жаңа жаһандық ахуалда» атты Жолдау халық назарына ұсынылды. Әлемнің тез өзгеруде екендігі – оның негізгі тезисі болды. Жаңа сын-қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық ахуал біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемдік экономиканың өсу қарқыны баяулады, нарық тұрақты емес, мұнайдан түсетін аса жоғары табыс жоқ, әлемде сенім азайып келеді. Жаңа жаһандық ахуалдағы әлемнің дамуы – әлемдік және аймақтық күш орталықтарының қатал бәсекелестік жағдайында өтетін болады.

Сондықтан да жаңа жаһандық ахуалдағы барлық сын-қатерлерге біз үш қарапайым, бірақ маңызды ұғымға – өсім, реформа, дамуға негізделген, дағдарысқа қарсы өз стратегиямызды қарсы қойдық. Өсім – экономиканың қажетті қарқынмен өсуі. Реформалар – ең терең өзгерістер. Даму – қоғамның барлық салаларын үздіксіз жаңғырту.

Жаңа ахуалда жаһандық дағдарысқа тек әртараптандырылған экономика ғана қарсы тұра алады. Демек, теңге бағамының еркін айналымы жағдайындағы қаржы саласын тұрақтандыру үшін, бәсекелестікті ынталандыру үшін дағдарысқа қарсы кешенді және құрылымдық өзгерістерді жүзеге асырып, белсенді инвестициялық саясатқа көшу керек.

Егер бұл мәселелер шешілсе, 2020-шы жылдардың ортасына қарай біз жыл сайынғы экономикалық өсімді 5 проценттік деңгейге, өңдеуші өнеркәсіп экспортын екі есеге (жылына 30 миллиард долларға дейін), инвестицияның өсімін жыл сайын 10 миллиард долларға өсіре отырып, 100 миллиард долларға дейін жеткіземіз, 660 мың жаңа жұмыс орнын құрып, еңбек өнімділігін екі есе арттырамыз.

Экономикалық тәуекелдерге қарамастан, мемлекет белсенді әлеуметтік саясатты жүргізумен келді. 2016 жылдың қаңтарынан бастап білім беру, денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбекақысы 29 процентке дейін, зейнетақы 40 процентке дейін өсті, ортақ зейнетақы индексацияланды. Сон-

дай-ақ 2016 жылы мүгедектігі мен асыраушысынан айырылуға байланысты әлеуметтік жәрдемақылар, шәкіртақылар 25 процентке өсті.

Мен барлық алға қойылған міндеттер мен жоспарланған қадамдардың нақты қаржыландырумен қамтамасыз етілуін қатаң талап еттім. Басты талабым: осы қаражатты тиімді пайдалану – Үкіметтің басты міндеті және жауапкершілігі. Осыған сәйкес, дағдарысқа қарсы бағдарламаны қаржыландыруға аса қомақты сома – 7,2 триллион теңге бөлінді.

Дегенмен жауапкершілікті сол кезде бәрі де сезінді. Бізді алда ауыр жұмыстар күтіп тұрғанына дайын едім. Алайда біз келешекке үмітпен қарадық, келе жатқан күрделі кезең біз үшін еңсеру кезеңі болатынын білдік, жаңа жаһандық дағдарысты міндетті түрде жеңеміз деп сендік.

2. РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ЖҰМЫЛУ

ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАЛАР

Бес институционалдық реформа

Жаһандық тұрақсыздық 2010 жылдың ортасына қарай күшейе түсті және ел қауіпсіздігіне төнген қатерге айналды. Сыртқы әсерлерден қорғайтын өмірлік сенімді құралдың қажеттілігі туындады. Мен мемлекетіміздің алдында тұрған өзекті мәселелердің және мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту моделінің оңтайлы тетігін табу үшін ұзақ ойландым. Президент сайлауының қарсаңында, 2015 жылы 11 наурызда «Нұр Отан» партиясының XVI құрылтайында сөз сөйлеп, бес институционалдық реформа бағдарламасын жария еттім.

Алғашқы реформа кәсіби және автономды мемлекеттік аппарат құруға қатысты еді. Сайлаулар, министрлердің, әкімдердің және басқа жетекшілердің ауысуы мемлекеттік әкімшілік қызметке ықпал етуі керек. Осындайда әрбір жетекші төменнен бастауы керек және, менің өзім бастан кешкендей, барлық басқару баспалдақтарынан өтуге міндетті. Мериократия, яғни неғұрлым лайықтылар билігі мемлекеттік сектор үшін, оның ішінде соттарды, құқық қорғау органдарын, ұлттық компаниялар мен холдингтерді қоса алғанда, жалпыға ортақ қағидат болуға тиіс екеніне кәміл сенемін.

Екінші реформа меншік құқығы мен кәсіпкерлік бостандығына кепіл беретін заңның үстемдігі мен сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталды. Соттар жабық корпорация болмауы қажет және қоғамдық сыннан тыс қалмауы тиіс. Ашықтық – бұл судьялар қатарындағы жемқорлыққа қарсы дәрі. Мұндай ашықтық пен кадрларды қатаң іріктеу полиция мен барлық құқық қорғау органдарына қажет. Мен үшін тағы бір қағидатты мәселе – инвесторлар қазақстандық соттың әділдігіне сенімді болуы тиіс.

Үшінші реформаның мақсаты индустриаландыру мен әртараптандыруға негізделген экономикалық өсім болды. Өнеркәсіп пен өңдеу секторын экономикалық өсімнің негізгі драйверлеріне айналдыру қажет болды. Мен нақты міндеттер қойдым: ол – өсім динамикасын қамтамасыз ету және жаңа экспорттық өнімдерді жасау.

«Болашағы біртұтас ұлт» деп аталатын төртінші реформаның мәнін былайша түсіндірдім. Біз тұрақтылық пен келісімнің өзіндік моделін дамытуда айтарлықтай табыстарға жеттік. Сонымен бірге, қазақстандық біртектілікті одан әрі нығайтуымыз қажет. Ол азаматтық қағидатына негізделуі тиіс. Тұрақты және табысты мемлекеттің сенімді іргетасы бола алатын, халықты топтастыратын негізгі құндылықтар қатарына теңдік, еңбексүйгіштік және білімділік жатады деп жариялады. Мектептердің міндеті – білім беру ғана емес, жас қазақстандықтарды жоғары азаматтық рухта тәрбиелеу екенін де баса айттым.

Бесінші реформа мемлекет құру мәселесін шешеді, ашықтық және қоғамға есеп беруге міндеттілік секілді күшті мемлекетке керек «шектелістерді» көздейді.

Саяси тұрақтылық – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының басты жетістіктерінің бірі. Мемлекеттік билікті жаңғырту, керісінше, жүзеге асуы тиіс прагматикалық міндеттер мен іс-әрекеттің жиынтығынан көрінді: мемлекеттік ұйымдардың есеп беру тәртібін өзгерту, сот шешімдеріне шағымдану тетігін нығайту, жаңа бюджет саясатының қағидаттарын бекіту, азаматтық қоғамның өзін өзі реттеп отыруын қамтамасыз ету және тағы басқа мәселелер тұрды.

Бес институционалдық реформаның әрқайсысы – елді орасан зор жұмысқа жұмылдырды, ал олар бәрін қоса алғанда, Қазақстан мемлекеттілігін нығайту мен әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену үшін жағдайлар жасады.

2010-шы жылдардың ортасында ауқымды реформалардың табысына тек қана жігерлі саяси ерік-күші ғана кепіл бола алатын еді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мықты мемлекет пен либералды қоғамның қалыптасуы үшін елде 40–50 жыл бойы тұрақты даму болуы тиіс, ал Қазақстан тап осындай жолмен жүріп келеді.

Сындарлы жаһандық кезеңдегі Президент сайлауы

352

2015 жыл өзге көптеген елдер тәрізді, Қазақстанға да қиындықтарын ала келді. Мұнай бағасының құлдырауы одан әрі жалғасты, әр баррельдің құны 40 доллардан төмен түсті. Осының салдарынан бюджетке экспорттық түсімдер күрт азайды. Ұлғайып келе жатқан геосаяси дағдарыс қауіпті тәуекелдерімен қолайсыздық тудырды. 2016 жылы Қазақстанда Президент және Парламент сайлаулары өтуі тиіс еді, алайда, менің ойымша, бұларды бір мезгілде өткізу қисынсыз болды. 2015 жылы индустриалан-

дырудың екінші бесжылдығы басталғанын ескере отырып, экономикалық және саяси циклдарды үйлестіру талабы туындады.

Айта кетейін, 2015 жылы 2011 жылдағыдай, менің президенттігімді мәңгілік жасау қажеттігі туралы азаматтардан өтініштер келіп түсті. Мен бұған үзілді-кесілді қарсы болдым.

Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, 2015 жылдың 14 ақпанында Қазақстан халқы Ассамблеясы президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу туралы бастама көтерді. 16 ақпанда ҚХА-ның бастамасына «Нұр Отан» партиясы қолдау білдірді. Конституциялық кеңес өзінің қаулысында Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге еш кедергі жоқ екенін растады.

Көптеген азаматтар мен еңбек ұжымдары мерзімінен бұрын сайлау өткізу идеясын қолдап, тілектестік білдірді. Мен «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзімде барлық қазақстандықтарға маған сенім білдіргендері үшін алғыс айтып, партия атынан Президентке үміткер ретінде қатысу ниетім жайлы хабарладым.

2015 жылдың 31 наурызында менің «Ұлт жоспары: бес институционалдық реформа» сайлауалды бағдарламам жарияланды.

Біздің сайлау штабының құрамына бес саяси партия атынан қоғам қайраткерлері және саяси тұлғалар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, танымал спортшылар кіріп, сенімді өкіл болды. Әлеуметтік желілердің белсенді түрде қолданылуы – 2015 жылғы сайлауалды науқанның жарқын ерекшелігінің бірі.

Өзіне қолдау білдіргендердің қажетті дауысын жинаған президенттікке үміткерлердің қатарында Қазақстан Коммунистік халықтық партиясының хатшысы, жаһандануға қарсы қағидатты ұстанған Т. Сыздықов және Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы, өз бағдарламасында қоршаған ортаны қорғауға баса көңіл бөлген А. Құсайынов болды.

2015 жылғы 26 сәуірде өткен Президент сайлауында мені және серіктерімді даусыз жеңіс күтіп тұрды: маған дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 97,7 проценті қолдау білдірді. Халықтың маған деген сенімі, азаматтардың үкілеген үміті өзіме жүктелген қосымша міндет деп қабылдадым. Ал өзге үміткерлер – А. Құсайынов 0,6 процент, Т. Сыздықов 1,6 процент дауыс жинады.

Сайлауға келушілер саны өте жоғары болды – 95 процент. Дауыс беру үшін адамдар кезекте тұрды. Бұл керемет еді.

Әлемнің көптеген елдерінің азаматтық қоғам дағдарысын бастан кешіп отырғанын білетін қазақстандықтар мұндай оқиғалардың өз отанында да болғанын қаламады, сол себепті де сайлауға жұмыла қатысып, өздерінің

конституциялық ұстанымын білдірді. Қазақстанның болашақ тағдыры сынға түскен сайлау қоғамдық келісімнің көрінісін паш етті. Бұл сайлауда мен ұлтың ұйысқанын айрықша өткір сезіндім.

Өткен сайлауға көптеген халықаралық бақылаушылар жоғары баға берді, олардың арасында тәуелсіз сарапшылар да, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының, Ислам ынтымақтастығы ұйымының, Шанхай ынтымақтастық ұйымының, Түркітілдес елдер парламенттік ассамблеясының, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының өкілдері болды.

Ұлт жоспары: жалпыұлттық мақсатқа 100 қадам

2015 жыл тұтасымен, сәуірдегі сайлаулардан бастап, «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам» деген атпен біріктірілген Бес институционалдық реформа белгісімен өтті. Бұл жоспар бүкіл мемлекеттік машинаны, қоғамдық институттар мен барлық қазақстандықтарды 2050 стратегиясында белгіленген мақсаттарға жүйелі түрде қол жеткізуге жұмылдырды. Бұл – жаңа міндеттермен топтасқан барлық ұлттар үшін шын мәніндегі Бас жоспарға айналды. 2015 жылы 29 сәуірде, Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісу салтанатты рәсімі кезінде сөйлеген сөзімде: «Реформалар мемлекеттік аппараттың ғана емес, халықтың да ісі», – деп ауқымды құжатқа өз бағамды бердім.

Жоспарды жүзеге асыруға жедел кірісу керек деп шештім. Ұлықтау рәсімінің ертеңіне, яғни 30 сәуірде Президент жанынан жаңғыру бойынша Ұлттық комиссия құрылды, оның төрағасы болып Премьер-Министр К. Мәсімов тағайындалды. 2015 жылдың 5 мамырында Бес реформаға арналған Үкіметтің кеңейтілген мәжілісі өтті. «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспары ресми түрде осы жылдың 20 мамырында жарыққа шықты.

Ұлт жоспарының бекітілуі Қазақстанның реформаларды Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкес жүргізіп отырғанын білдірді. Бұл – ЭЫДҰ-ға кіруге жасалған ширақ қадам еді. Шетелдік саясаткерлер мен сарапшыларға «100 қадамның» нақтылығы ерекше әсер етті. Тәуелсіз мемлекеттер арасында Қазақстан осынша егжей-тегжейлі жоспар ұсынған алғашқы елдердің бірі атанды. VIII Астана экономикалық форумында сөз алған Ресей Жинақ банкінің төрағасы Г. Греф: «Қазақстан әлемдегі ең өршіл бағдарламамен көш бастады», – деп атап өтті.

Менің ойымша, Жоғары геосаяси зерттеулер мен аралас ғылымдар институтының (Италия) президенті Тиберио Грацианидің пікірі де назар аударуға тұрарлық. Біздің «100 нақты қадам» Жоспарын талдай келе, ол: «Мұндай реформалар Қазақстанға ғана қажет емес, бұған сын-қатерге толы ғасырдағы әлемнің барлық мемлекеттері де мұқтаж», – деді. Оның ойынша, жаңғырту теориясында түбегейлі реформалардың жарқын үлгісі пайда болды. «100 қадам» инклюзивті жаңғырту моделі ретінде – жаңғырту үдерістерінің тәжірибесіндегі Қазақстанның ноу-хауы. Т. Грациани XVIII-XXI ғасырлардағы маңызды жобаларды еске салды. Осы ретте, Қазақстан моделінің елдің прогрессивті динамикалық дамуының және XXI ғасырдың тиімді мемлекеттік менеджментінің эталоны болуға нақты мүмкіндігі бар.

Ұлттық комиссия үйлестіріп отыратын реформаның заңнамалық және ұйымдық базасын жасау бойынша жұмыс 2015 жылдың екінші жартысында қызу жүрді. Ол өзгеріп отыратын жаһандық жағдайларды – жаңа мүмкіндіктерді де, әлемдік дамудағы болуы мүмкін тәуекелдерді де ескере отырып жасалды.

Бес институционалдық реформа экономикалық өсудің орташа қарқынын қалпына келтіру, халықты әлеуметтік жағынан берік қорғау мақсатында мемлекеттің жаңа кезеңдегі ауқымды жүйелі әрекеттерінің негізі болды. Бұл – сыртқы күшті қысым жағдайындағы жаһандық экономикалық қиындықтардан зардап шегуші экономика үшін ерекше маңызды болды.

Қазақстанды терең жаңғыртудағы көздеген ойым қоғамда жан-жақты қолдауға ие болды және экономикалық, азаматтық белсенділікті арттырды. Бес реформаның әрқайсысына іс-қимыл «жол картасы» жасалып, біртіндеп жүзеге асты. 2015 жылдың қараша айындағы Жолдауда «100 нақты қадамдағы» өзгерістер ауқымы жөнінен еліміздің 1990-шы жылдары жүргізген реформаларымен салыстырдым.

Бес реформаның әрқайсысына іс-қимылдың «жол картасы» жасалып, кейіннен олардың бәрі де біртіндеп жүзеге асты. 2015 жылдың қараша айындағы Жолдауда «100 нақты қадамдағы» өзгерістер көлемін еліміздің 1990 жылдары жүргізілген реформаларының мөлшерімен салыстырдым.

Бес реформаның алғашқы нәтижелері жыл соңында-ақ байқала бастады. Атқарылған жұмыстар мен жоспарланған шаралар туралы талдауларымды халыққа 2016 жылдың қаңтарындағы «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаламда баяндадым. Бұл кезде мемлекеттің, экономика мен қоғамның онан әрі дамуына қажетті және дамудың әлемдік стандарттарының берік заңды іргетасын қалаған заңдар толық қабылданған болатын. 2016 жылдың басында дамудың әлемдік стандарттарына қол жеткізу үшін қажетті барлық заңдардың қабылданғанын атап көрсеттім. 2016 жыл-

дың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттің, экономика мен қоғамның дамуына түбегейлі жаңа құқықтық орта қалыптастыратын 59 заң күшіне енді. Парламенттің, Үкімет пен Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның өзара үйлесімді іс-қимылы олардың жұмысын ерекше тиімді етті. Мұндай жылдам әрі сапалы заң шығарушылықты Қазақстан бұрын білген жоқ.

Мемлекеттік аппаратты жаңғырту нақты басқару міндеттерін шешумен шектеліп қалмай, бүкіл өзгерістердің барысына да өз әсерін тигізетініне мен сенімді едім.

Бірінші реформа – заманға сай мемлекеттік аппарат құру аясында – 2015 жылдың қазан айында «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заң қабылданды. Алғашқы заң 1995 жылдың желтоқсанынан бастап қолданыста болды. Алайда, жиырма жылдың ішінде болған өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесін қайта құруды міндеттеді. 2015 жылғы қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң бұл үдеріспен тығыз байланыста болды.

Екінші реформаны – заңның үстемдік құруын, құқық тәртібін және заңдылық аясын жүзеге асыру барысында әділсот төрелігі жүйесі жетілдірілді, жаңа Азаматтық іс-жүргізу кодексі және «Жоғары сот кеңесі туралы» заң қабылданды.

Үшінші реформа – индустриаландыру және экономикалық өсім аясында – экономикадағы бюрократиялық келеңсіздіктерді болдырмаудың жаңа шарттары жасалды және Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру басталды. 2015 жылы желтоқсан айында «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» конституциялық заң қабылданды.

Төртінші реформа – бірегейлік пен тұтастық аясында – азаматтық сана-сезімді нығайту бойынша жұмыс өз жалғасын тапты. ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, бірегейлік нақты жағымды факторларға – меритократияға, заңның үстемдік етуіне, экономикалық өсімге, мемлекеттің ашықтығына сүйенеді.

356 Бесінші реформа – ашық сипатты және есеп беретін мемлекетті қалыптастыру аясында – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы құрылды, мемлекеттік органдар қызметіне баға берудің жаңа жүйесі енгізіле бастады, «Қоғамдық кеңестер туралы» заң қабылданды.

Құрылымдық реформаларға Қазақстан мен ЭЫДҰ арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі елдік бағдарлама қолдау білдірді. Дүниежүзілік банкпен, Азия даму банкімен, Ислам даму банкімен, Еуропа қайта құру және даму банкімен, Еуропа инвестициялық банкімен бірлескен жобалар да осындай мақсаттарға қызмет етеді.

2016 жылғы Парламент сайлауы. Реформалар парламенті

2015 жылдың сәуір айындағы Президент сайлауы өзгерістерге кең жол ашты. 2016 жылдың соңында бесжылдық өкілеттілік мерзімі бітетін Парламентке де халық тарапынан жаңа сенімділік мандаты аса қажет болды.

Елде жүріп жатқан ауқымды өзгерістер Парламент жұмысының күн тәртібін мүлде ауыстырып жіберді. Мемлекеттің дамудың жаңа кезеңінде Парламент жаңғыртудың мүлтіксіз құқықтық базасын қамтамасыз етуге, дағдарысқа қарсы экономикалық саясаттың маңызды міндеттерін жедел шешуге және алдағы жылдардағы институционалды дамудың жолын нақтылап беретін стратегиялық заңдарды дер кезінде қабылдауға тиіс болды.

Депутаттық өкілеттіліктердің мерзімі аяқталатын 2016 жылдың соңын күту қисынсыз еді: Парламент сайлауын уақыт оздырмай, мәслихаттардың сайлауымен бірге өткізу – уақыт талабы болатын. Ұлт жоспары бойынша орталықта да, жергілікті жерлерде де осы жылды тиімді әрі толық көлемде пайдалану үшін депутаттарды сайлау бір мезгілде әрі неғұрлым тез өткізілуі қажет болды. Оған үлкен себеп те бар: жаппай дағдарыс жалғасып жатты, шиеленісті сыртқы жағдай мен қолайсыз экономикалық конъюнктура ішкі және сыртқы саяси үдерістерді ушықтыра берді.

2015 жылы өнімді жұмыс істеген мәжіліс Бес институционалды реформаның мықты заңнамалық базасын қалыптастырды. Сол арқылы өздерінің ең басты миссиясын орындап шықты. Мәжіліс депутаттарының 2016 жылы 13 қаңтарда кезектен тыс Парламент сайлауын өткізу туралы ұсыныс жасауы мемлекеттік мақсат-мүдденің олардың жеке басының мүддесінен гөрі маңызды екенін тағы да бір рет дәлелдегендей.

Қажетті саяси және құқықтық ақыл-кеңестер алғаннан кейін сол жылдың 20 қаңтарында бесінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлыққа қол қойдым. Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2016 жылғы 20 наурызға белгіленді.

«Нұр Отан» партиясының жоғары қоғамдық беделі оның сөзсіз жеңісін болжауға мүмкіндік берді, дауыс берушілердің 82,2 проценті бұл болжамның дұрыстығын растап шықты. Мәслихаттар сайлауы да осындай нәтижемен аяқталды. Сондай-ақ, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы (7,18 процент) және Қазақстанның Коммунистік халық партиясы (7,14 процент) да Мәжіліс өкілдігіне ие болды. «Бірлік», Жалпыұлттық социал-демократиялық партия және «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы – Парламентке кіру үшін талап етілген 7 проценттік кедергіден өте алмады.

Сайлау қорытындысы бойынша депутаттық мандаттар былайша бөлінді: «Нұр Отан» – 84, «Ақ жол» және ҚКХП – 7 орыннан; тағы 9 депутат Парламентке Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланды. Мәжіліс спикері болып Б. Ізмұхамбетов сайланды.

2016 жылғы Парламент сайлауы – демократиялық құндылықтарды құрметтейтін Қазақстан халқы қаншалықты біртұтас екенін дәлелдеді. Мұны мәжіліс сайлаулары үшін рекордтық көрсеткіш болған сайлаушылардың қатысуы да көрсетті (77 процент). Бұл сайлаулар – реформаторлық бағытқа қолдау көрсетудің іс жүзіндегі бүкілхалықтық қолдауы еді. Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен орайласа келген сайлау көктемгі жаңару мерекесі – Наурыз мейрамы қарсаңында өтуі де ерекше көңіл күй сыйлағаны анық.

Ұлт жоспарын жүйелі орындау

2016 жылы 24 наурызда өткен «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің бюро мәжілісінде сөз сөйлеп, жаңа шақырылымның депутаттарын – партиядағы серіктестерімді өздеріне көрсетілген сенімді ақтауға шақырдым, Ұлт жоспарын жүзеге асыру үшін олар ерекше жауапкершілік арқалайтындарын да еске салдым.

Келесі күні алтыншы шақырылған Парламенттің бірінші сессиясы ашылды. Онда депутаттар бір жылға жетпейтін уақыт аралығында бес институционалдық реформа шеңберінде қандай жұмыстар атқарылғанын талқылады.

Сессияда мен 2016 жылдың қаңтарынан бастап, Қазақстан 59 заңмен және 400-ден аса заңға тәуелді актілермен қамтамасыз етілген жаңа құқықтық және институционалдық ортада өмір сүруде екенін атап өттім. Кешегі күні тек жоспар болғандар бүгін шындыққа айналды – халық қалаулыларына қарата айтқан сөзім осы болды.

Мемлекеттік аппараттың реформасы оны жаңа жағдайда жұмыс істеуге алып келді және өзекті мәселелерді шешуге дайындады. Мемлекеттік қызметтің мансаптық моделі мен кадрларды іріктеудің үш сатылы жүйесі сапалы өзгерістердің тетігіне айналды, бұлар жаңа аппараттық шешімдер форматында көрініс тапты, ал мемлекеттік қызметшілерді ұдайы аттестаттаудан өткізіп отыру олардың тиімділігін бақылады.

Сот және құқық тәртібі жүйесі ЭЫДҰ стандарттарына сәйкестендірілді және бұл оның құрылымына өзгерістер әкелді: жергілікті полиция қызметі, сондай-ақ жаңа инстанция – сот шешімдеріне шағым түсіру үшін Сот қазылары пайда болды.

Экономика және еңбек қатынастары саласындағы заңнама отандық бизнеске қолайлы жағдай тудырды. «Бизнесті жеңіл жүргізу» рейтингінде Қазақстан 189 елдің арасында 41-орынды, ал еңбек нарығының тиімділігі бойынша 140 елдің ішінде 18-орынды иеленді. Инвестициялық белсенділік артты, шетелдік инвесторларға «даңғыл жол» ашылды.

Қазақстандық бірегейліктің беки түсуі де маңызды болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы алғаш рет азаматтық өкілдіктің қоғамдық қызметі, жаңа әлеуметтік лифт және қайырымдылық қоғамдастығы ретінде жұмыс істей бастады. ҚХА-да әлеуметтік-тұрмыстық негіздегі дау-жанжалдардың алдын алуы үшін медиацияның инклюзивті жүйесі құрылды.

Шаралардың арнайы кешені мемлекеттік институттардың ашықтығын арттыра түсті, қатаң есеп беру қағидаттарын енгізді. Бүкілхалықтық бақылаушы органдар ретінде қоғамдық кеңестер құрылды, мемлекеттік құрылымдар жетекшілерінің, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының атқарылған жұмыс туралы жыл сайынғы есеп беруі міндеттелді. Елді мекендердегі заңды тұлғалардан жерге және көлік құралдарына салық жинау қызметі жергілікті өзін-өзі басқару деңгейінде берілді. «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы «бір терезе» қағидаты бойынша ХҚО базасында жұмысқа кірісуге дайындала бастады.

Осы оң өзгерістер Ұлт жоспары қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуға, жаңа жаһандық ахуалда Қазақстан экономикасын дамытуға жұмыс істеуде, бұл бізді жүзжылдықтағы басты мақсатымызға – отыз көшбасшы елдің қатарынан табылуға жақындатады, біздің қоғамымызды күшті, лайықты және сенімді етеді деп 2016 жылдың наурызында қорытынды жасауыма негіз болды.

Бес реформаның әрқайсысын жүзеге асыру менің жеке бақылауымда болады. 2017 жылдың 25 тамызында Жаңғыру бойынша ұлттық комиссияның қызметіне байланысты жиналыс өтті, онда мен Ұлт жоспарының аса маңызды аспектілеріне назар аудардым және биліктің барлық тармақтары алдына нақты тапсырмалар қойдым.

3. КӨЗ АЛДЫМЫЗДАҒЫ ҰЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮШІНШІ ЖАҢҒЫРУЫ

Саясат, экономика және сана ұштағаны

Әлемдік үдерістердің динамикасы ХХІ ғасырдың екінші онжылдығында айтарлықтай күшейді. Халықаралық экономикада бұрынғыдан табиғаты мүлде басқа жүйелік өзгерістер енгізіле бастады. Бұл жерде әңгіме – тек қана әлемдік дағдарыс туралы емес, жаңа ахуалдың қалыптасқаны жөнінде. Жаһандық технологиялық трансформация адамзаттың бүкіл өмір салтын, әлемдік тәртіп негіздерін және қалыптасқан халықаралық қатынастар жүйесін өзгеріске ұшыратты.

Осының бәрі – әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына ену үшін Қазақстанға белгісіз болашақтың тұманын және үнемі пайда болатын тосын қатерлер мен проблемалардың дүлей толқындарын көктей өту керек екенін білдіреді. Олар – жаһандық климаттың өзгеруі, терроризм, экстремизм, аласапыран көші-қон, мультимәдени ілгерілеулер, әлемдік экономиканың тұрақсыздығы, жаһандық теңсіздік, әлеуметтік және заттық антагонизмдер, еңбек өнімділігінің төмендеуі, ұлтшылдық пен ксенофобияның өсуі, геосаяси дағдарыс және сонымен байланысты сауда соғыстары, саяси популизм. Осыған орай, әлемдегі бұрынғы ара салмағын жоғалтқан өзекті проблемалар үнемі құбылып отырады. Мұндай тұрақсыздық қауіпті және жаңа жаһандық ахуалға бейімделуге мүмкіндік беретін жаңғырудың жаңа толқынын талап етеді.

2017 жылдың басынан бастап біздің мемлекетіміз бен қоғамды жаңартудың үш бағытын іске қостым. Бұл – конституциялық – және кеңірек алғанда – саяси реформа; экономиканы жаңғырту; қоғамдық сананы жаңарту. Түп мәнінде, бұл қатар жүретін бұл үш үдеріс Қазақстанда үшінші жаңғырудың басталғанын білдіреді.

Осы кітаптың алдыңғы тарауларынан байқағандарыңыздай, тәуелсіздіктің бар болғаны екі онжылдығында Қазақстан екі ауқымды жаңғырудан өтті. 1990-шы жылдары жүргізілген біріншісі жаңғыру әкімшіл-әміршіл экономикадан либерал нарықтық экономикаға өтуге байланысты болды. Екінші жаңғыру барысында бар болғаны 15 жылда біз кедей елдердің қата-

рынан ұмтылып шығып, орташа дамыған елдердің тобына қосылдық және әлемдегі ең бәсекеге қабілетті елу мемлекеттің ішіне ендік.

Үшінші жаңғыру еліміздің алдына тағы бір үлкен мақсат қояды – Қазақстанның жаңа жаһандық ахуалда бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, ХХІ ғасырдың ортасында әлемдегі ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылуға жағдай туғызатын экономикалық өсудің жаңа моделін құру.

Белгіленген саяси реформаның мақсаты – мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және мемлекеттің халық алдында есеп беруін қамтамасыз ету, Президент пен биліктің заң шығарушы тармағының арасында өкілеттіктерді қайта бөлу, мемлекеттік шешімдерді дайындау мен қабылдау үдерісіндегі азаматтық қоғамның ролін күшейту. Қабылданған қажетті заңдар мен заңнамалық өзгертулер қоғамды одан әрі демократияландыруға қызмет етеді.

Мен ұсынған экономикалық қайта өзгертулер – өнеркәсіптің базалық салаларын технологиялық қайта жабдықтауды жеделдетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, бизнес шығындарын азайтуға және батыл, қайта реттеуге, экономиканың жаңа секторларын құруға бағытталған. Жаппай кәсіпкерлікті кеңінен дамыту, соның ішінде әлеуметтік салада, тиімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Осыншама кең көлемді міндеттерді шешу үшін, ең алдымен, өз санаңды өзгерту керек – тап осы себепті мен саяси және экономикалық реформалардың өзегі ретінде қоғамдық сананың жаңғыруына басымдық бердім. Жаһандық сын-қатерлер жағдайында өз мәдениетіңнің берік іргетасына сүйене отырып, жаңа құндылықтарды қабылдау үшін қоғамдық сананың ашықтығы қажет. Ең үздік дәстүрлерімізді нарықтық қағидаттармен, алдыңғы қатарлы технологиялармен біріктіру – міне, Қазақстан халқы үшін ХХІ ғасырдағы ең басты міндет осы.

Осылайша, Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясындағы реформалар саяси институттарды әрі қарай дамытуға, Қазақстанның мемлекеттігін нығайтуға, оның мығымдығын арттыруға, ұзақ мерзімді перспективада әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге қабілетті экономикадағы құрылымдық реформаларға бағытталған.

Саяси жүйені реформалау жолында. Халыққа үндеу

Мемлекеттік билікті жаңғыртуды бірнеше жылдар бойы ой таразысынан өткіздім. «Сірескен» саяси жүйенің тиімсіздігі, ол даму үстінде болуы керек-

тігі, неғұрлым тұрақты әрі икемді болуы тиіс екені маған айдан анық еді. Сондықтан да, Бес институционалдық реформа бағдарламасында билік өкілеттіліктерін Президенттен Парламент пен Үкіметке қайта таратуға алдын ала ниетті конституциялық реформа бес бағыт бойынша жүргізіліп, жағымды нәтижелерге қол жеткізуі тиіс деген түйін атап өтілді. Бұл ретте менің «Біздің дәстүрлерімізді ескере отырып» деген сөзім аса маңызды. Бұл – «алдымен экономика – содан кейін саясат» деген негізгі қағидатты мұқият сақтай отырып, саяси сабырсыздыққа ұрынбауды, мезгілінен бұрын оқиғадан озбауды, асықпауды білдіреді.

Өзімнің саяси перспективалар жайлы түсінігіммен 2016 жылғы парламент сайлауы күні сайлау учаскесінде бөлістім. Әлемде буырқанған үдерістер жүріп жатыр, біз соған лайық болуға тиіспіз. Саяси жүйенің кез келген өзгерісі тікелей Конституциямен байланысты екені маған аян.

Кейінірек, 2016 жылы 15 желтоқсанда, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай өткен салтанатты жиында мен: «Мемлекет дамуының жаңа кезеңі – елдегі болып жатқан жағдайға Парламент пен Үкіметтің жауапкершілігін күшейту мәселесін нақты түрде күн тәртібіне қойып отыр», – деп атап өттім. Сондықтан да, мемлекеттік биліктің тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мәселесін қарастыру туындады.

2017 жылғы 11 қаңтарда менің өкіміммен билік тармақтары арасындағы өкілеттілікті қайта бөлу мәселесі бойынша жұмыс тобы құрылды. Бұл – Қазақстанда жуық арада конституциялық реформа болғалы тұрғанынан хабар бергендей еді. Бұл ретте, әлемде мемлекеттік құрылымның әмбебап моделі жоқ екені мен үшін жаңалық емес еді. Демек, Қазақстан өз тәжірибесі мен қажеттілігіне сүйене отырып, жаңғырудың оңтайлы форматын табуға тиіс.

2017 жылдың 25 қаңтарында республикалық телеарнадан өзімнің арнайы үндеуімді жария еттім. Күшті президенттік вертикаль бізге мемлекет қалыптастырудағы орасан қиындықтарды еңсеру барысында қажет болғанын түсіндірдім. Енді Үкімет пен Парламенттің рөлін күшейте отырып, көптеген жылдарға көзделген саяси жүйе тұрақтылығының қорын жасау қажет. Ұсынылып отырған реформаның мәні – билік өкілеттіктерін Президенттен Парламент пен Үкіметке қайта бөлуде, тұтастай саяси жүйені демократияландыруда жатыр.

Біріншіден, президенттің әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттеу жөніндегі заңмен бекітілген қырыққа жуық өкілеттігін үкімет пен басқа да атқарушы органдарға беру керек.

Екіншіден, бұдан да күрделірек міндет бар, ол – билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастарды конституциялық деңгейде теңгеру. Бұл жер-

де Парламенттің Үкімет жасақтаудағы рөлін күшейту, Министрлер Кабинетінің депутаттар корпусы алдындағы жауапкершілігін арттыру, сонымен бірге, Үкіметтің өкілеттілігін кеңейту қажет.

Президенттік өкілеттіліктердің басым бөлігін беруге саналы түрде бардым, мұндағы жалғыз ғана мақсат – елді басқарудың неғұрлым тиімді, орнықты, заманауи жүйесін құру.

Жаңа жағдайда жауапкершілікті өз мойнымнан алып тастамай, жоғары мемлекеттік биліктің басында қалуым принципті түрде аса маңызды. Президенттің құзырында Конституцияны қорғау, билік тармақтары арасындағы қарым-қатынас, ішкі және сыртқы саясат, қорғаныс пен қауіпсіздік аясындағы стратегиялық функциялар сақталды.

Саяси жаңғырудың жалпыұлттық маңыздылығы ескеріле отырып, конституциялық реформалардың жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Арнайы Жолдаудан соң келесі күні, 26 қаңтарда «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрді.

Конституциялық реформа: мемлекеттік билікті жаңғырту

Конституциялық түзетулерді талқылауға 2 миллионға жуық адам қатысты. Бірқатар баптар өте қызу пікірталас туғызды. Жұмыс тобына Конституция баптарының үштен екісіне 6 мың ұсыныс келіп түсті.

2017 жылы 3 наурызда Парламент палаталарының бірлескен отырысына қатысып, конституциялық түзетулерді талқылау нәтижелерін баяндадым: халық өз сөзін айтты, осылайша мемлекеттік билікті жаңғыртуға қолдау білдірді.

2007 жылғы реформамен салыстырғанда бұл – саяси жаңғырудың барынша күрделі кезеңі. Біріншіден, жаңа заң Парламенттің мемлекеттік істердегі және Үкіметті жасақтаудағы рөлін барынша күшейтті. Екіншіден, Парламентке экономиканы басқару өкілеттілігі берілген соң, оның дербестігі артты. Үшіншіден, құқық қорғау және сот жүйесінің конституциялық негізі жаңғыртылды. Төртіншіден, конституциялық бақылау жүйесі нығайды. Бесіншіден, басқару формасының тәуелсіздігіне, біртұтастығына, аймақтық тұтастығына конституциялық кепілдік берілді.

Жаңа Конституцияда алғаш рет Парламенттің «заң шығарушы билікті» (49 бап) жүзеге асыратыны тұжырымдалды. Осылайша, президенттің құзырынан заңдар, заң күші бар жарлықтар шығару алынып тасталды,

Үкімет пен Премьер-министрдің актілерінің күшін жою және тоқтату құқығы жойылды.

Конституциялық реформаның бүкілхалықтық талқылауы кезінде-ақ қоғамда Президенттің бірқатар өкілеттіктерінің Парламент пен Үкіметке берілуі президенттік биліктің әлсіреуіне әкеп соқпай ма деген қауіп болды. Дағдарыстан шығуды, елдің сенімді түрде дамуын президенттік билікпен байланыстыратын халық арасында түрлі пікірлер айтыла бастады. Бұл көңіл күйді біле отырып: «Мазасызданудың еш негізі жоқ, басқарудың президенттік формасы сақталады», – деп сендіруді жөн көрдім.

Конституциядағы өзгерістер тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан және өзін толығымен ақтаған күшті мемлекеттік вертикальды әлсіреткен жоқ. Билік тармақтары дербестігінің артуы, жауапкершілік пен кесіп-пішілген теңгерім мемлекеттік вертикальдың «діңін» одан әрі бекіте түсті. Сонымен қатар, Парламент өкілеттілігінің кеңеюі – саяси партиялардың жаңа мүмкіндігін молайта түсті.

2017 жылдың 6 наурызында Парламент Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабының 26 түзетуін қабылдады, ал 10 наурызда «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойдым. Жаңа өзгерістердің арқасында саяси жүйе демократияландырудың биік белестеріне көтеріледі. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының негізгі іргетасы – басқарудың президенттік формасы болып қала береді. Билік барынша теңгерімді, икемді және тиімді бола түседі.

Халықаралық құрылымдар, соның ішінде, Еуропа кеңесінің Венеция комиссиясы Қазақстандағы конституциялық реформаны жоғары бағалап, мемлекеттің либералдану үдерісіндегі және елдің саяси дамуындағы маңызды қадам деп атады.

Осының бәрі 2017 жылдың қаңтар-наурыз айларында саяси жаңғырудың қазақстандық моделінің жүзеге асқанын, сөйтіп менің 2017 жылғы қаңтардағы Жолдауымда белгіленген экономикалық және технологиялық жаңғырулардың одан әрі дамуына қажетті шарттар жасалғанын білдіреді.

Жаһандық технологиялық өзгерістер

2014–2016 жылдардағы әлемдік шикізат нарығындағы бағаның құлдырауы, жалпы жаһандық тұрақсыздықтың өсуі және жаңа экономикалық ахуалға көшу – осының бәрі әлемнің жылдам өзгеріп жатқанының және бұның үдемелі сипатта екенінің белгісі еді.

Осы сын-қатерлерді ескере отырып, 2017 жылдың 31 қаңтарында халыққа жасаған Жолдауымда әлемде болып жатқан күрделі құрылымдық және технологиялық өзгерістер біздің еліміз үшін өнімділікті арттыру жолында кедергі келтіріп, әжептәуір шығынға да ұшыратуы мүмкін екенін ерекше атап өттім. Ақыр аяғында, Қазақстан экономикасының бәсекелестік қабілетін әлсіретуі мүмкін екенін де баса ескерттім.

Әлем Төртінші өнеркәсіптік революцияны да бастан кешуде. Компьютерлік технологиялардың барлық жерде таралуы, автоматтандыру мен роботтандыру, жасанды ақыл-ойдың дамуы – тұтастай салалардың жойылып кетуіне және олардың мүлдем жаңа түрлерінің жасалуына алып келуі мүмкін. Жаңа технологиялық революцияның негізі – экономиканы сандық жүйеге көшіру, зауыттық үдерістерге «киберфизикалық жүйені» енгізу және жаһандық өнеркәсіптік желілердің дамуы. Германия, Қытай, АҚШ, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдер әлден-ақ жаңа интернет-инфрақұрылымдарға және жаһандық технологиялық стандарттарға ірі қаржы көздерін құя бастады. Жаңа қаржы-технологиялық платформалар (Bitcoin криптовалютасы, Blockchain технологиясы) пайда болды, бұлар қаржы әлемін тұтастай өзгертуге талпынуда.

Барлық осы инновациялық үдерістер әлемдік экономикада тың мүмкіндіктерге жол ашуда, алайда сонымен бірге жаңа, біз үшін тосын қиындықтар да туғызуда. Жаңа технологиялық ахуал кезіндегі экономиканың өсуі жұмыспен қамтуды қысқарту арқылы жүргізіледі. Ірі аймақтарды қамтитын геоэкономикалық бәсекелестік күшейеді, көлемді интеграциялық және инфрақұрылымдық жобаларға кедергі келтіреді. Жаһандық және ұлттық өнеркәсіптік киберқауіпсіздік мәселесі күрделенеді.

Бұл – уақытша дағдарыс емес, жаңа жаһандық ахуалды қалыптастыратын жаңа трендтер екенін бағамдаудың мәні зор.

Дамыған елдер төртінші өнеркәсіптік революцияға көшіп жатқан жағдайда Қазақстанның кенжелеп қалуы – біздің еліміздің әлемдік экономикаға дендей енуін тежеп, отандық өнімнің тұтыну нарығын жоғалтуға әкеліп соғуы мүмкін. Жаңа ахуал Қазақстанға тосын оқиға болмас үшін мен жаһандық трендтерді сараптан өткізуді тапсырдым. Осылайша, біздің ел төртінші өнеркәсіп революциясына назар аударып қана қоймай, өзгеріске ұшырап жатқан әлемге бейімделу стратегиясын да жасады.

Жаһандық өзгерістердің жүріп жатқанынан хабардар бола отырып, мен әлемге жаңа экономикалық модель қажет екенін түсіндім. Сол себепті, 2017 жылдың маусым айында өткен X Астана экономикалық форумында мен осы мәселені көтердім.

Біріншіден, бүгінгі таңда халықаралық күн тәртібіне елдердің байлығын өлшейтін және олардың азаматтарының әл-ауқатын таразылайтын көрсеткіштер есебінің жаңа тәсілдері туралы мәселені қою керек. Біз жиі қолданатын көрсеткіш – ішкі жалпы өнім көрсеткішінің бірқатар кемшіліктері бар. ІЖӨ экономикалық қызметтің ұзақ мерзімді сипатын көрсете алмайды. Ол қоршаған ортадағы, соның ішінде табиғи ресурстардың тозуынан туындайтын шығындарды көрсетпейді. Бұдан өзге, ол қандай да бір елдің өмір сапасының деңгейін де айқындай алмайды. Әрбір адамға шаққандағы ІЖӨ азаматтардың нақты тұрмыс деңгейін анықтамайды, олардың табыстары бойынша бір-бірінен алшақтығын көрсетпейді. Дәстүрлі ІЖӨ экономикалық гүлденудің жалған түсінігін қалыптастырады.

Менің ойымша, «жасыл ІЖӨ» негізінде әлемдік қоғамдастық Адами даму индексі, ЭЫДҰ-ның үздік өмірі сияқты көрсеткіштерді қолдануда ІЖӨ есебінің жаңартылған тәсілін қабылдай алады. Ол елдің теңгерімді дамуындағы қажеттілікті дұрыс көрсетуі тиіс.

Екіншіден, әлемдік қаржы архитектурасын трансформациялау қажеттігі пісіп-жетілді. Халықаралық есеп-төлем бірлігін енгізу мәселесін қарастырудың мезгілі жетті. Ол әлемді валюталық соғыстар мен алыпсатарлықтан құтқаруға мүмкіндік береді, сауда қатынастарындағы кемшіліктерді болдырмай, нарықтағы баға мөлшерінің құбылуын төмендетеді.

Валюта тұтынушылардың билігіндегі эмиссияның қарапайым және ашық тетігіне ие болуы тиіс. Цифрландыру мен блокчейн сияқты технологиялардың дамуын ескере отырып, жаңа есептік бірлік криптовалюта түрінде құрылуы мүмкін. Оның негізі абстрактілі сенім емес, нақты активтермен қамсыздандырылуы маңызды. Бұл валюта да демократиялы сипатта, яғни бүкіл әлем тұтынушыларының қолданысында болуы тиіс. Сондықтан да біздер G-Global-ды ұсындық, тек қана G-20 емес, мемлекеттердің басым көпшілігі осы маңызды жобаға қатыса алатындай жағдай қажет. Жаһандық валютаны ендіру орталық банктер пулдарын, мәселен, арнайы құрылған БҰҰ комитетінде құру жолы арқылы мүмкін бола алады. Оның эмиссиясында барлық елдердің теңқұқықты және әділ өкілдіктері болуы тиіс. Мен жаһандық өлшемдегі жаңа экономикалық модельдің перспективасын тап осылайша көремін.

Экономикалық жаңғыру стратегиясы: 2017 жылғы Жолдау

2017 жылдың қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауымда ел экономикасының жаңа

технологиялық формасына көшуді көздеген 2025 стратегиялық жоспарының көкжиегі анықталды. Тек осылайша, Қазақстанның жан-жақты экономикалық жаңғыруы арқылы ғана жаңа ахуалда «Қазақстан-2050» және «100 нақты қадам» Ұлт жоспары стратегияларының мақсаттарына апаратын сенімді көпір салынатын болады.

Экономиканың әлемдік орташа дамудан асып түсетін өсу қарқынын қамтамасыз етуге, жоғары бәсекелестік пен әлемнің озық 30 елінің қатарына орнықты жылжуды қамтамасыз етуге тиіс бес басымдық айқындалды.

Біріншіден, цифрлы индустрианың пайда болуын және дәстүрлі салалардың жаңа технологиямен жарақтануын көздейтін экономиканы технологиялық тұрғыдан жеделдете жаңғырту. Үкіметке «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жасау, сондай-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен кәсіпкерлер мен инвесторларды тарту үшін ЭКСПО-2017 нысандарының базасында IT-стартаптар халықаралық технопаркін жасау тапсырылды. Бұдан басқа, бір саланың еңбек ресурсы ағынын өзге аймақтарға бағыттауды қамтамасыз ету қажет.

Екіншіден, бизнес-ортаны түбірімен жақсарту және кеңейту. Үкіметке осы саланы барынша реттеудің жүйелік шараларын жасау тапсырылды. Экономикадағы мемлекеттің үлесін ЭЫДҰ елдерінің орташа деңгейіне (15%) жеткізу көзделген.

Үшіншіден, макроэкономикалық тұрақтылық. Инфляцияны 3-4%-ке дейін төмендету және оны осы деңгейде ұстап тұру, қолжетімді несиелендіруді қамтамасыз ету, квазимемлекеттік сектордың қарыздарына бақылау жасау міндеті қойылды.

Төртіншіден, білім беру мен денсаулық сақтауды жаңғырту, әлеуметтік қамсыздандыруды көтеру арқылы адам капиталын дамыту.

Бесіншіден, институционалдық өзгерістер, ұлттық қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес. Үздік шетелдік тәжірибені белсенді түрде енгізу көзделген. Меншік құқығын тиімдірек қорғау мақсатында заңнамаларға тексеру жүргізу белгіленді. Эсктремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары қарқынды жүретін болады. Үкімет пен ҰҚК-не «Қазақстанның киберқалқаны» жүйесін жасау тапсырылды. Сыбайлас жемқорлықтың себептерін түп-тамырымен жою жұмыстарын күшейту үшін Үкімет бірыңғай мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізеді. Сыбайлас жемқорлыққа деген жаппай жеккөрініш қоғамдық ықпалдың күшті құралына айналуы тиіс.

Екі аптадан соң, 15 ақпанда Жолдауды жүзеге асырудың Жалпыұлттық жоспары бекітілді, мұнда барлық іс-қимыл қадамдары нақтыланды. Жаңғыру ісіндегі ерекше маңызды міндеттер 2016 жылы қыркүйек айында Б. Сағынтаев тізгінін ұстаған Үкіметке тапсырылды.

2017 жылғы Жолдаудың экономикалық-технологиялық жаңғырудың жаңа кезеңіне серпін беруі, сөйтіп, саяси реформамен бірге жаңа жаһандық ахуалдағы мемлекеттік құрылымның одан әрі даму стратегиясын айқындауы – мен үшін аса маңызды. Сонымен бірге, үшінші сала да күн тәртібінен орын алды, осы жаңартусыз бұл стратегия толыққанды болмаған болар еді.

Қоғамдық сананы жаңғырту. «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы

Конституциялық реформа мен Жолдаудан соң іле-шала қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері қойылды. «Рухани жаңғыру» деген әдемі атау иеленген бағдарлама менің көкейімде ұзақ жүріп, әбден пісіп-жетілген еді. Өз ойларымды 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты көлемді мақаламда ортаға салдым. Ондағы негізгі ой – бастау алған саяси және экономикалық жаңғырулар оза жүретін қоғамдық сананың жаңғыруымен қоса-қабат жүруі тиіс, бұл оларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналуы керек.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – өз мәдениетінді, өзіңнің ұлттық кодыңды сақтау. Сондықтан да жаңа жаңғыру – бұл тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Сонымен бірге, рухани жаңғыру – ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

Мен үшін рухани жаңғырудың тұтастай түсінігін қалыптастыру ерекше маңызды болды. Бағдарлама екі – тұжырымдамалық және тәжірибелік компоненттерден тұрады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының бірінші тұжырымдамалық «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» тарауында қоғамды тұтастай алғандағы жаңғырудың әрі әрбір қазақстандықтың жаңғыруындағы алты бағыт талданған.

368

Бірінші – бәсекелік қабілет. Бәсекелік қабілетке ие болу үшін, қазақстандықтардың бойында XXI ғасырға аса қажет қасиеттер болуы керек. Бұл, алдымен, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық.

Екінші – прагматизм. Бұл – нақты әрі шынайы мақсаттарды көздеу, ысырапшылыққа жол бермей өмір сүре білу, білімді алдыңғы қатарға қою, саламатты өмір сүру және кәсіби табыстарға жету. Бұл – жүзеге аспайтын шалағай жоба идеологиясына, популизм мен көзбояушы ысырапшылдыққа қарама-қарсы сенімді құрал.

Үшінші – ұлттық бірегейлік. Сананың жаңғыруы ұлттық рухты сақтауды және нығайтуды көздейді. Алайда алға жылжу үшін мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу керек.

Төртінші – білімнің салтанат құруы. Білім – табыстың іргелі факторы, нөмір бірінші ұлттық басымдық. Жаңа технологиялық революция жағдайға тез бейімделетін және мамандығын икемді түрде өзгерте алатын аса білімді адамдарды қажет етеді.

Бесінші – революциялық емес, эволюциялық даму. XX ғасыр тарихы дәлелдегендей, «тек эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік береді». Сондай-ақ эволюциялық даму – жеке тұлғаның да дербес бағдарына айналуы тиіс.

Алтыншы – сананың ашықтығы, яғни әлемде болып жатқан оқиғалардан хабардар болу; жаңа технологиялық жөн-жосық ұсынатын өзгерістерге дайын болу; өзгелерден оқып-білуге, озық тәжірибені үйренуге қабілетті болу. Сананың ашықтығының маңызды тетігі мен шарты – жаппай ағылшын тілін білу.

Мен өзімнің мақаламда күшті де жауапты адамдардың біртұтас ұлт болып ұйысуы үшін болашаққа бірге қадам басуды, қоғамдық сананы өзгертуді ұсындым. Бұл – менің халыққа тікелей қарата айтқан сөзім, әрине, бірінші кезекте жастар тұр.

«Рухани жаңғыру»: таяу жылдардағы міндеттер

Бағдарламаның «Рухани жаңғыру: таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші тарауында бүкіл қоғамдық сананың маңызды саласын қамтитын бірқатар ауқымды істердің жобалары туралы бастама көтерілді.

Біріншіден, қазақ тілін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру. Бұл – терең логикасы бар және технологиялық, коммуникативтік ортаның ерекшеліктерімен, XXI ғасырдағы ғылыми-ағартушылық үдерістермен өзара байланысты міндет.

Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Бұл – студенттер дайындаудың деңгейін сапалы түрде арттырады, оларды сананы жаңғыртудың бастамашыларына айналдырады.

Үшіншіден, тыңғылықты өлкетану жұмыстарын жүргізуді, аймақтар тарихын зерттеуді, жергілікті мәдени-тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруді, туған өлкеге қолдау көрсетудің түрлі формаларын қамтитын «Туған жер» бағдарламасы.

Төртіншіден, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы ұлттық бірегейліктің мызғымас негізін құрайтын киелі мекендерді халық жадына сенімді түрде орнықтыруды көздейді және жат идеологиялық ықпалдан қорғаудың қалқанын жасайды.

Бесіншіден, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы отандық мәдениетті БҰҰ тілдерінде сөйлетуді көздейді, бұл – аса маңызды, өйткені заманауи әлемдегі бәсекелестік – бұл мәдениеттердің де бәсекелестігі.

Алтыншыдан, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен замандастарымыздың нақтылы тарихын баяндайтын жоба. Бұл – еліктеуге тұрарлық үлгілер, өмірге деген айқын да шынайы көзқарастың мысалдары. Қазақстандықтар біздің ұлтымыздың алтын қорын кімдердің құрайтынын білуі тиіс.

2050 жылдың көкжиегіне көз салсақ, рухани жаңғыру қазақстандықтардың жаңа ұрпағын қалыптастыратын болады. «Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаламды мен барша қазақстандықтар, әсіресе жас ұрпақ жаңғыру құндылықтарын терең түсінуі маңызды деп аяқтадым. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – бұл біздің дамуымыздың ең өзекті қағидаты. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы – қазақстандық жаңғырудың бүкіл стратегиясына тұтастық пен жүйелілік сипат береді.

Жаңа бағдарламаны жүзеге асыру дереу басталды. 2017 жылдың 19 сәуір күні, мақала жарыққа шыққан соң бес күннен кейін Президент жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту ұлттық комиссиясы (Президент Әкімшілігінің жетекшісі Ә. Жақсыбековтің төрағалығымен) құрылды. Оның құрамына қоғам қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар, мемлекеттік билік өкілдері кірді.

Бәсекеге қабілетті және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуде ағартушылық жобалар алдынан үлкен мүмкіндіктер ашатын Қазақстан халқы Ассамблеясына негізгі орын беріледі. Ассамблеяның 2017 жылғы 26 сәуірде өткен XXV сессиясында мен бизнес, шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдерін «Туған жер» өлкетану жобасына қатысуға және өздерінің күш-қайратын ауылдар мен селолардағы жерлестерін қолдауға жұмсауға шақырдым. Сондай-ақ мен: «Заманауи талаптарға жауап беретін қоғамдық сананы қалыптастыру үдерісінде барлығы – мемлекет пен азаматтық қоғам, білім және әлеуметтік сала, жекеменшік бизнес және бұқаралық медиа түгел қамтылуы керек», – деп атап көрсеттім.

Үнемі өсіп отырған жаһандық сын-қатерлер мен тұрақтылыққа төнген қауіп-қатерлерді ескерте келе, мен еліміздегі бейбітшілік пен келісімді сақтап қалу бойынша жаңа, қалыптағыдан өзгеше шешімдер даярлауды тапсырдым. Қоғам және азаматтар бейбітшілік, тұрақтылық өзінен-өзі орнай қалмайтынын түсінуі керек. Мемлекет этносаралық және конфессияаралық үдерістердің тамырын дөп басып, бақылап отырады. Қазақстан халқы Ассамблеясы, барлық мемлекеттік органдар ұлттық бірлікті нығайту жолында күнделікті, жоспарлы жұмыстар жүргізеді.

Ұлттық комиссия жұмысқа қызу кірісті. Сараптамалық жұмыс тобы құрылды, орталықта және аймақтарда жобалық кеңселер жұмыс істей бастады.

2017 жылдың қыркүйек айында-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында министрліктер мен әкімдіктер ұсынған 1,1 мың жоба пысықталды, оларды нақты жүзеге асыру басталып кетті.

11 қыркүйекте мемлекеттік тілдің латын графикасындағы жаңа стандарты Парламенттің талқысына ұсынылды. Гуманитарлық пәндер оқулықтарының алғашқы пулы айқындалды, онымен жаңадан құрылған Ұлттық аударма бюросы шұғылданатын болды.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» аясында республикалық мәндегі 100 және аймақтық мәндегі 500 нысан іріктеліп алынды.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша әдебиет, театр, кино, музыка мен хореография бойынша үздік шығармалардың тізім-парақшалары жасалды. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасына 1,5 мың өтініш келіп түсті, олардан ашық дауысқа түсетін топтар құрылды.

Өнірлерде жалпыұлттық патриотизмді ғана емес, атамекенге деген сүйіспеншілікті насихаттайтын «Туған жер» бағдарламасы ерекше қарқынды жұмыстармен басталды. 2017 жылғы қыркүйек айының соңында Ақтөбе қаласында әлемнің 20 елінен туған елдің дамуына нақтылы үлес қосуға дайынмын деп келіп, бас қосқан жерлестердің бірінші республикалық форумы өтті. Мұндай табысты ел азаматтарының қай өңірден болса да табылары сөзсіз.

Ұсынылған барлық жобалар әуелден-ақ жаңғырту үдерістеріне жол ашып, болашақ ұрпақ менталитетінің жаңаруын тездететіндей ойластырылды.

Жаһандық сын-қатер кезеңіндегі Үшінші жаңғырудың басталуын айғақтайтын мемлекет пен қоғам жаңаруының кең көлемдегі үш үдерісі қанат жайды. Қазақстан өз дамуының жаңа тарихи кезеңіне аяқ басты.

4. МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ НЫҒАЙТУ ҚАДАМДАРЫ

САЯСИ ПРОЦЕСС ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

«Нұр Отан» партиясының жаңа көшбасшылық рөлі

Екі мың оныншы жылдардағы жетекші және халық алдында жауапты саяси күш партиясы – «Нұр Отан» партиясы болды. Партия төрағасы ретінде елдің тұрақты дамуы партия құрылымын институционалды сипатта күшейтуді талап ететінін айқын түсіндім.

2011–2015 жылдардағы президенттік және парламенттік сайлаулар барысында «Нұр Отан» партиясының саяси және ұйымдық тұрғыдан нығайуы жалғасын тапты. Оның билік партиясынан билеуші партияға айналуы – Үкімет пен Парламентке тәуелсіз, дербес саяси энергетика тоғысуы басталды.

2013 жылдың 18 қазанында «Нұр Отан» партиясының XV съезі өтті. Мен оның өткен кезеңдегі қызметінің қорытындыларына тоқтала келе, «Қазақстан-2050» стратегиясынан туындайтын кең көлемдегі міндеттерді күн тәртібіне қойдым. «Нұр Отан» партиясының өзгерістер жотасынан көрінуі тиіс екенін, кез келген сын-қатерлерге дайын болуы керектігін баса айттым. Қазіргі әлемде табысқа тек нақты іс-әрекет стратегиясы бар жерде және тұрақтылық пен дамудың кепілі ретінде ұзақ мерзімді саяси көшбасшылық сақталған жерде ғана жетуге болады. Өзге жағдайларда қоғам бейберекет сілкіністер мен қайшылықтарға ұшырайды.

XV съездің маңызды құжаты – 2013 жылдың тамызында қоғамдық және партияішілік талқылауға ұсынылған «Нұр Отан» партиясының доктринасы болды. Мұнда «Нұр Отан» партиясы – қоғамды біріктіретін және Ұлт көшбасшысының мемлекеттік бағытын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін басым саяси күш, ал оның саяси платформасы – тұрақтылық пен бірлікке, әлеуметтік-экономикалық прагматизмге, орнықты дамуға және халықтың барынша кең топтары мүдделерінің теңгеріміне негізделген орталықшылық екендігі белгіленді.

XV съезде партияның атауына түзету енгізілді: «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, енді өзін центристік саяси күш ретінде көрсетуімен байланысты «Нұр Отан» партиясы деген нақты әрі ықшам атауға ие болды.

2015–2016 жылдары менің бастамаммен «Нұр Отан» партиясы билеуші саяси партияға трансформациялану үдерісін жалғастырды. Бұл кезеңде «Нұр Отан» партиясының бақылау функциясы күшейтілген болатын. Менің тапсырмаммен мемлекеттік бағдарламаларды, соның ішінде «Нұрлы жол» да бар, жүзеге асыруды бақылау үшін комиссия құрылды.

Партияның XVI съезі Бес институционалды реформа және Президент сайлауы белгісімен өтті. 2016 жылы 29 қаңтарда Астана қаласында ашылған XVII съездің жұмысына екі мыңнан астам адам қатысты. Делегаттар сайлауалды бағдарламаны қабылдады, сайлауға түсетін Парламент Мәжілісіне депутаттыққа кандидаттардың партиялық тізімін бекітті. Бұл ретте, партия барлық саяси күштермен құрылымдық қарым-қатынасқа дайын екендігі ресми түрде хабарланды.

Сыртқы және ішкі жағдайлардың өзгеруіне байланысты, 2017 жылдың қарашасында мен Саяси кеңестің жиналысында жаңа жағдайдағы партияның стратегиялық және тактикалық мәселелеріне арнайы тоқталдым. 2017 жылдың күзінде барлық қажетті саяси шешімдер және Үшінші жаңғыру бойынша іс-қимыл жоспарлары қабылданды, осының бәрі, сөз жоқ, «Нұр Отанға» жаңа талаптар қояды. 2017 жылғы Конституциялық реформа Парламенттің және еліміздегі партиялық-саяси жүйенің ролін күшейтті. «Нұр Отан» билеуші партия мәртебесін сақтап қалу үшін жоғары бәсекелестік дәуірінде, өз деңгейінде идея, платформа, кадрлар, көпшілікпен қарым-қатынас, сауатты және заманауи құрал-жабдықтар арқылы қоғаммен жұмыс істеуге дайындалуы керек.

Әлемдегі көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, көшбасшы саяси күші бар партиялық жүйе жаңғыруды жеделдетуге көшкен мемлекеттің мәселелерін шешуге неғұрлым қолайлы. Көшбасшы елдердің отыздығына апарар жолда тек қана ірі, күшті жалпыұлттық орталық партия ғана саяси биліктің және қоғамның үдемелі ұйысуын қамтамасыз ете алады.

Жаһандық тұрақсыздық жағдайында «Нұр Отан» партиясы 2010-шы жылдары дамудың тұрақтылығы мен жалғастығын қамтамасыз ететін, өзекті саяси институты бар жүйе құратын құрылым бола алды.

Әкімшілік реформа. Әкімдерді сайлау

2010-шы жылдардың бірінші жартысында атқарушы биліктің вертикалі мен горизонталін, мемлекеттік басқарудың орталықтағы және аймақтардағы барлық жүйесін жетілдіру бойынша маңызды жұмыстар жалғасын

тапты. «Қазақстан-2050» стратегиясы мемлекеттік қызметті одан әрі дамыту үшін күшті серпін берді. Мен жаңа кезеңде жартыкеш шаралар емес, батыл өзгерістер керектігі жөнінде көп ойландым. Меритократия қағидаты енді тек теория жүзінде қалып қоймауы керек, қатаң тәжірибелік ереже болуы тиіс. Осылайша, мемлекеттік қызмет жүйесіне түбегейлі реформа жасау күн тәртібінде тұрды.

Жаңа бағыттың шеңберінде мемлекеттік органдар елеулі өзгерістерге ұшырады. 2014 жылғы қарашадағы Жолдауда жүргізілген әкімшілік реформаға, Үкімет пен атқарушы биліктің жаңа құрылымының жұмысына, басқарудағы қосарлылықтан арылғанымызға екпін түсіріле айтылды. Үкіметтің 60% функциясы министрліктер мен әкімдіктер деңгейіне ауыстырылды. Министрліктер саны 17-ден 12-ге дейін қысқартылды, тоғыз агенттік министрліктің комитеттері деңгейіне түсті.

2012 жылдың қарашасында Жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасы бекітілді, соның нәтижесінде біз 2013 жылы орталық пен өңірлер арасындағы өкілеттіктерге шектеу қоя бастадық. Мұнымен қоса, жергілікті органдар өкілеттіктері қаржы және кадр ресурстарымен нығайтылды.

Бұдан өзге, мәслихаттардың маңызын арттыру міндеті тұрды. Мен қабылдаған шешім бойынша, 2013 жылдан бастап аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттер мен ауылдардың әкімдерін сайлап қою енгізілді. Бұл жергілікті жерлерде әкімдердің 90%-і сайлану арқылы тағайындалатынын білдірді.

Осылайша, мемлекеттік биліктің реформасы төменнен басталды, өйткені алдағы уақытта одан да жоғары деңгей қамтылатын болады. Біз төменгі буындағы сайлау тәжірибесін игеріп алғаннан кейін, бірте-бірте атқарушы биліктің басқа буындарын сайлауға көшетін боламыз.

Жергілікті билік органдары басшыларының алғашқы баламалы сайлаулары 2013 жылдың 5–9 тамызында табысты өткізілді. Бекітілген ереже бойынша әкімдер мәслихаттардың депутаттары болып сайланды. 10 тамызда сайлаулар қорытындысы бойынша жасаған Үндеуімде барлығы 7,6 миллион қазақстандықтар тұратын аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттер мен ауылдардың 2454 әкімі сайланғанын хабарладым.

Жаңа әкімдердің тиімді жұмыс істеуі үшін сайлауға дейін-ақ жағдай жасалғанын айту аса маңызды. Ішінара жергілікті органдардың кадрлық және қаржылық мүмкіндіктері күшейтілді, ал әкімдер әлеуметтік салада қосымша өкілеттіктер иеленді. Өкілеттіктерін осылайша күшейту, менің ойымша, әкімдердің мемлекет пен азаматтар алдындағы аса зор жауапкершілігін айқындайды.

Мұнымен қатар, орталықтың әкімдердің қызметін бақылауы күшейе түсті, оны жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру және дамыту туралы жаңа заң реттеп отырды. Осылайша, екі мыңнан аса ауыл әкімдерін сайлау аймақтық деңгейде тежеу мен қарама-қарсылықтар жүйесін туғызды.

Жаңғыру кезеңіндегі құқықтық жүйе

Құқықтық жүйенің эволюциясында кейіннен бүкіл заң шығаруды және құқықтық реттеуді жаңартуға алып келген Ұлт жоспары (2015) маңызды орын алады. Нәтижесінде Қазақстанның заманауи заң шығару базасы 290-нан аса жеке-дара заңдардан құралды. Тәуелсіздік жылдарында барлығы 2 мыңнан аса заң актілері қабылданған.

Конституциялық заңдар базалық мемлекеттік институттардың және тұтастай алғанда мемлекеттік басқарудың бірқалыпты жұмысын қамтамасыз етеді. Экономиканың тұрақты дамуын экономикалық блоктың заңдары реттеп отырады. Бұл сала ерекше қозғалыста, сондықтан 2010-шы жылдары экономиканы басқару үшін заңнамалық актілердің үшінші буыны (Салық, Кеден, Бюджет кодекстері) талап етілді. Бұдан басқа, 2015 жылы бұрын тіпті болмаған құжаттар қабылданды – Кәсіпкерлік кодекс, «Мемлекет-жекеменшік әріптестік туралы», «Өзін-өзі реттеу туралы», «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» заңдар. Парламентке ұсынылған жаңа кодекстердің жобалары – Салық, Кеден, Жер қойнауы және жер қойнауындағы байлықтарды пайдалану туралы – экономикалық жағдайды және жаһандық үдерістерді ескеріп жасалды.

2014 жылы құқық қорғау, азаматтардың құқығын, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғауды күшейту заңнамаларын түбегейлі жаңартуға байланысты жұмыстар қолға алынды. Жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-атқарушылық, процессуалдық, әкімшілік құқық бұзушылық кодекстері қабылданды.

Қылмыстың кейбір түрлерін қайта қарастыруды шараны кең қолдануды, бас еркінен айырудың баламасын, ұлттық бизнестің мүдделерін қорғауды қарастыратын Қылмыстық және Қылмыстық-процессуалдық кодекстерді реформалау жалғасты.

Заңнамалық жұмыстардың маңызы 2017 жылы басталған үш базалық саланы – экономиканы, саясатты, сананы – жаңғыртуға байланысты арта түсті.

Мемлекеттік қызмет: жаңа модель

2013 жылы әкімшілік реформаның нәтижесінде билік элитасын 23 пайызға жаңартқан «А» корпусы құрылды. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі енгізілді. Саяси қызметтердің саны сегіз есе қысқарды. Корпусқа іріктеу процедурасының енгізілуі – түбегейлі жаңа «әлеуметтік лифт». Мемлекеттік қызметке, сондай-ақ сот корпусына қабылдау үшін кәсіптік талаптар күшейтілді, мемлекеттік қызметкерлердің барлық деңгейінде толық аттестаттау жүргізілді.

Ел дамуының жаңа, барынша күрделі кезеңінде жекелеген іс-шаралар емес, әділеттілік қағидаттарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін жүйелі жұмыстар қажеттігі маған айқын сезілді. Бұл үшін кешіктірілмей Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік қайта құрылды, оның ішінде сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша жеке бөлімше ашылды, Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданды.

2015 жылы 11 желтоқсанда «Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлік құру туралы» Жарлық шықты, ол алдыңғы қатардағы міндеттерді – жаңа мемлекеттік қызмет моделін іске асыруды және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуды айқындады.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлік құрамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ұлттық бюро құрылды. Сол арқылы сыбайлас жемқорлықпен күрес жаңа деңгейге көтерілді. Ұлттық компанияның бірқатар лауазымды шенеуніктері мен топ-менеджерлеріне қатысты істер сотқа дейін апарылды.

2016 жылы мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылау жаңғыртылды, кадрларды іріктеу мен қызметі бойынша жоғарылатудың жаңа тетігі жасалды, бұрынғыдан бір айырмашылығы – мемлекеттік қызметке мол дайындықтан өткен, ұстанымы қалыптасқан және кәсіби үміткерлер ғана өте алатын болады. Мемлекеттік қызметке алғаш рет келгендер тек қана төменгі қызметтерге міндетті сынақ мерзімімен және тәлімгері тағайындалып алынатын болды. Одан кейін қызметтік баспалдақпен жоғарылату тек қана конкурстық негізде қарастырылатын болады. Бұдан бөлек, кадрларды тағайындаудың «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі түріндегі мониторингтің тиімді құралы енгізілді, ол «онлайн» режимінде ел көлеміндегі барлық кадрлық өзгерістерді қадағалап және кез келген мемлекеттік органда меритократия қағидатының бұзылғанын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Осы нақтылы шешімдер мен қадамдар – мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің шынайы сипатқа ие болып және қажетті сапалық мазмұнмен толыққанының куәсі.

Мемлекеттік қызмет қоғамды біріктіруде аса маңызды мәнге ие. Болашақта ол әділ қазақстандық социумның прототипіне айналуы тиіс, яғни меритократия қағидаттарының негізінде адамдардың барлығына өзін-өзі жетілдіруі үшін тең мүмкіндіктер беріледі.

Қарулы күштер: одан әрі жаңғырту

2010-шы жылдардың алғашқы жартысында біздің Қарулы күштер жыл сайын далалық жағдайда жедел және әскери дайындық бойынша 250-ден аса іс-шара өткізді.

Барлық қиындықтарға қарамастан, Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның қорғаныс бюджеті үнемі өсіп отырды: егер 1993 жылы 8 миллиард теңгені құраса, ал 2015 жылы – 390 миллиард теңгеден асты. Жалпы алғанда, 2015–2017 жылдары әскери шығындарға 1,3 триллион теңге бөлу жоспарланған.

2013 жылы 7 мамырда Отан қорғаушылардың күніне орай, Қарулы күштер тарихында бірінші рет «Отар» әскери базасында әскери шеру өтті. Шеруге жеті мыңнан аса әскери қызметшілер, төрт жүзден аса әскери техника, сексеннен аса ұшақ пен тікұшақ қатысты. Әскери шерудің дәстүрлі шеруден өзгешелігі – әскери дайындықты және қару мен техниканы қалай пайдалануды көрсету еді.

2014 жылдың шілде айында әскери ғылымды дамыту үшін жағдай туғызуды көздеп және кәсіби кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында Астанада Ұлттық қорғаныс университеті ашылды.

2015 жылғы мамыр айында мен қорғаныс күштерін жаңғырту бойынша жиналыс өткіздім, онда әскери дайындықтың жоғары тиімділігін арттыру, күштік құрылымдардың үйлесімділігін және олардың халықаралық деңгейдегі қарым-қатынасын жетілдіру туралы міндеттер жүктедім.

Қазақстандық әскер 2010-шы жылдары жоғары әлемдік санатты жетістіктерімен жаңғыртылды және қайта қаруланды. Еліміздің әскери-өндірістік кешені тікұшақтарды құрастыру, әскери оптиканы, радиолокациялық және радиоэлектрондық қорғаныс жүйесін жүзеге асырды, әуе броньды техниканы жөндеуді жолға қойды. 2012 жылы мамырда ресейліктермен бірлесе отырып, Орал верфінде құрастырылған «Қазақстан» ракеталық-артиллериялық кемесі суға түсірілді. 2014 жылдан бастап «Paramount Group» (OAP) компаниясымен бірлесе әлемдік деңгейдегі «Арлан», «Номад», «Барыс» броньдалған доңғалақты машиналар өндірісі қолға алынды. Жаңғыру барысында әуе техникасына, танк және әскери-теңіз күштеріне баса назар аударылды.

2016 жылдың сәуірінде Алматы облысында Әскери дайындық орталығы базасында Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің қатысуымен «Қайсар-2016» лаңкестікке қарсы жаттығулар өткізілді. 2016–2017 жылдары тамыз айларында Жамбыл облысындағы «Гвардейский» полигонында II және III Халықаралық әскери ойындар шеңберінде бірқатар байқаулар өткізілді. 2016 жылы Әскери ойындарда 19 елдің арасында Қазақстан екінші командалық орынды иеленді. Ал 2017 жылы – 28-дің ішінде үшінші орыннан көрінді. Екі жыл қатарынан қазақстандық әскерилер «Мергендік межесі» және «Артиллериялық оттың алаугерлері» байқауларында бірінші орын алып, сондай-ақ «Танкілер биатлоны» да жүлделі орындарға ие болды.

2017 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне 25 жыл толды. Осы салтанатты оқиғаға орай, Астанада Тәуелсіздік жылдарындағы ең көлемді әскери шеру өткізілді, оған бес мың әскери қызметшілер, төрт жүз дана әскери техника және жетпіс ұшақтар мен тікұшақтар қатыстырылды. 2016–2017 жылдары әскери арсеналды толықтырған жаңа қару түрлері де көрсетілді.

Мерекелік шеруде мен біздің еліміздің бітімгершілік ниетін былайша жеткіздім: «Біз барлық көршілерімізбен татуымыз және «Бір ғана бейбіт келісім жүз жеңістен артық» деген дана өсиетті есте ұстаймыз». Бұл ретте мен, Қарулы күштер әрдайым Тәуелсіздіктің басты тірегі болып қала беретінін ерекше атап көрсеттім.

2017 жылдың қыркүйегінде кең көлемдегі «Қаратау-2017» стратегиялық жаттығулары өтті. Бірнеше бағыттағы әскерлерге қолбасшылық жасау, сондай-ақ армиялық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимыл пысықталды.

Біздің армия ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс қабілетінің сенімді кепілі болды. Бұл тұрғыда мемлекет барлық қажеттіліктер үшін қолдан келгеннің бәрін де жасайды. Жауынгерлік кезекшілікке әскери техникалардың жаңа түрлері келіп қосылды, таяу жылдары қаруланудың 70%-і жаңартылады.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, біздің еліміздің Қарулы күштері жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы үздіктер санатында. Әскери қуаттың жаһандық индексі (GFP) бойынша 2017 жылы Қазақстанның Қарулы күштері 2016 жылғы 66-позициядан 53-позицияға көтерілді.

Біз тұтастай алғанда армиямызды, өзге де әскери құрамалар мен арнайы бөлімдерді жаңғыру мен дамудың жаңа кезеңіне шығара алдық. Бұл – Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріндегі барлық офицерлер мен әскери қызметшілердің ерен еңбегі.

5. ЖАҢА ЭКОНОМИКАҒА БАТЫЛ ҰМТЫЛЫС

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ. ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ БЕСЖЫЛДЫҚТАРЫ...

Жаңа индустриаландыру: алғашқы бесжылдықтың басты нәтижелері

Екі мың елу стратегиясында ұлттық экономиканың келбетін өзгерту, оны шикізаттың әлемдік бағасының ауытқуынан тәуелсіз ету міндеттерін қойдым. Нақ осы міндетке 2010 жылы басталған және бесжылдық индикативті жоспарлауда Қазақстанды көшбасшы ретінде айқындаған үдемелі индустриаландыру бағдарламасы бағытталды.

Индустриаландырудың алғашқы жылы нақты нәтижелерін берді. 2011 жылғы қаңтардағы Жолдауымда Қазақстанда 152 кәсіпорын пайдалануға берілгенін, 24 мың қазақстандықтың тұрақты жұмыспен қамтылғанын атап өттім. Химия өнеркәсібін және жеңіл өнеркәсіпті қалпына келтіру мен дамыту үдерісі белсенді түрде жүргізілді, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде ілгерілеу байқалды. 2014 жылға дейін құны 8 триллион теңгеден асатын 300 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 160 – тұрақты және құрылыс кезеңінде 200 мыңнан астам жұмыс орнын құру жоспарланды. Бірінші индустриаландыру бесжылдығының ең басты қорытындысы – экономикадағы маңызды құрылымдық, әсіресе, нақты сектор есебінен болған өзгерістер.

2011 жылдан бастап Индустриаландыру күндерін өткізу дәстүрге айналды. Жылына екі рет – шілде мен желтоқсанда – индустриялық даму бағдарламасының қорытындылары шығарылады, жалпыұлттық телекөпір форматы бойынша аймақтардың есебі тыңдалып, жобаларының тұсауы кесіледі, жаңа өндіріс ошақтары іске қосылады.

Алғашқы Индустриаландыру күнінде, 2011 жылы 9 желтоқсанда Астана қаласындағы «Тұлпар-Тальго» жолаушылар вагондарын өндіру зауытының, Алматыдағы метрополитеннің, Балқаштағы «Сары қазына» катодты мыс зауытының, Жамбыл облысындағы «Супер Фарм» медицина бұйымдары зауытының, Семей тері-былғары комбинатының, Алматы облысында «Байсерке Агро» ет өңдеу кешенінің, «Шымкент-Кашемир» тоқыма өн-

дірісінің тұсаукесері өтті. Сондай-ақ Шарын өзенінде Мойнақ ГЭС-і, «Жетіген-Қорғас» және «Өзен – Түрікменстан шекарасы» темір жол желілері іске қосылды, ал Жамбыл облысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралінің жобасы ұсынылды.

Алғашқы бесжылдықтың экваторы 2012 жылдың шілдесінде игерілді. Жаңа Медиа-орталықта жалпыұлттық телекөпір өтті, индустриаландыру картасының нысандары пайдалануға берілді. Ұлттық цифрлы телерадио хабарларын тарату желілері және отандық телеөнімдер шығаруды көздеген жаңа қазақстандық «24.kz» телеарнасы іске қосылды.

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының екі жарым жылында құны 1,8 триллион теңге тұратын 440-тан астам нысан қатарға қосылды. Алайда кәсіпорындардың барлығы бірдей толық көлемде іске қосылған жоқ. Кейбіреулер үшін ең бастысы әдемі есеп беру болды: лента қиылса болды, қалғанын ұмытады. Менің қойған талабым – әкімдіктер жобалардың бастапқы кезеңінен бастап қана емес, олардың толық қуатпен іске қосылуына дейін жәрдемдесуі тиіс.

Жоғары қосымша құнды және экспортқа шығатын өндірісті ерекше қадағалау қажеттігіне баса назар аудардым. Технологиялық дамудың жаһандық перспективаларын ескере отырып, 2012 жылдан бастап келесі бесжылдыққа дайындалу қажет болды.

Өңірлер: жан-жақты даму саясаты

2010 жылғы Жолдауда өңірлердің теңдей дамуы мен бүкіл елдің дамуы арасына теңдік белгісін қойдым. Менің ойымша, индустриаландыру мен әртараптандыру экономикалық өсудің жаңа орталықтары құрылған кезде ғана мүмкін болмақ. Қазақстанның батысында – мұнай-газ және химиялық секторды, көлік қуатын, орталықта, солтүстікте, оңтүстік пен шығыста тау-кен металлургиялық кешені, атом, химия өнеркәсібін, аграрлық саланы дамытқан жөн деп санаймын. Шикізаттық емес секторды солтүстік және оңтүстік өңірлерде шоғырландырып, ал болашақтың экономикасын Астана мен Алматыда дамыту ақылға қонымды.

2011 жылғы Жолдауымда мен өңірлік саясаттың жаңа парадигмасы қажет екенін тағы да нақтыладым. Бұл көзқарас елдің 2020 жылға дейінгі Болжалды өңірлік-кеңістіктік дамуының сызбасында, өңірлер дамуының бесжылдық бағдарламаларында, индустриалды-инновациялық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік бағдарламаларында нақты шешімін тапты. Жергілікті мәселелерді облыстар мен елдің мүмкіндіктерін ескере

отырып, жүйелі түрде шешуге бағытталған жаңа өңірлік саясаттың негізі осылар болды.

Болжамды сызбаның негізінде Үкімет «Өңірлік даму» бағдарламасын қабылдады. Мұнда мынадай міндеттер қойылды: өңірлік және әлемдік нарыққа интеграцияланған экономикалық өсудің ұзақ мерзімді орталықтарын қалыптастыру; қалалық агломерациялардың Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Ақтауда басымдықпен дамуы; ауылдық аймақтарды дамыту; өндіргіш күштерді, инфрақұрылымды және тұрғындарды үйлесімді орналастыру.

2011 жылдың қаңтарынан бастап өңірлерді, сондай-ақ аймақтарды дамытудың бесжылдық бағдарламалары жасалды. Олар өңірдегі өзекті әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, өмір сүру деңгейін жоғарылатуға және тұрғындарды жұмыспен қамтуға, өндірістік, еңбек және зияткерлік әлеуетті арттыруға бағытталды.

Теміртауда үлкен еңбек мектебінен өткен мен үшін өндірістік қалалардың өткір проблемалары жаңалық емес. 2012 жылғы қаңтардағы Жолдауымда кіші қалаларды дамыту мәселелерін алға қойдым. Бұларда өндірістік өнеркәсіптердің және еңбек ресурстарының негізгі бөлігі әдеттегідей бір профильді кәсіпорындарға бөлінген еді. Соның нәтижесінде мамыр айында Үкімет кіші қалаларды дамытудың 2020 жылға дейінгі Бағдарламасын қабылдады. Бұл Бағдарламаға енген қазақстандық 27 қаланың ішінде – Теміртау, Степногор, Шахтинск, Жезқазған, Жаңаөзен, Арқалық, Кентау, Қаратау, Абай, Рудный, Серебрянск және басқалары бар.

2012 жылы желтоқсан айында, «Қазақстан-2050» стратегиясында мен барлық өңірлер бір-бірімен ажырамас байланыста жұмыс істеуі тиіс екенін атап көрсеттім.

Осы арқылы шағын қалалар мен өңірлерді дамытуға бағытталған барлық мемлекеттік және салалық бағдарламаларды үйлестіруді, әсіресе көші-қон және жұмыспен қамтуда тепе-теңдікті сақтауды, тұрғындардың тұрмыстық жағдайларын жақсартуға деген ұмтылысты қолдауды қажет деп санадым.

Үкімет өңірлік бағдарламаларға түзету енгізді және толықтырды, содан соң 2014 жылғы маусымда өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі біртұтас бағдарламасын бекітті. Оның негізіне бес бағдарлама алынды: шағын қалалар мен өңірлерді дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарды жаңғырту, «Ақ бұлақ», «Қол жетімді баспана», сондай-ақ шағын қалалар мен шекаралық аймақтарды дамытуға байланысты шаралар. Дәл осы біртұтас бағдарлама көптеген қазақстандықтардың жекеменшік баспана туралы армандарының жүзеге асуына көмектескені анық.

2015 жылғы қарашадағы Жолдауымда белгіленген Өңірлік стратегия алты шағын аймақтың – Оңтүстік, Солтүстік, Орталық-Шығыс, Батыс, Ал-

маты және Астана – бағдарламаларын дайындауды нұсқады. Менің ойымша, ірі өңірлік жобалардың айналасында кіші және орта бизнесті дамыту керек, инвестиция тарту керек. Одан өзге, әлеуметтік ілкімділікті – жұмыс күші артық өңірден жұмыс күші тапшы өңірге бағыттау қажет. Қазақстандық «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша үлкен өңірлер бір-бірімен жалпы көліктік, логистикалық және байланыс құралдары архитектурасы арқылы бірігуі өте маңызды.

2010-шы жылдардың ортасында аңғарғанымыздай, Индустриаландыру бағдарламасы сәтті жүзеге асып жатқан өңірлерде және нақты диверсификация жүріп жатқан өңірлерде қиын кезеңдердің өзінде өсім байқалды. Сондай-ақ күрделі экономикалық жағдайда облысаралық кооперация және тауар алмасу үлкен маңызға ие болды. Жергілікті маңызы бар жобалар үшін 2015 жылдың соңына қарай өңірлерде Инвестиция тарту бойынша кеңестер құрыла бастады.

Елдің дамуына қажетті шынайы бәсекелестікті дамыту үшін 2016 жылы наурыз айында Қазақстан қосарлы-ұлттық «Doing Business» рейтингін – бизнесті жүргізудің шарттары рейтингін мәреге шығарды. Атап өткен жөн, әлемдік «Doing Business» рейтингінде Қазақстан 2015 жылы 189 елдің арасында жоғары 41-орынды иеленді. Бұдан соң Үкіметтің рейтинг шарттарын аймақтарға таратуды қолға алғаны түсінікті болса керек. Бұл жоба бизнес-климатты жақсартуға, қалалар мен облыстар арасында бәсекелестікті дамытуға ықпал ететін болады. Алғашқы қосарлы-ұлттық бизнес жүргізу рейтингінде 2017 жылы бірінші орындарға Алматы және Ақтөбе облысы шықты.

Өңірлік саясат – Қазақстанды біртұтас, жан-жақты дамыту саясаты. Ол халық пен капитал шоғырланған, өсімнің алға сүйреу «орталықтарын» дамыту бағытында мемлекеттің бүкіл аймағына – Астанадан шекаралық аудандарға дейін ұласып жатуы тиіс.

Бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту. Халықтық IPO. Жекешелендірудің жаңа кезеңі

382

2010-шы жылдардың басында мемлекет азаматтарды бизнес-бастауларға және іскерлік белсенділікке барынша тарта бастады, ал 2012 жылы енді 30%-тен астам қазақстандық шағын және орта бизнеспен айналысатын болды. Бүкіләлемдік банктің Doing Business – 2013 рейтингінде Қазақстан 185 елдің арасында 49-шы орын алып, көш басындағы 50 елдің қатарынан көрінді. Дегенмен 2010-шы жылдардың басында Қазақстанның

ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 20% болды, ал бұл көрсеткіш дамыған елдерде 60-70%-ке жетеді. Мұның өзі шағын және орта бизнесте қай жаққа ұмтылуымыз қажет екенін айқындап тұр.

2013 жылы қыркүйекте «Атамекен» одағы» Ұлттық экономикалық палатасы базасында Кәсіпкерлердің Ұлттық палатасы құрылды. Оның басты міндеті – бизнес өкілдерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

2014–2015 жылдардағы дағдарыс шағын және орта бизнеске өте ауыр тиді, онда тіркелген субъектілердің үлесі төмендеп кетті. Сондықтан 2014 жылғы Жолдауымда шағын және орта бизнеске қолдау көрсету жұмыстарын жалғастыру қажет екенін ерекше атап көрсеттім. Несие берудің теңдессіз, қолайлы ахуалы орнықты – 10 жылға 6%-пен беріле бастады. Мұндай жағдай біздің елімізде бұған дейін болмаған.

Бұқаралық кәсіпкерлікті қолдауға байланысты 2010–2017 жылдары «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 350 миллиард теңге бөлінді. Ал бағдарламаға қатысушылардың өніміне 8,5 триллион теңгеге өніп өндіріп, миллионның үштен біріндей жұмыс орнын сақтап қалуға көмектесті. 2016 жылы шағын және орта бизнес еліміздің ІЖӨ-сінің төрттен бірін қамтамасыз етті. Бұл секторға 1,1 миллион адам тартылды, ал жалпы бұл салада 3 миллионнан астам адам жұмыс істеді. Осылайша жаппай кәсіпкерлікті қолдау саясаты өзін-өзі толық ақтады.

Кәсіпкерлерге қызмет және қолдау көрсету орталықтары оларға қаржылай емес көмек көрсетуді қамтамасыз етті. 2013 жылмен салыстырғанда шағын және орта бизнесті тексерістер екі есеге жуық қысқарды.

Жоспар бойынша шағын және орта бизнесті қолдау нәтижесінде 2050 жылға қарай оның үлесі ІЖӨ-нің 50 процентіне жету керек. Бұл үшін 2015–2017 жылдары шағын және орта бизнес үшін жетекші қаржы институттарында – Азия даму банкінде, Еуропалық қайта құру және даму банкінде, Дүниежүзілік банкте ашылған несиелік желілерді тиімді пайдалану керек болды.

2015 жылы Global Entrepreneurship Monitor бүкіләлемдік рейтингінің сарапшылары қазақстандықтардың кәсіпкерлік белсенділігін жоғары бағалады. Еңбекке жарамды халықтың 11%-і өзінің жұмысын жандандырғысы келеді. Бұл – рейтингтің 29 позициясы. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, Испаниядағы, Нидерландыдағы, Малайзиядағы кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейі 7%-тен аспайды.

Қазақстанда қоғамдық санаға орныққан кәсіпкерліктің жағымсыз образын жоюға қол жету үлкен позитив рөл атқарды. Қазақстандықтар бизнесмендерді елдің дамуына үлес қосып жүрген табысты жандар ретінде

қабылдайды, ал жастар болса, кәсіпкерлікті көбінесе мансапқа жетудің лайықты нұсқасы ретінде қарастырады.

Бұқаралық кәсіпкерлікпен шұғылданудың маңызды шарты – экономикадағы мемлекеттік үлесті азайту. 2000-шы жылдардың аяғында әлемдік дағдарыс дендеген тұста, мемлекеттің позициясы күшейтіле түсті – ол кезде экономиканы «қол режимінде» басқару қажет болды.

Енді 2010-шы жылдары экономикалық дамудың жаңа сатысында жекешелендірудің жаңа кезеңін бастау қажеттілігі туындады. Осының бәрін кесіп-пішіп, бұл үдерісті іске қосуды жөн көрдім. Бұл ретте жекешелендіруге жатпайтын стратегиялық кәсіпорындардың шегін нақты белгілеп бердім. Бұл позиция мемлекеттің бақылауында қала береді, ол сатуға акциялардың шектеулі пакетін ғана ұсынады.

«Халықтық IPO» – компания акцияларын сату үшін көпшілікке жасалған ұсыныс – сенімді және ұдайы өсу үстіндегі активтері бар меншік иелерінің табын кеңейтудің тиімді тәсілі болды. «Халықтық» деген сөздің мәні – бағалы қағаздар нарық құнынан төмен белгіленген бағамен тек Қазақстан азаматтарына ғана сатылады дегенді білдіреді. Азаматтарға аса ірі ұлттық компания акцияларының иесі болуға мүмкіндік беретін бағдарлама туралы мен алғаш рет 2011 жылы ақпан айында өткен «Нұр Отан» партиясының XIII съезінде жарияладым.

Халықтық IPO әр жылдары Ұлыбритания, Германия, Польша, Сауд Арабиясы және өзге де елдерде тәжірибеден өтті. Қазақстандағы бағдарламаның ерекшелігі инвесторлар үшін тәуекелдің төмендетілуіне байланысты еді. Егер жекешелендіру кезінде кәсіпорындар әртүрлі дәрежедегі тәуекелдермен сатылған болса, «халықтық» бағдарлама аясында сенімді мемлекеттік компаниялардың, соның ішінде инфрақұрылым мен көлік компанияларының акциялары ұсынылды.

Үкімет нарыққа акцияларды кезең-кезеңімен шығарды: 2012 жылы – «ҚазТрансОйл» акциялары, 2014 жылы «KEGOC» акциялары ұсынылды. Бұл компаниялардың алғашқы акционерлерінің саны 80 мың адамдай болды. Акцияларды қаржы қорында сату басталды. «Халықтық IPO» шеңберінде өзге де компаниялардың акцияларын орналастыру көзделуде. Олар – «Самұрық-Энерго», «Қазақстан темір жолы», «Казатомпром».

Осындай барлық шаралардың арқасында «Миноритарлы инвесторларды қорғау» (яғни ұсақ акционерлерді қорғау) көрсеткіші бойынша Қазақстан Doing Business рейтингінде 2016 жылы әлемде үшінші орынды иеленді.

2015 жылы 30 желтоқсанда Үкімет 2016–2020 жылдарға арналған жекешелендіру жоспарын бекітті. ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекеттің үлесін ІЖӨ-ден 15%-ке дейін төмендету көзделуде. 2017 жылғы

Жолдауымда Министрлер кабинетіне жоспарға енген ұйымдарды жекешелендіруді 2018 жылдың аяғына дейін аяқтауды тапсырдым.

2017 жылы «Химиялық компаниялар бірлестігі», «Қазақстан инжиниринг», «Казатомпром» активтерінің бірқатар бөліктері сатылды. Жекешелендіруге шығарылатын «Самұрық-Қазына» активтерін бағалау үшін тәуелсіз кеңесшілер шақырылады. Бұл компаниялар активтерінің бір бөлігі IPO арқылы сатылатын болады. Ұлттық компаниялардың құнды қағаздарын орналастыру «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында жүргізіледі деп жоспарлануда.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы

ЭКСПО-2017 инфрақұрылымының негізіне сәйкес қаржы және технологиялық кластер құрылатын болады. Бұл – Қазақстан экономикасының жаңа ДНҚ-сын түзіп, жаңғыртудың сенімді платформасына айналады.

АХҚО-ны табысты түрде жүзеге асыру – астананы жаһандық қалаға айналдыруда аса маңызды. Әсіресе, Астананың шетелдік инвесторларды тартудың хабы ретінде қалыптастырудың маңыздылығы зор. Бәсекеге түсу үшін ол тұрақты даму мен «дұрыс» экономика қағидаттарына сай болып, жаһандық «ақылды» қалалардың бір бөлігіне айналуы тиіс.

Мен «Астана» халықаралық қаржы орталығына үлкен міндеттер жүктеймін. Ол әлемдік деңгейдегі жетекші қаржы орталығының бірі болуы керек. АХҚО Қазақстанның қаржылық инфрақұрылымының өзегі ретінде Орталық Азия мен ЕАЭО-ның қаржылық хабы рөлін атқаруы тиіс. Болашақта мен оны әлемнің алдыңғы қатарлы жиырма қаржы орталығының қатарынан көргім келеді.

АХҚО арнайы мәртебесін біз Конституция мен Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен бекіттік. Орталықтың ерекше салықтық, валюталық және визалық тәртібі болады.

Алғаш рет, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі әлемнің үздік тәжірибелі қаржы орталықтарына пара-пар АХҚО-да ағылшын құқығы мен жетекші қаржы орталықтарының қағидаттарына негізделген ерекше құқықтық тәртіп қолданылады.

Бірінші кезекте бұл – қаржылық қызмет саласын, Қазақстан Республикасы құнды қағаздар нарығын инвестициялау үшін жайлы орта қалыптастыруды, Нью-Йорк, Сингапур, Лондон, Гонконг сияқты халықаралық капитал нарығына интеграциялануды көздейді.

АХҚО аумағында бірнеше мамандандырылған құрылым құрылады, олар осы аумақта жұмыс істейтін ұйымдардың қызметін реттейтін болады. Маңызды институттардың бірі – Қаржы қызметтерін реттеу комитеті болмақ. Халықаралық арбитраж орталығы мен тәуелсіз қаржы соты құрылады. Үкімет, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар өздерінің сәйкес активтерін IPO-ға АХҚО алаңы арқылы шығару туралы арнайы 2020 жылға арналған бағдарлама жасап шығарды.

Бұдан басқа, қаржы орталығының негізінде жаңа биржа іске қосылады. АХҚО мен Шанхай қаржы биржасы (SSE) арасында акционерлік келісім жасалды. Осы құжатқа сәйкес ол – стратегиялық әріптес және АХҚО жаңа биржасының акционері (25% үлеспен) болады. Бұл Қытайдың инвестициялық өтімділігіне жол ашады. АХҚО мен SSE арасындағы ынтымақтастық АХҚО-ын «Бір белдеу – бір жол» жаһандық бастама аясында қаржылық қызметтердің аймақтық хабы ретінде дамытуға бағытталған. Шанхай қор биржасының биржалық индустридағы бірегей тәжірибесі мен беделі халықаралық инвесторлардың сенімін қалыптастырып қана қоймай, сондай-ақ АХҚО биржасын табыспен іске қосуға қосымша кепілдіктер де ұсынады.

Орталық қызметінің басым бағыттарының бірі – жаңа қаржылық технологиялар.

Болашақта АХҚО бүкіл Еуразия үшін инвестициялар, капитал, инновациялар тартудың қаржылық қақпасына айналады деп ойлаймын.

Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы

«Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыру, Кедендік одақтағы бәсекелестікті күшейту және алдағы уақытта ДСҰ-ға кіру – осының барлығы елдің агроөнеркәсіптік кешенін жаңа деңгейге шығаруды талап етті. Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасы үшін басым бағыт болып қала берді.

386

Ауыл шаруашылығының әлеуетін түсіне отырып, 2013 жылдың ақпан айында Үкіметке ұзақ мерзімді «Агробизнес-2020» бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырдым. Бағдарлама бойынша ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды 2020 жылы 4,5 есе өсіру қарастырылды. Алайда бұрынғы бағдарламалармен салыстырғанда, басымдық директивалы қондырғыларға емес, ауыл шаруашылығын бәсекеге қабілетті ету жағдайларын жасауға – оны барынша табысты және мүмкіндігінше тәуекелден тыс етуге бағытталды.

2014 жылдан бастап қайта өңдеу кәсіпорындарына шикізат сатып алу үшін қаржы бөліне бастады. Субсидияландыруға жататын өнімдер тізіміне импортқа аса тәуелді азық-түлік – қант, құрғақ сүт, сары май, ірімшік енді. 2004 жылы-ақ шұғыл қабылданған шаралардың арқасында сары май өндіру 10 проценттен астам, ал құрғақ сүт төрттен бірге өсті. Тұтастай алғанда бір жылдың ішінде тамақ өнеркәсібі 3%-ке ұлғайды.

Сонымен бір мезгілде ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығару да өсе бастады. 2014 жылы сиыр етін экспорттау 6 есе, шұжық өнімдері 9 есе, сүт 6 есе ұлғайды. Ет консервілерін, қышқылды сүт өнімдерін экспорттау жақсы көрсеткіштерге ие болды. Тек ұнды экспорттау ғана төмендеді. Тұтастай алғанда, қабылданған бағдарлама қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің позициясын бекітуге мүмкіндік туғызды.

2015 жылы ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік субсидиялар мөлшері орасан зор сомаға жетті – миллиард доллардай болды. Бұл ретте, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер салық төлемеді десе де болады.

2015 жылдың наурызында өткен «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде бұл мәселеге бағамды беріп, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауда қандай да бір қайшылықтарға, қателіктерге жол бермеу керек екенін баса айттым.

Бұдан өзге менің тағы бір тапсырмам – трансұлттық компанияларды аграрлы өнеркәсіптің ірі жобаларына тарту. Бір жылдан соң аграрлық секторға Германия, Италия, Қытайдан стратегиялық инвесторлар тарып, Ақмола облысында ірі сүт-тауарлы фермалар мен зауыттардың құрылысын салу көзделді. Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында заманауи ет комбинаттарының жобалары жасалды. Бұл жобаларға салынатын инвестициялардың жалпы құны 60 миллиард теңгеден асады. Мұның бәрі мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

2016 жылы сәуір айында Астана қаласында Ислам ұйымының азық-түлік қауіпсіздігі бойынша құрылтай сессиясы өтті. Осы ұйымдағы төрағалық азық-түліктің өңірлік және әлемдік нарығында Қазақстанның позицияларды ұлғайту стратегиясына толығымен жауап береді.

2016 жылы ауыл шаруашылығы өнімдері мен Қазақстаннан экспортқа шығарылатын өнімдер 5%-ке өсті. Астық өнімдері рекордтық көрсеткішке жетті, ал астық экспорты ширектен астам көлемге ұлғайды. Аграрлық сектордың өсуі 2017 жылы да жалғасын тапты.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, Қазақстанның қоғамдық өмірінде жер мәселесі ерекше орын алады. Ауылшаруашылық жерлері республикада 100 миллион гектардан астам аумақты қамтиды. Сонау 2003 жылы

ұзаққа созылған қызу пікірталастардан соң ауылшаруашылық жерлерін тек қана Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларға жеке-меншікке беру, сондай-ақ шетелдік азаматтарға жалға беру құқығы қабылданды. Бұл ретте, 2010-шы жылдардың ортасына қарай шетелдіктер жалға алған барлық жер көлемі 0,1 проценттен төмен болды. 2015 жылдың бас кезінен бастап шетелдік азаматтар жерді жалға алудың мерзімін 10 жылдан 25 жылға дейін созуға мүмкіндік алды. Алайда әкімдіктерден осы норма бойынша шетелдіктерге жалға жер беру туралы бірде-бір құжат түскен жоқ. Солай бола тұра, 2016 жылдың сәуір айында қоғамда мұндай жалға беру, сондай-ақ меншікке сату келеңсіз салдарларға ұшыратуы мүмкін деген қауіп пайда болды.

Азаматтардың алаңдаушылығына түсіністікпен қарап, заңнамадағы өзгерістерді түсіндіру мақсатында сөз сөйледім. 2016 жылдың 6 мамырында «Жер заңнамасының кейбір нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы» Жарлыққа қол қойылды, барлық күдік сейілді. Жер заңнамасының бойынша мәмілеге қол жеткізу үшін жер реформасы бойынша арнайы комиссия құрылды. Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге және агроөнеркәсіп кешеніне, реформаларды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат жалғаса беретін болады.

2017 жылғы Жолдауда экономикалық өсудің драйвері ретіндегі агроөнеркәсіптік кешеннің жаңа рөлі атап өтілді. Қазақстанды алдыңғы қатарлы аграрлы держава дәрежесіне жеткізу және әлемдік азық-түлік нарығында лайықты орын алу міндеті қойылды. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін Агроөнеркәсіптің кешенді дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы дайындалды. Оның негізгі басымдықтары – ішкі нарықты толтыру және отандық өнімдердің экспорттық әлеуетін дамыту, ұсақ және орташа шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперацияларына тарту, су ресурстарын тиімді пайдалану және сауда-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту.

Отандық ауылшаруашылық өнімдерін қолдауға және агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік саясат одан әрі жалғаса береді.

«Нұрлы жол»: көлік инфрақұрылымын дамыту

Қазақстан өзінің аумағы бойынша әлемдегі ірі мемлекеттердің қатарына кіреді. Солай бола тұра, халық тығыздығының төмендігінен біздің зор кеңістігімізде тұрғындар саны аз. Қалалар мен елді мекендердің арасы ұлан-ғайыр. Тарихтың қай кезеңінде де көлік мәселесі өте өткір болды. Бұл

мәселенің шешімін табу – мемлекеттің алдында тұрған өзекті стратегиялық міндеттердің бірі.

«Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде 2019 жылға қарай бірыңғай көліктік және энергетикалық жүйе құрылатын болады. Ең бастысы, Қазақстан экономикасының біртұтас ұлттық нарыққа интеграциялануы – бірігу үдерісі өтеді. Бағдарлама инфрақұрылымдық саланы индустриалды дамумен бір мезгілде белсендіру, сөйтіп халықты жұмыспен қамтуды жалғастыру және өңірлерге жаңа мүмкіндіктер ашу үшін индустриаландырудың екінші бесжылдығымен үйлестірілді.

«Нұрлы жол» бағдарламасының аясында 7 мың шақырым автомобиль жолын қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды, соның ішінде аса маңызды: «Орталық – Оңтүстік» (Астана – Қарағанды – Алматы), «Орталық – Шығыс» (Астана – Павлодар – Өскемен) және «Орталық – Батыс» (Астана – Ақтау) жол тораптары бар. Астанадан Алматыға дейінгі жаңа жол Балқаш көлі арқылы өтетін көпір құрылысының арқасында 200 шақырымға қысқарады. Астана – Теміртау, Астана – Қостанай – Челябин, Астана – Петропавл, Павлодар – Омбы, Бейнеу – Шетпе автожолдарын қалпына келтіру аяқталды. «Нұрлы жол» бағдарламасының арқасында тек 2016 жылдың өзінде 100 мыңнан астам жұмыс орны ашылды, сондай-ақ 2 мың шақырымнан астам инженерлік желі тартылды. Бұл жолдар қазақстандықтардың талай ұрпағына қызмет ететін болады.

Біздің тарихымызда қазіргі кездегідей шетсіз-шексіз даламызды қамтыған жолдар салынған жоқ. Бүгінгі күні Шымкенттен Алматыға жылдам келуге болады. Шымкенттен Ақтөбеге, одан әрі Ресейге Астана мен Бурабайдың арасындағы жолмен жүргендей, көзді ашып-жұмғанша жетіп барамыз. Жаңа автомагистралдар Қытай шекарасынан Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе арқылы басталып, ұзақтығы 2787 шақырымдық жолмен Ресейге тікелей шыға алады. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша Астанадан Қазақстан аймақтарына автожолдар жан-жаққа қым-қиғаш тарап болып салынып жатыр. Бұл – ұрпақтан-ұрпаққа жететін іс. Экономиканы дамыту үшін өзара жылдам іс-әрекет аса маңызды. Жүк тез жеткізіліп, адамдар кедергісіз қарым-қатынасқа қол жеткізуі тиіс. Бұрын Астана мен Алматының арасына пойыз 26 сағат жүретін болса, қазір біз бұл жолды «Тальго» пойыздарымен 11 сағатта-ақ еңсеріп тастаймыз. Бұл барлық жерде осылай жүріп жатыр.

2010-шы жылдары біртіндеп Қазақстанның ішкі темір жол желісі кеңейтіле бастады. 2014 жылдың тамыз айында жүк пойыздары өтетін Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл темір жол желілері пайдалануға берілді. 2016 – 2017 жылдары Алматы – Шу екінші темір жол желісі салынып, оның

тасымалдау әлеуеті екі есеге ұлғайды. Қазақстанның темір жол желілерінің құрылымы оңтайлы бола түсті, ұлттық қажеттілік пен еуропалық мол мүмкіндіктерді біріктірген салаға айналды.

Бұл желілердің іске қосылуының тиімділігінен көлік шығындары азайды, жету мерзімдері қысқарды. Демек, елдің инфрақұрылымдық әлеуеті артты деген сөз. Жаңа темір жол жобалары Қазақстанның ішкі көлік логистикасын әжептәуір жақсартты, Солтүстік – Оңтүстік және Шығыс – Батыс бағыттарындағы жүк тасымалы тасқынының халықаралық бағдарын оңтайландырды.

2013 жылы Қазақстанда Каспийге жүк тасымалдайтын кеме қатынасы компаниясы құрылды, ал 2015 жылы Ақтау айлағы ұлғайтылды. Құрық айлағындағы алғашқы паром кешені 2016 жылдың желтоқсанында іске қосылды. Оған тартылған темір жол құрылысы аяқталды, автомобиль жолы салынып жатыр.

Қазақстандағы көлік қатынасының дамуында әуе қатынасы маңызды орынға ие. Ұшу-қону жолақтары мен жолаушылар терминалдарын қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. 2015 жылдың тамыз айында ішкі желідегі «Qazaq Air» алғашқы жаңа қазақстандық әуе компаниясының рейсі іске қосылды. Негізгі ұлттық тасымалдаушы «Air Astana» алға қарай жаңа қадам басты: 2015 жылы желтоқсанда компания Еуроодақ елдеріне кедергісіз ұшу құқығына ие болды.

2010 жылдары, әсіресе Қазақстанның ұлттық инфрақұрылымдарының халықаралық көлік жүйесіне интеграциялануы аса қарқынды жүрді.

Еуразиялық трансқұрлықтық бағыттар

2012 жылдың мамыр айында Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысында мүлде жаңа көлік жүйесін – Қытай мен Еуропа аралығындағы Қазақстан арқылы өтетін «Жаңа Жібек жолы» бәсекелік жобасын құруды ұсындым.

Қазақстанның бастамасы үлкен қызығушылық туғызды. 2013 жылдың қыркүйегінде ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Назарбаев Университетінде сөз сөйлеп, тыңдаушыларға Жібек жолының экономикалық белдеуі жобасын жайып салды.

Біздің диалог 2014 жылдың мамыр айына дейін, Шанхайда өткен АӨСШК саммитінде жалғасты, мұнда жаңа Жібек жолы Азия мен Еуропаны жалғастыра отырып, әлемдегі ең ірі көлік жүйесіне айналады деген ойымды баса айттым.

Стратегиялық көрегендік Қазақстанның болашаққа – жаңа, бұрын-соңды болмаған трансконтиненталдық маршруттарға көз тігуіне мүмкіндік берді.

Қазақстанның ең ірі автомобиль жолдары жобасы – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» (Ляньюньган – Чженчжоу – Ланьчжоу – Үрімші – Қорғас – Алматы – Қордай – Тараз – Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орынбор – Қазан – Мәскеу – Санкт-Петербург) халықаралық көлік дәлізі болды. Жалпы ұзындығы 8 мың шақырымға созылатын бұл дәліз – ҚХР-дан ЕАЭО елдеріне автомобиль тасымалдарын, содан соң Еуропаға жүк жеткізуді жылдамдатады. Бұған Орталық Азия елдері де қол жеткізе алады. 2016 жылдың аяғында дәліздің қазақстандық бөлігінде қозғалысқа жол ашылды.

2014 жылы мамыр айында жас Қазақстан үшін ерекше оқиға болды. Си Цзиньпин екеуіміз Ляньюньган (ҚХР) Тынық мұхит айлағында қазақстандық логистикалық терминалды салтанатты түрде аштық. Тап осы жерде батысқа, Қазақстанға қарай жүретін автомобиль және теміржол тораптары басталады. Ляньюньгандағы логистикалық терминал Қазақстанның Тынық мұхит өңіріне тікелей шығуына мүмкіндік берді, жол үш есе қысқарды. Ляньюнь арқылы Корея мен Жапонияға теңіз қатынасы жолы ашылады.

2014 жылы желтоқсан айында ҚХР шекарасы жанындағы «Қорғас – Шығыс қақпалары» құрғақ айлағын іске қосу жұмысы басталды. 2020 жылға жоспарланған жүк өңдеу көлемі – 4,4 миллион тонна. Құрғақ айлақтың инфрақұрылымы толығымен жасалған, темір жол және автомобиль жолдарымен байланыса отырып, Еуропа мен Азияға жетудің ең қысқа жолын қамтамасыз ететін маңызды логистикалық торапқа айналды.

Ляньюньган айлағындағы қазақстандық терминал, «Қорғас – Шығыс қақпалары» құрғақ айлағы және Ақтау теңіз айлағы – бұлар Қазақстанның табандылығының арқасында пайда болған трансконтиненталды жүйенің маңызды тіреуі. Бұл торапты нүктелер Қазақстанға жүк жеткізуді де, транзиттік тасымалды да қамтамасыз етеді. Ляньюньган айлағындағы Қазақстанның логистикалық аймағы ғана Қазақстан территориясы арқылы өтетін жүк тасымалы нөпірін 7 есеге өсіреді. Кең көлемді ынтымақтастықтың нәтижесінде 2011 жылдан бастап, Қытай – Қазақстан – Ресей – Беларусь – Еуропа бағытында контейнерлі пойыздар тұрақты түрде 12-15 тәулік ішінде қатынай бастады. Егер жүк Қытайдан Еуропаға Оңтүстік теңіз жолы арқылы 45-60 күнде, Солтүстік теңіз жолы арқылы 33-35 күнде жеткізілсе, ал Транссібір торабы небәрі 18-20 күн ішінде жеткізеді.

Қазақстан арқылы ҚХР – ЕО – ҚХР контейнерлік тасымалы 2016–2017 жылдары екі есе өсті. 2020-шы жылдардың аяғына қарай Қазақстан арқылы

өтетін транзитті контейнерлік пойыздар саны онжылдықтың басымен салыстырғанда 40 есе өседі деп болжауға болады. Қазақстан арқылы әуе көлігімен өтетін транзитті жолаушылар тасқыны 2010-шы жылдармен салыстырғанда 20 есе өсті.

Қытайдан Иранға Қазақстан арқылы өтетін контейнерлі маршрут іске қосылды. Қытайдан Қазақстан, Каспий теңізі, Әзербайжан, Грузия, Түркия арқылы Еуропаға баратын транскаспий бағыты бойынша жұмыстар жүргізілді. 2015 жылдың шілдесінде Каспий арқылы асатын алғашқы контейнерлі «Nomad Express» пойызы іске қосылды.

Келешекте – Қытай, Қазақстан, Ресей, Беларусь (Бейжің – Үрімші – Алматы – Астана – Қазан – Мәскеу – Минск) елдерін жалғастыратын, ұзындығы 7,7 мың шақырым болатын халықаралық жоғары жылдамдықтағы темір жол құрылысы басталмақ.

2010-шы жылдары жаһандық логистика индексіне Қазақстанның рейтингі жоғарылады. 2016 жылы Қазақстан 160 елдің арасында 77 орынға көтеріліп, ЕАЭО пен ТМД-нің барлық елдерінен озық тұрды.

Болашақта, ХХІ ғасырда Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы коммуникациялық ағындар торабында тұрақты орын алатын болады. Демек, осы бірегей жағдайды ел мұраты мен халықаралық қауымдастық мүддесі үшін барынша тиімді пайдалану қажет.

Тап осы себепті, 2015 жылғы Астана экономикалық форумында мен жоғары жылдамдықтағы мультимодальды көлік маршрутын – Еуразиялық трансконтиненталды дәліз құру туралы ұсыныс жасадым. Бұл жобаның күретамырлары Қазақстанның автомобиль және темір жол қатынастары болмақ. Қазақстанның ауқымды бастамасы ЕАЭО мен Жібек жолы экономикалық белдеуінің келешектегі жоспарларына толығымен сәйкес келеді.

Екінші индустриалды бесжылдық

392

2015–2019 жылдарға арналған Индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік жоспары Бірінші бесжылдықтың қисынды жалғасы болды және оның тәжірибелері ескерілді.

Екінші бесжылдық күрделі экономикалық жағдайда басталды. Ресей рублінің құнсыздануы және ішкі нарықтағы сұраныстың азаюы 2015 жылы іске қосылған бірқатар индустриалды жобалардың толық қуатпен жұмыс істемеуіне алып келді. Бұл жағдайда Үкімет кәсіпорынның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін айтарлықтай жұмыс атқарды.

Сыртқы сын-қатерлердің қысымы күшейіп тұрған жағдайда, 2015 жылы шілдеде мен Екінші бесжылдықтың неғұрлым нақтыланған жұмыс жоспарын жасадым. Алдыңғы қатарға – металлургиялық кешен, тамақ және химия өнеркәсібі, өнеркәсіп құрал-жабдықтары, құрылыс материалдары шықты. Бұл ретте, мемлекет тек өміршең жобаларды ғана қаржыландырады. Өңірлік деңгейде оларды кәсіпкерлердің Ұлттық палатасы әкімдердің қатысуымен іріктейді. Палата – жобаның сапасына, ал әкімдік инфрақұрылымға қол жеткізуге жауап береді.

2015 жылдың шілдесінде алюминий (Алматы облысы), полимер өнімдері (Атырау облысы), кеуекті титан (Шығыс Қазақстан облысы), ауыл шаруашылығы, көлік және коммуналдық техника (Солтүстік Қазақстан облысы), Daedong корей компаниясымен бірлескен трактор шығару (Оңтүстік Қазақстан облысы) өндірісі іске қосылды. Қайта қалпына келтірілген №3 домна пеші (Қарағанды облысы), күн сәулесінен қуат алатын «Solar-1» электр стансасы (Жамбыл облысы), Каспийдегі Құрық айлағына апаратын Боржақты – Ерсай теміржолы (Маңғыстау облысы) жұмысын бастады.

Менің нық сенімім бойынша, индустриаландыру – әлемдегі ең дамыған елдердің қатарына қосылу үшін қажетті бүкіл экономикалық саясаттың түпқазығы. Сондықтан 2015 жылғы қараша айындағы менің Жолдауымның басты тақырыбы – инновациялық индустриаландыру аясында құрылатын жаңа экономикалық секторлар болды. Менің пайымдауымша, бұлар – экономикалық өсудің драйверлері. Мен Үкіметке осындай салаларды құратын жобаларды анықтауды, ал олардың технологиялар мен нарыққа қол жеткізуі үшін трансұлттық корпорацияларды тартуды тапсырдым.

Әлемдік экономиканың даму үрдісін ескере отырып, 2016 жылдың қыркүйегінде Екінші бесжылдық бағдарламасына түзетулер енгізілді. Өңдеуші өндірістің маңызды векторлары болып – экспорттық бағыт пен еңбек өнімділігі айқындалды.

2016 жылы металлургия, мұнай өңдеу, машина жасау, құрылыс индустриасында ірі сала түзуші өндіріс құрылды. Өңдеу саласына тартылған шетелдік инвестиция мөлшері артты. Бір жылдың ішінде 130 индустриалды жобалар қатарға қосылды, 10 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Олардың ең бастылары: Қарағанды облысындағы Көктасжал мыс, алтын, күміс концентратын өндіру комбинаты; Алматы облысындағы шойынды қайта құю кешені; Маңғыстау облысындағы бұрандалы қосылыстар зауыты; Батыс Қазақстандағы экокласты бензин өндірісі; Оңтүстік Қазақстан облысындағы құю зауыты.

Атырау облысындағы Қашаған кен орнынан мұнай өндіруді қайта жаңарту аса маңызды болды. Бұл кен орнының ашылуы – әлемдік энер-

гетика саласында 50 жылдың ішінде болған ғаламат оқиға еді. Енді оның тезірек жобалық қуатпен жұмыс істеуін қамтамасыз ету маңызды болды.

2017 жылы Павлодар облысында темір жол доңғалақтары өндірісі мен Қызылорда облысындағы табақ шыны өндірісі жолға қойылды. Индустриаландырудың алты жылы ішінде елде 900 жаңа кәсіпорын қатарға қосылды, бұлар, сөз жоқ, қазақстандықтардың жағдайын жақсартта түсті.

2010 жылдан бастап, өнім өңдеуші секторға тартылған инвестиция көлемі 26 миллиард доллардан асты. Тікелей шетелдік инвестицияның әрбір бесінші доллары өнім өндіруге жұмсалады. Қазіргі таңда қазақстандық өнімдер 112 елге экспортқа шығарылады. 5,5 триллион теңгенің 1080 жобасы енгізілді, 101 мың тұрақты жұмыс орындары құрылды. Еліміздің экономикасының қуат сыйымдылығы 15 проценттен аса төмендеді.

Ілкімді ұмтылыс нәтижесінде, Қазақстан ІЖӨ-ні 3 есеге жуық (2009 жылғы деңгеймен – 17-ден 46,9 триллион теңгеге дейін) өсірді, өнеркәсіп 2 еседен аса өсті (9,1-ден 19 триллион теңгеге дейін), өңдеуші кәсіпорын 2,7 есе өсті (2,9-дан 8 триллион теңгеге), жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны 188,8-ден 236,1 мың бірлікке дейін, инновациялық өнімдерді өндіру 5 есе (82,6-дан 445,8 миллиард теңгеге дейін) артты.

Жаңа инвестициялық саясат

2011 жылы-ақ Қазақстан ІЖӨ-нің инвестицияға арақатынасы бойынша алдына тек Үндістан мен Қытайды салып, әлемде үшінші орынға көтерілді. Бұл мемлекеттің инвестициялық саясатқа ерекше көңіл бөлетінін айғақтайды.

«Қазақстан-2050» стратегиясында экономикалық саясаттың жаңа бағытының басты принциптері – инвестицияның табыс әкелуі және өзін-өзі ақтауы деп атап көрсетілген болатын, сондай-ақ еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру үшін қолайлы инвестициялық климат қалыптастыру жөнінде мәселе қойылды.

Бұған қажетті барлық сыртқы және ішкі жағдайлар жасалды. Бүгінде баршаға белгілі, бейбітшілік пен келісім саясаты тікелей экономикалық әсер береді. Ішкі тұрақтылық инвесторлардың сенімін бекіте түсуге септігін тигізеді. Қазақстан сондықтан да инвестиция тарту бойынша көшбасшы, өйткені елімізде бейбітшілік пен келісім орныққан. 2014–2015 жылдары бірқатар елдерде болған оқиғалар мен қақтығыстар менің айтқан сөзімнің ақиқатына ден қойғызады.

Ресми сапарларымның барысында жетекші мемлекеттердің басшыларымен үнемі ынтымақтастық пен инвестиция туралы келіссөздер жүргізіп

келемін. Тек соңғы жылдарда ғана тиісті келіссөздер Ұлыбританиямен, Франциямен, Германиямен, Түркиямен, Иранмен, Кореямен, Сингапурмен, Малайзиямен, Индонезиямен, Катармен және басқа да елдермен арамызда жүзеге асты.

2013 жылы Қазақстанға инвестиция тарту үшін қолайлы деп табылатын елдердің тізімі жасалды. 2014 жылы маусым айында инвестициялық заңнамаларға өзгерістер енгізілді. Дамыған елдердің азаматтары үшін визасыз режим жүйесі іске қосылды.

Алайда жаңа жаһандық ахуал жағдайында мұның өзі аздық ететін еді. 2015 жылғы Жолдауымда мен жаңа инвестициялық саясаттың қажеттігі туралы баса айттым және Үкіметке инвестициялық климатты жақсартуға байланысты, әсіресе трансұлттық корпорацияларды тартуға қатысты жоспар жасауды тапсырдым. Бұл бағыттағы барлық реформалар ЭЫДҰ-мен және халықаралық қаржы институттарымен бірлесе жүргізілуге тиіс болды. Инвесторлармен жұмыс жүргізу үшін Инвестиция жөніндегі үкіметтік комиссия құрылды, ал өңірлерде жергілікті маңызы бар жобалар үшін баламалы кеңестер құрылды.

Шетелдік инвестицияларды әртараптандырудың маңызы ерекше болды, әрі бірінші кезекте шикізаттық емес, экспортқа лайықталған және жоғары технологиялық өндірістердің өніміне деген қызығушылықты ояту қажет болды. Бұл үшін әлеуетті инвесторлармен жеке келіссөздер, қоян-қолтық жұмыстар жүргізу күн тәртібінде тұрды.

2016 жылы мамыр айында Астана экономикалық форумында біз алдыңғы қатардағы трансұлттық корпорациялармен іскерлік байланыстар орната алғанымызды жарияладымыз. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанға 255 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Бұл – біздің елімізге және жүргізілген реформаларымызға деген сенімнің көрінісі. Неғұрлым ірі инвесторлар қатарында Еуроодақ пен АҚШ бар.

Енді әлеуетті инвесторлар өз елдерінде отырып-ақ қажетті ақпараттарды алуына болады. Американың, Еуропаның және Азияның жетекші елдеріндегі Қазақстанның бірқатар елшіліктерінде өңір бойынша өкілеттіктері бар инвестиция жөніндегі кеңесшілер тағайындалды. Бұдан өзге Майндағы Франкфурт, Ыстанбұл, Бейжің, Вашингтон және басқа қалаларда «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестиция жөніндегі Ұлттық агенттіктің өкілдіктері ашылған.

2016 жылы шетел инвестицияларын тартуда ең жоғары көрсеткішке қол жеткіздік – 14 миллиард доллардан астам (бұрынғы көрсеткіш – 13 миллиард 2008 жылы, әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс басталғанға дейін болған) инвестиция келді. Негізгі инвестициялар тау-кен өндіру және

өңдеу кәсіпорындарына, геологиялық барлау жұмыстарына бағытталды. Бұл – жаһандық бизнес Қазақстанның тұрақты болашағына толық сенім білдірді деген сөз.

Әрине, қолайлы инвестициялық климатты қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс жалғаса беретіні күмәнсіз еді. Ұлт жоспары бойынша, неғұрлым қолайлы жағдайлар ЭЫДҰ стандарттарына лайықты инвестиция тарту үшін жасалады.

Экономикалық саясаттың нәтижелері: 2010-шы жылдар

2010-шы жылдардың басында, 2007–2009 жылдардағы дүниежүзілік дағдарыстан аман шығып, Қазақстан экономикасы тағы да өзінің елеулі түрде өсімге қол жеткізгенін байқатты.

2011 жылы Қазақстанда ІЖӨ-нің өсуі 7,5 процент болды. Еліміз ІЖӨ және инвестиция бойынша әлемде Үндістан мен Қытай сияқты алыптарды алға салып, үшінші орынға көтерілді. 2012 жылы еліміздегі ІЖӨ-сі тағы да өсті – 6%.

2012 жылы желтоқсан айында Қазақстан ІЖӨ-нің көлемі бойынша экономикасы дамыған 50 ірі елдің қатарына кірді. Ал 2013 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 148 елдің арасында 50-ші орынды иеленді (Италия мен Португалияның ортасында). Бұл рейтингтегі ең жоғары көрсеткішке 2015 жылы қол жеткізілді, онда Қазақстан 42-ші орынға (Польша мен Италияның ортасында) көтерілді.

Ең үлкен мақсат – әлемдегі дамыған елу елдің қатарына ену – негізінен жүзеге асты. Көптеген сарапшылардың пікірінше, Қазақстан ғаламат және таңғаларлық жолмен жүріп өтті. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында біз бірде-бір әлемдік рейтингке енбеген едік.

Елдің алға басуының интеграциялық көрсеткіші – ішкі жалпы өнім – Қазақстанда Тәуелсіздік жылдарында 12 есе өскен. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде мұндай көрсеткіштерге санаулы елдер ғана қол жеткізген.

Күрделі жаһандық жағдайлар кезінде Қазақстанның ұдайы алға жылжуы экономиканың өсуі арқылы қамтамасыз етілді: 2013 жылы ІЖӨ 6% көтерілді, ал 2014 жылы 4,3% өсті.

2015 және 2016 жылдар оңай болған жоқ: экономикаға әртүрлі жағымсыз үрдістер әсер етті. Дегенмен Еуразиялық экономикалық одақ елдерін-

дегі тұрақсыздық пен күнкөріс деңгейінің төмендеуі жағдайында да Қазақстан 2015 жылдың қорытындысы бойынша ІЖӨ-нің өсуін (1,2%) сақтап қалды, ал 2016 жылы 1% болды. Бұл көрсеткіштер алдындағы жылдармен салыстырғанда қарапайым болып көрінуі мүмкін, алайда оның қалай қол жеткізілгенін де есепке алынуы керек. Дүниежүзілік банктің ІЖӨ жан басына шаққандағы рейтингінде 2016 жылы Қазақстан 43-ші орыннан көрінді.

2015–2016 жылдары экономиканың жалпы тұрақтылығын сақтап қалудың өзі – Үкіметтің нақты қолданған дағдарысқа қарсы, үйлестіруші шаралары дұрыс бағытта болғанын айғақтайды. 2016 жылғы ІХ Астана экономикалық форумында атап көрсеткенімдей, біз ұзақ жылдарға арналған өркендеу мен тұрақтылықты табиғат байлығына қатысты алып отырған жоқпыз. Негізгі бағыт – экономикалық өсімнің жаңа драйверін қалыптастыруға және жалғасты индустриаландыруға байланысты белгіленді.

Экономикалық дамудың кілті бизнес үшін жағдайды жақсартудан табылды. 2015 жылы ЕАЭО жұмыс істей бастады, Қазақстан ДСҰ-ға кірді. Мұның өзі қазақстандық экспорттаушылар үшін де, шетел инвесторлары үшін де жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Бизнес үшін қолайлы жағдай жасаушы елдердің дүниежүзілік рейтингінде (Doing Business) Қазақстан 2015 жылы 41-ші орынды алды, ал 2016 жылы 35-ші позицияға дейін (34-ші орынды Жапония иеленді) көтерілді.

Екінші индустриалдық бесжылдық, «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық бағдарламасы және «100 нақты қадам» Ұлт жоспары Қазақстанның жаңа жаһандық ахуалға бой үйретудің алғашқы, күрделі кезеңінен сенімді өтуіне көмектесті деп тұжырымдауға болады.

2010-шы жылдардың екінші жартысындағы экономикалық болжамдарды үкімет әртүрлі сценарийлер бойынша – бағаның мұнайға қатысты және Қазақстанға тәуелді емес басқа да конъюнктураға байланысты жасады. 2017–2018 жылдары индустриаландырудың әсерімен, сұраныстың және шикізат бағасының көтерілуімен экономикалық өсу жеделдейді деп күтілді.

Дегенмен біз әлемдік нарықта ұзақмерзімдік тұрақтылық бола қоймайтынын әрдайым айқын сезініп, сабырмен қабылдадық. Сыртқы жағдайлар алдағы уақытта да тез өзгермелі болады. Қолайсыз конъюнктураға қарамастан, мемлекеттің кез келген күтпеген бұрылыстарға дайын болуы экономиканы тұрақты дамытуды қамтамасыз етті.

2017 жылы жағдай біртіндеп жақсара бастады: нақты экономика қалпына келтірілуде, елімізде ішкі жалпы өнім 4 процентке өсті, яғни 2014–2016 жылдардағы қатал кедергілерге қарамастан, Қазақстан қайтадан өсу траекториясына шығады.

6. ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН ТЕР ТӨККЕНДЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУ

Жалпыға ортақ еңбек формуласы – бәсекелік қабілет негізі

Индустриалды-инновациялық дамумен бірге 2010-шы жылдардың бас кезінде Қазақстанда жалпыға ортақ еңбектің прагматикалық тұжырымдамасының ұсынылуы заңды еді. Индустриалды секірісті бастаған ел міндетті түрде өнімді, тиімді, ортақ еңбектің мәртебесін көтеруге тиіс болды. Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың келуі еш күмән туғызбады: тұтынудың шексіз ұлғаюы бағдар бола алмады. Тіпті әлемдік дағдарыстың басты себептерінің біріне айналды.

2012 жылдың жазында «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаламда прагматизм қағидаттарын ұсынып, қатаң әлемде өмір сүру үшін біздің экономикалық және әлеуметтік саясат бәсекеге қабілетті және жалпыға ортақ еңбектің күшті қоғамын құруға бағытталуы тиіс екенін атап айттым. Мемлекет әлеуметтік саясатты жақсартуға күш салуда, нақтылы өндіріске, еңбек қарым-қатынастарының сапасына қолдау білдіреді, реформалардың арқасында мыңдаған жұмыс орындарын құрады. Алайда тұрғындар мұндай жаңалықтарға, өзінің біліктілігін көтеруге немесе жаңа мамандық алуға дайын бола бермейді. Бәсекеге қабілетті ұлт боламыз десек, мұндай енжарлықтан, масылдық психологиядан арылуымыз қажет. Жаңа мамандықтарды игеріп, қай жерде жұмыс бар, соған қарай ұмтылу қажет. Мұндай тәжірибелер Еуропада, Америка мен Азияда бар.

398

Тұтынушы қоғамға конструктивті балама – жалпыға ортақ еңбек қоғамы. Айтпақшы, біз ешқандай да ерекше идеологияны ойлап тапқанмыз жоқ. Түптеп келгенде, әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары мен мәдени байлықтары виртуалды қаржылық тетіктермен емес, адам қолымен жасалған. Сондықтан нақтылы өнімді еңбекті біз әлеуметтік жаңғырту саясатының негізі етіп алуымыз керек.

Менің ойымша, либералды да, сол сияқты социалистік бағыттағы да қиялшыл идеялар өткен ғасырдың еншісінде қалады. Әлеуметтік реализм іс

жүзіндегі векторға айналады. Шындықты мойындайық: болашақта ХХІ ғасырда тек еңбек қана барлық қазақстандықтардың әл-ауқатқа және жаңа өмір сапасына қол жеткізуін қамтамасыз ете алады.

Жалпыға ортақ еңбек формуласы жай ғана абстракция емес, нақты іс жүзіндегі мәнге ие. Ол маған тіпті етене жақын, өйткені мен өзімнің кәсіби мамандығымды жұмысшы-металлург ретінде бастадым. Бұл еңбек мектебін қанша жыл өтсе де ұмыту мүмкін емес.

Еңбек қатынастарының жаңа үлгісі

2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстанның басты бағыты» Жолдауы әлеуметтік саладағы жаңғырту үдерістеріне қуатты серпін берді. Алайда іс жүзінде мәселенің «сеңі» қозғалып, одан әрі дамыту қажеттілігі туындады. Сондықтан да бүкіл мемлекеттік ұйымдар басшылыққа алатын әлеуметтік жаңғырудың жалпы үдерісінің бірыңғай түсінігін анықтау маңызды еді. Әрі бұл түсінік жалпы халыққа қолжетімді болуы қажет.

Біз әлеуметтік жаңғырудың мақсатын Қазақстанның қазіргі экономикалық дамуы мен қоғамдық игілікті қамтамасыз етудің арасындағы оңтайлы теңгерім ретінде белгіледік. Менің ойымша, әлеуметтік жаңғыру – нақтылы экономикаға негізделген жағдайда ғана табысқа ие болады – «индустриалды-инновациялық дамудан тыс ешқандай жаңғырту жүзеге аспайды».

Әлеуметтік мәселелерді «содан кейінге» қалдыруға болмайтын еді, сондықтан еңбек қатынастарының тиімді моделін жасау жедел қолға алынды. Бұл шараның алғашқы қадамы «Кәсіподақтар туралы» заң жобасы болды. 1993 жылғы бұрынғы заңда ұжымдық келісімшарт жасасудың тетігі қарастырылмаған еді, сондықтан кәсіподақтарда еңбек дауларын шешудің тиімді құралы болған жоқ. Мен қолданыстағы заңда жұмыс берушінің еңбек жағдайларының нашарлауына, кәсіпорында даулы мәселелердің туындауына, ұжымдық келісімшарттардың орындалмауына, еңбекақының кешіктірілуіне жауаптылығы жеткілікті қарастырылмағанына назар аудардым және заңнамаға қажетті өзгерістер енгізуді талап еттім.

«Қазақстан-2050» стратегиясында Үкіметке жұмыспен қамтудың тетігін жаңғырту мәселесін тапсырдым. Еңбек қатынастарының жаңа моделі жұмысшылардың мүддесін көздей отырып, кәсіпкерлікті қолдаумен ұштауы тиіс, ал жаңа заңдар жұмыс берушімен арадағы оң қарым-қатынасты қамтамасыз етіп, еңбек дауларын туындатпауы қажет.

2013 жылдың шілде айына таман ірі және орташа кәсіпорындардың 80 процентінде ұжымдық шарт жасалды. Әлеуметтік климатты зерттеу мақсатында мониторинг жарияланып, еңбекті қорғау артты, еңбекақы бойынша қарыздар мен дау-дамайлардың түп мәні анықталды.

«Кәсіподақтар туралы» жаңа заң 2014 жылдың шілдесінде күшіне енді. Еңбек ұжымдарының мүддесін қорғайтын өкілдер ретінде кәсіподақтар әлеуметтік әріптестік бойынша үшжақты комиссиялар құрамында болып, еңбек дауларын реттеуге қатыса бастады.

Ұлт жоспары бойынша 2016 жылдың қаңтарынан бастап, Қазақстанда жаңа Еңбек кодесі қолданысқа енгізілді. Бұл маңызды құжат жұмысшылар мен жұмыс берушілердің өзара қатынасын мүлде жаңа қырынан қалыптастыратын Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) және ЭЫДҰ-ның стандарттарына негізделді. Еңбек келісімшартын өзгерту шарасы икемді бола түсті, үшжақты комиссияның құқықтары айтарлықтай молайды. Еңбек ұжымдарында өзін-өзі басқару, сондай-ақ ұжымдық келіссөздер жүргізу тетіктері қарастырылды. Еңбек дауларын шешудің құқықтық мәселелері бойынша жұмыстар жалғастырылуда.

Еңбек адамы үшін ең басты нәрсе – жұмыс орнын сақтау екенін жақсы білемін. Менің талап етуім бойынша, дағдарыс кезінде аймақтарда әкімдіктер мен жетекші кәсіпорындар арасында жұмыс орындарын сақтау туралы меморандумдарға қол қойылды. Зиянды өндіріс ошақтарының жұмысшыларына ерекше көңіл бөлінді: 600 мыңнан астам адам өтемақыға қол жеткізді.

Қазақстандағы миллионнан астам азаматтық қызметкерге – мұғалімдер, дәрігерлер, мәдениет, әлеуметтік сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа моделі еңбек қатынастарын нығайтуда зор мәнге ие болды.

Бұл жаңа модель бойынша азаматтық қызметкерлер төрт санатқа бөлінді: басқарушы, негізгі, әкімшілік және көмекші персонал. Осылай жіктеу кәсібилікті арттырып, біліктілік дәрежесіне қарай еңбекақыны көтеруге мүмкіндік берді.

400 2012 жылдың шілде айында-ақ министрлер мен әкімдерге әлеуметтік жаңғыртуды индустриаландырудан бөліп алып қарастыруға болмайтынын, қазақстандықтардың өмірі мен әл-ауқаты туралы мәселе туындаған жерде белсенді әрі айқын әлеуметтік саясат болуы тиіс екенін ескерткен болатынын.

Қазақстанның осындай сарабдал саясатының арқасында, 2016 жылы Әлемдік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттілік индексында Қазақстан еңбек нарығындағы тиімділік бойынша 18-орыннан көрінді.

Жалпыға ортақ еңбек қоғамына бастар қадамдар

2050 жылғы Қазақстан – Жалпыға ортақ еңбек қоғамы екеніне кәміл сенемін. Бұл формула – еліміздің келешек көкжиегі.

Жалпыға ортақ еңбек – 2050 жылғы Қазақстанды жасауға әрбір және барлық азаматтардың қатысуы. Бұл – жаңа мамандықтарды игеруге деген ұмтылыс, масылдық емес, жасампаз өмір салты. 2013 жылғы желтоқсанда Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында мен еңбекке «ұлттық байлықтың түп негізі» деп нақты сипаттама бердім.

2014 жылы қыркүйек айының соңғы жексенбісінде Қазақстан алғаш рет Еңбек күнін атап өтті. Бұл күні өз ісінің шеберлерін дәріптеп, барлық ерен еңбектің иелеріне, еңбекшілерге құрмет көрсетіледі. Алғашқы Еңбек күні мерекесінің қарсаңында Астана қаласында республикалық форум өтті, онда жұмысшы мамандығының үздік өкілдері «Еңбек ардагері» жаңа төсбелгісімен марапатталды.

2014 жылдың желтоқсанында индустриаландырудың бірінші бесжылдығының қорытындылары бойынша өткен телекөпірде Қазақстанда XXI ғасыр талабына орай әлеуметтік-еңбек қатынастарының жаңа моделі қалыптасып келе жатқаны туралы сөз болды. Сол кезде-ақ өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы озаттары үшін «Еңбек даңқы» орденін тағайындау туралы шешім қабылдағанымды хабарладым. Бұл орденнің барлық үш дәрежесінің иесі «Еңбек Ері» – «Қазақстанның Еңбек Ері» мәртебесіне теңестіріледі. «Алтын сапа» және «Парыз» ұлттық байқауларының жеңімпаздарын құттықтай келе, осы байқаулардың барлық қатысушылары, жаңа кәсіпорындардың барлық құрылысшылары мен еңбек ұжымдары – жалпыға ортақ еңбек қоғамының шынайы алғашқы қарлығаштары деп атап өттім.

Бүгінгі таңда сыртқы күйзелістерге төтеп беретін тиімді экономиканың нақтылы негізі болуға – Жалпыға ортақ еңбек қоғамы ғана қабілетті деген ойым 2015 жылғы Жолдауда айтылды. Еңбек нарығын тұрақтандыру, жұмыс іздегендердің сұранысын қанағаттандыру үшін Үкіметке жаңа, неғұрлым ауқымды Жұмыспен қамтудың жол картасын жасауды тапсырдым.

Мен біздің жастарымызды жұмысшы мамандықтарын белсенді түрде меңгеруге шақырамын. Жас кезімде мен де еңбек жолымды жұмысшының арнайы киімін киіп, домна пешінің аузында тұрып бастағанмын. Жылдар өтеді, осындай өмірлік тәжірибе міндетті түрде жастардың қажетіне жарайды.

«Еңбек даңқы» орденін белгілеу арқылы мемлекет еңбеккердің, шаруа адамының беделін көтеруге ұмтылатынын тағы да дәлелдеді. Сондай-ақ еңбектегі теңдессіз, аса жетістіктерімен ерекшеленгендер бұрынғыдай,

2008 жылдан бастап, жыл сайын жоғары деңгейдегі ерекшелік белгісімен – Алтын жұлдызды Қазақстанның Еңбек Ері атағымен марапатталып отырды.

2015 жылғы 15 желтоқсандағы салтанатты жиналыста Тәуелсіздік пен еңбек бір-бірімен ажырамас байланыста екендігіне тағы да тоқталдым. Тәуелсіздік – жалпыға ортақ еңбек. Білім мен ғылымға ұмтылған оқушылар мен студенттердің еңбегі. Ұлттық байлығымызды еселеп арттыратын барлық мамандық иелерінің еңбегі. Бұл – жаңа ұрпақ тәрбиелеп жатқан қазақстандықтардың еңбегі.

«Жол картасы»: жұмыспен қамту және жаңа жұмыс орындарын ашу

2011 жылдан бастап Қазақстанда «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Бұл, шын мәнінде, «Жол картасы-2009-2010» бағдарламасының жалғасы еді. Бұл бағдарлама бойынша ондаған мың қазақстандық кәсіби білім игеріп, кәсіпкерлік негіздерін үйренді, шағын несиелер алып, тұрғын үй құрылыстары мен ауылдық инфрақұрылымдық жобаларға қатысты.

Елдегі ішкі ұтқырлықтың дер кезіндегі іс-қимылдардың ел дамуындағы мәні зор болды. Жаңа мамандықтарды игеріп, өндіріске бару қажет. Басқа елдерде адамдар жұмыс үшін алыстағы шет мемлекеттерге барып, ешбір кепілдіксіз еңбек етуде. Ал біз өз елімізде жұмыс орындарын құрып, жаңа өндірістер салып жатырмыз. Сондықтан жұмыс бар жерге бару керек.

«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының негізінде Үкімет 2013 жылдың маусым айында жаһандық дағдарыс салдарын жеңілдету мақсатында «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» қабылданды. Осы бағдарлама бойынша 2011-2014 жылдар аралығында 470 мыңнан астам адам жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болды. 120 мыңнан астамы жаңа мамандықты игерді немесе біліктілігін көтерді, ал 30 мыңдай ауыл тұрғыны кәсібін дөңгелету үшін жеңілдікпен шағын несиелер алды. Нәтижесінде еліміздегі жұмыссыздық деңгейі 2014 жылы 5 процентке төмендеді. Жұмысқа орналасқан адамдар саны 8,6 миллион адамға көбейді, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мөлшері азайды.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» өзінің тиімділігін көрсетті. Сондықтан Үкіметтің 2015 жылдың ақпан айында өткен кеңейтілген мәжілісінде бұл бағдарламаны одан әрі, сол жылдың екінші жартысына дейін жалғастыру туралы тапсырма берілді. Бұл – жұмыссыздық деңгейін 5 проценттен жоғары емес деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

2016 жылы наурыз айында еңбек ұжымдарының республикалық форумында сөйлеген сөзімде «Жол картасы» тек осы жылы ғана 60 мың қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз етіп, мыңға жуық инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп атап өттім.

Үкімет жұмыссыздықтың өсуіне жол бермес үшін батыл қадамдар жасады. Қазақстанның барлық аймағында «Жұмыспен қамтуды» қолдаудың кешенді жоспары бекітіліп, онда 300 мыңнан астам адам қамтылды. 2,2 миллион жұмыс орнын сақтау бойынша меморандумдар жасалды.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» индустриалды кадрлық әлеуетті дамытуға да бағытталған. Осы бағдарлама бойынша мамандық игеріп, жұмысқа орналасқан азаматтардың үлесі 2020 жылы 70 проценттен асуы мүмкін. Жаңа кәсіби мамандық иелері Қазақстанға таяу жылдары-ақ қажет болары даусыз.

2016 жылдың наурыз айындағы Парламент сессиясының ашылуында он жылдың ішінде 660 мың жұмыс орнын, соның ішінде 70 мыңын – өңдеу және инновациялық секторда құру туралы ойларымды бөлістім.

Белсенді «Жол картасы» бағдарламасы да өзге мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар тәрізді жұмыспен қамту саясатын жүзеге асырудағы пәрменді тетікке айналды. Бұл жаһандық дағдарыстың зардаптарын жеңуде қазақстандықтарға жасалған шынайы және нақтылы көмек болды.

Жаңа экономикалық ахуалға лайық әлеуметтік саясат

2014 жылғы қаңтардағы Жолдауымда мен болашаққа үлкен сеніммен қарадым: 2050 стратегиясы айқын шамшырақ секілді басты мақсатымыздан көз жазбай, азаматтарымыздың күнделікті тіршілігінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Бұл – біздің 30-50 жылда емес, жыл сайын халық тұрмысын жақсартатынымызды білдіреді. Менің ойымша, нақ осы әлеуметтік көңіл күй Қазақстанның басты стратегиялық мақсатының – әлемнің дамыған отыз елінің қатарына қосылуының маңызды көрсеткіші болуы тиіс.

2015 жылы қарашада мен көп жылдар бойы экономикалық өсім белсенді әлеуметтік саясатты жүргізуге елеулі ықпалын тигізгенін еске салдым. Қазақстандықтардың әл-ауқаты тіпті дағдарыстар кезінің өзінде өсумен болды. Он жылдың ішінде әлеуметтік салаға бөлінетін шығындар 3 есеге өскен. Жәрдемақылар мен төлемдерді 1,5 миллион азамат тұрақты түрде алып тұрды.

Әлеуметтік саясатқа 2014-2015 жылдардағы әлемдік дағдарыс жағдайында ерекше көңіл бөлінді.

Жаһандық тұрақсыздық жағдайында әлеуметтік саясатты ойлауға мұрша да болмайтын сияқты. Алайда менің ұстанымым бұған қарама-қарсы еді. 2015 жылғы қарашадағы Жолдауымда біз ештеңеге қарамастан, тұрғындарды әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруды жалғастыра беретінімізді атап өттім. Сондай-ақ 2016 жылдың қаңтарынан бастап денсаулық сақтау, білім беру және «Б» корпусындағы қызметкерлердің айлығы 30 процентке дейін, ал әлеуметтік қызметшілердікі 40 процентке дейін өсірілетінін хабарладым. Мүгедектер мен асыраушысынан айырылғандардың әлеуметтік жәрдемақылары, сондай-ақ студенттердің стипендиялары 25 процентке өсірілетін болды. Мемлекет ең қиын жағдайдың өзінде халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауды жалғастыра берді.

Жаңа экономикалық ахуал жағдайында Үкімет алдында жаңа әлеуметтік саясатты жасау міндеті тұрды. Әлеуметтік салада мемлекетке екі қызмет жүктелді: адам капиталына тартылатын инвестиция және әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған азаматтарға көмек көрсету. Бұдан басқалары өз еңбектерімен табылуы қажет.

Ұлт жоспары бойынша әлеуметтік жәрдем белгілі бір адамдарға бағытталады, табыстары отбасындағы әр адамға шаққанда, күнкөрістік мөлшердің тең жартысынан төмен болған отбасыларға беріледі. Бұл ретте жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысқандығы туралы әлеуметтік келісімшарт жасалады.

Дағдарысқа қарсы белсенді әлеуметтік саясат өзінің жақсы нәтижелерін бере бастады: 2016 жылы жұмыссыздықтың өсуі тоқтатылды. Бюджеттік түсімдердің қысқартылуына қарамастан, Үкімет өзінің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындап шықты. Бюджеттегілердің еңбекақысы және жәрдемақылар ұлғайды. Ең төменгі еңбекақы (күнкөріс минимумы) 2010 жылдан 2016 жылға дейін 65 процент өсті. Аймақтардың әкімдері жұмыс орындарының сақталу мәселесін бақылауда ұстады және кәсіпорындардың тоқтаусыз жұмыстарын қамтамасыз етті.

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға тікелей көмек ретінде 2016 жылы 1,5 миллиард теңге бөлінген. Жарты миллион көпбалалы отбасы мемлекеттік жәрдемақы алды. Он жылдың ішінде бала туғанда берілетін жәрдем ақшаның көлемі 6 есе, ал баланы күтуге байланысты берілетін жәрдем 4 есе артты. 2017 жылы бала туғанда берілетін жәрдемнің көлемі және зейнетақы төлемдері 20 процентке өсті.

«Нұрлы жол» бағдарламасы және «Бизнестің жол картасы-2020» жаһандық дағдарыс жағдайында өзінің әлеуметтік салаға бағытталуы жағынан ерекше маңыздылыққа ие болды. Осы бағдарламалар бойынша инфрақұрылымдық жобаларға бөлінетін барлық қаржы қазақстандықтардың игілігіне жұмсалуды керек.

Қазақстандық қоғам: әл-ауқаттың артуы

2010-шы жылдары қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі өсті: көптеген азаматтар банктегі салымдарын ұлғайтты, автокөліктер сатып алды, тұрғын үй жағдайларын жақсартты. Мәселен, Тәуелсіздік жылдарында тұрғын үймен қамтылу деңгейі 1,5 есе өсті.

Дәл бұрынғыдай, отандық және шетелдік туризм белсенді түрде дамыды, еңбек демалыстары және каникулдар кезінде отбасымен демалыс орындарына барып демалу кең қанат жайды. Егер 2010 жылы қазақстандықтардың шетелге барып демалу көрсеткіші 6 миллион болса, ол 2014 жылы 10 миллионнан асты.

Тұтынушылық деңгейі жоғарылады, кедейлердің саны әжептәуір азайды. Табысы күнкөріс минимумынан төмен тұрғындардың саны 2010 жылдардың алғашқы жартысында екі еседен аса қысқарды, сөйтіп, 3 проценттен кем болды.

2016 жылы Қазақстан өз газымен өзін қамтамасыз етуге толықтай көшті. Бұл тек экспорт көлемін ғана ұлғайтып қойған жоқ, сонымен бірге жүздеген мың қазақстандықтың тұрғын үйлерін газбен қамтамасыз етуге қол жеткізді.

Қазақстандықтар үшін мемлекеттің аналарға, әйелдерге, балаларға, отбасыларына көрсетіп отырған қамқорлығының өтеуі өлшеусіз, маңызы аса зор.

2013 жылдан бастап күнтізбеде Отбасы күні белгіленіп, ол қыркүйек айының екінші жексенбісінде атап өтіле бастады, сондай-ақ «Мерейлі отбасы» жалпыұлттық байқауы да кең танымал болды. Халық асыға күтетін 8 наурыз мейрамы қарсаңында жыл сайын «Көктем шуағы» мерекесін қарсы алу дәстүрге енді. Мұндай мерекелерде мен ару-қыздарымызды Халықаралық әйелдер күнімен қызу құттықтап, көпбалалы аналарға «Алтын алқа» тағып, марапаттаймын.

2016 жылы наурыз айындағы «Көктем шуағы» мерекелік кездесуінде Тәуелсіздік жылдарындағы барлық жетістіктеріміз әйел-аналардың қатысуымен, солардың ерен еңбегінің арқасында жүзеге асқанын айрықша атап өттім. Әйелдің ең басты міндеті – ана болу.

2010-шы жылдардағы әлеуметтік сауалнамалар жақсы қоғамдық көңіл күйді бағамдатты. Әлемдік дағдарыс пен ақшаның құнсыздануына қарамастан, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі тұрақты болып қалды және 2010-шы жылдары жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі орташа деңгейден жоғары болды. Халықтың әл-ауқатын зерттейтін Legatum халықаралық институтының рейтингінде Қазақстан 2014–2015 жылдары 55–56 орындарды иеленсе, адамзат дамуының рейтингінде (Human Development Report) 2015 жылы 14 позицияға көтеріліп, 56-орынға шықты.

Тәуелсіздік жылдарында бір адамға шаққандағы ішкі жалпы өнім 13 есе өсті. Қазақстандықтар бірте-бірте доллар эквивалентіне тәуелділіктен шығып, жеке және отбасылық бюджетін теңгемен неғұрлым көбірек есептейтін болды. Экономиканың даму нәтижесінде өмір сүрудің қаншалықты жақсара түскенін азаматтар сезіне бастады. Қазақстандық ғаламат дегеніміз осы.

Денсаулық сақтау: дамудың жаңа кезеңі

2010-шы жылдары Мемлекет қазақстандықтардың денсаулығын жақсартуға байланысты қажетті шаралардың бәрін де жасады.

Менің дәстүрлі Жолдауларымда денсаулық сақтау ісіне айтарлықтай көңіл бөлініп отырды. 2011 жылғы қаңтарда денсаулық сақтаудың мәселелеріне ерекше назар аудардым, бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің сапасын арттырып, алдын алу жұмыстарын нақты қолға алуымыз қажеттігін, бала туатын жастағы әйелдер мен балалардың денсаулығының жай-күйін бақылайтын бағдарлама енгізілуі қажеттігін атап көрсеттім.

Тағы да бір маңыз бағыт – көлік медицинасын дамыту. Алдағы жылда екінші «Денсаулық» диагностикалық-емдеу пойызы іске қосылатынын, мобильді автоемханалар саны 50-ге жеткізілетінін, ал санитарлық авиация қарамағына 16 тікұшақ берілетінін хабарладым.

Жол-көлік оқиғаларының жиі болатынына байланысты, Үкіметке трассалық медициналық-құтқару пункттері жүйесін құру тапсырылды. 2015 жылы ондай пункттердің саны 40-қа жетті және мыңдаған қазақстандықтарды ажалдан алып қалуға жәрдемдесті.

2011 жылғы Жолдауда маңызды әлеуметтік меже белгіленді: 2015 жылға қарай қазақстандықтардың орташа өмір сүру жасын 70-тен асыру көзделді. Мемлекет қабылдаған шаралардың нәтижесінде бұл мақсатқа қол жеткізілді.

Ақпараттық технология дәрігерлік жәрдемге қолжетімділікті арттырды. 2010-шы жылдардың басында елімізде жетекші клиникалар мен алыс қашықтықтан ақыл-кеңес бере алатын 180 телемедициналық орталық жұмыс істеп тұрды.

Қазақстан тіпті жаһандық дағдарыстар жағдайының өзінде, медициналық бағдарламаларды қысқартуға жол берген жоқ. 2015 жылғы қарашадағы Жолдауымда бұрынғы қабылданған бағдарламаларға сәйкес, медицинаны жаңғыртуды жалғастыра беретінімізді баяндадым.

«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынған жылдарда (2011-2015 жылдар) денсаулық сақтаудың негізгі көрсеткіштерінің

(адам жасының ұзақтығы, туберкулезбен, онкологиялық және жүрек қан-тамырлары ауруларымен ауыру) жақсы жағына қарай өзгергені байқалды. Скринингтік бағдарлама енгізілді, кардиологиялық қызмет құрылды. Саланы қаржыландыру 1,5 есеге өсті.

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында 1300 денсаулық сақтау нысаны салынған екен.

Алайда қол жеткен табыстарға тоқмейілсуге болмайтын еді. Жаңа дәуір жаңа міндеттер ала келді. Олар 2012 жылғы желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясында көрініс тапты.

Дамыған елдердің отыздығына ену үшін Қазақстан ЭЫДҰ-ның медициналық стандарттарын кезең-кезеңімен қабылдай бастады. Әсіресе бұл алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек көрсету мен стационарлардың тиімділігіне қатысты болды.

Бюджеттің тапшылығына қарамастан, Үкіметке 2016-2019 жылдарға арналған, алғашқы көмек көрсету мен бүкіл жүйені жаңғыртуды көздеген жаңа мемлекеттік «Денсаулық» бағдарламасын жасау тапсырылды.

Қазақстанда 2016 жылы әлемдік тәжірибені ескере отырып, орталық және аймақтық деңгейдегі қоғамдық денсаулық сақтау ісін қалыптастыру қолға алынды, негізінен, бұл бағдарламада аурудың алдын алуға басымдық берілді.

Ұлт жоспарында медициналық сақтандыру және оны кезең-кезеңмен жүзеге асыру қарастырылған. Сақтандырудың жаңа жүйесі екі пакеттен құралатын болады. Базалық пакетке мемлекеттік кепілдікпен берілетін медициналық көмек (жедел жәрдем және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу) енеді. Емханалық, стационарлық және жоғары технологиялық көмек – қалпына келтіру мен оңалту ем-шаралары Медициналық сақтандыру қорының екінші пакеті арқылы төленеді. 2016 жылдың наурыз айынан бастап «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заң күшіне енді. 2017 жылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры құрылды.

Зейнетақы жүйесін жаңғырту

407

Қазіргі кездегі зейнетақы жүйесін жаңғыртудың аса маңызды мақсаты – зейнетақы жинақтауының сақталуына және өсіміне кепілдік беру, сондай-ақ зейнетақы реформасында бүгінгі күні бетпе-бет келіп отырған қиындықтарды жеңу.

Осы мақсатта 2013 жылы маусым айында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңға қол қойылды, осы жылдың шілдесінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» (БЖЗҚ) құрылды.

2014 жылы Зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасы бекітілді. Бірінші кезеңде (2016-2020 жылдар) жинақтау жүйесін жетілдіру қарастырылды. Екінші кезеңде (2020-2030 жылдар) салымшылар мен зейнетақы төлемдерін алушылардың құқығын қорғау тетіктері күшейтіліп, зейнетақы арасындағы нақты байланыс, жарна мөлшері мен зейнетақы бағдарламасына қатысу кезеңі, сондай-ақ ең төменгі кепілді зейнетақы бекітілетін болады.

Нәтижесінде, Қазақстанда халықаралық стандарттарға сай және еңбекақының кем дегенде 40 проценті деңгейінде жиынтық зейнетақы төлемдерімен ауыстыруды көздейтін тұрақты зейнетақымен қамсыздандыру қалыптасады.

Жаңғыртылатын зейнетақы жүйесі бұрынғыша көп деңгейлі болады. Бірінші деңгей – бюджеттен түсетін төлемдер (ортақ және базалық зейнетақы; ең аз кепілді зейнетақы). Екінші деңгей – жұмыскер мен жұмыс берушінің міндетті сақтандыру жарналарының төлемдері. Үшінші деңгей – ерікті аударымдар.

2015 жылдың тамыз айында зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері бойынша Конституциялық заңға қол қойдым. Базалық зейнетақы бұдан былай зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты тағайындалатын болады. 2018 жылдың қаңтарынан бастап, жаңа шартты-жинақтаушы компонент қолданысқа енеді. Ол жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскердің табыс мөлшерінен есептелетін 5 процент міндетті зейнетақы жарналарынан құралады.

2015 жылғы қараша айындағы Жолдауымда Бірыңғай зейнетақы қорын Ұлттық банктің бақылауынан шығарып, оны жекеменшік компаниялардың басқаруына беруді тапсырдым. Табыс мөлшерін арттыру үшін зейнетақы қаржыларын инвестициялауды дамыту қажет.

2016 жылы ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге және экономиканы ынталандыруға бағыттауды тапсырдым. Бұл инвестициялардың қайтарымы нарықтық мөлшерлеме бойынша жүзеге асырылуы аса маңызды болмақ.

2010 жылғы зейнетақы төлемдерінің өсуі – жасы ұлғайған қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға және жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында зейнетақымен қамсыздандырудың бірден-бір, барынша жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік берді.

Жастар үшін жаңа мүмкіндіктер

Тәуелсіз Қазақстанда өмірге келген жаңа ұрпақ 2010-шы жылдары кәмелеттік жастан асып, өз бетінше өмір сүруді бастады. Сөз жоқ, олар алуан түрлі салада еңбек етіп, белсенділіктің жарқын үлгісін көрсетеді, ал мемлекет болса, әрбір жас азаматтың өз елінде сұранысқа ие болуы үшін барлық мүмкіндіктерді жасайды.

Менің ойымша, біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. 2012 жылдың шілдесіндегі «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаламда Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ екенін, еш жерде, әлемнің ешбір елінде бәріне бірден ие болу мүмкін еместігін, туған Қазақстанда еңбек етіп, өз әлеуеттерін жүзеге асырулары қажет екенін атап көрсеттім. Мен жас ұрпақ үшін тиімді әлеуметтік лифтілер құру және өз бетінше өмір сүруге, ынталы еңбекке дағдылану жүйесін қалыптастыру қажеттілігіне ерекше тоқталдым.

Жастардың бойындағы күш-қуатты дұрыс арнаға бағыттау үшін жас қазақстандықтар арасында жұмыссыздықты жою керек екенін анық түсіндім. Сондықтан Үкіметке 2011–2014 жылдарға есептелген «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасына жастардың еңбек тәжірибесін енгізуді және әлеуметтік жұмыс орындарын ашуды тапсырдым.

Осылайша жұмыссыз жастардың санын азайтуға, жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеуге қол жеткізілді. Жасөспірімдер арасындағы жұмыссыздық (15-18 жастағы азаматтар) 4 процентке төмендеді. Бұл – екі онжылдықтағы ең төменгі көрсеткіш. Бұл бағыт бойынша мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын жұмыстар 2010-шы жылдардың екінші жартысына дейін де жалғаса береді.

2015 жылы ақпан айында «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға қол қойылды. Осылайша кеңес беру-ақылдасу кеңестеріне жастардың қатысуы қамтамасыз етілді, жастар форумдарының мәртебесі бекітілді, жастардың ресурстық және әлеуметтік қызмет орталықтарындағы қызметі реттелді, жоғары оқу орындары мен еңбек ұжымдарындағы жастардың өзін-өзі басқаруы қарастырылды.

Мемлекеттегі білім беру жүйесі жақсарған және үдерісті сипатта болған сайын сол ел жастарының мүмкіндіктері молая түсері сөзсіз. Бұл тұрғыда Қазақстанның жағдайы мақтанарлықтай: қазақстандық жастардың білім деңгейі (99,8-99,9 процент) біздің еліміздің БҰҰ-ның адами даму индексі бойынша жаһандық рейтингінің көш басында тұруын қамтамасыз етті.

Мемлекет жастардың алған білімі іс-жүзінде кәдеге асуына ұдайы қамқорлық жасайды: 2017 жылы орта мектептің әрбір түлегі мемлекет есебінен алғашқы мамандыққа қол жеткізе алады.

Жастарға қолдау көрсету көптеген түрлі мемлекеттік бағдарламаларда қарастырылған, бұлар 2016 жылы жарты миллионнан астам адамды қамтыды. Мәселен, «Қолжетімді тұрғын үй» бағдарламасы аясында жас отбасыларға 3,5 мың пәтер бөлінді. Болашақ ұрпақтың мүддесі мен маңызды қажеттіліктері Ұлт жоспарында ғана емес, «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», сондай-ақ «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел», Жастардың кадрлық резервтері, «Жастар – Отанға!», Ұлттық Дельфий ойындары, «Жайдарман» КТК (КВН) және басқа да арнайы жобаларда көрініс тапқан.

Білім беру және әлеуметтік көмек көрсету мақсатында 2000 жылы құрылған жастардың ресурстық орталықтар желісінің саны екі жүзге жетті. Әкімдер басқаратын Жастар ісі аймақтық кеңестерінің қызметі жандандырылды. Кәсіпорындарда, жоғары оқу орындары мен колледждерде жастар ісі комитеттері құрылды.

2016 жылдың наурыз айында Ақтөбе қаласында «Жастық! Жігер! Еңбек!» атауымен республикалық жастар форумы өтті, бұл ауқымды шараға үш мың жігіт пен қыз жиналды. Жастарға арнаған сөзімде өзімнің шын жүректен жастардың білімге, шетел тілдерін білуге, жаңалықтарға ашық болуына қуанатынымды айттым.

2010-шы жылдары әскери-патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөлінді. 2016 жылдың маусым айында Қарағанды облысындағы Спасск полигонында «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жиыны өтіп, бұл шараға әскери-патриоттық клубтар, әскери мектеп оқушылары, студенттер қатысты. Қазақстандықтардың дүниетанымын жаңартып, олардың болашаққа деген тың көзқарасын қалыптастыруды мұрат тұтқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жастарға кеңінен жол ашты. 2017 жылғы 4 қыркүйекте өткен Парламенттің үшінші сессиясында мен қоғамдық сананың жаңғыруы қазақстандықтар үшін – прагматикалық, бәсекеге қабілеттілік, ашықтық – қайта түлеуге жол ашатынына сенім білдірдім.

410

Еңбекпен қамту деңгейін, сондай-ақ азаматтардың саяси және азаматтық белсенділігін ескерген 2016 жылғы жастар дамуының жаһандық индексында Қазақстан 183 елдің арасында Түркия (62-орын), Ресей (110-орын) және Қытай (118-орын) елдерін артқа тастап, 61-ші орынды иеленді.

7. БІЗДІҢ ОРТАҚ ШАҢЫРАҒЫМЫЗ, ТУҒАН ОТАНЫМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҰЛТ. БІРЕГЕЙЛІК ПЕН ТҰТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ

«Қазақстан-2050» стратегиясы: жаңа қазақстандық патриотизм

Қазақстан – шын мәнінде, қоғамды қамтитын барлық этностар мен конфессия өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Ал Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық келісім мен этносаралық диалогтың бірегей алаңына айналды. Алайда меніңше, ұдайы өзгеріп, құбылып тұратын күрделі кезеңде осы жетістіктерді қанағат тұтып, тоқмейілсуге болмайды. Сондықтан «Қазақстан-2050» стратегиясында «Жаңа қазақстандық патриотизм» тезисі тұжырымдалды. Елімізбен мақтанғанымыз жөн, бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Патриотизм мәселесіне прагматикалық және реалистік тұрғыдан қарауымыз керек.

Жаңа, кемел қазақстандық патриотизм – тең мүмкіндіктер және жалпы жауапкершілік. Бұл мәселе мен үшін декларативті емес. Егер біреуге этностық белгісі бойынша қысым жасалса, онда бүкіл қазақстандықтарға қысым жасалды деп есептеу керек. Жаңа қазақстандық патриотизм – ХХІ ғасырда Қазақстанның табысты болуына өз үлесін қосатын барлық этностардың тұтас патриотизмі.

Десек те қоғам бірлігінің, қазақ жеріндегі тыныштықтың жауапкершілігі біздерге, қазақтардың мойнына жүктеледі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХ сессиясында Қазақстандағы қоғамдық келісім – ең алдымен қазақтың келісімі екенін мықтап есте ұстаған абзал екенін қайталай айттым.

Мемлекеттік кемелділік пен күш-жігердің нақты көрінісі – жаңа елордамыз – Астана қаласының бой көтеруі бірегей қазақстандық патриотизм тұжырымдамасында ерекше символдық мәнге ие болды. Мен бұл жайында 2013 жылдың желтоқсан айында ерекше атап өтіп едім. Астанаға деген махаббат – Қазақстан Республикасына – біздің ортақ Отанымызға деген

әрбір қазақстандықтың перзенттік сезімі. Бұл – жаңа қазақстандық патриотизмнің альфасы мен омегасы.

Этносаралық қатынастардың одан әрі дамуы 2013 жылғы ҚХА-ның XX сессиясының күн тәртібіне қойылды: «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр». Меніңше, бір халық – барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер, бір ел – барлығымыз үшін ортақ Отан, бір тағдыр – біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер. Бұл біздің ортақ перспективамыз – игілікті және өркендеген Қазақстан.

2014 жылғы Жолдауымда қоғамдағы бейбітшілік пен келісім оп-оңай жүзеге аспайтынын және ол ұлы құндылықтарымыздың бірі екенін еске салдым. Этносаралық келісім – өмір сыйлайтын оттегі. Біз оны демалып тұрғанда байқамаймыз, автоматты түрде жасаймыз – тіршілікпен автоматты түрде тыныстаймыз. Өзіміздің бірлігімізді өзіміз сақтауымыз керек. Сырттан келіп, оны бізге ешкім де жасап бермейді. Бейбітшілік пен келісім – жалпыхалықтық игілік, оны әрбір күнгі еңбекпен қорғап, нығайтып отыру керек.

Қазақстан өзінің бірлігі үшін күресті және оны сақтап қала алды: 2014 жылы қарашада ЕҚЫҰ жартылай этностық қоғам құрудағы қазақстандық тәжірибенің озықтығын тағы бір рет мойындады.

Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің бәрінде бірдей дәл Қазақстандағыдай қоғамдық бірлік пен этностық алуан түрлілікті құрылымды түрде ұштастыру жүзеге аса қойған жоқ.

Қазақстанның позитивті үлгісі басқа елдердің қайғылы оқиғалары аясында айрықша байқалды, тіпті Францияның президенті Франсуа Олланд 2015 жылдың қарашасында өзінің құрметін былай деп жеткізді: «Қазақстан – алуан түрлі дәстүрі бар халықтың ынтымақтастығы мен бірлігінің символы».

Халықты біріктірген тәуелсіздік құндылықтары

412

Мен прагматик және істің адамы ретінде қазақстандық қоғамның сенімді және ұзақ мерзімді бірігуі үшін идеялар мен құндылықтардың аса маңызды екенін әрдайым жадымда ұстаймын. Бұл идеялар мен құндылықтарды қолдан жасап құрастыруға болмайды – әрбір азамат оны өзі табуы керек, оған өзінің өмірлік тәжірибесінің нәтижесінде келуі керек.

2013-2014 жылдардың шебінде, «Қазақстан-2050» стратегиясы ұсынғаннан кейін, бүкіл Қазақстан халқының рухани дамуының басты бағдары іспетті Мәңгілік Ел патриоттық актісі ҚХА-ның XXIV сессиясында ұсынылып, қабылданды.

Біз, қазақстандықтар, біртұтас халықпыз және біздің бәрімізге ортақ тағдырымыз бар – бұл біздің Мәңгілік Ел, біздің даңқты Қазақстан.

Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы Қазақстан халқы егемендік жылдарында қол жеткізген негізгі құндылықтарды өз бойына жинақтады, бұлар:

– Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана; жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары рух; индустриаландыру және инновация негізінде экономикалық өсу; Жалпыға ортақ еңбек қоғамы; тарихтың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы; ұлттық қауіпсіздік және жалпыәлемдік, өңірлік проблемаларды шешуге толық қатысу.

Дәл осы құндылықтар, менің ойымша, барлық қазақстандықтарды біріктіреді және ел болашағының іргетасын қалайды. Бұлар аспаннан алынған теориялар емес. Бұл құндылықтар – уақыт сынағына төтеп берген қазақстандық жолдың тәжірибесі. Бұл мемлекет қалыптастырушы, жалпыұлттық құндылықтардың бойында жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі жатыр.

Мәңгілік Ел бағдарламасына қазақстандық зиялылар көп жылдар бойы талқылаған ұлттық бірегейлік туралы пікірталастардың нәтижесінде жеттік. Ал Қазақстандағы рухани құндылықтардың көрнекі әрі көзге түсетін символы деп 2011 жылы 16 желтоқсанда, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы құрметіне Астанада ашылған Мәңгілік Ел Триумф қақпасын атаймыз.

Ұлт бірегейлігі мен тұтастығын нығайту

«Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы «Бірегейлік пен тұтастық» тарауы принципті болып саналады.

2015 жылы наурыз айында өткен «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін қалыптастыруда елеулі жетістіктерге қол жеткізілгенін атап өттім, сонымен бірге, азаматтық принциптеріне негізделген қазақстандық бірегейлікті одан әрі нығайту қажеттігін де ескерттім. Азаматтық қоғамды нығайтатын қосымша күш ретінде мен еуроазиялық идеяны атаған едім.

2015 жылдың желтоқсанында мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың, ғылыми және шығармашылық интеллигенцияның ұсыныстарын ескере келіп, 2025 жылға дейінгі «Қазақстандық бірегейлік пен тұтастықты нығайту мен дамытудың тұжырымдамасы» бекітілді.

2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланды. Ол әуел бастан-ақ топтасқан азаматтық қоғамды, этносаралық және конфессияаралық келісімді қалыптастырушы тетік ретінде құрылған еді.

2010-шы жылдардың ортасында ҚХА аясында 900-ден астам этномәдени бірлестік, 200-ге жуық этноағартушылық кешен мен достық үй, сондай-ақ 2 мың қоғамдық келісім кеңесі және аналар кеңесі жұмыс істеді.

Ассамблея жылына елдің бес мыңнан астам қала мен ауыл 30 мыңнан астам іс-шара өткізіп, оған 90 миллион қазақстандық қатысты.

Соңғы жылдары ҚХА өз қызметі арқылы шын мәніндегі жалпыхалықтық Ассамблея ретінде танылды. ҚХА-ның XX сессиясында мен: «Бүгін біз Ассамблеяны – тұтастай Қазақстан халқы деп толық негізбен айта аламыз. Барлық он жеті миллионы!» – деп бұл ұйымның жұмысына жоғары баға бердім.

Ал 2015 жылғы XXII сессияда 1 наурыз күнін – Ассамблеяның туған күні – жаңа мереке, Алғыс айту күні деп белгілеуді ұсындым. Бұл күн – мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі болды. Алғыс айту күні алғаш рет 2016 жылы аталып өтті.

Тарих – қоғамды ұйыстырудың қуатты факторы

2010-шы жылдары қуанышы мен қайғысы ортақ барша ұлт өкілдерін тұтастыратын, Отан тарихында орны бар маңызды батырлық және қайғылы оқиғаларды сана сүзгісінен өткізуге ерекше мән берілді.

2012 жылы 31 мамыр – Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде біз «1932-1933 жылдардағы «Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументін аштық. Ашылу салтанатында сөйлеген сөзімде мен алапат гуманитарлық қырғынды – Қазақстанның солтүстігіндегі 1,5 миллион тұрғынның аштан қырылғанын еске алдым. Аштықтың, зорлықпен жер аударудың, адам шығынының себебі – тоталитарлық жүйе болатын.

414

Алайда тарихты таразылай отыра, ақылға сала отыра, асыра саясиландырудан сақтануымыз керек. Біз ортақ тарихымыздың өзге бір парағын да есте ұстағанымыз жөн. Барлық қиындықтарға қарамастан, қазақ халқының қонақжайлылығының арқасында күшпен көшірілгендер мен жер аударылғандар Қазақстанда жаңа өмір бастады. Олардың бүгінгі ұрпақтары – біздің отандастарымыз. Бәріміз бірге күшті де тәуелсіз Қазақстанды құру жолындамыз.

2013 жылы әлемнің ірі архивтерінде жатқан Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды жүйелі түрде іздеу және зерттеу бойынша «Халық тарих толқынында» атты жоба қабылданды. Менің терең пайымдауымша, Қазақстанның ұлттық тарихы біздің қоғамды біріктіру, көрші елдермен достық және өзара түсіністік қағидаттарына негізделуі тиіс. Ғылыми зерттеулер, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту да тап осы көзқараспен жүргізілуі қажет.

Тарих тақырыбы 2013 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген атаумен өткен ҚХА-ның XX сессиясында да көтерілді. Қазақ халқының ұлттық мемлекеттің қуатты діңі екенін айта келе, мен қазақ әлемінің тарихи тұрғыда ешқашан тар моноэтносты және моноәдениетті болмағанын атап өттім. Біз ешқашан да әлемдік өркениет үдерісінен бөлек дамыған емеспіз. Оның үстіне, біздің ата-бабаларымыз осынау әлемдік үдерісті өздері қалыптастырды. Біздің Қазақстанда тұратын барлық этностық топтармен Еуразия ауқымында талай ғасыр бірлесе өмір сүріп жатқанымызды атап көрсету қажет.

Мен сол жолы түрлі этностардың ел тарихы мен ғасырлар бойғы мәдениетіне қосып отырған үлесін және қазақтардың өзге халықтармен экономикалық қарым-қатынасын жоққа шығаруға жол бермеу керектігін баса айттым. Бізге жалпыұлттық тарихи сана-сезім қажет. Тарихты тануымыз – тұтас оң сипатта болуға, қоғамды бөлініске салмай, біріктіруге тиіс.

2015 жылдың сәуір айында өткен ҚХА-ның XXII сессиясында тарихымыздың ең бір қасіретке толы парақтарының өзін зерттеуде шынайы көзқарас пен саяси ерік-жігер танытуға шақырдым. Біз өзіміздің қиын тарихымыздан сабақ алуға тиіспіз. Ол этносаралық қатынастар тарихы сияқты маңызды мәселеге де қатысты.

Мен біздің көпэтностығымызды кеңестік саяси жүйе жасап шығарғанмен, тағдырдың жазуымен қазақ жеріне қоныс тепкендердің көпшілігі, ұлтына қарамастан, қазақстандық болып шыққанын еске салдым.

Оның үстіне, көптеген кеңестік азаматтар Қазақстанға өз жүрек қалауымен келіп, өнеркәсіп өндірісін салуға, тың жерлерді көтеруге қатысты, сөйтіп осы жерде жаңа Отанын тапты. Біз бәрін біртұтас, топтасқан халыққа біріктіре алдық.

Тарих пен заманауи кезеңнің байланысын терең зерделей білу – 2014 жылғы 15 желтоқсандағы салтанатты жиын кезінде сөйлеген сөзімнің лейтмотивіне айналды. Алда келе жатқан 2015 жылы көптеген маңызды істер күтіп тұрған еді: Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы; Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы; Қазақ хандығының 550 жылдығы; Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы.

Мәдениет мұраға деген құрмет – тарихи оқиғалар ескерткіші ретінде ұлттың бірыңғай сана-сезімінің мәнді бөлігі. 2015 жылы Қазақстанда атақты ғылым және мәдениет қайраткерлерінің мерейтойлары: көрнекті шығыстанушы, ғалым Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы, Ұлы Абайдың 170 жылдығы және аса көрнекті жазушы Илияс Есенберлиннің 100 жылдығы кеңінен аталып өтті. Біздің елімізде қос мереке – Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні бірінен соң бірі аталып өтеді.

Бірыңғай ұлт тарихын нығайтатын киелі атаулы күндер арасында қазақстандықтардың ерекше атап өтетін мейрамы – Жеңіс күні. Астана қаласында 2015 жылғы мамырдың 7-сі күні Жеңістің 70 жылдығына арналған әскери шеру болып өтті.

Бұл екі мерекенің бірінің артынан бірі келуінің символдық мәні бар. Бұл әскери дәстүрлердің сабақтастығын білдіреді. Майдандағы әскери ерлік пен тылдағы жанкешті еңбек Жеңісті жақындата түсті.

Қазақстан халқы Ұлы Отан соғысының батырларын зор құрметпен қастерлейді. 2008 жылы Астанада Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлына ескерткіш орнатылды. 2015 жылы 7 мамырда «Жерұйық» саябағында батыр панфиловшыларға арналған монумент салтанатты түрде ашылды. 2016 жылдың 19 қазанында Астана қаласында Рақымжан Қошқарбаев ескерткішінің ресми ашылуы өтті. 1945 жылы Қызыл армия құрамындағы қазақ солдаты ресейлік Григорий Булатовпен бірге бірінші болып Рейхстагтың төбесіне Жеңіс туын тікті.

Айтулы күндер, оқиғалар, мерейтойлар – Қазақстан тарихы мен мәдениетінің кезеңдері, асқан асулары. Бірін-бірі толықтыра отырып, олар ұлттық тарихымыздың бірлігін нығайтып, қазақстандық қоғамды ұйыстыра түседі.

Ұлы Дала Елі: Қазақ хандығының 550 жылдығы

416

2015 жылы елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығы кең көлемде аталып өтті. 11 қыркүйекте Тәуелсіздік сарайында қонақтарымыз – Қырғызстан, Әзербайжан президенттерінің қатысуымен салтанатты жиналыс өткіздік.

Өз сөзімде қасиетті жеріміздің тарихы бірнеше мыңжылдықтармен есептелетінін, ата-бабаларымыздың атқарған істері мен рухтары алдында басымызды иетінімізді жеткіздім. Ол Еуразия өркениетінің бұрынғы және бүгінгі алуан түсті жұлдызды шоғырында өзінің ғажайып өрнегімен көзге шалынады. Хроностың көзге шалынбас арқауы бізді мыңжылдық

тарихпен және заманауи Қытаймен, Таяу және Орта Шығыстың көптеген халықтарының өткенімен және бүгінгімен, Азия құрлығының өзге де бөліктерімен жалғастырады. Тілдік және мәдени байланыстар қазынасы бізді бауырластарымызбен – Солтүстік Мұзды мұхиттан Жерорта теңізіне дейінгі кең-байтақ кеңістікті мекендейтін түркі халықтарымен табыстырады. Ұлы Түркі Елі – бұл біздің ата-бабаларымыз және батырларымыз, ортақ рухани құндылықтарымыз. Бұл біздің бірлескен мұрамыз.

Ресей халықтарымен, соның ішінде, орыс халқымен жүздеген жылдарға созылған тарихи жолымыз бар. Тәуелсіздік жылдарында Еуропалық одақ, Америка, Ислам әлемі мемлекеттерімен ортақ тарихымыздың көптеген парақтары жазылды. Олар жаңа кезеңдегі маңызды халықаралық оқиғаларды, соның ішінде біздің елде жүзеге асқан айтулы оқиғаларды да баяндайды. Қазақстан әрдайым достықты ту етіп, біздің көршілеріміздің сенімін нығайтып, әлемнің барлық елдерімен ежелгі тату қарым-қатынасты қалыптастырады.

Қазақ хандығының құрылуы – мыңжылдықтарға созылған қазақ халқының мемлекеттігін қалыптастыру жолындағы тарихи шешуші оқиға болды.

Мерекеде түрік және қазақ тарихынан көптеген даңқты батырлар тұлғасын сахнаға шығарған кең панорамалы көріністер ұсынылды. Ұлы ата-бабаларымыздың Ұлы рухы алдында барлық буын ұрпақтары тағзым етеді, олардың мемлекеттілігімізді сақтап қалу жолында атқарған ерлік істері ешқашан да ұмытылмайды.

Дәл осы Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау кезінде мен, біздің қасиетті жерімізді ерте замандарда Ұлы дала деп атағанын, ал бізді – Ұлы дала перзенттері дегенін еске түсірдім. Сондықтан да біздің Қазақстан – бұл Ұлы Дала Елі! Өзгерген Ұлы Дала Елі.

Осынау үндескен атауда халықтың мінез-құлқы, оның жан-дүниесінің ашықтығы мен кеңдігі, қонақжайлылығы мен бейбітшіліксүйгіштігі, даналығы мен ойшылдығы, еңбекқорлығы мен өз күшіне сенімділігі таңбаланып қалғандай. Мен осы бейне әрбір қазақстандықтың жүрегінен орын алатынына және бүкіл әлемге танылатынына сенім білдірдім.

Ұлы Дала Елі – ұлттық тарихымыздың мыңжылдықтары мен Тәуелсіздіктің ұлы жетістіктерін ұштастырып жатыр. 2016 жылы қаңтар айында халық алдында сөйлеген сөзімде қол жеткізген табыстарымызды толық негізде мақтанышпен атадым. Біз көптеген сынақтардан абыроймен өттік, шыңдалдық, рухымыз бекіді. Біз Ұлы Дала Елі – жаңа Қазақстанды – Ұлы даланың жаңарған Елін құрдық.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы: дәстүр мен жаңару

1992 жылдан бастап, әр бес жыл сайын өтіп тұратын Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы – Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және мәдени өмірінен өзінің берік орнын тапты.

Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайы 2017 жылы 22–25 маусымда Астана қаласында шақырылды. Оған шетелдегі қазақ диаспорасы мен отандық зиялы қауымның алты жүзден аса өкілдері қатысты. Құрылтай аясында «Халифа Алтай және тарихтың оралуы» деген тақырыпта халықаралық конференция өтті.

Өз сөзімде Қазақстан тұңғыш құрылтай өткізгеннен бергі 25 жыл ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткізгенін атап өтіп, жаңа «Рухани жаңғыру» бағдарламасына және рухани жаңғыру шеңберінде жүзеге асырылып жатқан алты жобаға егжей-тегжейлі тоқталдым.

Сондай-ақ мемлекет пен қоғам үшін шетелдердегі отандастарымызға көмек қолын созудың өте маңызды екендігін де атап өттім. Бұл көмек тұрақты және жоспарлы болуы үшін шетелдердегі және атамекеніне оралған қазақтарға көмектесетін «Отандастар» қорын құруға, сондай-ақ Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен бірлесіп, кешенді бағдарлама дайындауға тапсырма бердім. Бұл бағдарлама – көрші елдерде тұратын қандастарымызға телехабарларды және баспа өнімдерін таратуды, Қазақстанға жұмыс істеу үшін келген кәсіби мамандарға бейімделу тетігін үйретуді, еліміздің оңтүстік аймақтарынан солтүстікке қоныс аударушылар бағдарламасына қатысушыларды жұмысқа орналастырумен айналысуды көздейді.

Мен шетелдерде тұратын отандастарымызға шынайы ыстық лебізімді білдіріп, атамекендерін ұмытпауға, елімізге жиі ат басын бұрып, атамекенімен байланысты нығайта түсуге шақырдым. Қайда жүрсе де қазақтың тарихи Отаны біреу-ақ. Ол – Қазақстан.

Демографиялық өсім

Жаңа онжылдықта Қазақстан халқының саны өсе түсті. 1991 жылғы деңгейден асып түсіп, 2011 жылы 16,5 миллионға жетті.

2005 жылы қыркүйек айында өткен Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында мен, он жылдың ішінде тұрғындардың санын 17 миллионға дейін жеткізу қажеттігін міндет етіп қойған болатынмын. Өйтпеген жағдайда Қазақстан шетелден жұмыс күшін тартуға мәжбүр болады деген едім.

Онда 2005 жылы ел тұрғындарының саны 15 миллион адамды құраған еді, ал сарапшылар 2015 жылы оның саны 2 миллионға өсетініне күмәнданба қараған.

Алайда өмір шындығы қасаң ойлайтындардың болжамын жоққа шығарды. Қазақстан белгіленген демографиялық көрсеткішке екі жыл бұрын қол жеткізді. 17 миллионыншы еліміздің тұрғыны 2013 жылы мамыр айында дүниеге келді.

Экономикалық даму және мақсатты түрде жүргізілген мемлекеттік саясат демографиялық өсімге өзінің игі ықпалын тигізді. Он жыл ішінде – 2005 жылдан 2015 жылға дейін – Қазақстанда бала туу көрсеткіші 42 процентке өскен.

Бұл өсім – 2010-шы жылдардың ортасындағы жаһандық экономикалық тұрақсыздыққа қарамастан жалғаса түсті, сонымен бірге адам өлімінің көрсеткіші төмендеді және табиғи өсім арта түсті. Нәтижесінде, 2017 жылы Қазақстан халқының саны 18 миллион адамнан асты. Тәуелсіздік жылдарында барлығы 7 миллион кішкентай қазақстандықтар дүние есігін ашты.

2013 жылы қарашада Үкімет 2014–2016 жылдардағы көші-қон проблемаларын шешу бойынша Кешенді жоспар жасап бекітті. Ол ішкі және сыртқы көші-қонға бақылауды күшейтуді, отандық кәсіби мамандар үшін қолайлы жағдайлар туғызуды, сондай-ақ шетелдік жоғары кәсіби мамандардың келуі үшін көмек қолын созуды көздеді. Ал мұның бәрі – адам капиталының сапасын жақсартуға жәрдемдескені сөзсіз.

Индустриалды-инновациялық дамуды жақсарту үшін қалаларға қоныс аударуды тоқтатпау және еңбек ресурстарын қайта бөлу, ауылдық мекендерден жұмыс күштерін қалаларға қарай бағыттау өте маңызды болды. Дәл осы мәселені мен, 2015 жылы наурызда «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде көтерген болатынмын.

2015 жылғы қарашада көші-қон және жұмыспен қамту мәселелері бойынша заңнамалық актілерге толықтырулар енгізілді. Ал бұл өз кезегінде – этникалық қазақтардың елімізге оралуына, отбасыларымен қауышуға және кәсіби мамандарды тартуға көп септігін тигізгені анық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда барлығы тарихи Отанына келіп, оралман мәртебесін алған қазақтар саны 1 миллионнан асқан.

Көші-қонды реттеп отыру үшін келушілер мен кетушілердің есебін жүргізетін бірегей банкі құрылды. Қазақстанға келген шетелдік мамандар 2017 жылдан бастап аттестациядан өткізіледі және талап етілетін кәсіптер бойынша жұмысқа орналасуына мүмкіндік беретін, олардың мамандықтарын куәландыратын балдық баға беріледі. Сонымен бірге, жеңілдік ыңғайында, қазақстандық оқу орындарында оқып жатқан этностық қазақтарға атамем-

кендерінде қалу үшін Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатылған тәртіппен алу құқығы берілген.

Қазақстан халқының басым бөлігі жас. Тек 2016 жылдың өзінде елде 400 мыңнан аса сәби өмірге келді. Қазақстандықтардың орта жасы – 31 жас.

Өткен онжылдықтар ішінде орташа өмір ұзақтығы артты. Егер 2005 жылы ол 65 жас болса, 2015 жылы 71 жастан асты. Алайда ерлер мен әйелдердің өмір жасының ұзақтығы арасындағы айырмашылық бұрынғысынша жоғары.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы тойланған тұста Астана миллион тұрғыны бар қалаға айналды. 2016 жылы шілде айында Қазақстанның астанасында миллионыншы тұрғынның өмірге келуі – символикалық мәнге ие болды. Болжам бойынша, 2030 жылға қарай Қазақстан халқының саны 20 миллион адамнан асады. ХХІ ғасырдағы мемлекеттік міндеттердің ауқымдылығын ескерсек, туу көрсеткішінің тұрақты түрде өсуі стратегиялық мәнге ие болмақ.

Қоғамдық кеңестер және мемлекеттік тапсырыс

2010-шы жылдары азаматтық қоғамның ел дамуына атсалысуы және маңызды әлеуметтік міндеттердің шешімін табуы барынша елеулі болды. Қазақстанда 35 мыңнан астам коммерциялық емес ұйымдар жұмыс істеді, олардың 28 мыңға жуығы – үкіметтік емес ұйымдар. Олардың Үкіметпен өзара қарым-қатынасын арнайы үйлестіру кеңесі реттеп отырды. Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ), соның ішінде түрлі шығармашылық одақтары, ҚХА қоры, Дүниежүзі қазақтарының ассоциациясы, Іскер әйелдер ассоциациясы, Қазақстан жастарының конгресі мемлекеттік тапсырысты орындау арқылы қаржыландырылып отырды.

2012 жылдың қаңтарынан бастап мемлекеттік тапсырыс ұзақ мерзімді әлеуметтік мәні бар жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді, 2010 жылдың ортасынан бастап мұндай жобалардың 2 мыңнан астамы, солардың ішінде – ҚХА сессиялары, «Жібек жолы бойындағы диалог» халықаралық мәдени жобасы, Саясаттанушылар конгресі, Ұлттық мәдени орталықтар форумы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шараларының жиындары қаржыландырылды.

2016 жылдың қараша айында өткен VII азаматтық форумда жыл сайын мыңға жуық ҮЕҰ-дардың мемлекеттік тапсырыс алатыны, бұлардың қызметін 8 миллионнан астам адам пайдаланатыны аталып өтті. ҮЕҰ үшін мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды бөлудің Ұлттық операторы – сол жылы құрылған Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы болды.

2010-шы жылдардың ортасына қарай елде кеңес беру, ақылдасу ұйымдары, сараптамалық және жұмыс топтары сияқты түрлі пікір алмасу – диалог алаңдары аз болмады. Алайда бұл құрылымдар толық көлемде институционалды сипатта болмады, мәселен, Мәжілістегі заңнамаларға сараптама жүргізетін қоғамдық палата дәрежесіне жете алмады.

Азаматтық қоғам үнін жеткізуші ретіндегі қоғамдық кеңес беру органдарының рөлін арттыру мақсатында 2015 жылдың қараша айында мен «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға қол қойдым. Енді автономды және дербес қоғамдық кеңестер республикалық (министрліктер, орталық басқару органдары) деңгейде ғана емес, жергілікті, өңірлік деңгейде де құрыла алатын болды. Кеңестер коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінен, ғылыми ортадан, ҚХА-дан, БАҚ-тан, бизнес ассоциациялардан, беделді сарапшылардан және қарапайым азаматтардан құрылады. Заңға сәйкес қоғамдық кеңес мүшелерінің үштен екісі жұртшылықтың өкілдерінен, ал үштен бірі Үкіметтің құрамына кірмейтін атқарушы биліктің қызметкерлерінен құралуы тиіс. Қоғамдық кеңестің ұсыныстарын міндетті түрде мемлекеттік органдар қарайды.

2016 жылы елде екі жүзден астам қоғамдық кеңестер пайда болды. Үкімет олардың өкілеттілік шеңберін айқындады: қоғамдық кеңестер әкімдердің есеп берулерін тыңдайтын болады, өңірлік басымдықтарды анықтайды, қандай да бір мәселелер бойынша тыңдаулар өткізеді, олардың пікірлері өңірдің, яки белгілі бір саланың бюджетін қалыптастыру кезінде ескерілетін болады. Қоғамдық кеңестерге мол мүмкіндіктер берілген – олар азаматтар мен биліктің арасын байланыстырушы мемлекеттік құрылымдарға азаматтық бастамаларды жеткізуші коммуникативтік арнаға айналады. Осылайша, «Қоғамдық кеңестер туралы» заң азаматтық қоғамды нығайтудың Ұлт жоспарын орындаудағы маңызды қадамы болды.

Масс-медианы дамыту

2010-шы жылдардың алғашқы жартысында бұқаралық медиа сферасы қарқынды түрде жаңғырды. 2011 жылы Астанада алдыңғы қатарлы мультимедиалық «Қазмедиа орталығы» телерадио кешені ашылды. Оның студиялары ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес жаңалықтар дайындау, ток-шоу, сериалдар түсіру, дыбыс жазу, радио хабарларын таратуға арналған заманауи құралдармен жабдықталған.

2012 жылы тәулік бойы жұмыс істейтін «24.KZ» жаңалықтар арнасы және «Білім» телеарнасы жұмысын бастады. «Балапан» арнасының және «Мәде-

ниет», сондай-ақ жаһандық «Kazakh TV» (2012 жылға дейін – «Caspionet») арналарының хабар тарату сапасы артты. 2013 жылдың шілде айында жанкүйерлердің ұзақ күткен алғашқы спорт арнасы «Kazsport» іске қосылды, ол дереу ең басты әлемдік және қазақстандық спорт оқиғаларын тікелей көрсете бастады. 2016 жылы Kazakh TV мен «Білім және Мәдениет» біріктіріліп, эфирге «Kazakh TV» деген атпен қайта шықты. Мерзімді баспасөз де өз позициясын нығайта бастады: 2017 жылы тіркелген БАҚ саны 3 мыңға жетті. Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары жаңғыртылды, жетекші газеттер мен журналдар өз келбеттерін өзгертіп, жаңа дамуға ие болды. Қоғамдық сананы жаңғырту үдерісінде ақпараттық міндеттердің күрделене түскенін ескере отырып, 2016 жылы мамыр айында мен Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігін құру туралы шешім қабылдадым.

Шетелдік аудитория үшін Қазақстанның тұсаукесерін өткізудегі маңызды қызметті «Kazakh TV» телеарнасы өз мойнына алды. 1,2 миллионнан астам отбасы отандық спутниктік ОТАУ TV операторының абоненттері болды. Жаңа «Ел арна» телеарнасы қазақстандық фильмдерді көрсетуге мамандандырылды.

Интернет жылдам дамыды. 2010-шы жылдардың ортасына таман kz доменіне 110 мыңнан астам адам тіркелді, ал жыл сайынғы өсім 25–30 процентті құрады. Қазақстанның әдебиеті мен тарихы бойынша Әдебиет порталы ашылды.

Электронды үкіметтің мүмкіндіктері кеңейді. Тек 2016 жылы ғана egov.kz порталы арқылы 40 миллионнан астам, ал «Азаматтарға арналған үкімет» офистерінде 36 миллионнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Қазақстан мобильді телефон байланысын тарату бойынша көш басында тұрған елдердің алғашқы ондығына енді. 4G стандарты 50 мыңнан астам адам тұратын қалалар мен елді мекендерге, аудан орталықтарына қолжетімді болды. Талшықты-оптикалық желілер құрылысы басталды, ол 2 миллионнан астам ауыл тұрғындарын жылдам интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, Қазақстан сияқты алып аймақты ел үшін бұл түйінді мәселе болатын.

Мемлекет, дін және қоғам

2011 жылы мамыр айында Үкіметтің құрылымында Дін істері жөніндегі агенттік құрылды, ал осы жылдың қазан айында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Осылайша, мемлекет діни өмірді ішкі саясаттың аса маңызды саласы деп танып, конфессияаралық келісім

мен азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету үшін барлық жағдайды жасады.

2009 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстандағы ислам дінін ұстанушылар үлесі 70 процент, христиандық дінге табынушылар 26 процент, атеистер 3 процентке жуық. Бұл ретте қандай да бір этнос өкілдері әдеттегідей өздерінің дәстүрлі діндерін таңдаған.

2012 жылы «Қазақстан-2050» стратегиясында мен ХХІ ғасырдағы Қазақстанның қоғамдық және рухани өмірін терең ой таразысынан өткіздім. Біз өзіміздің мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан етеміз. Алайда Қазақстанның зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек. Мен жария етіп отырған стратегия біздің халқымызды орта ғасырларда емес, ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындайды.

Біздің Конституция сенім бостандығына кепілдік береді, бұл – факт. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол – хаос. Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат, жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды. Себеп – әзірге біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитет әлсіз.

Әркімнің таңдау құқығы бар. Дінді таңдауда өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Өйткені, адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты. Бүгінгі интернет пен жоғары технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, «сүзгі» адамның ішінде болу керек.

Ішкі «сүзгі» сұрақтар қойып отыруға тиіс: аналарымыз, әпке-қарындастарымыз, қыздарымыз орамалға оранып алып, басқа халықтардың киімін кигені бізге керек пе? Бізбен бір дастарқанда отырып тамақ ішпеуге тиіс пе? Көлік жүргізбеуі керек пе? Мұның бәрі – басқа елдердің орныққан дәстүрлері, біздің даламызда ондай дәстүрлер ешқашан болған емес. Классиканы оқыңыздар, фильмдерді көріңіздер, жасы үлкен адамдардан сұраңыздар. Біздің әйелдерде ұлттық тәкаппарлық, қалыптасқан киіну стилі бар, оны олар ибалылықпен ұстана біледі және біз, ерлер, әйелдердің осы қасиетін кейде теріс пайдаланамыз. Қазақстан ешқашан діни сенімсіз болған емес. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін олар дінге қайта оралды, тіпті арада ешқандай үзіліс болмағандай. Дәстүрлерімізді жаңғыртып, Жаратқанға табынып, мешіттер сала бастады. Бұның бәрі дұрыс, қазақтарға – дін де, дәстүр де қажет. Сонымен қатар, бұл мәселеде өте абай болғанымыз жөн. Біздің діни сеніміміз – шынайы, ал қалғандары – екінші кезекте деуге болмайды. Біз өзге де діндерді зерттеп, біліп, құрметтеп, қадір тұтуымыз қажет. Тек сонда ғана мұсылмандықтың қадірі артады. Өсиеттерді ұстан, алайда көзсіз берілме!

Бізге жат діни ағымдар бар. Біз олардан бойымызды аулақ ұстауымыз қажет, шынайы руханилықты дәріптейтін діннің уағыздарына ден қой. Құранның киелі өсиеттерінің орындалуы үшін діннің дамуы мен гүлденуі – әлсіздерге көмек беру, жанашырлық білдіру, бауырмалдық, үлкендерге құрмет, бала тәрбиелеу, Отанды, халықты қорғау, бірлікке шақыру жолымен жүруі тиіс. Дін тек осылайша мемлекетке қамқор болып, көмегін тигізе алады. Тек сонда ғана ол халықты біріктіре алады. Осындай исламды біз қадір тұтамыз.

Өкінішке орай, 2010-шы жылдары Қазақстанда лаңкестік іс-әрекетке дайын экстремистік жалған ағымдар жанданды. Елдің бірқатар өңірлерінің тұрақтылығына қауіп төндіруге тырысқан экстремистер тобы әшкереленді. Арнайы қызметтер терактілердің алдын алды, барлық қазақстандықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, елдегі жағдайды одан әрі де жіті қадағалауда.

2011 жылғы қазан айында діни заңнамаға қажетті түзетулер енгізілді: қоғамдық орындарда салт-дәстүр жоралғыларын өткізуге шектеу қойылды, діни ұйымдардың қайта тіркелу іс-шарасы қарастырылып, нәтижесінде 18 конфессия мен 3,6 мың діни бірлестіктер қайта тіркелді. Алайда дінге сенушілердің ғибадат үйлерінен тыс жерлерде рұқсат етілмеген жиналыстар өткізуі шешілмеген мәселе күйінде қалды.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы 2013–2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бойынша 1,5 миллион адам қамтылды, діни толеранттылық пен радикалды идеологияға қарсы тұру иммунитетін қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендер үшін кеңес беру орталықтары құрылды.

2013 жылғы ҚХА-ның XX сессиясында сөйлеген сөзімде мемлекет, қоғам және діндер арасындағы өзара байланыстың тиімді моделін табу қажеттілігін және Қазақстанның тарихы таңдауы – зайырлы мемлекет екенін атап өттім. Менің ойымша, зайырлы дегеніміз – ілгерішіл, бейбітсүйгіш, толерантты, ашық қоғам. Біз дәстүрлі діндерді қолдаймыз, бірақ кез келген экстремизмді үзілді-кесілді теріске шығарамыз. Жастарды біздер үшін бөгде радикалды діни ағымдардан қорғау қажет.

424

Конституцияға сүйене отырып, Қазақстан діндерді саясиландырудың барлық әрекеттеріне батыл түрде қарсы тұра білді, оны барлық мемлекеттік құрылымдар мен білім беру жүйесіне енгізді.

2015 жылы наурыз айында «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде Қазақстанда конфессияаралық келісім мен бейбітшіліктің базалық негізі ретіндегі зияткерлік сипаттағы мемлекеттің нығайғанын атап өттім. Меніңше, әрбір діннің өз артықшылығы бар. Олар қазақстандықтарды біріктіріп,

бейбітшілік пен келісімге, қоғам мен экономиканың дамуына, мемлекеттің нығаяуына қызмет етуі тиіс.

Діни сфераның маңыздылығын ескере отырып, 2016 жылдың қыркүйек айында Дін істері және азаматтық қоғам министрлігін құруға Жарлық бердім.

2017 жылғы Конституциялық реформалар барысында Негізгі заңның 39-бабына тек ұлтаралық қана емес, конфессияаралық татулықты да бұзатын кез келген іс-әрекетті конституцияға қайшы деп тану туралы қисынды толықтыру енгізілді.

Елде тарихи-мәдени мұраларға, тұрақты зайырлы мемлекеттің нығаяуына, конфессияаралық татулық пен экстремизмді жеккөрушілікке негізделген мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қарым-қатынастардың ерекше қазақстандық моделі жасалды.

Дін басшылары мен саяси қайраткерлердің диалогы

Өткен ғасырдағы көптеген саясаткерлердің ойынша, діни фактор уақыт өте келе біржолата жойылуы тиіс болатын. Алайда іс жүзінде ХХІ ғасыр басында біз мүлде басқа картинаны көрдік. Әлеуметтік қолданыстан шығып қалудың орнына, дін мен оның институттары күшіне еніп, өзінің қоғамдағы ықпалын күшейте түсті, саяси-әлеуметтік жүйелерге өз тәртібін орнатуға тырысты. Мамандар бұл құбылысқа арнайы термин де ойлап тапты, ол де-секуляризация деп аталды. Дін жоғалмады. Ол бар болғаны саясат сферасынан жеке өмір сферасына ауысты. Бұл ретте, ол діни қызмет пен діни танымды қоғамның дәстүрлі сегментіне – дәстүрлі өмір салтын ұстанған қарт адамдарға жақындастырудың өзіндік әлеуметтік желілерін жасады. Сөйтіп, біраз уақыттан соң Феникс құсындай жастар арасында жаппай қайта тірілді. Ең қызығы – діннің саясатта өріс ала бастауы. Бұл тек тар шеңбердегі отбасылық саясатта ғана емес, жаһандық деңгейдегі дәрежеге жетіп отыр.

Беделді деген сараптамалық орталықтардың болжамдарына сенсек, ХХІ ғасырдағы діннің бүкіл адамзат өміріндегі, әлемдік саясаттағы рөлі арта түспек. Олардың ойынша, таяу онжылдықтарда барлық аса маңызды діни қауымдастықтардағы діни ұлтшылдық пен радикализмнің өсуі әлемге зор қауіп төндіруі мүмкін.

2003 жылдан бастап Астана қаласында ұдайы өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съездері – Қазақстанның жаһандық гуманитарлық диалогқа қосқан маңызды үлесі. 2011 жылдың

қыркүйек айында БҰҰ төрінде сөйлеген сөзімде бұл форумдарды Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында өткізуді ұсындым. Мен біздің заманымыздың көрнекті рухани қайраткерлерімен әлденеше рет сөйлестім. Олар бір ауыздан: «Қазақстан – әлемдегі мұсылмандар, христиандар, католиктер, протестанттар, буддалықтар, иудалықтар тату-тәтті тұратын бірден-бір ел. Бұл – олардың бірге бас қосып, өз мәселелерін талқылайтын жалғыз орын», – дейді.

Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының IV съезі 2012 жылы 30–31 мамырда Астана қаласында өтті. Съезге әлемнің 40 елінен 85 делегация қатысты. Форумның басты тақырыбы – «Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың таңдауы». Съезд жүріп жатқан кезде өзге де гуманитарлық форумдар мен ынтымақтастыққа бағытталған Дін көшбасшыларының кеңесі жұмысын бастады. IV съездің қорытындысы бойынша жарияланған Үндеуде дін көшбасшылары бүкіл адамзатты болашақ өмір үшін өзара бірлікке, татулық пен бейбітшілікті сақтауға, әділдік пен жасампаздыққа шақырды.

Съезге қатысушылардың бірі – Израильдің Бас Сефард Раввині Шломо Қазақстанның конфессияаралық татулық пен толеранттылықты қамтамасыз етудегі күш-жігеріне жоғары баға берді. Оның сөзінше, бұл – бүкіл адамзат үшін жарқын үлгі. «Қазақстан Президенті, – деді Шломо Амар, – жаңа БҰҰ-ны құрды, ол тек халықтарды ғана біріктіріп қоймай, діндер мен мәдениеттерді де тоғыстырды».

2015 жылғы 10–11 маусымда өткен Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының V съезі бұрын-соңды болмаған құрамда болды. Астанада БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун, Иордания королі Абдалла II, Финляндия президенті Саули Нийнисте, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Ламберто Заньер, ИЫҰ Бас хатшысы Ияд бен Амин Мадани және өзге де саясаткерлер, дін және қоғам қайраткерлері жиналды. Съезде барлығы 42 елден 80-ге жуық делегация келді.

2010-шы жылдардың ортасына қарай күшейе түскен жаһандық шиеленіс пен әлемнің түрлі ошақтарында өршіген этностық және діни негіздегі жанжалдар жағдайында осы Форумның өткізілуі ерекше мәнге ие болды. «Бейбітшілік және даму жолындағы діни және саяси қайраткерлердің диалогы» съездің негізгі тақырыбына айналды.

Менің ойымша, дін көшбасшыларының ұсыныстары діни сенім тұрғысында адасып жүрген жандарға көмегін тигізуі мүмкін. Дінге шын берілгендерге жеккөрушілік, сабырсыздық, қаталдық пен жақындарына деген әділетсіз қарым-қатынастың жат екендігі туралы ұжымдық ортақ ойлар – бүгінгі таңда кез келген дау-жанжал мен күш қолдануды тежеудің шешуші факторы болып табылады.

Съезд декларациясы әскери қақтығыстарды тоқтату, саяси қайшылықтарды күшпен шешуден бас тарту, державалар арасындағы сенімсіздікті жою, конфессияаралық алауыздық отын тұтатуға бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға жол бермеу мәселелерінде, сол сияқты аштық, жұқпалы індет, жұмыссыздықпен күресте діни және саяси қайраткерлерді күш біріктіруге шақырды.

Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съездері діни тұлғалар мен саясаткерлердің өзара диалогы форматында өтіп жатыр. Біз, осылайша, рухани күш-жігер таныту арқылы әділетті үстем етуге ұмтыламыз.

8. АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ЖАҢА САПАСЫ

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ

Білімнің дамуы: адам капиталына инвестиция

Қазақстандық білім беру жүйесі үшін – 2010-шы жылдардың орта тұсы жаңғыртудың жаңа кезеңіне айналды. 2015 жылы қараша айында «Білім беру туралы» заңға толықтырулар енгізілді. Олар – мектепте білім берудің жаңартылған түріне көшуді, дуальды оқытуды, алғашқы жұмысшы мамандығына тегін қол жеткізу құқығын, колледждер мен жоғары оқу орындарының тәуелсіз аккредитацияларын қамтамасыз етті.

Келесі жылдың наурыз айында әлемдік трендтерді ескере отырып жасалған Қазақстан Республикасының 2016–2019 жылдарға арналған Білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Отандық білім беру – ең үздік халықаралық үлгілерге, соның ішінде ақпараттық технологиялар мен электронды оқытуды дамытуға бағытталған. Бейімдік мектептер құрылысы жалғасуда. Жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдар тартылып, магистратура мен докторантураға мемлекеттік тапсырыс мөлшері ұлғаюда.

Мемлекеттік-әлеуметтік саясаттағы басымдық – адам капиталының дамуы екенінің дәлелі ретіндегі, ерекше форматтағы оқу орындары – Назарбаев зияткерлік мектептері ашылды, сөйтіп мектепте білім беру ісі тез арада әлемдік стандарттар деңгейіне дереу көтерілді. 2014 жылға қарай зияткерлік мектептер Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Орал, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент, Тараз, Павлодар, Қызылорда, Атырау қалаларында ашылды. Бұл – мектептегі білім беру ісіне салмақты серпін берді.

2010-шы жылдары білім берудің барлық деңгейлерінде оң өзгерістер байқалды. «Балапан» бағдарламасының арқасында мектепке дейінгі білім беру бүлдіршіндердің 80 процентін қамтыды. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен жүз процент қамтамасыз етуге 2020 жылы қол жеткізетін боламыз.

2016 жылы бірінші сынып оқушылары жаңа оқу жылын жаңартылған стандарт бойынша бастады. 2020 жылға қарай орта білім беруде дамыған елдерде қабылданған 12 жылдық модельге көшу міндеті тұр.

ЭЫДҰ-ға интеграцияланудамыз, сол үшін де олармен сәйкестікте болуымыз қажет. Дамыған елдердің мектептерінде бес күндік оқу аптасы қолданылады. Баланың өзіне-өзі келуіне, педагогтің дем алып, сабақтарға дайындалуына мүмкіндік берілген. Біз де осы тәжірибені енгізуіміз керек.

Білім беру мекемелерінің материалдық базасын нығайтуда айтарлықтай қадамдар жасалды. 2015 жылдың өзінде-ақ 100-ден астам мектеп ашылды. 2018 жылға қарай апатты жағдайдағы және үш ауысымда оқитын мектептер түгел жоғалады. Тұтастай алғанда, Тәуелсіздік жылдарында 1,4 мың мектеп салынды.

2016 жылы наурыз айында Парламентте сөйлеген сөзімде: «2020 жылға қарай жер жүзі халықтарының жартысын «цифрлы балалар» құрайтын болады», – деген болжам жасаған едім. Сондықтан да Үкіметке мектептерді ақпараттандыруды жалғастыру тапсырылды. 2019 жылға таман Қазақстанның барлық мектептері жылдам интернетке қол жеткізулері тиіс.

Отандық білім беруді жаңғыртуда 2015–2020 жылдарға арналған үш тілде білім беру және бірнеше тілге кезең-кезеңмен көшу «Жол картасы» ерекше мәнге ие болды. Назарбаев зияткерлік мектебінің үлгісі үш тілде білім беруді енгізудің тәжірибелік негізі болды. Солай бола тұра, мен үш тілде білім беруге көшу мерзімі мен оқу жылын ұзарту мүмкіндігі туралы қоғамдық пікірді мұқият зерттеуді тапсырдым. Бүкіл қазақстандықтарды толғандыратын бұл мәселелерді өте мұқият ойластыру қажет еді.

2010 жылы Болон декларациясына қосылу құрылымы ЮНЕСКО-ның халықаралық жіктелуіне сәйкестендірілген жоғары білім және жоғары білімнен кейінгі білім сапасын көтеру сферасында халықаралық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашты. 2010-шы жылдардың бас кезінде-ақ республикаға үш мыңнан астам шетелдік жетекші ғалымдар шақырылды, олар дәріс оқып, ғылыми кеңес берумен шұғылданды. Шет жерде, әлемнің қырық еліндегі жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандықтардың саны екі есе өсті.

2014 жылы желтоқсан айында ҚазҰТУ-дің және қайта құрылған ғылыми-технологиялық «Парасат» холдингінің базасында алғаш рет Ұлттық ғылыми-зерттеу техникалық университеті құрылды.

«Болашақ» стипендиялы бағдарламасы одан әрі жалғасып, 9,5 мыңнан астам мамандар даярланды. 2010-шы жылдардың ортасына қарай бұл бағдарлама менің талап етуіммен, нақтылы экономика мен әлеуметтік сфераның мұқтаждықтарына бағытталды.

Таяу жылдары жоғары оқу жүйесіне академиялық және өзін-өзі басқару қағидаттары енгізіле бастайды. Жоғары оқу орындары біртіндеп корпо-

ративті басқарудағы коммерциялық емес ұйымдарға айналады. 2010-шы жылдары мемлекет те, азаматтар да білімге қаражат салу – болашақтың перспективалы инвестициялары екеніне толық көз жеткізді. Қазақстандық білім беру жүйесіне 2017 жылы басталған қоғамдық сананың жаңғыруы бағдарламасы ерекше мол мүмкіндіктер туғызып отыр.

Индустриаландыруға қажет жаңа мамандар

2013 жылдың шілде айында, Индустриаландыру күнінде өткізілген жалпыұлттық телекөпірде мен бірінші бесжылдық кезінде анықталған, ұдайы туындайтын өндірістік-технологиялық міндеттерді шешу үшін инженерлер мен зерттеушілерді дайындау қажеттілігіне назар аудартым.

Индустриаландыруға қажетті мамандарды дайындауда алдыңғы жылдары жіберілген кемшіліктерді болдырмау үшін күш салу қажет болды. Индустриаланудың келесі кезеңіне қажетті инженер мамандарды дайындайтын негізгі жоғары оқу орындары айқындалды. Қазақстанның жоғары оқу орындары мен колледждерінің жиырмадан астамында жаңа бағдарлама бойынша оқыту басталды. Бейімдік магистратура бойынша мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғайды.

Кәсіби біліктіліктің Ұлттық жүйесінің жасалуы ерекше мәнге ие болды. Бұл ретте кәсіби стандарттар білім беру стандарттары үшін бағыт-бағдар болуы тиіс, олардың арасында қайшылыққа жол беруге болмайды. 2020 жылға қарай, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының 45 проценті кәсіби стандарттарға сүйенетін болады.

2015 жылғы қарашадағы Жолдауымда атап көрсеткенімдей, техникалық кадрларды дайындау жүйесін барынша дамыту қажет, Германия, Канада, Австралия және Сингапурмен бірлесе, алдыңғы қатарлы орталықтар құру қажет. Нақ осы орталықтар техникалық және кәсіби білім берудің болашақтағы тиімді моделіне айналады.

430

2016 жылы «Болашақ» бағдарламасына шетелдік магистратурада жоғары деңгейлі инженерлік-техникалық мамандықтар дайындау опциясы енгізілді. Сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығы, «Азаматтарға арналған Үкімет», «Ұлт жеңімпаздары» жобасының қатысушылары үшін бағдарламалар жасалды.

Өңірлік орталықтар мен әлемдік деңгейдегі колледждер желісі құрылуда. Олардың алғашқысы – мұнай-газ өнеркәсібі желісі 2013 жылы Атырауда ашылды. Мұнда шетелдік мамандар да сабақ береді. Мұндай орталықтар Өскемен, Екібастұз, Шымкент қалаларында ашылатын болады. Жетекші

колледждер базасында кәсіби мамандарды дайындаудың ресурстық орталықтары құрылуда.

Колледждер санын үштен бір есеге арттыру көзделген білім берудің дуальды жүйесінің «Жол картасы» бекітілді. 2015 жылы қазақстандық колледждердің студенттері Бразилиядағы WorldSkills халықаралық байқауында алғаш рет кәсіби дағдылары бойынша бақ сынасып, жақсы көрсеткіштерге ие болды.

2014 жылдан бастап «Серпін-2050» бірегей көші-қон оқу бағдарламасы іске қосылды. Оңтүстіктің басы артық жұмыс күші мол өңірлерінен келген студенттер кадр тапшылығы сезілетін Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстанның техникалық колледждері мен жоғары оқу орындарында оқиды.

«Нұр Отан» партиясының бастамасымен 2016 жылы жастардың «Nurintech» инновациялық жобалар байқауы бастау алды.

2017 жылы «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы басталды. Бұл бағдарлама бойынша жоғары оқу орнына түсе алмаған мектеп бітірушілер, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған жас қазақстандықтар алғашқы мамандыққа ие болады.

Nazarbayev University – болашақтың университеті

2010-шы жылдардың алғашқы жартысында Назарбаев Университеті (Nazarbayev University) жаңа ғылыми-ағартушылық жүйенің көшбасшысына айналды, халықаралық стандарттар бойынша мамандар даярлайтын тұңғыш қазақ университеті болды, автономдық және академиялық еркіндік принципінде жұмыс істеді. Оның оқу-ағартушылық мектептерінде және ғылыми орталықтарында бір жарым мың студент жаңаша білім алды. Университет озық әлем университеттері рейтингіне енетін дүниежүзілік ғылыми-ағартушылық корпорацияларымен тығыз қарым-қатынас орнатты.

2011 жылғы қаңтардағы Жолдауымда Назарбаев Университеті маңына трансферт пен жаңа технологияларды құруға ықпал жасайтын инновациялық-зияткерлік кластер топтасса деген тілегімді білдерген едім.

Бұл ұлттық кластерге Nazarbayev University Research Innovation System (бұрынғы Энергетикалық зерттеулер орталығы), Өмір туралы ғылым орталығы, Ағартушылық саясат орталығы секілді арнаулы орталықтар енуі тиіс. 2011 жылы қыркүйекте университетке Ұлттық медицина холдингі университет қарамағына берілді. Медицина мектебінің алғашқы студенттер тобы оқуын 2015 жылы тамыз айында бастаған болатын.

2012 жылы жоғары оқу орындарынан кейін білім беретін үш мектеп – Жоғары бизнес мектебі, Жоғары Мемлекеттік саясат мектебі және Жоғары Білім мектебі ашылды. Талапкерлерді Назарбаев Университеті магистратура және докторантураға қабылдай бастады.

2014 жылы шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестік жағдайында экономиканың нақты секторы үшін «Split PhD» докторантура бағдарламасы дүниеге келді. Дәл осы тәжірибе индустриаландыру бағдарламасында маңызды рөл атқаратын жоғары оқу орындарына енгізілді.

2013 жылғы 18 сәуірде Жоғары қамқоршылық кеңестің шешімімен Назарбаев Университетінің 2020 жылға дейінгі стратегиясы және жаңа Жарғысы бекітілді. Университет классикалық академиялық басқару жүйесіне көшті. 2015 жылдың желтоқсан айында оған ғылыми-зерттеу университеті мәртебесі берілді.

Мен, университеттің негізін қалаушы адам ретінде, мемлекеттік қызметтен қолымның босамайтынына қарамастан, арасында бәрібір уақыт тауып, зертханалар мен ғылыми орталықтардың жұмыстарымен танысып, өз перзентімнің жетістіктері мен қол жеткізген табыстарын жіті қадағалап отырамын.

Назарбаев Университетінің де, Астана сияқты асқаралы асулары әлі алда. Университеттің нығаюында инновация және ғылымға негізделген бизнес платформасында Astana Business Campus ғылыми саябағы маңызды рөл атқарады, ол геологиялық, жоғары технологиялық, инжинирингтік, биомедициналық және әлеуметтік-сервистік бес кластердің басын қосады.

2015 жылғы 15 маусымда Назарбаев Университетінде алғашқы бітіруші түлектердің салтанатты рәсімі болды, ал 2016 жылы 11 маусымда – бакалавр мен магистратураны бітірушілердің екінші салтанатты шығарып салуы болды – 600-ден аса адам диплом алды. Мен университеттің әлемдік деңгейдегі ғылыми-ағартушылық орталық болып қалыптасқанын мақтан тұтамын. Бітіруші түлектерді экономиканың нақты секторына баруға шақырамын.

Ғылым: ел дамуына қосылған нақты үлес

432

2011 жылы ақпанда қабылданған «Ғылым туралы» заң озық ғылыми жетістіктер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. 2012 жылдан бастап, «Қазақстан-2050» стратегиясында ғылымның экономикаға қосар нақты үлесін күшейту туралы міндеттер қойылғаннан кейін, ғылымды басқарудың жаңа моделі күшіне ене бастады. Барлық жобалар Ғылыми-техникалық сараптама Ұлттық орталығы арқылы өткізіле бастады, ал қаржыландыруға байланысты соңғы шешімді Ұлттық ғылыми кеңестер қабылдады.

Қазақстанда 2010-шы жылдардың орта тұсында 25 мың ғылыми қызметкердің басын біріктірген 400 ғылыми ұйым-мекемелер жұмыс істеп тұрды. Ғалымдардың жаңа буыны PhD доктор бағдарламасы бойынша дайындалды.

Қазақстан ғалымдары үшін Мемлекеттік сыйлықтар, Білім және ғылым министрлігінің сыйлықтары, сондай-ақ әртүрлі стипендиялар тағайындалуы да жемісті жұмыстарға ынталандырғаны анық.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығымен С. Ақшолақов жетекшілік жасайтын Нейрохирургия ғылыми орталығы, А. Медеу басқаратын География институтының қызметкерлері және физика-математика ғылымдарының докторы, академик Т. Қалменов марапатталды.

2015 жылы мен Ғылым мен техника саласындағы Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлықты белгіледім. Оның алғашқы лауреаттары болып бірнеше ұжым танылды: сұйықтық физикасын зерттегені үшін – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми-зерттеу институты; ғарыштық ғылыми әдістерді дамытқаны үшін – Аэроғарыш комитетінің төрағасы Талғат Мұсабаев бастаған топ; түсті металлургиядағы ғылыми жұмыстары үшін – Әбдірасул Жәрменов жетекшілік жасайтын Минералды шикізаттарды кешенді өндіру жөніндегі ғылыми орталық; хирургиядағы жаңа технология үшін – Нұрлан Батпенев басқаратын Травматологиялық ғылыми-зерттеу институты.

Бұған қоса, «Қазақстан Республикасының көмірсутегі әлеуетінің ғылыми негіздері» және «Қазақстандағы қызыл балық өсіру инфрақұрылымын жасау және оның ғылыми-техникалық негіздерін дайындау» тақырыптары бойынша ұжымдық жұмыстарға, сондай-ақ нарықтық үдерістердің ірі теоретигі, экономика ғылымдарының докторы, академик Аманжол Қошановқа Мемлекеттік сыйлық берілді.

2014 жылғы сәуірде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыштық байланыстар мен телерадио хабарларын тарату ұлттық жүйесінің өмірге келгенін жаһанға жария жасаған телекоммуникациялық KazSat-3 жер серігі ұшырылды.

2015 жылы 2–12 қыркүйекте үшінші қазақстандық ғарышкер Айдын Айымбетов Халықаралық ғарыш стансасына ұшу сапарын сәтті аяқтады. Ғарышкердің ұшуы туралы шешімді Ресей президенті екеуіміздің 2015 жылы 9 мамырда қабылдауымыздың да символдық мәні болған сияқты. Ұшу сапарында Арал және Каспий теңіздерінің, сондай-ақ мұнай-кен орындарының экологиясына мониторинг жасалды. 2015 жылғы қазан айында Айдын Айымбетовке Халық қаһарманы жоғары атағы берілді.

Ғылымның тәжірибелік нәтижелері экономиканың болашақтағы сұраныстарына жауап беріп жатуы, ал ең бастысы – индустриаландырудың

өзекті мәселелерін шешуге көмектесуі аса маңызды екенін әлденеше рет атап өткенмін.

2015 жылғы мамыр айындағы Үкімет отырысында мен инновацияны өндіріске енгізуге ерекше назар аудару қажет екенін айтып, Ғылыми қызметті коммерцияландыру туралы заң жобасын дайындауға тапсырма бердім. 2015 жылғы қарашада қабылданған бұл заң – ғылым мен бизнестің арасындағы өзара қарым-қатынас тетігін қалыптастырды.

2015 жылғы Жолдауда заманауи және тиімді ғылыми-өндірістік жүйенің негізіне әрі ұлттық, әрі өңірлік инновациялық кластерлер және технопарктер алынуы керектігі атап көрсетілді. Алатаудағы Ақпараттық технология паркі, Атыраудағы Ұлттық индустриалды мұнай-химия технопаркі, Курчатовағы «Токамак» ядролық технология паркі, Алматыдағы, Астанадағы және Приозерскідегі ғарыштық мониторинг технопаркі. Ұлттық технопарктер жаңа салаға бағытталады, еркін экономикалық аймақтар режимінде жұмыс істейді.

2016 жылы наурыз айында 2016–2019 жылдарға арналған Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Онда көзделген негізгі бағыттар: коммерцияландырылған жобалардың үлесін 20 процентке дейін көтеру, ғылымға бөлінетін гранттарды индустриаландырудың маңызды мәселелеріне қайта бағыттау, инновациялық консорциумдарды (ҒЗИ, конструкторлық бюролар, зертханалар) жүзеге асыру мен дамыту барысында патенттер алу.

2017 жылғы 22 ақпанда Ұлттық Ғылым академиясының сессиясына қатысып, Ғалымдар қауымдастығын Академияның 70 жылдығымен құттықтадым және ғалымдардың алдында тұрған міндеттерді еске салдым: Ғылымды коммерцияландыру туралы заң толық күшінде жұмыс істеуі керек, ал ғылыми жұмыстар кәсіпорындардың, әсіресе импорт және экспорттық өндіріске қатысты сұраныстарына нақты бағытталуы тиіс.

2017 жылғы менің Жолдауымдағы технологиялық жаңғыру бағдарламасы да дәл осы мақсатты көздейді.

Мемлекеттік тілдің дамуы

Тіл саясаты, бұрынғыдай, 2010-шы жылдары да мемлекеттік тілді дамытуға және қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын байытуға бағытталды. «Қазақстан-2050» стратегиясында мен қазақ халқына, біздің тіліміз бен мәдениетімізге қатысты тарихи әділеттіліктің қалпына келтірілгенін атап айттым.

2011 жылғы қаңтар айындағы Жолдауымда қазақстандықтардың мемлекеттік тілді ықыласпен үйреніп жатқандарын атап өттім. Мемлекеттік тілді білетін тұрғындардың саны алғашқы онжылдықтың басында 67 процентке дейін жетсе, ал 2016 жылы 80 проценттен асты. Мемлекеттік қазақ тілі жыл өткен сайын қазақстандықтардың басым бөлігінің туған тіліне айналып келеді.

2014 жылы Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңі басталды. Қазақ тілі орталықтары жүйесін ұлғайту бойынша жұмыстар жалғасын тауып жатты. Мемлекеттік тілді оқып-үйренудің жаңа технологиясы және бағалау стандарттары (ҚАЗТЕСТ) енгізілді. Әртүрлі теледидарлық тілдік бағдарламалар жасалды. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі» порталы белсенді жұмыс істей бастады, мұнда ондаған пайдалы сервистер орналастырылған. Отыз томнан тұратын «Қазақша-орысша салалық сөздіктің» жаңа басылымы әзірленді.

Мектептерде мемлекеттік тілде білім беру ісін дамыту жолға қойылды. 2017 жылы елімізде қазақ тілінде оқытатын мектептердің саны 3,8 мыңға жетті.

2010-шы жылдары мемлекеттік тілді дамытуға байланысты үлкен міндеттер алға қойылды. Қазақстандықтарды, алдыңғы орында жастарды, тіл әлеуетін үнемі арттырып, байытып отыруға бағыт берілді. 2011 жылғы қаңтар айындағы Жолдауда 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтардың үлесін 95 процентке жеткізу, ағылшын тілін білетіндердің санын 20 процентке дейін апару көзделді. Мен әрдайым қазақстандықтар үшін үш тілді меңгеру – міндетті шарт екенін айтып жүрмін.

Үш тілді оқып-үйренуге байланысты жұмыста, сөз жоқ, мемлекеттік тіл бірінші орында болып келді және алдағы уақытта да солай болады. 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында нақты атап айтқанымдай, кез келген ұлт-мемлекет – бұл бәрінен де бұрын бірегей мемлекеттік тіл.

2015 жылы үш тілде білім берудің 2020 жылға дейінгі «Жол картасы» жасалды, оны орта және жоғары мектептерде бірте-бірте енгізудің кезеңдері белгіленді.

Дәл бұрынғыдай этностық тілдерге де қолдау көрсетілді. 2010-шы жылдары этномәдени орталықтардың өз үні болып табылатын алпыс газеті және сайттары он бес тілде жарық көрді. Неміс, корей, украин, ұйғыр, әзербайжан, татар, түрік тілдеріндегі республикалық газеттер мемлекеттің қолдауымен шығып жатты. «Мәдениет және білім» телеарнасының эфирінде хабарлар ұйғыр, корей, неміс тілдерінде таратылып жатты. Екі жүзге жуық діни және ұлттық мектептерде отыздан астам этностардың тілдері оқытылды.

2010-шы жылдары ағылшын тілін оқып-үйренуге деген қазақстандықтардың, әсіресе жастардың құлшынысы белгіленген межеден асып түсіп жатты. Онжылдықтың орта тұсында әрбір бесінші қазақстандық ағылшын тілінде сөйлей бастады (1990-шы жылдардың басында бұл көрсеткіш 2 процент қана болған).

Үш тілді қатар меңгерген қазақстандықтардың саны да өсе түсті, елімізде олардың саны 16 процентті құрады. Біздің елдің азаматтары үш тілді білу – бұл жаһандану дәуіріне берілген жолдама екендігін, бұл адамның өмірде зор табыстарға жетуіне жол ашатынын түсіне бастады.

Бірнеше тілді білу үлгісін мен өзім көрсеттім. 2016 жылы ақпанда көптеген ел президенттерінің бір ғана тілде сөйлейтініне назар аудардым. Алайда мен үнемі барлық қазақстандықтардың мені түсінуі үшін үнемі екі тілде сөйлеймін.

2016 жылы 1 наурызда, Алғыс айту күнінде, тағы да қайталай: «Біз үштілділікке бағыт алдық және бұл – уақыттың таңдауы. Мемлекеттік тілді, ұлт құраушы этностың тілін білуге біз міндеттіміз. Сондықтан да балаларымызға қазақ тілін мектеп партасына отырғаннан бастап оқытамыз. Біз сонымен қатар, ағылшын тілін де білуіміз керек, өйткені бұл – инновация мен технологияның тілі. Орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде білудің маңызы зор», – деп айтқан едім.

Осылайша, Қазақстанның тәжірибесі көрсеткендей: қалыптасқан мемлекет – бұл орныққан, таразыланған тіл саясаты деген сөз.

Қазақстан мәдениетінің гүлденуі

Қазақстанда тәуелсіздіктің екінші онжылдығында мәдениеттің гүлденуі одан әрі жалғасты. Ол толыққанды, сан қырлы, жан-жақты, жарқын түрде дамыды. Мемлекет бұрынғысынша мәдениет саласына барынша жомарттықпен қамқорлық көрсетіп, қолдау жасап отырды: 2012-ші жылдары, бес жыл ішінде, мәдениетке жұмсалған қаржы үш еседен аса өсті. 2014 жылғы қараша айында отандық мәдениеттің беделін көтеруге және саланы сапалы жаңғыртуға бағытталған Мәдениет саясатының жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Ұлттық мәдени өмірдегі елеулі оқиғалардың бірі – 2013 жылы маусым айында ғажайып «Астана Опера» театрының ашылуы, ал екіншісі – 2014 жылы маусымда Қазақстан Ұлттық музейі халыққа қызмет көрсете бастады. Екеуі де сәулет өнерінің жауһарлары әрі кең ауқымды мәдени жобалар. Бұл екі жоба да тікелей менің бастаммен жүзеге асты.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуға көп жағдай жасады және мәдени қорымыздың қоржынын толтыруға үнемі көңіл бөліп отырды. Енді халықаралық аренаға шығып, Қазақстанның дүниежүзілік мәдени үдерістегі үлесі бар толыққанды қатысушы екендігін дәлелдеу керек болды. 2012 жылы Астана қаласының бір мезгілде Түркі әлемінің және ТМД елдерінің мәдени астанасы мәртебесіне ие болуы – атап айтарлық жайт. Қазақстанның жаңа да жас астанасында ондаған мәдени форумдар, фестивальдар, көрмелер көз қуантып, көңіл тоғайтып өтіп жатқанына қала тұрғындары мен қонақтары дән риза болғаны анық.

Қазақ мәдениетінің тамыры терең негіздерін, Қазақстан мәдениетінің тұғырлы іргетасы – қазақ мәдениетінің салт-дәстүрлерін дамытуға үнемі көңіл бөлінуі – мемлекеттің ерекше қамқорлығы. Бізде қазақ өнері мен салт-дәстүрі дамытылуда, сонымен бірге барлық этностардың мәдени мұраларына да көңіл бөлініп отыр. Біз әлемдік өнерге, әдебиетке және спортқа отандастарымыздың, әртүрлі этностық ерекшеліктеріне қарамастан, қосып жатқан үлестері ұлғайып келе жатқанын бүкіл ел болып мақтан тұтамыз.

2016 жылы 1 наурызда, Алғыс айту күнінде, мен шын жүректен толқып тұрып, Ұлы Дала Елінің перзенттері сан түрлі бояуы бар мәдениеті, әртүрлі этностар мен конфессиялардың құндылықтарын бойларына ананың сүтімен сіңірді, бұған бізді тарихымыз және ата-бабаларымыз үйретті деген едім. Қазақстанның әрбір лайықты азаматы қазақ мәдениетінің жетістіктерін мақтан ететініне күмәнім жоқ.

Әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың берілуі де елімізде елеулі оқиға ретінде жұртшылық назарын аударып отырады. 2012 жылғы лауреаттар қатарында – жазушы Сәбит Досанов, ақын Несіпбек Айтұлы, әнші Әлібек Дінішев және скрипкашы Гауһар Мырзабекова болды. 2014 жылғы Мемлекеттік сыйлыққа: жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы, ақын Гүлнар Салықбаева, әнші Пантелей Кесоглу және композитор Балнұр Қыдырбек ие болды. Сондай-ақ марапатталғандар арасында Шымкенттегі тарихи-монументалды кешен авторлары да бар.

2016 жылы желтоқсан айында Иманғали Тасмағамбетов бастаған ұжым – «Мәңгілік Ел» монументі, жазушы Бексұлтан Нұржекеев – «Әй, дүние-ай!» романы, режиссер Досқан Жолжақсынов басқарған ұжым – «Құнанбай» көркем фильмі, суретші Кәміл Моллашев «Тәуелсіздікке тарту» атты жұмыстар топтамасы үшін Әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері болып танылды.

Қазақстан – әдебиеті мен жазушыларына мемлекеттік деңгейде қолдау көрсететін санаулы елдер қатарында. Мәдениет пен өнердің қайраткерлері үшін арнаулы стипендиялар белгіленген, кітаптары жарық көріп,

мерейтойлары аталып өтіп жатады. 2010-шы жылдары «Әлем әдебиетінің кітапханасы» сериясымен аударма еңбектерді және Қазақстан жазушыларының кітаптарын шығару жалғасын тапты, жаңадан – «Тәуелсіздік толғауы», «Жаңа заман әдебиеті», «Туризм және спорт», «Мәдениет және өнер», «Энциклопедиялық әдебиеттер», «XXI ғасыр: түркі халықтарының поэзиясы», «Әлемдік балалар әдебиеті» серияларымен кітаптар жарық көрді.

2014 жылы Жібек жолы бойындағы бірқатар қазақстандық тарихи нысандар, мәселен, Жетісудан (Талғар, Күлтөбе, Қарамерген, Ақыртас және басқалары) ЮНЕСКО-ның тізіміне енді. Сырдария өңіріндегі тарихи ескерткіштерді (Сығанақ, Отырар, Сауран) де сол тізімге енгізу көзделуде. Қазақ мәдениетінің мәртебесін асырған шаралардың бірі – 2014 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне ұлттық номинация бойынша – «Дәстүрлі домбыра күйлерін орындау өнері», сондай-ақ Қырғызстанмен бірлескен номинацияда «Қазақ және қырғыз киіз үйлерін дайындаудың оқуы мен тәжірибесі» енгізілгендігі. Алдағы уақытта ЮНЕСКО тізіміне «Айтыс», «Наурыз», «Саятшылық» номинацияларын енгізу жоспарланған.

2014 жылы шілдеде Астана қаласында ЮНЕСКО істері бойынша Ұлттық комиссиялардың Бірінші аймақаралық кеңесі болып өтіп, оған әлемнің 120 елінен өкілдер қатысты. Бір атап айтарлығы, мұндай кеңес ЮНЕСКО-ның Парижде орналасқан Штаб-пәтерінен тыс жерде бірінші рет өткізілді.

Маңызды мәдени оқиғаның бірі – ЮНЕСКО-ның атаулы күндер тізбесіне енгізілген Алматы қаласының мыңжылдығы болды (2016 жыл, қыркүйек). Осы арқылы Алматының жаһандық және аймақтық дамудағы рөліне жұртшылық айрықша назар аударды.

Жаңа Астананың мәдени өмірі жыл өткен сайын қызықты да мазмұнды бола түсті. 2016 жылдың елеулі мәдени оқиғасы, мәдени брендтің жаңғыруы ретінде Астанаға Алматыдан «Қазақконцерттің» көшіп келуін айтсақ та болады. Бұл – «Астана Мюзикл» («Қазақстан» Орталық концерт залы) жаңа театрының шымылдық ашуы арқылы қала тұрғындары мен қонақтарын тағы да қуанышқа бөледі. Сондай-ақ 2016 жылы Астанада Қазақ ұлттық хореография академиясы және оның сахналық алаңы – «Астана балет» театрының ашылуы да зор мәдени жаңалық ретінде қабылданғаны анық.

Әлемде Қазақстан туралы ақпаратқа деген сұраныс өсе түсті, ұлғая берді, соның нәтижесінде 2016 жылы «Ұлы Дала Елі» атты Қазақстан туралы мобильді қосымшаның тұсауы кесілді, бұл үш тілдегі сандық энциклопедия түрінде өмірге келді.

2017 жылы «Заманауи қазақстандық мәдениет жаһандану әлемінде» жобасы («Рухани жаңғыру» бағдарламасы) алдыңғы қатарға шықты, осы арқылы отандық мәдениеттің озық тәжірибесі, жаңа жетістіктері негізгі үш тілде лайықты насихатталатын болды.

Кино және музыка өнері

Қазақстанда 2010-шы жылдары шыққан кинотуындылар ұлттық кинематографтың өркендеу дәуірі басталғанын көрсетті. Отандық патриотизмнің нығаюы үшін маңызы ерекше фильмдер қатарында тарихи және заманауи тұлғаларды сомдауды мақсат еткен туындыларды айту ләзім.

Қазақстандық көрермендер менің нақты өмірбаяндық деректеріме негізделген «Көшбасшы жолы» атты ауқымды киноэпопеяны – «Балалық шағымның аспаны», «Теміртау», «Отты өзен», «Жұлдыздар осылай туады» фильмдерін (режиссері Рүстем Әбдірашев) – үлкен қызығушылықпен, зор ынта-ықыласпен қабылдады.

XX ғасырда ел басынан өткен оқиғаларға қарамастан, Қазақстанға, «жерұйық» мекенге қоныстанып, пана тапқан халықтардың қилы тағдыры 2011 жылы кинорежиссер Слэмбек Тәуекеловтің «Жерұйық» фильмінде көрініс тапқан. 2015 жылы көп сериялы «Қазақ елі» киноэпопеясының түсірілу жұмыстары басталды. Бұл киношежіреде XV-XVI ғасырдағы тарихи оқиғалар баяндалады. Берлинде өткен кинофестивальда Әмір Байғазиннің «Үйлесім сабақтары» (2013 жыл) фильмі операторлық жұмыс номинациясы бойынша «Күміс аю» жүлдесіне ие болды.

Коммерциялық фильмдер де көптеп түсірілді. «Жаужүрек мың бала» (режиссері Ақан Сатаев), «Қызғылт қоян туралы аңыз» (режиссер Фархат Шарипов) және басқа да фильмдер кинопрокатта шетелдік кинолармен бәсекеге түсті.

2016 жылы экранға жаңа фильмдер шықты. Олардың қатарында режиссер Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» тарихи драмасы, Сатыбалды Нарымбетовтің аты аңызға айналған тарихшы Ермұхан Бекмаханов туралы «Аманат» фильмі, қазақстандық-ресейлік жоба аясында түсірілген режиссер Андрей Шальпоның «28 панфиловшылар» фильмі, Рүстем Әбдірашевтың «Қазақ хандығы: Алмас қылыш» тарихи киноэпопеясы және т.б. киноленталар бар.

Қай кезеңде болса да, опера өнері өз биігінде қала берері даусыз. Қазақстандық жас әнші Мария Мудряк 2010 жылы италиялық эстрада мэтрі Тото Кутуньомен бірге «Раккомандати» байқауында жеңіске жетті. 2013 жылы

әнші есімі әлемдік сопраноның ондығына енді, ал 2014 жылы Италияда өткен AsLiCo опера байқауында жеңімпаз атанды. Сол жылы «Астана Опера» мемлекеттік академиялық опера және балет театрының әншісі Салтанат Ахметова ресейлік «Большая опера» тележобасында жеңіс тұғырынан көрінді.

Көпшілікке танымал музыка өндірісі де қарқынды дамыды. Қазақстандық ән өнерінде Батырхан Шүкеновтің шығармашылығы айтарлықтай рөл атқарды. 2010 жылдың желтоқсан айында әншіге Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері құрметті атағы берілді. Аты мәлім жұлдыздармен бірге жаңа өнер иелері де көріне бастады. 2015 жылы жас әнші Димаш Құдайберген Беларусьта өткен халықаралық «Славян базары» байқауында Гран-приге ие болды. 2017 жылдың бас кезінде Қытайдағы «Singer» музыкалық байқауына қатысып, екінші орын алған Димашқа қазақстандықтар зор қолдау білдірді, байқауды басынан аяғына дейін жіті қадағалап, оның шынайы жанкүйерлеріне айналды. 2017 жылдың наурыз айында ол «Азиядағы ең танымал әнші» номинациясы бойынша Top Chinese Music Award сыйлығына ие болды.

Дене шынықтыру мен бұқаралық спорт – ұлт денсаулығының негізі

Спорт саласындағы басым саясат – бұқаралық спорттың дамуына жағдай жасау. 2010 жылы Қазақстанда жиырмадан астам ұлттық спорт түрлері жанданып, бұған екі жүз елу мыңдай адам қатысты. 2011 жылы «Ел қайраты» республикалық, ауылдық дене шынықтыру-спорт қоғамы құрылды.

2011 жылдан бастау алып, жыл сайын өткізілетін «Қазақстан Барысы» ұлттық қазақ күресінің республикалық турниріне қазақстандықтар ерекше құрметпен қарады. Турнирде балуандар Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін бақ сынасады. Көркем безендірілген алаңдағы алып балуандар айқасы бірден көрермендердің қатты қызығушылығын тудырды. Қазақ күресі еларалық аренаға шығып, «Еуразия Барысы» және «Әлем Барысы» халықаралық турнирлері өткізілді. Бұл спорт түріне – қазақ күресінің жарысына отыз елдің балуандары қатысты.

Ұлттық спорт түрлерінен, Жазғы және Қысқы ауыл ойындарынан, Халық спорты ойындарынан Қазақстан чемпионаттары ұдайы өткізіліп тұрады. Ұлттық спорт түрлерінің өкілдері 2014 жылы Қырғызстанда өткен Көшпенділердің бүкіләлемдік ойындарына қатысты.

2010-шы жылдардың ортасына қарай елде 35 мыңнан астам спорттық

нысан, 400 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, мектеп-интернаттары, сондай-ақ 700 балалар мен жасөспірімдер клубы жұмыс істеп тұрды. Оқушылардың 40 процентке жуығы спорттық секцияларға қатысты. Бокс, футбол, күрес, дзюдо, ауыр және жеңіл атлетика, шаңғы сияқты спорт түрлері кеңінен таралды. 2014 жылы өңірлерде 18 дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Астана қаласында велостанса салудың жобасы қолға алынды.

Ірі халықаралық жарыстар мен ұлттық чемпионаттар өткізу үшін, сондай-ақ спортпен шұғылданғысы келген барша халыққа арнап «Астана Арена» футбол стадионы, конькимен жүгіру стадионы, велотрек, «Қазақстан» спорт сарайы, трамплиндер кешені, шаңғы және биатлон стадионы, «Шымбұлақ» тау базасы, «Медеу» мұз айдыны сияқты бірегей нысандар салынды және қайта жөндеуден өтті.

21 олимпиялық даярлық және олимпиада ізбасарлары орталықтары жұмыс істеп, онда Қазақстанның құрама командалары шеберліктерін шыңдады. 2014 жылдың қыркүйек айында Алматы қаласында AIBA Бүкіләлемдік бокс академиясы ашылды. Бұл – әлемдегі осындай тұңғыш оқу-спорт кешені.

2016 жылы сәуір айында 2025 жылдарға арналған жаңа Дене шынықтыру және спорт тұжырымдамасы бекітілді. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, аймақтық спортты қолдауға көп көңіл бөлінді. Егер 2010 жылдың бас кезінде ұдайы дене шынықтырумен және спортпен қазақстандықтардың 20 проценті шұғылданса, 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 30 процентке дейін өседі. Жоғары оқу орындары мен мектептерде спорт секцияларының жұмысы қарқынды түрде жүргізіліп келеді.

Елде саламатты ұлт, аурудың алдын алу және жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың негізі – бұқаралық спорттың дамуына барлық жағдай жасалған. Қазақстан жастарының денсаулығы мықты, табысты әрі спортпен шұғылданатын жандарға еліктеуі маңызды әрі қуантарлық жағдай.

Жоғары жетістіктер спорты: тәуелсіздік жеңістері

441

Бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортының оңтайлы теңгерімі Қазақстан спортының позитивті ерекшелігіне айналды. Жоғары жетістіктер спортының бәсекеге қабілеттілігі, әлемдік аренадағы табыстар – бұқаралық спорт үшін таптырмас өнеге.

Қазақстандықтар үшін қашанда Олимпиялық ойындардың маңызы аса зор. 2012 жылдың шілде-тамыз айларында Лондонда XXX Жазғы Олим-

пиада өтті. Қазақстан құрамасы жалпы командалық есеп бойынша 205 елдің арасында 12-ші жоғары орыннан көрінді.

Қазақстандық спортшылар 13 медаль иеленді. «Алтын» медальды жеңіп алған Серік Сәпиев техникасы жоғары боксшы ретінде Баркер кубогына ие болды.

2014 жылы Ресейдің Сочи қаласында өткен Қысқы Олимпиада ойындарында мәнерлеп сырғанаудан Денис Тен қола жүлдегер атанды.

Рио-де-Жанейрода өткен 2016 жылғы Олимпиада Қазақстан үшін аса табысты өтті. 17 алтын, күміс, қола медальдар Қазақстанға командалық есеп бойынша 22-орынға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Олимпиада «алтынына» ие болған спортшыларымыз: суға жүзуден – Дмитрий Баландин, ауыр атлетикадан – Ниязат Рахимов, бокстан – Данияр Елеусінов. Күміс жүлделерді Жазира Жаппарқұл (ауыр атлетика), Елдос Сметов (дзюдо), Василий Левит, Әділбек Ниязымбетов (бокс) пен Гүзел Манюрова (әйелдер күресі) иеленді. Фархад Харки, Александр Зайчиков, Карина Горичева (ауыр атлетика), Галбадрах Отгонцэцэг (дзюдо), Ольга Рыпакова (жеңіл атлетика), Эльмира Сыздықова, Екатерина Ларионова (әйелдер күресі), Иван Дычко, Дариға Шәкімова (бокс) қола жүлдегер атанды.

2014 жылғы XVII Жазғы Азия ойындарында (Инчхон қаласы, Корея) Қазақстан жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, биік табыстарға қол жеткізді. Құрлықтық сайыстарда командалық есеп бойынша төртінші орынды иеленіп, 84 медальды жеңіп алды. Суға жүзуден Дмитрий Баландин үш алтын медальға қол жеткізді. Боксшыларымыз да тамаша өнер көрсетіп, он алты медальдың алтауын жеңіп алды. Тағы бір жарқын спорт мерекесі – VIII Қысқы Азия ойындары 2017 жылдың ақпан айында Жапониядағы Саппоро қаласында өтті. Бұл жолы Қазақстан 9 алтын, 11 күміс, 12 қола жүлдеге ие болып, төртінші орыннан көрінді.

Алматы қаласында 2017 жылдың 29 қаңтары мен 8 ақпаны аралығында өткен Қысқы Универсиада спорт әлеміндегі айтулы оқиғалардың бірі болды. Универсиадаға 57 елден 2 мыңнан астам спортшы қатысты. Жарыс спорттың 12 түрі бойынша өтті, 85 медаль жиынтығы жүлдеге тігілді. Қазақстанның жас спортшылары туған елдің төрінде тамаша өнер көрсетіп, командалық есеп бойынша екінші жүлделі орыннан көрінді, 11 алтын, 8 күміс, 17 қола медальға ие болды.

2014 жылы қараша айында Алматыда ауыр атлетикадан әлем чемпионаты өтті. Қазақстан құрамасы үшінші орын алды. 2014 жылы мамыр айында Астана мен Қарағандыда велосипед спортынан Азия чемпионаты өтіп, Қазақстан құрама командасы екінші орынды иеленді.

Халықаралық аренадағы қазақстандық спорттың мәртебесі біртіндеп өсе бастады: тек 2015 жылдың өзінде ғана жалпы алғанда жеті жүздей медаль жеңіп алынды. Қазақстандық спорттың табыстары спортшылардың ынтымағын, ерік күштерін паш етті, патриоттық рухты аспандатты.

Қазақстандықтар кәсіби спортта да жарқын жетістіктерге жетті. А. Винокуров, А. Луценко, Ф. Ару, В. Нибали өнер көрсеткен «Astana Pro Team» әлемдегі ең табысты велокомандасы атанды. Веложарысқа қатысушы командалар жеке сында да, «Тур де Франс», «Вуэльта», «Джиро д'Италия», «Париж-Ницца» командалық жарысында да бақ сынасты.

2013-2015 және 2017 жылдары «Astana Arlans» кәсіби спорт клубы «Дүниежүзілік бокс сериясы» (WSB) жобасы бойынша чемпион атанды. 2010 жылы кәсіпқой бокстан (WBA) әлем чемпионы құрметті атағын қазақстандық Бейбіт Шүменов жеңіп алды, бұл титулды ол 2014 жылға дейін ұстап тұрды. Қазақстандық орта салмақтағы кәсіби боксшы, 2010 жылдан бастап бірнеше нұсқа бойынша әлем чемпионы Геннадий Головкин бүкіл әлемнің миллиондаған жанкүйерінің батырына айналды. 2013 және 2017 жылдар аралығында Г. Головкинді «Ring» арнайы басылымы «Жыл боксшысы» деп жариялады.

Футбол жанкүйерлері үшін аса маңызды оқиға болды: алғаш рет отандық футбол тарихында – 2013 жылы Еуропа клубтық турнирінің топтық кезеңіне – Еуропа Лигасына қарағандылық «Шахтер» футбол командасы енді. 2015 жылы елордалық «Астана» футбол клубы ең беделді халықаралық клуб турнирінің – Чемпиондар Лигасының топтық кезеңіне енді.

Қазақстандық спортшылардың жетістіктері елдің толымды табыстарымен астасып жатты. Олар өздерінің жарқын жеңістерімен Отанымызды даңққа бөледі, Қазақстан Республикасының халықаралық беделін көтеруге лайықты үлес қосты.

Біздің спортшыларымыздың жеңісі – Қазақстан халықтарының мерейі. Қазақстан спорт саласы бойынша көптеген этнос өкілдерін әлемге танытты. Олимпиялық құрама команда халықтың нағыз спорттық Ассамблеясына айналды. Спорттағы жетістіктер, бұқаралық жарыстар елді жақындастыра түседі, бірлік пен өзара түсіністікке қызмет етеді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы әлемдік спортта лайықты орын алды. Егер әрбір қазақстандық біздің олимпиадашылар тәрізді тек алға ұмтылса, онда Қазақстан сөзсіз алдыңғы қатарлы елге айналады.

9. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙҚЫН ЖӘНЕ МЫЗҒЫМАС БАСЫМДЫҚТАРЫ

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Сыртқы және ішкі саясаттың тұтастығы

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын бағыттай және айқындай отыра, 2010-шы жылдары да мен қалыптасқан мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатының арасында тығыз әрі ажырамастай өзара байланыс бар екенін жүйелі түрде сараладым. Сыртқы саясаттағы бейбітшілік пен татулық идеясын алға ұстауымыз – бұл бағыттың ішкі саясатта да салтанат құруының көрінісі.

2012 жылы желтоқсан айында «Халықаралық жағдай мен геосаяси орта динамикалы түрде өзгеріп отырады, бұл өзгеріс ұдайы жағымды деп айту қиын», – деп атап өттім. Демек, ұжымдық қауіпсіздіктің рөлі арта түседі. Мұндай одақтастыққа Қазақстан Республикасы белсенді түрде қатысады. Бұл, ең алдымен – Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, НАТО, Ұжымдық қауіпсіздік келісім ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі келісім ұйымы.

Жаһандық жағдайдың күрделене түсетіні алдын ала зерделене отырып, «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Ұлттық мүдделерді, елдің халықаралық беделін арттыруды және ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуды қамтамасыз етуге бағытталған алдын ала белсенді, кешенді және теңгерімді сыртқы саясат жүргізілетін болады», – деп айқындалды.

Мемлекетіміздің сырты саясаттағы қызметі бір ғана басты мақсатқа бағындырылған, ол – елдің дамуы және Қазақстан халықтарының әл-ауқатының жақсаруы. Осыған сәйкес, мен жаңа жағдайға орай, «Қазақстанның сыртқы саясаты ішкі саясат тәрізді жаңғыртылуы тиіс», – деген мақсат ұстандым.

Сыртқы саясаттың басымдықтары: стратегия мен тұжырымдама

Сыртқы саясаттың келешектегі бағыт-бағдары «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындалған. Тәуелсіз Қазақстан – маңызды халықаралық орта-

лыққа айналды, сондықтан да XXI ғасырда одан әрі өзінің өңіраралық көш-басшылық бағытын нығайта түсуі тиіс, Шығыс пен Батыстың арасындағы диалог пен өзара іс-қимылдың көпірі болуы қажет. Біздің басымдықтарымыз тұрақты болып табылады – көршілеріміз Ресей, Қытай, Орталық Азия елдері, сондай-ақ АҚШ, Еуропа одағы, Азия елдерімен әріптестікті дамыта түсу.

2012 жылғы Жолдауда сыртқы саясатты жаңғыртудың міндеттері айқындалды: ұлттық мүдделерді прагматикалық тұрғыдан ілгерілету, экономикалық дипломатияны жандандыру, сыртқы саясаттағы теңгерімшілік, қорғаныс қабілетін, ұлттық және өңірлік қауіпсіздікті нығайту, әділ де бейбіт өмір құруда, G-Global диалогын дамытуда күш-жігерді біріктіру, гуманитарлық саладағы халықаралық ынтымақтастық, шетелде Қазақстан халықтарын және олардың мүдделерін қорғау.

«Қазақстан-2050» стратегиясына сүйене отырып, 2014–2020 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасы жасалды. Мұнда Қазақстанның қалыптасқан мемлекет ретіндегі субъектілігінің өсуі, оның рөлі мен беделінің, өңірлік саяси және экономикалық салмағының артуы нақтыланған. Бұл ретте қазіргі заманның ахуалын ескере отырып, 2050 стратегиясына көшуге байланысты сыртқы саясатты жаңғырту қажеттілігі күн тәртібіне қойылды.

Тұжырымдама жаңа кезеңдегі Қазақстанның сыртқы саясатын прагматикалық және ұлттық мүдделерге төзімділікпен әрі сәйкестікпен бағытталған саясат ретінде айқындады. Дәл осындай – белсенді әрі бастамашыл сыртқы саясат «Қазақстан-2050» стратегиясының табысқа жетуінің және дамыған отыз елдің қатарына кірудің маңызды шарты және қолайлы ортасы болып табылатыны сөзсіз.

Жаңа жаһандық ядролық қауіпсіздік

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Қазақстан ұлттық және жалпы ядролық қауіпсіздік бағытын айнымастай ұстанды.

2015 жылы желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясы ядролық қарудан азат әлемге жету туралы жалпыға бірдей Декларацияны мақұлдады. Бұл – 2010 жылы сәуір айында Вашингтонда өткен бірінші ядролық қауіпсіздік саммитінде сөзімді қорытындылай келе, жария еткен менің ұсынысым болатын. Ол кезде жұрттың көпшілігіне бұл жаңа бастама кезекті «саяси ойын» болып көрінді. Алайда Қазақстан бұл мәселеде табандылықпен жұмыс істеп, нәтижесінде әлемнің ондаған мемлекеттерінің қолдауына ие болды. Бұл құжаттың бекітілуі – біздің елдің игілікті мақсатына – 2045 жылы БҰҰ-ның 100 жылдығына орай, ядролық қарудан азат бейбіт әлемге қол

жеткізу ізгі ниетіне қолдау білдіргендерінің көрінісі еді. Бұдан басқа, декларацияны қолдаған 35 ел қарарының қабылдануы Қазақстанның 2015 жылдың қыркүйегіндегі бастамасының – Жаһандық ядролық қаруға қарсы қозғалыстың маңызды қадамы болды.

2012 жылдың тамыз айында-ақ Астана қаласында өткен «Ядролық сынақтарға тыйым салудан – ядролық қарусыз әлемге» атты халықаралық конференцияда мен қоғамдық дипломатия бастамасын – АТОМ («Abolish Testing Our Mission» – «Сынақтарды жою – біздің миссиямыз») жобасын ұсындым. Жер бетіндегі ядролық қаруға қарсы кез келген адам әлем үкіметтерін ядролық сынақтардан біржола бас тартуға шақырған онлайн-петицияға қол қойып, Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісімшарттың тезірек күшіне енуіне қол жеткізе алады. Бұл бастамаға жүзден астам елдің азаматтары үн қосты.

Бұл ретте Қазақстан атомды бейбіт мақсатқа пайдаланудағы тең мүмкіндіктер жайындағы көзқарасын ашық айтты, күрделі мәселелерді шешуге нақты үлес қосты. 2013 жылы Алматы қаласында Иранның ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздер өтті. Бұл – сенімсіздік сеңін ерітіп, Женевадағы келісімге қол жеткізді.

2015 жылдың тамыз айында Қазақстанда Аз байытылған ядролық отын (аз байытылған уран) банкін (МАГАТЭ) құру туралы келісімге қол қойылды, бұл да аса маңызды оқиғалардың бірі еді.

МАГАТЭ-ге АБУ (НОУ) Банкін орналастыруға мүмкіндік бере отырып, Қазақстан, біріншіден – ядролық қару таратпау режимінің нығаюына, екіншіден – ядролық отынды қауіпсіз пайдаланудың мүлдем жаңа тетігін жасауда өзінің кезекті үлесін қосты.

2017 жылдың 29 тамызында әлемдік қауымдастық жаһандық масштабтағы оқиғаның куәсі болды. Мұндай жоба тарихта алғаш рет жүзеге асып отыр, аз байытылған уран банкін жасау – атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануға қызмет етеді. Сондықтан да Қазақстан беделді ұйымның «Ядролық қауіпті азайту бастамасына» қолдау білдіріп, Банкті Өскемендегі Үлбі металлургия зауытында орналастыруға ұсыныс жасады.

446

Жасалып отырған қор – бұл МАГАТЭ мүшелеріне кепілдік жеткізудің бірегей тетігі. Атап айтқанда, АБУ Банкі МАГАТЭ-нің толық бақылауында жұмыс істейді және оның ресми заңды билігінде болады.

Банкті құру – Ядролық қаруды таратпау келісімшартының әрбір қатысушысының Ұлттық бейбіт ядролық бағдарламаларын дамытудағы біртұтас құқығына зиян келтірмейді. АБУ Банкінің жобасы – бұл толық мәнінде экологиялық тұрғыдан негізделген және қауіпсіз екені ерекше маңызды.

Банк кез келген әсерлерден, соның ішінде сейсмикалық жағдайлардан да қорғалатын болады. Көптеген ядролық жарылыстардың зардаптарын бастан кешкен Қазақстан үшін – бұл аса маңызды. Сондықтан Қазақстан МАГАТЭ басшыларына және Банк донорларына олардың қосқан үлкен үлесі үшін алғыс білдіреді. Мен оларды атап айтқым келеді. Бұлар: АҚШ, Кувейт, БАӘ, Норвегия, Еуропалық одақ және «Ядролық қауіпті азайту бастамасы» ұйымы.

Бейбіт атом энергетикасы зор перспективаға ие. Қазақстанда, түрлі бағамдаулар бойынша, әлемдік уран қорының 15–30 процент мөлшері сақталған.

Біздің еліміз – уран өндіруші ірі өнеркәсіп болып табылады, технология мен инфрақұрылымға да ие. Демек, Қазақстан ХХІ ғасырда бейбіт атом энергетикасында маңызды рөлге ие болуға дайын.

Қазақстанның қауіпсіз әлемді қолдаудағы көпжылдық қызметі 2016 жылы наурыз айында Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздіктің төртінші саммитінде аталып, Ядролық қаруды «Таратпаудағы халықаралық көшбасшылығы үшін» арнайы марапатына ие болды. Біздің ел – ядролық қауіпсіздік сферасындағы өзінің биік мәртебесін тағы да бір рет айқындады.

Бітімгершілік миссиясы – Қазақстанның сыртқы саясатының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Мен 2010-шы жылдары ядролық қарусыздану режимі дағдарысқа ұшырайтынын және бұл қарусыздануды «қолдамайтын мемлекеттердің» амбициясын өршітетінін алдын ала білдім. Болашақ туралы өзімнің ойларымды Ядролық қауіпсіздіктің төртінші саммитінің «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесінде айқын және дәлелді түрде жария етуге тырыстым.

Қазақстанның бітімгершілік бастамалары адамзаттың көз алдында жаһандық ядролық қауіпсіздіктің жаңа элементтеріне айналды.

Қазақстан жаһанды биік мақсаттарға жүйелі түрде қадам басты: ХХІ ғасырда адамзат баласына өлім себетін ядролық арсеналдарға орын болмауы тиіс. Сондықтан да 2017–2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі Қазақстанның басым бағыты – жаһандық ядролық қауіпсіздікті ілгерілету болып табылуы заңды.

Еліміз қолға алған бітімгершілік қадамдары Қазақстанның күрделі ядролық қарусыздану процесіндегі – ядролық қарудан азат әлем жолындағы көшбасшылық бағытының берік нығаюына ықпал етті.

АӨСШК – Азиядағы қауіпсіздік пен даму ұйымының ізашары

АӨСШК процесінің басталғанына 20 жыл толуына арналған мерейтойлық отырыс 2012 жылғы қыркүйекте Астана қаласында өтті. Министрлер кездесуіне қатысушылар алдында сөйлеген сөзімде АӨСШК-нің арқасында дамудың паназиялық мәдениеттермен, өркениетпен, даму модельдерімен диалог орнатуға мүмкіндік туғанын атап өттім.

АӨСШК IV саммиті 2014 жылы 20–21 мамыр аралығында Шанхайда (ҚХР) өтті. Саммит жұмысына 47 мемлекет пен халықаралық ұйымдар және алғаш рет ББҰ Бас хатшысы қатысты. Кеңес төрағалығы Түркиядан Қытайға өтті. АӨСШК құрамына Катар мен Бангладеш қабылданды.

Саммиттің ШЫҰ сияқты маңызды халықаралық ұйым дүниеге келген қалада өтуі қуантарлық жағдай болды. Екі өңіраралық құрылымның күшін топтастыруға мүмкіндік берген, сондай АӨСШК нақты іс-шара ережелері қабылданған ШЫҰ мен АӨСШК арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумның Шанхай қаласында бекітілуі де кездейсоқ емес еді.

Саммитте қабылданған қорытынды құжат – «Диалогты, сенімді нығайту және жаңа Азиядағы тұрақтылық пен ынтымақтастықты үйлестіру» декларациясы Қытай төрағалығымен жүргізілетін жұмыс өзара сенім мен сыйластықты арттыруға бағытталатынын айқын көрсетті.

АӨСШК-нің өзге де қатысушылары тәрізді, Қазақстан да Кеңестің бұдан былай сан жағынан өсуі жеткіліксіз екенін айқын ұқты. Сол сияқты тек диалог алаңы ретіндегі қызметпен де шектелмеуі тиіс еді. Азиядағы нақты мәселелерді шешу үшін жаңа, мазмұны әлдеқайда терең формат қажет болды. Бұдан өзге, Қазақстан ЕҚЫҰ-ға Төрағалық жасаған кезеңде біздің ел ұсынған қауіпсіздіктің жалпы континенталдық, еуразиялық жүйесі туралы бастамасы да мықты азиялық ұйымды қажет етті. АӨСШК-ні қайта форматтау пісіп-жетілген мәселеге айналды. Сондықтан да біз саммитке қатысушылардың назарын АӨСШК негізіндегі Азиядағы қауіпсіздік пен даму ұйымын (АҚДҰ) құру туралы ұсынысқа аудардық. Бұл – заңдылық еді. Өз сөзімде: «Сондықтан біз, Азия елдері, құрлықты бейбіт жолмен дамыту мәселесімен өзіміз айналысуымыз қажет. Осы процесте АҚДҰ маңызды құрал болуы ықтимал», – деп атап өттім. «АӨСШК-ға мүше-мемлекеттердің көшбасшыларын осы мәселені шешуді кейінге қалдырмауға шақырамын».

Қазақстанның қорытынды баспасөз мәслихатында Қытай өзінің төрағалық ету кезеңінде Кеңестің негізінде белсенді әрекет етуші азиялық өңірлік ұйым құруға барлық күш-жігерін жұмсайтынына сенім білдірді.

ШЫҰ: дамудың жаңа кезеңінде

2010-шы жылдары ШЫҰ-ның өз құрамында – мүше-мемлекеттер, бақылаушы елдер, диалогқа қатысушы әріптестер арасында ынтымақтастық трендтерінің кеңеюі біртіндеп жүріп жатты. Осы үдерістерге қатысқан Қазақстан сындарлы саясат жүргізді.

Дағдарыстан кейінгі әлем жаңа мүмкіндіктерді ала келді. Тәуекелге бас тігуді қажет ететін сын-қатерлер де аз емес еді.

Осыған байланысты, ШЫҰ өзге де халықаралық құрылымдар сияқты, күрделі кезеңдегі, тез өзгеріп отырған дағдарысты әлемдегі өзінің алатын орны жайлы дер кезінде ойлануы тиіс.

Біріншіден, біз әлем өз дамуының мүлдем жаңа циклына көшкенін ескеруіміз керек. Біздің маңдайымызға өзгерістер әлемінде өмір сүру ғана емес, тарихи дәуірлер алмасуының нақты қатысушылары болу да бұйырған. Неміс философы Карл Яспестің сөзімен айтсақ, біз «өзекті кезеңге» аяқ басып отырмыз. Рас, бұл өзектің нәрін ойшылдар емес, саясаткерлер өзіне қарай икемдеуде.

Жаһандық орталықтардың күші қазіргі таңда Азияға көз салмай, өзіне бұрынғы «үшінші әлемнің» көптеген дамушы аймақтарының назарын аударып отырған Шығысқа қарай баяу, алайда біртіндеп сенімді түрде көшуде екенін көріп отырмыз. Менің ойымша, жаһандық өзгерістер жағдайында ШЫҰ аймақтық мәселелердің тар шеңберінен шығып, күшті және жауапты жаһандық «ойыншыға» айналуы, ең бастысы – өзінің мол әлеуетін әлемдік үдерістерге нақты ықпал етуге жұмсауы тиіс. Нақ осы ШЫҰ – беделді халықаралық ұйым ретінде, әлемдік қаржы архитектурасында радикал трансформация процесінің белсенді қатысушысы болуы қажет. Ол дәуірдің сын-қатерінен қаймықпай, жаһандық экономиканы қайта форматтауда өзінің рөлін әділетті және адамгершілік тұрғыда атқаруы тиіс.

Екіншіден, ШЫҰ дағдарыс әлемінде күшті қаржылық-экономикалық өріс болып қана қоймай, шешімдер қабылдаудағы маңызды саяси орталық бола алатынына менің сенімім мол. Әлемге халықаралық құқық нормаларын қатаң сақтауда жаңа экономикалық және саяси этика қажет.

Үшіншіден, ШЫҰ бүкіл әлемге түрлі нәсілдердің, халықтардың, діндердің, өркениет пен мәдениеттер ынтымағының үлгісін көрсете алады.

Бағзы замандардан бері Еуразия кеңістігі түрлі халықтардың жолығысатын мекені, мәдениеттер жақындасуының, өзара түсінісудің орталығы болып келді.

Мысалы, Ұлы Жібек жолы Азия мен Еуропа арасындағы жай ғана жол емес, үздіксіз диалогтардың да орны болды. Тек тауар ғана емес,

түрлі мәдени әлем арасындағы рухани құндылықтар алмасу да қызу жүріп жатты.

XXI ғасыр – Еуразияның қайта өркендеу және оның көптеген ғасырлық қоғамдық бастаулары мен дәстүр-салтының жаңа гүлдену кезеңі болатынына менің сенімім мол. Мұнда өркениеттер қақтығысына, діни және мәдени шиеленістерге орын болмауы тиіс.

Өткен жылдар ішінде ШЫҰ аса күшті ұйымға айналды, оның қатысуынсыз әлемнің ұлан-ғайыр аймағындағы күрделі мәселелердің бірде-бірін тиімді түрде шешу мүмкін емес.

Жыл сайын ШЫҰ-ға кіретін мемлекет басшыларының кеңесі өткізіліп тұрды. 2012 жылы 7 маусымда ШЫҰ кезекті саммиті Бейжіңде өтіп, онда 2013–2015 жылдарға арналған терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес бойынша ынтымақтастық бағдарламасы қабылданды. Ауғанстан ШЫҰ-ға бақылаушы ретінде қабылданды, ал Түркия диалог жүргізу бойынша әріптес болып қатысты. Қатысушы елдердің басшылары кездесуінде ШЫҰ-ны дамытудың стратегиялық негізгі бағыттары бекітілді. Бұл – ШЫҰ-ның Астана қаласында өткен саммитінде айтылған – ШЫҰ үшін өзінің жеке стратегиясы болуы керектігі жөніндегі ұсынысымыз қолдау тауып, жүзеге асырыла бастағанын білдірді.

2015 жылы 10 шілдеде ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының кезекті кеңесі Уфа қаласында (Ресей) өткізілгенде, осы ұйымның 2025-ші жылдарға дейінгі Даму стратегиясы қабылданды, Ұйымға мүше-мемлекеттердің шекара мәселелері бойынша ынтымақтастығы мен өзара қарым-қатынасы жөніндегі келісіміне қол қойылды. ШЫҰ-ға мүше болуға ұсыныс білдірген бақылаушы-мемлекеттер – Үндістанды және Пәкістанды мүшелікке қабылдауға байланысты дайындық жұмыстары қолға алынды. Сонымен бірге, Беларусьтың ШЫҰ-дағы мәртебесі өсіп, бақылаушы-мемлекет деңгейіне көтерілді, ал Әзербайжан, Армения, Камбоджа және Непал мемлекеттері ШЫҰ-ға өзара диалог жүргізетін серіктестер ретінде тіркелді.

2016 жылғы Ташкенттегі саммитте Үндістанмен және Пәкістанмен келіссөз үдерістері сәтті жүргізіліп, ұйымға мүше-мемлекеттер Үндістан мен Пәкістанды ШЫҰ-ға мүшелікке қабылдау туралы меморандумға қол қойды. Үндістан мен Пәкістанның ұйымға заңды мүше болып қабылдануы – ШЫҰ-ның әлеуетін асырып, оның беделінің жаһандық деңгейге көтерілгенін айғақтайтыны даусыз.

2015 жылы желтоқсан айында Чжэнчжоу қаласында (ҚХР) ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары Өңірлік экономикалық қарым-қатынас туралы үндеу қабылдады. Сол жолы Қытай жағы 2020 жылға қарай ШЫҰ-ға мүше елдер арасында еркін сауда-саттық аймағын құру туралы ұсыныс жасады.

2016 жылы 24 маусымда Ташкент қаласында өткен ШЫҰ-ның саммиті ұйымның құрылғанына 15 жыл толуын атап өтті және ШЫҰ-ның 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясы бойынша Жұмыс жоспарын қабылдады. Ұйымға мүше-мемлекеттер жуық арада тездетіп БҰҰ-ның Халықаралық лаңкестікпен күрес жөніндегі Жалпыға ортақ конвенциясын қабылдау туралы ұсыныстарын жасады. Қазақстан ШЫҰ-ның экстремизммен күрес жөніндегі конвенциясын әзірлеуге байланысты ұсыныс енгізді. Біздің ұстанымымызға сәйкес, діни экстремизм бейбітшіліксүйгіш исламмен және басқа діндермен теңдестіріле қаралмауы тиіс.

Ұйымның келесі бір маңызды бағыты экономикалық өзара байланыстарға қатысты еді. Мен ШЫҰ-ның күшін инфрақұрылымды дамытуға, әсіресе Еуропалық экономикалық одақ пен Қытайдың «Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасын ұштастыруға ұсыныс жасадым.

Қазақстан қай кезде де ШЫҰ-ның шын мәніндегі әрекет етуші құрылым болуын жақтады. 2016 жылғы маусымда бірлестікті тығырыққа тіреуі мүмкін үрдістер туралы пікірімді ашық айтқан болатынымын: «Біздің міндетіміз – ШЫҰ-ны аморфты, қағаз жүзіндегі, бюрократтық ұйымға (қазіргі АСЕАН/Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы) айналдырып алмауымыз керек. ШЫҰ – Еуразия кеңістігіндегі маңызы өте жоғары ұйым. Егер АҚШ Тынық мұхиты және Трансатлант аймақтарында еркін сауда аймағын құратын болса, онда біз олардың ортасында қалып қоямыз. Осыған байланысты, біз оның балама аналогын Еуразияда құруымыз керек».

Шанхай диалогының жиырма жылдығы және Шанхай ынтымақтастық ұйымының он бес жылдығы – әлемде жаңа үлгідегі аймақтық құрылым пайда болғанын және оның табысты дамып келе жатқанын көрсетті. Өткен жылдардың аясында «бестік» алдымен «алтылыққа» айналды, ал енді бүкіл әлемнің көз алдында салмақты, қарқынды, ашық жаһандық «сегіздікке» айналып отыр. Бұл өзіндік салмағы бар, даму қарқыны мықты, айтар ойы ашық «сегіздік».

Ислам ынтымақтастығы ұйымындағы төрағалық

451

2008 жылы қатысушыларының саны жағынан Біріккен Ұлттар Ұйымынан кейінгі екінші орындағы (57 ел) Ислам конференциясы ұйымы халықаралық құрылымы 2011 жылы ИКҰ-ға Қазақстанның төрағалық жасайтыны туралы шешім шығарды. Бір айта кетерлігі, Қазақстанның Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етуі – 2010 жылғы біздің еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі жемісті аяқталғаннан

кейін жалғасты. Мұндай халықаралық-саяси жалғастылық Қазақстанның Еуропа елдерімен және мұсылман елдерімен өзара белсенді қарым-қатынас орнатқандығын, Қазақ елінің жаһандық миссиясының бірегейлігін, Ислам әлемі мен Батыстың арасындағы түсіністікке ықпал жасауға ұмтылысын айғақтап тұрғаны даусыз.

2011 жылы 28–30 маусымда Астанада Ислам конференциясы ұйымы Сыртқы істер министрлер кеңесінің 38-сессиясы болып өтті және бұл Қазақстанның төрағалық жасауына алғышарт жасады. Тарихи оқиға ретінде жарты ғасыр бойы жұртшылықтың құлағы үйренген Ислам конференциясы ұйымының атауы өзгеруін айтуға болады. Мүше-мемлекеттер «ынтымақтастық» ұғымы ұйымның алдағы уақыттағы атқаратын жұмыстарымен көбірек сәйкесетіндігі туралы Қазақстанның пікіріне құлақ асты. Осылайша, Астанада Ислам әлемінің басты құрылымы өзінің қазіргі – Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) атауын иеленді. Бұл атау – оның анағұрлым топтасқан және тиімді халықаралық бірлестік екендігін білдіретін болады. Алғаш рет ИЫҰ-ның Орталық Азиямен ынтымақтастық іс-қимыл жоспары қабылданды.

Ислам ынтымақтастығы ұйымына Қазақстанның төрағалық етуі ислам әлеміндегі көптеген елдердің арасындағы драмалық шиеленістер уақытына тұспа-тұс келді. Осындай жағдайда қазақстандық дипломатия Ислам бірлестігі қоғамдастығы үшін өз бағдарламасын ұсынды, ол ХХІ ғасырдағы Ислам әлемі дамуының негізін реформалау мен жаңғыртуға шақырған ИЫҰ-ның Астана декларациясының негізіне алынды.

Ислам ынтымақтастығы ұйымы үшін Сириядағы азаматтық соғыстың өршуі және осыған байланысты көзқарастар қайшылығының үдеуі – үлкен сын-қатер болды. Қазақстан осындай сын сағатта парасаттылық көрсетті және күрделі геосаяси жағдайда өзін объективті медиатор ретінде танытты. Қазақстанның қағидатты ұстанымы, Сириядағы жағдайды талқылаған кездегі салиқалы, ұстамды көзқарасы Ислам ынтымақтастығы ұйымының іштей екіге бөлінуіне жол берген жоқ. Сонымен қатар Қазақстанның төрағалығы Сомалидегі гуманитарлық дағдарыстан шығу үшін 500 миллион долларды жинастыруға мүмкіндік берді.

Қазақстанның төрағалығы алғашқы белгіленген мерзімінен жарты жылдан артық уақытқа созылды және 2012 жылы қараша айында Джибути қаласында өткен Ислам ынтымақтастығы ұйымы Сыртқы істер министрлігі кеңесінің 39-сессиясында аяқталды. Осы кездесуде ИЫҰ азық-түлік қауіпсіздігі бойынша штаб-пәтерін Астана қаласында құру туралы біздің ұсынысымыз қолдау тапты, сондай-ақ Ислам ынтымақтастығы ұйымының Еуроодақпен, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен,

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесімен, Әлемдік және дәстүрлі діндер съезімен ынтымақтастықты тереңдету қадамдары да қолдауға ие болды.

Қазақстанның 2011–2012 жылдары ИЫҰ-ға төрағалығы – ұйым тарихындағы жаһандық өркениетті және дінаралық диалогта Қазақстан рөлінің маңыздылығын танытқан кезең.

2016 жылы сәуір айында Ыстанбұлда Ислам ынтымақтастығы ұйымының 13-ші саммитіне қатыстым. Саммитте қабылданған «ИЫҰ-2025» стратегиялық бағдарламасына Қазақстанның Жаһандық лаңкестікке қарсы коалиция құру жөніндегі ұсынысы енгізілді. Бұл – БҰҰ-ның халықаралық лаңкестікпен күрес жөніндегі жалпыға ортақ конвенциясында қабылданған болатын. Ыстанбұлда өткен ИЫҰ саммиті, саммит қарсаңында біздің Түркия президентімен бірлесіп ұсынған, мүше-мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастарды дамыту және исламдық татулық үдерісі туралы ұсынысымызды қолдады.

Қазақстан мен Ресей: мызғымас одақтастық

2012 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына жиырма жыл толды. 5 қазанда шыққан «Ғасырларға жалғасқан достық» атты мақаламда атап көрсеткенімдей, Қазақстан мен Ресей бұл оқиғаны – стратегиялық әріптестер, ең жақын одақтастар және достар ретінде қарсы алады. Осы сөздің дәлеліндей, Ресей жағы Қазақстанды 2013 жылы қыркүйекте Санкт-Петербургте өткен «Үлкен жиырмалықтың» саммитіне шақырды.

2013 жылы қарашада Екатеринбургте Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас жаңа, мол қамтылған бірегей құжатпен – екі мемлекеттің де халықтарының мүддесі мен мақсаттарына толық жауап беретін ХХІ ғасырдағы тату көршілік пен одақтастық туралы келісімшартпен толықты. Тараптар: мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікке өзара құрмет, теңқұқықтық және ішкі істерге араласпау, күш қолданбау немесе күшпен қорқытпау, аймақтық тұтастық, шекараның бұзылмайтындығы қағидаттарын басшылыққа алу жөнінде міндеттемелер қабылдады.

2014 жылғы сәуір айында, ауыр халықаралық дағдарыс белең алып тұрған кезде, мен: «Қазақстан мен Ресей – тату көршілер, одақтастар және стратегиялық әріптестер», – деп атап өттім. Сол жылы сәуірде Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзімде: «Сенім, тең құқықтылық және ынтымақтастық – бұл қазақстандықтар мен ресейліктердің ортақ құн-

дылықтары, оны біз ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, жеткізіп отыруға міндеттіміз!» – деп нық сеніммен айтқан едім.

Ресей – Қытай мен Еуроодақ сияқты, Қазақстанның ірі сауда әріптесі. Екіжақты тауар айналымы екі еседен аса өсті: егер 2003 жылы ол 5,8 миллиард долларды құраса, ал 2015 жылы, екі елдегі де экономикалық көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан 14,5 миллиард болды. Әрине, әлемдегі экономикалық тежелу саудаға да әсер етті. Дегенмен бірқатар позициялар бойынша – мұнай өнімдері, газ, кокстің өсу фактілері байқалды.

2015 жылғы маусымда әріптестер Қарашығанақ жобасы бойынша Орынбор газ өнімдерін қайта өңдеу зауытына газ сату мерзімін 2038 жылға дейін ұзарту жөніндегі келісімге қол қойды, ал бұл Қазақстан бюджетіне қосымша табыс әкелетіні анық. Энергетикалық жүйелердің жұмыстары туралы келісім жалғасатын болды. Қазақстандық көмірсутектерді әлемдік саудаға шығару ерекше маңызды еді. 2011 жылы КТК құбырын кеңейту арқылы жылына 67 миллион тоннаға дейін мұнай шығару жобасы іске қосылды. Қазақстан мен Ресей «Байқоңыр» ғарыш кешенін бірігіп пайдалануға байланысты жұмыстарын одан әрі жалғастырды.

2015 жылы қазан айында Ресей президенті В.В. Путин Қазақстанға ресми іссапармен келді. Әлемдегі экономикалық жағдайдың күрделілігін ескере отырып, келіссөздің басты тақырыбы экономикадағы іс-әрекеттерді үйлестіруге бағытталды. Кездесу барысында біз әлемдік тұрақсыздық салдарларын жеңілдетуге байланысты нақты қадамдарды анықтадық.

Ресей мұнайын Қазақстан арқылы Қытайға шығару, Каспий кен орындарын игеру, көмір өндірісіндегі ынтымақтастық және оны Каспий бойымен Парсы шығанағына тасымалдау мәселелері талқыланды. Біз өткір жаһандық және аймақтық проблемалар бойынша өзара уағдаластық, халықаралық жағдайларға қатысты қадамдарымызды үйлестірдік.

2010-шы жылдары өңіраралық ынтымақтастыққа айрықша назар аудардық. 2012 жылдың қыркүйек айында Павлодар қаласында өңіраралық ынтымақтастықтың ІХ форумы ұйымдастырылып, онда 2 миллиард доллардың келісімшарттары жасалды.

Екатеринбург қаласында өткізілген Өңіраралық ынтымақтастықтың Х форумының рөлі айрықша болды. Нақ сол жолы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасында ХХІ ғасырдағы тату көршілік пен ынтымақтастық келісімшартына қол қойылды. Мұнай және газ өндіру технологиясына арналған ХІ форум 2014 жылы қыркүйек айында Атырау қаласында өтті. Мұнда Қазақстан Каспий бойы ойпатының терең және аса терең қабаттарындағы (5–15 шақырым) жұмыстар бойынша халықаралық жоба дайындауға ұсыныс жасады. 2016 жылы бұл өрелі жобаның «Жол

картасын» жасау қолға алынды. 2015 жылы қыркүйек айында Сочи қаласында өткізілген XII форумда азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері және ауыл шаруашылығындағы кооперация мәселелері талқыланды.

XIII форум 2016 жылы 4 қазанда Астана қаласында өтті және маңызды мәселеге – Қазақстан мен Ресейдің еуразиялық көлік-логистикалық әлеуетіне арналды. Бұл елдер арасында 2014 жылы-ақ Бірлескен көлік-логистикалық компания құрылған болатын. Тұтастай алғанда, форумның жұмыстары кезінде екі ел аймақтарының арасында үш жүзден аса келісімшарт жасалған екен.

Адам капиталын дамытуға арналған XIV форум 2017 жылдың 9 қарашасында Челябині қаласында өтті. Тап осы қалада, 2005 жылы өткен II форумда осындай іс-шараны жыл сайын өткізетін болып келіскенбіз. Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастардың маңыздылығын жоғары деңгейдегі өзара байланыстың жылдам ілгерілеп келе жатқаны айғақтайды. Менің В.В. Путинмен көпжылғы жемісті қарым-қатынасым – өзінің толымдылығы және нәтижелілігі жағынан халықаралық-саяси феномен болып табылады. Біз Ресеймен он бес жылдан астам бірге жұмыс істеп келеміз.

Владимир Путин – дәстүрлі ресейлік көшбасшылардан ерекше. Оның бойында өз бетімен білім алуға деген өте күшті саяси қасиет бар. 2001 жылғы Путин мен 2017 жылғы Путин саясаткер ретіндегі деңгейі және көрегендігі жағынан екі басқа адам. Әрине, биік дәреже мен үлкен оқиғалар адамға сабақ болады. Алайда осы сабақтан кім қандай қорытынды шығарады – мәселе осында. В.В. Путин келіссөз жүргізген кезде өте тиімді және қисынды дәлелдерді пайдаланады. Міне, біздің екіжақты экономикалық байланыстарымыз тап осылайша қалыптасты.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы тату көршілік, ынтымақтастық, өзара қарым-қатынас – сыртқы конъюнктура мен жаһандық саясаттың райына тәуелді емес. Тіпті бұл қарым-қатынастар – Еуразиядағы саяси климатқа, яғни әлемдегі ахуалға да жағымды әсер етеді.

Біз кез келген қиын жағдайдан бірге шыға аламыз, мен бұған сенімдімін. Біздің халықтарымыздың басынан мұнан да ауыр қиыншылықтар өткен. Бұдан да өтеміз, оның үстіне заман басқа, мүмкіндіктер де өзгеше.

Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы: жан-жақты стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі

Қазақстан Республикасы Қытай Халық Республикасымен арадағы стратегиялық әріптестіктің дамуына қашанда зор маңыз беріп келеді. Мен қай

кезде де «Біздің елдеріміздің ғасырлар бойы көрші, сондықтан алдағы уақытта да маңызды стратегиялық әріптестер болып қала беретіні даусыз» деген көзқарасты ұстандым.

2012 жылы Қазақстан мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 20 жыл толды. 2011 жылы, осы мерейлі күнді атап өтер қарсаңда, жоғары деңгейдегі екі кездесу болды.

2011 жылы ақпанда мен Қытай Халық Республикасына ресми сапармен бардым, ал маусым айында – ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға ресми сапары жүзеге асты, нәтижесінде – Жан-жақты стратегиялық әріптестік туралы Бірлескен декларацияға қол қойылды.

Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылған уақыттан бері тұтас дәуір өткендей – өзара байланыстар мен сенім деңгейі өлшеусіз өсті. Біз Қытай Халық Республикасымен өзара қарым-қатынасты Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен-ақ бастадық. Содан бері біз тату көршілерге айналдық, сенімді достар болдық, экономикалық және саяси жағынан конструктивті әріптестер ретінде ұзақ жолдан өттік.

2010-шы жылдары Қазақстанның алып Қытай елімен диалогты дамытуы, сөз жоқ, үлкен жетістік еді. Екі ел арасында әрдайым тиімді саяси келісімдер биік деңгейде жүргізілді, жоғары сенімділік, тату көршілік және өзара түсінісушілік қалыптасып, нығая түсті.

2013 жылдың наурызында ҚХР-дың Төрағасы болып Си Цзиньпин сайланды. Жаңа кезеңдегі қарым-қатынастың нығаяуына 2013 жылы сәуір айында менің Қытайға ресми сапарым мен ҚХР Төрағасының сол жылы қыркүйек айындағы жауапты ресми сапары маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. 30 миллиард долларға келісімшарт жасалып, қол қойылды. Си Цзиньпин өзінің баспасөздегі сұхбатында: «Қытайлық-қазақстандық қарым-қатынастар бұрын болмаған жоғары деңгейге көтерілді», – деп атап көрсетті. Мұны алға қойылған зор мақсат – сауда айналымын 40 миллиард долларға дейін арттыру айғақтап тұр.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы: «Қазақстан – ұзақ жолдан өтті. Президент Н.Назарбаевтың арқасында екі ел арасындағы әріптестіктің берік іргетасы қаланды. Көптеген жылдар бойы Президент Назарбаев біздің елдеріміз арасындағы достықтың нығаяуына мол еңбек сіңірді. Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынасқа баға жетпес үлес қосқан Нұрсұлтан Назарбаевты Қытайда жақсы біледі және айрықша құрметтейді», – деп атап өтті. Мен Қытай көшбасшысының бұл сөздерін – менің еліме, бүкіл Қазақстан халқына деген құрмет деп бағалаймын.

2014 жылы наурызда Бейжің қаласындағы «Чаоян» саябағында қазақтың ұлы ойшылы әрі ақыны Абай Құнанбаевқа ескерткіш-бюст орнатылды, авторы – мүсінші Юань Сикун.

2014–2015 жылдары мен Төраға Си Цзиньпинмен оннан аса кездесу өткіздім. Бұл – дер кезінде ынтымақтастық арналарын белгілеп алуға және халықаралық мәселелер бойынша келісіп отыруға мүмкіндік жасады.

2014 жылдың мамыр айында ҚХР-ға мемлекеттік сапармен бардым. Саяси көшбасшылардың конструктивті ұстанымдарының арқасында «Жібек жолының экономикалық белдеуі» ұсынысына «Нұрлы жол» бағдарламасын ұластыру мақсатындағы жұмыстар басталып кетті, бірінші кезекте назарға алғанымыз – көлік, индустриаландыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін Қытайға экспортқа шығару салалары.

2014 жылы желтоқсанда Тәуелсіздік күніне орай өткен салтанатты жиындағы менің: «Уақыт шежіресі бізді сан мың жылдық қытай тарихымен байланыстырады. Жылдан-жылға Қытай Халық Республикасымен достығымыз және стратегиялық әріптестігіміз нығайып келеді. Қазіргі таңда біз Ұлы Жібек жолын жаңғыртып, ШЫҰ аймағын Еуразияның сауда көпіріне айналдырып жатырмыз», – деген сөзім кездейсоқ айтылмаған еді.

2015 жылдың 31 тамыз – 3 қыркүйек аралығындағы Қытайға сапарым айтулы оқиғалардың бірі болды. Мұнда Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік шеруге қатыстым. Шеруге алғаш рет Қазақстан, Ресей, Беларусь, Пәкістан, Моңғолия, Венесуэла және өзге де елдердің әскери бөлімшелері қатысты.

Кездесу қорытындысы бойынша біз Жан-жақты стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңі туралы бірлескен декларация қабылдадық. Индустриалану мен инвестиция саласында келісімдер жасалды, Қазақстанда қырықтан аса бірлескен жоғары технологиялық өндіріс ошақтарын құруды қамтамасыз ететін 23 миллиард доллар көлеміндегі пакетке қол қойылды. Тап осы Бейжің қаласында 2015 жылы Қазақстан экономикасына инвестиция мен технология тарту бойынша менің дәстүрлі – бизнестің мәртебелі өкілдерімен «кешенді» кездесуім басталды. Осындай «алыптармен» кездесулер – Нью-Йорк, Дох, Лондон, Париж, Тегеран, Ыстанбұл, Санкт-Петербург қалаларында да өтті.

Маған ҚКП ОК-нің жанындағы Орталық Партия мектебінде Қазақстан мен Қытай арасындағы перспективалы қарым-қатынас туралы дәріс оқуға мүмкіндік берілді. 2015 жылы Бейжің, Шанхай мен Даляндағы шет тілдер университетінде «Қазақстан орталықтары» ашылды.

2015 жылдың желтоқсан айында Қазақстан – Қытай газ құбыры магистралінің үшінші кезегі іске қосылды, бұл – Орталық Азия мен ҚХР арасындағы сенімді газ көпіріне айналды.

Біздің ел – Жібек жолы экономикалық белдеуіндегі өзінің орналасуы жағынан бірінші және шешуші мәнге ие ел, Қытайдың Батысқа шығар геоэкономикалық қақпасы. Қазақстандық учаскедегі жылына 30 миллион тонна жүк тасымалы жүзеге асырылатын Батыс Еуропа – Батыс Қытай автомобиль күре жолдарының құрылысы біздің қосқан ірі үлесіміз болды.

Қытайдан – Қазақстанға, одан әрі Ресейге, Еуропаға, сондай-ақ Орталық Азия мен Каспий аймағына темір жол контейнерлерімен жүк тасымалдау қарқынды дамып келеді. 2020 жылға қарай 500 мың контейнер тасымалдау көзделіп отыр. Каспийде қазақстандық теңіз айлақтары құрылды. Қорғас арқылы Қытаймен Орталық Азияның барлық мемлекеттері жалғасты. 2015 жылы мен толық сеніммен: «Жаңа Жібек жолының Қазақстан арқылы өтетін учаскесі толығымен дайын деп айтуға болады», – дедім.

ҚХР Төрағасының 2016 жылы қыркүйек айында ҚХР-да өткен G-20 саммитіне қатысуға шақыруының мәні зор болды. Бұл – әріптестеріміздің біздің еліміздің жаһандық қауымдастықтағы маңызын мойындау актісі болып табылады. Қазақстанның ұсынысы бойынша 2017 жыл – Қазақстандағы Қытай туризмі жылы болып жарияланды.

2017 жылдың 8 маусымында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Астанаға жасаған сапары барысында Жібек жолының экономикалық белдеуі мен «Нұрлы жол» бағдарламасын ұштастыру мәселесіне зор көңіл бөлінді. Сол күні біздер «Ляньюньган – Қорғас» контейнерлік жол қатынасын іске қостық.

6 маусым күні, ресми сапар қарсаңында, Си Цзиньпиннің «Қытай – Қазақстан қарым-қатынасының қанатты армандары» атты мақаласының жарық көруі қуантарлықтай жағдай болды. Мақалада Қытай – Қазақстан ынтымақтастығының келешек бағыттары кеңінен баяндалған.

ҚХР басшысы: «Жиырма бес жыл бойы қазақ – қытай қарым-қатынастарында талай қиын кезеңдер мен буырқанысқа толы халықаралық жағдайлардан өттік. Тату көршілік пен достықтан, сонан соң жан-жақты әріптестіктен ортақ мүдделер қоғамдастығына ұласқан тағдырлас елдердің екіжақты қарым-қатынасы қарқынды дамып, бұрын тарихта болмаған жоғары деңгейге көтерілді. Қытай мен Қазақстан арасындағы өзара саяси сенім – күннен-күнге нығайып келеді», – деп атап көрсетті.

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин: «Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты, экономиканың динамикалық өсуін, азаматтардың өмір сүру деңгейі мен бақыттылық көрсеткішін сақтай

алды. Ел қуаты артқан үстіне артып келеді, әлемнің бәсекеге аса қабілетті елу елінің қатарына енді. Бұл – шын мәніндегі «Қазақстанның ғажайып құбылысы».

«Қазіргі таңда Қазақстан, – деді Қытай жетекшісі, – үшінші жаңғыруға бет бұра отырып, «Нұрлы жол», «Қазақстан-2050» жаңа экономикалық саясатын қарқынды жүргізіп келеді, сондай-ақ қоғамдық сананы жаңғыртуды да қызу қолға алды. Қазақстан халқы – ұлттың қайта өрлеуі мен елдің гүлденуі жайлы қазақстандық арманды жүзеге асырудағы ұлы мақсатына қарай қарқынды қадаммен алға ұмтылуда. Қытай халқы да «екі жүзжылдық» мақсаттарының және қытай ұлтының ұлы қайта өрлеуі туралы қытайлық арманының орындалуына қажымас күш-жігерін жұмсап келеді. Арман-мүдделері ортақ Қытай мен Қазақстан халықтары биік мақсаттарды бірлесе көздеп, олардың орындалуына да жұмыла атсалысады». Си Цзиньпин өз мақаласын: «Біздің бәріміз де ұлы армандарымызға айнымастай адалмыз және жаңа қытай-қазақ қарым-қатынастарының кең қанат жаюына тікелей ықпал ететінімізге кәміл сенемін», – деп түйіндеді.

Төраға Си Цзиньпинмен жүйелі әрі сенімді қарым-қатынастардың арқасында Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара байланыс сапалы да жан-жақты стратегиялық әріптестік тұрғысында дамыды.

Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынасы: стратегиялық әріптестікті тереңдету

2010-шы жылдары АҚШ-пен стратегиялық әріптестікте болу – Қазақстан үшін бұрынғыдай негізгі басымдықтардың бірі болып қала берді. Екіжақты ынтымақтастық 2012 жылғы наурыз айында Сеулде өткен Ядролық қауіпсіздік саммитінде, 2013 жылдың қыркүйегінде Санкт-Петербургтегі «Үлкен жиырмалық» саммитінде, 2014 жылғы наурыз айында Гага қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік саммитінде АҚШ президенті Б. Обамамен жүргізген келісімдерінің нәтижелерімен айқындалды. Ядролық қаруды таратпау, энергетика, сауда және инвестиция, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік, лаңкестікпен және есірткі тасымалымен күрес сфераларындағы бірлескен іс-қимыл шаралары айрықша мәнге ие болды.

2012 жылғы Қазақстан мен АҚШ арасындағы келісімдерге тың серпіліс әкелген оқиға – стратегиялық әріптестік жөніндегі екіжақты комиссияның құрылуы болды. Сол жылы АҚШ-тың көмегімен Ауғанстанға көмек берудің БҰҰ-ның алматылық хаб-орталығын құру туралы шешім қабылданды. 2014

жылы Ауғанстаннан негізгі халықаралық күштердің шығарылуы назарға алына отырып, Қазақстан коалиция әскерлерінің Солтүстік желісі бойынша шығарылу жұмыстарына қатысты.

Ынтымақтастықтың жарқын үлгісінің бірі – Семей полигоны бойынша жүргізілген іс-шаралар. Ядролық қауіпсіздік саммитін ұйымдастыруда полигондағы жұмыс барысы туралы Қазақстан Президенті АҚШ және Ресей президенттерімен бірнеше рет талқылау өткізді. Нәтижесінде – полигонды радиоактивті материалдардан тазарту мәселесі шешілді. Менің ұсынысыммен 2012 жылы 27 наурызда үш елдің – Қазақстан, АҚШ, Ресей – президенттері Семей полигоны туралы мәлімдеме жасадық.

«Біз полигондағы ядролық материалдардың барынша қауіпсіздігіне қол жеткізе алдық», – деді президент Б. Обама. Ресей президенті Д.А. Медведев те: «Семей полигонының зардаптарын жою – ынтымақтастықтың жарқын үлгісі», – деді.

Семей полигоны бойынша мәміленің соңы үш президенттің қол алысуымен аяқталғаны символдық сипатқа ие болды. Мұндай дәрежеге жету үшін қыруар еңбек жұмсалғанын жақсы түсіндім. Семей полигонындағы жұмыстардың аяқталғанының белгісі – үш тілдегі мемориал тақта болды. Онда: «1996–2012»: әлем қауіпсіздеу бола түсті» деген сөздер жазылған. Бұл – кездейсоқ оқиға емес-ті.

Осындай қарым-қатынастардың жаңа сапалық деңгейі президент Б. Обаманың 2013 жылы 21 маусымда менің атыма жолданған хатынан көрінді. Хатта: «АҚШ пен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестік туралы диалог келешекке бірге көз тігудің және қазіргі замандағы сын-қатерлерді шешуде табандылық танытудың айғағы» делінген. АҚШ президенті біздің ядролық қауіпсіздік сферасындағы көшбасшылығымызға ризашылық білдіріп, Иран ядролық бағдарламасы бойынша «5+1» форматындағы келіссөздерді ұйымдастырудағы күш-жігерімізді жоғары бағалады. Америка президенті Астананың саяси және экономикалық жаңғыру, соның ішінде ДСҰ-ға кіру мәселелерінде Вашингтоның тегеурінді қолдауына ие болатынына сендірді.

460

2015 жылы қыркүйек айында Нью-Йоркте өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясында президент Б. Обамамен арадағы келісімдер Қазақстан-Америка ынтымақтастығына жаңа серпін әкелді. Біз сауда-экономикалық, инвестициялық және отын-энергетика салаларындағы ынтымақтастық туралы талқылап, күн тәртібінде тұрған өткір халықаралық мәселелер тұрғысындағы пікір алыстық. АҚШ Қазақстанда Аз байытылған уран банкін (МАГАТЭ) құруда көмек көрсетті.

2015 жылдың маусым айында Астана қаласында I Қазақстан – Америка бизнес форумы өтті. Бұл шараға ең ірі жиырма америкалық компания қатысты. 2015 жылы Қазақстанға АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Дж. Керри ресми сапармен келді. Америка тарапы бұл жолы да Қазақстанның ядролық қаруды таратпау сферасына қосқан үлесін жоғары бағалап, қазақстандық бастамаларға қолдау білдірді.

Ядролық қаруды таратпау және қауіпсіздік сферасындағы ынтымақтастық туралы 2016 жылғы наурыз айында жарияланған Бірлескен мәлімдеме стратегиялық әріптестіктің маңызды элементіне айналды. АҚШ Жапонияның көмегімен Қазақстандағы Алматы облысында ядролық қауіпсіздік бойынша оқу орталығын құруды қолдады. Мұнда болашақта ядролық материалдарды қорғау жөнінде тренингтер өткізілетін болады.

2017 жылдың мамыр айында Сауд Арабиясында өткен «АҚШ-Ислам әлемі» саммитінің аясында менің 2016 жылдың аяғында сайланған АҚШ президенті Д.Трамппен келіссөздерім өтті. Біз екі ел арасындағы одан әрі ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен перспективаларын талқыладық.

2010-шы жылдардың жемісі Қазақстан АҚШ-тың Орталық Азиядағы өңірлік әрі жаһандық тұрғыдағы мәселелер бойынша да тұрақты, сенімді әріптесі екенін растап берді. Қазақстан-Америка стратегиялық әріптестіктің жоғары деңгейі – Қазақстан мен АҚШ президенттерінің бірлескен күш-жігерінің жемісі.

Қазақстан – Еуропа: кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық

Еуропа одағы – ең ірі интеграциялық бірлестік – Қазақстанның ең басты сауда және инвестициялық әріптесі болып қала берді. 2010-шы жылдардың бас кезінде Еуроодақ елдерінен келген инвестиция мөлшері 80 миллиард долларды құрады, ал өзара тауар айналымы 53 миллиард долларға жетті.

2012 жылы ЕО мен Орталық Азияның Әріптестік стратегиясының әрекет ету мерзімі аяқталды. Қазақстан 2011 жылдан бастап-ақ жаңа шарттар бойынша келіссөздер жүргізе бастады, өзара іс-қимылдың барлық салаларын қамтитын көлемді құжатқа қол жеткізуге тырысты. Индустриаландыру мен әртараптандыру бағдарламасын нысанға ала отырып, инновациялық әріптестікке, озық тәжірибені ортаға салу мен технологияға (соның ішінде «жасыл» экономикаға) ерекше мән берілді.

2012–2015 жылдары Астана мен Брюссель қалалары жаңа келісімді даярлауда орасан зор жұмыс атқарды, ал 2015 жылдың желтоқсанында Қазақстан мен ЕО арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық келісіміне қол қойылды. Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында бірінші болып Еуропалық одақпен екінші ұрпақтың келісімін жасасты, сөйтіп, маңызды сауда және инвестициялық әріптеспен қарым-қатынастың жаңа кезеңіне өтті.

2012 жылы қарашада және 2013 жылы сәуір айында Қазақстанға ЕО-ның Жоғарғы өкілі К. Эштон келді, ал 2013 жылдың шілдесінде Еуропалық комиссияның төрағасы Ж. Баррозу алғаш рет ат басын бұрды. Қазақстан энергетика жөніндегі диалогын жүйелі дамытты. ОПЕК-тің құрамына кірмейтін елдердің ішіндегі үшінші қуат тасымалдаушы ретінде, Қазақстан – Еуропаның энергия теңгеріміне айтарлықтай үлес қосты.

2010-шы жылдары Қазақстанның еуропалық елдермен екіжақты қарым-қатынасы тереңдей түсті. Франция, Испания, Италия және Германиямен стратегиялық әріптестік туралы келісімдер жемісті түрде жүзеге асты. 2013 жылдың 30 маусымы – 1 шілдесі аралығында екіжақты қарым-қатынас тарихында Ұлыбританияның премьер-министрі Д. Кэмерон Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келді. Кездесу қорытындысы – екі елдің Стратегиялық әріптестік жөніндегі бірлескен мәлімдемеге қол қоюымен аяқталды. Ұлыбритания Қазақстанды сауда мен инвестицияға қолайлы басым елдердің тобына қосты.

2015 жылдың қараша айында мен Ұлыбританияға ресми сапармен бардым. Премьер-министр Д. Кэмеронмен болған келіссөздер қорытындысы бойынша – газ, энергетика, мұнай-химия және фармацевтика салаларын дамытуға бағытталған 5 миллиард доллардың келісімшарты жасалды. Ресми сапар барысында, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Патшайымы – II Елизаветамен кездесуі ерекше маңызды оқиға болды. Ол – екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың нығаюына сенім білдірді.

2012 жылдың ақпан айында Германияға ресми сапармен жолым түсті. Канцлер А. Меркельмен бірге ынтымақтастықтың барлық спектрін талқыладық. Әріптестік туралы келісімге қол қойылды. Неміс компаниялары Қазақстан жер қойнауларын игеруге, қайта өңдеу зауыттарын салуға, экспортқа өнім шығаруға мүмкіндік алды. Тараптар 50 шақты келісімшартқа қол жеткізді. Қазақстанға жаңа технологияларды жеткізу индустриаландыру бағдарламасына байланысты ерекше маңызға ие болды.

Келіссөздер қарсаңында маған Берлин Еуразия клубын – жаңа диалогтар алаңын ашу құрметі көрсетілгені қуантарлық жағдай болды. Бұл клубтардың ашылуы – Еуропа мен Орталық Азия, Еуроодақ және

Біртұтас экономикалық кеңістік арасындағы ынтымақтастықтың жолдарын іздестіруге бағытталған еді. Клуб отырысына германиялық және әлемдік саяси патриарх Г.Д. Геншердің қатысуы ерекше мәнге ие болды. Ол: «Берлин Еуразия клубы Қазақстанның беделін қалыптастыруға ықпал ететін болады», – деп сенім білдірді.

2012 жылғы қарашада жұмыс сапарымен Париж қаласына келдім, мұнда Халықаралық көрмелер бюросы Бас Ассамблеясында халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі бойынша дауыс беру жүріп жатты. Тап осы қалада Қазақстанның астанасы – Астана қаласы ЭКСПО-2017 көрмесін өткізілетін орын болып жарияланды. Сол жолы Ф. Олланд екеуіміздің келіссөздеріміз өтті.

Француз Республикасының президенті Қазақстан Республикасына 2014 жылы желтоқсан айында келді. Сауда-экономикалық, инвестициялық, мұнай-газ, космос саласының, темір жол машиналары құрылысының жобалары талқыланды. Франция президенті Қазақстанның барлық көршілерімен тең дәрежеде келіссөздер жүргізуге мүмкіндік беретін және ірі саяси оқиғаларға ықпал ететін саяси және дипломатиялық рөлінің маңыздылығын атап өтті. Шағын құрамдағы кездесу кезінде ол өзінің нақты ойларын жеткізді: «Біз Ресей мен Еуропа елдерінің қарым-қатынасында алаңдаушылық байқалып отырған тұста кездесіп отырмыз. Мәселенің шешімін табуына ынтымақшыл және бұл тұрғыда Қазақстан ерекше рөл атқарады». Ф.Олландпен екеуіміз Алматыдағы «Сорбонна-Қазақстан» институтының ашылу салтанатына қатыстық. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің негізінде құрылған институт Париж «Сорбоннасының» әлемдегі екінші филиалы болып табылады.

2013–2014 жылдары Франция мен Қазақстан Мәдениет күндерімен алмасты.

2015 жылы қараша айында Францияға ресми сапармен бардым. Франция біздің маңызды серіктесіміздің бірі және екі ел арасында өзара толық түсіністік орнаған. Күн тәртібінде – жиырмадан астам жобаларды жүзеге асыру және ондаған жобалар – болашақтың еншісінде екені нақтыланды. Ұлыбритания сияқты, Францияның да Қазақстанда жүзеге асырылатын индустриалы-инновациялық жобаларға атсалысуы біз үшін аса маңызды.

Николя Саркозидің: «Менің өз ізбасарымның Франция мен Қазақстан арасындағы тамаша әріптестікті жалғастыруына шын жүректен тілектеспін. Бұл – президенттік мандатымның маңызды жетістіктерінің бірі, мен мұны мақтан етемін», – деген сөзі есте қаларлықтай болды. Сонымен қатар Н. Саркози біздің елдеріміздің арасындағы тиімді ынтымақтастық қазақстандық көрегендіктен, Қазақстанды – Орталық Азия көшбасшысы ретінде бекіту және халықаралық аренадағы ұстанымдарымызды нығайту үшін біз қол-

данған бірегей сапаның арқасында мүмкін болғанын мойындағаны еді.

Еуропалық елдер тұрғысындағы Қазақстанның ұстанған саясаты – Еуропа елдерімен бұрыннан қалыптасқан өзара тиімді әріптестік қарым-қатынастарды қолдау мен дамытуға бағытталған еді.

Түркітілдес мемлекеттер қоғамдастығындағы көшбасшылық

2010-шы жылдары Қазақстан Республикасы түркітілдес мемлекеттермен – достық, тату көршілік, сенімді қарым-қатынасты жүйелі түрде дамытты және нығайтты. 2012 жылдың мамыр айында Астанаға Түркия премьер-министрі Р. Эрдоған ресми сапармен келді. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық ынтымақтастық кеңесі құрылды. Біз «Жаңа синергия» экономикалық бағдарламасына қол қойдық. Қазақстан – Түрікменстан – Иран темір жолын Түркия темір жол желісімен түйістіру, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысында, Батыс Еуропа – Батыс Қытай күре жолының жанынан Қазақстан – Түркия индустриалық аймағын құру перспективасын қарастырдық.

2012 жылдың қазан айында Түрік Республикасына ресми сапармен бардым. Сапар барысында Түркия президенті А. Гүлмен және премьер-министр Р. Эрдоғанмен кездестік. Біз ынтымақтастықтың жиырма жылы ішіндегі негізгі нәтижелерді және болашақтағы перспективаларын қарастырдық. Ынтымақтастық стратегиясы кеңесінің алғашқы отырысы өтті.

Қарым-қатынастың нығая түсуіне 2014 жылы маусым айында Түркияға – Түрік кеңесі саммитіне және 2014 жылы тамыз айында Түрік Республикасы президентінің ұлықтау рәсіміне қатысуым өз ықпалын тигізді. 2015 жылы сәуірде Түркия президенті Р. Эрдоған Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Көптеген бірлескен жобаларды жүзеге асыру одан әрі жалғасты. Бұл ретте ол: «Біз Қазақстанға келгенде өзімізді ата-бабамыздың отанында жүргендей сезінеміз», – деген жылы лебізін білдірді.

464

Қазақстан – Түрік ынтымақтастығының маңызды бағыттары – БҰҰ, ЭЫҰ, ИЫҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК, Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі шеңберінде халықаралық аренада өзара қолдау және конструктивті диалог.

2014 жылы Бодрум қаласында (Түркия) Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің IV саммиті өтті. Мұнда Қазақстан Түрік кеңесін нығайту және көлік коммуникациясын дамыту мәселелерін көтерді. Мен әріптестеріме мамыр айының соңында құрылған Еуразиялық экономикалық одақ туралы баяндадым. ЕАЭО-мен ынтымақтастықтың болашағы

жайында және Түркі кеңесі мен Еуразиялық экономикалық одақтың арасында қандай да бір қарама-қайшылықтың болмайтынын атап өттім.

2015 жылы 11 қыркүйекте Астана қаласында ақпараттық саладағы өзара іс-қимылға арналған және Қазақстанның төрағалық етуіне жол ашқан Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің V саммиті өтті. Мен болашақта Түркі кеңесінің БҰҰ және ИЫҰ жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болуы қатысушылардың мүддесіне сәйкес келетінін атап өттім. Бұдан өзге Түркі кеңесі елдерінің – Қытай, Ресей, Еуропа, Таяу Шығыс, Кавказ бен Орталық Азияның экономикалық және коммуникативтік желілерін байланыстыратын континентальды көпір болуға барлық мүмкіндіктері бар. Ынтымақтастық кеңесі мүшелерінің Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған, Ұлы Даланың үш мың жылдық тарихындағы аса маңызды оқиғаларды және оның шарықтау шегі – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуын бейнелеген кең көлемді қойылымдарға баруы символдық сипатқа ие болды.

Мен әрдайым Түрік Республикасымен достық, туыстық қарым-қатынасты қолдап келемін. 2015 жылдың қараша айында, Түрік-Ресей қатынастары әжептәуір қиындап кеткен тұста, әрине мен сырт қала алмадым. Бұл жөнінде мен осы кітаптың бас жағында айтып өттім. Ресей және Түркия басшыларымен жеке кездесу кезінде де, телефон арқылы сөйлескенімде де Түрік-Ресей диалогын қалпына келтіруге барынша күш салдым.

Мызғымас басымдық: Орталық Азия мемлекеттерімен достық және ынтымақтастық

Қазақстан – Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан сияқты ортаазиялық дос, бауырлас елдермен өзара тиімді ынтымақтастықтың дамуына ерекше көңіл бөліп келеді.

2012 жылғы қаңтар айында, дипломатиялық қатынастардың орнағанына 20 жыл толуы қарсаңында Өзбекстан президенті И. Кәрімов Қазақстанға ресми сапармен келді. Келіссөздер барысында мен: «Біз елдің өркендеуіне қуаныштымыз, өзбек бауырларымызға бейбітшілік пен табыс тілейміз. Қазақстанның есігі ашық, Өзбекстанмен тығыз байланыс жасауға ниеттіміз», – деп, екіжақты байланысты орнатуға мүдделі екенімізді ерекше атап көрсеттім. Тараптар екіжақты құжаттарды түгендеп, тиянақтауға келісті. Өңірге ортақ дәулет – шекарааралық су-энергетика ресурстары келіссөздің маңызды мәселесінің бірі еді. И. Кәрімов атап өткендей, «бұл мәселені шешу үшін барлық елдер тиянақты түрде бірлесе жұмыс істеуі қажет болды».

Өзбекстан президентінің Астанаға келуі – тараптардың өңірдің түйінді мәселелерін бірлесе талқылау мен шешімін табу үшін өзара келісімге мүдделі екендігін көрсетті.

2013 жылдың маусым айында мен Өзбекстанға ресми сапармен бардым. Келіссөздер кезінде өңірдегі бейбітшілік, қауіпсіздік және халықтың әл-ауқатының артуын қамтамасыз етіп отырған Қазақстан мен Өзбекстанның маңызды мемлекеттер екені баса айтылды. Менің ұсынысым бойынша, тұңғыш рет екі ел арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды. Ресми сапар барысында Ташкент қаласында Абай ескерткішінің ашылу салтанаты өткені, сондай-ақ әдемі шығыстық стильде салынған Қазақстан елшілігінің жаңа үйі пайдалануға берілгені – қуанышты жағдай болды.

2014 жылы қараша айында Өзбекстан президенті М.Кәрімовтің Қазақстанға ресми сапары одан әрі жалғасты. Әлемдік үдерістердің өзгеруі жағдайында Стратегиялық әріптестік туралы келісімнің одан әрі өзекті бола түскені атап көрсетілді.

2017 жылдың бірінші жартысында мен Өзбекстанның жаңа президенті Шавкат Мирзиёевпен бірнеше рет жемісті кездесулер өткіздім. Бұл жүздесулер екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін бергені даусыз.

Қазақстан 2010–2012 жылдары бауырлас Қырғыз еліне 30 миллионнан астам доллар мөлшерінде көмек көрсетті. 2012 жылдың тамыз айында мен Қырғызстанға ресми сапармен бардым. Қырғыз өнеркәсібін қолдау мақсатында бірлескен инвестициялық қор құрылды. Сондай-ақ 200 миллион тонна бидай қарызға беріліп, газ жеткізу мәселесі шешімін тапты.

2014 жылдың қарашасында Қырғызстан президенті Астанаға ресми сапармен келді. Қазақстан 2015 жылы 1,4 миллиард киловатт-сағат электр қуатын жеткізуге көмек көрсететін болып келісті, сондай-ақ Қырғызстан тарабы Қазақстанды вегетациялық кезеңде егістікке жіберілетін сумен қамтамасыз етуге уағдаласты.

Біз 2014 жылдың мамыр айында құрылған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі интеграциялық үдерістердің барысын талқыладық. Мен әлемде күрделі жағдайлар болып жатқанын, сондықтан осындай кезде Қазақстан мен Қырғызстанның ынтымақтастығын өзге елдерге үлгі ретінде көрсету қажет екенін айттым. Біздің ел Қырғызстанның ЭЫДҰ-ға кіру ниетіне қолдау көрсетті.

2015 жылғы 12 тамыздағы менің Қырғызстанға жоспардан тыс сапарымның мәні зор болды. Сол күні Қырғыз Республикасының ЭЫДҰ-ға мүше болу туралы келісім күшіне енді және қазақ-қырғыз шекарасындағы кедендік бақылау алынып тасталды.

Қырғызстандағы кейбір күштер елдің Еуразиялық одаққа қосылу қадамын саясиландырып, көрші мемлекеттің ішкі жағдайын тағы да нашарлатып жібере ме деп қауіптендім. Сондықтан да мен: «Дереу ЭЫДҰ-ға кірудің маңызы зор екеніне олардың көзін жеткізуім, бауырлас елді қолдап, қырғыз қоғамын осындай сәтте жұдырықтай жұмылуға шақыруым қажет», – деп шештім.

2012 жылдың желтоқсан айында ТМД елдері басшыларының кеңесіне қатысу үшін Ашғабад қаласына бардым. Саммит басталмас бұрын Түрікменстан президентімен кездесіп, Қазақстан – Түрікменстан темір жол құрылысы жайлы әңгімелестік.

2013 жылғы мамыр айында Түрікменстан басшысы Г. Бердімұхамедовпен бірге Болашақ (Қазақстан – Серхетяка (Түрікменстан) темір жол өткелін аштық. Шекарада «Алтын төсемнің» ашылу салтанатының рәсімі өтті. «Өзен – Түрікменстанмен шекара» учаскесі іске қосылып, Болашақ стансасына қарай Қазақстан астығы тиелген составтар бет алды.

Қазақстан – Түрікменстан темір жолы – Парсы шығанағына шығатын транзитті дәліздің маңызды бөлігі.

2015 жылы қыркүйек айында ресми сапармен Тәжікстанға бардым.

Тәжік халқын Тәуелсіздік күнімен және Гиссардың 3000 жылдығымен шын жүректен құттықтап, игі тілек білдірдім. Біздің елдеріміздің арасында саяси да, экономикалық тұрғыдан да алауыздық жоқ. Тәжікстан – бізге бауырлас ел, сондықтан да біз оның тұрақты дамуына мүдделіміз. Сондай-ақ екі мемлекет те ШЫҰ, АӨСШК және ҰҚКҰ аясында өзара тығыз байланысты. Президент Э. Рахманов екеуміз Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойдық, бұл – ресми сапардың маңызды оқиғасы. Душанбедегі келіссөздердің қорытындысы бойынша, су-энергетикалық қауіпсіздіктің бүкіл Орталық Азиядағы маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан өңір елдерін келісімге, қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігі үшін ұзақ мерзімді, өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға шақырды.

2010 жылдардағы оқиғалар тізбегі өңірлерде, әлемде қандай жағдайлар туындаса да, түркітілдес мемлекеттермен және Орталық Азия елдерімен достық қарым-қатынасымыздың өзгермейтінін және бұл Қазақстан үшін айнымас басымдық екенін көрсетті.

G-GLOBAL қағидалары

Тәуелсіздік жылдарында егемен Қазақстан әлемге жаһандық қоғамдас-тықты үйлесімдірек әрі әділетті ете түсетін ойластырылған шешімдерді

ұсынумен келеді. Осындай ұстанымдардың бірі – 2012 жылы негізделген G-GLOBAL жобасы.

Алғаш рет жоба ұстанымдары 2012 жылғы 23 мамырда өткен V Астана экономикалық форумында тұжырымдалды. Әлемнің таңдаулы іскер топтарының алдында сөз сөйлеп, мен әділетті әлем құрылысының маңызды негіздерін қадап айттым. Бірінші – «эволюция, революция емес». Адамзат саяси революциялар лимитін өткен ғасырда-ақ тауысып қойған. Сондықтан реформалар жолы – XXI ғасырдағы прогреске бастайтын бірден-бір соқпақ. Екінші – әділдік, теңдік және ортақ мәмілеге келу. XXI ғасырда елдерді «ұлы және қосалқы, жетекші және жетектегі» деп бөлу ескірген. Мемлекеттер теңдігін негіздейтін жаңа әділетті әлемдік саясат қажет. Үшінші – «жаһандық толеранттылық пен сенім». Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас, геосаяси салмаққа қарамастан, толерантты болуы тиіс. Жаһандық сенім болмайынша, келісілген шешімдерге қол жеткізу мүмкін емес. Төртінші – «жаһандық транспаренттік». G-GLOBAL әлемі – бұл транспарентті қауымдастық, мұнда ешқандай қосарлы стандарттар болмауы тиіс. Бесінші – «конструктивті көпқырлылық». Тап осындай шиеленіссіз көпқырлылық жаһандық сын-қатерлерден өтіп, XXI ғасырдағы адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады.

G-20 форматының қазірдің өзінде жеткіліксіз болып отырғандығына мен кәміл сенімдімін. Жаһандық диалогтың шоғырланған тетіктері қажет. G-GLOBAL форматы осындай тетік бола алады. Ал бұған қажетті коммуникативті алаң – Астана экономикалық форумы. Жаңа жобаның қағидаттары әлем тәртібінің бүкіл архитектурасын бойлап, БҰҰ мен халықарлық құқықтың негізгі құжаттарында бекітілуі тиіс.

2012 жылдың 24 мамырында мен АЭФ-қа қатысушы мәртебелі экономист ғалымдардың тобымен кездестім. Олардың арасында Нобель сыйлығының лауреаттары – Роберт Манделл, Эдвард Прескотт, Джон Нэш, Эрик Маскин, Роберт Ауманн, Финн Кидланд, Кристофер Писсаридес, Мюррей Гелл-Манн, Ада Цонат, Ричард Джон Робертс, Кэрри Бенкс Муллис болды. Әлемге аты мәшһүр ғалымдар қазақстандық идеяға қолдау білдірді. Ал бір аптадан соң, Астанада 30 мамыр күні G-GLOBAL-дың рухани-өнегелі аспектілері өзге беделді халықаралық форум – Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының IV съезіне қатысушылар арасында қызу талқыға түсті. Рухани көшбасшылар – Мәскеу және Бүкіл Русь Патриархы Кирилл, Дүниежүзілік Ислам Лигасының Бас хатшысы Абдалла бен Абдель Мухсин ат-Турки, католик кардиналы Джованни Лайоло, Израильдің Бас Ашкеназ Раввині Иона Мецгер және көптеген өзге де дін басшылары Қазақстанның күш-жігеріне қолдау білдірді.

Жаһандық тұрақсыздықтың жалғасуы және 2010-шы жылдардың ортасына қарай халықаралық жағдайлардың күрт шиеленісуі G-GLOBAL қағидаттарының маңыздылығына көз жеткізді.

ЕАЭО: жаңа геэкономикалық ахуалдың пайда болуы

XXI ғасыр әлемі – бұл егемен мемлекеттер мен ұлттық экономикадан құралған макроөңірлік экономикалық бірлестіктер қоғамдастығы. Сондықтан да «Қазақстан-2050» стратегиясында біздің жуық арадағы мақсатымыз – Еуразиялық экономикалық одақ құру екендігі айқын көрсетілді. Бұл ретте біз мәселелер ортақ мәмілеге келу арқылы шешілетінін ашық мәлімдейміз. Қазақстан өзінің саяси егемендігіне еш нұқсан келтірмейді.

Қазақстан Республикасы алдымен Кедендік одақтың, содан соң 2012 жылдың қаңтар айында іске кіріскен ЕАЭК-тің толық қызмет атқаруына бар күшін салды. Ақпан айында Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысын бастады (ЕАЭК). Менің айқын көзқарасым мынада: теңқұқылы тараптардың «бір ел – бір дауыс» ұстанымы бойынша міндеттілік және барлық деңгейдегі ортақ мәмілеге келу.

2012 жылдың желтоқсан айында Қазақстан, Ресей және Беларусь басшылары үкіметтерге ЕАЭО туралы келісім жобасын дайындауды тапсырды. Жобаның әрбір сөзін жеке талқылап, өзара келісу жөнінде ауыр да қауырт жұмыс басталды. Мен – қазақстандық делегацияның экономикалық интеграцияны саясиландыруға жол бермеу, ЕАЭО ұйымдарындағы тең мүмкіндіктер, шешімдерді ортақ мәмілеге келіп қабылдау, келісімнен шығу мүмкіндігі, конституциялық құқықтардың үстемдік құруы, үшінші елдер алдындағы егемендік теңдік және аймақтық тұтастық міндеттемелерінің сақталуы, ұлттық мүдделердің ескерілуі сияқты барынша дәл нұсқауларын айқын көрсеттім. Бұлардың барлығын да біздің келіссөз жүргізушілер мүлтіксіз орындады.

Тарихи салтанатты рәсім Астанадағы Тәуелсіздік сарайында 2014 жылдың 14 мамырында өтті. Ресей Федерациясының президенті В.В. Путин және Беларусь президенті А.Г. Лукашенкомен бірге көптеген жоғары мәртебелі қонақтардың көзінше салтанатты жағдайда Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімге қол қойдық.

ЕАЭО туралы келісімге ЕврАзЭО (2000 жылы) келісімі тәрізді Астана қаласында – Еуразияның төсінде және әлемнің ең жас астанасында Еуразиялық одақ құру туралы 1994 жылы мен ұсынған идеяға тура 20 жыл толған кезде қол қойылуы символдық мәнге ие болды.

Салтанатты рәсім кезінде сөйлеген сөзімде біз өзіміздің экономикалық әлеуетімізді халқымыздың игілігінің гүлденуі үшін біріктіретінімізді атап өттім. ХХІ ғасырдың жаңа геоэкономикалық ахуалы пайда болды. Қабылданған шешімдердің дұрыстығы мен біздің интеграциямыздың өміршеңдігін бүкіл әлемге өзіміз дәлелдеуге тура келеді.

Астанада қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісім – 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді, бұл оның алғашқы іскерлік қадамы еді.

Еуразиялық экономикалық одақ әу бастан-ақ өзге мемлекеттердің қосылуы үшін ашық болды. Сонау 2011 жылы Кедендік одақ пен ЕАЭО-ға қосылу жөніндегі ойын Қырғызстан, ал 2013 жылы Армения білдірді. Бұл елдердің қосылуы бойынша «Жол карталары» жасалды. Нәтижесінде Армения ЕАЭО-ға – 2014 жылдың қазан айында, Қырғызстан – 2015 жылдың тамызында қосылды.

Еуразиялық интеграцияның экономикалық әлеуеті зор. Ұлттық экономика көлемі 2,2 триллион долларды құрайды, халық саны – 182 миллион адамнан асады. Кедендік шекаралардың болмауы бизнесмендерге көлік шығындарын азайтып, жүк тасымалын жеделдетуге мүмкіндік берді. Өнімнің бәсекелестігі артты. ЕАЭО-ға қатысу – білім беру, кәсіби, әлеуметтік, медициналық тең мүмкіндіктерге ие барлық азаматтарға табыс әкеледі.

Лев Гумилевтің 100 жылдық мерейтойын атап өту – мәдени маңызды оқиға ретінде 2012 жылы қараша айында еуразиялық интеграцияға қатысушы елдерде кеңінен аталып өтті.

Қазақстанның ЕАЭО құрамында бола отырып, өсудің, экономикалық еркіндіктің, инвестициялар тарту мен бизнесті қолдаудың кеңістігіне айналуына барлық негіз бар. Ал қисынсыз қорқынышқа бой алдырғандарға мен 2011 жылдың қараша айында жауап берген едім: «КСРО-ның «қайта жөнделуі» немесе «қайта тууы» келмесе кетті. Бұл бар болғаны – өткеннің елесі, жорамал мен жеке бастың мақсаты».

Әрине ЕАЭО-ның бастапқы кезеңінде, жаһандық тұрақсыздық жағдайында бәрі де ойдағыдай жүріп кеткен жоқ. Сондықтан да 2015 жылы наурыз айында мен ЕАЭО-ның тарифтік саясаты шиеленісті күйде екенін, ал тарифтік емес кедергілер әлемдік тәжірибеге сәйкес еместігін ашып айттым. 2012 жылдың мамыр айында Астана қаласында Вьетнаммен еркін сауда жөніндегі келісімге қол қойылды, ал желтоқсан айында мемлекет басшылары ЕАЭО мен Жібек жолы экономикалық белдеуін ұштастыру мүмкіндігін қарастырды. Қытаймен ынтымақтастықтың «Жол картасын» жасау жұмысы басталды.

2014-2015 жылдары өзара тату елдердің күш-жігерінің арқасында әлемде жаңа экономикалық ахуал – ЕАЭО пайда болды.

Қазақстанның ЕАЭО-дағы төрағалығы (2016)

2016 жылдың қаңтарынан бастап, Қазақстанның ЕАЭО-дағы төрағалық қызметі басталды. Мен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесті басқардым.

ЕАЭО-дағы 2016 жылғы қазақстандық төрағалықтың басымдығы үшінші елдермен және маңызды интеграциялық бірлестіктермен – ең алдымен, Еуропалық одақпен және Қытай Халық Республикасымен экономикалық қарым-қатынастардың тереңдеуі болды.

Мен әрқашан да Еуразиялық экономикалық одақты – әлемдік экономикаға органикалық түрде кіріккен, Еуропа мен Азия арасындағы сенімді көпір, ашық қауымдастық деп таныдым. Сонымен бірге түрік экономикасының маңыздылығын ескере келе, Түркияны еуразиялық экономикалық интеграция үдерісіне тарту екіжақты пайдалы болуы мүмкін деп есептедім. Бұл ұсынысты мен 2013 жылы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің Минскіде өткен отырысында, Түркияның Кеден одағына қызығушылығы бар екенін хабарлағанда айтқан болатынмын. Түркия Республикасының қатысуы – еуразиялық интеграцияның сипатына қатысты көптеген сыртқы қауіптерді жоюға көмектескен болар еді.

Бұл тақырыпқа мен Астанада ЕАЭО туралы Келісімшартқа қол қойғаннан кейін іле-шала тағы да қайта оралдым. 2014 жылдың маусым айында Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің IV саммитінің қорытындыларын шығарған кезде мен ЕАЭО-ға басқа мемлекеттер үшін де ашық және Түркия – болашақта оның ассоциативті мүшесі бола алады дедім.

2016 жылы мамырда Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында мен ЕАЭО-ның Қытаймен, Үндістанмен, Израильмен, Сербиямен, Египетпен, Иранмен, Камбоджамен және басқа елдермен ынтымақтастыққа дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарладым. Еуропалық одақпен, ШЫҰ-мен, АСЕАН-мен сауда-экономикалық байланыстар мүмкіндігі қарастырылуда.

Қазақстанның Еуразияшылдығы, сөздің кең мағынасында, біздің қалыптасқан мемлекеттің ерекше саяси-экономикалық артықшылығы болды. Нарық шекаралары Қытай мен Орталық Азияның, Қазақстанның Ресей және Беларусь арқылы еуропалық нарыққа шығуына мүмкіндік жасайды. Мұндай геэкономикалық жағдай біздің елімізге Шығыс пен Батыс ынтымақтастығында маңызды дәнекер болуға мүмкіндік береді. «Үлкен Еуразияға» – осынау қалыптасып келе жатқан экономикалық мегакеңістікке – Еуразия құрлығының дәл ортасындағы ел, беделді, сенімді және қажырлы Қазақстан әрқашан да қажет болады.

Менің пайымдауымша, ЕАЭО-ның және ЕО-ның ынтымақтастық әлеуеті ерекше маңызды. Дәл сондықтан да 2016 жылы сәуірде Брюссельде мен Еуразиялық экономикалық одақ пен Еуропалық одақ арасында тікелей диалог жүргізу керектігі туралы ұсыныс жасадым.

Мен еуразиялық интеграциялық үдерістерге қатысты шынайы ақпараттардың әлемдік элитаға жетуі үшін әрбір мүмкіндікті пайдаланып отырдым. 2016 жылы наурызда Вашингтон қаласында АҚШ қайраткерлерімен кездескенде мен ЕАЭО-ға таза экономикалық бірлестік екенін түсіндірдім. Қандай да бір КСРО-ны қайта құру жөнінде әңгіме болып отырған жоқ және болмақ та емес. «Қырғи-қабақ соғыстың» қатып қалған ұғымдарынан арылу керек. Ол біздің болашаққа сеніммен қарауымызға кедергі келтіреді. Еуразиялық экономикалық одақ – бұл таза экономикалық жоба.

Әлем мойындаған Қазақстан: БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде

2010-жылдары Қазақстанның қазіргі сыртқы саясаты мен дипломатиясы жоғары сапалық деңгейге көтерілді. Қазақстан – қалыптасқан мемлекет – әлемдік саясат пен жаһандық экономиканың толыққанды субъектісіне айналды. Мемлекет басшысы ретіндегі менің сөздерім аса маңызды әлемдік саммиттер мен форумдарда, G8 мен G20-ны қоса алғанда, құрметпен қабылданды, ұстанған бағытымыз, бастамалар мен ұстанымдарымыз қай кезде де зор қызығушылық туғызды және маңызды шешімдер қабылданар кезде ескерілді. Осыған байланысты, 2012 жылы Интегралдық қуаттың жаһандық рейтингінде (PFA экономикалық стратегия институты) экономикалық факторлардың қатарында мемлекеттің «қатаң» және «икемді» іс-әрекеті ескеріліп, сыртқы саясаттағы жетістіктері, ішкі тұрақтылық, көшбасшының халықаралық аренадағы беделі және ұлттық қауіпсіздік деңгейі сарапталғанда Қазақстан 34 орынды иеленуі заңды еді.

472

Қазақстандық дипломаттар халықаралық ұйымдардың басшылық қызметтеріне сайлана бастады. БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун 2011 жылдың наурыз айынан 2013 жылдың қазан айына дейін Қ-Ж. Тоқаевты БҰҰ-ның Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Женевадағы Бөлімшесінің Бас директоры қызметіне тағайындады.

Қазақстан дипломатиясының басты айырмашылығы – өзара тиімді шешімдерді мақсат тұтатыны, халықаралық проблемаларға жаңашыл қадаммен келетіні, жаңа диалогтық тетіктерді құратыны, толеранттылық пен теңқұқықтықты ұстануы болып табылады. Бұл қадамдарын Қазақстан БҰҰ-

да байқатты және ШЫҰ, ЕҚЫҰ, ОИС, ҰҚКҰ, ЕАЭО, Түрік Кеңесіне Төрағалық еткенде де ұстанды. Тәуелсіздік жылдарындағы жинақталған салмақты дипломатиялық капитал Қазақстан Республикасын БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес өкілі ретінде ұсынылуына алғышарт болғаны анық. Мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына кіру ерекше маңызды деп санадым және Қазақстанның кандидатурасының өтуі үшін қолымнан келгенше көп жұмыс жасадым.

Қазақстанның 2017–2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес өкілі болып сайлануы 2016 жылы 28 маусымда Нью-Йоркте, БҰҰ-ның штаб-пәтерінде өтті. Келесі күні мен халыққа өз Жолдауыммен үн қаттым. Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес өкілі болып сайлануы – біздің тарихи жетістігіміз. Бұл – Қазақстан халқының есеюінің айғағы, еңбек сіңірген ұлттық табысы.

2016 жылғы 30 маусымда БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун мені Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес өкілі болып сайлануымен құттықтады. Сайлаудағы дауыс берудің нәтижесі – бұл Қазақстанның белсенді жүргізіп келе жатқан сыртқы саясатына берілген зор баға деп атап өтті.

Болашақты дәл болжаған саясатының арқасында, Қазақстанның халықаралық біртектілігі «қалыпты» ортаазиялық формат шеңберінен асты. Қазақстан Республикасы – ірі еуразиялық мемлекет – нақты аймақта да, сондай-ақ әлемдік деңгейде де прагмативті түрде маңызды рөл атқарды. Халықаралық беделі жағынан Қазақстан 2010-жылдары-ақ әлемдегі алдыңғы қатардағы отыз елдің деңгейіне көтерілді. Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес өкілі болып енуі – осы деңгейдің дәлелі болып табылады.

Қазақстан – халықаралық деңгейдегі теңдессіз арағайын

Жаңа жаһандық ахуалда Қазақстан өзін маманданған халықаралық деңгейдегі дара бітімгер ретінде танытты. Бір атап айтарлығы – бұлай болуының себебі: ең алдымен біздің еліміздің күрделі жаһандық және өңірлік проблемаларды реттеуге байланысты ұжымдық қызметке тікелей және позитивті түрде қатысып отыруы дер едік. 2010-шы жылдардың оқиғалары Қазақстанның аралық миссиясының дербес және тиімді болғанын дәлелдейді.

Қазақстан дипломатиясына диалог философиясы, ымыраға келу және өзара тиімді әріптестік тән. Қазақстанда жүзден аса этнос тату-тәтті өмір

сүріп жатса, дәл осының өзі – шынайы бейбітшілік қорғаушысы ретіндегі біздің елімізге деген сенімді ұлғайтады. Қазіргі Қазақстан – бұл халықаралық диалог алаңы. Бәлкім, осының өзі Қазақстанға бүйрек бұрғызып, өзара дау-шарға ұшыраған тараптар кездесуді, диалогты біздің аумақта жүргізуге сұраныс білдіретін болар.

2012–2013 жылдары Иранның ядролық бағдарламасы айналасында жаһандағы жағдай күрделі сипат алды. Тұйықтан шығар жол табу үшін, менің ұсынысыммен, 2013 жылы ақпан және сәуір айларында біздің тікелей ықпалымызбен Алматыда Иранның және «алтылық тобының» (Ресей, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Франция, Германия) келіссөздерінің алғашқы екі раунды өткізілді. Қазақстан ұйымдастырушы және дара бітімгер ретінде, қатысушылар атап көрсеткендей, дұрыс нәтижеге қол жеткізу үшін өзінің елеулі үлесін қосты. Алматы келіссөздерінің қорытындылары ирандық ядролық бағдарлама аясындағы жағдайларды реттеу бойынша Бірлескен жалпы іс-әрекет жоспарының (2015) негізіне алынды.

Оған қоса, 2015 жылдың желтоқсан айында Еуроодақ тек қана Қазақстанға БЖІЖ-нің имплементациясына ықпал жасау жөніндегі ұсыныспен шықты. Онда бүкіл әлем Иранның ядролық бағдарламасына қатысты келіссөздерге көз тігіп отырған болатын. Қазақстан – өзінің бейбітшілікті қолдаушы ұстанымына адал ел ретінде көмек қолын созып, ұсынысты қолдауға шешім қабылдады. 2015 жылы 27 желтоқсанда «алтылық тобының», Иран мен МАГАТЭ-нің үйлестірілуімен, «Қазатомпром» ұлттық компаниясы Иранға бұл елден байытылған уранды алып кету үшін өтемақы ретінде коммерциялық жағдайда табиғи, байытылмаған уранның партиясын жеткізіп берді. Соның нәтижесінде 2016 жылдың 16 қаңтарында имплементацияға қол жеткізілді және көптеген санкциялар Ираннан алынып тасталды. Әрине Қазақстанның батыл араағайындығы болмаса, Бірлескен іс-әрекет жоспарының қатысушылары («алтылық тобы» және Иран) оны орындауға кірісе алмаған болар еді.

Қазақстан кезекті рет ядролық қаруды таратпау жолындағы өзінің көшбасшылық және күрделі халықаралық проблеманы шешу жолындағы өзінің конструктивтік рөлін көрсетті.

474

Жеке өз басым әрдайым Иран басшылығын ядролық қарудан бас тартуға шақырдым және Қазақстанды үлгі ретінде мысалға келтірдім. Менің дәлелдеріме олар құлақ асты. Бұл – Иранның ядролық бағдарламасы айналасындағы жағдайды реттеу үшін маңызды алғышарт болғаны анық.

2014–2015 жылдары Қазақстан өткір украиналық дағдарыстың дұрыс шешім табуына қатысты. Менің жастық шағымда металлург мамандығын алу үшін оқыған қаламда қантөгіс басталған кезде, мен ондағы өтіп жатқан

оқиғаларға бейжай қарай алмадым. Алдын ала қолға алынған шаралардың арқасында, 2014 жылы тамызда Минскіде жоғары деңгейдегі кездесу өткізілді (Кеден одағы – Украина – ЕО) және алғашқы Минск келісіміне қол қойылды.

Көптеген мемлекет басшылары менімен Украинадағы жағдайға байланысты ой-пікір бөлісті. 2014 жылы желтоқсан айында біздің арамызда болған әңгімеден кейін Франция президенті Ф.Олланд Парижге қайтар жолында Мәукеуде конструктивті аялдама жасады.

2014 жылы 19 желтоқсанда маған Петр Порошенко телефон қоңырауын шалып, Украинаға келіп қайтуға шақырды. Сапар 22 желтоқсанда жүзеге асты, ал соның алдында, 21 желтоқсанда Донбасстағы әскери іс-қимылдарды тоқтатуға арналған Киев пен Донецк келіссөзі тағы да үзіліп қалған болатын. Сонда мен өз ішімнен украиналық дағдарысты тезірек шешудің маңыздылығы туралы және украиналық-ресейлік қарым-қатынасты қалыпқа келтіру жөнінде жұртшылыққа Жолдау жасаймын деп шештім. Өзімнің Жолдауымда: «Екі жақ үшін де ең өзекті мәселе – соғысты тоқтатып, келіссөз үстеліне отыру», – дедім.

Порошенкомен жабық келіссөзден кейін мен Киевтен қайтар жолда Мәскеуге ұшып келдім. Ұшақта келе жатып мен Франсуа Олланд пен Петр Порошенконың пікір-көзқарастары бойынша өз қолымнан компромисстік ұсыныстарды қағазға түсірдім. Мәскеуге келген соң оны Владимир Путинге ұсындым.

Қазақстанның арағайындығымен келіссөздер 2015 жылы қаңтар айында Астанада өткізілмекші еді, алайда бұған Украинаның оңтүстік-шығысындағы кезекті шиеленістер кедергі жасады. Дегенмен де біздің тамырды дұрыс басуымыз – өз нәтижесін берді. 2015 жылы 11 ақпанда кешкісін Беларусь астанасында ресми Киев, Мәскеу, Париж және Берлин алғаш рет дөңгелек үстел басында қақтығыстарды реттеудің жолдарын талқылауға отырды. «Норманд төрттігі» Минск келіссөзінде бәтуаға келді, сол келісім бүгінгі күнге дейін Украинаның оңтүстік-шығысындағы кикілжіңді реттеуде базалық құжат болып табылады.

Біз одан кейінгі уақытта да украиналық дағдарысты шешу үшін барлық мүмкіндіктерімізді жұмсадық, бейбіт диалогты ұйымдастыруға өзіміздің әрқашан да дайын екендігімізді білдіріп отырдық.

Әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы біздің еліміздің айрықша үлесі деп, сөз жоқ, 2015 жылғы қарашада атып түсірілген ресейлік әскери ұшаққа байланысты кенет ушыққан түркиялық-ресейлік қарым-қатынасты қалпына келтіру жолында жүргізген белсенді жұмыстарымызды атауға болады. Шындығында да, сол жылдың соңына қарай

жетекші екі еуразиялық державалар – Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынас «құрдымға құлай» бастады, ал мұны бүкіл қазақстандықтар жүректері ауыра қабылдады. Мұндай қиын жағдайда сырт қалып, Қазақстанның стратегиялық әріптесі мен одақтасы бір-бірімен достастықтан кетіп бара жатса, бұған қол қусырып қарап отыруға менің дәтім шыдамады. Оқиға орын алған алғашқы күннен бастап-ақ мен қалай болғанда тәжікелескен тараптарды дағдарыстан алып шығуға болады деп көп ойландым, жағдайды ақыл таразысына салдым, Кремльмен де, дәл солай Ақсараймен де тығыз байланыс ұстадым.

2016 жылдың алғашқы жартысында мен Түркия президентімен де, Ресей президентімен де жиі байланысқа шығып, белсенді түрде оларды татуласуға шақырдым. Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты қалыпқа келтіру үшін алғашқы шешуші қадамдар менің тікелей қатысуыммен 16 маусымда Санкт-Петербургде, ал одан кейін 24 маусымда Ташкентте ШЫҰ-ның саммиті өткен кезден басталды. Осыған қатысты маңызды миссияны менің тапсырмаммен Түркиядағы Қазақстанның елшілігі атқарды. 2016 жылы 27 маусымда президент Р. Эрдоғанның жолдауын ресми түрде президент В.В. Путин қабылдады. Владимир Путин хатты өзінің көмекшісінің қолынан алды және құжатты мұқият оқыды. Ашығын айтқанда, ресейлік көшбасшының алғашқы көңіл-райы көп үміт күттіретіндей болған жоқ. Ол маған бұл қадамды құптамайтынын түсіндіре бастады. Сонда мен оған былай дедім: «Владимир Владимирович, Эрдоған Сізге қолын ұсынды, оны құп алыңыз».

Біздің қалыптан тыс, ерекше күш жұмсауымыздың арқасында Түркия мен Ресей президенттерінің арасында тікелей байланысты қалыпқа келтіру мүмкін болды. Мұның бір дәлелі – менің Р. Эрдоғанға 2016 жылы 30 маусымда телефон шалуым, әңгіме кезінде түрік көшбасшысы Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтіруге қосқан үлесім үшін алғыс білдірді.

2015-2017 жылдары әлемдік саясаттың күйіп тұрған тақырыбы – азаматтық соғыс жүріп жатқан Сириядағы жағдай болғаны анық. 2016 жылы Сирияның үкіметтік күштері Ресейдің әскери-ғарыштық күштерінің көмегімен жағдайды өзгертуге мүмкіндік алды. Сирия қақтығысына белсенді қатысушылар болып табылатын Ресей, Түркия мен Иранның бастамасымен саяси реттеудің жаңа форматын іздеу басталды. Алайда келіссөздерді жүргізетін орын таңдауда мәселе туындады. Сирия дағдарысының күрделілігін ескере келе, келіссөз алаңы барлық тараптарды – гарант-елдерді де (Ресей Түркия, Иран), бақылаушыларды да (БҰҰ, АҚШ, Иордания) Сирияны да (үкімет және әскери оппозиция) қанағаттандыруы керек болды.

Барлық жағдайларды сараптай келе және өтіп жатқан оқиғалардың жаһандық маңызын түсінгендіктен, мен қол ұшын созуға шешім қабылдадым және келіссөздер үшін бейтарап орын санатында Астананы ұсындым. Қазақстанның бастамасы Ресей мен Түркияның көзқарастарымен сәйкес келді де, ұсыныс қабылданды. Бұл – дүниежүзі қауымдастығы Қазақстанға сеніммен қарайтындығын, оны сенімді, тұрақты, ашық әріптес санайтынын, Астананы жауапты диалог үшін тиімді орын ретінде қабылдайтынын аңғартады. Сирия дағдарысы – халықаралық проблемалардың тұнбасы. Сондықтан да Астана алаңы – жаһандық және аймақтық тұрғыдан қарағанда да ең тиімді нұсқа болды.

2017 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында Астанада жеті күрделі де үдемелі келіссөз раундтары өтіп, асыра айтқандық емес, бүкіл әлем өте мұқият бақылады. Мұнда соғыс өртінің ортасынан нақты халық жасақтарының командирлері келді. Өте күрделі құрам, әртүрлі көзқарас. Келіссөздер ауыр жүрді. Көпшілігі мұның жетістігіне сене қоймағанын мойындаған жөн, бірақ пайдалылығы мен ілгері жылжу байқалып қалды. Жекелеген жағдайда жетістіктер болды, мәселен, бұрын мүмкін емес деп саналған – Сириядағы деэскалация аумағы құрылды.

Әлемдік саясатқа 2017 жылы – Астана үдерісі дейтін сыйымды және конструктивті ұғым енді. Сарапшылар, тіпті, Астананы Женевамен салыстыра бастады. Астана еуразиялық Женева бола ма – оны уақыт көрсетеді. Бір нәрсе даусыз – жаһандық әлем Қазақстан мен Астананың бейбітшілікті сақтаушы әлеуетіне тағы да бір көз жеткізді.

Бейтарап позицияны сақтай отырып және келіссөздерге қатысушылармен жақсы қарым-қатынас орната алғандықтан, Қазақстан алдағы уақытта да Сирияға байланысты халықаралық кездесулер үшін өз алаңын ұсынатын болады. Менің ашық және берік көзқарасым осындай.

Мен үшін әуел бастан-ақ аксиома болған жайт – Қазақстанның болашағы бүкіл әлемнің және құрылықтың болашағымен тығыз байланыста екендігі. 2017 жылы қарашада Астана клубындағы жиналыста сөйлеген сөзімде мен: «Біз әлемге соңғы кезде оған соншалықты жетіспейтін – жаһандық мәселелерді шешуге қажетті бірігуді, жақындасуды және төзімділікті әкелуге ұмтыламыз», – деп атап өттім.

Нақтылы жағдай мынадай: жаһандық дамудың жаңа архитектурасын тұрғызу Шығыс – Батыс геосаяси, геоэкономикалық және идеологиялық желілерінің бұзылуы жағдайында жүріп жатыр. Біз мұны көріп отырмыз. Аталған проблемаларды шешу үшін Қазақстан – қауіпсіздік, экономикалық өсу және диалог салаларында біріктіруші қызметін ұсынуға қабілетті.

Қазақстанның 2017 жылғы сыртқы саясаты

2017 жыл – Қазақстан үшін сыртқы да, ішкі де саясатта елеулі жыл болып отыр.

2017 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Республикасы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты емес мүшесі ретіндегі жұмысына кірісті. Сәйкестік пе екен, 1 қаңтардан бастап, БҰҰ-ның жаңа Бас хатшысы А. Гутерриш те қызметіне кірісті.

10 қаңтарда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне жолдаған өзімнің саяси үндеуімде мен қазақстандық мүшеліктің жеті басымдығын атап көрсеттім: ядролық қарусыз бейбітшілікке қол жеткізу; жаһандық соғыс қатерін жою және оқшау кикілжіңдерді реттеу; Орталық Азияның мүдделерін алға шығару; терроризм мен экстремизмге қарсы тұру; Африкадағы бейбітшілік пен қауіпсіздік; даму мен қауіпсіздік арасындағы ажырамас байланыс; ХХІ ғасырдағы сын-қатерлерге БҰҰ мен Қауіпсіздік Кеңесінің дайын болуы. Осы тұғырнамаларға сүйенген Қазақстан БҰҰ ҚК-нің күнделікті жұмысына толығымен кірісіп кетті. Әрине, жаңа тәжірибе Қазақстанның бітімгерлік әлетін бұрынғыдан да күшейтетініне күмән жоқ.

2018 жылдың басы да аса маңызды болмақ – қаңтарда Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінде төрағалық жасайды. Осы кезеңде Қауіпсіздік Кеңесінің бейбітшілік пен қауіпсіздік жөнінде жоғары деңгейдегі ашық дебатын шақыру жоспарланып отыр.

2017 жылы Қазақстан көп қырлы, теңгерімді сыртқы саясатын жалғастырды, барлық көршілерімен және әріптестерімен – Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен, Америка Құрама Штаттарымен, Еуропалық одақпен, Түрік Республикасымен және Еуразия құрлығындағы көптеген басқа достық қарым-қатынастарын дамытты.

Қазақстанның 2017 жылы халықаралық бірлестіктерге қатысуының маңызы зор болды. Мен, бұрынғыдай, ЕАЭО, ШЫҰ және Еуроодақ арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты қалыпқа келтіруге болады деген сенімдемін. Дипломатиялық корпуспен кездесуде мен бұл мәселені 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ның саммитін өткізгенде көтергенімді еске салып өттім. Үш интеграциялық бірлестіктің өзара қарым-қатынасы – біздің бәріміз үшін де пайдалы. Мен мұның болашағы бар деп ойлаймын.

Астанада өткен ШЫҰ саммитінің (5-9 маусым 2017 жыл) маңызы зор болды. Оның басты оқиғасы – ШЫҰ құрамына Үндістан мен Пәкістан Ислам Республикасын мүшелікке қабылдау процедурасының аяқталуы еді. Жиналысқа төрағалық жасаушы ретінде мен Астана саммиті ұйымның та-

рихында жаңа кезеңнің басталғанын айғақтады деп атап өттім. Жаңа мүшелер қабылдау ШЫҰ-ның дамуына кең тыныс береді, беделінің артуына ықпал жасайды, өйткені ұйымның жауапкершілік аумағы Жер шарының жартысынан астам бөлігін қамтып жатыр. Сонымен бірге, Қазақстанның төрағалық жасау кезеңінде ШЫҰ мен БҰҰ арасындағы қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілді.

2017 жыл Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынас үшін де неғұрлым маңызды болды. Біздің аймақ өзінің дамуының жаңа кезеңін бастан кешуде. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде Қазақстанның төрағалық жасауының (2017–2018) басты басымдықтарының бірі – Орталық Азия елдерінің жалпы мүддесі болғандығы кездейсоқтық емес.

29 тамызда Қазақстан және бүкіл әлем үшін айтулы оқиға болды – МАГАТЭ-нің Аз байытылған уран Халықаралық банкі ашылды. Мен МАГАТЭ-нің Бас директоры Ю.Аманоға Өскемендегі Үлбі металлургия зауытының алаңында орналасқан АБУ Банкінің символдық кілтін тапсырдым. МАГАТЭ-нің толық бақылауында және оның заңды меншігінде жұмыс істейтін АБУ Банкі бүкіл дүние жүзі үшін ядролық сұйықтықты қауіпсіз жеткізетін бірегей механизм болып табылады. Жаһандық сенімге ие болған ел ғана Халықаралық АБУ Банкін өз жерінде орналастыра алады. АБУ Банкінің ашылу салтанатында ғалымдардың Пагуош қозғалысының 62-сессиясына қатысушылары да болғанын айтқан жөн. Мен оларды қозғалыстың 60 жылдығымен құттықтадым және ядролық қауіпсіздікті нығайту үшін қажет бірнеше қадамдарды ұсындым: 2020 жылы ядролық қаруды қолдануға толық тыйым салу туралы Келісімшартты күшіне енгізу (Ядролық қаруды таратпау туралы келісімнің күшіне енгенінің 50 жылдығы); ядролық мемлекеттердің де-факто мәртебесін легализациялау және ядролық қаруды иемденуші-елдердің саммитін шақыру; Ядролық сынақтарға жалпы көлемде тыйым салу Келісімшартына қалған елдердің де қосылуы; Ядролық қарусыз аймақ құрамына кіретін мемлекеттердің күш біріктіруі. Мен, сондай-ақ, Ядролық қауіпсіздік бойынша Жаһандық саммит үдерісін жаңартуға біздің елдің бастамашы болуға және оны Астанада өткізуге Қазақстанның дайын екендігін білдірдім.

АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Рекс Тиллерсон БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі 2017 жылғы қыркүйекте үкіметтік ведомстволар басшыларының деңгейінде өткен отырысында «Қазақстанның «ядролық қарудан бас тартуы даналықтың айрықша үлгісі болып табылады. АҚШ-пен әріптестікте Қазақстан бұрынғы кеңестік қаруларды және сонымен байланысты ядролық технологияларды өз аумағынан алып тастады және ядролық қарусыз мемлекет ретін-

де Ядролық қаруды таратпау туралы Келісімшартқа қосылды. Қазақстан басшылығының батыл шешімі ядролық қарудың, оның құрамдас бөліктерінің, ядролық материалдардың және қос мақсатты технологиялардың лаңкестердің қолына түсуін нақты қысқартты. Қазақстанның іс-әрекеті елді ұлттар қауымдастығына тарту үдерісінде маңызды қадам болды. Ядролық қарудан құтылудың нәтижесінде әлем Қазақстанға ядролық әлеуетті агрессор, қатерлі мемлекет ретінде қарамайды. Ол өзінің ядролық көршілері – Ресей мен Қытайдың да дұшпанына айналған жоқ. Бүгінде Қазақстан көршілерімен тату-бейбіт өмір сүруде. Ол берік сауда қатынастарын дамытуда. Биыл бұл ел Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізді, ол болашақтың энергия көздерін және бүкіл әлемнің қатысушыларына Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін көрсетті. Бұл өңірлік, халықаралық бейбітшілік пен өркендеуге елеулі үлес қосып отырған заманауи мемлекет. Қазақстан өзінің шешімдерімен тек қана ұтысқа шықты. Өзімнің бұрынғы кәсіби қызметімде Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен бірнеше рет кездестім және оған осы шешім туралы сұрақ қоюыма мүмкіндік болды. Ол маған бұл шешім үшін ешқашан өкінбейтінін айтқан және тағы бірде: «Бұл менің, қай бір кезде болсын, жас елім үшін жасаған үлкен жақсылығым» деген сөзі кездейсоқ айтылған жоқ.

Мұндай әңгіме шынында да болған. Мен Рекс Тиллерсонның баяндауындағы дәлме-дәлдікті куәландырамын.

2017 жылғы ерекше оқиғалардың бірі Астанада (10-11 қыркүйек) өткен Ислам ынтымақтастығы ұйымының ғылым мен технология бойынша I Саммиті еді, оған қатысушылар 56 елден келді. Пленарлық мәжілісте күшті біріктірудің қажеттігі баса айтылды және ИЫҰ-ның ғылыми-инновациялық қорын құру туралы ұсыныс келіп түсті. Бұл ретте, технология саласында жетекші Батыс елдерімен байланыс орнатылуы қажет. Бұдан өзге, исламның ғылым мен инновацияны қаржыландыруының, әсіресе, аграрлық секторда және «жасыл» технология саласында маңызы аса зор. Саммиттің қорытынды құжаты болып ИЫҰ-ның 2026 жылға дейінгі ғылым, технология және инновация бойынша Бағдарламасы қабылданды. Астанадағы саммит ИЫҰ елдерінің ынтымақтастығы үшін ең алдыңғы қатарда – ғылыми-технологиялық секторда өріс ашты, ислам әлемінің бірігуінің дәлелі болды.

2017 жыл – Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің 25 жылдығы. Бұл уақыт аралығында 180-нен аса мемлекеттермен дипломатиялық қатынас орнатылған, шетелдерде 57 елшілік ашылды және Қазақстанда 95 шетелдік өкілдіктер жұмысқа кірісті. Дипломатияның географиясы ұлғайды. Бұрын Қазақстанның қатынастары, негізінен, Еуропаға, Азияға және Солтүстік Америкаға бағытталса, енді Латын Америкасы мен Африкаға қа-

рай ұлғайды, Орта және таяу Шығыспен байланыстар тереңдеп келеді. Қазақстандық сыртқы саясаттың дәстүрлі көпқырлылығы бәрін қамтушы сипатқа айналуда.

2017 жыл Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында жаңа кезеңнің қақпасын ашты. Сыртқы саясаттың қуатты тамыр лүпілі ішкі жүйелі жаңғыртуға тигізер әсерін күшейтті.

Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі

XXI ғасыр – бұл жаңа, бірегей жаңалықтар мен технологиялардың ғасыры. Дәл сондықтан да мен 2010-шы жылдары бірінші кезекте индустрия, инновация, инвестиция мәселелеріне ерекше назар аударамын. Осыдан Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің идеясы туған болатын. Мен Астана бүкіл әлемге тек жаңа елорда және саяси алаң болып қана танылып қоймай, сонымен бірге технология, қаржы, зияткерлік ресурстар, тіпті, соңында туристер ағылып келіп құйылып жататын орталық ретінде де танылса дедім.

Қазақстанда көрме өткізу құқығын жеңіп алу оңай болған жоқ. Алғаш рет Астанада халықаралық көрме өткізу идеясын мен ЭКСПО-2008 көрмесіне, Испанияның Сарагоса қаласына барған сапарымда, біздің еліміз қола жүлдеге ие болған кезде ұсынғанмын. Қазақстанның ЭКСПО халықаралық көрме қозғалысына қатысу тарихы біздің еліміздің 1997 жылы Халықаралық көрмелер бюросына мүше болған кезінен басталады.

Енді, міне, бұл күтпеген жерден Қазақстан үшін, жалпы технология үшін сондай күшті шараға айналып шыға келді. Қысқа уақыт ішінде, барлығы үш жылда, біз Астана қаласының алып жаңа ауданын салып шықтық. Ерекше аудан. Ол астаналықтардың өздері үшін де, бүкіл қазақстандықтар үшін де жиі келетін ең сүйікті орындарына айналуда. Туризм әуежайдан, вокзалдан басталмақ. Біз жаңа әуе гаванын және жаңа темір жол вокзалын салып, пайдалануға бердік. Егер бұрын Астана 3 миллион әуе жолаушыларын қабылдаса, енді қазіргі жолаушылар тасқыны 8 миллионға дейін жетеді. Астананың логистикалық нысандары ең заманауи технологиямен жабдықталған. Барлық келушілер мұны өз көздерімен көреді және Қазақстанның туристерді қабылдай алатынын түсінеді. Мұнда қонақтарды жақсы қарсы алады, түнде жақсы тынығуға болады, көретін жерлер де көп.

ЭКСПО күндерінде Қазақстанның барлық өңірлерінен, облыстарынан, аудандарынан адамдар ағылып келіп жатты, олардың ішінде Астананы алғаш көргендері қаншама десеңізші! Бүкіл әлемнен – 115 мемле-

кет! Келушілер Қазақстанның басқа аймақтарын да аралап көрді. Бәлкім, көпшілігі Бурабайда болған шығар. Қалай десек те бұл – елді насихаттау, оның танымалдылығының маңызы өлшеусіз. ЭКСПО әсері ересен.

Біздің прагматикалық есебіміздің мақсаты – «Болашақтың энергиясы» дейтін өзекті тақырып арқылы ғылыми үдерістің жүрегіне жол табу еді. Ол үмітіміз ақталды.

Үш жылдың ішінде ғаламат жұмыс жүргізілді – Астананың сол жағалауында елорданың жаңа үлкен жүйе құрушы ауданы пайда болды. Бұл ретте «Астана ЭКСПО» кешені Назарбаев Университеті кешенімен үйлесе кетті.

ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі – 2017 жылы 9 маусымда ашылды. Салтанатқа 17 мемлекет пен үкімет басшылары, оның ішінде Ресей президенті В.В. Путин, ҚХР төрағасы Си Цзиньпинь, Испания королі Филипп VI, Чехия президенті М. Земан, Өзбекстан президенті Ш. Мирзиёев, Қырғызстан президенті А. Атамбаев, Беларусь президенті А. Лукашенко, Түрікменстан президенті Г. Бердымұхаммедов, Тәжікстан президенті Э. Рахмон, БҰҰ-ның Бас хатшысы А. Гутерриш және басқалар қатысты. Мерекенің орталығы «Нұр Әлем» – әлемдегі ең үлкен сфералық ғимаратқа айналды.

Көрменің ашылу салтанатында сөйлеген сөзімде мен Лондондағы алғашқы дүниежүзілік көрмеден бері өткен бір жарым ғасыр ішінде адамзат ғаламат технологиялық өзгерістерді басынан өткізгенін, қазір біз революциялық жаңалықтардың табалдырығында тұрғанымызды, көрмеіміздің осынау жаһандық үдеріске бірегей үлес қосатынына сенімді екенімді айттым.

Жаһандық трендтерді ескере келе, Қазақстан ұшан-теңіз көміртекті су қоры сақталғанына қарамастан, белсенді түрде жаңартылған энергия көзін пайдалануға көшетін болады деп атап көрсеттім. Мұндай мақсат біздің «Стратегия-2050» және «жасыл экономикаға» өту тұжырымдамамызда тұжырымдалған. Қазақстан – 2050 жылға қарай электр қуатының жалпы көлемінің жартысын жаңартылған энергия көздерін пайдалану арқылы өндіретін болады. Сонымен бір мезгілде экономиканың қуат сыйымдылығы қысқаратын болады.

Көрмеге 115 мемлекет және 22 халықаралық ұйымдар қатысты және өздерінің жетістіктерін ұсынды. ЭКСПО-2017 көрмесіне жүзден астам ел, ірі трансұлттық компаниялар және 18 халықаралық ұйымдар қатысты. Бұл – оған деген аса зор қызығушылықты және тақырыптың өзектілігін байқатады. Үш айдың ішінде көрмені көруге төрт миллионға жуық адам келді, олардың арасында – 180 елден келген жарты миллион турист бар. Бұдан басқа,

ЭКСПО-ны екіжүзден астам мемлекет, үкімет басшылары және басқа жоғары шенді қонақтар аралап көрді. Олардың көпшілігін өзім бастап жүрдім. Көрменің жетістігі менің күткенімнен де, болжағанымнан да асып түсті.

«Астана ЭКСПО-2017» көрме кешенінің жалпы алаңы 174 гектарды алып жатты (көрме аймағының алаңы – 25 гектар, көрмеден тыс аймақ – 149 гектар), онда Қазақстан Ұлттық павильонын, халықаралық, тақырыптық және корпоративтік павильондарды, сауда ойын-сауық орындарын қоса алғанда, 38 нысан орналастырылды. Көрмеден тыс аймақтарда конференц-орталық, баспасөз орталығы, жабық қала, тұрғын үйлер және қонақ үйлер орын алды. Барлығы ЭКСПО-2017-ге 10808 адам (жұмыс орындары), оның ішінде 909 шетелдік азаматтар, 433 бірлік техника тартылды. ЭКСПО-2017-нің құрылыс нысандарындағы жұмыстарға бас мердігерлік ұйымдар қатарында 322 отандық тауар өндірушілер қатысты және олармен жалпы сомасы 47 миллиард теңгеден асатын келісімшарт жасалды. Халықаралық көрменің аясында үш мыңнан аса мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілді. Көрме өткізілгеннен кейін ұлттық павильондар офистер мен зертханаларға, ғылыми-технологиялық парктерге айналдырылады, ал тақырыптық павильондар және Қазақстан павильоны, ойын-сауық орындары Мәдениет және өнер кешендерін құрайтын болады.

Көрме нысандарын көрме өткеннен кейін пайдаланудың бес концептуалдық бағыттары (кластерлер) белгіленді. Халықаралық және корпоративтік павильондар «Астана» халықаралық қаржы орталығының инфрақұрылымына айналады. Көрменің аумағындағы қоғамдық аймақтарда орналасқан Қазақстан Ұлттық павильоны, Энергия Холлы, Арт-орталық, тақырыптық павильондар, арт-инсталляция қала тұрғындары мен қонақтарының демалыс, мәдени және спорттық тыныстауы үшін тамаша кеңістікке айналары сөзсіз. Нысандардың бір бөлігі жалға берілетін коммерциялық алаңдар болады. Сонымен, ең соңында ЭКСПО-қалашық өзінің инфрақұрылымын (Конгресс-орталық, Қуат көздерін зерттеу орталығы, ІІБ ғимараты, LRT көлік-транспорт жүйесі, инфрақұрылым желілер) айтарлықтай кеңейтеді.

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі елімізді жаңғыртуға қосымша дем берді, Қазақстан экономикасына мультипликативті әсер етті. Ондаған мың жұмыс орындары ашылды. Сыртқы және ішкі туризм айтарлықтай жанданды. Жастар жаңа технологияны «тірідей», көздерімен көрді.

2017 жылы 10 қыркүйекте халықаралық көрменің жабылу салтанатында сөйлеген сөзімде ЭКСПО-2017-ні табысты өткізу – Астананың және еліміздің басқа да өңірлердің күш біріктіруінің арқасында мүмкін болғанын атап өттім. Қазақстан астанасы күн сайын әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған мәдени әуендер мен бояулардың шұғыласына бөленді. Қазақстан

өзінің Еуразия аймағындағы қауіпсіз және жедел дамып келе жатқан мемлекет ретіндегі ажарын аша түсті.

Көрменің салтанатты жабылуы Ислам әлеміндегі ғылыми-техникалық дамудың маңызды мәселелері талқыланған Ислам ынтымақтастығы ұйымының ғылым мен технология бойынша саммитін өткізумен сәйкес келуінде де символдық мән жатқан секілді. ЭКСПО-2017 біздің бүкіл планетамыздың зияткерлік және технологиялық әлеуетін танытуға бірегей мүмкіндік берді. Мұнда жаңартылған қуат көздері саласындағы 140 ғылыми өнертапқыштық жұмыстар көрсетілді.

Менің арнайы атап өткенімдей, «Нұр Әлем» және көрменің тақырыбын ашуға тікелей қатысты бірқатар басқа павильондар «ЭКСПО-ның мұрасы» болып сақталады. Бүкіл ЭКСПО-2017 көрме кешені алдағы уақытта да инновациялық және тұрақты даму міндеттеріне қызмет ете беретін болады.

Барынша принципті мәселе ретінде мен: «Астана ЭКСПО» кешенін жақтай отырып, бұл біздің қаламыздың барлық тұрғындары мен қонақтарына қалай қызмет көрсетеді деген төңіректе көп ойландым. Келешекті көздегендіктен, мен бірнеше озық жобаларды – «Астана» халықаралық қаржы орталығын, «Жасыл» технология мен инвестицияны дамыту бойынша Халықаралық орталығын, Халықаралық IT-стартаптар технопаркін – қоса жүзеге асыруды жоспарладым. Шын мәнінде, Астанада іскер орталық дүниеге келді. Ал бұл қаржының шаруақорлықпен, «ақылмен» бөлінгенін аңғартады. «Инвестициялар қантaмыры» ретінде ЭКСПО еліміздің, өңірлер мен барша әлемнің дамуына қызмет ете беретін болады.

«Болашақ энергиясы» ЭКСПО-2017 Бүкіләлемдік көрмесін өткізу кіші және орта бизнестің дамуында, әсіресе, қызмет көрсету саласында, қонақ үй бизнесінде және ішкі туризмде нақты табысқа жетуге көмектесті, сондай-ақ республиканың беделін көтерумен бірге, еліміздің бас қаласының, көрмеден кейін әлемдік танымал қалалардың қатарына енетін елорданың да абыройын асқақтатты.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ЭКСПО-ны сапалы өткізу – елдің есею өлшемдерінің бірі. Қазақстан бұл емтиханды өте жақсы тапсырды. ЭКСПО-ның жетістігі – Қазақстан халқының мерейі. Қалыптасқан мемлекеттің мәртебесі.



ТАҒДЫРШЕШТІ ЖЫЛДАР. БОЛАШАҚҚА ЖОЛ САЛҒАН ЖЕТІСТІКТЕР

БАСТЫ ЖЕТІСТІКТЕР (1991–2017 жж.)	АЛДАҒЫ МЕЖЕ (2017–2050 жж.)
<p>1. Жаңа мемлекет құрылды</p>	<p>1.1. Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруды және жаһандық жаңа ахуал талаптарына жауап ретінде мемлекеттік билік институттарын нығайтуды жалғастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстанды жаңғырту, оны баршаға ортақ заманауи күшті мемлекетке айналдыру
<ul style="list-style-type: none"> • Ыдыраған империя – КСРО үйіндісінің орнына Қазақстан мемлекеті бой көтерді 	<ul style="list-style-type: none"> • Бес институционалды реформа және мемлекеттік құрылыстың әрі қарайғы «100 нақты қадамы» – «Баршаға ортақ заманауи мемлекет» Ұлт жоспарының, сондай-ақ Қазақстанның үшінші жаңғыруы бағдарының негізінде мемлекетті нығайту • Мемлекеттің дамуына жаңа серпін беру: табиғи байлықтардың ғана емес, технологиялық серпілістер есебінен де даму
<ul style="list-style-type: none"> • Нарықтық экономика тетіктері қалыптасты. Тұрақты экономикалық өсім қамтамасыз етілді 	<ul style="list-style-type: none"> • Ұлттық нарықтық экономиканы: <ul style="list-style-type: none"> - жеделдетілген технологиялық жаңғырту және әрқилы салалардың өнімділігін арттыру; - кәсіпкерлікті дамыту үшін институционалдық және бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту; - білім беру мен денсаулық сақтаудың әлемдік деңгейдегі заманауи жүйелерін құру; - қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықпен күрес бағыттары бойынша дамыту

<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Орталық Азияның өңірлік көшбасшысы, сыртқы экономикалық үдерістердің мәртебелі және толық құқылы қатысушысы ретінде танылды 	<ul style="list-style-type: none"> • Әлемдік трансформация және жаһандық күйзелістер кезеңінде Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғау (ЕАЭО, БСҰ, ЭЫДҰ, «Жаңа Жібек жолы» жобасы)
<ul style="list-style-type: none"> • «Қазақстан-2030» стратегиясы мерзімінен бұрын орындалды және еліміздің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруін қамтамасыз етті 	<ul style="list-style-type: none"> • «Қазақстан-2050» стратегиясының мүлтіксіз іске асырылуын қамтамасыз ету, ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына сенімді түрде кіру
<ul style="list-style-type: none"> • Еліміз өзінің бақуаттылығын дәлелдей отырып, әлемдік екі экономикалық дағдарыстан ойдағыдай шықты 	<ul style="list-style-type: none"> • Еліміздің экономикалық дамуын мұнай және шикізат дағдарыстарына, әлемдік нарықтардың тұрақсыздығына, Еуроодақтың ішкі проблемаларына, әлемдік экономикалық өсімнің баяулауына тәуелсіз түрде қамтамасыз ету
<ul style="list-style-type: none"> • Тәртіпсіздікке, жоқшылыққа, қоғамдық жікшілдікке, азамат соғысына, этносаралық және дінаралық қақтығыстарға, қылмыстың өршуіне, «бандиттік» немесе «олигархиялық» капитализмге, елімізді халықаралық дау-жанжалдарға тартуға, «түрлі-түсті революциялар» сценарийі бойынша қоғамдық-саяси күйзелістерге, еліміздің шетел кредиторларына несиелік тәуелділігіне, экономикалық құлдырауларға, созылыңқы әлемдік дағдарыстар салдарынан стагнацияға немесе рецессияға жол берілген жоқ 	<ul style="list-style-type: none"> • Тәуелсіздік жылдарының жетістіктерін «шашау шығармай», еліміздің шегінуіне жол бермеу. • Бүлдіруші әлеуметтік күйзелістер мен ұлттың жікшілдігіне, Орталық Азиядағы ықпал өрісін бөлісуге жол бермеу. • Қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының, сондай-ақ адам капиталы сапасының төмендеуіне жол бермеу

<p>2. Жаңа елордамыз – Астана салынды</p>	<p>2.1. Әлемдік орталықтардың бірі ретінде Астананың дамуына жаңа серпін беру</p>
<p>«Астананың өркендеуі – аймақтардың өркендеуі»</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Астанада ЭКСПО-2017 инфрақұрылымы негізінде әлемдік қаржы орталығын құру • Астананы Еуразияның іскерлік, мәдени, ғылыми және логистикалық орталығы ретінде дамыту
<p>3. Қазақстан халқын біртұтас ұлт ретінде қалыптастыру басталды</p>	<p>3.1. Ұлттық бірегейлікті одан әрі нығайту</p>
<ul style="list-style-type: none"> • Экономикалық жетістіктері мен халықтың теңқұқылық принциптерін нығайту негізінде ел бірлігі қамтамасыз етілді 	<ul style="list-style-type: none"> • Ел бірлігін тәуелсіздік жылдары қалыптасқан жалпыұлттық жетістіктер мен құндылықтар негізінде саяси азаматтық ұстанымдарға сәйкес нығайту • Рухани жаңғыру • Үш тілдің бірлігі негізінде – қазақ, ағылшын және орыс тілдерінің үйлесімді мәдениетін қалыптастыру • Латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшу
<ul style="list-style-type: none"> • Ел азаматтарының бақуатты тұрмысына қол жетті, орта тап және ұлттық кәсіпкерлік орта қалыптасты 	<ul style="list-style-type: none"> • Жаппай кәсіпкерлік пен орта тапты кеңейтуге айрықша кезеңдегі әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі ретінде қолдау көрсету
<ul style="list-style-type: none"> • Әлеуметтік татулық, этносаралық және конфессияаралық келісім нығайды 	<ul style="list-style-type: none"> • Өмір сүрудің ЭЫДҰ елдері деңгейіндегі жаңа стандарттарын қалыптастыру

<p>4. Қазақстандық даму моделі жасалды</p>	<p>4.1 Әлемдегі экономикасы ең дамыған 30 елінің қатарына кіру (G30)</p>
<ul style="list-style-type: none"> • Стратегиялық жоспарлар (Мемлекеттің қалыптасу және даму стратегиясы (1992), «Қазақстан-2030» стратегиясы (1997), «Қазақстан-2050» стратегиясы (2012) негізінде мемлекетіміздің сенімді дамуы мен өсуі қамтамасыз етілді 	<ul style="list-style-type: none"> • ЭЫДҰ елдері стандартына кезең-кезеңмен көшу. ХХІ ғасырдың үшінші онжылдығында ЭЫДҰ құрамына кіру. • Ұзақ мерзімді қарқынды өсу негізінде ұлттық экономиканың бәсекелік қабілеттілігін арттыру
<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді 	<ul style="list-style-type: none"> • Ұлттық адам капиталының жоғары сапасын қамтамасыз ету • Жалпыға бірдей еңбек қоғамын құру. • Ұлттық білім беру деңгейін әлемдік деңгейге көтеру және оны еліміздің бүкіл азаматтарына қолжетімді ету

ТҰЖЫРЫМ

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢДЕРІ

Тәуелсіздік. Бұл – ЖАСАМПАЗДЫҚ ДӘУІРІ.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында негізгі төрт кезеңнен тұратын үлкен жолдан өтті.

Бірінші кезең. Тәуелсіз мемлекеттің қалыптаса бастауы (1990-шы жылдардың бірінші жартысы).

Екінші кезең. Мемлекеттілікті нығайту және дағдарысты еңсеру (1990-шы жылдардың екінші жартысы).

Үшінші кезең. Өрлеу және әлемдік дағдарыс арқылы әрі қарай алға басу (2000-шы жыл – 2010-шы жылдардың басы).

Төртінші кезең. Жаңа жаһандық ахуалда қалыптасқан мемлекет (2010-шы жылдар).

Елімізде «үштік транзит» – қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда жүйелі реформалар жемісті жүзеге асырылды.

Бірінші кезең. Тәуелсіз мемлекеттің қалыптаса бастауы (1990-жылдардың бірінші жартысы)

Тәуелсіздікті қалыптастыру аса күрделі жағдайда өтті.

Бұрынғы КСРО-дан шыққан барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттер сияқты, Қазақстан да кеңестік жүйенің жалпы дағдарысы мен құлдырауын бастан кешірді, соның салдарынан тәуелсіздіктің қалыптасу процесі аса күрделі болды.

Біз апатқа жол берген жоқпыз, бақылауды өз қолымызда ұстадық, аса қысқа мерзім ішінде алғашқы базалық стратегиялық мақсаттарды белгілей алдық, мемлекеттік биліктің әрі қарай кезең-кезеңімен өсуінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін оның берік іргетасын қаладық, экономиканы, қауіпсіздік құрылымдарын, аймақтар мен ішкі саясатты тұтастай өз бақылауымызға ала білдік, сондай-ақ дербес сыртқы саясатты қалыптастыра бастадық.

Заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарының текетіресіне сондай-ақ қоғамдағы тұрақсыздыққа жол бермедік. Соның нәтижесінде азаматтық татулық пен этносаралық келісім сақталды.

Жаңа жағдайдағы мемлекеттік институттар құрылысымен қатар, гиперинфляцияны ауыздықтау, тәуелсіз қаржы жүйесін іске қосу айрықша маңыз-

ды болды. Осы мақсатта, шынайы егемендікке аса маңызды қадам жасалды. Қазақстан төл валютасы – теңгені айналымға енгізді.

Бірінші кезеңнің күрделілігі сол, қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік өздерістерді бір мезгілде жүргізу қажет болды. Жүзеге асырылған үш транзиттің мәні де осында еді.

Мемлекеттік-құқықтық аспектіде мемлекетті конституциялық ресімдеу «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңмен басталды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы 1995 жылғы Конституциясымен аяқталды. Осылайша, берік мемлекеттік құрылым жасақталды.

Байырғы қазақ даласында жүздеген жылдар ауқымында тұңғыш рет еліміздің ішінде де, халықаралық аренада да заңдық тұрғыдан толық мойындалған мемлекет орнады. Енді ел шекарасы да, басқару үлгісі де, дамудың экономикалық моделі де ешқандай талқылау тақырыбы бола алмайды.

Дәл осы мемлекеттік жүйенің тұрақтылығы мен күшті президенттік билік елімізде нарықтық реформалауды түбегейлі және жүйелі іске асыруға мүмкіндік туғызды.

Біз тегеурінді күш-жігерімен нәтижесінде Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын қалыптастырдық. Мен о бастан еліміздің Батыс пен Шығыс арасында орналасуының зор әлеуетін түйсіндім және оны болашақ табыстардың маңызды алғышарты ретінде қабылдадым.

Семей ядролық полигонын жабу және еліміздің аумағын жаппай қырып-жою қаруынан азат ету Қазақстан үшін айрықша маңызды шешім болды. Бұл халықаралық серіктестіктермен енді қалыптасып келе жатқан қарым-қатынастардағы түйткілді мәселелердің түйінін тарқатты, олар Қазақстанға ядролық қатердің ықтимал ошағы ретінде қарамайтын болды. Қазақстан ядролық қаруды иелену емес, одан құтылу бейбітшілік пен қауіпсіздік кепілі болатынын көрсетті.

Қазақстан мемлекеттілігі үшін мемлекеттік шекараны реттеу және делимитация процесінің маңызы айрықша болды. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында Қазақстан осы маңызды міндетті бірінші болып жүйелі шешуді қолға алып, оны тиімді аяқтады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап біз халықаралық саясаттағы аса маңызды мәселелердің тұтас кешені бойынша көшбасшылық пен бастамашылық көрсеттік, олар: ядролық қаруды таратпау, Азиядағы қауіпсіздік (АӨСШК), әлемнің жетекші державаларымен, сондай-ақ жаңа тәуелсіз мемлекеттермен тең құқылы, өзара тиімді қарым-қатынас қалыптастыру, еуразиялық экономикалық интеграция мәселелері.

1990-жылдардың бірінші жартысы – саясаттағы, экономикадағы және жалпы өміріндегі өтпелі кезең болды. Мемлекеттік құрылыс өтпелі кезеңнің шешуші белесінен өтті, ал экономика мен әлеуметтік салада ол әрі қарай жалғаса берді.

Тәуелсіздіктің бірінші кезеңінің басты нәтижелері – егемен елдің мемлекеттік институттарын құру, азаматтық бейбітшілікті сақтау, заман талаптарына жауап беруге және бүкіл қоғамның мүдделерін іске асыруға қабілетті мемлекеттік құрылымның тиімді жүйесін құруға мүмкіндік берген конституциялық және саяси реформалар. Осылайша, құқықтық мемлекеттің іргетасы қаланды.

Еркін нарықтық экономика негіздерінің қалануы, жекеменшік институты мен келісімшарттық қатынастардың енгізілуі, қаржы жүйесінің тұрақтануы және экономиканың сауыға бастауы экономика саласындағы басты жетістік болды.

Сыртқы экономикада әлемдік қоғамдастық пен халықаралық қатынастар жүйесіне конструктивті түрде қосылдық.

Осылайша, күллі әлем еліміздің бүкіл аумағында орнаған егемендігімізді үлкен ықыласпен таныды. Қазақстанның нарықтық экономикасы бар, көпұлтты ел ретіндегі жаңа моделі жасалды. Сондай-ақ, тұрақтылықтың, конфессияаралық, мәдениетаралық және этносаралық келісім мен өзара сыйластықтың әлеуметтік қоғамы құрылды. Жаңа астана салынып, ол дами түсті.

Сонымен қатар, ең маңыздысы Кеңес Одағының ыдырауынан туындаған аса ауыр қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық дағдарысқа әкелуі мүмкін мемлекет пен қоғам құлдырауына жол бермедік. Тиісінше, осы дағдарыспен ілесе жүретін жағымсыз көріністердің барлығынан – елдің ыдырауынан, азамат соғысынан, этносаралық және дінаралық қақтығыстардан, бей-берекеттіктен, аштықтан, кедейлік пен толық экономикалық қираудан, қылмыстың өршуінен аман қалдық.

1990-жылдардың бірінші жартысы әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға қарамастан, көтеріңкі көңілмен аяқтадық. Әрі қарай дамудың негізгі алғышарттары жасалды.

Бірінші кезеңнің басты жетістіктері – мемлекеттілік, нарықтық экономика, әлеуметтік татулық пен тыныштық.

Екінші кезең. Мемлекеттікті нығайту және дағдарысты еңсеру (1990-шы жылдардың екінші жартысы)

Президенттік институт пен Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттілік пен саяси тұрақтылықтың мызғымас қос тірегіне айналды.

Берік іргетас дағдарысты жеңіп шығуға және ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегия негізінде жүйелі, жоспарланған дамуға жол ашты. 1997 жылы «Қазақстан-2030» стратегиясы қабылданды. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында Қазақстан ХХІ ғасырға бірінші болып көз тікті.

Астананы көшіру туралы шешім біздің келешекке деген нық қадамымыздың дәлелі болды. Қиындықтар мен күмәнға қарамастан, мемлекеттік құрылымдар жаңа елордаға ойдағыдай қоныс аударды. Астана туралы шешім – Тәуелсіздік Дәуірінің аса маңызды оқиғасы.

Ішкі саясатта мемлекеттік басқару жүйесі нығая түсті. Мажоритарлы-пропорциялық аралас сайлау жүйесіне көше бастадық. Конституцияға 1998 жылы енгізілген түзетулер ішкі саяси процестер мен институттардың дамуына қосымша серпін берді. Еліміздің сайлау процестері мен саяси өмірінде партиялардың рөлі артты.

1990-шы жылдардың ортасында ІЖӨ-нің өсуі байқалды. Елдегі экономикалық және әлеуметтік жағдай тұрақталып, оңала бастады. Бұл – Қазақстанның Кеңес Одағы күйрегеннен кейінгі дағдарысты жеңіп, өсу жолына түскенін білдірді.

Біз шетелдік инвестициялар тартуға баса назар аудардық. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында топ жарды.

Өсу мен оң өзгерістердің жалғасуына барлық негіз жасалды. Бірақ 1997–1998 жылдардағы әлемдік экономиканы Азиялық қаржы дағдарысы күйзелтіп кетті, соның салдарынан біздің еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдай қайта нашарлап, шұғыл әрекет талап етті.

Дағдарысқа қарсы батыл саясаттың және барынша терең нарықтық трансформацияның арқасында Қазақстан ауқымды қаржы дағдарысы мен дефолтты айналып өтті.

Мемлекеттің белсенді саясаты әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға және өсуге мүмкіндік берді. 1999 жылы ұлттық экономикадағы үлкен өрлеу басталды. Экономикалық транзит сәтті өтті деуге болады. Осылайша, 1990-шы жылдардың дағдарысын жеңіп шықтық.

492 Тәуелсіздіктің екінші кезеңінде қазақ ұлтының түлеуі жалғасын тапты, Қазақстан халқының бірлігі мен азаматтық ынтымағы нығайды.

1998 және 1999 жылдардағы парламент және президент сайлаулары қоғамдық-саяси ынтымақтың маңыздылығын айқын көрсетті. Сайлау нәтижелері ел дамуындағы орнықтылықты сақтап, тәуелсіздіктің келесі кезеңіндегі саяси тұрақтылық пен стратегиялық жүйелілікті қамтамасыз етті. Саясаттағы өтпелі кезең де осылай негізінен оңтайлы өтті.

Қиындықтарды бірге жеңген қазақстандықтар реформалар мен экономиканың нарықтық трансформациясының жемісін көре бастады.

Осы кезеңде біз «көпвекторлы саясат» ұстанып, конструктивті сыртқы саяси стратегиямызды жүзеге асыруды жалғастыра бердік. Оның мәні – өзінің серіктестерімен теңқұқылы, өзара тиімді қарым-қатынас қалыптастыру және оны нақты іспен қолдау, ынтымақтастық пен әлемдік істерге араласуға дайын елдермен өзара түсіністікте іс-қимыл жасау.

Біздің еліміз Ресеймен, Қытаймен және АҚШ-пен, Еуропа және Азиямен тиімді ынтымақтастықта болды. Тату көршілік пен қауіпсіздіктің белдеуі жасалды, көрші мемлекеттермен және жетекші державалармен достық қатынастар нығайды.

Негізінен, біз бесжақты «шанхай» форматымен өзара әрекеттестікті белсенді жақтадық. Кеден одағын құруға талап қылдық. АӨСШК бастамасы жалғасын тапты.

Тәуелсіздіктің бірінші кезеңінде Қазақстан әлемге аса танымал емес болса, екінші кезеңінің соңында жағдай түбегейлі өзгерді. Қуатты сыртқы саясат Қазақстанды әлемдік қоғамдастықтың белгілі және көпшілік мойындаған мүшесі етті.

Үшінші кезең. Өрлеу және әлемдік дағдарыс арқылы әрі қарай даму (2000-шы жыл – 2010-шы жылдардың басы)

Мен Мемлекет басшысы ретінде болашақтың басымдықтары мен жақын жылдардағы міндеттерді белгілейтін халыққа Жолдауларымда жаңа ғасырдың ерекшеліктерін жүйелі түсіндіруге тырыстым.

Әрбір Жолдау көптеген тың ойлардан тұратын. Олардың әрқайсысы мемлекеттік басқару жүйесін тұтас қамтып, нақты әрекеттерге бастайтын, заңға бергісіз күші бар жалпыұлттық жан-жақты жоспарға ұласатын.

2000-шы жылдардағы Жолдаулардың бас тақырыбы – әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу бағдарламасы.

Жас ұлттың асыл арманын іске асыруы, мемлекеттік ерік-жігердің тамаша орындалуы іспетті Астана 2000-шы жылдардағы өрлеудің ең айшықты көрінісі болды. Жас елордамыз – бойына ұлттық, еуропалық және шығыс символдарын біріктірген, сәулет өнерінің нағыз інжу-маржандарының шоғыры. Осылайша Астананы XXI ғасыр мегаполисіне айналдырудың негізі қаланды.

Астана мемлекеттік егемендік пен Қазақстанның болашаққа деген қарқынды ұмтылысының символына айналды. Еуразияның маңызды орталығы ретінде XXI ғасырда ірі халықаралық форумдар өткізу – Астананың жаһандық миссиясындай болды.

2005 және 2011 жылдардағы президент сайлаулары, 2004, 2007 және 2012 жылдардағы парламент сайлаулары мемлекеттік институттар мен саяси тұрақтылықты жетілдіру мен нығайтудағы маңызды кезеңдер болды.

Диалог пен либералдандыру – 2000-шы жылдардың саяси тренді. Оның нәтижесі Парламенттің өкілеттігі мен азаматтық қоғамның мүмкіндігін күшейткен 2007 жылғы Конституциялық реформа еді. 2012 жылғы сайлаулар нәтижесінде Мәжіліс көппартиялылық сипатқа ие болды.

Экономика 2000-шы жылдары өрлеуге бет алды. Оған жаһандық нарықтарға шығу, энергия көздері, астық, металл сияқты негізгі отандық экспорт өнімдеріне әлемдік бағаның өсуі ықпал етті. Ұлттық қор құрылып, ұдайы толықтырылып отырды. Шетелдік инвестициялардың көлемі өсті. Банк секторы қарқынды дамыды.

Экономиканы тұрақты дамытып, әртараптандыру үшін 2003 жылы Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Көлік инфрақұрылымы белсенді дамыды. Аса маңызды бағыттарда темір жол салынды.

Жаңа ғасырдың бірінші онжылдығының ортасында Қазақстан әлемдегі ең қарқынды дамушы мемлекеттердің біріне айналды. Даму үдерісінде стратегиялық жоспарлар, тіпті мерзімінен бұрын орындалып жатты. Сөйтіп, ІЖӨ (2000 жылмен салыстырғанда) мерзімінен екі жыл бұрын, 2008 жылы, екі есеге артты. Қазақстанның жетістіктері әлемдік рейтингтердегі еліміздің жоғары көрсеткіштері арқылы өрнектеліп жатты.

Экономиканың өсуі ауқымды әлеуметтік міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік саладағы реформалар әрбір қазақстандықтың өмір сапасынан нақты көрініс тапты.

2008–2009 жылдардағы қаржы-экономикалық дағдарыс қазақстандық экономика мен қаржы жүйесінің беріктігін сынға салды. Дегенмен, оның азиялық дағдарыстан айырмашылығы – Қазақстан экономикасы қарыштап өскен, Ұлттық қорда жинақталған айтарлықтай активтері бар ел болатын.

2007–2008 жылдардағы дағдарысқа қарсы бағдарлама өзінің тиімділігін көрсетті. Қазақстанның дағдарысқа қарсы бағдарламасын сарапшылар жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы анағұрлым жүйелі және жедел бағдарлама деп бағалауы кездейсоқ емес.

2009 жылы дағдарыстан кейінгі даму және үдемелі индустриаландыру бағдарламасы алға шықты.

Сыртқы қиындықтар жағдайындағы ең маңызды фактор тағы да қоғамдық келісім, ел бірлігі болатын. 2000-шы жылдары Қазақстан этносаралық келісімнің дербес үлгісін жасады. Қазақстан халқы Ассамблеясы конституциялық мәртебеге ие болды.

2000-шы жылдарда халықтың әл-ауқаты айтарлықтай артты. Қазақстандықтардың әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйі бұрынғыдан әлдеқайда айрықша жақсарды. Бала туу көбейді, халықтың жалпы саны артты. Көші-

қон бойынша оң нәтиже байқалды. Мемлекет шетелдерде тұратын қандастарымыздың атамекенге оралуына айрықша назар аударыла бастады. «Нұрлы көш» бағдарламасы бекітілді.

Қазақстан конфессияаралық келісімнің үлгісіне айналды. Біз дінаралық, соның ішінде әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съезі аясында өткен диалогқа бастамашы болдық.

2000-шы жылдары білім беру, ғылым, мәдениет, спортта өрлеу басталды. 2010 жылы білім беру жүйесінің жаңаруына негіз болған Назарбаев Университеті мен Зияткерлік мектептері ашылды. Мемлекеттік тіл мен қазақ мәдениеті тың қарқынмен алға басты. Үш тілдің үйлесімді дамуы туралы бастама көтерілді. Қазақ спортының жеңістеріне бүкіл әлем куә болды.

2000-шы жылдар сыртқы саясат үшін де жылдам өрлеу дәуірі болды. Қазақстан жаһандық қоғамдастықта лайықты орнын иемденді, беделді, табысты және бүкіл әлем сыйлайтын мемлекет мәртебесіне қол жеткізді. 2005 жылы еліміз барлық көршілермен құрлықтағы шекарасын шегендеп бітті. Мемлекеттік шекарамыз Қазақстанның егемендігін біржола бекітті, ұзақ мерзімді келешекке бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етті. Айқын, заңды ресімделген және бүкіл шекаралас мемлекеттер мен БҰҰ мойындаған мемлекеттік шекара – Тәуелсіздік дәуіріндегі ең маңызды саяси жетістік.

Ядролық қауіпсіздік мәселесі сыртқы саясаттағы маңызды бағыт болды. Біз жалпыға бірдей ядролық қаруды таратпау жүйесін реформалау қажеттігін жүйелі түрде алға тарттық. Қазақстанның сыртқы саясатындағы үлкен табысы болып саналатын АӨСШК жобасы іске асты.

«Шанхай бестігі» халықаралық ұйым деңгейіне көтерілді – 2001 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы пайда болды. Қазақстан осы өңірлік құрылымның қалыптасуына белсене қатысты. ШЫҰ мерейтойлық саммиті (2011) Астанада өтті.

Еуразия аумағында жаңа экономикалық ұйым – ЕурАзЭО пайда болды. 1990-шы жылдары біз ұсынған еуразиялық экономикалық ықпалдастық жобасы бірте-бірте алға басты.

Бауырлас елдермен қарым-қатынас нығайтып, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі құрылды.

Қазақстан Еуразиядағы ірі мемлекет ретінде өзінің дербес көпқырлы саясатын жүйелі жүргізіп отырды. Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен, Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық серіктестік белсенді түрде дамыды. Еуропа одағы елдерімен ынтымақтастық аясы кеңейе түсті.

Қазақстан Түркия Республикасымен, Орталық Азияның бауырлас мемлекеттерімен дәстүрлі ерекше қарым-қатынастарын жалғастыра берді.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, Астана саммитін өткізуі тамаша нәтижелерге жеткізді, ол өз кезегінде Еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығына кең жол ашты.

Тұтастай алғанда, Тәуелсіздіктің үшінші кезеңі Қазақстанның, ең бастысы – жаһандық дағдарысты еркін еңсеріп, экономикалық өсімді одан әрі дамытуға қабілетті екенін көрсетті. Бұған іргелі дайындығы бар, өз күшіне сенімді елдердің ғана шамасы жетеді.

Қазақстанның тұрақты және орнықты экономикалық өсімге қол жеткізуі – кезеңнің басты жетістігі. Әлемдік дағдарыс зардаптарын азайту және алдын алудың шаралары жасалды. Экономикалық жаңғырудың арқасында Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингі бойынша үнемі жоғарылап отырды.

Адам капиталына белсенді инвестициялар жасалды. Елдегі өмір сапасы жақсарды. Орта тап қалыптасты, ұлттық кәсіпкерлік қауымдастығы жасақталды. Ұлттық бірегейлікті нығайтуға, мәдени мұраны, салт-дәстүрді, тілді дамытуға, сондай-ақ мәдени және рухани көшбасшыларды қолдауға нақты қадамдар жасалды.

Жаңа мемлекеттік институттарды құру жемісті жүзеге асты. Адам құқықтарын қорғау мен ар-ождан теңдігін қамтамасыз ету институты құрылды, этносаралық және конфессияаралық татулық пен келісім одан әрі нығайды.

Сол кезеңде жұмылдырған күш-жігердің алтын тәжі жаңа елордамыз Астана болды, өз кезегінде ол басқа қалалар мен елді мекендердің қарқынды дамуына үлгі-өнеге көрсетті. «Астананың гүлденуі – өңірлердің гүлденуі» ұстанымы белсенді жүзеге асырылды.

Бұл кезеңде біз кедейшілікке, экономикалық дағдарыс пен тоқырауға, құлдырауға жол бермедік. Шеттен келу қаупі бар «түрлі-түсті революциялар» мен қоғамды іштен ірітіп, дүрбелең туғызу ниеттерінің жолын кестік.

Қорыта айтқанда, бұл кезеңнің айқын жетістігі – тұрақты экономикалық өсім. Қазақстан әлемдік дағдарысты нәтижелі еңсеріп шықты. 2030 стратегиясы мерзімінен бұрын орындалды. Еліміз бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кірді, сөйтіп төрткүл дүние бізді әлемдік үдерістердің белсенді қатысушысы ретінде мойындады. Осының бәрі – мемлекетіміздің абыройын асқақтататын айшықты жетістіктер.

Төртінші кезең. Қалыптасқан мемлекет жаңа жаһандық ахуалда (2010-шы жылдар)

XXI ғасырдың екінші онжылдығында әлем тұрақсыздық пен жаңа сапалы трансформация кезеңіне аяқ басты. Шындығында, адамзаттың көз алдында «жаңа жаһандық ахуал» пайда болды.

Оған біз қалыптасқан мемлекет ретінде «Қазақстан-2050» стратегиясымен жауап бердік.

Жаңа стратегияны қабылдауға барлық негіздер бар еді: Қазақстан жаһандық дағдарыстың салдарын жеңіп, әлемнің бәсекеге анағұрлым қабілетті елу елінің қатарына кірді және 2030 стратегиясының басты міндеттерін мерзімінен бұрын іске асырды.

Тәуелсіздіктің төртінші кезеңінің мәні – 2050 стратегиясынан айнымай, жүйелі алға басу. «Қазақстан-2050»-дің саяси бағдары – жаңа ғасырдағы біздің ұлттық идеямыз. Оның жас буын үшін ерекше тарихи міндеті – жоғары сапалы өмір мен адам капиталының үдемелі дамуын қамтамасыз етуге баса назар аудара отырып, әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру.

2010-шы жылдардың бастапқы кезеңінде Бірінші (2010–2014 жылдар) және Екінші (2015–2019 жылдар) индустриалды-инновациялық бесжылдықтар бағдарламасы аясында негізгі экономикалық жаңғырулар жасалды.

2014–2015 жылдары бір-бірімен үстемелей түскен бірқатар сын-қатерлер әлемдегі саяси-экономикалық жағдайды күрделендіре түсті. Әлемнің жалпы ахуалына тегеуірінді ықпал еткен оқиғалардың тұтастай тізбегі жүріп өтті. Олардың қатарында әлемдік экономика дамуының едәуір баяулауын; геосаяси дағдарысты және Батыс пен Шығыс арасындағы қатынастардың шиеленісуін; санкциялық, ақпараттық, сауда, валюта жанжалдарының өршуін; жаһандық нарықтарда әлемдік бағалардың құлдырауын, валюта дағдарысын; жаһандық басқару жүйесіндегі ақауларды айтуға болады.

Мен 2014–2016 жылдары әлемдік саяси және экономикалық жағдайлардың нашарлауына байланысты, жаһандық сынақтар кезеңінде мемлекетті күшейтуге тиісті бес институционалды реформаны ұсындым. Экономиканың қосымша қозғаушы күші инфрақұрылымдық-экономикалық сипаттағы «Нұрлы жол» (2014) бағдарламасы болды. Осы айрықша жоспарларын іске асыру дамудың тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік берді және жаңа жаһандық ахуалға барынша жылдам бейімделуге жағдай жасады.

XXI ғасырдың екінші он жылдығынан бастап тарихи уақыт жылдамдай түсті. Әлемде болып жатқан өзгерістердің түпкі мәні – «Жаһандық өтпелілік» ретінде сипатталған әлемдік даму парадигмаларының ауыса бастауында. Жаңа мегатрендтер мен озық экономикалардың жаңа технологиялық үрдіске көшуі еларалық бәсекені де шиеленістіре түсті.

Алғашқы тренд геоэкономикадан туындайды. Алдыңғы қатарлы елдердің жаңа технологиялық арнаға түсуі – дәстүрлі индустриалдық экономикасынан жоғары технологиялар экономикасына көшуін білдірді. Таптаурын технологиялық арнада қалып қойған елдер ұзақ мерзімге немесе мәңгілікке «кедейліктің технологиялық қақпанына» түсіп, әлемдік дамудың

жұртында қалуы мүмкін. Мұндай жағдай бірінші индустриалдық революция дәуірінде де болған, яғни «бу машинасы» әкелген индустрияны игермеген елдер қыр астында қалып қойған. Біз, қазақстандықтар «технологиялық аламаннан» тыс қала алмаймыз, керісінше оның маңдай алдында болуға тиістіміз.

Екінші тренд геосаясаттан туындайды. Қазір жаһандық әлемдік құрылым көпполярлыққа көшуде, соның әсерінен мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және технологиялық бәсеке үдей түсуде. Көпполярлық жүйеге көшу басқаруға ырық бермей, жаһандық институттарды дағдарысқа түсіруде. Жаһандық тәртіптің дүрбелеңінде ұлттық мемлекеттер мен экономиканың рөлі арта түсуде.

Үшінші тренд жаңа даму парадигмасынан туындайды. Ұлттық адам капиталының сапасы әлемдік экономика өсуінің басты факторына айналуда. Жаңа дүниедегі адамдардың дайындық деңгейі – ұлттық экономика мен мемлекеттік дамудың шешуші ресурсы.

Жаһандық ауысулар мүлде жаңа «әлем картасын» қалыптастырады, жаңа көшбасшы елдерді анықтап, аутсайдер-мемлекеттер легін де жаңартады. Бұл құбылыс бізді сынға салумен бірге, алдымыздан ғаламат мүмкіндіктер ашып отыр. Әлемдік бәсекенің күрт күшеюі бізден үздік отыз елдің қатарына ену жолында ерекше қадамдар талап етеді. Мен осыны қаперге ала отырып «Қазақстан-2050» стратегиясы мен жаңа жағдайдағы Ұлт жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстанның үшінші жаңғыруын жарияладым. Жаңа бағдардың мызғымас мақсаты – 2050 жылы әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына қосылу.

«Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді көкжиегі тұрғысынан алғанда, бұл, әрине, келешекке ұмтылған жас ұрпақ жүріп өтетін сындарлы сапары. Біз, сыртқы сын-қатерлер мен сынақтарға қарамастан, өз жолымызбен қарыштап алға басып келеміз.

Үшінші жаңғыру бойынша батыл шаралар қолға алынды. Билік тармақтарының арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі Конституциялық реформа жасалды, Қоғамдық сананы жаңғыртуға байланысты маңызды жұмыстар қолға алынууда. Үшінші жаңғыруды таяудағы он жылдықта жүзеге асырудың нақтыланған құжаты – 2025 стратегиялық жоспары дайындалды. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, жаңа инвестициялық және экспорттық стратегия әзірленді, оларға тиісті заңнамалық база жасқалды. Олар 2018 жылдан бастап күшіне енеді. Үкімет пен әкімдерге нақты міндеттер жүктелген. Орындау мен тиімділікті бағалаудың айқын критерийлері белгіленген.

Осылайша, 2018 жылға қарай Үшінші жаңғыру бағдары толық айқындалды. Еліміз нені, қалай жасау керектігін жете түсініп отыр. Кең-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде ауқымды жұмыстар қолға алынуда.

Алғашқы жемісті нәтижелеріміз де бар. Қазақстан 2016 жылы тиянақты макроэкономикалық саясаттың арқасында, 2014-2016 жылдардағы сыртқы теріс ықпалдың тегеурініне төтеп бере отырып, экономиканың өсімін қалпына келтіре алды. 2017 жылы ІЖӨ 4 процентке өсті. Осылайша, Қазақстан объективті көрсеткіштер бойынша дамудың жаңа қарқынына дайын екендігін анық байқатты.

2017 жыл Қазақстан үшін мерейлі де, айтулы, күрделі оқиғаларға толы жыл болды. ЭКСПО-2017, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның саммиті, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелік, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Халықаралық байытылмаған уран банкін ашу, Сирия жөніндегі Астана процесі, Универсиада сияқты айтулы оқиғалар Қазақстанға төрткүл дүниенің назарын аударып, еліміздің әлем қауымдастығы алдындағы абыройын асқақтатты.

Қазақстанның даму қарқыны өз екпінін төмендетпей үнемі алға тартып келеді, ел дамуындағы парадигмалардың ауысу процесі біздің көз алдымызда өтіп жатыр. Қазақстан Республикасы аймақтық державаға айналды, оның халықаралық абырой-беделі осыны айқын дәлелдеп отыр. Одан өзге, біздің әлемнің дамыған отыз елінің тобына енуімізді қамтамасыз ететін Үшінші жаңғырудың аса күрделі міндеттері өзінің оңтайлы шешімін табу үстінде.

Біз өз келешегіміздің көкжиегін айқын анықтай алдық. Ол 2017 жылы жаңа кезеңнің – ЖАСАМПАЗДЫҚ ДӘУІРІНІҢ басталғанын әйгілейді.

1991–2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: 33 БАСТЫ НӘТИЖЕ

1 Тәуелсіз Қазақстан – әлем қауымдастығы мойындаған реформалар мен ғаламдық бастамалар көшбасшысы, бірқатар халықаралық беделді ұйымдарға жетекшілік жасаған заманауи қуатты мемлекет. Қазақстанның жетістіктерін дамушы елдер қызығушылықпен зерттеу үстінде.



2 Қазақстан өзінің ұлттық тарихында тұңғыш рет халықаралық дәрежеде мойындалған нақты шекараға ие болды, соның нәтижесінде барлық шекаралық дау-дамайлар қаупіне тосқауыл қойылды. Бұл – келер ұрпаққа жасалған баға жетпес тарту.



3 Мемлекет құрушы ұлтқа қатысты тарихи әділеттілік қалпына келтірілді – қазақ тілі мемлекеттік тіл болды, қазақ мектептерінің саны қарқынды өсуде, қазақтар ел халқының көпшілігіне айналды: олардың үлес салмағы 60%-тен асты.



4 Қазақстан тек қазақтардың ғана емес, 140 этнос пен 17 конфессия өкілінің ортақ шаңырағына, Қазақстан халқы Ассамблеясы Еуразия көлеміндегі мәдениеттер үйлесімділігінің үлгісіне айналды. Қазақстан 2003 жылы Президент Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ғаламдық дінаралық сұхбаттастықтың орталығы болды. Қазақ жерінде әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының төрт бірдей съезі өткізілді. Елімізде азаматтық татулық пен тұрақтылық берік орнықты. Қазақстан халықаралық терроризмге берік қалқан орнатты.




5 Қазақстан ядролық сынақ алаңын жапқан әлемдегі бірінші ел болды, сол арқылы ұлт генофонына төнген қауіпке тосқауыл қойды.



6 Экономикалық тәуелсіздіктің символы, елдің жемісті реформалары мен гүлденуінің басты негіздерінің бірі болған қуатты ұлттық валюта – теңге қалыптасты.



7 Мемлекеттің жаңа елордасы – Астана салынып, қанатын кеңге жайды, жаңа Қазақстанның символы мен мақтанышына айналып, халықтың күш-жігерін тасытты.



8 Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасында тұңғыш нарықтық экономика елі мәртебесін иеленді.



9 Қазақстан өз дамуында қарышты экономикалық серпіліс жасап, әлемнің кенже дамыған елдері қатарынан сытылып алдыға шықты. Егер 1994 жылы ІЖӨ жан басына шаққанда 700 доллар болса, 2013 жылдың 1 қаңтарында ол 13 есеге артып, 12 мың долларға жетті.



10 Қазақстандықтардың өмір сапасы жақсарды. Соңғы он жыл ішінде тұрғын үй қоры (2006 ж. – 256,1 миллион шаршы метр, 2016 ж. – 342,6 миллион шаршы метр) 86,5 миллион шаршы метрге артты. 628 мыңнан астам отбасы немесе 1,8 миллион адам қоныс тойын тойлады. Егер 1991 жылы тек әрбір алтыншы отбасының автокөлік иеленуге мүмкіндігі болса, 2017 жылы әрбір екінші отбасының жеке автокөлігі болды.



11 Білімді ұлттар тобына қосылуға жағдай жасалды. Қазақстан кемел келешекке негіз қалай отырып, білім саласын реформалауда. Соңғы он жылда білімге салынған қаражат 4 есеге көбейді. 1018 жаңа мектеп салынды. Барлық жалпы білім беретін барлық мектептер компьютерлендірілді. Назарбаев Университеті мен Назарбаев зияткерлік мектебі ашылды. «Балапан» бағдарламасы жемісті жүзеге асуда. Халықаралық озық тәжірибелерді таратушы Президенттік «Болашақ» бағдарламасының түлектері көбеюде. Оқуға, тілдік мәдениет деңгейін көтеруге барлық әлеуметтік топтарға бірдей мүмкіндіктер жасалды.



12 Қазақстандықтардың өмір ұзақтығы мен балалы болу көрсеткіші ұлғайып келеді, тұтастай алғанда, ұлттың денсаулығы жақсарды. Соңғы екі он жылда 1300 денсаулық сақтау нысаны, 500 аурухана мен емхана салынды. Күнделікті емдеу тәжірибесіне жоғары медициналық технология саласынан 43 жаңалық енгізілген. Көліктік медицина дамуда.



13 Қазақстан елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін кең көлемдегі инновациялық индустриаландыруды жүргізуде, Алғашқы бес жылдығында (2010–2014 жж.) Индустриаландыру картасы аясында 3 триллион теңге тұратын 770 жоба жүзеге асырылды. Екінші бесжылдықтан (2015–2019 жж.) бастап 2,5 триллион теңгенің 310 жобасы іске қосылды, 25,5 мың тұрақты жұмыс орны ашылды (2017 ж. қыркүйек).



14 Елде азаматтық қоғам негізі қаланды: көппартиялы саяси жүйе қалыптасты, алуан түрлі бағыттағы 17 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істеуде, 3 мыңнан астам (оның ішінде 80%-і үкіметтік емес) БАҚ жарыққа шығады.



15 Қазақстан өзінің ұлттық тарихында тұңғыш рет жаңа қару-жарақпен жарақталған, құбылмалы әлем мен күрделі халықаралық жағдайда сенімді қорған болатын, қуатты заманауи армиясын құрды.



16 Қазақстан өзінің жеке ғарыштық бағдарламасы бар державаға айналып келеді. Біртұтас бастамаға негізделген елдің ғарыштық инфрақұрылымы ұйымдастырылды, ғарыштық қызметті дамытудың барлық стратегиялық бағыттарын қамтитын кәсіпорындары бар. Білікті ғылыми және инженерлік кадрлар қалыптасты. Ғарыштық аппараттардың екі орбиталық тобы нәтижелі іске қосылды: Жерді қашықтықтан зерттеу мен спутниктік байланыс құрылғылары, «Бәйтерек» ғарыштық зымырандық кешенін құру жобасы жүзеге асуда.



17 Қазақстанның зор халықаралық беделге ие болды. Бұл Президент Н.Ә. Назарбаевтың табанды бейбіт саясатының және ядролық қарудан бас тарту, Еуразия экономикалық одағын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Азиядағы сенімділік шаралары кеңесін құру сияқты сантүрлі ғаламдық халықаралық бастамаларының тікелей нәтижесі.



18 Бұрынғы Кеңестік мемлекеттер тарихында тұңғыш рет Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына басшылық жасады. ЕҚЫҰ мемлекет басшыларының жаңа ғасырдағы алғашқы саммиті Астанада өтті.



19 2011 жылы Қазақстан ислам әлеміндегі ең беделді бірлестік – Ислам Конференциясы Ұйымына жетекшілік жасады. Оның құрамына 57 мұсылман мемлекеті кіреді.



20 Қазақстан жаңа халықаралық құрылымдағы ең ықпалды Шанхай ынтымақтастық Ұйымына – екі мәрте (2010–2011 жж., 2016–2017 жж.) төрағалық етті. Бұл ұйымды құрудың басында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұр.



502

21 Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет адамзаттың тең жартысы мекендейтін әлемнің ең үлкен құрлығының басты спорт бәсекесі – VII қысқы Азия ойындарын өткізді.



22 Қазақстан – мақсат-міндеттері айқын, 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясы бар әлемдегі санаулы мемлекеттердің бірі. Бұл ұлттың өз болашағына сеніммен қарауына мүмкіндік береді. Жалпыұлттық мақсат – 2050 жылы әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену.



Қазақстан 2050
МӘНГІЛІК ЕЛ

23 Президент Н.Ә. Назарбаев 2015 жылы мемлекеттік аппаратты, құқық қорғау жүйесін, индустриалық саясат пен орта таптың өсуін, ұлт бірегейлігі мен тұтастығын қалыптастыруды, мемлекетті демократияландыруды қамтыған 5 институционалдық реформалар бағдарын жариялады. Жарияланған бағдарды тиімді жүзеге асырудың тетігі ретінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспары қабылданды.



24 1994 жылдың наурызында Президент Н.Ә. Назарбаев алғаш рет Еуразия Одағын құру жөніндегі идеясын жария етті, кейіннен ол толық жүзеге асты. 2010 жылы Кеден одағының, 2011 жылы Біртұтас экономикалық кеңістіктің және 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы нәтижесінде біз қалыптасқан ірі аумақтық сауда-экономикалық блогына қол жеткіздік.



25 2015 жылы қарашада Қазақстан көп жылға созылған келіссөздердің нәтижесінде Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды. ДСҰ-ға мүше болудың арқасында Қазақстан сыртқы сауда нарығына шығудың тең құқығына ие болды, сонымен қатар, сауда мәселесіндегі кемсітушілік сипаттағы ескертулер мен сауда-саттық дауларды реттеуге байланысты ДСҰ-ның қолдауына ие болды.



26 Жаңа 2050 стратегиялық бағдары жарияланғаннан бастап (2012 жыл) Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен жүйелі әріптестік қарым-қатынас орнатты. 2017 жылы Қазақстан 34 жұмысшы органның қызметіне қатысып, ұйымның 14 құқықтық реттеуіне қосылды, ЭЫДҰ-ның Инвестиция жөніндегі комитетінің «ассоциациялық мүшесі» болды. Әріптестіктің басты мақсаты – Президент Н.Ә. Назарбаевтың 5 институционалдық реформасын жүргізу, заңнамаларды жетілдіру және мемлекеттік басқару, білім беру, денсаулық сақтау жүйелеріне, гендерлік саясат, урбанизация, шағын және орта бизнесті дамыту мен «жасыл» экономикаға ЭЫДҰ-ның стандарттарын, жұмыс жасау тетіктері мен құралдарын енгізу.



27 Қазақстан өз аумағында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрлықаралық көлік дәлізін салып шықты. Оның ел аумағындағы оның ұзындығы 2 787 километр. 1 036 шақырымға созылған Жезқазған – Бейнеу темір жолы құрылысының арқасында Қытайдан Еуропаға дейінгі арақашықтық 1 200 шақырымға қысқарды.



28 Қазақстан Республикасы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі болып сайланды (2016 жылдың 28 маусымы).



29 2017 жылы Президент Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның үшінші жаңғыруын жариялады. Сонымен мемлекет пен қоғам жаңаруының үш бірдей: саяси (конституциялық реформа), экономикалық (2017 жылғы Жолдау) рухани жаңғыру (Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегі) үдерісіне жол ашылды.



30 Қазақстан Түркия-Ресей арасындағы шиеленісті шешу арқылы әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтудың нағыз белсенді мүшесіне айналды, сонымен қатар кейіннен Астана процесі деген тарихи атауға ие болған Сирия дағдарысын реттеу алаңы бола білді.



31 2017 жылдың 29 қаңтары мен 8 ақпаны аралығында Алматы қаласында Бүкіләлемдік 28-ші Қысқы Универсиада өтті. Халықаралық жарысқа әлемнің 57 елінің спортшылары қатысты.



32 Қазақстан бұрынғы кеңестік елдердің ішінде алғашқы болып өз аумағында ғаламдық ауқымдағы ЭКСПО-2017 көрмесін өткізді. Еліміз тұңғыш рет әлемнің 115 мемлекеті мен 22 халықаралық ұйымның өкілдерін қабылдады.



33 Қазақстанда 2017 жылдың 29 тамызында Атом қуаты жөніндегі Халықаралық агенттіктің Төмен байытылған уран банкі ашылды.



СӨЗ СОҢЫ

АДАМ ТАҒДЫРЫ ОТАНЫМЕН ТАМЫРЛАС

Құрметті оқырман!

Міне, Сіз, туған еліміздің жаңа тарихын қамтыған кітаппен таныстыңыз.

Мен Тәуелсіздік дәуіріндегі тарихымыз бен Қазақстанның алдында тұрған жаңа міндеттер жайлы баяндай отырып, еліміздің келешегіне көз тастауға тырыстым.

Халқымызда «Жол мұраты – жету» дейтін нақыл бар. Мемлекетімізді дамытып, елімізді гүлдендіруге бет түзеген осы ұлы көшке Сіз де атсалысасыз. Бағыттан жаңылмау үшін өткенімізге зер салып, алдыңғы буынның тәжірибесінен тағылым ала білу маңызды. Олар аса ауыр кезеңде, ерекше күрделі мәселелердің шешімін таба білді.

XX–XXI ғасырлар тоғысы Қазақстан үшін алапат өзгерістердің ғана емес, дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Бетбұрыс уақыты болды. Егемен ел атанып, тәуелсіз мемлекет құру – Еуразияның байтағын мекен еткен байырғы халықтың мыңжылдық тарихындағы ғажайып сәт еді. Мұндағы «ғажайып сәт» деген тіркестің астарында жаңа мемлекет құруды білдіретін аса күрделі жасампаз процесс жатыр. Ол сәт сан қилы оқиғалардан құралған ондаған жылдармен өлшенеді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы екі мүшелінің мәні мен мағынасын терең түйсіну үшін сол оқиғаларды өзара байланыстыра жүйелеп, ой сүзгісінен қайта өткізу керек болды.

КСРО ыдырауы қарсаңындағы Қазақстанның жағдайы көңіл көншітерліктей емес еді. Экономикалық және технологиялық тұрғыда ілгері елдерден едәуір артта қалған Кеңес Одағының өз ішінде Қазақстан кенже дамыған республика санатында болатын. Ашығын айтқанда, Одақ басшылығы Қазақстанға аграрлық және шикізаттық қор ретінде қарады.

Мемлекеттіліктің төл нышандары (валютасы, әскері, сыртқы саяси қызметі, кедені мен анықталған шекарасы сияқты тәуелсіз мемлекетке тән белгілері) жоқ республика Мәскеудегі Орталыққа басыбайлы, соның әкімшілік-саяси ырқына толықтай бағынышты еді. Кеңес Одағы тарағаннан кейін оның тікелей мұрагері Ресей деп танылды. Яғни Қазақстан өз мемлекеттілігін жоқтан құрауға мәжбүр болды.

Тарих біздің халқымыздың тағдыр-талайына жаңа мемлекет құрудың ұлы миссиясын жүктеді. Ағымнан жарылып, ақиқатын айтсам, таңдау көп емес еді – бізге не жанкешті жасампаздық жолына тәуекел ету немесе аяу-

лы арманды аяқасты етіп, тағдырдың тәлкегіне көніп, миллиондардың көз жасын арқалап, тарих тұңғышына кету ғана қалған. Осындай алмағайып заманда бұрынғы кеңестік елдердің талайы абдырап, әрі-сәрі күйге түсті. Кейбір жаңа тәуелсіз мемлекет басшыларының шолақ ойлы біліксіздігі халқын ұлтаралық қақтығысқа, қантөгіске дейін апарған азаматтық соғысқа ұрындырды. Оның ақыры миллиондаған жандардың қайғы-қасірет, қорлық пен зорлық көріп, бейшара күйге түсуіне әкелді. Қазақстан сол қасіреттің бәрін айналып өте алды. Өйткені 1991 жылы әрқайсымыз жүрек қалауымызды білдіре отырып, тілекке тілек, білекке білек қосып, ортақ шаңырақ астына бірігіп, береке-бірліктің, ынтымақ пен достықтың үлгісін көрсеттік. Бұл – біздің үкілі үмітіміз, бәрімізді бақытқа жетелеген баянды таңдауымыз болды.

Баршамыз талап қылып, халық болып жұмылған еңбектің арқасында, қалыптасқан мемлекетіміздің тұғырын бекітіп, кемел келешекке қарыштап қадам басып келеміз.

Тәуелсіз Қазақстан тарихының басты тағылымы мынада: кез келген тығырықтан жол тауып, кедергіні – мүмкіндікке, тәуекелді табысқа айналдырып, ең асқақ арманға қол жеткізу әркімнің өз қолында.

Жеңіс пен жетістік – жасқанбай алға ұмтылғанның еншісінде.

Қазақстанды жоғары дамыған мемлекетке айналдыратын – азат ойлы, жаңашыл да жасампаз азаматтары. Ол үшін әркім жан-жақты және кемел білімге ден қойып, қажырлы еңбек пен өзін-өзі толассыз жетілдіруді өмір салтына айналдыруы қажет.

Демек, бүгін де болашақ үшін құлшына іске кірісетін, жігерімізді жанып, санамыз бен өмірімізді өзгертетін сәт тағы туып тұр.

Ұлы тарих Кемел келешекке жетелейді.

Н. Назарбаев

Нұрсұлтан Назарбаев
ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ

Басуға 02.12.2017 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Шартты баспа табағы 59,05.
Тапсырыс № 1810. Таралымы 500 дана.